Қорыта айтқанда, қоғамдық дипломатия мемлекетті басқаруда маңызды фактор болып табылады. Ол өзара халықаралық қатынастарды орнатуға бағытталған. Қоғамдық дипломатия шетелдік

серіктестер арасындағы және өз елінің азаматтарының арасындағы диалогты кеңейту мақсаты болады, халықаралық және мәдени алмасумен қамтамасыз етеді, халықаралық білім беру байланыстармен қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. http://polit.ru/article/2008/06/03/memorial/
2. Joseph S. Nye. Soft Power. The Means to Success in World Politics. Cambridge, M.A.: Public Affairs, 2004. P. 5.
3. Indian Public Diplomacy //http://www.indiandiplomacy.in/AboutUs.aspx
4. Указ о мерах по реализации внешнеполитического курса. 7 мая 2012 г. //http://www.kremlin.ru/acts/15256
5. Шварценберг Р. Ж. Политическая социология. – М., 1992. – Часть I. – 180с.
6. Политическая энциклопедия: В 2-х томах. – М.: Мысль, 2000. – Т.1. – 750 с.
7. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 616 б.
8. Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.

ӘОЖ 070

Есенбекова Ұлбосын Мейірбекқызы
қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, email: ultmudde@mail.ru

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ ПЕН ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕГІ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Түйін. *Бұл мақалада «электронды Үкіметтің» мақсаты мен қоғамның дамуына әсерлері қаралған. Қазақ еліндегі саяси коммуникацияның үлгілері, олардың даму бағыттары талданған. Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік стратегиясында демократия мен Интернеттің өзара ықпалына назар аудару керектігі айтылған.*

Автор қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескеріп, саяси коммуникацияның теориялық-әдістемелік негіздерін жасаудың қажеттілігі туралы тұжырым жасайды. Қоғамның саяси өмірінде цифрлық технологиялардың деңгейіне және ақпараттық коммуникациялардың ықпалына ерекше көңіл бөлудің маңызын көрсетеді.

Кілтті сөздер: *«электронды үкімет», саяси коммуникация, саяси жүйе, ақпараттық қауіпсіздік, «электронды демократия», цифрлық технологиялар, коммуникативтік технологиялар.*

Резюме. *В данной статье рассмотрены цели «электронного правительства» и его влияние на развитие общества. Проанализированы особенности политической коммуникации в Казахстане и тенденции их развития. В статье отмечается необходимость изучения взаимовлияния демократии и Интернета и учет этих принципов в стратегии информационной безопасности Казахстана.*

Автор приходит к выводу о необходимости разработки теоретико-методологических основ политической коммуникации с учетом особенностей казахского общества. При этом подчеркивается особая роль высоких цифровых технологий и информационных коммуникаций в демократизации общества.

Ключевые слова: *«электронное правительство», политическая коммуникация, политическая система, информационная безопасность, «электронная демократия», цифровые технологии, коммуникативные технологии.*

Summary. *This article examines the goals of "e-government" and its impact on the development of society. Features of political communication in Kazakhstan and tendencies of their development are analyzed. The article notes the need to study the mutual influence of democracy and the Internet and take these principles into account in the information security strategy of Kazakhstan.*

The author comes to the conclusion that it is necessary to develop the theoretical and methodological foundations of political communication, taking into account the characteristics of the Kazakh society. At the same time, the special role of high digital technologies and information communications in the democratization of society is emphasized.

Keywords: *«electronic government», political communication, political system, information security, «electronic democracy», digital technologies, communication technologies.*

1990-жылдары АҚШ пен Еуропаның бірнеше елі мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында электрондық жүйелерді дамытудың тұжырымын қабылдай бастады. Олар жеке бизнестегі корпоративтік ақпараттық жүйелердің озық үлгілерін мемлекеттік қызмет көрсету мен басқару, шешім қабылдау тетіктерін жақсарту үшін пайдалануды көздеді. Сол кезден бастап ғылыми айналымда бастапқыда «теледемократия» кейіннен «электронды үкімет» деген терминдер пайда болды [1].

Біздің елімізде «электронды Үкімет» 2004 жылдан бастап жүйелі түрде енгізіле бастады. Ал, көршілердегі ресми дереккөздер Ресейдегі «электронды үкіметтің» негізі 2007-2008 жылдан қалана басталғанын көрсетеді. Қазақстан өзінің «электронды үкіметін» 3 жылдай бұрын бастағанын көреміз.

Ақпараттық технологиялардың саяси жүйеге әсер етпеуі мүмкін еместігі белгілі. Өйткені, ақпараттық технология адамдарға арналған, ал, қоғамдағы байланыстарды және адамдар арасындағы коммуникацияны ақпаратсыз елестету мүмкін емес.

Ақпараттың таралу жылдамдығы мен оның қамтитын аудиториясының көлемін ескерсек, сонымен бірге, ақпараттың адам санасына тигізер ықпалымен санассақ онда саяси өмірдегі ақпараттың маңызын айтып жеткізудің өзі қиынға соғады.

Бүгінгі бүкіл ғаламдық процестердің бел ортасындағы Интернет жүйесі тек жекелеген мемлекет саясатында ғана емес, әлемдік геосаясаттың басты құралына айналған. Ақпараттық саясаттың ғана емес тұтастай саяси қызметтің атрибутына *(белгісі, ерекшелігі)* айналған Интернет саяси коммуникация жүйесінде басты назарда болатыны анық. Өйткені, Интернетті тек азаматтар емес, билік органдары да белсенді қолданушылар деп танылған.

Электронды үкімет жаңа ғасырдың ерекше және заңды құбылысы деп қабылдануда. Мемлекет пен қоғамның арасындағы байланыс көпірі рөлін атқаруда Интернет арқылы ұсынылатын қызметтер

қоғамдағы демократияны күшейтіп, дамытады. Тұтастай мемлекеттік жүйені жаңа қоғамдық қатынастарға бастайтын, оны өзгертуге қабілетті елеулі күш.

Электронды үкімет арқылы қоғам мен әрбір азамат өзіне қажетті қызметтерді тез әрі жылдам алып қоймай, мемлекеттік органдарды жан-жақты бақылауға алады. Қазіргі ақпараттық қоғамдарға тән бір формула бар. Оны «билік – Интернет – халық» деп анықтауға болады. Қоғамның және биліктің ақпараттық сауаты, олардың биік деңгейі мемлекеттегі түйінді проблемаларды шешуге таптырмас құрал.

Қоғамдық қатынастарда ашықтық болса, сөз бостандығы іс жүзінде іске асырылса ондай мемлекеттердің әлеуеті жылдам дамып, олардың прогрессивті дамуында ілгерілеушілік тез байқалады. Егер билік саналы түрде ақпараттық еркіндік елдегі ішкі тұрақтылықты бұзады деп қорқатын болса, болашақта ондай мемлекеттердің даму жолында кедергілер көбейе бастайды. Бүгінгі қиындықтардан қорқып, оларды ертеңге ысыру арқылы потенциалды шиеленістер мен қиындықтарды біз «бүркемелеп тастаймыз». Бірақ, бірнеше жылдан кейін олардың бетін бәрібір ашып, шешуге тура келеді. Осы уақыт аралығында олар туындататын қиындықтар үлкейіп, терең дағдарыстарға соқтыруы мүмкін [2].

Электронды үкіметтің саяси коммуникацияларды трансформациялаудағы мүмкіндіктері мен ерекшеліктері жан-жақты зерттеулерді талап етеді.

Бұл зерттеулерде электронды үкіметтің әлеуметтік-коммуникативтік негіздерін, қоғамды демократияландырудағы Интернеттің маңызын, ақпараттық процестерді сараптай отырып электронды үкіметтің әлеуетін анықтауға басты назар аударған дұрыс.

Соңғы онжылдықта электронды демократияға қатысты дискуссиялар «электронды үкімет» жобаларын талқылауға қарай бұрылуда. Батыс елдеріндегі «электронды үкіметке» байланысты тәсілдер азаматтық қоғамның үкіметтің іс-әрекеттеріне бақылау орнату бағытына басымдық беріп дамуда. Оларда үкіметтің әрбір бағдарламасының орындалуын азаматтар Интернет технологиялардың көмегімен бағалап отырады. Қазақстандық жағдайында, әзірше ондай баға беру тетіктері қарастырылмаған. Бұл болашақта міндетті түрде енгізілуі тиіс сервистерге жатқызылатыны күмәнсіз.

Қазір бұндай пікір алмасулар ресейлік қоғамда қызу талқылануда. Ресейлік азаматтық қоғамның бізге қарағанда эволюциялық тұғыры жоғарылау екенін ескерсек, біздің елде бұл тақырыпты талқылау 5-7 жылдың көлемінде басталар.

Ресейлік саяси қайраткерлер бар ықыластарымен «қоғамдағы ақпараттану үрдісі бізді авторитаризмнен құтқара ма?» деген сұрақты талқылап жатыр. Демократиялық институттары дамыған, интеллектуалды ресурсы мен оппозициялық мәдениеті бізден жоғары ресейлік қоғамда «электронды демократияға» үлкен үміт артылған.

Ресейлік болсын, қазақстандық болсын қоғамда коммуникативтік технологиялар биліктің қолдан жасаған қиындықтарының әсерінен кеш енгізілгені белгілі. Бұл осыдан 7-8 жыл бұрын мүмкін болса, соңғы жылдары ақпараттық технологиялардағы жылдам өзгерістер билік үшін ешқандай мүмкіндік қалдырмады. Мысалы, жалғыз ғана «WhatsApp» мәссенджеріне бұғау салу мүмкін емес қой. Ол үшін байланысты өшіру керек немесе сізді Интернеттен ажырату керек.

Екеуі де қалың бұқараның наразылығын тудырады. Ал, саяси биліктің ең қорқатыны – қоғамдағы қалың бұқараның, әсіресе, жастардың жаппай наразылығы. Оны қоғамдық сауалнама нәтижелері көрсетуде.

Осыны жақсы түсінген батыстық немесе ресейлік билік қоғамдық пікірді бұрмалаудың **«жаңа деспотизм» аталатын әдістерін** жақсы игеруде. Бұндай жұмсақ манипуляцияның көмегімен көрер көзге либералды демократия болып көрінгенмен, ішкі мазмұны жұтаң, қауіпті озбыр күштердің жетегінде жүріп, соларға қызмет ететін қоғамдық байланыстың түрін атауға болады.

Бұл көзге көрінбейтін, жұмсақ көрінген озбыр, зұлым күштердің ішіндегі нағыз қауіптісі болып саналады. Осындай саясаттың салдарынан коммуникативтік технология «жоғары» жақта ғана дамып, қалың бұқараға жетпейді, әдейі енгізілмейді. Бұндай жағдайда азаматтар биліктің іс-әрекетіне бақылау жасай алмайды. Қарапайым тілмен айтқанда, билік халықтың қолында болып көрінгенмен нақты күш технологияны уысында ұстап отырған топтың болады. Осындай мүмкіндігі бар элиталық топ қоғамды және жеке азаматты ақпараттық құлықтардың көмегімен басқаруға мүмкіндік алады. Жаңа ғасырда бұдан басқа билік технологиясы қажет те емес. Бұл тұста билік басындағылардың шынай пиғылы мен олардың қандай мүддені басты орынға қоятынына байланысты елдің даму үрдісі де прогрессивті не регрессивті болуы мүмкін [3].

«Электронды үкімет» арқылы іске асатын электронды демократияның өзі де әрбір қоғамда әртүрлі жұмыс істейтінін есе шығармау қажет. Электронды демократия «монархияны», «авторитарлы

режимдерді» тез арада ашық, демократиялық даму жолына шығарады деудің өзі утопия. Біздің үкімет жиі үлгі тұтатын бір қаладан ғана тұратын мемлекет Сингапур, Араб әмірліктері мен Бруней, Малайзия, Сауди корольдігі IT-технологиялардың енгізілуі бойынша әлемдегі елдердің басында келеді. Бірақ, бұл елдердегі азаматтық қоғамды ашық деуге болмайды. Азаматтар мемлекеттердің қатаң бақылауында. Яғни, ең керемет IT-жобаның арқасында азаматтарға батыстық стандарттарға сәйкес құқықтар мен бостандықтар бере алмайсың. Керісінше, бұл елдерде коммуникативтік технологияның көмегімен мемлекет өз азаматтарының барлық іс-әрекеттерін болжап, бақылап отырады.

Бұдан шығатын қорытынды мынандай. Саяси жүйесі шірік, көзбояушылыққа салынған билік ешуақытта электронды үкіметтің көмегімен үздік болып кетпейді. Сонымен бірге, эволюциялық деңгейі төмен қоғамдар да ақпараттық технологиялардың көмегімен тоталитарлық қоғамнан озық демократияға секіріп өте алмайды. Бұның бәрі – қауіпті бұлдыр-елес, қиял-сағым.

Осының бәрін кәсіби көзқараспен аршып қарау, ақ-қарасын ажырату үшін де саяси коммуникацияның негіздерін меңгеру қажет.

Ақпараттық қоғамдардағы басты қозғаушы күш – коммуникативтік технологиялар – қоғамдық қатынастардың барлық деңгейінде терең орныға бастады. Олардың әсері барлық азаматтардың өмірінде көрінуде. Қоғамдық өмірдің басты бөлігі саналатын саяси сегментте ақпараттық технологиялардың ықпалы ерекше білінуде. Соңғы жылдары қоғамдық-саяси лексиконымыз «электронды үкімет», «киберсаясат», «кибердемократия», «цифрлық демократия», «коммуникативті демократия», «электронды азаматтық» сияқты жаңаша түсініктермен байып жатыр.

Қазақ елінің ғалымдары әлі де саяси коммуникация саласына терең үңіліп, оның қазіргі даму трендтерін анықтайтын, болашағын болжайтын ғылыми зерттеулерге көңіл бөлініп жатқан жоқ. Қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескеріп, саяси коммуникацияның теориялық-әдістемелік негіздерін жасауға деген талпыныстар да байқалмайды.

Саяси өмірге сіңісіп бара жатқан ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бұрын қалыптасқан ескі түсініктерді, стереотиптерді ғана емес, қайсыбір құндылықтарды да өзгертіп, жойып, олардың орындарына жаңа қатынастар мен көзқарастарды өмірге алып келді. АКТ (ақпараттық-коммуникативтік технологиялар) саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың және жеке адамдардың арасындағы қатынас модельдері мен мінез-құлық үлгілерін аз уақытта жойып үлгерді [4].

Осының бәрінен төмендегі бірнеше тұжырыммен түйіндей аламыз:

Бірінші. Қазақстанда соңғы онжылдықта саяси коммуникацияның жаңа арналары қалыптасты.

Екінші. Олардың даму жылдамдығы біздің бұған дейінгі саяси қызметтің жүйесіне қатысты түсінігімізді түбегейлі өзгертті.

Үшінші. Саясатқа әсер етуге арналған ескі құралдардың орнына жаңалары келді.

Қазақ еліндегі саяси коммуникациялық жүйені зерттеуде басты назар Интернет пен демократияның бір-біріне ықпалына арналғаны дұрыс.

Ғалымдар коммуникативтік технологиялардың дамуы демократияның жаңа дәуіріне жол ашады деген тұжырымдарды айтуда. Сондықтан да, саясаттанудағы жаңа теориялық бағыттардың бірі – Интернетті демократияның басты кепілі ретінде қарастыруға құрылған [5].

Ақпараттық технологиялардың көмегімен қазақ қоғамында демократиялық рәсімдердің орындалуы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік процестердің мағынасы да өзгеріске ұшырауда.

Қазнеттің әлеуетін саяси байланыстар мен ақпараттық ағындарды азаматтарға қолжетімді, тиімді және ашық етуге пайдалану арқылы біз «Мәңгілік Ел» идеясына жақындай түсеміз. Қазнеттің көмегімен барлық азаматтар өздеріне ыңғайлы құралдармен саяси шешімдер қабылдауға қосыла алатын болады.

Мемлекеттердің болашақ дамуындағы коммуникативтік технологиялар мен **Интернеттің маңызына байланысты бірнеше көзқарастар** бар.

Солардың бірі – **популистік көзқарас**. Бұл көзқарастағы сарапшылар жеке тұлғалар Интернеттің көмегімен үкімет пен оның саясатына тікелей әсер ете алады дейді. Олардың ойынша, Интернет азаматтар мен үкіметтің арасын «делдалдарсыз» (үшінші біреулерсіз) жалғайтын көпірдің рөлін атқара алады. Сонымен қатар, экономикалық мүдделерін ғана ойлайтын саяси партиялар мен саяси топтардан қарапайым азаматтар өз тәуелділігін азайтады.

Бұндай жағдайда популистік теорияның мынандай пайдасы да бар:

біріншіден, Интернет ақпарат алмасуды жеңілдету арқылы азаматтарға зор мүмкіндіктер беру арқылы қарапайым азаматтардың саясатқа ықпал етуін күшейтеді;

екіншіден, бүгін ақпарат құралдарының бүгінгі қожаларының саяси процестерге тигізетін әсерін кемітеді.

Қорыта айтқанда, популистік көзқарастың жақтаушыларының ойынша, Интернет азаматтардың ақпарат алмасуында жақсы рөл атқаруда. Азаматтардың саясатқа тікелей араласуының арқасында олардың билікке тигізер әсері күшейеді. Бұл процестер біртіндеп тұтастай қоғамның өзгеруіне, трансформациясына алып келеді.

Келесі бір көзқарас – коммунитарлық көзқарас деп аталады. Бұл теория бойынша Интернет қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың арасындағы қоғамдық байланыстарды жаңартып, қайта құрайтын болады. Интернеттің басты функциясы – біртұтас «қауымдастықты» құрып, оны дамытуға бағытталады. Коммунитарлық теория бойынша адамдар географиялық тұрған мекендеріне де, бір-бірінен қаншалықты қашықта тұрғанына да қарамастан бірімен-бірі тығыз байланыс орната алады. Және де бұл байланыс ұзақ мерзімді байланыс болып қалады. Осындай ұзақ мерзімді, тұрақты және ешқандай қашықтыққа бағынбайтын байланыстың түрі болашақта бір ғана мемлекет емес, тұтастай әлемдік масштабқа да айналып кетуі мүмкін.

Егер популистік теория бойынша **ең маңыздысы** адамдар мен үкіметтің арасындағы байланыс болса, коммунитарлық теорияда адамдар арасындағы байланыстың қауымдық байланысқа айналуына басты мән берілген [6]. Осы айтылған теориялардан шығатын қорытынды мынандай:

Интернет қоғамның саяси өміріне елеулі өзгерістер әкеледі. Енді бірнеше жылдан кейін коммуникациялық технологиялардың ықпалымен қазақ қоғамындағы тәуелсіздік, тіл мен дін, ұлттық даму үрдістері барынша қиындайтын болады. Өйткені, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі бір күнде ғана түзілмейді. Оның шешілуі де қысқа уақытта мүмкін емес. Үкімет пен қоғамның жүйелі жұмыстарының арқасында ұлттық ақпарат кеңістігінде өзіміздің мүддемізді қорғай алатын дәрежеде «ақпараттық қорғаныс» жүйесін құруға кемінде он жыл уақыт қажет. Қазірдің өзінде жан-жағымыздан ентелеген көршілердің шынайы пейілдерін байқауға болады [7]. Күнделікті қолданып жүрген Интернет ресурстарда қазақ тіліне, ұлттық қауіпсіздікке қатысты материал жарияланса оның соңындағы комментарий бұтақтарының қалай мазмұнда дамитынын білеміз. Бірден, «нацпат», «нацик», «қазақбайлар» деген сияқты кемсіту, қорлау, қазақтың намысына тиетін комментарийлер қаптап кетеді. Өйткені, бұның бәрі сырттан қаржыландырылып отырған троллинг (қасақана ұрыс-керіс шақыруға арналған кейіпкерлер) пен боттарды (бот – алдын-ала дайындалып қойған негативті пікірлерге негізделген комментарийлер қосып отыратын бағдарлама) бірден байқауға болады. Бұл бір ғана мысал. Бұдан да күрделі технологиялар арқылы Қазнеттегі әрбір ресурсты бақылап отырған шетелдік құрылымдарға қарсы қоятын, жан-жақты ойластырылған ақпараттық қауіпсіздік стратегиясын бекітетін уақытты жіберіп алдық.

2014 жылдан бері Украина мен Ресей арасындағы шиеленіске қатысты ақпараттық соғыс жүріп жатыр. Осындай оқиғалар бола қалған жағдайда Қазақ елінің өзінен басқа сенер ешкімі де жоқ болғандықтан Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік стратегиясын қабылдаудың маңызы жылдан-жылға өсіп келеді.

АҚШ-тың 2015 жылдың ақпанында жаңартылған ұлттық қауіпсіздік стратегиясында ақпараттық соғысқа ерекше мән берілген. АҚШ кибер-соғыста өз қарсыласын зор экономикалық шығынға ұшырату мақсатында ондаған миллиард доллар жұмсап, құпия зерттеулер жүргізуде. Кибер-соғыс – компьютерлер мен компьютерлік жүйелердің арасындағы бәсекелестік пен бір-біріне нұқсан келтіруге бағытталған жаңа ғасырдағы қақтығыстың бір түрі.

Болашақ қазақ журналистері ұлтымыздың ақпараттық қауіпсіздігін қорғауға жұмылатын күш болып қалыптасуы қажет. Мемлекет қана емес, әрбір азамат өз Отанының тәуелсіздігі мен тұрақтылығы үшін де ақпараттық кеңістіктегі күреске дайын болуы шарт. **Болашақтағы «Мәңгілік Ел» үшін күрес – рухани майданда болады**. Бұл майданда әскери әлеует қана емес, интеллектуалды ұрпаққа деген сұраныс ерекше. Білектің емес, білімнің күшін сыйлайтын, мойындайтын жаңа ғасыр келді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Grossman L.K. The Electronic Republic: Reshaping Democracy in the Information Age. New York: Viking, 2009.*
2. *Ануфриков А. Особенности национальной охоты за голосами избирателей // Политический маркетинг. 2011. № 3.*
3. *Капустин Б.Г. Современность как предмет политической теории. М., 1998*
4. *Соловьев А.И. Политология: Политическая теория, политические технологии. М., 2005.*
5. *Herbert Irving Schiller, Information and the Crisis Economy, Oxford University Press,1995.*
6. *Вершинин М.С. Политическая коммуникация в информационном обществе. М., 2011.*
7. *Грачев М.Н. Политическая коммуникация: теоретические концепции, модели, векторы развития. М.: Прометей, 2004. – 10-12 б.*

ФИЛОЛОГИЯ

Садирова Күлзат Қаниқызы
филология ғылымдарының докторы, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
филология факультетінің деканы, kulzat.sadirova@mail.ru

ЗАҢ ДИСКУРСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

***Түйіндеме**: Мақалада қазіргі тіл білімінде заң дискурсының зерттелуі туралы мәліметтер сөз болады. Орыс және шетел тіл білімінде аталған тақырыпқа қатысты жарияланған зерттеулерге шолу жасалып, негізгі ой-тұжырымдарына талдау берілген. Сот дискурсы заңға негізделген ауызша қарым-қатынастың маңызды бір түрі болып саналатындығы, өзіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарға ие болатындығы тілге тиек етілген. Қазақ тіл білімінде заң дискурсын зерттеу өзектілігі аталған.*

***Резюме:** В статье рассматривается проблема исследования юридического дискурса в современном языкознании. Предлагается обзор научных исследований по данной проблеме, анализируются основные взгляды ученых, а также рассматриватся дискурс судьи как один из важных видов устной коммуникации, имеющий свои особенности и закономерности. Определена актуальность исследований юридического дискурса в казахском языкознании.*

***Summary**: In the article the problem of research of legal дискурса is examined in modern linguistics. The review of scientific researches is offered on this issue, the basic looks of scientists, and also рассматриватся дискурс of judge, are analysed as one of important types of verbal communication, having the features and conformities to law. Actuality of researches of legal дискурса is certain in Kazakh linguistics.*

Қазіргі тіл білімі ғылымының дамуы тілдің құрылымын, тілдің стильдік тармақтарын, қолданылу қызметіне тән ерекшеліктерін жаңа ғылыми бағыттармен байланыстыра қарауды қажет етіп отыр. Соңғы кездері (XX ғ. соңы – XXI ғ. басы) тіл білімі ғылымының дамуы антропоөзекті бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сипатталады. Антропоөзекті парадигма тілді санамен байланыста қарастырып, тілді таным үдерістеріне, тұлғаға қатысы тұрғысынан, яғни тілді адам арқылы анықтауға назар аударады.

Адам әрекетінің әр түрлі шеңберінде тілдің қызмет істеуіне деген қызығушылықтан лингвистиканы зерттеу парадигмасының соңғы онжылдығы құқық саласын да қамтыды. Құқық пен лингвистика шекарасында өзінің жеке проблемасы және методологиясы бар жаңа бағыт пайда болды. Ол – заң лингвистикасы (юрислингвистика). Бұл сала қауымның құқықтық өмірінде пайда болатын үдерістер мен трансформацияларды назарға алады. Заң лингвистикасы Англияда, АҚШ, Германия, Польша және т. б. елдерде кең етек жаюда. Ресейде алғаш Н. Д. Голевтың құрастыруымен «Юрислингвистика» атты ғылыми еңбектер жинағы жарық көрді. Бул еңбекте құқық пен лингвистиканың арақатынасын анықтайтын әр түрлі мәселелер сөз болды. Соның ішінде заң лингвистикасының басты мәселерінің бірі заң дискурсын зерттеу қолға алынды. Жазбаша заң мәтіндерін зерттеу барысында заң мәтіндерін түсіну және түсіндіру [Н.Д. Голев, А.А. Векшин, Е.Ю. Матвеева, М.А. Ширинкина, Т.В. Чернышова], заң құжаттарының стилистикалық ерекшеліктері [В.Б. Исаков, М.Б. Кострова, J. Gibbons, P. Tiersma], терминтанымды белсенді пайдалану мәселесі [Т.В. Новикова, С.П. Хижняк, Рыженкова Т.В., I. Witczak-Pliesiecka, L.M. Solan], мәтіннің тілдік-құрылымдық жағы [И.А. Горелова, Н.И. Кузнецова, P. Tiersma] қарастырылған [1].

Қазіргі таңда заң дискурсын зерттеу – өзекті мәселелердің бірі. Заң дискурсын зерттеу мәселесі әр түрлі құқықтық білім типінің күрделі иерархиялық жүйесі секілді қазіргі тіл теориясында өзінің мәнін, әлеуметтік және мәдени маңыздылығын ашуда табандылықты талап етеді. Әр түрлі құқықтық тіл мәселелері бойынша немесе заң тілі, заңи-құқықтық тіл бойынша теориялық тәжірибесінің Н.А.Власенко, Р.И.Паисьева, А.А.Денисова, С.П.Хижняк, С.Ю.Камышева, Т.В.Губаева, В.В.Гаврилов, Е.С.Шугрина, В.Ю.Яблонский, Д.Милославская, А.С.Пиголкин, Л.В.Роман, Е.Н.Атарщикова, И.В.Мятченко, И.В.Палашевская, К.А.Шипков, Л.Е.Попова, М.В.Боровкова және т. б. еңбектерінде талданған.

Л. В. Колесниковаиың "Юридический дискурс как результат категоризации и концептуализации действительности: на материале предметно-терминологической области "Международное частное

право" тақырыбындағы диссертациясында заң дискурсының негізгі мәселелері талқыланған, зерттеуде заң дискурсы вербалды-прагматикалық тұрғыдан сараланған. Диссертацияда ең алғаш лингвистикалық зерттеу аясына «пәндік-терминологиялық сала» («предметно-терминологическая область» (ПТО)) енгізілген, халықаралық жеке құқық вербалды континеумының терминологиялық негізіне жүйелі сипат берілген [2]. Сөзді вербалды және когнитивтік әрекеттердің нәтижесі ретінде қарау, тілдік тұлғаны сөз мәдениетінің іргелі түпқазық ұғымы ретінде алу, тілдік тұлғаның санасындағы тілдік және тілдік емес білімдер жүйесін когнитивтік құрылым ретінде қарай отырып, коммуникацияның сәтті/сәтсіздігін білімдер жүйесімен байланыстыру зерттеудің когнитивтік аспектісімен байланысты жаңалығы деуге болады.

Т. В. Дубровская «Судебный дискурс: речевое поведение судьи» зерттеуін қазіргі тіл білімінің прагматикалық сөйленіс аспектісін, жағдаяттық факторлар қатынасын және коммуникацияға қатысушылардың тілдік ерекшеліктерін зерттеуге бағыттаған [3]. Ең алғаш ауызша сот дискурсын зерттеуді нысанына айналдырған – В. М. О'Барр. Ол: «Даже мимолетного взгляда на язык зала суда достаточно, чтобы обнаружить его богатство и разнообразие и предположить, что юридический язык, на котором говорят в суде и другой обстановке, заслуживает отдельного внимания, подобного тому, которое было уделено письменному юридическому языку» [3]. Сонымен бірге тілдік қарым-қатынастың этикалық нормасын ерекше конвенционалды жүйе ретінде қарастыра отырып, қарым-қатынастың эксплицитті және имплицитті түрде қандай тілдік құралдармен, амал-тәсілдермен жүзеге аса алатынын көрсету зерттеудің этикалық аспектісіне қатысты жаңалығы деуге болады.

Сонымен қатар зерттеуде алғаш рет орыс және ағылшын судьяларының сот ісі процесіндегі және одан тыс тілдік қатынастарына жан-жақты талдау жүргізілген. Ауызша заң дискурсы сот дискурсында толық жүзеге асатынын аңғарып, сот дискурсын әрқилы және заң дискурсының құрамдас бөлігі болып табылатынын айырықша атап көрсеткен. Сот дискурсы заңға негізделген ауызша қарым-қатынастың маңызды бір түрі болып саналады, ол қазіргі лингвистердің зерттеу нысанына айналған. Т. В. Дубровская сот дискурсынын зерттелуіне қатысты былайша ой түйіндеген: «Целый ряд работ посвящен судебному нарративу с присущей ему процессуальностью, интертекстуальными связами, характерными структурными и языковыми особенностями, когнитивным пространством, спасобностью к представлению авторского видения события и аргументации своей позиции» [3, 7].

Зерттеудің екінші бөлімі соттың тілдік тұлғасы құрылымын саралауға арналған. Сот үдерісі барысындағы соттың әрқилы қызметті орындауы, тілдік жеке тұлға түсінігі қарастырылып, соттың тілдік жеке тұлғасының моделі құрастырылған [3].

Қазіргі дискурстық зерттеулерде тілдік жеке тұлға түсінігі дискурс типтеріне қатысты сөз қозғаудағы негізгі ұғымға айналып отыр. Мұны Ю. Н. Караулов, В. И. Карасик, Ю. А. Сорокин, К. Ф. Седов, М. А. Кормилицына, Т. А. Милехина және тағы басқаларының еңбектерінен көруге болады. Жалпы тілдік жеке тұлға түсінігінде оны жинақтау моделі ретінде қабылдау жатыр. Зерттеуде сот рөлінің әлеуметтік шеңберінде комуникативтік жағдаят ерекшелігіне байланысты соттың жеке рөлдері қалыптасатынын көрсеткен. Олар бір-бірімен тығыз байланысты және кейбір жағдайларда бір мезгілде қалыптасады. Соттың сот процесінде әр түрлі функция орындауына байланысты, соттың тілдік жеке тұлға құрылымының төрт қырын көрсеткен: сот-рефери, сот-драмаға қатысушы, сот-лингвист, сот-қарапайым адам.

«Речь судьи в жанровом аспекте» аталатын үшінші бөлімінде сот дискурсы анализінің негізі ретінде тілдік жанрлар теориясы қарастырылған және сот дискурсы жанры анализінің моделі құрастырылған. Модельді пайдалану арқылы соттың тілдік жеке тұлғасы мен сот сөйлеу жанрын байланыстыруға болады. Сөйлеу жанрының теориясын қалыптастырған - М. М. Бахтин. Қазіргі жанртануда, Т. В. Матвеева, А. Г. Баранов, М. Ю. Федосюк, Т. В. Шмелева, Ст. Гайда, В. В. Дементьев және т. б. еңбектерінде сөйлеу жанрын түсіну тікелей модель түсінігімен немесе текст типімен байланыстырылады. Орыс және шетел зерттеушілері: V. K. Bhatia, G. Stygall, J. Gibbons, I. Witczak-Plisiecka, О. П. Сологуб, В. В. Девяткина көптеген зерттеулерін заңға, соның ішінде сот жанрына арнап, оларды класстарға бөлуге әрекет танытқан. Бастысы олар тек қана заң саласындағы монолог жанрын ғана емес, сонымен қатар диологтік әрекеттесуінің формасын да зерттеген. Диологтік әрекеттесу формасын сөйлеу актісінен құралған жанр ретінде қарастырады.

О. В. Красовская сот жанрларының прагматикалық категориясын, стратегиясын, қоғамдасуын қолдана отырып тілдік жағдаяттарды жіктейді және өз құқығын сотта қорғаушыларға әдістемелік кеңестерін ұсынады. Ол соттық тергеу жанры, осы жанрдағы сұрақтар түрі мен жауаптар, сонымен қатар тактикалық мақсаты мен айтылымдардың грамматикалық формасының арақатынасын

зерттеген. Ол соттың ойын түрін, драмалық кезін сот процесінің міндетті элементтері деп санайды. Аталған элементтер соттың дұрыс шешім қабылдауына, әділеттіктің орнауына септігін тигізеді [4].

Сот дискурсының коммуникативтік стратегиясы мен тактикасын орыс және неміс телебағдарламалары арқылы О. Н. Тютюнова зерттейді [5]. Бірақ бұндай зерттеулер көркем фильмдер мен көркем әдебиеттен алынғандықтан, сот процесінің нақты бейнесін таныта алмайды.

Қазіргі кездегі ғылымда дискурс – мәтін – жанр типтері өзара тығыз байланыста қарастырылады. Ғалымдар тілдердің функционалдық типтерінің мәтін жасайтындығын коммуникативтік актінің бір түрі ретінде (адресант пен адресат бар екендігін) атап қана кетеді. Ал қазіргі жаңа ғылым салалары осындай тезис түрінде айтылған пікірлерді одан әрі тереңдете зерттеуге бағытталған.

Отандық зерттеушілердің қатарында заң дискурсы тақырыбында диссертациялық не монографиялық зерттеулер жүргізгендер аз. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижелері мақала көлемінде басылып жүр.

Е. Б. Дауталының «Сот ісіндегі сөйлеу мәдениеті» деген мақаласында интонация арқылы адамның қандай көңіл-күйде тұрғанын, сөйлеушіге қарым-қатынасын, оның мінезін аңғаруға болатынын, интонация сөздің синтаксистік реті, лексикалық құрамы және стилистикалық ерекшеліктерімен бірге қосылып, небір уақыт ішінде дауыс кідірістері мен екпін арқылы бөлшектенген негізгі тонның ең жоғарғы шамасы, дауыс күші мен ұзақтығы тәріздес параметрлердің өзіндік дыбыстық құрылымы қалпында қабылданатынын, интонация сезімнің құлаққа шалыну (есту) түйсіктерінде қандай болмасын коммуникативтік мәнге ие болған сөз әуені, дауыс реңкі, айтылу қарқыны мен ырғақ сияқты элементтердің құрылымдық бірлігі түрінде берілетінін аңғарып, интонацияның сот дискурсында ерекше орын алатынын атап көрсеткен [6].

Қорыта айтқанда, сот дискурсының қазақ тіл білімінде зерттелуі жаңадан қалыптасып келеді. Қазақ тілінің дискурстық қызметін, сот дискурсының ерекшеліктерін зерттеу өзекті әрі тың жатқан мәселе болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Голев Н.Д. Юрислингвистика: на стыке языка и права. Барнаул, 1999

2 Колесникова Л.В. Юридический дискурс как результат категоризации и концептуализации действительности: на материале предметно-терминологической области "Международное частное право". – Автореферат дисс. ... канд. юрид. наук. – Ставрополь, 2007

3 Дубровская Т.В. Судебный дискурс: речевое поведение судьи (на материале русского и английского языков). – М.: Изд-во «Академия МНЭПУ», 2010. – 351 с.

4 Красовская О.В. О речевой коммуникации в судебной практике. – Флинта, 2016

5 Тютюнова О.Н. коммуникативные стратегии и тактики судебного дискурса: дис. канд. филолол. наук. – Волгоград, 2008.

6 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. А., 2003

Шанаев Р.У.,
PhD докторант 1 курса КазНУ имени аль-Фараби, (Казахстан, Алматы),
аспирант 1 курса Российского университета дружбы народов (Россия, Москва),
e-mail: rus.shanaeff@gmail.com

Джолдасбекова Б.У.,
д.ф.н., профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, Алматы), e-mail: Baiyan.Zholdasbekova@kaznu.kz

Демченко А.С.,
старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, Алматы), e-mail: alenchika@mail.ru

АРХЕТИП «ДОМ» И СПЕЦИФИКА ИНВЕРСИРОВАННОГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО МИРА Н. ВЕРЕВОЧКИНА

Резюме. *В эпоху глобализации, когда границы мировых сообществ становятся все более проницаемыми, изучение архетипов как своеобразных констант культуры особенно актуально. В литературе как в метаформуле «добытой эстетической истины» ведется постоянный поиск ответов на самые значимые вопросы современности: обществу необходима обновленная этиология, расстановка ценностных координат, критическое отношение к Человеку и к Миру, в котором он существует. Обращение к архетипическому субстрату культуры способно сделать этот поиск, по нашему убеждению, более эффективным.*

Ключевые слова: *архетип, литературный архетип, метафора, концепт.*

Жаһандану дәуірінде әлемдік қауымдастықтардың шекаралары неғұрлым өткізгішті болған сайын, архетиптерді мәдениеттің ерекше константасы ретінде зерттеу өте маңызды. Әдебиетте «табылған эстетикалық ақиқаттың» мета-формуласындағыдай, біздің уақытымыздың маңызды мәселелеріне үнемі жауап іздейді: қоғамға жаңартылған этиология, құндылықты координаттарды орналастыру, Адамға және өзі өмір сүріп отырған Әлемге сыни көзқарасы қажет. Мәдениеттің архетиптік субстратына үндеу, біздің ойымызша, бұл ізденісті тиімдірек ете алады.

Кілт сөздер: *архетип, әдеби архетип, метафора, концепт.*

Summary. In the globalization era, when the boundaries of world communities are becoming more permeable, the study of archetypes as a peculiar culture constant is particularly relevant. In literature, as in meta-formula of "obtained aesthetic truth", there is a constant search for answers to the most important questions of our time: the society needs a renewed etiology, a balance of value coordinates, a critical attitude towards a Man and World in which it exists. In our opinion, an appeal to the archetypal substratum of culture makes it possible to do it in effective way.

Keywords: *archetype, a literary archetype, metaphor, concept.*

В процессе анализа архетипа дом в произведении Н. Веревочкина «Зуб мамонта. Летопись мертвого города» мы применили нетрадиционную методику работы с негативным пространством текста. Термин «негативное пространство» относится к области визуальных искусств, в частности, к живописи и фотографии. Негативное пространство представляет собой свободную от акцентированного изображения область вокруг объекта композиции (в отношении литературного произведения – главного героя). Именно негативное пространство способно подчеркнуть формы, размеры, назначение центрального объекта произведения. В то же время оно несет в себе и собственную смысловую нагрузку.

Принято считать, что в центре произведения (как визуального, так и литературного) находится «позитивный в пространстве» объект – главный герой. Негативное пространство составляет в этом случае область его (объекта) окружения. Именно эта область определяет и подчеркивает основные смыслы художественного целого, формируя «канву изображения». Ее назначение состоит также в том, чтобы выступать «проводником» зрительского/читательского внимания от центрального объекта к периферийным зонам и обратно, обеспечивая темп самого читательского восприятия текста. По мнению художников, ключ к преодолению несовершенства центрального объекта композиции кроется именно в негативном пространстве – машинальная фокусировка на «главном предмете изображения» лишает композицию баланса и выразительности.

На наш взгляд, произведение Н. Веровочкина построено на принципе «негативного пространства». Главные герои присутствуют в произведении на фоне локусов, судеб, историй других людей, жизни и умирания города и деревни. В результате баланс между центральными объектами изображения и огромной (на смысловом уровне превалирующей) периферийной зоной негативного пространства достигается автором безошибочно. Он же предопределяет исследовательскую стратегию: в данной

главе анализу негативного пространства (в частности, пространства архетипа «дом») уделено больше внимания, чем осмыслению пространства позитивного.

Архетип при этом не реконструируется, а устанавливается методом исключения: анализ негативного пространство вокруг центрального объекта (главного героя) убеждает нас в отсутствии существования реального живого дома во внешнем мире, подводя нас к единственно возможному выводу: дом сосредоточен непосредственно в центральном объекте изображения (Руслане; Козлове).

Как показало наше исследование, метод анализа негативного пространства художественного целого способен предоставить студентам не менее содержательные данные, чем сосредоточенность на позитивном объекте. Мы предлагаем использовать данный инструмент не только в работе с постмодернистскими произведениями, но и в русле изучения классичесих литературных текстов. Далее представлены результаты исследования с опорой на предложенный нами метод.

На протяжении нескольких десятилетий в литературной жизни Казахстана происходит ощутимый метафизический «сдвиг»: художественные произведения периода Независимости все более тяготеют к экзистенциальному плану изображения, сосредоточенности на проблемах Духа, Души, еденинения со вселенским Разумом. Размываются условные границы жанров и направлений. Наблюдается интенсивная контаминация этнической и универсальной (глобальной) картин мира. Литературная карта Республики пополняется новыми именами. Смена художественных парадигм способствует расширению креативного поля казахстанских писателей. Художники слова, прежде ограниченные диктатом определенного литературного направления, сегодня обладают арсеналом средств, соответствующих самым разным задачам – от этнотелеологических до эстетических, от экзистенциальных до аксиологических. На наш взгляд, литература есть способ миропонимания, своего рода modus videre реальности, в которую погружен художник. Литературная «оптика» современных писателей все более усложняется – они стремятся не просто «увидеть» мир в совокупности запечатленных в тексте деталей, но «узреть» его истоки и возможные горизонты событий, если прибегнуть к формулировке М. Хайдеггера.

Как отмечают исследователи новой казахстанской литературы (Ш. Елеукенов, А. Арцишевский, О. Абишева, Л. Сафронова, В. Савельева, Б. Джолдасбекова, Н. Сарсекеева и др.), ей свойственны «родовое жанровое мышление» [1] и в то же время жанровая гибридизация [2], общая идейная диссипативность и кристаллизация стержневых культурных смыслов, этническая самобытность и архетипическая универсальность. Это система, движение которой осуществляют антиномические силы. Антиномическому художественному осмыслению подвергаются базовые категории человеческой жизни – добро и зло, дом и бездомье, время и безвременье [3, 4]. Так, архетип «дом», один из важнейших транслятивных концептов общечеловеческой культуры, претерпевает на себе воздействие различных процессов: сакрализации (например, в творчестве С. Елубая), экокритической интерпретации (романы А. Жаксылыкова), идентификации (произведения Г. Бельгера), дестабилизации и десакрализации (экспериментальные тексты Н. Веревочкина).

В современной казахстанской литературе происходит переосмысление взаимосвязи и взаимозависимости города и жителя города: в конце 1990-х – начале 2000-х годов возникает новая жанровая форма – урбанистический роман, в которой по-прежнему сохраняет значимость архетип «дом».

Архетип, как известно, представляет собой сгусток коллективного опыта, универсальный сценарий психических реакций индивида на внешний мир. Как мы отмечали в предыдущих главах, дом – один из базовых архетипов, вмещающий в себя инклюзивные представления коллектива о реальности («свой круг», «мы», «родина», «мир» и т.п.). Таким образом, в художественном тексте данный архетип реконструирует не только идею человеческого жилища, но и воссоздает модель всего сообщества, проживающего в определенном месте на земле. Мы уже упоминали о том, что дом – архетип, затрагивающий самые разные уровни человеческого Бытия. Это может быть вещественный уровень (жилище, географическое пространство), экзистенциальный уровень (Дом = Человек, его душа, внутренний Космос), онтологический уровень (Дом = Мир, Вселенная). В рассмотренных ранее произведениях И. Шухова и Г. Бельгера прослеживается идея об изоморфизме внешнего и внутреннего «домов» человеческой жизни. Вещественные элементы дома – строения, реалии быта, сама природа – соответствуют общей идее о своем месте в мире, которая заложена в характерах главных героев, будь то Федор Бушуев или Давид Эрлих. Совсем иначе воплощена мифологема дома в прозе казахстанских постмодернистов.

С точки зрения художественной дестабилизации архетипа «дом» показательны произведения Н. Веревочкина («Зуб мамонта. Летопись мертвого города», «Гнездо из полыни. Гнездо из окурков» и др.). В социологии представлен ряд дефиниций понятия «город», и одна из них - это замкнутое поселение, так как соседство со всех сторон отделяется стенами. Такое поселение

настолько велико, что в нем отсутствуют и характерные для соседей знакомство и близкое дружеское общение.

Замкнутый в себе мир. Да и жители их смахивают на внеземные существа [5].

В идее города заложено как гармонизирующее, так и деструктивное начала. В эпоху Возрождения город представлял собой модель «совершенного мира». На уровне чертежа он должен был соответствовать одной из совершенных геометрических фигур, а на уровне идеи знаменовать социальное переустройство мира, о чем свидетельствуют «Миры» Антонио Франческо Дони, «Утопия» Томаса Мора, «Город Солнца» Томмазо Кампанеллы, образ Телемской обители Франсуа Рабле и образ «Новой Атлантиды» Фрэнсиса Бэкона.

Позднее город становится в литературе детерминантой человеческой жизни (на этой концепции основан натуралистический роман). О том, что города влекут человека «к бездне», начинают размышлять символисты («Города-спруты» Э. Верхарна, «Петербург» А. Белого). В русской литературе город как инфернальное пространство появляется еще раньше в произведениях А. Пушкина, Н. Гоголя, Ф. Достоевского, М. Горького. Художественная литература убедительно доказывает, что города антиномичны, так как мифологемы рая и ада сопряжены в самой структуре городского текста. Вспомним Нью-Йорк Фицджеральда, представляющий собой «лоно нового мира» и «долину шлака» одновременно. Город накладывает отпечаток собственной сущности на каждого, кто с ним соприкасается. Иными словами, от города зависит «самоопределение человека по отношению к истине и, значит, его бытийственный вектор» [6, с. 4]. «В истории мировой цивилизации город воспринимается как «вторая природа», создаваемая человеком, как мир, данный нам в ощущениях. Он возникает из взаимодействия между людьми в сжатом пространстве как поле человеческих взаимоотношений, поэтому он стал одним из «вечных» художественных образов в искусстве и литературе. Город обладает ментальной силой, способной формировать сознание людей и придавать определенный характер возникшей в нем культуре» [7].

Город в урбанистических произведениях Веровочкина совершенно меняет героев, исключая их возвращение в родной дом в провинции: они становятся другими людьми с другими взглядами на жизнь и изувеченными судьбами. Покинув дом, героям так и не удается спрятаться от давления и обрести счастье на чужбине. Желание вернуться в родной городок ассоциируется с библейским примером древних израильтян, которые хотели найти землю обетованную. После долгих поисков они так и остаются с нереализованной мечтой. Таков, на наш взгляд, один из лейтмотивов прозы Н.Веревочкина.

Образ города может быть исследован как часть архетипического комплекса «дом» (наряду с идейно оппозиционной ему «деревней»), однако в данном случае мы не рассматриваем собственно городской текст – парадигму разножанровых произведений о месте, совокупность которых создает образ этого места. Кроме того, города в «Летописи» Веревочкина – это аллюзии и в определенном смысле символы, а не конкретные географические топосы. Образ Алматы, данный в произведении в системе аллюзий, безусловно, является частью алматинского локального текста; однако в наши задачи входит осмысление города/городов как части архетипического пространства дома.

Приступая к интерпретации образа города как структурного элемента архетипического целого (дом) в произведении Н. Веровочкина, следует особо подчеркнуть, что художественная реальность автора – это реальность инверсированная, нелинейная, в некотором смысле дефекцитарная. В его произведениях есть место карикатурной дистрибуции образов (техника «подмены смыслов»), как, например, в повести «Жертвенный осел» или романе «Белая дыра». Герои художественного мира автора транспозиционны, они находятся на пограничье пространств, на грани разума и безумия. Таковы городской леший, поэт, утративший собственный дар («Городской леший, или Ероха без подвоха»), или несостоявшийся самоубийца Прокл – он же Тритон Охломонович, получивший в дар всемогущество Господа («Белая дыра»). Зачастую они бездомны и потерянны («Человек без имени», «Зуб мамонта»); божественны и по-сартровски «тошнотворны» (вспомним героев «Белой дыры»: жителей Преддырья, гибридную крысособаку и других).

Отдельной авторской стратегией можно назвать секуляризацию (расчленение, разъединение) идейно значимых понятий в заглавиях произведений: «Человек без имени», «Страна без негодяев», «Железная дверь без ключа», «Городской леший, или Ероха без подвоха». Зачастую отсутствующий компонент понятия нагружен изначально негативными смыслами (например, негодяи, без которых страна обретает утопическую смысловую «окрашенность»), однако в конечном счете именно он – утраченный элемент – оказывается экзистенциально необходимым для всего художественного мира: иначе нарушается важный для авторского миропонимания закон неделимости добра и зла, высокого и низкого, трагедии и карикатуры. Город, как нам известно, это великое достижение цивилизации, а

деревня, или провинция, понимается зачастую как движение назад. Но у писателя иной взгляд на эту проблематику: «Если Бог существует, то он живет в провинции…», – говорит один из героев Н.Веревочкина. Тема города выступает доминантой тематического диапазона текстов Н. Веревочкина, служит истоком формирования городского текста, представляющего собой совокупность локальных текстов с особым кодом прочтения, мифопоэтической основой, типологией персонажей, поэтикой урбанизма и др. Интересно, что сам Веревочкин называет себя в первую очередь карикатуристом, в том числе в литературе.

Его изобразительная техника сосредоточена на игре масштабов, детализации и размывании контуров, гротескном смешении красок, в результате чего изображаемый мир утрачивает условную реалистичность и превращается в экзистенциальный шарж. Так, например, исполинский мамонт, от шагов которого сотрясается яблоневый город, вдруг уменьшается до размеров муравья, а вместе с ним уменьшается город, планета, галактика. Вселенная наделяется чертами замкнутого пространства, становится герметичной, отчего главный герой испытывает приступ клаустрофобии; в то же время ограниченная комнатка саманного дома атрибутирована несопоставимыми по масштабу изображения эпитетами: великая немота, кладбищенское одиночество.

«Летопись мертвого города» начинает камертон – заметим, не эпиграф. Камертоном принято называть инструмент для фиксации эталонной высоты звука; в литературном отношении это «эталонная высота читательского восприятия» текста. Весь смысл, по мнению автора, «заключен не в книге, а в самом читателе» [5]. Сам автор, напротив, высокое звучание романа «снижает» до уровня карикатуры, которая парадоксальным образом продолжает «звучать» трагически. Мамонт, оживший хтонический символ гибели мира, внушающий главному герою первобытный ужас, «пахнет псиной». Небоскреб (повторяющийся символ из сновидений героя), цитаделью возвышающийся над окрестностями, построен из самана – вещества, создаваемого из примеси глины, навоза и соломы. Саманный небоскреб назван автором «башней» (на слоновой кости), что наталкивает нас на мысль о другой башне – Башне из слоновой кости. На наш взгляд, выстраиваемая гротескная параллель в художественном смысле не случайна. Башня из слоновой кости – интертекстуальная метафора, раскрывающая множественные смыслы в литературе. В «Песни песней» это символ красоты и непорочности, в произведениях европейского романтизма – символ ухода Поэта «в единоличье чувств». В эпоху Флобера за метафорой закрепилось прочное значение высоты духа, одинокого поиска истины, самоотверженной отдачи поэтическому призванию («Пусть Империя шагает вперед, а мы закроем дверь, поднимемся на самый верх нашей башни из слоновой кости, на самую последнюю ступеньку, поближе к небу. Там порой холодно, не правда ли? Но не беда! Зато звёзды светят ярче, и не слышишь дураков»; «Я всегда пытался жить в башне из слоновой кости; но окружающее её море дерьма поднимается всё выше, волны бьют об её стены с такой силой, что она вот-вот рухнет») [8].

В романе перед читателем возвышается башня, построенная на костях вымершего животного. Каждую ночь ее достраивают покойники; мотивы смерти, омертвения, кладбищенской затхлости переплетаются в художественный «узел» Башни, которая превращается в мертвое сердце вымирающего мира – не только городка Степноморска, но и самой Алма-Аты, целого Казахстана, всей планеты Земля.

«Придет время – и вся планета будет одним городом, где все продумано, просчитано. Рационально. Но в этом городе не будет живых людей, а только двуногие компьютеры, включенные в одну Всемирную сеть. Одинаково правильные и предсказуемые. Война уже началась. И неправильные живые люди с их ошибками, любовью и ненавистью, дикой природой уже обречены в неправильных городах и деревнях на вымирание» [5].

Таким образом, саманная башня пополняет галерею образов-перевертышей Н. Веревочкина. Это образы, ставящие под сомнение всю систему ценностей современного общества. Как пишет В. Савельева, тематический диапазон содержания романа «тесно увязан с такими проблемами современности, как отцы и дети; наркомания; обнищание и социальное расслоение общества; сомнение в разумности проповеди вечных нравственных и правовых норм; тоска по вечным ценностям и стабильности; проблема вынужденной миграции; кладбищенская тема; тема «дна» жизни и смерти и, конечно, всегда близкая Н. Веревочкину экологическая проблема» [9]. Но если в инверсированном, перевернутом мире Веревочкина «все наоборот», а архетип «дом» подвержен регулярной дестабилизации сакральных значений и смыслов, что будет значить в художественном универсуме писателя архетипическое бездомье? Ответ на этот вопрос нам предстоит найти.

Литература:

1 Елеукенов Ш. Новая литература нового Казахстана. Полемические заметки // http://docplayer.ru/43162344-Sheriazdan-eleukenov-iiaass-eeoadaooda-iiaiai-eacaonoaia-polemicheskie-zametki.html.

2 Абишева О. Мертвый город из белых юрт // Простор. – Алма-ата, 2011. – №6. – С. 173 – 178.

3 Сафронова Л.В. Автор и герой в постмодернистской прозе: автореф. ... док. филол. наук: 10.01.08. – Алматы: Изд-во «LEM», 2007. – 40 с.

4 Сарсекеева Н. Формы выражения авторского сознания в русской литературе рубежа XX-XXI веков. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 131 с.

5 Веревочкин Н. Зуб мамонта. Летопись мертвого города // http://www.detectivebooks.net/book/30320343/#read.

6 Топоров В.Н. Петербург и петербургский текст русской литературы // Семиотика города и городской среды. Петербург. Ученые записки Тартусского государственного университета. - Тарту, 1984. - Вып. 664. - С. 7 – 29.

7 Баянбаева Ж.А. Алма-Ата в прозе Ю. Домбровского // Вестник РУДН. Серия: Вопросы образования: языки и специальность // http://journals.rudn.ru/education-languages/issue/view/807

8 Флобер Г. Письма 1830-1880 гг. // flaubert/letters.htm

9 Савельева В. Рассказы в современной прозе Казахстана: критика и актуализация жанра // Нева. - 2015. – №12.

Қасқабасов Сейіт Асқарұлы
ҚР ҰҒА академигі, Филология ғылымдарының докторы, профессор

Нұриманов Бекарыс Тілегенұлы
PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, bekarysnuriman@gmail.com

ІЗГІ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫНЫҢ «ҚҰТАДҒУ БІЛІКТЕГІ» КӨРІНІСІ

Түйін: *Жүсіп Баласағұнның 1069 жылы жазған «Құтадғу білік» еңбегінің атауына байланысты бұған дейін әлемдік ғалымдар арасында талай мәрте пікірталас туды. Ғалымдар әр қырынан дәлелдеп, өз нұсқаларын ұсынды. Отандық ғалымдардан Асқар Егеубаев «Құтты білік» деп аударса, Әбжан Құрышжанов «Құт әкелуші білім» деп тәржімалады. Олардың қайсысы дұрыс? Жалпы орта ғасырлық мұрамызда не туралы айтылады? Білім бе әлде билік пе? Бұл мақалада осы мәселелер талқыланады.*

Кілт сөздер: *Құтадғу білік, Жүсіп Баласағұн, ізгілік, білім, билік, мемлекеттік басқару.*

Резюме: *Видение идеи гуманного государства в книге «кутадгу билиг». По сей день ученые во всем мире возникает диспут о названии книги Жусипа Баласагун «Кутадгу билиг», написанной в 1069 году. Ученые представили всевозможные доказательства и свои варианты. Отечественный ученый Аскар Егеубаев перевел как «Құтты білік», Абжан Курышжанов предложил свой вариант перевода как «Құт әкелуші білім». Кто из них прав? Что сказано в нашем средневековом наследии? Знание или власть? В настоящей статье обсуждаются именно эти вопросы.*

Ключевые слова: Кутадгу билик, Юсуф Баласагуни, гуманизм, гуманное государство, знание, власть, управление государством.

Summary: *Vision of the idea of a humane state in kutadgu bilig. Researchers all over the world have been still arguing about the title of «Kutadgu bilik» by Yusuf Balasagun written in 1069. They provided all evidences and their own versions. For example, a domestic researcher Askar Yegeubayev translated it as «Qutty bilik» (translation: «Blessed knowledge»), Abzhan Kuryshzhanov offered his version stating «Qut akelushi bilim» (translation: «Blessing knowledge»). Which one is right? What does the mediaeval heritage keep for us? Knowledge or governance? This article deals with all these issues.*

Key words: *Kutadgu bilig, Yusuf Balasagun, humanism, humane state, knowledge, governance, state governance.*

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, сапалы кадр дайындау, билік өкілдері мен қоғамның қарым-қатынасын реттеу, ішкі саяси тұрақтылықты сақтау және сыртқы елдермен ынтымақтастық орнату секілді тақырып ертеден көптеген халықтардың әдебиеттерінде көтерілген мәселенің бірі. Бұл тақырыпта әсіресе, мемлекет қайраткерлері мен саяси тұлғалар көптеп қалам тербеген. Кезінде утопия секілді көрінсе де грек ойшылдары Аристотель, Сократ, Платон және ежелгі Қытайда Конфуций секілді ойшылдар қоғамның, мемлекеттің ізгілікпен, біліммен, парасатпен басқарылу керектігін айтты. Қазақ даласынан шыққан Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактат жазды. 1091 жылы Селжұқ мемлекетінің бас уәзірі Низамүл Мүлк билік тақырыбын көтерген «Саясатнама» атты кітап жазып, оны Селжұқ сұлтаны Мәлікшахқа тарту етті. 1513 жылы Италияда Никколо Макиавелли «Il Principe» (Государь, The Prince) деген кітап жазып, кароль Лорензо до Медичиге сыйлады. Олар мемлекетті әділ басқару, елдің жағдайын жақсарту секілді құқықтық-демократиялық мемлекеттің өлшемдерін көрсетті. Дәл осы еңбектер секілді Қарахан мемлекеті тұсында 1069 жылы Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» атты кітап жазып, оны Табғаш Боғра ханға сыйға тартты. Оның жазылу мақсаты – мемлекетті нығайтып, ел басқаруды жетілдіріп, халықты сауаттандырып, құт-береке дарыған, бақыт қонған ізгі мемлекетке айналдыру болатын. Бұған дейін «Құт әкелуші білім» және «Құтты білік» деген секілді атаулар беріліп, кітаптың білімге қатысты қырына көбірек назар аударылып келді. Енді «Құтадғу біліктің» билікке қатысты тұстарына басымдық беріп, бүгінгі мемлекетіміздің тамыры тереңде жатқанын ашып көрсету өзекті мәселенің бірі. Міне, сонда ғана он ғасыр бұрын бабаларымыз құрған мемлекетіміздің құрылымын, оның басқару жүйесін және қоғаммен қарым-қатынасын көруге болады. Мемлекеттік лауазымдар мен олардың дәрежелерімен және ол лауазым иелеріне қойылатын талаптар мен жүктелген міндеттермен танысамыз. Сондай-ақ, адамның тұлға ретінде қалыптасып, кемелдік деңгейге жетуіне үйрететін ілімнің кілтін табамыз. Айталық, ел басқару ісіне араласқан кісінің шыққан тегі мен алған тәрбиесі, болмыс-бітімі, ақыл-парасаты, білімі, қабілеті, мінез-құлқы және сырт келбеті қандай болу керек? Олардың атқаратын қызметі, құқығы және ел алдындағы міндеттері қандай? Осының барлығы

аталмыш кітапта кеңінен жазылған. Бір сөзбен айтқанда, құқықтық қоғам мен демократиялық мемлекеттің өлшемдері көрсетіледі. Жүсіп Баласағұн өз еңбегінде жазылып сақталған мәліметтің құнды екенін айта келе, «бізге дейінгі мәлімет жазылып сақталмағанда, біз олардың хабарын қайдан білер едік» дейді. Демек, Жүсіп Баласағұн мемлекет басқару туралы идеяларында Қарахан мемлекетіне дейінгі түрік халықтары құрған қағанаттардың тәжірибелерінен үлгі алғаны байқалады. Жүсіп Баласағұнның кітабы «Құтты білік» немесе «Құт әкелуші білімнен» гөрі «Құтты билікке» жақынырақ деуге болады. Оның идеясы Сен Симон, Фурье секілді Еуропа ойшылдары көтерген «әлеуметтік утопия» емес, өмірде қолданылған идеялар. Өйткені, Жүсіп әйгілі кітабын жазғаннан кейін ханның Бас уәзірі (қазіргіше Премьер-министр) болады. Мемлекет басқару туралы ойларын жазып қана қоймай, оны Бас уәзір ретінде жүзеге асырады. 1074 жылы жазылған Мақмұт Қашқаридың «Түрк тілінің жинағы» атты сөздігінде Жүсіптің ойларын қуаттайтын мәліметтер жетерлік. Сондықтан ол, елімізде мемлекеттік және жергілікті басқару саласында, кадр даярлау мен саяси және идеологиялық мәселеде бірінші кезекте оқылып, қолданылуы керек нұсқаулық кітап. Арғы-бергі тарихымызда мұндай идеяны дәл осылай нақты көтерген еңбек жоқтың қасы деуге болады. Сондықтан, бұл кітап мемлекетіміздің тарихын он ғасырдан да әріге апарады.

Мұндай мазмұндағы туындылар Еуропа әдебиеттану ғылымында «Mirror for Princes» немесе «Mirror of Princes» (Ханзадалар айнасы) жанры ретінде зерттеледі. Яғни, ол жанр мемлекет билігіне араласқан қызметкерлерге кеңес ретінде жазылған шығармаларды қамтиды [1]. Бұл қазақ әдебиеттануында әлі таныс емес жанр. «Құтадғу білікті» осы жанр бойынша Америкада Роберт Данков, Түркияда Талаат Текин мен Хасан Хусейн Адалыоглу есімді ғалымдар талдаған.

Кітаптың атауына қатысты пікірталас. Бүгінгі таңда «Құтадғу біліктің» Вена, Каир және Ферғана атты үш нұсқасы бар екені белгілі. Бұл үшеуінде кейбір бәйіттердің көшірілмей немесе кейбір парақтардың түсіп қалғаны болмаса, мәтіндік тұрғыдан ешбірінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Қайсысы түнпұсқа, қайсысы көшірілгені туралы нақты тұжырым жасалмады. Десе де, оның көшірмесі көптеп жасалғаны анық. Өйткені, «Құтадғу білік» жазылған заманның өзінде әлемнің көптеген елдері оған билікке қатысты атау берген. Айталық, Шын елі «Әдәбүл-Мүлік» (Шахтардың әдеп-қағидасы), Машын патшалары «Айинул мемлекет» (Мемлекеттің дәстүрі), Мәшрық (Шығыс) елдері «Зийнәтүл-үмәрә (Өмір зейнеті) және Ирандықтар «Шахнамаи түрки» және «Пәнднәма-ли мүлүк» (Падишаларға насихат) деп атаған. «Құтадғу білікті» ең алғаш ғылыми айналымға қосоқан Амедей Жауберт 1825 жылы Парижден шығатын Journal Asiatique журналындағы мақаласында «Kaoudat-kou bilik» деп жазды және оған «Science du gouvernement» (Билік туралы ғылым) [2:10] деп анықтама берді. Одан соң 1870 жылы Германияның Инсбург қаласында басылған Г.Вамберидің кітабы «Üigürische Sprachmonümente und das Kudatku Bilik» [3] және 1891 жылы Петрсбургте шыққан В.В.Радловтың кітабы «Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun» [4] деген атпен жарияланды. Яғни, екеуі де мәтіндік тұрғыда «Kudatku Bilik» деп жазды. Алайда, ХХ ғасырдың басында әлемдік түрколог ғалымдар арасында кітаптың атауына қатысты ғылыми пікірталас болды. Ол туралы А.Н.Кононов кеңінен жазды [5:496-498]. Ғалымдардың бір тобы (Г.Вамбери, В.Томсон, В.В.Радлов, Р.Р.Арат, С.Иванов, К.Каримов және А.Ділашар) «Құтадғу білікті» білімге қатысты деп, «Знание, делающее человека счастливым», «Наука быть счатливым», «Искуство знание сделатся счастливым», «Книга счастья, «Благодатное знание», «Наука о том, как делаться счастливым» деген атаулар ұсынды. Ал, екінші бөлігі (А.Жауберт, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, А.А.Валитова және М.Арслан) билікке қатысты деген пікірді ұстанып, «Знание, образующее царей» [6:367], «Осчастливливающее упрпавление», «Devlet Yönetme Bilgisi» және «Наука об управлении» деп атады. 1947 жылы Түркия ғалымы Р.Р.Арат кітаптың транкрипциясында Kutadgu Bilig [7] деп жазды. Кітап атауын тілдік тұрғыда талдап, толық мағынасын Түркия ғалымы Ділашар былай көрсетті:

Kut-ad-gu Bil-ig сөзінің мағынасы:

kut – құт, бақыт,

-ad – «қылу» ұғымын беретін және есімнен етістік жасаушы жұрнақ.

-gu – «қылған, қылушы» мағынасын беретін және етістен сипат жасаушы жұрнақ.

bil – «білу» мағынасын білдіретін етістік.

-ig – етістіктен есім жасаушы жұрнақ.

Толық мағынасы: «құтты қылушы білім» [8:47].

Мұндағы, «Kutadgu – құтты қылушы, bilig – білім» деп аударды. Ал, В.В.Радлов өзі құрастырған көне түрік сөздігінде bilik сөзінің *знание* және *царство, правительства* [9:1764-1765] деп екі мағынасын көрсеткен болатын. Жалпы, Қарахан мемлекеті тұсында «білік» сөзі қандай мағынада қолданылды? Оны білу үшін Жүсіп Баласағұнмен бір заманда өмір сүрген Махмұт Қашқаридың

«Диуани лұғат ат түрк» еңбегін қараған жөн. Онда «білік» сөзінің үш мағынада қолданылғаны жазылған. 1) білім, 2) хикмет, 3) ақыл. Екінші нұсқасының факсимилесі төмендегідей:



[10:194]

А.Б.Ержиласун мен З.Аққойунлу мұны «bilig – даналық, ozakı bilgeler – бұрынғы даналар» [11:166] деп аударды. Бұдан бөлек сөздікте «bilge» сөзі дана, хакім [11:185] деп берілген. Демек, Қарахан мемлекеті тұсында «білік» сөзі қазіргі қазақ тіліндегі «биліктің» тура мағынасында қолданылмаған. Алайда, мемлекет билеушілерінің атына қосарланып айтылған. Көктүрік мемлекетінің билеушісі «Білге Қаған» деп аталғанын ескерсек, «білік» сөзінің «билік» мағынасынан алыс емес екені де аңғарылады. Қазіргі қазақ тіліндегі «әкім» және өзбекшедегі «хоким» сөздері «білге» сөзінің арабшасы «хакімнен» шыққаны даусыз. Бұған қатысты Құтадғу біліктегі мына бәйіт те көп жайды аңғартады.



(1953-бәйіт) [12:76]

beg atı bilig birle bağlığ turur / bilig lamı kitse beg atı qalur [7:213].

Бек аты білікпен (білім немесе билік) байланып тұрады; біліктің ләмі («л» әрпі) кетсе, бек аты қалады (ауд. Б.Нұриманов).

Араб графикасындағы ескі жазуларда көбіне дауыссыз дыбыстар ғана жазылып, дауыссыздар жазылмайды. Сол себепті бәйіт араб әрпімен بيليك (билик) деп жазылған, оның «л» әрпі түскенде بيك (бек) деп оқылады. Мұндағы «білік» сөзін білім деп оқығанда да, оның бекпен, билікпен тығыз байланысты екені айтылып тұр. Өйткені, сол дәуірде елді басқаратын бектердің білімді болуы басты талап ретінде қойылған. Қай пікірді ұстанса да, ғалымдардың көбі «білік» сөзін білім деп оқығанын байқаймыз. Ал, «құт» сөзін әртүрлі түсінген. Ертеде Ғұн билеушісі Мүде Қаған Қытай императорына жазған бір хатында Тәңрі Құты лауазымын қолданған. Яғни, көне түріктер ел басқару ісі – Тәңрінің берген сыйы, құты деп түсінген. Айталық, Құтадғу білікте мемлекет басқару мәселесінде екі дүниесін қатар ойлап, халыққа ізгі болған басшыны былайша сипаттайды.

(1973-бәйіт) [12:77]

ikigün ajunuğ buluğlı kişi / idi kutluğ ol bu tükel kut başı [7:215]

Екі дүниені қатар ойлаған кісі – Тәңрінің құты, ол бүкіл құттың бастауы (ауд. Б.Н.).

Мұнда, мемлекет басын – Тәңрінің құты, бүкіл құттың бастауы деген. Тағы бір бәйітте мемлекет басқару ісі – Тәңіріден берілетін сый деп түсіндіреді.

(5469-бәйіт) [12:77]

bu beglik küçün almadıŋ sen tilep / bayat berdi fazlı bile belgülep [7:544].

Билік тізгінін сен өзің қалап алмадың; Алла сені таңдап, өз жарылқауымен берді (ауд. Б.Н.).

Ежелгі дәуірдегі көк түрік қағанаттарындағы заң мен құқық туралы зерттеген Түркиялық ғалым Садри Максуди Арсал зерттеу еңбегінде: «Біз бұл жерде құт сөзінің саяси әкімшілік күш, мемлекет билігінің ықпалы, әкімшілік билік мағыналарын білдірертінін айтамыз» [13:121] дей келе, кітаптың атын «саяси әкімшілік білімі» деп аударады. Ескі түрік мәдениетін зерттеген Ибраһим Кафесоглу да: «Ескі Түрік мемлекеттерінде саяси билік ұғымы «Құт» деп аталған» [14:237] дейді.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты «Құтадғу білік» сөзінің этимологиясын және семантикасын ғана зерттеу емес, кітаптың ішкі мазмұнын, онда не туралы жазылғанын пайымдау. Сол арқылы түрік халықтары құрған мемлекеттің құрылымы қандай болғанын, оны қалай басқарғанын зерделеу. Сонда ғана кітаптың мазмұны жалпы білім емес, билік туралы білім екені аңғарылады.

Құтадғу білікте көтерілген мәселелер. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі бүгінгі тілмен айтқанда Премьер-министр мен Президенттің сұхбатынан құралған. Ал, сұхбатқа дейінгі дін, білім, ғылым, адамның қадір-қасиеті және ізгілік қылудың пайдалары туралы бөлімдер негізгі туындыға дейінгі кіріспе ғана. Әрбір шығарманы Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып бастап,

адамды ізгілікке тәрбиелеу үшін насихат айту – сол кездегі қалыптасқан дәстүр. Яғни, жыраулар дастан жырламас бұрын халықтың назарын өзіне аударып, шабыт шақыру үшін әуелі жыр бастау, терме, толғау стилінде бірқанша туындылар орындағаны секілді. Бұл да сол үрдістің көрінісі және оның кіріспе мен қорытынды мәтіні «Құтадғу біліктің» 7,7%-ын ғана құрайды. Қалған 92,3%-ы мемлекеттік билік тақырыбын көтерген шығарманың өзі. Яғни, ел басқару, әділдік орнату, сауатты қоғам қалыптастыру, ең маңыздысы мемлекетті ізгілендіру мәселелерін көтерген бәйіттер.

Мемлекет басқарудың заңдылығы. Билеуші мен Бас уәзір сұхбат барысында ел басқарудың заңдылықтары жөнінде әңгіме өрбітеді. Мәңгілік ел болу үшін әділ заң орнату мен елді әділдікпен басқаруға басымдық беріп, халықтың жағдайын жақсартуды қозғайды.

(819-бәйіт) [12:36]

bu beglik ulı kör könilik turur / köni bolsa begler tiriglik bolur [7:99].

Биліктің негізі әділдіктен тұрады; бектер әділ болса, әлемде бейбіт өмір болады (ауд. Б.Н.).

Заң алдында барлық адам тең болу керек деген ой айтады. Сондай-ақ, билеушінің халық алдында орындауы тиіс негізгі мынадай үш міндеті бар дейді.

(5575-бәйіт) [12:201]

birisi iliŋde arığ tut kümüş / yarın küdezgil ay bilgi üküş [7:553].

Біріншісі, мемлекетте ақша (күміс) таза болсын; әй, білімі көп кісі, жалған ақша жасалмауын қадағала (ауд. Б.Н.).

(5576-бәйіт) [12:201]

taqı bir bodunqa törü bir köni / kötür bir ikedin küçin kör anı [7:553].

Тағы бірі, халыққа әділ заң орнат; бірінің екіншісіне күш көрсетуіне жол берме, қадағала (ауд. Б.Н.).

(5577-бәйіт) [12:201]

üçünçi imin tut qamuğ yollarığ / qaraqçığ sekerçig arıtğıl arığ [7:554].

Үшінші, барлық жолдарды қауіпсіз қыл; қарақшылар мен тонаушылардан тазала (ауд. Б.Н.).

Мұнан кейін халықтың көзқарасы мемлекеттің ұстанып отырған саясатымен бірдей болу керектігі айтылады. Яғни, мәңгілік ел болу үшін халық пен басшы бір ұстанымда болу керек. Мемлекет басшысының халық алдындағы міндеті секілді халықтың да оның алдындағы үш міндеті бар дейді.

(5582-бәйіт) [12:201]

biri yarlığıŋnı ağır tutsalar / negü erse terkin anı qılsalar [7:554].

Біріншіден, жарлығыңды құрметтесін; ол қандай болса да, орындасын (ауд. Б.Н.).

(5582-бәйіт) [12:201]

ikinç tıdmasalar hazine haqı / üdinde tegürse ay elgi aqı [7:554].

Екіншіден, қазынаға төлейтін салықтан бас тартпасын; уақытылы төлесін, әй жомарт адам (ауд. Б.Н.).

(5582-бәйіт) [12:201]

üçünçi yağıka yağı bolsalar / severiŋ kim erse anı sevseler [7:554].

Үшіншіден, дұшпаныңды дұшпан деп білсін; досыңды дос деп танысын (ауд. Б.Н.).

Бірінші міндет халық аузында «Хан жарлығы екі болмайды» деген аталы сөз ретінде сақталғаны жасырын емес. Ал, үшінші міндет Шалкиіз жыраудың Би Темірге айтқан толғауында «Саған дұшпан – маған жау» деп кездеседі. Құтадғу біліктің айтуына қарағанда, Мемлекеттің маңызды істерінде басшыға адал, елге пайдалы, мемлекетке жаны ашитын қайраткер тұлғалар құрметтелген. Сұхбат барысында Бас уәзір әміршіге сондай пайдалы кісілермен ғана араласуға кеңес береді. Билікке қарсы пікір қалыптастырып, елді бүлікке бастайтын, мемлекетке зияны көп кісілерді елден аластату керектігін сөз етеді.

Шығармада мемлекеттің сол кездегі басшысы былай сипатталады: *«мінезі жұмсақ, әділ, шыншыл, тура, білімді, ақылды, парасатты, көзі ашық, көкірегі ояу, кеңпейіл, мәрт, батыр, жауына – қатал»* (405-418 бәйіттерде). Оның мемлекетті әділдікпен басқарғаны айтылады және сол кезеңдегі мамыражай, берекелі, бейбіт уақытты *«бөрі мен қозы қатар жайылған»* деп суреттейді.

Баласағұн – Қарақан мемлекетінің батысындағы, Қашқар – шығысындағы қос ордасы яғни, қос астанасы екені тарихтан белгілі. Ордада хан сарайы орналасқан. Онда ханның тағы үш аяқты және күміспен күптелген деп суреттеледі.



(771-бәйіт) [12:65]

kümüş kürsi urmış öze oldurur / bu kürsi adaqı üç adrı turur [7:94].

Тақ күміспен күптелген; бұл тақтың аяғы үш бөлек тұрады (ауд. Б.Н.).

Хан мемлекетті әр саладағы жауапты қызметкерлері, яғни бектері мен уәзірлері және сарай қызметкерлері арқылы басқарды. Мемлекеттегі жоғары билік лауазымдары рет-ретімен айтылған. Оларды дәрежелеріне қарай еліміздегі қазіргі лауазымдарымен салыстырғанда төмендегідей:

– Еліг (Елбасы, Президент)
– Ұлық Хажып (Бас уәзір, Премьер-министр)
– Уәзірлер (министрлер)
– Беклер (облыс, қала, аудан әкімдері)
– Сүбашы (Әскербасы, Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі)
– Капык башлар ер (Сарай әмірі, Президент Әкімшілігінің жетекшісі)
– Иалвачлар немесе Елшілер (Сыртқы істер министрлігі, елшілер)
– Бітікші, ылымға (Хатшы, жылнамашы, Кеңсе қызметкерлері)
– Ағыжы (Қазынашы, қаржы және экономика министрі).

Бұдан басқа да кіші лауазымдар жетерлік. Бірақ, бұл лауазымдар кімге және қандай сипатына қарап беріледі? Оған ие болған кісілердің мемлекет алдындағы міндеті, құқығы, жауапкершілігі қандай? Оларға жеке-жеке тоқталып көрелік.

Еліг (Елбасы). Еліг пен пен Бас уәзір сұхбат барысында Қағанаттың билеушісі және оның құрамындағы кіші ордалардың (қазіргіше айтқанда облыстар мен аудандардың) басшылары қандай болу керектігі айтылады. Олардың болмысы, мінез-құлқы, сырт келбеті, білімі, қабілеті және оның атқаратын қызметі мен міндеттері баяндалады.

(1981-бәйіт) [12:77]

kılınç edgü erdem kerek miŋ tümen / anın tutsa el kend kötürse tuman [7:216].

Мемлекет және қала басқарып, елді қайғыдан арылту үшін билеушінің мінезі ізгі, қайырымы өте мол болу керек (ауд. Б.Н.).



(2000-бәйіт) [12:77]

közi tok kerek hem uvutluğ tüzün / açuk hem yaruk bolsa kılkın sözün [7:218].

Бек қанағатшыл, ұятты және жүзі жайдары болу керек; сөзі мен мінезі ашық әрі жарқын болсын (ауд. Б.Н.).

Мемлекет құрамындағы кіші ордалардың басшысы жаны таза, қанағатшыл, құдайдан қорқатын, халыққа қайырымы мол, жомарт, білімді, ақылды, іскер, батыр адам болу керек. Оның мемлекет

басшысына адал қызмет етіп, жанашыр болуы айтылады. Елге әділ заң орнату және мемлекет, облыс, қаланы әділ басқару – басшыларға ең басты талап ретінде қойылады.

(2034-бәйіт) [12:79]

el artar törü birle itlür ajun / el eksür bu küç birle buzlur ajun [7:220].

Заңмен мемлекет жанданып, әлем түзеледі; зұлымдықтан мемлекет тозып, әлем бұзылады (ауд. Б.Н.).

Мемлекеттің бүтіндігі, тыныштығы және болашағының баянды болуы екі нәрсеге байланысты. Ол бәйітте былай делінеді.

Бірі – халыққа тиесілі болған заң, бірі – мемлекет қызметкерлеріне үлестірілетін еңбекақы.

Заңның саясында халық қуанышты өмір сүрсін; жалақысын көріп, мемлекет қызметкерлері жадырап жүрсін.

Бұл екі қауым басшыдан бақыт тапса, мемлекет билігі реттеледі, Елбасы да бақыт табады (2133-2135, ауд. Б.Н.).

Бас уәзір. (Премьер-министр) Бас уәзір мемлекет басшысынан кейінгі лауазым және оған ең жақын тұлға екені айтылады. Ол адами ізгі қасиеттерге бай, ең кемел адам болу керек.

Тегі асыл, мінезі көркем, ізгі болса, халыққа пайдалы болып, күні мен айын оңынан туғызса (2437-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Бас уәзірге әуелі мына он нәрсе керек; қырағы көз, сақ құлақ, кең көңіл керек (2487-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Жүзі, киім кіиісі, бойы, тілі, түсінігі, ақылы, білімі, мінезі бұларға түгел тең болу керек (2488-бәйіт, ауд.Б.Н.).

Бойында осы он жақсы қасиет болған кісіні бас уәзір етіп тағайындауға болады деп тұжырым жасайды. Ол халықтың мұң-мұқтажын тыңдасын, зұлымдыққа ұшырап, әділдік сұрағандардың тілегін орындасын және халықтың әл-ауқатын жақсартсын дейді. Жүсіптің айтуынша, Мемлекет басшысының абырой-беделі Бас уәзірге тікелей қатысты. Билеушінің жақсы аты шықса да, жаман аты шықса да, ол – Бас уәзірдің жасаған ісінің нәтижесі. Сол себепті оның жауапкершілігі жоғары.

Заң, қағида және ереже орнату өте қиын; премьер-министр оны орындау арқылы жаңа есіктер мен жолдарды ашады (2490-бәйіт, ауд.Б.Н.).

Бас уәзір қала, облыс басшыларының, уәзірлердің, қазынашының жұмысын қадағалап, сырттан келген елшілерді қабылдап отырады. Оның мемлекет басшысы алдындағы міндеттері былайша баяндалады.

Біріншіден, мемлекет басшысының сөзін берік ұстану керек; екіншіден, жеке пікірі (амбициясы) мен ақылын тізгіндеу керек.

Үшіншіден, мемлекет басшысының алдына кіргенде өзін дұрыс ұстай білсін, артық ауыз сөз айтпасын.

Пара алмасын, жүктелген барлық жұмысты жасасын; мемлекет басшысынан жырақтаған ізгі кісілерді жақындатсын (2504-2506-бәйіттер, ауд.Б.Н.).

Одан кейін премьер-министр жалған сөз сөйлемеуі және дұрыс жолдан тайдыратын теріс мінезді болмауы керек. Ең маңыздысы, ол мемлекетке және мемлекет басына қарсы әрекет етпеу керектігі баса айтылады. Бұл мәселеде ертедегі түрік қағандарының тәжірибесін мысалға келтіре отырып, мемлекеттің тұтастығын сақтауға көңіл бөледі.

Сарай әмірішісі. (Президент әкімшілігі жетекшісі). Мемлекет басшысы отырған сарайдың әміршісі туралы айтылады. Оның болмысы, ақылы, білімі, мінезі, қабілеті мен сыртқы келбетінен бастап, мемлекет алдындағы атқаратын міндеті, билік құзыреті және халық алдындағы хақысы баяндалады.

Сарай әмірі мемлекет басына жаны ашитын, бауырмал және жан-тәнімен адал қызмет ететін болу керек (2529-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Бірі – азат рухты Бас уәзі; бірі – іскер, пайдалы сарай әміршісі.

Бұл екі кісімен хан сарайының ісі реттеледі және мемлекет басшысы ұлықталып, аты әлемге жайылады (2555-2556 бәйіттер, ауд. Б.Н.).

«Құтадғу білікте» айтылғандай, хан сарайында қызмет ететін әртүрлі лауазым иелері жетерлік. Айталық, ханның сөзін жазушы хатшы-жылнамашы, мөр басушы, туға жауапты тұлға, ханның жеке күзеті, оның ішінде садақшы, найзагер, құсшы деген секілді лауазымдар. Одан бөлек, ханның аспазы, ыдысшы мен төсек салушысы да бар. Сарай әмірі бұлардың барлығының жағдайын біліп, берілген тапсырмасы бойынша қадағалап, олардың қызмет ақысын төлеумен қатар, жақсы мәміледе болуы

керек. Осы мәліметтерге қарап Қарахан мемлекеті тұсында сарай қызметі едәуір жетілген деуге болады.

Уәзірлер (Министрлер). Қазақ халық ауыз әдебиетінде ханның қырық уәзірі болғаны туралы деректер көптеп кездеседі. Олар ханның халық арасынан шыққан ақылшы, кеңесшілері әрі әр рудың көсемі, рубасылар екені даусыз. Құтадғу білікте осы уәзірлердің (қазіргше министрлердің) сипатын айтады. «Уәзір – бектің қолы» дейді, сондықтан, ол текті, өнегелі отбасыдан шыққан тәрбиелі, қанағатшыл, арлы, ұятты, құдайдан қорқатын, әділ, ханға жанашыр, адал болуы керек. Ақылдылығымен қатар, оқу-жазу мен есепке жүйрік терең білімді болу керек.

Бұл жақсы қасиеттер мен білім кімде болса, мемлекет басшысы уәзірлікті оған беруіне болады.

Бұл секілді кісі бекке уәзір болса, бекпен бірге халық нағыз бақытқа қауышады.

Мемлекет басшысының ісі қалағанындай түгел болады, мемлекет дамиды және халық байиды.

Уәзір мемлекетке пайдасыз, жауыз болса, ол мемлекеттің халқы және кедейі мен байы да бұзылады (2238-2241-бәйіттер, ауд. Б.Н.).

Уәзір ашкөз, тойымсыз, мейірімсіз, сараң, ашушаң, сабырсыз, ұйқышыл, ақылы таяз, білімсіз надан болмауы керек. Сабырсыздық пен қырсық мінезден де алыс болуы тиіс.

Әскербасы. Билеуші мен Бас уәзірдің сұхбаты барысында көне түрік халықтарының соғыс өнері мен айла-тәсілдері баяндалып, әскербасының сипаттары айтылады. Ол кәсіби тұрғыдан соғыс өнерін жетік меңгерген, тәжірибелі, ержүрек батыр болу керек. Болмысы қарапайым, тәкәппар емес, жомарт, дастарханы кең болып, әскеріне көптеп мал-дүние үлестірсін дейді.

Жегізсе, ішкізсе, киім кидірсе; олжадан оларға ат, ер-тоқым, (күң және құл ретінде) ұл, қыз тарту етсін (2280-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Мемлекет басшысының намысы үшін әскербасы намысты болу керек; өшін алмайынша жауымен қарсыласады (2290-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Жараланғандар бар болса, оларды емдет; тұтқынға түскендер болса, барып құтқар (2402-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Егер өлгендер болса, арулап жерле; артында қалған ұл-қызы бар болса, оларға қақысын бер (2403-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Жоғарыда келтірілген бәйіттерде әскербасының бойындағы адамгершілік қасиеттері айтылған. Ол өз әскерінің барлық жағдайын жасап, олжадан үлестіреді. Жараланғанын емдеп, дүниеден өткен сарбаздың отбасына қамқор болады. Тұтқынға түскен жаулардың өзіне тамақ беріп, жылы қарайды.

Елшілер. Өзге елдерге барып, мемлекетаралық мәселелерді реттеуші елшілердің қызметі өте маңызды саналған. Кітапта елшінің тұлғалық болмысынан бастап, ақылы, білімі, қабілеті, мінезі және мемлекет үшін атқаратын міндеттері сөз болады.

Елшілікке халық арасындағы таңдаулы, білімді, ақылды, таза және батыр кісі керек (2597-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Елшінің ішімдіктен, ашкөздіктен, нәпсіқұмарлықтан алыс, таза жүректі, қанағатшыл, сабырлы болуы басты міндет ретінде қойылады. Білімі жағынан көп кітап оқыған, есепке жүйрік, бірнеше тіл білетін, медицина, астрономия және геометрия ғылымдарын меңгерген болу керек. Мемлекетаралық мәселені шешу үшін сөз астарын түсінетін, тапқыр, шешен тілді болуы маңызды. Елшілермен сұхбаттасу үшін шахмат пен нард ойнай білуі қажет. Сапарда көп жүретін болғасын найзагер, садақшы мерген әрі құсбегі болу керек. Бұл қабілеттері жолаушылап шыққанда қауіп-қатерден қорғануға және аң аулап жеуге пайдасын тигізеді.

Елші зерек, білімді және ықтиятты болса, барлық жерде жақсы қарсы алады және мемлекет басшысы үшін пайдалы болады.

Елші жауыз, ешкімге бағынбай босқа жүрген болса, күмәнсіз мемлекет басшысының қадірін кетіреді (2638-2639 бәйіттер, ауд. Б.Н.).

Елшінің ішімдікке әуес болмау керектігі ерекше айтылады. Арақ ішкен кісі ханның сырын ашып, мемлекеттің құпиясын жайып салуы мүмкін дейді.

Хатшы. Ертеде көптеген мемлекет басылары жанына хатшы, жылнамашылар ұстаған. «Құтадғу білікте» олардың лауазымы «бітікші», «ылымға» деп аталады. Хатшы, жылнамашы ретінде сырға берік, шыншыл, ханға адал, жанашыр кісіні таңдау керек дейді. Өйткені, ол мемлекеттің, ханның сырын білетін адам.

Бұл сырды сақтау үшін ол шыншыл болу керек; дінге берік, иманы кәміл болу керек (2676-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Сырды сақтай алмай, өзгелерге айтса, әсіресе өзге елдің билеушілеріне айтса, оның жазасы ауыр. Кітапта сол туралы айтыла келе ежелгі түрік қағанаттары кезіндегі Өтүкен бегінің сөзін мысалға алады.

Әй, бектердің сеніміне кірген адам, сырды (мемлекеттік құпияны) берік сақта; сырды сақтамасаң, дереу басың кетеді (2683-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Хатшы ділмар, шешен, сөзге жүйрік кісі болу керек. Олар мемлекеттің жылнамасын, хандардың өмірбаянын және халықтың тарихын жазады.

Қазынашы. Хатшыдан кейін Құтадғу білікте қазынашы туралы бөлім келеді. Оны қазіргі экономика және қаржы министрліктерінің қызметін атқарған лауазым деуге болады. Жүсіптің айтуынша, «қазынашы ақылды, әділ, ізгі, ханға, мемлекетке адал, жанашыр, ұяты бар, ісіне жауапты, тиянақты, мемлекет қаржысына ұқыпты, тіпті аздап сараңдау адам болу керек». Қаржыны басқару үшін жастайынан молшылықта өскен, ақшаға құмартпайтын, құдайдан қорқатын, сауданың қыр-сырын меңгерген, тауарлардың арзан-қымбатын, құнды-құнсызын айыра білетін, кісімен жақсы тіл табысатын және қаржы саласынан білгір маман болуын талап етеді.

Есепші барлық кіріс пен шығысты жазу керек; және барлық мәлімет жазылып сақталу керек.

Жыл, ай және күні жазылып, уақыты белгілі болсын; саны, айырмасы ашық әрі белгілі болады (2774-2775 бәйіттер, ауд. Б.Н.).

Қазынашы мемлекет басшысына жақын, сарайда жүреді. Ол сарайда өзін дұрыс ұстай білу керек дейді.

Аспаз бен ыдысшы. Сарайда қызмет ететін ханның аспазы мен ыдысқа жауапты кісілер бар. Олардың ақылды, білімді, сыпайы, ұятты, қанағатшыл, өтірік айтпайтын, әділ болу керектігі айтылады. Ханға, мемлекетке адал қызмет етуі, мемлекет басының қауіпсіздігіне мұқият болуы керек. Сарайға кірген әрбір тағамды мұқият тексеріп, күмәнді және жарамсыздарын құртуы тиіс. Көптеген хандардың ажалы уланған астан келгенін айта келе, аспаз бен ыдысшының жауапкершілігі жоғары екеніне тоқталады.

Билеуші мен Бас уәзір арасында мұнан кейін мемлекет басшысының мойнындағы қызметкерлерінің хақысы қандай болатыны сөз етіледі. Олардың бірінші кезекте ішіп-жейтін асын беріп, жағдайы жақсаруына мүмкіндік жаса дейді. Олар ыстық-суыққа шыдап, жан-тәнімен қызмет етіп, мемлекет үшін өзін пида қылады. Оның хақысын беру – билеушінің міндеті.

Қайырымдылық пен тамағын қызметіне қарай әділ бер; жалаңаш болса киіндір, аш болса тойдыр (2982-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Құтадғу біліктен бұрын жазылған Күлтегін жазба ескерткішінде Қағанның: «аз халықты көп қылдым, аш халықты тойдырдым» деген сөзі бар. Ал, кейін жазылған Қоқыт Ата жырында ханның «ашты тойдырып, жалаңашты киіндіріп, қарызға батқанды қарызынан құтқарғаны» жазылған. Бұл ортақ идея ертеден түрік халықтарының ел басқарудағы негізгі ұстанымы екені даусыз. Сондықтан, Құтадғу білікте елді қылышпен емес, біліммен, парасатпен басқаруды, халықтың жүрегін мол қазына таратып, қайырымдылықпен, ізгілікпен жаулауды айтады. Бұған дәлел ретінде Құтадғу білікте мемлекет басының мынадай сөзі бар:

Енді тілегім мынау: маған келген адам байыса, менің саямда беделі артса.

Бектердің қуанышы – ертеңінің пайдасы; нәтижесінде жақсы атым қалып, маған дұға жасағаны жеткілікті (3019-3020 бәйіттер, ауд. Б.Н.).

Осындай сұхбаттардан кейін елге әділ заң орнатылып, халыққа мал-дүние таратылғаны айтылады. мемлекет басшысы одан соң Бас уәзіріне елді аралатып, халықтың жағдайы қандай екенін біліп отырады. Әсіресе, билік лауазымына ие болған қызметкерлер өз ісіне лайықты немесе лайықсыз екенін қадағалатады. Нәтижесінде, ел билеуде мемлекет басшысына көмекшілердің пайдасы көптігі айтылады.

Мемлекет басшысы жалғыз өзі қанша күш жұмсағанмен, көмекші бомаса, ұзақ уақыт билік жүргізе алмас (3123-бәйіт, ауд. Б.Н.).

Халықтың жағдайы жақсарғасын мемлекет басшысы ел үшін еңбек ететін адал, кәсіби білікті қызметкерлердің көп болғанын қалайды. Бас уәзірге тапсырма беріп, ақылды, білімді, қабілетті, мінезі дұрыс және адал қызметкерлер іздетеді. Одан кейінгі бәйіттерде мемлекет қызметкерінің этикасы, мемлекетке қызмет етудің қыр-сыры және билік өкілі ретінде халықпен байланысудың маңызы айтылады.

(416-бәйіт) [12:22]

ukuşlug kim erse oqıttı anı; biliglig kim erse bedütti anı [7:56]

Кім ақылды болса, оны шақырды; кім білімді болса, оны жоғарылатты (ауд. Б.Н.).

Көшпелі өмір сүрген көне түрік халықтарында тапқа бөліну үрдісі болмаған. Қол бастаған батыр да, төрелік айтқан би де, елге ақыл айтқан данышпан мен ханның кеңесшілері, сарай қызметкерлері де қарапайым халық арасынан шығып отырған. Рулық қауымның нәтижесінде әр рудың бетке ұстар беделді тұлғалары ханның жанынан орын алған. Яғни, халық пен оны басқарушы билік өкілдерінің арасында таптық бөлінушілік емес, адамгершілікке, ізгілікке, бауырмалдыққа, ынтымақ, бірлікке негізделген қарым-қатынас бар. Айталық, төмендегі бәйітте ел арасынан шыққан лайықты кісілерге берілген лауазымдар туралы айтылады.

(4069-бәйіт) [15:239]

qayu yavğu yuğruş bolur il begi / qayu atı teŋsiz bolur er ögi [7:410].

Қайбірі Иабғу, Иүгрүш, Ел Бегі; қайбірі лауазымы теңдессіз Ер Өгі болады (ауд. Б.Н.).

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты сөздігінде бұл лауазымдардың әрбіріне жеке-жеке анықтама берілген. Олардың ішіндегі ең үлкен лауазым иүгрүш (**yugruş)** деп аталады.

«*Түріктерде қара халықтан шығып, уәзірлік дәрежеге көтерілген кісі. Парсы және басқа да қауымдар қанша үлкен, қанша көп әрі қанша күшті болса да бұл мәртебені ала алмайды. Бұл лауазым Қағаннан бір дәреже төмен. Оған жібектен бір отау беріледі. Ол жаңбыр, қар және ыстықта құрылады*» [11:366]. Сөздікте бұдан басқа Қағаннан үш дәреже төмен лауазымды түгсин (**tügsi.n)** [11:189] деп атағаны туралы дерек бар. Сонымен қатар, халық арасындағы көпті көрген, дана қариялар билік өкілдері үшін ықпалды, қадірлі болған. Оларға өге (**öge)** [11:44], өге тігіт (**öge tigit)** [11:152] деген лауазымдар берілген. Олар (**Tigi.n**-нен) ханның ел билеуші ұлдарынан бір дәреже төмен.

Құтадғу білікте мемлекет ісіне, сарай қызметіне кейбір кісілер жас кезінде, енді бірі жасы ұлғайғанда араласады деп, екеуінің айырмасын айтады. Олардың ішіндегі жастардың мемлекет қызметіне келуіне ерекше мән береді.



(4037-бәйіт) [12:147]

tapuğqa açayın tise er kapuğ; kiçig oğlan erken qılınğu tapuğ [7:407].

Мемлекеттік қызмет қақпасын ашқысы келген адам, жас кезінен бастап, мемлекетке қызмет қылсын (ауд. Б.Н.).

Мемлекет қызметіне араласып, әртүрлі дәрежедегі лауазымға қол жеткізген кісілерге ел бірлігі үшін қызмет етуді міндеттейді. Билікке таласып, елді бүлікке бастауға немесе билікке қарсы бүлікті іске араласуына қатаң тиым салады. Лауазымы қанша жоғарыласа да, қызметкер өз орнын біліп, өзін жоғарылатқан басшыға ешқашан қарсы келмеуі керек. Жүсіптің жырлауынша, мемлекеттің тұтастығы, тыныштығы, дамуы және болашағы ынтыма-бірлікке байланысты. Билікке талас болған жерде халық жапа шегеді және мемлекет жойылады дейді.

Билік өкілінің халықпен қарым-қатынасы. Хан әулетінен немесе халық арасынан шықса да, мемлекет ісі тапсырылып, қолына билік берілген әрбір тұлғаға халықпен, оның ішіндегі әртүрлі саланың адамдарымен қалай қарым-қатынас жасау керегі Құтадғу білікте егжей-тегжейлі баяндалады. Сондай-ақ, мемлекет басы мен халықтың ұстанымдарды көрсетіледі. Бұдан мемлекеттік басқарудың жетілгенін көруге болады. Әуелі қарапайым халық ішіндегі мінезі тұрпайы, білімсіз, төбелеске бейім адамдармен қарым-қатынас сөз етіледі. Ол «қара», «ғам» және «будун» деп аталады. Қанша жерден мәдениеті төмен болса да, оларға жылы қара, ішіп-жеуіне тамақ бер. Алайда, ашылып сөйлеспе дейді. Сонымен қатар, қоғамның ең маңызды адамдарының бірі деп білгір, ғалымдарды атайды. Олар халықтың сауатын ашып, білім береді.



(4048-бәйіт) [12:157]

yoq erse ajunda bu alim bügü; tikip önmegey erdi yirde yigü [7:437].

Әлемде бұл ғалымдар мен білімділер жоқ болса, егілген нәрселер болса да, жерден жейтін ештеңе өнбейді (ауд. Б.Н.).

Бәйітте сондықтан, білімділер мен ғалымдарды құрметте, қажетін өте, олаға ізгілік жаса деп кеңес береді. Өйткені, білімділер мен ғалымдар елді адастырмай тура жолға салатын, елдің

шамшырағы дейді. Ғалымдардан соң дәрігерлер туралы баяндалады. Олар халықты түрлі аурудан арнайы шөптен жасалған дәрілермен емдейді, олардың қоғамдағы құқығын қорғауды міндеттейді. Онымен қоса, ауруларды дұғамен дем салып емдеушілермен де дұрыс байланыста болуды сөз етеді. Мұнан соң түс жорушылар және астрономдармен де көркем мәміледе болуды тапсырады. Жүсіп Баласағұн билік өкілдеріне ақындармен қарым-қатынасқа ерекше мән бер дейді. Өйткені, олардың ауызынан шыққан бір ауыз сөз лезде бүкіл елге жайылады. Олардың сын сөзіне ұшырамауды ескертеді. Сонымен қатар, қоғамның еңбекші топтары: егіншілер, саудагерлер, малшылар және қолөнер шеберлерімен қарым-қатынасқа айрықша көңіл бөлуді айтады. Олардың ақ адал еңбегімен дайындаған тамақ өнімдерінің арқасында қаншама халық өмір сүріп жатыр. Олармен жақсы қарым-қатынаста болуды айтады.

Құтадғу білікте көтерілген осы мәліметтерді саралай келе, оны саяси билікке қатысты кітап деуге толық негіз бар. Жүсіп Балағасұн «құт-берекеге кенелген билік қандай болады?» деген сұраққа жауап береді. Кітаптың атауы сөзбе-сөз аударғанда «Құтты қылушы білім» екені даусыз. Алайда, мұндағы «құт» сөзі саяси билік ұғымын беретінін ескерсек, нақты атауы «Саяси билік білімі» болады. Оны қазақша қысқа-нұсқа «Құтты билік» деп атаған дұрыс.

«Құтадғу білік» секілді саяси еңбек ретінде Никколо Макиавеллидің «Il Principe» және Низамүл Мүлктің «Саясатнама» кітаптарын жоғарыда атадық. Бәрі де мемлекет басқару тақырыбын арқау еткен туынды. Айталық, Макиавеллидің еңбегі 26 бөлім, оның алғашқы бөлімінде «биліктің қанша түрі бар және оған қалай қол жеткізеді?» деген мәселе көтерілген. Онда атадан балаға мирас боп келе жатқан патшалық пен жаңа құрылған мемлекеттердің айырмашылығын түсіндіреді [16:3-5]. Ал, «Саясатнама» 51 бөлімнен тұрады. Онда билік Алланың берген сыйы екенін айта отырып, мемлекетті әділ басқару керектігін сөз етеді [17].

Осыдан он ғасырдай бұрын жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» еңбегі елімізде мемлекеттік басқаруды жетілдіруде, кадр дайындауда, идеология жұмыстарында таптырмас қазына. Ол әдеби көркем шығарма ғана емес, мәңгілік ел болу үшін мемлекетті ізгілікпен басқару тақырыбын көтерген құнды жәдігер. Ең маңыздысы, Елбасымыз жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мәселесі аясында халқымыздың рухын оятып, санасын жаңғыртуда маңызы зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің тамыры тереңде жатқанын көрсететін тарихи факт.

Пайдаланған әдебиеттер

1. https://www.britannica.com/art/mirror-for-princes

2. Jaubert A. Notice d'un manuscrit turc en caractères ouigoures envoyè par M. de Hammer a M. Abel Rèmuzat. Journal Asiatique, №46. Paris, 3 Janvier 1825.

3. Vambery H. Üigürische Sprachmonümente und das Kudatku Bilik. İnnsbruck, 1870

4. Radloff W. Das Kudatku Bilik des Jusuf Chass-Hadschib aus Bälasagun. Petersburg, 1891

5. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание». Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. Баспаға әзірлеген С.Н. Иванов. Москва, «Наука», 1983.

6. Бартольд В.В. Сочинения, Том V. Москва, «Наука», 1968.

7. R. R. Arat. Kutadgu Bilig. I metin. Türk Dil Kurumu, Ankara, 1979.

8. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. Türk Dil Kurumu, Ankara, 2016.

9. Радлов В.В. Опыть словаря тюркских наречий. Том 4. Санкпетербург, 1911. Немесе электронды адресі: www.books.e-heritage.ru/book/10075960 (886-887 беттер).

10. Divanu Lugati't-Türk. Kaşgarlı Mahmud. Facsimile. Ankara. Kültür Bakanlığı, 1990.

11. Ahmet B. Ercilasun, Ziyat Akkoyunlu. Divanu Lugati't-Türk: Giriş-metin-çevri-notlar-dizin. Kaşgarlı Mahmud. Ankara, Türk Dil Kurumu, 2015.

12. Kutadgu Bilig. Yusuf Has Hacib. Faksimile. Fergana nüshası. Ankara: Türk Dil Kurumu, 2015.

13. Sadri Maksudi Arsal. Türk Tarihi ve Hukuk. İstanbul. İsmail Akgün, 1947.

14. Kafesoğlu İbrahim. Türk Millî Kültürü. İstanbul. Boğaziçi yayınları, 1983.

15. Kutadgu Bilig. Yusuf Has Hacib. Faksimile. Kahire nüshası. Ankara: Türk Dil Kurumu, 2015.

16. Siyasetname. Nizamü'l-Mülk. Парсышадан түрікшеге аударған: Мехмет Таха Ауар. İstanbul. Türkiye İş Bankası yayınları, 2017.

17. Hükümdar. Niccolo Machiavelli. Италиян тілінен түрікшеге аударған: Неждет Адабаг. İstanbul. Türkiye İş Bankası yayınları, 2017.

Мәдібаева Қ.Қ.,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Қожекеева Б.Ш.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Алматы,
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымд.профессор, *Bekzada61@mail.ru*

Сейсенбиева Э.С.
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Алматы,
Гуманитарлық ғылымдар магистрі., аға оқытушы, elka@*inbox.ru*

XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДАРА АҚЫНДЫҚ: ОРТАҚ ҮЛГІЛЕР

Түйін. *Мақалада XIX ғасыр ақындарына ортақ үлгілер зерттеледі. Ақан Сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Шөже, Қашаған мен Шернияз ақын шығармаларының ортақ сарынына талдау жасалып, салыстырыла қарастырылады. Сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігінің айқын түскен шындығы, күн көріс қамы,ел, ағайын, жұрттың қашаннан көмек қолын созуға дайын тұратын дәстүр, дағдысының ақындар шығармашылығында көрінуі сөз етіледі.*

Резюме. *В статье рассматриваются общие примеры поэтов XIX века. Анализируются и сравниваются направления произведений поэтов, как Акан Сери, Жаяу Муса, Балуан Шолак, Шоже, Кашаган и Шернияз. Рассказывается о том, что в произведениях вышеперечисленных акынов можно заметить о реальности бытовой жизни, об условиях жизни в те времена и о том, что родственники всегда готовы помочь в сложные периоды.*

Summary. *The article examines general examples of 19th-century poets. There also were analyzed and compared the directions of works of poets, like Akan Seri, Zhaiau Musa, Baluan Sholak, Shoze, Kashagan and Sherniyaz. It is told that in the works of the above akyns one can notice the reality of everyday life, the conditions of life in those days and the fact that relatives are always ready to help in difficult periods.*

Қазақ әдебиеті тарихында жасаған шығармашылық дара тұлғалардың бірі - Ақан Сері әншілік өнерпаздығының үстіне үлкен лирик ақын. Оның XX ғасыр басында баспа жүзін көрген “Мылтық пен мергеншілік” өлеңі аң аңдыған аңшының құмарлығы, сақ қимыл, астарлы әрекетінің аясында шынайы сурет, қимыл-қозғалыс сәттің бар қалтарысы қамтылып түскен туынды.

Мылтық шаңқ еткенде жерді жарып,
Көздеген көп жеріне тисе барып,
Асығып жан-жағына қарап мерген,
Мақтанып бауыздайды қоразданып.

Ақан “Адамның біліміне ақыл серік” дейді, үйде құр отырма, талап қыл, ойыңды жұмса, тұрмысыңды түзе дейді.

Сал-сері – халық сүйген өнерпаз,елдің қадірлі, керек адамы болды. Олардың бір бойында ақыл-парасат та, күш-қайрат та, әдемілік, тектілік те, саусағы майысқан шеберлік те, қалт еткенді қағып түсерептілік-мергендік те жетіп артылатын.

Сал-серілердің сырт бітімі, болмыс табиғаты өз өлеңдерінде көп ашылған әйгілі *Жаяу Мұса* “Ақ сисада”:

– *Мен айтсам, параңды айттым тілім ұзын*
Кигенім үстімдегі бәрі қызыл, – дейді.
Балуан Шолақ:
Шын атым – Нұрмұхамет – Балуан шолақ,
Бойымда толып жатыр күшпенен бақ,
Сұлу қыз, келіншекке тиышсыздаумын –
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ.
деп шырқайды.
Иманжүсіп:
Екі жағы дарияның қалың шұбар,
Көк мойынға үкілеп тақтым тұмар.
Бір түстеніп аттанған аулымның
Қыздары болушы еді маған құмар.
– Ішім өлген, дүние-ай құр сыртым сау,

Маған десең төбемнен жаңбыр боп жау.
Бүркіт ұстап басыңа шығар ма едім,
Көзіме бір көрінші, Ерейментау! –
деп мұң мен сағынышын жаяды.

Сал-серілер – XIX ғасырда қазақ даласының әр аймағында өзіндік ән мектебін қалыптастырған, ғасырдан ғасырға кетер дәстүр жасаған халық мәдениетінің біртуар саңлақтары. Ән өлең авторлық ауызша әдебиеттегі жасампаз жанрдың бірі есебінде әдебиет тарихында қалды.

Кемпірбаймен, Балтамен, Шортанбаймен, Орынбаймен, т.б. ақындармен айтысқа түсіп, жеңген Шөже Қаржаубайұлы айтыстарының көпшілігі негізінен ру жыртысын жырта сөйлеген тұстарда қызып кетіп, бар жалынымен шалқиды. Арғы төркіні қырғыз деп көп тиіскен айтыскерлерден Шөже өзінің Хақтың сөзін сөйлеуімен өзгешеленіп, ерекшеленіп отырған.

Тезекбаймен айтысында Шөже өзіне жаратқанның көз бермесе де, сөз бергеніне тәуба қылып сөйлейді. Бұзып-жарып өктем айтып, асқақтамайды. Момын кейпімен-ақ талай азулыны ауыздықтайды. Алып шығады.

Мағлұм болған үш жүзге менің жайым,
Көзімді алып, сөз берер бір құдайым.

Шөже ұстанған бір қасиет – қанағат. Шөженің айтыс өлеңдерінде дүние болмыс, ел іші, ел тарихы, жақсы-жаманның жайы қозғалып отырады. Осыны айту арқылы ақын өзінің де жан сырын, жаратылыс болмысын аша түседі. Оның өлеңінің өзіндік табиғат, ақындық мінезін айқын тануға болады. Шөже бетің бар, жүзің бар демей, қатты айтатын, жеріне жеткізіп, өткізіп айтатын айтыс ақындары салтын берік ұстанады. Әрине, ақынның жеке бас дарыны бұл мәнде басты орында тұр. Қаншама өтімді айтпақ болғанымен, аузына сөз түспей, айналсоқтап отырып алатын айтыскерлер болады. Шөже - суырыпсалма айтыс жанрының шашасына шаң жұқпаған шын дүлдүлі. Ол туралы С.Қазыбайұлы: «Шөже күшті эпик ақын болды. Әсіресе, ол жырлаған «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жыры осы халық мұрасының ең көркем үлгісі болып бағаланады» дейді [1, 143-149 бб]

Шөже ел ішінен нәпақа іздеп жүрген әріптесіне өмірдің ащы ақиқатын бетіне баса сөйлеп, қу жоқшылық қуалап жүрген әлеуметтік қорғансыз ақындықтың ащы зар, ауыр жарақатын қозғап сөйлейді.

Тезекбаймен айтысында, оның саудамен айналыспақ болып, қарызға батқан жайын жасырмайды. Бұл айтыста сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігінің айқын түскен шындығы бар. Күн көріс қамы. Ел, ағайын, жұрттың қашаннан көмек қолын созуға дайын тұратын дәстүр, дағдысы сезіледі, көрінеді.

«Тәңірім өнер берді таңдайыма», «Құдайым көзімді алып, сөзін берді» деп, үнемі жаратылыстың асқан сыйына тәуба етіп отырады Шөже ақын.

Шөженің Жәмішбаймен айтысқанда да ру таласы, ел аралық бәсеке арқауы айқын. Шөже Жәмішбайдың өнерін қомсынбаған сияқты. Өзінен жасы кіші Жәмішбайды баласынып, қағыта сөйлеп отырып, ақынның өресін салмақтайды, сөз қуатын тексереді. Қазақ әдебиетінің тарихында ханға қасқайып сөз айтқан, мінін де көрсетіп, тезге де салып, абыройын асыра отырып та сөйленген сөз үлгілері аз емес. Алайда, Жанақ пен Шернияздың арнаулары мен Сүйінбайдың Тезек төреге арнауындай өткір мазаққа құрылған арнау жоқ деуге болады. Сүйінбайдың арнауы жайлы, ақындығы жайлы, оның әлеуметтік бояюы қою батыл сөзі жайлы айтқанда да оның Жанақ ақынның Рүстем төреге, Шернияздың Баймағамбет сұлтанға сөйлеуіндей ел мұңын қозғап сөйлеуі, өлеңдегі алма-кезек ауысқан ақ пен қара желілер аталып отырады.

“Сүйінбай да Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтқаны сияқты Тезекті мақтап, жамандап және оның қызы мен әйелі туралы өте ұқсас өлеңдер айтады” [2,251 б]

Осы тұста аталған үш арнаудың әуелгі үлгісін Жанақ ақын салған болар деген ой қылаң береді. Жанақтың өмір сүрген дәуірі бұл ойымызды бекіте түсетіндей.

Шернияздың “Баймағамбет сұлтанға айтқаны” арнау өлеңінің бірнеше нұсқасы сақталып жеткен [3,92 б]

Шернияздың арнауы да сұлтанға ел ұстаған ханзаданың ұрпағы деп көтермелей сөйлеп сәлем беруден басталады. Өзінің күйі кеткен қалпын жеткізіп, басымды алсаң да мақұлмын дегендей момақан сөйлейді. Шапанын жапқан Байекеге “Қайтып алам дегенің не, онда кимей-ақ қойдым” деп қыр көрсете, мінез білдіре ішке кіреді.

Баймағамбет “Мені жамандап сөйле” дегенде Шернияз:

“Шыдамай шерің қозғап шынын айтса,
Қылышпен алтын сапты басты аларсың”, –

деп қауіп ете сөйлейді де, іле-шала тілінің уын төгіп-төгіп жібереді. Жанақтың Рүстемге айтқан елдің басшысы азып, басына күн туған замандағы күйімен сабақтастыра сөйлеуіне Шернияз аса

үндес. Заманы бір екі жыр жүйрігі жарыса сөйлегендей көрінуінің қалың қатпары, тарихи негізі жаттың қолтығында қалған қазақ дейтін ғаріп жұрттың мұңы мен зары болатын.

Жанақ шынайы ер туса елге тыныс боларын, Рүстем туғалы елінен ырыс шайқалғанын айтады. Төре тұқымы азып, тұқыл болды, болат ағып бұл күнде мырыш Айрықша шебер, шешен тіл қолданысымен, тіршіліктің сан алуан құбылыстарына батыл бойлаған ұтқырлығымен, замана күйін барлаған әлеуметшілдік бағыттарымен қазақ әдебиетінің тарихында қалған дара дарынның бірі - Қашаған Күржіманұлы.

Ақын арнау өлеңдер шығарған, айтыс сөзде де өнер ұштаған, жыршылық дәстүрді дамытқан, өз жанынан дастандар шығарған. Кейбір толғаулары алғаш «Әдебиет майданы» журналында жарияланған [4].

Қашаған ақындығындағы қайталанбас дара сипаттар шығармаларының тілдік қолданысында, сөз табу, сөз таңдау, сөз айшықтау тәсілдерінде; шығарма құрылымындағы шебер қисындарда; ел тарихына деген айрықша ықылас-ынтасында.

Қашаған ақын тілге ұста, шебер, шешен. Тауып айтады. Таңдап сөйлейді. Сөз айшықтау тәсілдерінде дәстүр «бұзып» қайталанбас, өзіндік қолданыстар туғызады. Ақын сөзбен сурет салып отырады. Дүниепайым өрісі шалқар ақын сырт әшекейге жоқ. Дөп басып, нақты жеткізеді.

Қашаған Күржіманұлы өзі өмір сүрген дәуірдің ауыр, ащы шындықтарын қамтып отырып толғаған туындылары қоспасыз, жатық өмір суреттерімен өрілген. Ақынның біршама өлеңдері мал дегенде жанын беретін, сол малдың қызығын өзі де, өзге де көрмей салпақтап, күйген көже ішіп күн кешетін сараң, қарау байлардың образын ашқан.

«Оразалы байға айтқаны» өлеңінде сараңдық қанмен біткен жанның күйкі, күйбең тірлігіне ақын ашынып мін айтады. Оразалы деген бай – аты бай, дүниеден кенде емес. Бірақ заты жарлы. Шықбермес Шығайбаймен, Қарабаймен туыс тип. Ақын сараңдық дертін бір-екі деталь, азғана сипаттау сөзбен тамырын басып, тауып алады.

Әдебиеттер:

1.Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. «А-Полиграфия» ЖШС Ақтөбе, 2004.

2.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы : Санат, 2006. - 904 б

3. Жеті ғасыр жырлайды. 2 томдық. Т.1. Шернияз Жарылғасұлы. Өмірі мен шығармасы // / Құраст. Е.Дүйсенбайұлы. Алматы: Жазушы, 2008.-190 б.

4. Әдебиет майданы // 1935, №5

Джолдасбекова Б.У.
Чл.-корр. НАН РК, д.ф.н., профессор

Кайырбек М.Н.
магистрант 2 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби,
kaiyrbekmeruert@gmail.com

ПЕЙЗАЖ И ЕГО ФУНКЦИИ В ПОВЕСТИ И.П. ШУХОВА «КОЛОКОЛ»

Түйін. *Мақала И.П. Шуховтың «Колокол» повестіндегі пейзаждың эстетикалық қызметіне арналады. Жазушының повестіндегі сипаттау табиғаты, пейзаждың түрлері және олардың қызметі қарастырылады.*
Түйін сөздер: *Қазақстандағы орыс әдебиеті, пейзаж, пейзаждың қызметтері, көркем проза*
Резюме.*Статья посвящена эстетическим функциям пейзажа в повести И.П. Шухова «Колокол». В работе рассматриваются система природоописания, типы пейзажа и их функции в повести писателя.*
Ключевые слова: русская литература Казахстана, пейзаж, пейзажные функции, художественная проза.
Қазақ паремиологиясында «Әйел» және «Еркек» концептерінің тілдік сипаттамасы «ұл-қыз», «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «қалыңдық» - «күйеу жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек» - «ер азамат», «қатын» - «бай» т.б. әлеуметтік-статустық рөлдердің өзара байланысын бейнелейтін әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-салт-дәстүрлік, әлеуметтік-психологиялық мазмұндағы көпдеңгейлі микрофреймдік тармақтар тұтастығынан қарастырылған. Еркек бейнесін этникалық санада қалыптасқан «еркектік белгілермен», ал әйел бейнесін «әйелдік белгілермен» кескіндейтін микрофреймдік тармақтар аралық байланыстың нәтижесінде ұлт мәдениеті «елегінен» өткізілген тілдегі «Адам» бейнесі сомдалған.

Кілт сөздер: *паремиология, мақал-мәтелдер, фрейм, концепт, концептуальдық жүйе, микрофреймдік қатынас, сөздің тура және ауыспалы мағынасы т.б.*

Резюме: *В данной статье рассматривается вопрос изучения двух самостоятельных концептов «Женщина» и «Мужчина», входящих в бинарную пару в общей паремиологической картине мира, которые составляют гендерное описание макросистемы «Человек» как составной части триады «Человек-Общество-Природа». Языковое описание концептов «Женщина» и «Мужчина» в казахской паремиологической системе проявляется в многоуровневых микрофреймых единствах с социально-бытовым, социально-культурным, социально-психологическим содержанием, отражающих взаимосвязь социально-статусных ролей, как «мальчик-девочка», «отец-мать», «бабушка-дедушка», «девушка-юноша», «невеста-жених», «невеста-муж», «невеста-мужчина», «жена-муж» и др.*

В результате взаимосвязи микрофреймовых частиц образ мужчины формируется в этическом сознании посредством «мужских признаков», а образ женщины посредством «женских признаков», что позволяет создать образ «Человек» в духе национальной культуры.

Ключевые слова: *паремиология, пословицы-поговорки, фрейм, концепт, концептульная система, микрофреймовая взаимосвязь, прямое и косвеное значение слов и р.*

Summary: *In this article the question of studying of two independent concepts "Woman" and "Man" entering binary couple in the overall paremiological picture of the world who makes the gender description of a macrosystem of "People" as a component of a triad of "Man-Society-Nature" is considered.*

The language description of concepts "Woman" and "Man" in the Kazakh paremiological system is shown in multilevel microframes unities with social, welfare, social and psychological contents reflecting interrelation of social and status roles as "boy-girl", "father-mother", "grandmother-grandfather", "girl-young man", "bride-groom", "bride-husband", "male-bride", "wife-husband", etc.

As a result of interrelation of microframe particles the image of the man is formed in ethical consciousness by means of "male signs", and an image of the woman by means of "female signs" what allows to create an image of "People" in the spirit of national culture.

Keywords: *paremiology, proverbs sayings, frame, concept, conceptual system, microframe interrelation, direct and indirect word meaning.*

Дүниенің паремиологиялық бейнесіндегі «Еркек ─ әйел» бинарлық жұбы кез келген халықтың дүние суретінде бейнеленген универсалды-әмбебап құбылыс және адамзат мәдениетінің түпкілікті іргетасы болып табылады. Дүниенің мифологиялық, қарабайыр, тілдік т.б. суреттерінде дүние-ғаламның, күллі әлемнің жаратылысы «еркек» және «ұрғашы» бинарлық жұбының бірлігі, біртұтастығы тұрғысынан сипатталады.

«Адам-Қоғам-Табиғат» триадасының құрамдас бөлігі «Адам» макрожүйесінің гендерлік сипаттамасын жасайтын «Әйел:Еркек» бинарлық жұбы дүниенің паремиологиялық бейнесінде «Әйел» және «Еркек» болып екі жеке, дербес концептілерге ажыратылады.

Қазақ паремиологиясында «Әйел» және «Еркек» концептерінің тілдік сипаттамасы «ұл-қыз», «әке»-«шеше», «ана»-«ата», «қыз»-«жігіт», «қалыңдық» - «күйеу жігіт», «келін»-«күйеу», «келіншек» - «ер азамат», «қатын» - «бай» т.б. әлеуметтік-статустық рөлдердің өзара байланысын бейнелейтін әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-салт-дәстүрлік, әлеуметтік-психологиялық мазмұндағы көпдеңгейлі микрофреймдік тармақтар тұтастығына негізделеді. Еркек бейнесін этникалық санада қалыптасқан «еркектік белгілермен», ал әйел бейнесін «әйелдік белгілермен» кескіндейтін микрофреймдік тармақтар аралық байланыстың нәтижесінде ұлт мәдениеті «елегінен» өткізілген тілдегі «Адам» бейнесі сомдалады.

Тіл арқылы жүзеге асатын қалыпты жағдайлар мен оқиғалар туралы білімдер тізбегі ретінде фреймдер адамдардың қарым-қатынас нормаларын, қажет білімдер мен тәжірибелер қорын сұрыптауға көмектеседі. Фрейм - концептуальдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым форма. Оның басты ерекшелігі - концептінің ең жақын семаларынан құралып, ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табуында [1, 272-б.]. Мәселен, қыз, келін, келіншек, қатын, кемпір т.б. атаулар төңірегіне жинақталатын ассоциативтік, стереотиптік ұғым-түсініктер «Әйел» концептісінің ұғымдық-семантикалық өрісін белгілейтін болса, ұл, бозбала, жігіт, күйеу, азамат, шал т.б. атауларының лексикалық мағыналарының этнос санасындағы ер адам туралы концептуальдық жүйені құрайтын ұғым-түсініктермен ұштасуының арқасында «Еркек» концептісінің ассоциативтік-стереотивтік өрісі кеңейеді. Соның нәтижесінде ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері «Еркек» және «Әйел» концептілері аралық микрофреймдік қарым-қатынастардың фондық негізінде бекиді.

Жалпы христиан дінінде әйел туралы зұлым, күнәhар, өтірікші, кекшіл т.б.деген сияқты өте төмен көзқарас қалыптасты. Христиан дінбасыларының бірі Әулие Бернар бір жағынан Мария ананы қасиетті әулие дәрежесіне жеткізіп дәріптесе, екіншіден, христиан әйелдерді әлі келгенше төмендетіп баққан. Кезінде католик дінінің ресми теологы болып бекітілген Фома Аквинский: «Әйел тез өсетін арамшөп сияқты. Ол толыққанды адам емес, оның денесінің толық жетілмегенінің өзі оның құндылығының төмендігінен, табиғат онымен азырақ айналысатындықтан... Әйелдер оларды мәңгі билеушінің немесе ұстаздың басқаруымен ұстап отыру үшін туады» деген [2].

Оның алдында, XI ғасырда әйелдерді «мыстандар» деп танып (сатананың одақтасы), қырғынға ұшыратқанын тарихи деректерден білеміз.

Орта ғасырларда Адам Атаның жұмақтан қуылу себебін әйелден көріп, оны улы жыланнан да қауіпті санаған. Осы кезеңде Еуропа әйелдерінің құқығы төмен болғаны соншалық, тұрмысқа шығарда әйелдің мүлікті иелену құқығы жойылып, оның бүкіл мүлігі күйеуінің иелігіне көшіп отырған. «Жаңа Еуропада да әйел ана, жар, адам ретінде де ешқандай жоғары мәртебеге ие емес» – деп жазады ғалым Хайдар Баш [3, с.14]. Оның пікірінше, өнеркәсіптік төңкеріспен бірге Батыс әйелдері тынымсыз тең құқық пен еркіндікті іздеу барысында әйелге ең қажетті қасеттерді ұят пен қарапайымдылықты жоғалтып алды да арзан тауарға айналып кеткенін сезбей де қалды. Бүгінде тіс пастасынан бастап автокөлікке дейінгі кез келген өнімді жарнамалауда әйелді ашық тұрде пайдалана бастады» [3,с.15].

Исламтанушылардың пайымдауынша, әйел мен еркектің тең құқықтығы мәселесі қисынсыз. Себебі, оларды өзара тең санау алма мен алмұртты теңестірумен бірдей. Әйел мен еркек психологиялық та, физиологиялық тұрғыдан да өзгеше жаратылғандықтан, табиғаты бірбірінен ерекшелетіндіктен, бақыт пен тыныш өмірге ие болу үшін әрқайсысы өзінің табиғи жаратылысына сай салада өзін жетілдіру керек.

Осымен байланысты, әйел, ең алдымен, ана. Ол асқан шыдамдылықпен, нәзік сезіммен, ерекше мейіріммен баланы өсіреді және тәрбиелейді. Әке бала тәрбиелеуде ана сияқты сонша төзімділік пен мейірім үлгісін таныта алмайды. Себебі, әйел табиғатын ерекшелейтін де оны көкке көтеріп, құрметке бөлейтін де оның жан дүниесіндегі қайырымдылық, нәзіктік, өзгеге түсіністікпен қарау, сезімталдық және төзімділік сияқты ізгі қасиеттер деп ойлаймыз. Бұл қасиеттер әйел аналық міндетін отбасы аясында танығанда ғана айқын көрініс береді.

Ал енді табиғаты да, міндеті мен жауапкершілігі де мүлде бөлек әйел мен еркектің қайсысы басты, негізгі орынға ие деген сұраққа Ислам дүниетанымы бойынша былай жауап беруге болады: «Құран жанжақты, толық қалыптасқан адам моделіне басымдылық береді. Бұл модельге сәйкес, толыққанды адам төзімділік, ризашылық, қанағатшылдық, қайырымдылық, қарапайымдылық, кеңпейілділік, достық, көмек қолын созу сияқты қасиеттермен бірге иманды, құдайдан қорқатын, діни сенімі кәміл тұлға болуы тиіс. Ал енді осы қасиеттерді бойына сіңірген адам ол әйел болсын, еркек болсын, басымдылыққа ие. Яғни адамгершілігі, рухани қасиеттері жоғары адамның мәртебесі де биік.» [3, с.17].

Ежелгі қазақ дүниетанымында орын алған барлық діндер мен діни сенімдердің олардың ежелгі діні тәңіріліктің бір сатысы түрінде қабылданып, оның негізгі нышандарының, сонымен қатар әйелге Ілкі Ана, Ұлы Баба, Түпана (арғы тек) түрінде табынушылық пен құрметтің іргесін қайта шайқалта алмағанын байқалады. Ислам дінінде де әйелге ерекше орын берілгені *«Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла», «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббатпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі» , «Жұмақ кілті ананың қадамы астында»* т.б. хадистік қағидалардан айқын көрінеді. Бұл хадистердің мәніндіни сипаттағы прецедентті мәтіндер арқылы анықтауға болады: *«Мұхаммед пайғамбар тұрғындары зұлымдықты жақтайтын қалаға қарсы қасиетті соғысқа шығуға шақырады. Сонда Елшінің сенімді серіктерінің бірі анасына келіп: «Менің заттарымды дайында. Пайғамбарымыз соғысқа дайын болуды бұйырды» дейді. Анасы баласына «мені жалғыз қалдырасың ба?» деп ренішін білдіреді. Сол кезде баласы «Мен Пайғамбардан алыс кете алмаймын» деп азар да безер болады. Сонда анасы. «егер сен кетсең, ақ сүтімді көкке сауам» деп жауап береді. Әйел Мұхаммед пайғамбарға барып, әлгі сөздерін қайталайды.*

Біраз уақыттан соң қасына барған жігіттен теріс айналған Пайғамбар оған былай дейді: «Мен саған қатты ашулымын. Себебі, сен анаңның өтінішін жерге тастадың. Адам баласы анасы мен әкесіне қызмет жасап, қарызын қайтару үстінде жұмақ онымен бірге болады» [3, 20 б.].

«Енді бірде Мұхаммед пайғамбарға бір адам келіп былай деп сұрайды: «О, Алланың Елшісі! Мен анамды арқама салып ап қатты шыжыған ыстықта он алты шақырымдай арқалап жүрдім. Егер ондай аптапта жерге ет кесегін тастасам, ол бірден қуырылып шыға келетін еді. Мен осы әрекетіммен оның еңбегін өтедім деп санауға бола ма?». Бұған Пайғамбарымыз былай жауап беріпті: «Сенің бұл ісің анаңның толғақ кезінде көрген азабының азғана бөлігінің төлеміне жатады» [3, 33 б.]. Халқымызда жиі айтылатын *«Анаңды үш рет арқалап Мекеге апарсаң да, парызыңнан құтылмайсың»* деген мақалдың мәні осында болса керек. Мұның бәрі ана еңбегінің өлшеусіз, рөлінің ,барлық уақытта жоғары, мәртебесінің қай қоғамда болсын биік болуы тиістігін танытатыны сөзсіз.

Алайда қазақ даласында түрлі миссионерлердің қыруар еңбек сіңіргеніне қарамастан, ешқандай дін түрі терең дендеп еніп, өмір сүру салтына айналған жоқ деуге болады. Мұның себебін, яғни қазақтардың аса діншіл болмауын С.Ақатай олардың өмір сүру салтымен түсіндіреді. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы берік қалыптасқан дәстүрлі рухани құндылықтары оларды қоршаған нақты өмір шындығымен, олардың қоғамдық және еңбек ету салаларымен тығыз байланысты болды. Барлық дін түрлері, оның ішінде ислам да көшпелілердің күнделікті өмірі мен оларды толғандыратын мәселелерінен жырақ болды, қарапайым халық үшін дін қағидалары дерексіз, көшпелі тіршілікке бейімделмеген боп саналды. Сол себепті исламның имандылық, тазалыққа үндейтін өзіне жақын жақтарын ала білген қазақтар ата-бабаларының ғасырлық сын тезінен өткен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын көздің қарашығындай сақтап, ерекше қастерлеп, оларды өзге рухани және мәдени құндылықтарымен ұштастырып, кей інгілерге дәріптеп, насихаттап, ұрпақтарына тозбас, жасампаз ұлттық мұра есебінде қалдырып отырды .

Қазақ дүниетанымында адамның дүниеге деген көзқарасы ұлттық болмыстың дерексіз таңбалары мен символдары түріндегі халықтық салт-дәстүр мен әдет- ғұрып, наным-сенім, ырым-рәсімдері мен табу, т.б. арқылы танылып отырды. Қазақ тұрмысы олардың түр-түріне толы болғандықтан, көршілері арасында «ырымшыл қазақ» атанды [4, 59-60 б.].

Аталған қасиеттердің бәрі, дүниенің паремиологиялық бейнесінде ең алдымен «Ұл-қыз» концептісіне қатысты микрофреймдік қатынас қыз тәрбиесіне ұл бала тәрбиесіне қарағанда өзгеше мән беретін ұлттық тәрбие жүйесіне, ұлттық таным мен мәдениетте қалыптасқан стереотиптік пайымдарға негізделеді. Қазақтың ұлттық мәдени өресі «ұл баланы – тілдік-әлеуметтік ұжым ортасында ата-баба дәстүрін жалғастырушы, әке орнын басушы шаңырақ иесі, болашақта ауыл-аймақ, ел-жұртты басқаратын басшы (отағасы, қолбасшы, ел басы т.б.) деп таниды. Ал қазақ қауымында қалыптасқан ұғым-түсінік бойынша: қыз бала – ер-азамат отын жағып, отауын тігу үшін, оның ұрпағын өсіріп, сол ұрпақтың бойына халықтың салт-дәстүрін дарыту үшін, яғни тәрбиеші болу үшін жаралған жан. Сондықтан да «ұл» микрофреймінде «еркек» әлеміне, ал «қыз» микрофреймінде «әйел» әлеміне тән тілдік-мәдени белгілер (символдық мән арқалаған атаулар) орын алады. Мәселен; ¤*Ұл – адамның тұрағы, Қыз – адамның шырағы, Ит – адамның құлағы* паремиясы құрамында кездесетін *тұрақ* - «адамның тіршіліне қолайлы орын, мекен, жер» дегенді білдіреді. Ол- «еркектік» әлемнің дүниесі, себебі оны ер адам таңдайды. *Шырақ* - «іс-әрекеттің аяқталуы мен нәтижелі болуы үшін қараңғыда жағылатын шам», оны жағатын әйел. Тұрақ иесі асыраған *иттің* негізгі қызметі - тұрақты сырттан келетін ит-құстан қору. Қазақ қауымының ұл, қыз және иттің

негізгі қызметтерін бағалаудың нәтижесінде *тұрақ, шырақ, ит* сөздері символдық мәнге ие болып, «ұл бала ата-ананың арқа сүйер, тірлігін жалғастырар тұрағы екенін, қыз бала ата-ананың қуанышы, өрісі, түтін түтеткен шырағы екенін, есік алдындағы ит сырттан келген бөтен адамды, қораны торыған ит-құсты хабарлап тұратын құлағы екенін» білдіретін ¤*Ұл – адамның тұрағы, Қыз – адамның шырағы, Ит – адамның құлағы* паремиясы құрамында «ұл» – «қыз» – «ит» фреймаралық қатынасты орнықтырады.

«Адам – Қоғам – Табиғат» үштағандық тұтастықты құрайтын ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды түзуде танымдық, әлеуметтік, мәдени т.б. сипаттағы сан алуан микрофреймдік құрылымдар бір – бірін анықтаушы, дәйектеуші қызмет атқарады. Мәселен, ұл мен қыздың ер жетіп, есею мерзімі паремиологиялық дүние бейнесінде ¤*Он үшінде ұл – ұлан, Он алтыда қыз – ұлан* деп белгіленеді. Он үшке толған ұлды, он алтыға толған қызды атқа қондырып, қалың қолдың қарасын көбейтуге мәжбүр еткен, жас ұл-қыздарының жауға олжа болып кетуінен сақтанған «жаугершілік заман талабы» («Заман» концептісінің микрофреймдік элементі) «Адам» концептісінің «ұл-қыз» микрофреймдік қатынастар жүйесінде ұл мен қыздың ержеткен, балиғатқа толған жасын он үш-он бес деп белгілеп қана қоймай, оны көнеден келе жатқан «далалық салт-дәстүр» концептісінің қыз айттыру, құдалық түсу, баланы әменгерлік жолымен үйлендіру т.б. микрофреймдік құрылымын құрайтын элементтермен бекітеді (¤*Ұл - он үште отау иесі).* ¤*Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра* паремиясы құрамына енетін «аға-жеңге» микрофреймдік құрылымы арқылы «Заман» – «Салт-дәстүр» – «Еркек» – «Әйел» концептілері аралық байланыстың паремиологиялық дүние бейнесіндегі қиысу нүктелерінің бірі «әменгерлік» микрофреймдік тармақ екенін байқауға болады.

«Еркек - Әйел» концептілері аралық байланысты сипаттайтын «ұл-қыз», «ата-ана», «жиен-немере», «әпке-жезде», «аға-жеңге», «қыз-күйеу», «күйеу – қайын» т.б. микрофреймдік тармақтардың қазақтың мифтік танымындағы «жат-жақын» бинарлық жұбымен ассоциативтік қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде паремиологиялық дүние бейнесінде қазақ дәстүріндегі қандық, тектік, туысқандық жіктеменің суретті сипаттамасы жасалып, әр микрофреймдік тармақша ұлттық-мәдени сипаттағы кең ауқымды мазмұндық тұрпатқа ие болады. Мысалы: ¤*Қыздың баласы – қырғыздың (өзгенің баласы) өз қып тұрған анасы, Ұлдың баласы – өзінің баласы, жат қып тұрған – анасы* паремиясында «туыстық жақындықты жеті атадан қайыруға байланысты қалыптасқан қыздың баласын «жиен»деп өзгеге санау, ұлдың баласын - «ұрпақ жалғасы» деп өзіне санау дәстүрі көрініс табатын болса, бұл ой ¤*Ұл өсіргенің – ұрпақ өсіргенің, Қыз өсіргенің – ұлт өсіргенің* паремиясындағы « ұл болашақта өз орныңды басушы, ұрпақ жалғастырушы, қыз бала дүниеге ұрпақ әкеліп, ұлт өрісін кеңейтуші» деген мағынамен ұласады. ¤*Ұлдың ұяты – әкеге, Қыздың ұяты – шешеге* паремиясында «ұл тәрбиесіне әке жауапты, қыз тәрбиесіне шеше жауапты» екенін ескертіп, осыған байланысты «ұлдың жақсы-жаман атағы әкесіне, қыздың жақсы-жаман атағы шешеге келерін» меңзеген ұлттық тәлімнің негізі көрініс беретін болса, ол ой одан әрі өрбіп, «жас жеткіншек тәрбиесінде оның өсетін ортасының да ықпал-әсері болатынын» кеңес ететін ¤*Ұлың өссе, ұлы жақсылармен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсылармен ауылдас бол* паремиясын қалыптастыруға негіз болады.Қызы бен келіні арасындағы айырмашылықты терең бажайлаған ананың қызына айтқан болып, жаңа түскен келініне ашы шындықты жеткізуінің тәсілі ¤*Қызым саған айтам, Келінім сен тыңда* паремиясында бейнеленетін болса, қазақ шешенің балаға деген қамқорлығы, нақты жәрдемі, бере тәлім-тәрбиесі әкеге қарағанда мол болатынын ¤*Орақ ұстап, әкең қалғанша, Оймақ ұстап, шешең қалсын* деп білдіреді. Ал қайын жұрт пен күйеу арасындағы байланыстың тым жақын орнығуына шектеу қойған қазақ дәстүрі ¤*Қайындағы күйеуден – қарғылаған тазы арты деп* қыздың әке-шешесінің босағасына ер баланың кетуін қорлық санайды және ол ойын ¤*Жаман күйеу – қайын сақ* деп бекітеді; ¤*Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды* паремиясы қазақтың үйлену салт-дәстүрімен сабақтасып келіп, қыз алушы жігіттің қандай жағдайда үйленбесін қыз ұзату салтына байланысты жөн-жосынды, әдет-кәдені орындауға міндетті екенін ескертеді [5, 161-549 бб.].

Қорыта айтқанда, адам санасындағы танымдық және мәдени деректерді жинақтап, реттеп отыратын фреймдер ірі-ірі концептер («Заман», «Салт-дәстүр», «Ел-жер», «Еркек», «Әйел» т.б.) аралық байланыстарды тұйықтап, концептуальдық жүйені (ұғым-түсініктер жиынтығы) тілдік жүйемен (мән-мағыналар жиынтығы) жалғастырады. Фреймдер іштей микрофреймдік құрылымдарға жіктеле келіп, адам санасы мен жадыда сақталған білім қорының концептуальдық элементтерін тіл бірліктерінің семантикалық-ассоциативтік өрісіне жинақтайды. Сондықтан да «еркек-әйел» бинарлық оппозициясына қатысты сан алуан микрофреймдік құрылымдардың өзара сатылай және тізбектеле байланысуының нәтижесінде «паремиологиядағы адам» «мәдениеттегі адаммен» үнемі

салғастырылып отырады, яғни тілдік қолданыста паремиялардың түсінікті болуы оның жалпы мағынасына ғана емес, паремия құрамындағы әр компоненттің микрофреймдік құрылымына да тәуелді болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2007. -312 б.

2. Кирилина А.В. О применении понятия гендер в русскоязычном лингвистическом описании // Филологические науки. – М., 2000. -№3. -С. 38-45.

3. Жолдасбек Л.О. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар: филол. ғылым. канд. ...дисс..: 10.02.02. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 1998. – 156 б.

4. Ақатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Аматы, 2001. – 363 с.

5. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. -560 б.

Томанова Нурия Мархабатовна
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
доцент кафедры русской филологии и мировой литературы, nuritom_8@mail.ru

Алдабергенқызы Ляйля
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
старший преподаватель кафедры русской филологии и мировой литературы, aldabergenkuzu@mail.ru

Алдабергенкызы Л.А.
магистр филологии, старший преподаватель, КазНУ им.аль-Фараби, г. Алматы

Томанова Н.М.
к.ф.н., доцент, КазНУ им.аль-Фараби, г. Алматы

ТЕКСТООБРАЗУЮЩАЯ РОЛЬ ПАУЗЫ В ТВОРЧЕСТЕ В.И.ШАПОВАЛОВА

Түйін: *Мақалада В.И.Шаповалов шығармашылығындағы сөз арасындағы алшақтықтың мағыналық ерекшелігі қарастырылады.*
Резюме: *В статье рассматривается текстообразующая роль пробела в произведениях В.И.Шаповалова.*
Summary*: The article concentrates on the text-forming role of the gap in the works by VI Shapovalov.*

Любой текст представляет собой не только хранилище авторских смыслов, но и смыслопорождающий механизм, а смыслы – это сфера ментальности, авторская и читательская концепции текста, которые могут совпадать в большей или меньшей степени.

Многие компоненты текста дают возможность для определения его смысла. Немалая роль отводится словам в контексте (вербальном и невербальном), словам, маркированным автором и маркирующим автора (это и окказионализмы, и авторские примечания, и ключевые понятия), а также коннотация при отсутствующем слове, проще говоря, пробел.

Большое значение имеет для лирики Шаповалова пробел. Что такое пробел? Пробел – это пустое место между словами. Однако без данных пустых мест сложно воспринимать значение какого-нибудь предложения. Вспомните известную детскую загадку: «Кем станет *же ребенок* когда вырастет?». Конечно, правильный ответ – человеком, но люди незнающие отвечают – конем. В загадке основным текстообразующим элементом является пробел.

Пробел представляет собой паузу, отделяющую относительно законченный сегмент текста. Паузы часто используются как особый прием в поэзии и в прозе.

По И.В.Фоменко, пробел способствует построению фрагментированного текста. Обычно стихотворная строка заключает в себе синтагму или предложение, но если «оторвать» от синтагмы слова и перенести их в следующий стих, могут возникнуть дополнительные смыслы, которых не было бы, не будь пробела в конце стиха.

Вячеслав Иванович широко использует данный прием для придачи дополнительных смыслов и значений. Возьмем к примеру стихотворение *«Иду по кромочке….»*

Иду по кромочке -
нагой
между добром и злом -
и трогаю босой ногой
борьбу воды с песком.
Я знаю,
ночь сменяет день,
как рай сменяет - ад.
Так будет тысячу веков
и каждый миг подряд.
Меня убили - я воскрес,
в язычестве - крещен,
что это -
тернии небес
или тяжелый сон?
Я слышу ястреба в груди,

безмолвный страх травы
и много горя впереди
и Божий лик в крови.
Не наш, твердят мне,
не таков -
на стыке рас и вер!
Пусть - слеп, пусть я из дураков,
мой праотец - Гомер.
То покупают,
то казнят,
то ад сулят, то рай.
А мне лишь хочется узнать,
где у земли есть край.
И все по лезвию иду,
шатаюсь
да не упаду.
По кромочке нагой -
дороги нет другой! [1].
Трехстопный ямб с перекрестной рифмовкой абаб.

Во-первых, автор сознательно делит свое стихотворение на 2 части: большая часть (29 строк) и меньшая часть (5 строк). Сегменты обеих частей и большей и меньшей имеют в своем составе глагол «*идти*» - *«Иду про кромочке»* и *«И все по лезвию иду»*. В данном случае глагольное слово выступает в качестве объединения двух состояний – иду по кромочке, т.е. иду по безопасному краю и иду по лезвию, т.е. иду по краю смертельному.

«Кромка – 1. Продольный край, узкая полоса по краю ткани. 2. Вообще – край чего-н.» [2; 282].

«Лезвие – 1. Острый край режущего, рубящего орудия. 2. Тонкая стальная пластинка с заостренными краями для безопасной бритвы» [3; 293]. Первая часть стихотворения имеет своей целью описать ту «кромочку», по которой идет автор, это и стык воды и песка, граница между добром и злом, момент смены дня ночью и наоборот, пространство между раем и адом, и стык рас и вер. Постепенно, начиная с непреложных истин и заканчивая вечными общечеловеческими понятиями, автор описывает нам ту «кромочку», по которой идет. И не видит он конца и края своего хождения, это абсолютное состояние его души – стояние между и между, но в этом *между* мы видим вечное противостояние – *борьбу воды с песком*. Он продолжает свой путь, надеясь лишь на скорейшее его завершение, надеясь, что у этого состояния есть конец, каков бы он ни был.

Во второй части стихотворения автор уже понимает, что с «кромочки» ему не сойти, и эта – кромочка таит для него определенные опасности, поэтому и переходит в разряд «лезвия» - «предмета, могущего убить человека», но его путь – путь поэта – путь правнука Гомера, вещего старца – идти по этой кромочке, так как нет для него иного пути.

Но все это – строфическая пауза. Помимо строфической паузы автор широко использует пробел в качестве вспомогательного элемента для стихотворного ритма.

В первой части стихотворения при визуальном рассмотрении мы сразу можем выделить пять строк, чей размер не совпадает с основным размером стихотворения. Эти строки встречаются не в строго логической последовательности, что дает нам возможность увидеть их особую значимость для поэта. В первом случае отдельной строкой выступает слово *«нагой»* - т.е. не имеющий на себе одежды, голый [4; 342]. Данное слово отделено от первой строки не только пробелом, но и знаком тире. И находится оно в сильном месте – в начале строки.

Иду по кромочке -
нагой
между добром и злом -
и трогаю босой ногой
борьбу воды с песком.

Какой - *нагой?* Без одежды? Возможно. Ношение одежды позволяет человеку быть как все, не выделяться из толпы. Человек без одежды, напротив, привлекает внимание толпы, словно бросает вызов, он как бы вне этой серой толпы. Таким *нагим* ощущает себя автор, т.е. вкладывает в это слово не только прямое значение, но и переносное. Он открыт как для добра, так и для зла; ощущает себя человеком, чьи интересы выше обыденных «серых» вещей.

Второй случай:

Я знаю,
ночь сменяет день,
как рай сменяет - ад.

Здесь строка *«Я знаю»* - это начало предложения. Автор выделяет, что именно он, а не кто-то другой *знает* то, что другим не дано. Все мы ощущаем смену дня и ночи, но не придаем этому событию особого значения. В понимании читателя это обычное природное явление, но третья строка заставляет внимательней прочитать вторую. Ведь автор в один ряд ставит такие понятия как *ночь – день, рай – ад.* Здесь им использована параллель между вечными понятиями. Но случайно ли то, что *ночь* и *рай*, *день* и *ад* находятся на одном и том же месте?

Третий случай:

Меня убили - я воскрес,
в язычестве - крещен,
что это -
тернии небес
или тяжелый сон?

Как видим здесь пять строк – это одно вопросительное предложение. Ударным местом в данном случае явилась центральная часть – третья строка – *«что это»*, уже в этой строке автор формулирует свой вопрос. Он словно вопрошает у незримого читателя о своей судьбе, предлагает ему вариации выходов из положения, но при любом исходе ноша автора не становится легкой.

Четвертый случай:

Не наш, твердят мне,
не таков -
на стыке рас и вер!

В данном случае краткая строфа тоже находится в сильной позиции – в центре, но подбор слов второй строки не дает нам полной картины авторского сомнения, а первая и третьи строки представляют собой авторские пояснения.

Пятый случай:

То покупают,
то казнят,
то ад сулят, то рай.

Это более сложный вариант. Здесь автором использовано многосоюзие (*то.., то.., то…, то…*). В словарях многосоюзие определяется как поэтическая фигура, с помощью которой подчеркивается единство перечисленного. Механизм смысло- и текстообразования в этом случае очевиден. Устойчивая синтаксическая модель предполагает, что при перечислении однородные члены соединяются запятой и только последний, завершая ряд, присоединяется союзом (то, то, то и то). Многосоюзие заменяет эту модель другой: все однородные члены соединяются одним и тем же союзом, и в результате перечисляемые предметы, признаки или действия превращаются в единый образ, единую картину мира или переживания. Причем, как правило, многосоюзием объединяются сопоставимые явления, достаточно однородные не только грамматически, но и семантически. Но в данном случае автор перечисляет не совсем однородные явления, может поэтому явление «покупают» и явление «казнят» находятся на разных строчках.

В меньшей части стихотворения мы можем выделить вторую строку, которая содержит одно лишь слово – *шатаюсь.*

«Шататься – 1. Качаться, колебаться. 2. Бродить без дела (прост) [5; 819].

И все по лезвию иду,
шатаюсь
да не упаду.
По кромочке нагой -
дороги нет другой!

Конечно, слово «шататься» использовано в прямом значении. Возможно, автор хотел сказать не только о том, что он физически шатается, но и о том, что он до конца не уверен в своем истинном предназначении.

Большое значение для определения смыслового содержания стихотворения несомненно играет пауза – пробел. В каком-то смысле логично предположить, что это произведение отражает внутреннее состояние автора, находящегося, словно, между двумя мирами: восток и запад.

Шаповалов смело экспериментирует, используя весь арсенал стихотворной ритмики. Название произведения «Орнамент» актуализирует строфика стиха. Разорванные строки и паузы помогают

передать не только зигзагообразные линии образов в текстовом пространстве стихотворения, их сочетание в причудливый узор картины природы, но и звуковой рисунок восторженного голоса. Строфика актуализирует и движение от «летучих», «подвижных» образов – *туман, утро* (сменяющееся время), *эхо, полеты птичьи, голос, водопад камней*, и «неподвижных» - *твердолобые горы*. Строфика данного стихотворения есть иконический знак, изображающий птицу в полете. «Принципиальная особенность иконических знаков состоит в том, что форма их выражения берет на себя функции значения – она сама по себе есть информация о денотате» [6; 13]. Строфика «Орнамента» выполняет текстообразующую функцию, является экспликатором концептуального содержания текста.

Орнамент

Туман и утро.
Безграничность.
Я крикну –
эхо закричит.
до высоты
полетов
птичьих
спиралью
голос
долетит,
звеня,
вибрируя,
снижаясь,
висками
склоны гор
царапая.
А горы –
как большая жалость,
понятливая,
твердолобая.
Э-эй!
Я один
в горах
последних,
и радость
пропасти сильней!
Я крикну –
мне в ущельях бедных
откликнись,
водопад
камней!..

Здесь вполне уместны слова Фоменко И.В.: «В XX в. у … поэтов пауза стала осознанно эксплуатируемым приемом. Наблюдение над ролью паузы в тексте интересно тем, что позволяет убедиться: интуитивно или осознанно искусство ищет пути преодоление материала, для того чтобы выразить невыразимое» [7; 55].

Литература

1. *Шаповалов В.И. Избранное. Т.1.Бишкек: Инновационный центр «Архи», 2003.*
2. *Ожегов С.И. Словарь русского языка.– М., 1975.– С. 282.*
3. *Там же. С 293.*
4. *Ожегов С.И., С. 342.*
5. *Там же. С. 819.*
6. *В.А.Лукин Художественный текст: Основы лингвистической теории и элементы анализа. – М.: Издательство «Ось-89», 1999. – С.13.*
7. *Фоменко И.В. Практическая поэтика: учебн. пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений.– М: Издательский центр «Академия», 2006 г.– С. 55.*

Нұржанова А.Б.
ф.ғ.к., СДУ ассоц.профессоры, Сулейман Демирель атындағы университет,
aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме. *Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін тілді оқытудың еуропалық стандарттарына сәйкес жетілдіру жолдары сөз етіледі.*

Тірек сөздер: *қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту, әдістеме, жетілдіру*

Резюме: *В статье рассматривается совершенствование преподавания казахского языка как иностранного на основе европейских стандартов обучения языкам.*

Ключевые слова: *преподавание казахского языка как иностранного, методика, совершенствование.*

Summary: *The article addresses the improvement of teaching Kazakh as a foreign language on the basis of European standards of language teaching.*

Keywords: *teaching kazakh language as foreign, method, improvement*

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі саяси, экономикалық беделіне сай шетелдік білімгерлердің қазақ тіліне сұранысы жылдан жылға артып келеді. Сондықтан қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру – өзекті мәселе.

Осы уақытқа дейін қазақ тілін оқытуға арналған кешенді оқулықтар орыс тілді аудиторияға арналып жазылғандықтан, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда пайдалануға тиімсіз болып отыр. Бүгінгі таңда дайындық бөлімдері бар жоғары оқу орындарында шетелдік білімгерлерге қазақ тілін оқытатын әдіскер-оқытушылар көптеген қиындықтарға тап болуда.

Біріншіден, тілді оқытудың еуропалық стандартына сәйкес бес деңгейге арналған арнайы оқу кешенінің жоқтығы, практикалық сабақтарда пайдаланатын аудио-визуалды базаның қалыптаспағандығы, тіпті кітап дүкендерінің сөрелерінде сатылымда тұрған аудиоматериалдардың барлығы орыс тілді тіл үйренушіге арналғандығы;

Екіншіден, шетелдік әдістемеде жиі пайдаланылатын республикалық деңгейдегі тілді (қазақ тілі) шет тілі ретінде оқытуда біліктілікті жетілдіру курстарының жоқтығы, семинарлар, вебинарлар (онлайн-семинар) жиі ұйымдастырылмайтындығы, отандық жетекші әдіскер-ғалымдардың жетекшілігімен құрылған орталықтардың жоқтығы және т.б. мәселелер әлі де шешімін таппай келуде.

Үшіншіден, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі тарихында ақпараттық-инновациялық технологиялар негізінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың теориясы мен практикасын кешенді және жүйелі түрде зерттеу мәселесі әлі күнге дейін қолға алынбағандығы, біздің тарапымыздан осы тақырып төңірегінде терең әрі жан-жақты ізденуді талап етеді.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолында осы бағыттағы отандық әдіскер-ғалымдар бірігіп, бір арнада жұмыс істесе, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі артып, шетелдіктерге тіл үйретуде көптеген мәселелер шешімін тауып, осы салада жаңа зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туады. Бұл мәселенің шешілуі қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың теориясы мен әдістемесін жаңа деңгейге көтермек, нақты қоғамдық сұраныстарды қанағаттандырмақ.

Осы орайда тілді шет тілі ретінде оқыту әдістемесі бағытында тынбай еңбек етіп, жазған оқулықтары әлемнің түкпір-түкпіріне тараған ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудағы әдіскер-ғалымдар Clive Oxendon, Christina Lathman-Koenig, Paul Seligson, Araminta Crace, Alex Tiibury, Theresa Clementson, Leslie Anne Hendra, David Rea,Michael McCarthy, Jeanne McCarten, Helen Sandiford деуге болады.

Халықаралық тіл мәртебесіне ие орыс тілін шет тілі ретінде оқытатын әдіскер-ғалымдар М.Н.Вятютнев, Б.А.Глухов, А.Н.Щукин, И.А.Зимняя, Э.И.Иванова, З.Н.Иевлева, О.Каган, В.Т.Марков, Е.Ю.Николенко және т.б.. ғалымдардың еңбектері де сұранысқа ие деп айта аламыз.

Ал қазақ тілін екінші және шет тілі ретінде оқытуда Қ.Қадашева, З.Ерназарова, З.К.Ахметжанова, Ф.Оразбаева, Т.Аяпова, Э.Сүлейменова, З.Күзекова, М.Жолшаева, Г.Мұсаева Ұ.Асанова, Б.Ашықбаева, және т.б. сияқты әдіскер-ғалымдарымыздың еңбектерін басшылыққа аламыз.

Тілді шет тілі ретінде оқытудың отандық және шетелдік әдістемесін саралай келе, ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің қарқынды дамығандығын, орыс тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің бәсекеге қабілеттілігін байқауға болады және бұл еңбектер осы бағытта зерттеулер

жүргізетін отандық ғалымдарды қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жаңа мазмұнмен толықтыруға, жүйелі жұмыс жүргізуге ынталандырады.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің заманауи үрдістері әдіскер-ғалымның алдына тіл білімі ғылымының антропоцентристік бағытына сәйкес өзгеше міндеттер қойып отырғаны белгілі. Басқаша айтқанда, тілді оқытудың мазмұнын тереңдетіп, үйлестірілген тәсіл (сбалансированный подход) арқылы тіл үйренушінің лингвоелтанымдық, лингвомәдени құзыреттілігін, тіл үйренушінің тілдік тұлғасын қалыптастыруға негізделеді.

Елбасымыздың білім беру саласын инновацияландыру және тіл саясатына қатысты айтқан тұжырымды терең ойларын жүзеге асыру мақсатында қазақ шет тілі ретінде оқытудың XXI ғасыр сұранысына жауап бере алатын, өзіндік жаңаша әдістемесін жасау мәселесі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені әлемнің бірқатар алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында атап айтқанда, Индиана университеті (Блумингтон, АҚШ), Ханкук университеті (Корея Республикасы), Каннам Университеті (Корея Республикасы), А.Мицкевич Университеті (Польша Республикасы), Джами Милли Ислами Университеті (Үндістан), Мәскеу лингвистикалық университеті (Ресей) және т.б. жоғары оқу орындарының «Орта Азия» немесе «Түркітану» бөлімдерінде қазақ тілі шет тілі ретінде оқытылып жүр.

Жоғарыда аталған бірқатар мәселелерді шешу мақсатында қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі тарихында ақпараттық-инновациялық технологиялар негізінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың теориясы мен практикасын кешенді және жүйелі түрде зерттеу алғаш рет қолға алынып отыр.

Бұл жоба мемлекеттік тіліміздің шет тілі ретінде оқыту әдістемесін жетілдіруде оң өзгерістерге бағытталған, пәнаралық өзекті зерттеулердің бірі болып табылады.

Жоба аясында қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесін тілді оқытудың еуропалық стандарттарға сәйкес жетілдіру үшін, ең алдымен, тілді оқытудың әлемдік озық үлгілерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр:

I Веб-сайт және мобильді қосымша арқылы шетелдіктерге қазақ тілін қашықтықтан және онлайн оқытуға арналған білім платформасын құру және тіл үйренушінің қызығушылығын арттыру мақсатында қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісіне геймификация технологиясын енгізу: Youtube желісінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуға бағытталған сабақтар желісін дайындау.

II A1/A2, B1 деңгейлеріне арналған оқулық дайындау:

А) оқулық (Course Book);

Ә) жұмыс дәптері (Work Book);

Б) аудио CD – диск

III Грамматикалық тренажер әзірлеу:

А) практикалық қазақ тілінің грамматикасы (Grammar Book);

Ә) грамматикалық тест тапсырмаларының жинағы (Grammar Test Book);

Б) грамматикалық онлайн-тест тапсырмалары

IV Лексикалық тренажер дайындау:

А) тақырыптық-лексикалық глоссарий (Glossary);

Ә) лексикалық тест тапсырмаларының жинағы (Vocabulary Test Book);

Б) лексикалық онлайн-тест тапсырмалары.

V Мәтіндер жинағын (Reading Passages) әзірлеу:

А) хрестоматия; Ә) аудио CD – диск

Зерттеу жүргізу барысында қазақ тілін оқып жатқан шетелдік студенттері бар ЖОО-ларға, атап айтқанда Назарбаев университетіне, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, КИМЭП, Халықаралық Қожа Ахмет Ясауи университетіне, сондай-ақ Орталық Азия департаменті бар (Гумбольт университеті, Германия, University of Wisconsin (Madison), Indiana University, АҚШ, Hankuk Uninersity, Корея, ММУ, Ресей) шет ел университеттеріне тәжірибе алмасу, білімді жетілдіру үшін халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу жоспарлануда.

Нәтижесінде, отандық және шет мемлекеттердегі жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі саласының дамуы мен жетістіктері зерттеліп, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың отандық әдістемесінің қалыптасуына және дамуына ықпалын тигізеді.

Зерттеу нәтижелері тұтас алғанда, отандық тілді оқыту әдістемесінің, атап айтқанда, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық базасын кеңейтеді қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі ғылымының халықаралық кеңістіктегі бәсекелестігін арттыруға септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Chomsky N. Three Factors in Language Design // Linguistic Inquiry, 36, no. 1. — 2005. - С. 11-15.
2. Larsen-Freeman Diane.Techniques and Principles in Language Teaching. Oxford:Oxford University Press, 2014.
3. *Harmer Jeremy. The practice of English Language Teaching. London: Pearson Education Limited, 2007.*
4. *Johnson Keith. An Introduction to Foreign Language Learning and Teaching. London: Pearson Education Limited, 2008.*
5. *Миролюбов А.А. Методика обучения иностранным языкам: традиции и современность. – Обнинск: Титул, 2010.*
6. Лебединский С.И., Гербик Л. Ф. Л33 Методика преподавания русского языка как иностранного. Учебное пособие / С. И. Лебединский, Л. Ф. Гербик – Мн., 2011. – 309 с. (электронная версия).
7. Оразбаева Ф.Научно-теоретические основы языковой коммуникации и коммуникативного мотода. Алматы, 1996. -.216 с.
8. Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі: монография. – Өскемен, 2012. – 278 б.
9. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. - Алматы, 2000. -194 с.

МРНТИ 17.07.41
ӘОЖ 82:801.6; 82-1/-9

Тұрымбетова Ж.А.
Филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор,
Сулейман Демирель Университеті, Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
Қаскелең қ., zhanagul.turumbetova@sdu.edu.kz

КӨШПЕЛІ ИӨРҮК АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ДӘСТҮР ҮНДЕСТІГІ

Түйін. *Көшпелі иөрүк тайпалары негізінен Сырдарияның орта және төменгі ағысы жағалауларынан көш еткен оғыз - қыпшақ, қаңлы, қарлұқ және т.б. тайпалары ұрпақтары болып табылады. Қазіргі таңда Түркия мемлекетінің оңтүстік таулы өңірлерін мекендейтін қандастарымыз көшпелілер дәстүрін Анатолия жерінде де жалғастырғандығы тарих беттерінен мәлім.*

Иөрүктердің рулық-тайпалық атаулары, әдет-ғұрыптары, көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салты қазақ халқымен өте ұқсас, үндес жағдайда көрінеді. Бұл үндестік тек қана мәдениетімізде ғана емес, сонымен қатар әдебиетімізде де көрініс тапқан. Түрік халық әдебиетінде Көроғлы, Қараджаоғлан, Дадалоғлы, Ельбиоғлы секілді танымал иөрүк ақындары бар. Мақалада осы ақындардың шығармашылығындағы қаһармандық сарындар, жылқының тұлпары мен сұлу қыз бейнесі, ата қонысқа деген сүйіспеншілік көзқарастарының қазақ ақындары шығармашылығымен үндестігі баяндалады.

Түйін сөздер: *Түркі халықтары, иөрүк, ақындар, Анатолия, халық әдебиеті.*

Резюме. Юрюки - это потомки кочевых племен Огуз-Кипчаков, Кангью, Карлуков, которые откочевали с побережья среднего и нижнего течения Сырдарьи в Анатолию. В наше время эти племена проживают в горных районах южной Турции. Юрюки продолжали традиции своих предков и на территории южной Турции. Кочевой и полукочевой образ очень похожи на казахские. Это сходство отражается не только в культуре, но и в литературе. Среди поэтов-юрюков есть известные поэты, такие как Короглу, Караджаоглан, Дадалоглу, Эльбийоглу, в произведениях которых можно увидеть гармонии традиц двух народов.

Ключевые слова: *тюркские народы, юрюки, поэты, Анатолия, народная литература.*

Summary. *Basically nomadic tribes known as iyoric were progenies of such tribes as ogyz –kypshak, kanly, karluk that had inhabited across the central and lower coast of the river called Syrdaria. It is known from the history that present days, our kinsman living on the southern mountains of Turkey have continued to keep traditions of nomads in Anatolia. Tribal names, customs, nomadic and semi-nomadic traditions of iyoric are so much similar and seem to harmonize with Kazakh nation. This harmony is not merely found in cultural similarities, but is reflected in literature as well. There are such prominent poets as Koroghly, Karadzhaoghlan, Dadaloghly, Elbiyoghly in iyoric folk literature. The article narrates about harmony of oeuvres of Kazakh poets with oeuvres of aforementioned poets in which heroic spirit, winged crown and image of a beauty, perspective of love to motherland are all captured.*

Key words: *Turkic nations, iyoric, poets, Anatolia, folk literature.*

КІРІСПЕ

Көшпелілердің ата–бабалары қалыптастырған мәдениеті мыңжылдықтар бойы түркі халықтарының ұрпақтары жадында сақталып келді. Еуразияның кең – байтақ алып кеңістігін сан мыңдаған жылдар бойы әртүрлі тарихи-әлеуметтік себептермен қоныстанған түркілердің дүниетанымы көшпелі өмір салтының табиғатпен біте қайнасқан түпкі негіздері арқылы дамыды. Көрнекті этнограф, ғалым–жазушы А.Сейдімбековтың пікірі біздің еңбегіміздегі ойларымызды дәйектейді: «Көшпелі өмір салты табиғи географиялық дара бітімдегі биосфераға бірден–бір үйлесетін, аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын ең ұрымтал базистік негіз болатын. Көшпелі бабаларымыздың өмір салты табиғатты жатсынбаған, табиғатты болмыс–тіршілігінің құрамдас бір бөлігі деп қараған. Мыңдаған жылдарға созылған биосферамен үндес өмір ырғағы табиғаттың өзіндей табиғи–мәдени ортаны дүниеге әкелген. Сондықтан да бұл даланың тарихи тағдырына қатысты дара бітімдегі барша құбылыстардың тек тамырын көшпелі өмір салтымен сабақтастыра қарастырған абзал» [1, 20-21-б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркиядағы көшпелі және жартылай көшпелі түрік тайпалары иөрүктер (yörükler) деп аталады. Шығыстанушы Д.Е.Еремеев «Юрюки (турецкие кочевники, полукочевники)» атты еңбегінде олардың тайпаларының аталуын, елдегі орналасқан географиялық аймақтарын көрсетеді. Иөрүктердің негізгі орналасқан өңірлері Батыс, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік Анадолы екендігі айтылады. Зерттеуші Батыс Анадолының Балыкесир, Киютакия, Айдын, Денизли уәлейеттерінде кобаш, кірлі-кобаш, әмірлі, қалтақ, нарынжелі, ешмелі, қаратекелі, сонымен бірге қарақажылы, манаулы тайпалары өкілдерінің мекендейтінін айтады.

Ал, Оңтүстік-Батыс Анадолыдағы (ежелгі Ликия) Муғла, Бурдур, Испарта, Анталья уәлейеттеріндегі мынадай тайпалардың мекендейтіні аталады: бахшиш (бахшишлы), боз-ахметлі, гебіз, ені-османлы, қарақойынлу, қара-текелі, қара-хаджылы, қара-эвлі, медлю (міллі), мортана, сарашылы (сары-хаджылы), сарыкесілі, сачы-каралы, тұңғұшлу, фарсақ, феттахлы, хайта, хонамлы, чакал, чолаклы, эски-иөрүк, көселерлі (көсереллі), меметлі текелі. Ал, Оңтүстік Анадолыдағы (ежелгі Киликия Мараш, Газиантеп, Адана, Қайсері, Нигде, Ичель, Конья) уәлейеттердегі иөрүктердің мынадай көшпелі тайпалары бар екендігі көрсетіледі: айаш, айдынлы, ақча-коюнлу, бахширбах-ашалы, бегдік, боз-дұғанлы, бойну-доғанлы, бойну-инджелі, джерід, қара, қара-қаялы, қара-қайынду, қара қаджылы, қара эвли, качар, кешафлы, косач, коюнджу, күлфаллы, сары-кечілі, хонамлы (хор-намлы, хотамлы), хорзум, көгерэллі, манаулы, текелі, хайта [2, 11-б.].

Түркияда иөрүктердің этникалық, әлеуметтік және саяси жағдайын тереңінен зерттеп көптеген ғылыми еңбектер жазған ғалым Мехмет Ерөз былай дейді: «Иөрүк: иөрүмек етістігінен жасалған, Анатолияға (Анадолуға) келіп қоныстанған көшпелі оғыз тайпалары (Түркмендер) мағынасын білдіретін сөз. Көптеген шығармаларда (Yürük) түрінде жазылуы үлкен қате болып табылады. ... (Yürük) сөзі автордың ойындағы (yürümek -жүру) етістігінен жасалған есім емес! Бұл сөз сын есім; ілгері, мәдениетті, білімді, асыл тұқымды және қоспасыз мағыналарына келеді...» [3, 20-б.].

Иөрүктердің осындай рулық-тайпалық атаулары, әдет-ғұрыптары, көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салты қазақ халқымен өте ұқсас, үндес жағдайда көрінеді. Иөрүктердің төрт түлік малды (түйе, қой, ешкі, жылқы) бағатыны, қазақтың киіз үйіне ұқсас шатырды мекендейтіні, малдың сүтімен қоректеніп, жүнін, терісін пайдаланатыны, ерте үйленетіні және т.б. – бәрі де өте ұқсас. Айрықша ұқсастықтарының бірі - әйелдердің тұрмыстағы орнының бағалануы.

Иөрүктер кейбір мұсылман елдеріндегідей әйелдерді қыспақта ұстамайды. Иөрүктердің әйелдері қазақтар секілді беттерін жаппайды, бөтен еркектен жасырынбай, қонақтарды күйеуі жоқта да дастархан жайып сыйлайды. Әрине, түбі бір туысқан халықтар болғандықтан иөрүк тайпалары және қазақ халқының отбасы мүшелері және т.б. тұрмыстық-салттық атауларының да лексикалық-мағыналық және дыбыстық (фонетикалық) үндестіктері байқалады. Мысалы, әке (қаз.) – баба (иөрүк түрікшесі.), ана (қаз.) - ана (иөрүк түрікшесі.), бибі (қаз.) – бибі (иөрүк түрікшесі.), келін (қаз.) – гелин (иөрүк түрікшесі.), қалыңмал (қаз.) – калын (иөрүк түрікшесі.) және т.б. Иөрүктердің тілінде байырғы түркі халықтары диалектілері мол сақталған.

Түрік ашықтарының дәстүрлі поэзия саласында иөрүк тайпаларынан шыққан суырып салма ақындары есімдерін де атай аламыз. Олардың қатарында Көроғлы, Қараджаоғлан, Дадалоғлы, Ельбиоғлы, Ешіл-Ашық атты аса көрнекті ашықтар болған.

Иөрүк (yörük) тайпаларында ашықтар шығармашылығының әсерімен ауызша авторлық поэзия мен фольклор жанрлары да кеңінен тараған. Мысалы, лирикалық өлеңдер – түркүлер, тюрлю, эпикалық туынды – дестан, сатиралық өлең - бояма, шағын әзіл өлең – мани, ертегі, жұмбақ, мақал-мәтелдер көшпелі және жартылай көшпелі халықтар арасында көп айтылады, ықыласпен тыңдалады.

Иөрүктер (yörükler) әуездік аспаптары – сыбызғы (дүдүк немесе кавал), дабыл (дельбек немесе деплек), екі немесе үш шекті скрипка (кемен немесе кемане) және көп ішекті саз деп аталатын аспап. Иөрүктер ашықтарының өнернамасында аталған фольклорлық жанрлардың және әуез дәстүрінің көркемдік ықпалы үнемі сабақтаса жалғасып отырған.

Ауызша және жазбаша ақындықпен лирикалық және эпикалық шығармаларды жырлау, әуездік саз аспабымен өз туындыларын әншілік-жыршылық өнермен орындау, ақындар айтысы түріне жақын импровизациямен жұртшылық алдында өнер құдіретін дәлелдеу және т.б. халықтық сипаттары мол шығармашылық сапалар иөрүк ашықтарына тән болған. Ашықтар – түрік поэзиясындағы әдебиет пен фольклор дәстүрін тұтастандыра сақтаған халықтық өнер иелері. Бұлардың шығармаларын қазақ, түркмен, әзербайжан халықтарының ақындық дәстүрімен салыстыра, сабақтастыра қарастыру арқылы біз бүкіл түркі әлемі мәдениетінің тұтастығын қалпына келтіру жолындағы ұлы мұрат бағдарын нығайта түсеміз.

Тұлпар ат – қазақ халқы ұрпақтарының ежелгі сақ, ғұн, түркі замандарындағы әлемдік ұлы жорықтарында сенімді серігі болған. Жылқы түлігінің, оның ішінде сәйгүліктердің поэтикалық бейнеге айналуының тарихи-этнографиялық, қоғамдық-әлеуметтік маңызды екендігі анық.

Тұлпар жылқының тұлғасы – түркілік психологияда ерекше орын алатын ұғым. Қазақтың тұрмыс–салт жырларында, батырлық және ғашықтық дастандарында тұлпардың бейнеленуі басты қаһармандардың іс-әрекеттерін күшейте түсетін үстеме поэтикалық көркемдік қызмет атқаратыны мәлім.

Қазақ фольклорындағы тұрмыс–салт жырларында жылқы иесі Қамбар Ата болып аталады. Ал, батырлар жырларындағы (Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың

Қарақасқасы, Тарғынның Тарланы, т.б.) тарихи дастандардағы (Кенесарының Көкбурылы, Наурызбайдың Ақауызы, т.б.) басты кейіпкерлердің іс-әрекеттерін даралай танытудағы жылқы тұлғасының егізделе жырлануы – дәстүрлі ерекшелік. Қазақтың ақын– жыраулары толғауларында да, Абай және оның дәстүріндегі ақындар (Шәкәрім, Мағжан, Сәкен, Ілияс, т.б.) шығармашылығында да жылқы тұлғасының суреттелуі адам және оны қоршаған тұрмыстық-әлеуметтік тіршілік қозғалыстарының біртұтастығын бейнелеу дәстүрі болып қалыптасты. Бұл орайда, сөз арқауындағы иөрүк ашықтары мен қазақ ақын–жыраулары поэзиясындағы жылқыға қатысты бейнелеулердің поэтикалық үндестіктерін түп негіздегі түркілік ата–бабалық дүниетаным арналарының кейінге жалғасуы тұрғысында сезінеміз.

Иөрүк ашықтарының жылқыға арналған өлеңдері ежелгі ата–бабалардың тұлпарларға мініп Еуроазиялық географиялық кеңістікті емін–еркін жайлаған, билеген қаһармандық тарихын көзге елестетеді. Ашық Көроғлының жылқы тұлғасын суреттеген өлеңінен тұлпар мініп ту көтерген, кең даланы осы көлігімен сайрандаған, ұшқыр ойымен сұлулықты қастерлеген түркі жұртының көңіл–күйі әлемімен дидарласамыз:

İnişi aşağı keklik sekişli,
Yokuşu yukarı tavşan büküşlü.
Tavus kuşu gibi üstü nakışlı,
Elma gözlü kız perçemli Kırat'ım.
Kırat'ı sorarsan yedirir yaşı,
İridir gövdesi ufaktır başı.
Dizgini çekendeun eder taşı,
Elma gözlü kız perçemli Kırat'ım...[4, 44-45-б.].

Шабысы шапшаң, кекілі шашақты,
Басқаны жоғары, қоян қимылды.
Тоты құс секілді үсті оюлы,
Алма көзді, қыз кекілді Қыратым.
Қыратты сұрасаңыз ағызар жасты,
Ірі ғой денесі, кішкентай басы.
Тізгінін тартқанда, ұн қылар тасты,
Алма көзді, қыз кекілді Қыратым....[4, 46-б.].

Түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениеттері салаларында ата–бабалық этнографиялық дағды болып қалыптасқан, мәңгілік сақталған жылқыға, жалпы төрт түлік малға байланысты сөз өнері шығармаларын ұрпақтардың жадында қайта жаңғырта бағалауымыз қазіргі және болашақтағы жаңа тарихымыз үшін аса маңызды. Түркі халықтарының қайта жақындасу процесінің нәтижелі көрсеткіштері осындай ата-бабалық этнографиялық-тарихи сананы жаңаша қарастыру арқылы жүзеге асады.

Сайын далада тұлпар мінген, жаны сүйген аруды құшқан түркі ұландарының романтикалық асқақ ойлы жандүниесін поэзия тілімен өрнектеу –ақындық поэзияның басты мұраты. Иөрүк ашықтарынан Дадалоғлының (1785-1868) арғымақ тұлпарды, айдай аруды сүйген алабұртқан алып-ұшқан от-жалынды романтикалық әуенді жыры - түркілік-этнографиялық психологияның нақты көрсеткіші:

Şu yalan dünyaya geldim geleli
Severim kır atı bir de güzeli
Değip on beşime kendim bileli
Severim kır atı bir de güzeli
Atın beli kısa boynu uzun
Kuru suratlısı elma gözünü
Kızın iplik iplik süt beyazını
Severim kır atı bir de güzeli
Atın höyük asğrı kalkan döşlüsü
Kalem kulaklısı çekiç başlısı
Güzelin dal boylu samur saçlısı
Severim kır atı bir de güzeli
At koşu tutmasın çıktığı zaman
Yalı kaval gibi yıktığı zaman
At dört kız on beşe yettiği zaman
Severim kır atı bir de güzeli [4, 141-б.].

Бұл жалған дүниеге келгеннен бері,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Толтырып он бесімді, өзімді білгелі,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Аттың белі қысқа, мойны ұзын,
Қатты шабысын, алма көздісін.
Қыздың жіңішке сүттей аппағын,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Аттың жар жамбасты, қалқан төстісі,
Қалам құлақтысы, шоқпар бастысы.
Сұлудың тал бойындай қара шаштысы,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды.
Ат жүйрігін бөгемесін шыққан кезде,
Жалы қамыстай жыққан кезде.
Ат төрт, қыз он бесіне келген кезде,
Сүйемін боз атты, бір де сұлуды [4, 141-142-б.б.].

Бұл –түркі халықтарының көшпелі тұрмыс мәдениеті дәстүрлерінің көрінісі. Жастайынан ата-бабаларының дәстүрін ұстанған, қоршаған әлеуметтік ортаның іс-әрекеттерін жадына тоқып өскен дала ұландарының аттың жүйрігін, қыздың сұлуын иеленуді армандап өсетіні – дәстүрлі ерекшелік.

Көроғлының соғыс шайқасындағы жауынгерлік ерлікке шақырған, ұрыс үстіндегі көріністерді, іс-әрекеттерді романтикалық-реалистік сипатпен бейнелеп жырлаған өлеңінің көркемдік шырайы айқын:

Yiğit olan gümbür gümbür gürlesin
Yiğiti doğuran ana bin yaşa
Ak göğdede kızıl kanlar şorlasın
Yiğiti doğuran ana bin yaşa
Gele beyler cenge harbi çalınsın
Çamlıbel askeri ayrı bölünsün
Gece gündüz zarbı meydan kurulsun
Yiğiti doğuran ana bin yaşa...[4, 40-б]

Жігіт болған күмбір-күмбір гүрлесін,
Жігітті туған ана, мың жаса!
Ақ көкірегіңде қызыл қандар қайнасын,
Жігітті туған ана, мың жаса!
Келіңдер бейлер, ұрысқа, әуен соғылсын,
Чамлыбел әскері екі бөлінсін.
Күндіз-түні соғыс майданы құрылсын,
Жігітті туған ана, мың жаса!...[4,40-41-б.б]

Көроғлының «Жүріңдер, арыстандарым, соғысайық!» өлеңінің идеялық желісінен де шайқас майданы алдындағы бүкіл жауынгерлердің халықтың жан-жүйесіндегі жеңіске деген сенім, шайқас үстіндегі кесек іс-әрекеттер, қимылдар жасауға деген құштарлық танылады. Көроғлының осы өлеңіндегі идеялық мақсат түйін – нағыз ержүрек жігіт қасиетінің қанды шайқас майданы үстінде танылатыны. Лирикалық қаһарман соғыс шайқасына қатысатын жауынгерлердің де, бидің де, патшаның да, қару-жарақтың да, аттардың да тек ғана жеңіске жету жолындағы нәтижелі қорытындымен танылатыны, тарихта қалатыны айтылады: «Жүріңдер, арыстандарым, соғысайық!», «Осында белгілі болсын жігіт қайсымыз», «Тарих жазсын мына тауларға таңба» сынды поэтикалық арнаулар аясында майдан келбеті елестетіле жырланады:

Yürün beyler cenge harbi calınır
İyi kötü bu meydanda bilinir
Kılıç değer adam iki bölünür
Nusrat bizim beyler neci paşa ne
Gürzün kösteğini kola takmalı
Arab atı sağa sola yıkmalı
Kargılar mızraklar birden kalkmalı
Fırsat vermen arab atlar kaşana. [4,41-б.]

Жүріңдер, билер, соғыста дабыл қағылар,
Жақсы мен жаман бұл майданда білінер.
Қылыш тиген адам екі бөлінер,
Жәрдем, бізге би не, паша не?

Найзаның ұшына қола тағу керек,
Арап аты оңға, солға шабу керек.
Қылыш, найза бірден көтеру керек,
Жібермеңдер, арап аттар, қашқанды.[4,42-б.]

Көроғлының «Жүгіріңдер ат шаптырып, күш аяқта» атты өлеңінде де қазақ және түрік халықтары тарихындағы соғыс жорықтары кезіндегі ер жігіт тұлғасының қандай болуы керектігі бейнеленеді. Өлеңді оқып отырып сөз арқауындағы қазақ ақын-жыраулары толғауларындағы жауынгерлік жорық жолындағы азаматтардың тұлғаларын елестететін поэтикалық бейнелеулер елестейді.

Түркі поэзиясындағы жауынгерлік соғыс шайқастары, батыр мен оның мінген тұлпары, қолданатын қару-жарақтары бірлігінде бейнеленеді. Бұл дәстүрдің кеңейген классикалық болмысы түркі-монғол халықтарының эпосында қалыптасқан. Зерттеуші Р.С.Липец соғыс шайқастары майдандары, жеке батырлар, олардың тұлпарлары туралы жырлардың ежелгі заманғы мұраларда (Орхон жазуы VIII ғ.; Махмуд Қашқари Сөздігі, XI ғ.) бар екенін айтады. Жауынгерлік даңқ жырларының әуелде жеке-жеке қалыптасып, эпостық дастандарға поэтикалық тәсіл тұрғысында енгенін болжайды: «Түркі-монғол ауыз әдебиетінде ежелден тірі көсемдер мен жаужүрек батырларға арналып мадақтау жырлары, ал елі үшін жан қиған боздақтарға арналып жоқтау жырлары айтылған ...

Батырдың өмірі және өлімінен тұратын тұтас тағдырына серік болған ер қанаты - аты, оның тұлпары туралы эпостардың барлығында дерлік тұрақты поэтикалық формаға айналған мадақтау айтылады. Көптеген халықтардың тарихы айғақтайтындай, мадақ жырлар шайқас алдында, жеңістен кейін немесе батырларды еске түсіруде жырланған. Мадақ жырлар, сірә, өз бетінше қолданылып келген, кейін батырлар жыры қалыптаса бастағанда оның бір бөлігі ретінде енгізілген болуы мүмкін» [5,119-б.].

Түркілердің ата–баба қоныстарынан қуат алып, тіршіліктегі барлық іс- әрекеттерін, армандарын – барлығын да ғарыштық–ғаламдық құбылыстармен сабақтастыра жырлауы гуманистік–философиялық болмысымен дараланған.

Осы дәстүрдің жалғастығын көшпелі иөрүк тайпаларынан шыққан түрік ашықтары Қараджаоғлан және Дадалоғлының шығармаларынан да көре аламыз. Мысалы, Қараджаоғланның «Қызғалдағы жайқалған Перчем қырлары, Гердан жайлаулары», «Чукурова далалары», Дадалоғлының «Караманның қызылды, жасылды бақтары», «Кайсери, Нииде, Иозгаттың жасыл жайлаулары» секілді өлеңдерінен атамекен, қоныстары асқан шеберлікпен суреттеледі.

Түрік ашықтары мен қазақ ақындары шығармаларының ортақ дүниетаным негіздері табиғатпен етене болған көшпелі тұрмыс–салт мәдениетінің дәстүрлері болып саналады.

Түрік ашықтары өлеңдерінің мәтіндеріне және олар жайындағы еңбектерге сүйене отырып, олардың шығармашылығының табиғатын ғылыми жүйелеуге болады. XI-XX ғ.ғ. арасындағы түрік ашықтарының шығармашылығы фольклорлық дәстүрдің аясында қалыптасып, бірақ кейіннен ауызша және жазбаша сипатты тұтастандыра ұстанған классикалық әдебиет деңгейінде дамыған. Олар шығарманың дүниеге келу сәтіндегі бірнеше құбылысты біріктіретіндігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, импровизациямен, экспромтпен туған шығарманың авторы және оны өзіндік әуенмен, әуездік аспабы сазбен сүйемелдеп орындаушы ретінде танылған. Ашықтардың XI-XVIII ғ.ғ. өмір сүргендерінің өмірбаяндары және шығармалары халықтың жадында сақталып қана жеткен, сондықтан олардың өмір сүрген жылдары кейде шамамен ғана алынады.

Қазақ ақындары мен түрік ашықтары поэзиясының ерекшеліктері тарихи - әдеби шектестік, үндестік аясында қарастырылады. Бұл орайда ғалым Х.Көроғлы түрік фольклорын зерттеуші Пертев Наили Боратавтың ашықтарды шығармашылық сипатына, мекендеген орындарына, қызметтерінің түрлеріне қарай 4 топқа бөлген жіктеуін мақұлдайды. Біз де өз зерттеуімізге осы үлгіні бағдар етеміз: «Ол бірінші топқа – сопылық ашықтарды, екіншісіне – қалалық ашықтарды (осыған янычар ашықтарын да) жатқызған; үшіншісіне – ауылдық; төртіншісіне – негізінен көшпелі тайпалардан шыққан ашықтарды, яғни Шығыс Анатолиясының шетсіз-шексіз жазығында көшіп-қонып жүретін түрікмен иөрүктерді» [6, 8-б.]. Түрік ашықтары мен қазақ ақындары шығармаларын үндестік тұрғысынан байланыстыра, салыстыра қарастыруда, әрине, әрбір халықтың өзіндік ұлттық тарихы, материалдық мәдениет өзгешеліктері де ескеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ақындары мен түрік иөрүк–ашықтары шығармашылығы поэтикалық үндестіктерінің сақталуы халықтардың рухани мәдениеттері байланыстарын болашақта да нығайта түсетіні ақиқат.

Әрине, кезінде Сырдарияның орта және төменгі ағысы жағалауларынан кеткен оғыз-салжұқтары мен қыпшақ, қаңлы, қарлұқ және т.б. тайпалары ұрпақтарының мәдени біртектілігінің сақталуы тарихи заңдылық. Ал, Түркия мен Қазақстан елдерінде ХХ ғ. дейін көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс қатарлас орын алғаны да ескерілетін елеулі ерекшелік. 1934 жылы Түркия Республикасының меджлисінде (мәжілісінде) иммигранттар мен көшпелілерді орналастыру, олардың жерлерін бөлу туралы талқылау кезінде ішкі істер министрінің (баканынын) мәлімдеуінде бұл елде миллионнан аса көшпелілер мен жартылай көшпелілер бар екендігі аталды [7, 112-б.].

Бұл арада біз XI ғасырдағы оғыз-салжұқтар мен Дешті Қыпшақ тайпаларының тығыз араласқан тарихи шындықты назарымызда ұстаймыз. «Қазақстан тарихында» бұл мәселе нақты деректермен дәйектелген: «Салжұқ әскерінің құрамы көбінесе қыпшақ көсемдері бастаған тайпалық топтармен толықтырылып отырды» [8, 422-б.]. Осы кезде салжұқтардың билеушісі Алып Арсланның Хорезм, Маңғыстау, Жент, Сауран аймақтарындағы жорықтары әсерінен оғыз-салжұқ, қыпшақ тайпалары мидай араласқан. XI ғасырдағы «Қыпшақтардың он алты тайпалық конфедерациясы» [8, 426-б.], олардың атауларының да (ток соба, йетиоба, бұржоғлы, елберілі, қаңғароғлы, анджоғлы, дурут, кулабаоғлы, жартан, қарабөріклі, қотан, қара қаңлы, куманлу және т.б.) Түркиядағы иөрүк (yörük) тайпаларымен тектес, үндес болуы да тарихи тамырластықты толық дәйектей түседі.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Сейдімбекова А. Сонар.- Алматы: Жалын,1989.-352 б.

2 Еремеев Д.Е. Юрюки (Турецкие кочевники и полукочевники).- Москва: Наука. Гл. Редакция восточной литературы, 1969.-104 с.

3 Eröz Mehmet. Yörükler.- İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfi, 1991.- 288 s.

4 Тұрымбетова Ж.А. Түрік ашықтарының (ақындарының) өлеңдері (XIV- XIX ғ.ғ.). Алматы: Үш қиян, 2004.-224 б.

5 Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. Москва: Наука,1984.-264 с.

6 Турецкая ашыкская поэзия. Пер. с тур./Сост.предисл.коммент. Х.Короглы. Москва: Худож. лит. ,1983.-192 с.

7 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы: Атамұра, 1994.-160 б.

8 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). - Алматы: Дәуір, 1994. - 446 б.

Исаева Жазира Исақызы
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Әдістемелік бөлім басшысы, филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Түркістан, Қазақстан; e-mail: jazirhon79@mail.ru

Джасинбеков Ералы Әлібекұлы
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
филология факультеті, магистр оқытушы, e-mail: eralikz@mail.ru

ЖАРНАМАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Түйін: *Мақалада қоғам түбегейлі нарықтық қарым-қатынастарға көшкен кезеңдегі жарнама қызметінің маңыздылығы нысан етіп алынып, жарнаманың қазақ тіліндегі қалыптасуы, дамуы, жарнама тілінің әсерлі болуы, мағыналы сөздерді үнемді, ықшам, эмоциялы етіп құрау талабы қарастырылған. Жарнаманың қоғамға әсер ету қызметіндегі басты міндеттері айқындалған. Әлемдегі қалыптасқан үрдіс бойынша жарнаманың лексика-тематикалық топтары, жарнаманың сөйлеу әрекеті арқылы немесе сөйлеу әрекетінсіз, яғни вербалды құралдар арқылы жүзеге асырылатыны, жарнама құрылымының элементтері зерттелген.*

Кілт сөздер: *жарнама, хабарландыру жарнама, аңдатпа жарнама, хабарлама жарнама,тікелей берілетін жарнмалар, жанама берілетін жарнамалар. коммуникация, экстралингвистика, вербальды, мәтін, прагматика, лингвистикалық прагматика, адресант, адресат, жарнама мәтіні т.б.*

Резюме: *В статье рассматривается один из актуальных объектов общественно-рыночных отношений как рекламная деятельность и связанные с данным объектом вопросы формирования, развития, степени воздействия на человека текстов рекламы на казахском языке, их лаконичность и эмоциональность, а также проблемы экономии речи. В работе раскрываются основные задачи воздействия рекламы на развитие общества. На сегодняшний день в мировом сообществе существуют особые лексико-тематические группы рекламных слов, которые реализуются непосредственно в речи, то есть с помощью вербальных средств коммуникации. Особое внимание также уделено структурным элементам рекламы.*

Ключевые слова: *реклама, реклама-объявление, реклама-аннотация, реклама-уведомление, прямая реклама, косвенная реклама, коммуникация, экстралингвистика, вербальный, текст, прагматика, лингвистическая прагматика, адресант, адресат, текст рекламы и др.*

Summary: *One of relevant objects of the public and market relations as advertizing activity and the questions of formation, development, extent of impact on the person of texts of advertizing connected with this object in Kazakh, their laconicism and emotionality and also problems of economy of the speech is considered in the article. The main objectives of impact of advertizing on development of society reveal in the work. Today in the world community there are special lexical-theme groups of advertizing words which are implemented directly in the speech, that is by means of verbal means of communication. Special attention is also paid to structural elements of advertizing.*

Keywords: *advertizing, advertizing announcement, advertizing summary, advertizing notice, direct advertizing, indirect advertizing, communication, ekstralingvistika, verbal, text, pragmatics, linguistic pragmatics, sender, addressee, text of advertizing and others.*

Жарнама- нарықтық қарым-қатынастардың бір құрамдас бөлігі болумен қатар, қоғамымыздағы саяси, мәдени өмірдің бір көрсеткіші. Қоғам түбегейлі нарықтық қарым-қатынастарға көшкен кезеңде жарнаманың қызметі кеңейіп, маңыздылығы артып отыр.

Қазіргі қоғамда жарнаманың қазақ тіліндегі нысаны қалыптасып, даму үстінде. Қазақ жарнамалары ақпарат таратудың барлық көздерінде – мерзімді басылымдарда, радио және телеарналарда, жарнама үшін шығарылатын арнайы газеттерде, сондай-ақ сыртқы жарнамаларда кеңінен қамтылады.

Жарнама тілінің әсерлі болуы басты екі себепке- мағыналы сөздерді үнемді, ықшам етіп құрау және эмоциялы етіп құрау талабына байланысты болады.

Жарнама тілінің ерекшелігін Т.Жұрбай былай келтіреді: «Ықшамдылық тек тілдік дәлдік, қысқалық қана емес, тұтас жатқан әдіс және тәсіл. Көпсөзділік, ұзақтылық ойдың кедейлігінің, бұлыңғырлығының ғана хабаршысы емес, тақырыптың жоқтығы- бос риторизмнің белгісі. Жай әңгімешілдік, бос пейзаж басы артық сөздер хабардың желісін, ұйытқысын сұйылтып, нәрін кетіреді, көрермен оны көруден қалады» [1, 4].

Жарнаманың қоғамға әсер ету қызметіндегі басты міндет- тақырыпқа жүктеледі. Жарнама тақырыбының негізгі міндеті- оқырманның жарнамаға деген өзіндік қызығушылығын туғызу. Жарнама тақырыбының әсерлілігі оның таралу жолымен тікелей байланысты деген болатын зерттеуші Каннинг [2, 35].

Жарнама болу үшін ең бастысы ақпарат беру және жарнамалап отырған істің тыңдаушыға керек екеніне сендіру мақсаты қойылады. Осыған ерекшелігіне қарай зерттеуші Қапасова Б. жарнаманы 3 түрге бөледі:

1. хабарландыру-жарнама;
2. аңдатпа -жарнама;
3. хабарлама-жарнама [3, 214].

Қазіргі таңда жарнамаларды тақырыптарына, таралуына, қолануына байланысты бірнеше топтарға бөлуге болады. Таралауын байланысты сыртқы, ішкі, парақша, газет, тел-радио және ғаламтор жарнамалары деп бөлеміз. Бұл жарнамалардың өзіндік әсер ету ерекшелігімен қатар кемшіліктері де бар.

Жарнама зерттеушісі Сәуле Асанбаева өз жұмысында жарнаманы келесідей түрлерге бөлген:

1. Таралуына байланысты дүниежүзілік, мемлекеттік, өңірлік жарнама;
2. Берілуіне байланысты бір рет берілген және күнделікті жарнама;
3. Жасалуы ерекшелігіне байланысты жарнамалаушы дайындаған және жарнама беруші дайындған жарнама.
4. Көркемдігіне байланысты және БАҚ-та берілуіне байланысты жарнамар [4, 29].

С.Мақатайұлы жалпы әлемдік зерттеулер бойынша жарнамаларды екі күрделі тақырыпқа бөледі:

1. Тікелей берілетін жарнмалар
2. Жанама берілетін жарнамалар [5,3].

Осылармен бірге жарнама әлемдегі қалыптасқан үрдіс бойынша екі үлкен топқа бөлінеді:

1. Тікелей жарнама. Тікелей, тура берілетін жарнамаға қатысты жарнама саласының мамандары: «бұл – көзге көрінетін, түйсінуге болатын жарнама» дейді. Яғни тікелей жарнама жасалған кезде оған жоғарыда айтылған барлық жарнамалардың түрлері кіреді деген сөз. Бұларды баспасөз, телерадиолық ақпараттардан және көшелерден көруге болады.

2. Жанама жарнама. Жарнаманың бұл түрі белгілі бір әрекет ішінде қарастырылатын болғандықтан, жасырын сипатқа ие. Мәселен, спорт жарыстарынан репортаж беріліп жатқанда, спортшылардың киген киімдерінің тауарлық белгілері олардың брендтік жарнамаларға айналуына мұрындық болады. Демек, жанама жарнамалардың бір ерекшелігі, мұнда тауар нақты жарнамаланбайды. Бұл да жарнаманың психологиялық әсер етуінің бір көрінісі. Әлемге аты әйгілі «Адидас», «Нике», «Рибок» спорттық тауарларының көшбасшыға айналуында осындай сырлар жатыр.

Жарнаманың сөйлеу әрекеті арқылы немесе сөйлеу әрекетінсіз, яғни вербалды құралдар арқылы жүзеге асырылатыны айтылды. Осының ішінде сөйлеу әрекеті қатысатын жарнама мәтініне талдау жасау бітіру жұмыстың өзекті мәселесі болмақ

Вербальды емес құралдардан ажыратып қарағанда кез келген жарнама – сөйлеу әрекетінің жемісі. Әрбір жарнама – тілдік құралдар арқылы логикалық ой тиянақталатын нысан. Демек, ол – мәтін. Мәтін ұғымына қысқаша анықтама беріп өтейік: «Мәтін – тілдік құралдар арқылы фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлердің белгілі бір жүйеде қызметі көрінетін, толығымен мәтінде көзге түсіп, қызмет ететін тұстарының өміршеңдігін байқататын – тілдік бірліктердің ұйымдасқан түрі. Мәтінге талдау жасау арқылы тілдің құрылысы, заңдылықтары мен қызметі танылады» [6, 21]. Әрбір мәтін құрылымдық – семантикалық сипатқа ие. Жарнама мәтіні прагматикалық қызметі тұрғысынан қарағанда белгілі бір стильдік сипатқа ие, яғни ықпал ету қызметі үшін жарнама мәтінінде тілдің белгілі бір стильдік құралдары пайдаланылады. Осы аталған бойынша жарнама – шағын көлемді мәтін; көсемсөз стилінің ішкі шағын стилінің бірі; тілдік құрылымы ықшам әрі қысқа; тілдік және вербальды емес құралдарының жиынтығынан тұратын кешеді мәтін; ол ақпараттық және прагматикалық функциялар атқарады.

Соңғы жылдардың ішінде мәтін лингвистикасы тіл білімінің көкейкесті бағыттарының бірі болып саналады. Басқаша айтқанда, мәтін – лингвистикалық зерттеулердің обьектісі болып отыр: әртүрлі функционалдық стильдердегі мәтіндер, мәтін категориялары, әртүрлі мәтін түрлерінің мәтіндік құрылуы және қызмет ету процестері айқындалуда.

Қазақ жарнама мәтіндерінде таза публицистикалық стильмен араласып, көркем әдебиет стилі де жүреді. Кейбір жарнама мәтіндерінің лексикалық қабаттарында ойды жеткізуде публицистикаға артықтау болатын сөз және сөйлем үлгілері жиі кездеседі. Бұл арада деректен гөрі субъективизм басым болатын тұстар да кездеседі. Жалпы қазақ газеттерінде болсын, көше жарнамаларында, телерадио жарнамаларында болсын, жарнама мәтіндерінде басты қағиданы сақтау кезінде ұлт тілінің барлық мүмкіншіліктері пайдаланылуға тиіс. Бұл тұста менталдық әрекеттерді де есте сақтаған жөн.

Бұқаралық коммуникацияның жүйесінде әртүрлі мәтіндердің түрлерін олардың экстралингвистикалық ерекшеліктерне қарай, қызмет етуін және ұйымдасвтырылуын зерттеу, қатынастың осы түрінің өзгешелігімен, яғни жоғары әсер ету функциясымен дәлелденеді.

Жарнама - өмірдің көпастарлы саласы. Оның экономикалық әлеуметтік, саяси, психологиялық, лингвистикалық, т.б. астарлары болады. Мысалы, лингвистикалық тұрғыдан алғанда, жарнама – сөз, жарнама – сөйлем, жарнама бірнеше сөйлемнен тұратын мәтін немесе шығарма тіпті бөлек кітап болуы да мүмкін.

Жарнама тілі халық арасында кең тараған тіл болуы шарт, әйтпесе бейтаныс тілде жарияланған жарнама, әлеуметтік тұрғыдан танымал болмауына байланысты, «жүйесіз сөз иесін табар» дегендей болып қалмақ. Ал көпшілікке танымал тілде жарияланған жарнама, шын мәнінде, жарнама болуы үшін тіл мен стиль тұрғысынан алғанда, әрі қысқа, әрі нұсқа, жалпыға түсінікті де әсерлі жазылу шарт.

Жарнама мәтіні прагматикалық қызметі тұрғысынан қарағанда белгілі бір стильдік сипатқа ие, яғни ықпал ету қызметі үшін жарнама мәтінінде тілдің белгілі бір стильдік құралдары пайдаланылады. Осы аталған бойынша жарнама – шағын көлемді мәтін; көсемсөз стилінің ішкі шағын стилінің бірі; тілдік құрылымы ықшам әрі қысқа; тілдік және вербальды емес құралдарының жиынтығынан тұратын кешеді мәтін; ол ақпараттық және прагматикалық функциялар атқарады.

Қазіргі лингвистикада ең маңызды мәселелердің бірі- мәтін лингвистикасына қатысты. Басқаша айтқанда, мәтін – лингвистикалық зерттеулердің обьектісі болып отыр: әртүрлі функционалдық стильдердегі мәтіндер, мәтін категориялары, әртүрлі мәтін түрлерінің мәтіндік құрылуы және қызмет ету процестері айқындалуда.

Кейбір жарнама мәтіндерінің лексикалық қабаттарында ойды жеткізуде публицистикаға артықтау болатын сөз және сөйлем үлгілері жиі кездеседі. Бұл арада деректен гөрі субъективизм басым болатын тұстар да кездеседі. Жалпы қазақ газеттерінде болсын, көше жарнамаларында, телерадио жарнамаларында болсын, жарнама мәтіндерінде басты қағиданы сақтау кезінде ұлт тілінің барлық мүмкіншіліктері пайдаланылуға тиіс. Бұл тұста менталдық әрекеттерді де есте сақтаған жөн.

Қоғамдық өмірде мәтіннің көптеген түрлерін байқауымызға болады. Оның ішінде жарнама мәтіні ерекше бөлінеді: «...рекламный текст заслуживает пристального и доброжелательного рассмотрения в качестве случай уникального по своей интенсивности функционального использования языка».

Қазақ зерттеулерінде мәтінінің ақпараттық, әлеуметтік, психологиялық сипатын, композициялық сөйлеу бірліктерінің тілдік құрылымдық, прагматикалық және стилистикалық табиғатын анықтайтын еңбектерді атауға болады. Р.Сыздық, Б.Шалабай, Д.Әлкебаева, С.Құнанбаева, Г.Әбікенова, Г.Смағұлова, З.Ерназарова, С.Мұстафина, Г.Әзімжанова, М.Маретбаева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде аталған мәселелер зерттеле бастады. Бірақ ғалым Б. Шалабаев мәтіннің әлі толық зерттелмегенін айтады: «Мәтін мәселесі қазақ тілі білімінде толық мәнінде әлі зерттеу обьектісі бола қойған жоқ. оны зерттейтін мәтін лингвистикасы, мәтін теориясы дейтін ілімдер орыс, шетел тіл білімінде соңғы 20 – 30 жылдардың аяғына ғана қалыптасты» [7, 21].

Мәтін тек жазба құжат түрінде объектіге айналады деп кесіп айтуға болмайды. Ол жазбаша да, ауызша да болады. Сөйлеу шығармасы ретінде мәтіннің негізгі белгілері ретінде зерттеуші О.Жармакин:

- тұтастығы (яғни байласымдылығы мен композициялық аяқталуы);
- аяқталуы, яғни автор ойының (мазмұнның) айтылып бітуі;
- модальділік (автордын хабарга көзқарасы, авторлық баға және өзіндік баға) [8, 10].

Мәтінге осы кезге дейін тек қана синтаксистік тұрғыдан қарап келсе, енді оны лингвистиканың жеке бір саласы ретінде зерттелуде. Оны антропоорталықтық тұрғыдан зерттеу қолға алынды.

Шағын көлемдегі мәтін, И. Р. Гальпериннің пікірі бойынша – 10 – 15 жолға дейін көлемді мәтін [6, 49]. Бірақ И. Р. Гальперин шағын көлемді мәтіндердің дифференциалдық белгілерін көрсетпейді. Біз И. Р. Гальпериннің осы классификациясын басшылыққа аламыз және шағын көлемді мәтіннің дифференциалдық мәтіндерін былайша топтастырамыз: ең алдымен шағын көлемді мәтіндерге мыналар жатады: жеделхат, факс, іскери хат, өтініш, арыз, жарнама, газет материалдарының тақырыптары, бұйрық, рецепт.

Жарнаманың міндетті түрде адресатқа бағытталатыны белгілі. Бұл – оның иллокутивті акт ретіндегі белгісі. Жарнама мәтіні адресатта жағымды немесе жағымсыз эмоцияны қалыптастырады, оның белгілі бір іс – қимыл жасауына қозғау салады. Жарнама мәтіні – дайындалған сөйлеу актісі, оның мазмұны алдын – ала дайындалып жазылады.

Адресанттың мәтін арқылы көздеген мақсат-ниеті оқырманға, яғни адресатқа әсер етуі мәтіннің прагматикасын көрсетеді. Кенжеқанова өз еңбегінде былай көрсетеді: «Жалпы алғанда, прагматика негізгі үш тұжырымға негізделеді:

1) сөз коммуникациясын түсінудің тірегі болып әрекеттік аспект саналады;

2) тіл адамға ықпал ету амалы ретінде қарастырылады;

3) тілдік амалдардың функционалдандырылуы қарым-қатынастың жағдаяты мен мәнмәтіні арқылы негізделеді» [9,10].

Ғалым Нұргелді Уәли «прагматика – тілдің өмірдегі қолданысын, оның ұжымдық тәжірибеде жүзеге асыруын көрсетеді. Ал мұның өзі ұжымның өмір заңдылықтарымен, тілді қолданушының психологиясымен, дүниетанымымен, оның когнитивтік базасымен, мәдени стреотиптермен, ұлттық дәстүрмен байланысты» деп есептейді [10, 35].

Ал А.Ж. Машимбаева өзінің филология ғылымдарың кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы» атты диссертациясында прагматикаға берілген анықтамаларға шолу жасай келе, қазіргі тіл біліміндегі ғылымдардың тілдік бірліктерге прагматикалық тұрғыдан қараған көзқарастарын былайша жіктейді:

– прагматика сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асу мәнмәтінін;

– прагматикалық лингвистикада коммуниканттардың сөйлеу әрекетін;

– прагматика тілдік қатысымның заңдылықтарын, сөйлесімнің мақсаттық бағамын, сөйлеушінің коммуникативтік интенциясын, сөйлеу актілерінің функционалды типтерін;

– прагматика сөйлесімнің мазмұнын, сөйлесім авторының коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдары тыңдау мәнін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ой мен тіл арқылы берген бағаны дұрыс түсінуін анықтайтын нақты қатысым жағдаятын зерттейді;

– лингистикалық прагматика – коммуниканттардың қатысым актісінде тілді қолдану шарттарын зерттейтін ғылым;

– прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші субъектьпен адресаттың (тыңдаушының) арақатынасынан туындайтын мәселелер кіреді [11,35].

Аталған көзқарастар прагматиканы адамның қатысымы тұрғысынан қарастырғандықтан, прагматика ғылымы күрделі көпқабатты ұғым болып табылады. Прагматиканың негізгі ұғымдары ол – адресат пен адресант ұғымдары. Бұл екі ұғым үнемі тығыз байланыста және өзара арақатынаста болады. Ыбраева тілдік арақатынастың өзі коммуникацияға қатысушы екі субъектінің қатынасы ретінде анықталатынын былай анықтайды: а) айтушы не жазушы – адресант – ақпаратты жіберуші мен ә) осы ақпаратты қабылдаушы – адресант – тыңдаушы не оқырман арасындағы қатынасты білдіреді» [12,60].

Коммуниканттардың бірі сол айтылымның авторы (продуцент), яғни хабарды жіберуші ретінде, ал бірі жеке не топтық адресат, рецепиент ретінде қарым-қатынасқа қатысады. Адресант коммуникативтік актінің мақсатын айқындайды, алайда коммуникацияның тиімді болуы көп жағдайда адресатқа тікелей байланысты. Сондықтан адресант коммуникативтік актіні жоспарлаған кезде адресаттың түрлі ерекшеліктерін, яғни оның коммуникативтік құзыреттілігін есепке алуы тиіс. Коммуникативтік құзыреттілік – тұлғалық ерекшеліктер мен мүмкіндіктердің жиынтығы, сонымен қатар адамның коммуникативтік әрекетін қамтамасыз ететін тілдік және тілдік емес білімдер мен дағдылар.

Лингвистикалық прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші (баяншы) субъект пен адресаттың (тыңдаушы, оқырман арақатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. Сөйлеудің тактикасы мен түрлері, әңгіме жүргізу ережелері, сөйлеушінің ниеті, референциясы, прагматикалық пресуппозициялары – тыңдаушының жалпы біліміне, жалпы ақпараттан хабардар болуына байланысты. Н. Дәулеткереева өз еңбегінде «Адресаттың ықыласын, көзқарасын, пікірін, психологиялық жағдайын, мінез-құлқын, түсіну қабілетін адресаттың бағалауы, оның айтып тұрған хабарға көзқарасын, хабар маңыздылығын көрсетеді» [13,15]. Сонымен, прагмалинвистика деп аталатын тіл білімінің саласында антропоөзектік, яғни адам факторы адресант – мәтін – адресат триадасының шеңберінде қаралып, олардың өзара қатынасы мен байланысы проблема ретінде қарастырылады. Кез келген мәтін бір мақсатты көздейді. Адресанттың мәтін арқылы көздеген мақсат-ниеті оқырманға, яғни адресатқа әсер етуі мәтіннің прагматикасын көрсетеді. Ол прагматиканы жасаушы – адресант. К.Кенжеқанованың пікірінше «Прагматика міндеті – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолданудың заңдылықтарын реттеу» [14,290].

Айтылған ерекшеліктерге байланысты жарнама құрылымының мынадай элементтерін айтуға болады:

- адресант (продуцент, хабарды жіберуші);

- адресат (реципиент, хабарды алушы);
- жарнаманың мақсаты;
- жарнама мәтіні;



Бірақ жарнама контексі дәл осындай қалыптасқан форма бойынша жасалады деп те айтуға болмайды.

Сонымен, жарнаманың алға қойған басты мақсаты — оқырман сезіміне әсер ету, іс-әрекет жасауға итермелеу. Жарнама мәтінінен бұрын берілетін тақырыпшалар бірден оқырманның қызығушылық, таңқалушылық сезімдерін тудыру керек. Жарнаманың оқылымға түсу, түспеуін осы тақырыпшалар шешеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қ.Ж.Тұрсын. Экрандағы сөйлеу мәдениеті. //Хабаршы,-Вестник, №9. Алматы 2002.

2. Канниг Т. Психология рекламы. Москва, Мысль. 1994

3. Қапасова Б.Қ. Тіл мәдениеті: Шешендік өнер: Оқулық.- Алматы,2014.- 224 б.

4. Асанбаева С. А. «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері». Кандидаттық диссертация. Алматы, 2002

5. Мақатайұлы С. Жарнама – жақсы істің жаршысы. // Қазақ әдебиеті, 23 сәуір, 1999.

6. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. 1981.

7. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. Алматы, 1999.- 197 б.

8. О.Қ. Жармакин, Қ.Б. Мағзұмов. Мәтін лингвистикасы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. Павлодар: Кереку, 2012. - 83 б

9. Кенжеқанова Қ.К. «Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша)» кандидаттық дисертация, Алматы, 2015.

10. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 2007. – 328 б.

11. Машимбаева А.Ж. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы: фил.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2009. – 124 б.

12. Ибраева Ж.К. Политическая лингвистика: билингвальное коммуникативное пространство: дисс. ... докт. фил.наук. – Алматы, 2010.– 240 б.

13. Даулеткереева Н.Ж. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні: фил.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2010. – 119 б.

14. Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагматикалық аспектісі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №4-5 (150-151). – Алматы, 2014. – 289-293 бб.

Dzhalamova Zh.
Senior Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: zhanna-dz@mail.ru

PHILOSOPHY OF «MOVEMENTS» IN ARTISTIC CHRONOTOPE
(Based on the M. M. Prishvin's creations)

Summary. *In the article on the example of M. M. Prishvin explains conceptually-semantic constants of motion, which is the semantic core of the motive of the path. It is the plot-forming and meaning-forming in the writer's works, in different versions it is implemented in the complex spatial and temporal relations.*

Key words: *movement, chronotope (time and space), Unity, path.*

Түйін. *Мақалада М. М. Пришвин шығармалар мысалдары бойынша жол мақамының семантикалық ядросы болып келетін «қозғалыс» феноменінің концептік-мағыналық константылары түсіндіріледі. Ол жазушы еңбектерінде мағына мен арқау тудырғыш ретінде болып келеді, түрлі нұсқаларда күрделі кеңістік пен кезеңдік қатынастарда жүзеге асырылады.*

Түйінді сөздер: *қозғалыс, хронотоп (кеңістік пен кезең), бірлік, жол.*

Резюме. *В статье на примере творчества М. М. Пришвина поясняются концептуально-смысловые константы феномена движения, являющегося семантическим ядром мотива пути. Он представляется сюжетообразующим и смыслообразующим в произведениях писателя, в различных вариантах реализуется в сложных пространственных и временных отношениях.*

Ключевые слова*: движение, хронотоп (время и пространство), Всеединство, путь.*

Movement is a universal and comprehensive attribute of life in variety of its forms. By ontological status, it is considered as the main way of empirical reality existence and "main cause of phenomena" [1]. Ancient philosophers defined movement as the origin of universe, the root cause of things, because it was inevitable description of every organic and inorganic object's principle of changing.

In science, it used to be differed how researcher perceived structural and functional characteristics of movement category, depending on the focus of research attention. For example, Hegel and Leibniz, in their philosophy, considered movement not as mechanical, but qualitative change, aimed to resolve dialectical contradictions. Dialectical materialism was based on the idea that "matter without movement is as inconceivable as movement without matter. Consequently, movement is so uncreatable and indestructible, as the matter itself" [2].

Modern science represents this phenomenon as inseparably connected to the time, space and energy. In European culture movement used to be depicted through semantic differentiation of change, development and peace states. That is reflection of objects' modification. Mechanical movement determinants were revised by German classical philosophy, creating new ideological basement for deep analysis of problem, which resulted in three different categories in the focus – change, formation and development. Nietzsche regarded the world as a perpetual formation, permanent changes of qualitative and quantitative potencies. According to him, that is the only real way of apparent the formation of the world. In the Schopenhauer's philosophy, basic principle is will, which causes universal movement of objects and phenomena. That is central philosopheme in his system.

Particularly interesting are the scientific and philosophical conception of the movement in the second half of the XX century: in addition to traditional studies, researches started dissemination from the point of view of cosmology, biosphere, social and cultural evolution. Many classical theories were revised. Movement was defined by duration and change, and often as self-movement of complex system, constructed on qualitatively diverse units. By adding the concept of anthropocentricity we should underline, that two definition of movement can be given as material and spiritual, which is, in fact, can be differentiated as intellectual, will-powered and directed to reach the goal.

In the modern science category of movement is being examined in the context of connection with space and time, as the continuous process of the world development by interaction of human with material and spiritual spaces. Furthermore, nowadays movement is building up particularly high level of intensity and the voltage in the local and temporal value.

Movement, made in a dialectical unity of contradictions of external and internal, discontinuous and continuous, stable and unstable, manifests itself in the chronotope - a particular synthesis of time and space. This is the universal aesthetic category in modern cultural model of the new world, which have integrative functions. Chronotope got a deep grounding in the works of M. Bakhtin, where this phenomenon is attributed to a "substantial relationship of temporal and spatial relations, artistically developed in the literature" [3].

Chronotope ("space-time"), sophisticatedly, is the aesthetic category that captures the ambivalent relationship of temporal and spatial relations, artistically cultivated and expressed by appropriate pictorial tools in literature and other arts.

This category becomes particularly important in the context of the narrative of M. M. Prishvin's works, because of associations with the creative settings of the writer, in the art world whose main semantic core is the principle of dynamic "space-time" inquiring, in an environment of the life's variety in its totality and unity.

Prishvin was very close to the philosophy of the life, in particular, intuitionism of A. Bergson, whose believes system was formed under the influence of spiritualism. With underlining huge meaning of applying to self-observation, intuition in the process of learning, Bergson singled out "duration" – perpetual changes of things and conditions. In the same time, "duration", in the point of view of Bergson, also had the concrete time features, which is especially important for understanding of the Prishvin's artistic settings.

Philosophical "diversity" of the writer does not contradict his attachment to Russian cosmism. Prishvin certainly shared V. I. Vernadsky's peculiar view of the chronotope notion, who claimed the "infinitelikeness" of research project: "By this term we are implying examination methodology of finite, local concepts, when it becomes as infinite and global, as the concept in which they are in. In the work of Vernadsky "infinitelikeness" expressed in two basic forms: "spacelikeness", when, for example, he considered living organisms as a small spaces; "timelikeness", attitude to change as the time itself "[4]. By Vernadsky, substance is space-like and time-like. Space and time, in his representation, is persistence, lasting (look for Bergson's "duration", Vernadsky, himself, used the word "dlenie"), unity of "yesterday, today, tomorrow".

Prishvin, whose dialectical opposition of "time and eternity" was the central philosophy, considered the world as Unity (in his own model of Solovyev's integrity concepts system), allowing to consolidate the being in time and space, make it readjustable by time, and save changed form in eternity.

Building a model of motion in the chronotopic dimension, literary consciousness vigorously extends the idea of human's existence space, in which the chronotope of path and road obtains special emphasis, serving in Prishvin's works as universal, existential form. It matches with the modern concepts of literary the road chronotope. For example, it was evidenced in the works of M. Lotman, who claimed that the idea of the constitutive attributes of chronotope defines "the transformation of natural space-time" into literary, acting as a "universal modeling language".

Examining literary concepts of time and space development history in his book "Poetics of Old Russian literature, D. S. Likhachyev talks about the peculiar relationship of time and space in which different types of artistic time "represents forms of struggle with time" [5].

Road and path are multifunctional spatial reference points in the metaphorical system of thought. The chronotope of the path may also acquire an axiological dimension, "as an artistic space becomes a formal system for the construction of various, including ethical models, there upsprings the possibility of moral characteristics of literary characters through a corresponding their types to appropriate literary space, which already appears to be dual, local-ethical metaphor"[6].

Various road-path chronotope variations can be found in literature works: of different genre, of like-structured and motive organization, by the time of writing and other parameters. Quite often examined the chronotope is positioned as a "way of life", "life path", "road of the fate" and so on.

References

1. *Small encyclopedic dictionary [Small encyclopedic dictionary]: v 4 t. T. 2. M., 1997.-S. 460.*
2. *Encyclopedic dictionary of philosophy [Philosophical encyclopaedic dictionary]. M., 1983.-S. 138.*
3. *Bahtin M. M. Voprosy literatury i estetiki [Questions of literature and aesthetics]. M., 1975.-S. 234.*
4. *Russkaya filosofiya. Malyy entsiklopedicheskiy slovar' [Russian philosophy. Small encyclopedic dictionary]. M., 1995.- S. 574.*
5. *Lermontovskaya entsiklopediya [Encyclopedic of Lermontov]. M., 1981.- S. 333.*
6. *Lotman Y. M. O russkoy literature. Statyi i issledovaniya: istoriya russkoy prozy i teoriyaliteratury [On Russian literature. Articles and research: history of Russian prose and literary theory]. SPb., 1997.- S. 255*

Duisebaeva Gulnara Ashirbekkyzy
Master-teacher of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
gulnara.duisebaeva@mail.ru

SOME HISTORICAL FACTS ABOUT FAIRY TALES IN ENGLISH AND KAZAKH

Түйін. *Бұл мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі ертегілер туралы тарихи дәйектер қарастырылады*

Резюме*. В этой статье рассматриваются исторические факты о сказках на английском и казахском языках.*

Summary*. This article deals with the historical facts about fairy tales in English and Kazakh*

Fairy tales are the most ancient creations of human spirit. A fairy tale is one of popular and favorite genres in folklore and the literature. How many fairy tales are already heard and read by us since the early childhood. Russian, Kazakh, English, French , Polish, Danish, Swedish and Spanish. Also isn't present among them such which wouldn't be pleasant to us. There were the fairy tales similar against each other and not similar, happened cheerful and sad, long and short. And here the boring and silly didn't come across ever! Fairy tales are literary appropriations of oral folk tales, traditionally believed to be collected from peasant women [1].

Fairy tales are available almost for all nations of the world, in them it is a lot of general that speaks laws of the human life, similar living conditions: a great miracle is the earth as mother progenitors', whence leaves the person and where it comes back in the end of a way, eternity of a universe, the world of the nature with the freakish phenomena, with riddles and secrets, with its beauty.

At the same time, the fairy tales created in different languages, reflect way of life of these or those people, geographical, natural and ethnic conditions, work and a life, features of environment, national character. Many times the question, «What is a fairy tale?» has been asked. One has said: «The fairy tale is a poetic presentation of a spiritual truth.» George MacDonald has answered: «Undine is a fairy tale.» Mr. G.K. Chesterton has said: «A fairy tale is a tale told in a morbid age to the only remaining sane person, a child. A legend is a fairy tale told to men when men were sane.»

The oral tradition of the fairy tale came long before the written page. Tales were told or enacted dramatically, rather than written down, and handed down from generation to generation. Because of this, the history of their development is necessarily obscure and blurred. Fairy tales appear, now and again, in written .literature throughout literate cultures, as in *The Golden Ass*, which includes *Cupid and Psyche* (Roman, 100–200 AD), or the *Panchatantra* (India 3rd century BCE), but it is unknown to what extent these reflect the actual folk tales even of their own time. The stylistic evidence indicates that these, and many later collections, reworked folk tales into literary forms. What they do show is that the fairy tale has ancient roots, older than the *Arabian Nights* collection of magical tales (compiled *circa* 1500 AD), such as *Vikram and the Vampire*, and *Bel and the Dragon*. Besides such collections and individual tales, in China, Taoist philosophers such as Liezi and Zhuangzi recounted fairy tales in their philosophical works. In the broader definition of the genre, the first famous Western fairy tales are those of Aesop (6th century BC) in ancient Greece.

Jack Zipes writes in *When Dreams Came True*, "There are fairy tale elements in Chaucer's *The Canterbury Tales*, Edmund Spenser's *The Faerie Queene*, and ... in many of William Shakespeare plays." *King Lear* can be considered a literary variant of fairy tales such as *Water and Salt* and *Cap O' Rushes*. The tale itself resurfaced in Western literature in the 16th and 17th centuries, with *The Facetious Nights of Straparola* by Giovanni Francesco Straparola (Italy, 1550 and 1553),[31] which contains many fairy tales in its inset tales, and the Neapolitan tales of Giambattista Basile (Naples, 1634–6), which are all fairy tales. Carlo Gozzi made use of many fairy tale motifs among his Commedia dell'Arte scenarios, including among them one based on *The Love For Three Oranges* (1761). Simultaneously, Pu Songling, in China, included many fairy tales in his collection, *Strange Stories from a Chinese Studio* (published posthumously, 1766). The fairy tale itself became popular among the *précieuses* of upper-class France (1690–1710), and among the tales told in that time were the ones of La Fontaine and the *Contes* of Charles Perrault (1697), who fixed the forms of *Sleeping Beauty* and *Cinderella*. Although Straparola's, Basile's and Perrault's collections contain the oldest known forms of various fairy tales, on the stylistic evidence, all the writers rewrote the tales for literary effect [2].

In England folk tales were collected and recorded much later than in Russia, German in Germany and French in France. The first collections of English folk tales appeared in the late 19th century. For the first

time he collected and published two volumes of English folk tales Joseph Jacobs (1854-1916), president of the English folklore club.

Tales written in English give an idea of national myths, legends, and also introduce the individual elements of the spiritual and material culture of this rich country.

English fairy tales amazingly differ from other countries. In them other all – space and a way of construction, a genre and subject originality, features of heroes and characters. All it allows us to get acquainted with culture and a life of England, to learn different stages of its history.

The genre originality of English national fairy tales outwardly very much reminds versions of fairy tales of other countries, however, internal distinctions appear defining. In general fairy tales on animals, household and magic fairy tales which include legends about witches, giants, phantoms are allocated. Also quite often English fairy tales borrow ballad plots and are under construction on their basis.

Collecting and fixing of Kazakh fairytales was started in XIX century when Russian orientalists started researching Central Asian territories very intensively. This period was connected with S.Ualikhanov, G.Potanin, V.Radlov, I.Kraft, R.Karutts, I.Berezin, A.Vasilyev, A.Alektorov and the others.

According the Kazakhstani investigators, the first researches on fairytales was started by the famous Kazakh writer M.Auezov, the professors P.Falev and L.Sobolev in the early XX century. Auezov and Sobolev considered that enchanting fairytales are fabulous ones and the most ancient genre. The Russian researcher Afanasyev also indicated fabulist and mythological of enchanting fairytales. Many scientists indicate the interrelationship between myths and fairytales, but it should separate these categories. The consideration about relation between myths and fairytales will be below. Now it is necessary to note that enchanting fairytales should not indicate with category of fabulist. Propp thought that fabulist is not clear and not scientific category. First of all fairytales are indicated with their regularity and reiterate, which are the object of fairytales analysis's investigations.

A.Divaev, S.Seyfullin, O.Turmanzhanov collected and fixed a lot of fairytales, which were included in basics of fairytales' collections later. The Kazakh poets and writers as S.Begalin, S.Omarov, M.Tiessov and the others did a lot of important works in this direction. L.Makeev, N.Severin, E.Melyugin, V.Sidelnikov translated and published a lot of fairytales. In the same period it is necessary to note such researchers as E.Smailov who worked on enchanting tales and B.Kenzhebaev who investigated everyday tales.

Smailov also pointed antiquity of Kazakh enchanting fairytales and indicated a lot of Arab, Persian, Russian and Tatar influences in them.

Professor M.Gabdullin called enchanting fairytales as oral high-art folk prose. What about fairytales' poetics, he as Auezov thought that some enchanting fairytales are started and mostly they are included rhyme introductions, which sometimes don't have any direct relation to a fairytale.

N.Smirnova indicated and proved a genre syncretism of Kazakh fairytales.

It is necessary to note S.Kaskabassov's works on enchanting fairytales, E.Tursunov's works on everyday ones, N.Turekulov's researches on the genre-structural analysis of Kazakh folklore, E.Kostukhin researches on the comparison Kazakh fairytales with the other folks' fairytales in the 70–80th years of the last century.

Қазақтың байырғы сөздерінен жасалған терминдер қатарына ең алдымен сөздерге терминдік мағынаның үстемеленуі нәтижесінде қалыптасқан терминдер жатады. Байырғы сөздерден жасалған бұл терминдер кірме терминдерге қарағанда лексикада аз болсада, сапа жағынан алда тұрады. Төл

терминдеріміз қазақ терминологиясының басты-басты ғылыми ұғымдарын жеке тұрыпта, тіркесіп келіпте нақты әрі дәл бере алады. Олардың сонау ерте заманнан бері табиғи жолмен дамып, іріктеліп, соның нәтижесінде терминдік мәнге ие болуын ескерсек, әлдақайда өміршең келетінін көруге болады. Бұл терминдік қабат халықтың, ұлттық тікелей когнитивтік ойлау ерекшеліктеріне байланысты болғаннан кейін түсінікті әрі ұғымдық мағынасы тұрақты болып келеді. Байырғы сөздерден жасалған терминдер негізінен терминдік мағынасымен бірге жалпы қолданыстағы лексикалық мағынасында сақтайды.

Қазақтың байырғы сөздерін дұрыс қолдану арқылы терминология қорына енгізу – барлық терминология сала мамандарының басты міндеті. Байырғы сөздер негізінде жасалған терминдік элементтер медицина терминдерінің одан әрі үздіксіз қалыптасуына мүмкіндік беретін бірден-бір дұрыс жол. Терминология жасау тәжірибесінде терминдердің көптеген синонимдік қатарларының, семантикалық дублет, синонимдік қатарлардың қатар қолданысының көп екенін байқауға болады. Бұл өз кезегінде терминдердің сапалық құрамын арттыруға, бір іздендіру мен сәйкестендіру кезінде негізгі материалдық база болмақ.

Жалпы халықтық тілді қарастыру барысында жаңа ұғыммен түсінікті белгілеуде әдеби тілде жоқ керекті бөлшекті, эквивалентті таба алмаған жағдайда халықтық лексиканың қорына назар аударылатынын байқауға болады. Мәселен, туберкулез ауруы халық арасында *құрт ауру, көкірек құрты, көкірек ауру, көксау, өкпе ауру, көкірек бұзылуы* деген атаулармен белгілі. Сол сияқты радикулит – *бел ауруы, құяң, шойырылма*, зуд ауруы *ащу, қышыма, қышып дуылдау,* оспа ауруы – *әулиешешек, қорасан, шешек* және өзге де атаулар мен аталып жүр.

Жалпы халықтық лексиканың негізгі бөліктері бірі болып табылатын диалекті сөздердің де терминдік мағына беретін кездері болады. Олардың кейбіреулері синонимдік қатарды да түзіп кетеді. «Ауру» сөзі әдеби тілде *сырқаттану, ауру, науқастану, дертке шалдығу* деп берілсе, Қазақстанның әртүрлі аймақтарында Алматы облысы – *чікірттену*, Торғай облысында – *дімкестену* деп жүрсе, «мигрень» сөзі әдеби тілде – *бас сақинасы*, ал сөйлеуде – *қыйма* (Семей облысы), «саңырау» әдеби тілде осылай берілсе, халықтық тілде – *сараң, сарын* деп қолданылады.

Байырғы сөздер терминологияда ең өнімді жұрнақ болып саналатын – ***лық, -лік*** жұрнақтарының жалғанып жаңа термин жасауына негіз болады. Мысалы, мұндай медициналық терминдер қатарына мыналарды жатқызуға болады: *денсаулық, бейімділік, енжарлық.*

Диалектілердің арасында да медицина терминдері ретінде жұмсалуға болатын нұсқаларын табуға болады. Кейбір үлгілері әдеби тілдегіге қарағанда әлдеқайда ықшамырақ әрі танымдық қызметті емін-еркін беріп отыр [2, 253 –254].

Халықтық медицина терминдері

Диалект сөздер	Әдеби тілдегі нұсқасына түсінігі
Жаман ауру	Алапес
Желқабыз	Желдену, ішкебу
Зіл	Жараның сасық іріңі
Итжүн	Бұзау ауруының аты
Кеңкелес	Жарымес
Кесел, касал	Ауру, науқас, сырқат
Сақаю	Сауығу, тәуір болу
Сарық ауру	Сары ауру, сарғайып ауру
Сырқаттану	Сырқаттану, ауру, науқастану
Ұшпа	Топалаң (қойа уруы)
Жөткүрүк	Тымаурату, жөтелу
Көбүрткейлі	Күбіртке
Кезік	Сүзек

Анатомия және физиология терминдері мен сөздері

Диалект сөздер	Әдеби тілдегі нұсқасына түсінігі
Айырт	Бұт, шат
Азандық	Сырғалақ (құлақтың жұмсақ жері)
Ақшажілік	Кәріжілік
Бадалы	Жүзі, сырт көрінісі
Бөбешік	1) Кішкене тіл; желбезек; 2) құлақтың төменгі жұмсақ жері Бүртік (бөрткен)
Бұлтұқ	Тыржық (әжім)
Быржық	Балтыр, аяқтың үзеңгілік жері
Белтір	Бақайшақ

Бақалшақ Оспы Маңлай Таңлай Тылабой Тырысқақ Қабыртқа	Тұрпайы, үскіні Маңдай Таңдай Тұлбой Оба Қабырға

Термин пайда болу үшін ең алдымен белгілі бір терминдер жүйесіндегі орны нақтыланған ұғым болуға тиіс. Ол ұғымның орнының нақтылануы деп біз сол ұғымды өзге ұғымдардан ажырататын оның өзіне ғана тән айрықша белгілерімен қасиеттерінің анықталуын айтып отырмыз. Яғни, бұл ұғымның қамтитын шекарасын, көлемін анықтау деген сөз.

Тіліміздегі жалпы қолданыстағы, сөздердің терминденуінің екі түрлі жолын көрсетуге болады. Біріншісі – халықтың ұғымында бұрын болмаған ғылым мен техниканың, медицинаның даму барысында ашылған жаңа ұғымды ұлттық тілде бұрыннан бар сөзбен белгілеу. Терминденудің мұндай жағдайында сөздің тек дыбыстық жағы алынады да, бір ғана лексема екі жүйеде (жалпы лексика мен арнаулы лексика) екі басқа ұғымды білдіреді.

Екіншісі – халықтың ұғымында бұрыннан бар ұғымның атауымен қоса, жалпы лексиканың өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтуі. Бұл жағдайда ғылым мен техниканың даму деңгейі мен терминологиялық жүйенің талабына сәйкес ұғым жаңа сапалық белгілерді иеленеді. Сөздің лекикалық мағынасын құрайтын, белгілерінің орнын (кейбір белгілері сақталуы мүмкін) ғылыми немесе арнаулы ұғым белгілері алмастырады [3, 49].

Терминологиядағы кірме терминдер – тілімізге шығу жағынан басқа тілден енген терминдер жүйесі. Кірме терминдер қазақ тіл білімінде әлі толық зерттеліп біткен жоқ. Қазақ терминологиясыныың едәуір бөлігін кірме терминдер құрайтыны сөзсіз. Кірме терминдерді екіге бөліп қарастыруға болады:

- араб, парсы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер;
- орыс тілі мен еуропа тілдері негізіндеенген терминдер.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерін арнайы зерттеген ғалым Л.Рүстемов: «Араб және парсы сөздерінің қазақ тіліне ауысуы жүздеген жылдарға созылған ұзақ процесс» екендігін айтады. Ал Р.Сыздықова араб, парсы сөздерінің XVIII ғасырдың ақын-жырауларының шығармаларында мол кездесетіндігін айта келіп, бұл сөздер әңгіме етіп отырған дәуірден көп бұрын халықтың тіліне сіңісіп, қазақ лексикасының байлығына айналған деп тұжырымдайды. Бұл кірме сөздердің қай дәуірге тән екенін де мөлшерлеп айту қиын, өйткені, бұл сөздердің қазақ лекикасының ажырамас бөлігіне айналғаны сонша ол өзінің бастапқы формаларын жоғалтып алған, ал кейде олар араб тіліндегі ұғымы мен түсіндірме ретінде қолданылмайды да, басқаша реңк алып кеткен. Діннің келуі мен мәдениттің өріс алуы араб-түрік тілдерінің тығыз байланысын туғызды, ал бұл өз кезегінде тілде үлкен тілдік құбылысты қалыптастырды.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің жалпы лексикасында ғана орын алмаған, олар терминдену үрдісіне де белсене қатысып кеткен. Кірген араб-парсы терминдерінің ерекшелігі де сол – олардың ғылыми, өндірістік, қоғамдық-саяси, діни лексика негізінде енуі. Ғылыми сипаты бар лексиканың терминологиялық қабатқа бірден еніп кетуі заңды құбылыс.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша қазақ терминологиясы құрамында араб, парсы сөздерінен жасалған 200 шамалы терминдер бар екені анықталды [4, 62].

Араб, парсы кірме сөздерінің көпшілігі тіліміздің ішкі заңдылықтарына бағынып қабылданған. Бұл туралы Л.Рүстемова: «Әдеби тілімізге ертеден еніп, әбден сіңісіп кеткен араб-парсы сөздері қазіргі қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына толық бағынып, соған сәйкес фонетикалық және грамматикалық өзгерістерге ұшырап отырғаны белгілі», – дейді. Терминологияда араб, парсы кірме терминдерінің араб, парсы сөздері мен төл жұрнақтарымыздың бірігуі арқылы жасалғандығы да анық байқалады.

Мұндай сөздердің қазақ тілінде қолдану өрісі мейлінше кең, әр алуан түрлі болып келеді. Араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың сан қырлы жақтарын қамтиды. Араб кеңістігінің кеңеюуіне байланысты ғылымның жаңа орын алған шығыс елдерінде пайда болып дами бастаған тұста әлемдік ғылымдардың барлығы дәл осы орталықта қалыптасып негізделді. Бірте-бірте Азия мен Еуропаның көптеген тілдерінде арабша ғылыми терминдер ене бастады. Әсіресе, математика, астрономия, география, теңіз істері мен сауда саласындағы, әкімшілік терминдер кең өріс алды. Олар *азурит, азимут, алколойд, калий,*

альмукантарат, альгорифм, алгебра, икс, цифр, зенит, вега, маркеб, муссон, везир, халиф сияқты сөздер. Қазіргі өзбек және азербайжан тілдерінде орыс және интернационалдық терминологиямен қатар арабша ғылыми терминдер де жиі қолданылады.

Қазақ тілінің қорына араб және парсы тілдерінен ауысқан, әбден тілімізге сіңісіп кеткен араб-парсы элементтерінің ішінде өздерінің алғашқы полисемиялық мағынасынан айырылып қалған сөздер аз емес. Оларға мысалдар мен фактілер келтіре кетейік.

Дәм (қазақша – дем) деген тәжік-парсы сөзі көмекші етістіктер арқылы сөз мағынасын ұлғайтуға жарқын мысал бола алады. Бұл сөз тәжік-парсы тілінде тек «тыныс алу» мағынасын ғана береді. Ал қазақ тіліндегі мағынасы мейлінше кеңейе түскен деуге болады: 1. Дем алды – тыныстады. 2. Демін басты – ентігін басты. 3. Дем арасында – лезде, тез арада. 4. Дем берді – рухтандырды, жігерлендірді. 5. Демі бітті – дүние салды, өлді. 6. Демі қосылды – ұғысты, уәделесіп бірікті. 7. Дем салды – емдеген болып, үшкірді. 8. Дем санап жатты – хал үстінде, әлсіреп жатты. 9. Деміне нан піскен – дандайсыған. 10. Екі иығынан дем алды – асқақтады, аптықты, ентікті. 11. Демі ішінде болу – құпия сақтау [4, 66].

Көмекші етістіктің тіркесуі арқылы негізгі сөздің мағынасының ұлғая түсетінін байқауға болады.

Тәжік-парсы тілдерінде hәва сөзі бірнеше мағынада қолданылады: 1. Атмосфера, ауа. 2. Климат. 3. Ауа райы. 4. Фантазия. 5. Қорқақ. Ал қазақ тілінде «ауа» сөзі алғашқыда өте-мөте тар мағынада «тыныс алу үшін қажетті зат», «оттегі», «атмосфера» ұғымында ғана пайдаланылып келгені мәлім. Кейінірек осы «ауа» сөзінен пайда болған «әуе» сөзін «аспан» деген ұғымды білдіру үшін пайдаланылады [4, 67].

Кейбір араб-парсы сөздері өзінің туған топырағында бірнеше ұғымды білдіретін, көп мағыналы яғни полисемиялық сөздер болып келеді де, қазақ тіліне ауысқан соң қолдану өрісін тарылтып, бұрынғысынан гөрі әлдеқайда тар көлемдегі ұғымды білдіретін болып қалады.

Арабша әсәр (қазақша – әсер) деген де араб тілінде көп мағына береді: 1. Із, белгі. 2. Аңыз, көп заманның ескерткіші. 3. Ықпал. 4. Әсер, пікір, эффект. 5. Шығарма, еңбек. Әсер сөзі қазақ тілінде сырттай бір құбылыстан, қимыл-әрекеттен болатын ықпал ұғымын ғана білдіреді [4, 57].

Тіліміздегі араб, парсы сөздерінен жасалған терминдерді сөз еткенде олардың ғылымның бірнеше салаларына ортақ қолданылатындығын айту керекпіз. Одан кейінгі айту керек заңдылық араб, парсы сөздерінен жасалған терминдердің едәуір бөлігі – адамның ішкі дүниесі, көңіл-күй, сезімін білдіретін дерексіз мәнді терминдер екендігі.

Араб-парсы сөздерінің терминденуі өзге шет тілінен енген терминдерге немесе аударма терминдерге қатысы жоқ. Бұл – лексикамыздың өз ішіндегі қабаттардың терминдену ретінде танимыз. Ал өзге шет тілінен енген сөздер аударманың, кальканың негізінде терминдік тұрақтылыққа ие болған, ал араб, парсы тілдерінен енген сөздердің терминденуі ұзақ процестің жемісі болғандықтан олар әрі түсінікті әрі ұғымға лайықты болып келді.

Қазақ төл медицина терминдерінің біршама бөлігін араб-парсы терминологиясы құрайды. Бұған себеп қазақ халқының араб-парсы медицинасын күнделікті өмірде тығыз пайдалануымен байланысты. Араб-парсы медицинасында қамтылған ем-дом әрекеттерінің қазақ арасында да кең таралған ем-дом, дәрі-дәрмек атауларына сәйкес келетін сөздердің қазақ тілі лексикасында да тұрақтап қалуына мүмкіндік берді.

Қазақ терминологиясында халықаралық терминдер екіге бөлінеді: 1) тікелей орыс тілінен енген; 2) орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен енген терминдер. Алайда олардың қатарында жалпы қорында мұндай терминдердің орысша қалпымен алынғаны көп емес. Олардың барлығы дерлік төл сөздік қорымызда бұрыннан бар сөздердің жаңа терминдік мәнде жұмсалуы немесе сөзбе-сөз аудару жолымен жасалған терминдер болып табылады. Мысалы, *көңіл-күй – настроение, табандылық – настойчивость, аралық ми – промежуточный мозг, тітіркендіргіш – раздражитель*, т.б.

Тіліміздің ішкі заңдылықтары мен мүмкіншіліктерінен жасалғандықтан мұндай сөзбе-сөз аудару жолымен жасалған терминдерді кірме терминдердің қатарына жатқызу қателік» дейді С.Исакова. Сонымен сөзбе-сөз аударудың екі табиғаты бар: бірі – сөзбе-сөз аудару өзі аударып отырған терминге қатысты аударма, екіншіден, өзінің жасалу жолы мен әдісі жағынан – сөзжасам тәсілі болып табылады. Мұндай аударма-терминдерді екі топқа бөліп қарастыруға болады:1.дара терминдер; 2.тіркесті терминдер

Орыс тілінен енген терминдерді, орыс тіліне тән сөздерді түгелдей сөзбе сөз аудару тәсілі арқылы алынған. Ал орыс тілі арқылы ауысқан еуропа тілдерінен енген терминдер терминолгияның едәуір бөлігін құрайды. Грек, латын сөздері орыс тіліне оның дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіліп алынған да, ал қазақ тіліне келгенде сол орыс тіліндегі қалпы өзгермей қабылданған. Бұл терминдердің екі тілде тұлғалануында еш айырмашылық жоқ.

Кірме сөздердің басты кемшілігі – шарттылығы. Мұнда ұғым мен оны атаушы сөз арасында ешқандай қазақи байланыс жоқ. Сондықтан болар мұндай терминдердің таңбалық қасиеті әлсіз болғандықтан күнделікті өмірде аз қолданылуға бейім.

Ал күннен күнге медицина ғылымының әртүрлі салалары мен салааралық ғылымдары пайда болып жатқандықтан бұл ғылымның терминологиялық жүйесі де қарқынмен дамып отыр. Терминнің тілге енуі мен термин қабылдау, термин жасау үрдістерінің арасында тығыз байланыстың орнауы қажет екені түсінікті. Медицина терминжүйесінде орын алып отырған негізгі тенденциялар мен үрдістерді зерттеу барысында қазақ тіл білімінде де медицина терминдерінің атқаратын рөлінің молдығын әрі зерттеуге тұрарлық қырларының мол екенін байқадық. Медицина терминдерін қалыптастыруда термин баламаларын, ең бірінші, халықтық лексикадан, одан кейін әдеби лексикадан, одан кейін ортақ терминология жүйесін қалыптастыру үшін өзге түркі тілдерінде альтернативті нұсқаларды пайдалануды, екіншіден, қазақ тілінің грамматикалық-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты термин жасаудың арнайы амал-тәсілдері мен жолдарын қолдану, тек үшінші жағдайда ғана аударма, яғни калька термин тәсілін қолдануды ұстанып отырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исакова С.С. Қазақтерминтанымы: лекикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. – Алматы, 2007 ж. – 159 б.

2. Мұхамбетов Ж.И. Қазақ диалектологиясы (Практикалыққурс): Университеттердің филология факультеттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 400 б.

3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздерімен термин жасау тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.

4. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсыкірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.

5. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2-том. Алматы: «Мектеп», 1989. – 301 б.

6. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. 2-том. Алматы: «Мектеп», 1974. – 384 б.

Дәулетбекова Ж.С.
аға оқытушы, С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ,
қазақ тілі және кәсіби қазақ тілі кафедрасы, dauletbekova00@mail.

Дәрменқұлова Р.Н
ф.ғ.к., доцент - rainur70@mail.ru

Қожахметова Ф.Б.
ф.ғ.к., доцент

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ, АУЫЗЕКІ ТІЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ МӘНІ

Түйін. *Суреткердің сөз өрнегін жасайтын амал әрекет - ақын тілінің сөздік байлығы екені белгілі. Тілдің лексикасы қашанда толығып, байып отыратыны мәлім. Ондай толығу мен баю бірнеше аспектіде жүретіні де белгілі. Айталық, басқа тілден енген кірме сөздер, тілдегі бұрыннан да бар байырғы сөздердің жаңа семантикалық мағынаға ие болуы, сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа сөздердің жасалуы т.б. Осы негізде, бұл мақалада Тұрмағамбет ақын өзінің тілінде сирек сөздерді, мағынасы күңгірт тартып, ұмыт бола бастаған көне сөздер, қолданылар аймағы тар жергілікті сөздер және ақын өзі ұсынар жасанды сөздерді еркін пайдаланатындығы қарастырылады. Сонымен қатар, зерттеуімізде ақын тілінде семантикасы көпшілікке түсініксіз уәжді тілдік бірліктердің кездесетіні және қалың жұртшылыққа түсініксіз, қолданылу өрісі шектеулі тілдік бірліктердің негізгі мән-мағынасы шығарманы оқу барысында белгілі болатындығы сөз етіледі.*
Мақалада Т.Ізтілеуов поэзиясында қолданылған авторлық ерекшеліктер суреткердің даралық сипатының қолтаңбасы ғана емес, тілдік тұлғасына тән ой-танымының, көркемдік әлемінің көрінісі болып табылатыны нақты тілдік деректермен дәйектеледі.

Резюме. *В этой статье рассматриваются сфера применения элементов устной речи, редкие слова в языке Турмагамбета Изтлеуова. Попытка автора создать формулу слов свидетельствует о его большом словарном запасе. Известно, что лексика любого языка всегда пополняется и обогащается. Такое дополнение и обогащение проявляется в нескольких аспектах. Например, заимствованные слова из других языков, издавна использованные слова приобретают новое семантическое значение, с помощью суффиксов образуются новые слова. В этой статье рассматриваются сфера применения древних слов и элементы устного народного творчества, редко встречающихся слов, утратившие свое значение слов, слов-архаизмов Турмагамбета Изтлеуова. В данной статье свободно применяются слова присущие определенной местности,авторские слова и древние слова приобретают новое семантическое значение. Также, в статье встречаются видоизмененные автором языковые единицы семантическое значение, которых непонятны многим и основное значение слов использующихся в определенной местности становятся понятными при прочтении труда.*
На основе художественности произведения автора было уделено внимание на особый контекст автора, определяющий языковую личность.
В поэзии Т.Изтлеуова показано использование не только авторских особенностей, но и богатое видение художественного мира.

Summary *In this article, the language spoken in Turmagambet Iztleuov elements away from the meaning of the words of the poet's rare in matte is determined by the scope of the old words began to be forgotten. The use of a narrow zone of free local words and the words of the poet is itself an artificial usage of indigenous tells you how to have new semantic meaning of the words. In addition, the semantics of the language of the poet meet incomprehensible language units in convincing the general public and the general public does not understand the meaning of language units in the limited field of action is known that in the course of training the work. T.Iztilewov specifications used in poetry's inherent in the personality of the writer and not only the signature of the individual nature of language provided is a manifestation of the idea of understanding the art world.*

Суреткердің сөз өрнегін жасайтын амал әрекет - ақын тілінің сөздік байлығы екені белгілі. Тілдің лексикасы қашанда толығып, байып отыратыны мәлім. Ондай толығу мен баю бірнеше аспектіде жүретіні де белгілі. Айталық, басқа тілден енген кірме сөздер, тілдегі бұрыннан да бар байырғы сөздердің жаңа семантикалық мағынаға ие болуы, сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа сөздердің жасалуы т.б.

Осы тұрғыдан Тұрмағамбет ақынның тілінде сирек сөздер, мағынасы күңгірт тартып, ұмыт бола бастаған көне сөздер, қолданылар аймағы тар жергілікті сөздер және ақын өзі ұсынар жасанды сөздерді еркін пайдаланылғанын көреміз.

Халықтың ауызекі сөйлеу тілін, ғасырлар бойы шыңдалған ауыз әдебиетін, сондай-ақ өзіне дейінгі және өзіне тұстас қаламгерлер үлгілерін жақсы біліп, солардың тілін сарқа пайдаланған Тұрмағамбет

ақын өз лексиконына қазақ тілінде бұрынырақ қолданылып, өз заманында көнерген немесе көнере бастаған сөздерді де шебер енгізген.

Яғни, ақын дискурсында бүгінгі, тіпті өз кезеңіндегі қалың жұртшылыққа бейтаныстау, түсініксіздеу сирек қолданылатын этнографизмдер мен кейбір көне сөздер кездеседі. Мысалы, ақынның сөздік қазынасындағы, сөз таңдауында кездескен этнографиялық атаулар - пассив қордағы сөздер. Бірақ, диалектизмдер мен сирекқолданылатын көне сөздердің стильдік статусы барын да көркем сөз шебері жақсы сезеді. Мысалы: *ырда* (ишан, молдалар киетін жеңсіз көйлек), *қымқап ішік* (алтынды, күмісті жіп араластырып тоқылған қалың жібек мата), *қаламы, бөз* (матаның аттары), *лаңгі* (алғашқы адамдардың пайдаланған етек жапқыш киімі), *гауһар күлә* (бас киім, тақия), *зербап* (алтыннан тоқылған зерлі мата), сонымен қатар *тон*, *тіллә, алтайы ішік, шекпен, мауыт, қамқа, мақпал*, *барқыт, пұлыш, дүр, атлас, кемқап, торқа* сөздерін, сонымен қатар асыл тастар *алтын*, *дүр, яқұт*, *гауһар, фируза, лағыл*, *інжу, зәмруд* (изумруд) сөздерін де автор өнімді, жан-жақты пайдаланған. Бұл сөздерді ақын образ үшін емес, өз заманынан бұрын өткен кезеңдегі қазақтың киіну қалпын оқырманның көз алдына елестету үшін оларды тура өз мағыналарында жұмсаған. Яғни Тұрмағамбет халықтың салт-дәстүріне, ескілік киімдерінің түрлеріне олардың атауларына назар аударды. Келтірілген мысалдарды ақын тілімен сөйлетсек:

Қуанып көз көрмеген киді киім,
Түлкі мен құндыз да емес, жанат, *тиын* [1]

Тиін - орман тоғайда ағаш басында өмір сүретін терісі қымбат, күлте құйрықтыкішкене аң. Яғни көне тұрмыста тиіннің терісінен тігілген киімнің өте бағалы болғандығы байқалады.

Ертедегі тұрмыста дәулетті адамдардың әлеуметтік жағдайын танытатын киім түрі «тон» болған. Тонның әлеуметтік және тұрмыстық жікті ажырататын тілдік фактор екенін Тұрмағамбет тіліндегі мына жыр жолдары айғақтайды:

Екі мың атлас,қымқап келді кілем,
Келді тон таңырқайтын алтын кілең.
Дүр, гауһар, тілдә, күміс қалды үйіліп,
Санасаң шағылатын қатып сілең [2]

Киім-кешек, мата атаулары ұлттық мәдениеттің ерекшелігін танытумен қатар, мәдени атаулар ретінде қазақ лексикасы байлығының да бір бөлшегін құрайды. *Кемер* - бел, белдік, белбеу. Осы жерде атап өтерлік жайт - ұлттық киімдерде «алтын» сөз тіркесті атаулар өте көп*(алтын шашбау, алтын тон т.б.).* Осы атаулардағы *алтын* сөзі - киімнің өте бағалы, қымбаттылығын, алтынмен айшықталғанын көрсетеді. Тұрмағамбет тілінде:

Һамайға Аржасыптың берді тағын,
«Кетір, - деп, - мұны мініп көңіл дағын».
Тақтырды Апритке де алтын шашбау,
«Сынбас, - деп, - сенің-дағы менен сағың».

Бұл күнде сирек қолданылатын мұндай көне этнографизмдердің қатарына көшкен сөздерден Тұрмағамбет тілінде кездесетіндері деп:*самар* (қымыз құятын, ет жасайтын соқпақ астау, тегене, тегеш), *мүш*(жұдырық), *дамолла* (үлкен, оқымысты молда), *татау* (арам пиғыл, жаман ой), *қылыш, қанжар, садақ найза*, *жебе* (соғыс құралдары, сауыт-сайман, қару-жарақ), *жалынжа* (жалақы), *жаң* (шыбық ағаштан жасалған құс ұстайтын құрал, ау), *сиырма* (жалаң, суырма (қылыш)), *салақпан* (сақпан, рогатка), *үп* (дүние, мүлік, зат), *жайдар* (садақтың оғы), *саржа* (сүйектен әшекейленген садақ, жақ), *қамық* (өлең, жыр, ән-күй), *жыға* (соғыста киетін бас киім), *желқабыз* (ақылгөй), *көпек ит* (жүндес ит, барақ ит), *шуал* (үлкен қап), *ықтырма* (жабық қора), *басалқа* сонымен қатар *хан, ханзада, бек патша, уәзір, құл* т.б. сияқты есім сөздер мен *беркі* (беку, шыныгу, төзу), *бәсі* (бағасы, құны), *қасыну* (тиісу), *шабандау*, *бенттелу, азат айлау* (азат ету), *быласу* (бүліну) *қайбырту* (қорқу), *ығу* (бағыну, беті қайту), *қайыл болу* (мойындау, тәнті болу), *ықсан ету* (жәрдем ету), *байтақ жұрт* (барлық ел, халық) т.б. етістіктерді қолданған. Бұлардың бірқатары образ үшін қолданған. Мысалы, *жыға* сөзін алайық:

Тіл - тілмаш, ақыл-уәзір, көңіл - сұлтан,
Нәпсі - тақ, кеуде - сарай, **жығасы** - *тән*

Немесе:

Басынан қисайғанда алтынжыға,
Асығып екі қолды жеңге сұға.
Япырай қалай заман боп қалды? - деп,
Қараса көзі алақтай үйден шыға, - дейді.

Немесе, *желқабыз* сөзінің қолданысын қарасақ:

Желқабыз *жиырма жігіт атқа мінген,*

Көргендер қылуасына сырттан күлген, - дегенде «шаршап-шалдығуды білмейтін, талмайтын» деген мағынаны білдіріп, образды беріп тұр.

Өлең мәтіні тек біртұтас образдардан ғана тұрмай, қажет жерлерінде тура мағыналарында жұмсалуы - суреткер шеберлігінің бір қыры болып табылады. Мысалы; *«Кей-Құсырау киіп басқа алтын жыға»* дегенде тура мағынасында жұмсалып тұр.

Қарындас сөзінің о бастағы «ағайын, туысқан» мағынасыөткен ғасырда қазақ тілінде жоғала басңаған құбылыс, оның орнын соңғы сөздер ығыстыра бастайды да, *қарындас* варианты осы күні «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысқаны» деген ұғымды жиірек білдіреді.

Демек, қазіргі тіліміздे*қарындас* сөзі ер адамның өзінен кіші әйел балаға қаратып, қолданылады. Ал Тұрмағамбет дискурсында *қарындас* сөзінің көнерген мағынасын *туысқан, ағайын, ел-жұрт* сөздерінің синонимі ретінде келтіреді. Мысалы:

Қамқор боп **қарындасқа** *қоғамдасу,*

Қолыңды қорғайтұғын жеңі секілді

Сонымен қатар Тұрмағамбет кезеңінде *ұл* түрінде қолданылатын сөздің *ұғыл* варианты қазақ тілі үшін көнелігі болмаса, жаттығы жоқ екенін ақын лексикасы көрсетеді. Бұл секілді көне тұлғаларды Тұрмағамбет тілінен келтірер болсақ:

Қайтадан қосағына қосылған соң,

Тудырды пайғамбардай төрт ***ұғылды***

Ақын тіліндегі «дүр» сөзі өте көне тұлғалардың бірі болуы керек. Ол өткен ғасырдағы қазақ ақындарында едәуір мол кездеседі, *Сүйегі асыл дүр еді* (Қамбар), *Шешен жігіт дүрмен тең* (Шал ақын), *Ақылы асқан дүр болар* (Шортанбай). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзді «атақты, зор, әйгілі» деп түсіндіреді [3]. Ал, Тұрмағамбет «дүр» сөзін басқа ақындар қолданған мағынадан мүлде өзгеше қолданады.

Қаратып халық біткенді қойдым саған

Анығын айт осының? - деді, - дүрім - дегенде «дүр» сөзі *ақылдым, данышпаным, шешенім* деген мағынада қолданылса:

Баласы Алтынайдың болғаннан соң

Кемеңгер, білімге бай анық дүрсің - деп, «дүр» сөзін *ақын* мағынасында қолданған.

Ғалым Ғ.Мұсабаев дүр//дұр тұлғаларын көне жұрнақ деп дәлелдесе, ғалым Е.Жұбанов *дүр* шылау формасы, түп-төркіні модаль болуы тиіс. Алайда поэзия тілінде бұл тек етістікке жалғанбай, есім сөздерімен де тіркесіп айтыла береді» дегенді айтады [4]. Ғалым Р.Сыздықова «XV-XVII ғасыр поэзиясында *дүр* варианты басым болғанға ұқсайды, кейіннен бұл үлгілер хатқа түскенде -ды, -ді, -ты, -ті болып өзгеруі мүмкін" дейді [5].

Дүр сөзі "үлкен" сөзімен мағыналас. Қазақ дәстүрі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде *дүр* - қымбат бағалы асыл тас, *дүррі гауһар* - гауһар тастың ең үлкені, асылы, тазасы [6], - деп көрсетілген. Қазақ лексикасында бейнелеуіш сөздердің мағынасын зерттеуші К.Хұсайынов: "дүр" түбірі ауыспалы мағынада "даңқты болу, белгілі, атақты болу" дегенді білдіреді, - деп көрсетеді [7].

Тұрмағамбет тілінде *кішілік сөзі* кездеседі.

Қыз бар ед Пәреңде де Ғарира атты,

Қыпша бел, құралай көз, һүр сипатты.

Оныда ***кішілікке*** *беріп Пәрәң*

Байласты бір-біріне махабатты, - деген жолдар бар. «Сырт қарағанда, мұндағы *кішілік* сөзі *кіші* деген сөзден жасалған (кіші әйел, тоқал) сияқты болып көрінеді, - дей келе, Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» еңбегінде бұл сөздің түбірі көне түркі тілдеріндегі *кіші/кіс* сөздері. Махмут Қашқаридің көрсетуі бойынша, *кіші* сөзі «біреудің әйелі» дегенді білдірген, «үйлену» дегенді *кіші алу* деген (қазақ тіліндегі *қатын алу*, қазіргі *әйел алу* дегендермен салыстырыңыз), - дейді [8].

Демек, Тұрмағамбеттегі *кішілікке беру* «әйелдікке беру» деген мағынада жұмсалған. «Сірә, «кішкентай» мағынасындағы кіші сөзінің актив қолданылуына байланысты және *катын, әйел, зайып, жұбай* сөздерінің тіл кәдесін әбден атқаруына орай «біреудің әйелі, жұбайы» деген ұғымдағы *кіші* сөзі қазақ тілінен мүлде ығысып кеткенге ұқсайды да, тек *кішілік*тұлғасында көненің көзі ретінде некен-саяқ жұмсалып келгені байқалады. Ал, қазіргі алтай т.б. тілдерде *кісі, кіші* «әйел» деген мағынада қолданылады.

Сонымен қатар Тұрмағамбеттің жырларында *байтақ* сөзі де жиі кездеседі. Мысалы, мына жыр жолдарында:

Не дейсің, -дедіКәшуат, - ендімаған?

Ол балаң **байтақ** *елге болар баған.*

Тауып ал, ұлың тірітүсіңде де,

Түс түрін көрсетіпті тәңірім саған.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» - *байтақ* сөзі бұл күндегі әдеби тілімізде «ұшы-қиыры жоқ, кең» деген сын есімдік мағынада қолданылады» делінген. Ал жоғарғыдағы жыр жолдарында бұл сөз осы көрсетілген ұғымда емес. Байтақ бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, белгілібір этникалық-территориялық единица (мыс. хандық сияқты) «ел, жұрт» деген мағынаны білдірген. Мұндағы *байтақ*деп отырғаны - белгілібір территориядағы белгілібір құрамды ел. Бұл сөздің осы мағынасы қазірде де қолданылатын *байтақ ел, байтақ жұрт* деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған.Зерттеушілеріміздің еңбегіне қарағанда, *байтақ ел, байтақ жұрт* дегендерді өткен ғасырдағы қазақша-орысша, орысша-қазақша екі тілдік сөздіктердің «многочисленный народ» деп көрсетуіне себепкер болған сияқты. Бертін келе *байтақ* сөзінің о бастағы мағынасы күңгірттеніп «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» деген мәнге ие болып, өзге сөз тіркестерімен де қолданылатын болған. *Байтақ* сөзінің өзі қазақ, қырғыз сияқты түркі тілдеріне өте ерте парсы тілінен енген болу керек. Парсыша *пайтахт* сөзі - «астана» (дәлме-дәл «тақтың төменгі жағы») деген сөз. Түркі тілдерінде «тақтың төменгі жағы» дегеннен «тахта отырған билеушінің (ханның) аяқ астындағы (қол астындағы) бағынышты ел» деген ауыспалы мән пайда болғанға ұқсайды. *Байтақ* сөзінің «жұрт» деген мағынаны білдіретіндігін қазақ тіліндегі көне мұраларда және жырларда кездесетін *астана жұрт* тіркесі дәлелдей түседі. Осымен байланысты ақын тілінде еш жерде кездеспеген *астана асы* тіркесі кездеседі.

Мысалы: *Отырды ертелі-кеш елді жайлап,*

Аштарға **астана асы** *тұрды қайнап.*

«Кетті-ау, - деп, - кеңіп өрісі мұның-дағы»,

Жаулары қорықты жүрген тісін қайрап.

Мұндағы *астана асы* тіркесі қалың жұртқа, қалың елге дайындалған тағам болуы керек.

Тұрмағамбет тілінде сырт қарағанда сирек, не көне, не жергілікті сөз болып көрінетін қолданыстар: *жығын* (бір топ жиын), *керік* (артар көлік, оңтүстікте өсетін мүйіз тұмсықты хайуанат,носорог), *борық* (борсыған шалшық су) сияқты сөздер сірә тілде бар, бірақ орнын тауып ілуде бір жұмсалар тұлғалар болуы тиіс.

Екі дауысты аралығындағы *қ, к* дауыссыздары көне түркі тілінде де ұяңдаған. Тұрмағамбет шығармасындағы:

Басқасы Кей-Қысырауға келіп тегіс,

Түстері төмен қарап тартып көгіс, - деген жыр жолдарында қолданған *көгіс* диалектісі - бір буынды *көк* түбірі ұлғайғанда, сөз соңындағы *к екі*дауыстының аралығында қалып, гдыбысына ұяңдаған.

Көне түркі тілінде сөз ортасында айтылған г дыбысы қазақ тілінде *у-ға* айналған. Шығыс тілдеріне жетік Тұрмағамбет ақын қазақ тіліндегі *ауырлық* сөзін түркі тілінің ізімен *ағырық*деп қолданған. Кейбір фактілерге қарағанда, осы позициядағы ғ дыбысыныңішінара и-ге ауысуы да болса керек. Мысалы, Тұрмағамбет тілінде:

Қалмастан қатын-еркек, үлкен-кіші,

Тамаша таң қаларлық қылды жығын, - дегенде ақын қолданған көне түркілік *жығын* сөзі қазірде *жиын* болып ауысып, сөз құрамындағыгдыбысы тарихи даму барысында өзгеріске ұшыраған.

Ақын айтпақ ойын оқырманға әсерлі, дәл жеткізу үшін әр алуан стильдік құралдарды іздейді. «Мұндайда эмоциялық әсері үлкен, экспрессиялық бояуы қалың сөздерді таңдайды. Халықтың сөйлеу тіліндегі кейбір сөздердің, оның ішінде диалектизмдердің осындай қасиеті күшті болады» [9].

Тұрмағамбет тілінде семантикасы көпшілікке түсініксіз уәжді тілдік бірліктер кездеседі. Қалың жұртшылыққа түсініксіз, қолданылу өрісі шектеулі тілдік бірліктердің негізгі мән-мағынасы шығарманы оқу барысында белгілі болады. Мысалы: ***ағаш ат***-*табыт*, ***ал тұяқ*** - *ала аяқ*, ***ашына*** - *дос*, ***бедеу*** - *жүйрік ат*, ***борық***- *борсыған*, ***бостан*** - *бостандық алу, босау*, ***бөген***-*бүкпе шананың екі табанын жалғастыратынағаш*,***бәсі***- *баға*, ***қылуа***- *қылмыс*, ***көмеш***- *табаға пісірілген күлше нан*, ***көгіс*** - *көкшіл, көгілдір*, ***кішік***- *кіші*, ***кібіт*** - *қойма, қамба*, ***кезік***- *сүзек ауруы*, ***күллиат***- *тұтас, барлығы, түгел*, ***қашы*** - *су шығып кетпес үшін істелетін бөгет*, ***қадақ*** - *өкпеден суық тиіп ауыру*, ***қау***- *қалың шөп*, ***қошық*** - *өлең*, ***қайыл***- *мойындау;* ***қаріп-қасар***- *кем, кәріп*, ***қайыс*** - *белбеу*, ***қоз*** - *қоламта*, ***қашақ***- *қашқын, қосын әскер тобы*, ***қадау-қадау*** - *бірен-саран, аз, бірлі жарым*, ***қалаш***- *балықтың қанаты;* ***жосақ*** *–бағыт, беталыс*, ***қашылау*** - *бөгеу, байлау*, ***қылуа*** - *қылмыс, бұзық іс*, ***дәркер***–*қат,діл*гер, *керек, қажет*, ***дарақ*** - *биік, зәулім ағаш*, ***дәйіс*** - *ұятсыз, арсыз*, ***жеңсең*** - *қолды бұта жырмас үшін киетін қысқа жең*, ***жарма***- *үлкен арық*, ***жөң***- *түйенің бурасы, бураның бір түрі*, ***жам***–*леген, шылапшын*,***кірлең*** - *кір жуатын ыдыс*, ***зәңгі*** - *басқыш, саты*, ***әңгі*** - *есектің айғыры*,

ғарық болу- *суға кету, су апатына ұшырау,* ***жек-*** *түсі боз, қанаты ала шөл құсы,* ***жығын -*** *жиың* ***жүрім-*** *суғарыш,* ***жап -*** *арық,* ***жалас-****жал, жота, белес,* ***зінə -*** *жеңіл жүріссияқты диалектизмдерді ақын белгілібір стильдік мақсатпен жұмсаған. Тұрмағамбет жергілікті сөз болып табылатын «басқыш-саты» мағынасындағы зәңгі сөзін түрі-түсі «қара халық» мағынасында қолданады. Мысалы:*

Қасына келді еріп бес жүз зәңгі,

Алакөз, ақылыаз, бәріде мәңгі.

Жеке сөздерге келгенде автордың өзі іздеп тапқан, не өзі жасаған (көбінесе тіркестер) тұлғалар да жоқ емес. Мысалы, ақынның «пиғылды», «ақылды» дегенді *пиілжұмла* деп атау, «дəмету», «олжалау» дегенді *тамғы қылу,кемқадам* (жоқ-жұқа), *қиял таулап* (қаялдап, ойланып), *үйге салу* (түрмеге салу), «қатты жабылу» дегенді *бенттелу деген* сөздері, біздіңше автордың өзі жасаған дүниелер.

Сонымен қатар, ақын дискурсында «дөрекілеу» ауызекі тіл элементтерін қолдануға да барғанын көреміз. Тұрмағамбет сөздің ерсілігіне, əдепке шеттігіне де қарамайды. Сондықтан Тұрмағамбеттей сөз шеберінің қазақтың поэзия тілін асқақтата, қазақ сөзінің не бір асылын жарқырата ұсынған ақынның тілінен жағымсыз *ұрғашы, қатын албасты, бетпақ, жарым, қаншық, кеміс, сайқал* сөздерін кездестіреміз. Құлаққа түрпідей, ауызға қышқылдай тиетін мұндай «дөрекі» сөздердің Тұрмағамбеттегі қолданысы стильдік мақсатпен орнымен келгендер Р.Сыздықова атап көрсеткен «мотиві-уəжі барлар» болып табылады.

Жалпы, бейнелі мағына беруде дағдылы сөздерден гөрі сирек кездесетін бейтаныстау элементтердің əлдеқайда ұтымды екендігі мəлім. Сондықтан Тұрмағамбет тілінде осындай лексикалық бірліктер көбірек кездеседі.

Əдебиеттер

1. *Ізтілеуов Т. Назым. Алматы: Жазушы, 1982, 317 б.*
2. *Ізтілеуов Т. Рүстем-Дастан. Алматы, ҚМКƏБ, 1961, 614 б.*
3. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Дайк Пресс, 1999. 776 б.*
4. *Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы: Ғылым, 1978,1846.*
5. *Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы: Ғылым, 1968, 329 б.*
6. *Қаралұлы А. Қазақ дəстүрлі мəдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Алматы: Сөздік - Словарь, 1997, 550 б.*
7. *Хұсаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке.Алматы: Наука, 1988. 232с.*
8. *СыздықоваР. Сөздерсөйлейді. Алматы: Санат, 1994, 150 б.*
9. *СыздықоваР. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 1997, 223 б.*

Асқарова А.Ш.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.

Досанова Н. Ж.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты (PhD),

Се Вэйнин
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты (PhD),
e-mail:altynai-74@mail.ru

ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ: ТАРИХЫ МЕН ДАМУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Түйін. *Мақалада текстологияның жеке ғылым ретінде іргетасының қалануы, оның теориялық негізінің қалыптасуы жайлы мәселелер қарастырылған. Текстология терминінің анықтамасы мен міндеті жайлы пікірлер мен зерттеу еңбектер жинақталып, ғылыми талдау жасалған. Сондай-ақ, авторлар әдебиеттану теориясы аясында текстология ғылымының дамып, практикалық текстология кеңінен қолданыс тапқанын тарихи дереккөздер негізінде көрсеткен. Сонымен қатар, мақалада жалпы қазақ текстологиясы тарихы мен қытай текстологиясының даму жолы зерделенген.*

Резюме. *В статье рассматривается история создания теоретических основ текстологии как отдельной науки. Обобщены и проанализированы обзоры и исследования в области теории и техники, касающиеся определения и функции термина. А также авторы на основе исторических источников показали пути развития и широкого применения практической текстологии в рамках литературоведческой теории. При этом в статье рассматриваются история казахской текстологии и развитие китайской текстологии*

Summary. *In this article we are discussing the theoretical foundation of bibliography, which is taken as an independent subject. Here the definitions of the bibliographical terms, the basic opinions about this subject and some researches will be shown. This article focuses on the fact that, nowadays in literature study, practical bibliography as a subject is being used more and more widely. Also in the article there is brief survey on the history of development of bibliographical researches in both Kazakhstan and China.*

Жалпы текстология ғылымының анықтамасы тіл білімі сөздігінде былай берілген: Текстология (мәтінтану) (лат. textus – қосылу, құрылым, байланысу + logia – ілім) әдеби және басқа да шығармалар мәтіндерін зерттеумен, жарыққа шығарумен айналысатын филологияның бір саласы. Мәтінтанудың міндеттері: шығарманың негізгі мәтінін қалыптастыру, мәтінді баяндау мен жасауға қатысу [1. 629].

Текстология – көркем шығарма мәтінінің тарихын және мәтін ғұмырын зерттейтін әдебиеттану ғылымының қосалқы саласы. Нақтырақ айтқанда, тарихты жандандыру мақсатында қолжазба және әдебиет шығармаларын салыстыра салғастыра зерттеп, олардың мәтінін сыни тұрғыдан қарастырып, анықтайды. Осындай зерттеулер арқасында кейінгі зерттеулер мен басылымдар жүзеге асырылады.

Мәтінтану ғылымының негізгі мақсаты мен міндеті шығарманың дұрыс мәтінін бере білу.

Жалпы текстология ғылымының даму тарихы сонау антикалық дәуірден бастау алады. Антикалық дәуір және орта ғасырларды қолжазбаны зерттеу дәстүрі дами бастады, олардың арасында автографтар кездеспеген. Соңғы уақыттарда осындай текстологиялық зерттеулер жаңа әдебиет шығармаларына да қолдануда және автографтардың (автордың қолымен жазылған мәтін) болуы текстология ғылымына жаңа мәселелер туғызды – туындының шығармашылық тарихын зерделеу, яғни автордың шығарманы жазу уақыты мен автордың өмір сүру уақыты.

Текстология ғылымын филологияның қосалқы саласы ретінде қарастырып жүргеніміз белгілі. Дегенмен мұнымен келіспейтін ғалымдар бар. Олардың дәлелі: «Текстология филологияның көмекші пәні емес, керісінше, оның бастауы мен негізі. Өзіндік даму тарихы бар ғылым саласы. Практикалық қолданыстан теориялық негізі қалыптасқан пәндерді ғылым жоққа шығара алмайды».

Орыс текстологтарының көрнекті өкілдеріне – Б.В. Томашевский, Д.С. Лихачев, С.А.Рейсер, Е.И. Прохоров, т.б жатқызамыз.

Текстология – ғылымдағы нақтылықтың, дәлдіктің көрсеткіші іспетті аса керекті, аса маңызды сала болумен қатар, кеше мен бүгіннің аралығын салмақтаудың құралы. Тіл тарихын танудағы лакмус қағазы сынды дер едік.

Текстологиялық зерттеудің нысанына айналған мәтіннің басты ұғымдары, көтерер мәселесі, автограф, тізімдер көрсеткіші, көшірмесі, архетипі, варианттары, грамматикалық негізгі тәсілдері, амалдар жүйесі (атрибуттары, түсініктемелері, даталануы, мәтінді қағаздан қағазға түсірген адамның қолына тән дағдылары, қателері, т.б.) – текстологияның алдына қойған мақсаты үдесінен шығуына қызмет етеді, соған мүмкіндік туғызады [2.21].

Біздің әдебиеттану ғылымымызда текстология ғылымы мүлде дамымады деп айтуға негіз жоқ. Бай мәдениеті бар біздің қазақ халқы үшін текстологиялық зерттеулердің қажеттілігі артып отыр. Ал

ол үшін текстологияның теориялық негізін қалыптастыру, терминдерге толыққанды анықтама беріп, қазақша баламаларын табу біздің алға қойып отырған мақсаттармыздың бірі болып табылады.

Қазіргі таңда біздің зерттеушілеріміз белгілі бір шығармаға (мейлі ол көркем шығарма болсын немесе тарихи ескерткіш болсын) текстологиялық зерттеулер жүргізбеді деп айта алмаймыз. Осыған орай қазақ әдебиеттану ғылымында текстологияның теориялық негізі бір ізге түспеді десек те, практикалық текстология кеңінен қолданыс тапты. Мысалға: Мұхамеджанов Қ. «Абай шығармаларының текстологиясы жайында», Убайдуллаева Г. «Мұхаббат-наме ескерткішінің текстологиясы», Шахимов Д. «Шәкәрім поэмаларының текстологиясы» және т.б сынды еңбектер өзге тілдегі текстологияның теориясына арналған оқулықтарға сүйене отырып жазылған, яғни бізде текстология теориясы туралы оқулықтың жоқтығы, арнайы маманданған мәтінтанушылардың аздығы елдің тарихын зерделеуде, қазақ әдебиеті классиктерінің академиялық жинақтарын канондық мәтіндерін қайта қалпына келтіруде үлкен кедергі тудырып отыр.

Осындай өзекті мәселелер бірқатар ғалымдардың еңбектерінде айтылды. Бірақ олар тек ғылыми мақалалармен шектелді. Мысалы: Әнес Ғ. «Текстологиялық зерттеулердің зәрулігі», Ниязбек Ж. «Текстология терминдері», Әлібек Т. «Текстология мәселелері», Мәмбетов Ж. «Қазақстандағы текстология ғылымы: өткені, бүгіні, болашағы». Аталған ғылыми жұмыс осы бастамалардың жалғасы болмақ. Бұл салада алғашқы тәжірибе, алғашқы үлгі ретінде Абай Құнанбаев шығармаларын баспаға әзірлеу үстінде жасалған текстологиялық жұмыстарды ерекше атап көрсетуімізге болады. Әсіресе 1957 жылғы Мұхтар Әуезов жалпы редакциясын басқарып, Ы. Дүйсенбаев, З. Ахметов дайындап бастырған Абай Құнанбаев шығармаларының кейінгі, 1977 жылы жалпы редакциясы Ы.Дүйсенбаевтің басқаруымен жарияланған басылымының арасында недәуір текстологиялық жұмыстар жүргізілген. Әсіресе Абай шығармаларының осы екі томдық толық жинағын құрастырып, ғылыми түсініктер жазғандар қатарында: З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев, М.Жармұхамедов, М.Мағауин, Қ.Сыдиқов едәуір жұмыстар жүргізген, яғни құрастырушылардың өздері айтқандай екі томдықты баспаға әзірлеу үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер мен кемістіктерді түгелдей ескере отырып, текстологиялық тексерулер жүргізген, түсіндірме сөздерді толықтырып, түзеткен. Сондай-ақ, Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұтымды ұсыныстар қабылданып (Құнанбаев Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы, 1977, 1-т., 4-б7) соның бәрі түсініктемелерде түгел көрсетілген.

Осы сияқты мұқият текстологиялық жұмыс Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының 1967 жылы Ы.Дүйсенбаевтің жалпы редакциясын басқаруымен дайындалып, жарияланған екі томдығында да жүргізілген. Ақынның осы екі томдығын баспаға әзірлеп, түсініктемелерін жазған Б.Ақмұқанова мен Ж.Жармұхамедов жинақты дайындау үстінде, ақынның 1933, 1950, 1957 жылдары шыққан жинақтары мен әр кезеңде баспа бетінде жарияланған шығармаларын мұқият салыстырып, зерттеп, екі томға енген шығармаларға недәуір текстологиялық еңбек еткен (Торайғыров Сұлтанмахмұт. Шығармалар. Екі томдық. Алматы, 1967, 2-т., 4-б). [3.8]

XX ғасырдың 80-90 жылдары текстологиялық жұмыстарға айтарлықтай көңіл бөлінбеді. Оған қоғамдағы өзгерістер, жаңа тәуелсіздік алған жас мемлекет әл-ауқатының әлсіздігі әсерін тигізбей қалмады. Дегенмен де, халық мұраларын жинау, жүйелеу, сақтау, зерттеу жұмыстары тоқталған емес. Бұған 1975-2001 жылдары жарияланып үлгірген «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» (6 том), «Батырлар жыры» (6 том), «Ертегілер» (4 том), «Дастандар» (2 том), «Тарихи жырлар» (3 том), «Айтыстар» (2 том), «Мақал-мәтелдер» (2 том) т.б. зерттеу еңбектер мен ғылыми-көпшілікке арналған жинақтар дәлел бола алады.

Ақындар шығармашылығынан Абай Құнанбаевтың, Жамбыл Жабаевтың, Ш.Құлекеұлының, Махамбет Өтемісұлының, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Бернияз Күлеевтің, Құланаян Құлмамбеттің т.б. туындылары текстологиялық електен кейін қайта басылым көріп, рухани-мәдени мұралардың жариялану сапасы арта түсті. XXI ғасырдың алғашқы жылдарында еліміз тәуелсіздік алғаннан бері білім нәрін алған жас ұрпақтың сұранысы да, фольклортану ғылымының бүгінгі деңгейі де бұл мәселені жаңа қырынан зерттеуді талап етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2004 жылдан бастап тек фольклорлық мұраның негізінде «Бабалар сөзі» [4] жүзтомдық сериясының ғылыми басылымын дайындау жобасы жүзеге асырыла бастады. Бұған ҚР ҰҒА академигі Сейіт Қасқабасов бастаған еліміздің көрнекті фольклортанушы-текстолог ғалымдары жұмылдырылып, әр томды баспаға дайындауда текстология ғылымының теориялық ұстанымдары, әдістемелік қағидалары басшылыққа алынды. Соның нәтижесінде «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы баспаға ұсынылып, том-том болып әр жылдары шығып отырды, 100-томы «Ән өлеңдер» деп аталып 2013 жылы жарық көрді. Жинақтарда еліміздің сирек кітаптар мен

қолжазбалар қорларында сақталған фольклорлық жанрлар, сондай-ақ Қытайдағы, Монғолиядағы, Ресейдегі, Өзбекстандағы, Қарақалпақстандағы, Түркіменстандағы, Тәжікстандағы, Ауғанстандағы, Иран мен Түркиядағы қазақтардың фольклорлық туындылары кездеседі. Ғылыми басылымдардың ұстанымдарына байланысты қосымшаларда томдарға енген мәтіндердің текстологиялық сараптамалары, тарихи-діни есімдерге, жырлаушыларға, айтушы-тапсырушыларға, ру-тайпа және жер-су атауларына қатысты мәліметтер, сөздіктер, қысқарған сөздер, пайдаланылған қолжазбалар мен кітаптардың тізімі, орысша, ағылшынша түйіндемелер қамтылған.

Ірі ғылыми-зерттеу жобалары да жүзеге асырылып, бірнеше авторлық, ұжымдық монографиялар жазылды. Бұған дәлел профессор Б.Әзібаеваның жетешілігімен жарыққа шыққан «Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні» [5] деп аталатын ұжымдық монография.

Еңбектің алғашқы бөлімі толығымен текстологияның теориялық мәселелеріне арналып, Б.Әзібаева жазған тарауларда қазіргі қазақ текстологтарының алдына қойылған мақсаттар мен міндеттер, фольклорлық мәтіннің тарихы, нұсқалық ерекшеліктері және түрлері терең талданған.

Автордың Қазан төңкерісіне дейінгі және Кеңес кезеңінде жарияланған фольклорлық басылымдар жөніндегі, сондай-ақ «Бозжігіт», «Ер Шеризат» дастандарының текстологиялық ерекшеліктеріне қатысты тараулары, ҰҒА академигі Р.Бердібайдың эпос басылымдарына, С.Қасқабасовтың ән мәтіндеріне, Е.Мағауин мен Ж.Асановтың «Едіге» жырының нұсқалық ерекшеліктеріне, Қ.Алпысбаеваның «Едіге» жырының, «Абылай хан туралы жырлардың», «Таһир-Зуһра» дастанының басылымдарына, Ж.Рақышеваның «Қамбар батыр» жырының текстологиясына [6], «Қисса Зияда, Шаһмұрат», «Қаһарман» жарияланымдарына, А.Ақанның «Көрұғлы» эпосының Р.Мәзқожаев нұсқасына байланысты зерттеулерінде қазіргі эдициялық текстологияның өзекті мәселелері арақау болып, оларды шешудің әдістемелік тәсілдері айқындалған.

2011 жылы институт ғалымдарының қатысуымен «Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары» [7] атты ұжымдық монография жарық көрген. Зерттеуде қазақ тарихының әр кезеңдерінде өмір сүрген Қобыланды, Ер Тарғын, Едіге, Ер Сайын, «Қырымның қырық батыры» жырлар циклына енген батырлар, Қарасай, Қази, Көрұғлы, Абылай, Қабанбай, Арқалық, Ағыбай, Жанқожа секілді тарихи тұлғаларға қатысты жырлардың барлық нұсқалары қамтылып, олардың жиналу, сақталу, жариялану мәселелері мен өзара сюжеттік ерекшеліктері қарастырылған.

Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде ғалымдардың фольклорлық шығармаларға, авторлық ауыз әдебиетіне байланысты жекелеген текстологиялық зерттеулері басылым көріп, аталған еңбектерді толықтырып отырды. Олардың арасынан О.Нұрмағамбетованың «Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр», Б.Әзібаеваның «Казахский дастанный эпос», Т.Әлібек, Қ.Алпысбаева, П.Әуесбаеваның «Кейбір халық әдебиеті үлгілерінің салыстырмалы текстологиясы», «Қазақ фольклоры текстологиясының кейбір мәселелері», Ш.Ыбыраев, Қ.Алпысбаева, Т.Әлібектің «Халық әдебиетін жинау, жүйелеу, сақтаудың әдістемелік құралы», Ж.Рақышеваның «Қамбар батыр» жыры және оның текстологиясы» т.б.

2012-2014 жылдарға арналған іргелі зерттеу жобасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Халық әдебиеті үлгілері мен Абай шығармаларының текстологиясы» [8] атты ұжымдық монография дайындап шығарған.

Бірінші бөлімінде «Халық әдебиеті үлгілерінің текстологиясы» аталып, онда текстология ғылымының өзекті мәселелері, оны шешудің жол-жосықтары, фольклордың ертегілердің, батырлық, ғашықтық жырлардың, дастандардың, айтыстардың қолжазбалық, мәтіндік, көпнұсқалық ерекшеліктері, жариялану тәжірибелері мен үрдістері жан-жақты талданған зерттеулер жинақталды. Екінші бөлімге Абайдың толық шығармашылығына, сондай-ақ поэзиясы мен қарасөздеріне жеке арналған текстологиялық еңбектер ұсынылған.

Қытай текстологиясының даму жолы

Қытай текстологиясы туралы әңгіме болғанда оның даму жолын төрт кезеңге бөлуге болады. Тұңғыш қытайдың текстологиясының монографиясы болып Цин әулеті заманындағы ең белгілі текстолог мамандардың бірі Е Дыхуай(1864-1927) жазған «Кітаптар әлемі туралы әңгімесі» саналады. Алайда шын айтқанда қытай текстологиясы одан едәуір бұрын пайда болған. Ғалымдардың ой-пікірлері бойынша текстология деген ғылым саласының бүршігі Қытайда Цинь патшалығынан бұрын, яғни б.з.б. 221 жылға дейінгі дәуірде пайда болған. 1993 жылы Қытай Хубэй провинциясында қазып алған Гуодянь бамбук тақтасында қытайдың даосизмнің негізгі еңбегі «Лао-цының» үш нұсқасы болған. Гуодянь бамбук тілімі бір Чу патшалығындағы бай адамның құлпытасы болып табалады. Гуодянь бамбук тілімін жазған уақыты б.з.б. 4-3 ғасырыға тән. Гуодянь бамбук тілімі екі мың жыл бұрын қытай зиялыларының шығармаларының түрлі нұсқаларын жинап зерттегенін бізге көрсетті. Ұлы философ Құң-зының тек атасы «Чжың Каофу Шан-Инь әулеті он екі оданы» жинаған

кезде Чжоу әулетінің сақтаған құнды түпнұсқасының арқасында Сун қағанатынан жаңа шыққан «он екі оданың» жинағын түзетті. Ал Құн-зы өзі «У-Цзин» деген бес классик Цинь Империясына дейінгі жазған классиктерді жинап құрастырғанда да әртүрлі нұсқаларды жинап салыстырып зерттеген. Жоғарыда айтылған Құн-зы, Лао-зы және Чжың Каофудың бәрі Қытайдың бірінші біріккен империясы – Цинь империясына дейінгі заманда тұрған ғылым, сондықтан олардың еңбектері Қытай текстологиясының тұңғыш тәжірибесі болып саналады. Ал Цинь империясына дейінгі заман Қытай текстологиясы даму жолының бірінші кезеңі және оның басы деп есептейді.

Цинь империясы Қытайдың бірінші біріккен империясы болғанымен, ұзақ жасамаған. Сонымен қатар, император Цинь Шихуанди өзіне қарсы ой-пікірлерді жұртқа таратпау үшін көптеген зиялылардың көне кітаптарын өртетті, сондықтан сол кезеңдегі текстология дамымақ түгілі, артқа шегінді. Ал Цинь империясынан кейінгі Хан империясы мүлде өзгеше болды. Хан империясының билеушісі Цинь империясының қазасынан кейін сабақ алып, конфуциандық идея бойынша елді билегісі келеді. конфуциандық идеяны ашып айтсақ, ең алдымен көне конфуциандық классиктерді қалпына келтіру керек. Сол үшін ғалымдар қайтадан бұрынғы классиктерді жинап, әрбір классиктің түрлі нұсқаларын салыстырып, олардың қателерін түзетіп, тарихын зерттеген. Осылайша текстология және текстологияның зерттейтін әдістемесі тағы да дами бастады . Бұл - қытай текстологиясы даму жолының екінші кезеңі.

Хан империясының билеушісінің ойы бойынша ел мәңгілік ел болу үшін оның заманына дейінгі құнды рухани мұраны қызғыштай қорып, ұлы философтардың дұрыс ілімдерін сақтау керек. Билеушілердің арқасында ғалымдар тек конфуциандық классиктерді ғана емес, сонымен қатар бүкіл көне кітаптарды жинап зерттеген. Б.з.б 26 жылы император Лю Сян деген төреге мемлекет кітапханасын құрастыруға тапсырма берді. Кітапхананы құрастыру барысында Қытай текстологиясының дәстүрлі әдістемесі де бірте-бірте қалыптасты. Мәселен, ғалымдар бір ескі кітапты қалпына келтіру жұмысын сегіз қадамға бөлді. Бірінші қадам – осы кітаптың қалған нұсқаларының бәрін тауып жинау керек. Екінші қадам – нұсқалардың арасындағы айырмашылықтарын табу керек.Үшінші қадам – қайталанатын жерлерді алып тастау керек. Төртінші қадам – мәтіндердің орындарын түзету керек. Бесінші қадам – мәтіндердің қателерін түзету керек. Алтыншы қадам – мәтіндердің орындарын анықтау керек. Жетінші қадам мәтіндердің негізгі мазмұнын анықтап жазу керек. Соңғы қадам – бүкіл мәтіндер бойынша кітаптың тізбесін жасау керек. Бір сөзбен айтқанда, сол кезеңде Қытай текстологиясының негізгі зерттейтін жүйесі қалыптасып үлгерді, сонымен қатар еңбектің түпнұсқасын бағалау Қытай текстологиясының дәстүріне енді. Мәселен императордың ұлдарының бірі Лю Дэ деген ханзада халқының мәдениет мұрасына үлкен көңіл бөлді, ақшасын аямай көне кітаптарды тауып, сатып алды. Лю Дэ жақсы кітапты алса, оны көшіріп жаздырды, содан кейін түпнұсқаны өзінде қалдырды, жаңа кітапты иесіне қайтарды, яғни мазмұны бірдей болса да түпнұсқасының құндылығы ол үшін жоғары болды. Ханзада Лю Дэның осындай іс-әрекеті де Қытай текстологиясының дәстүрін дәлелдейді. Алайда Қытай текстологиясының негізгі зерттейтін жүйесі Хан империясында қалыптасқанына қарамастан, текстология жеке ғылым емес, библиографияның бір бөлімі болып саналады. Текстологияның зерттеу нәтижесі тек тізбелерде ғана көрініс тапты.

Егер Хан империясынан бері Сун әулетіне дейінгі дәуір Қытай текстологиясы даму жолының екінші кезеңі десек, Сун әулетінен кейін Қытай текстологиясы жаңа белеске көтерілді. Себебі 1040 жылы Сун әулетінің шебері Би Шэн ауыстырмалы литералар арқылы кітап басуды ойлап тапқан. Шын мәнінде оған дейінгі шеберлер Тан әулетінің соңғы жылдары кітаптарды баса бастады. Алайда оларда ауыстырмалы литералар болған жоқ, бір бет басқысы келсе, осы беттің литераларының бәрін бір тақтайдан жасау керек, сонымен қатар бір қате болса, қайтадан бір жаңа тақтайдан жасау керек. Ал Би Шэн ойлап тапқан ауыстырмалы литералардың арқасында кітапты тез және оңай басады, қате болса да тек бір жеке литера өзгерту керек екен. Сондықтан Сун әулетінде кітаптың саны бірден көтерілді. Ал екінші жағынан қарасақ, кітап көп болғандықтан жалған, сапасыз нұсқалар да көбейді. Мәселен, Сун әулетіндегі ұлы ақын Лу Юдың шығармасы «Лао Сүйаньнің естеліктерінде» (жетінші том) бір әңгіме болды: Емтиханда бір сұрақты студенттер түсінбей жатыр. Олар ұстаздан сұрағанда, ұстаз:«Бұл классиктен тура көшіріп жазған сұрақ, қате болмайды» деп айтты. Ал студенттер өздерінің оқулықтарын тауып, ұстазға көрсетіп «Сіз осы классиктің жалған нұсқасын сатып алған сияқтысыз». Ұстаз олардың оқулықтарын алып, өзінің кітабымен салыстырып, ұялып қалды, ол шынымен жалған нұсқасын сатып алған екен. Осылайша Сун әулетінде біріншіден, кітап басылу тез дамыды, екіншіден Сун әулетіне дейінгі сақталған құнды көне кітаптар да көп болды. Сондықтан текстология деген ғылым Сун әулетінде өзекті болып қалды. Бір жағынан ғалымдар текстология әдістемесінің арқасында жоғарыда айтылған классиктердің дұрыс нұсқасымен бұрыс нұсқасын айырды. Екінші жағынан, Сун әулетінде оған дейінгі көне кітаптар әлі адамдардың қолы жете

бермейтіндей өте қымбат тұрды, сонымен қатар кітаптың шығатын ғасыры ертерек болса, бағасы да қымбатырақ болды. Сол себепті текстология деген ғылым да тез дамыды, көп көрнекті текстология мамандары да пайда болды. Мәселен, Чао Гуну, Ю Мао, Чэнь Чжэньсунь, Мао Динь, Чянь Чяньи, Чянь Цзэн, Бао Тинбо, Ян Шаохэ, Цзи Чэньи, Сюй Чяньсюе, Хуан Пиле, Гу Гуанци, Чэнь Чжань, Цюй Шаоцзи, Лу Синьюань, Дин Бин, Фу Цзэнсян, Чжан Юаньцзи, Чжао Ваньли т. б. Сун әулеті және одан кейінгі текстология мамандары қытай текстологиясының дамуына үлес қосты.

ХХ ғасырдың бас кезінде Қытайдың соңғы феодалдық әулеті Цин әулетімен аяқталды. Қоғамдық өзгерістер қытай әдебиетіне зор ықпалын тигізді. Екі мың жыл бұрын пайда болған Қытай текстологиясында жаңалықтар көрініс тапты. ХХ ғасырдың отызыншы жылдары А Ин (Цянь Синсунь) деген жазушы өзінің «Текстология туралы» деген монографиясында былай жазды: « Бізге тек көне кітаптарды емес, сонымен қатар қазіргі кітаптарды зерттегенде де текстологияға көңіл бөлу керек. Ғылымды зерттегенде, ол көне ғылым болсын, жаңа ғылым болсын, қытайдың ғылымы болсын, шетел ғылымы болсын, бәрі-бәрі текстологияны ескеру керек. Қазіргі біраз кітаптарға тыйым салынған және автордың өзінің ақшасымен басылғандықтан, көп басып шығарылмады, болашақта олар көп қалмайды. Сондықтан осылай кітаптарға ерекше көңіл бөлу керек». Шынында ХХ ғасырдағы Қытай ғалымдары заманауи қытай әдебиетінің текстологиясындағы мәселелерді зерттей бастады, сонымен қатар текстология теориясы және әлем текстологиясына көбірек көңіл бөліп, «Қытай кітаптарының текстологиясын», «Қазіргі әдебиеттің текстологиясын» басып шығарды.

Сонымен, қытай текстологиясы екі мың жыл бұрынғы уақыттан бері дұрыс нұсқаларды және Қытай халқының әдеби дәстүрін сақтауына зор үлес қосты. Қазіргі таңда қытай текстологиясы – әлем текстологиясының көрнекті бөлігі.

Қазақ әдебиеті ғылымында текстологиялық зерттеулер Абай шығармашылығын зерттеуден басталады дедік. Оның бастауында ұлы жазушы М. Әуезов тұр. Одан кейін де осы салада бірқатар зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, қазақ әдебиеттануында текстологиялық зерттеулерді барынша жандандыра түсу әлі де өзекті мәселелер қатарында.

«....Текстологиялық зерттеудің бұлайша кенжелеп қалуына кеңестік дәуірдегі идеологиялық ұстанымының тигізген кедергісі аз болған жоқ. Өйткені кеңестік цензура өз уақытында ауыз әдебиетінен бастап, авторлық қолжазба мәтіндердің, таптық талапқа келмейтін тұстарын аяусыз өзгертіп отырды. Ал ондай жұмыстарға текстологиялық зерттеулер жүргізуге әркімнің дәті бара бермеді. Ал, осы уақытқа дейінгі текстологиялық зерттеулер көп жағдайда елге мәлім, тасқа басылған, саяси астары жоқ шығармаларды салыстырудан әріге барған жоқ» [9]. Осында келтірілген себептерге байланысты әдебиеттану ғылымында жекелеген авторлардың шығармашылық мұрасы туралы, автордың архивімен және қолжазбаларымен танысу, оларды салыстыра қарау деген дәстүрдің кең өрістей алмағаны жасырын емес. Шығармаға текстологиялық талдау жасамай тұрып, шығарма туралы пікір айту, автордың айтқысы келген идеясын ашу, шығармашылық үрдісін терең танып түсіну қиынға соғады. Сондықтан да осы бағыттағы зерттеулерді өрістете түсу маңызды істердің бірі деп есептейміз.

Тұжырымдай айтқанда, текстология ғылымы халықтың әдеби мұрасын анықтауда және сақтауда қашанда маңызды рөл атқарады. Қазақ-қытай текстологиясы белгілі бір тарихы бар, өзіндік зерттеу тәсілдері мен әдістері қалыптасқан, алдағы уақытта өнімді дамуға мол әлеуеті бар ғылыми сала деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 1999 - 629 б.

2. Текстологиялық зерттеулердің зәрулігі// Хабаршы. №3 1999 – 22 б.

3. Қазақ фольклоры мен әдеби шығармаларының текстологиялық зерттелуі. Казак ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы. Алматы – 1983.

4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2004. (1-100).

5. Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні. – Алматы: Кие, 2009. – 288 б.

6. Рақышева Ж. Қамбар батыр жыры және оның текстологиясы. – Алматы: 2009. – 131 б.

7. Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары... – Алматы: Credo, 2011. – 324 б.

8. Халық әдебиеті үлгілері мен Абай шығармаларының текстологиясы: Классикалық зерттеулер. Т.3.– Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 400 б.

9. М.О. Әуезовтің көркемдік дүниетанымдық ізденістері. – Алматы: Жазушы, 2006 – 261 б.

10. Әбділқалық Қ.С. Текстология: оқу құралы. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 204 бет.

11. Қытайдың текстологиясы және оның зерттеу әдіснамасы // Вэнь Сиянь. № 1 2006. – 3б.

12. Қытай текстологиясының қалыптасу дәуірі туралы // Кітап мен Ақпарат. № 1 2002. – 13б.

14. ХХ ғасырдың 90 жылынан кейінгі қытайдың текстологиясының шолуы // Journal of Ancient Books Collation and Studies № 1 2011. – 104б.

Калжанова Э.Ш.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Түркітану кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, abay-05@mail.ru

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Түйін: *Орталық және Шығыс Азияны зерттеу мақсатында XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Орта Азияға бірқатар экспедиция жасақталып, Шығыс Түркістандағы көне өркениет іздері зерттелді. Орта Азияны зерттеу жұмыстарына Ресей, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония және тағы басқа елдердің ғалымдары белсенді қатысты. Экспедиция жұмыстары барысында Шығыс Түркістаннан көне өркениетке тиесілі көптеген құнды жәдігерлер мен жазба ескерткіштер табылды. Солардың ішінде түркі халықтары үшін көне ұйғыр тілінде жазылған ескерткіштер зор маңызға ие. XX ғ. басталған көне ұйғыр ескерткіштерін зерттеу және жариялау жұмыстары әлі күнге дейін жалғасын табуда.*

Резюме: *Для изучения Средней и Восточной Азии в конце XIX - начале XX в. были организованы ряд экспедиций в Центральную Азию, во время которых были изучены сохранившиеся в Восточном Туркестане следы древних цивилизаций. В исследовании Центральной Азии активное участие принимали ученые России, Великобритании, Германии, Франции, Японии и других стран мира. Участникам экспедиции удалось собрать в Восточном Туркестане большую коллекцию предметов старины и огромное количество рукописей. Особую ценность для тюркских народов имеют древнеуйгурские письменные памятники. Исследование и публикация древнеуйгурских памятников, начатые в начале XX в. продолжаются и по сей день.*

Summary: *A number of expeditions to Central Asia were organized in order to study Central and East Asia in the late XIX - early XX century. The traces of old civilizations which preserved in East Turkestan were studied during expeditions. Scientists from Russia, Great Britain, Germany, France, Japan and other countries took an active part in the study of Central Asia. The participants of the expeditions were able to collect a large collection of antiquities and a huge number of manuscripts in East Turkestan. The old Uighur manuscripts are of particular value to the Turkic peoples. Research and publication of old Uighur manuscripts, which begun in the beginning of XX century continue to this day.*

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің арнайы ғылыми зерттелуі Орхон және Енисей өзендері алқабынан көне түркі ескерткіштерінің табылып, даниялық ғалым В.Томсеннің 1893 жылы бұл ескерткіштердегі құпия жазуды оқуымен тығыз байланысты. Мәлім болғандай, XIX ғасырдың соңына қарай Батыста түркітану саласын зерттеуге деген қызығушылық кенеттен артып, түркілерден мұра болып қалған жазба ескерткіштерді зерттеу мақсатында Шығыс Түркістанға ғылыми экспедициялар ұйымдастырыла бастады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жалғасын тапқан экспедицияларға орыс, фин, ағылшын, неміс, француз, жапон және қытай ғалымдары қатысты.

Алайда, өңірге арнайы жасақталған ғылыми экспедициялардан бұрын сапар шегіп, аймақтың тарихи-мәдени маңыздылығына назар аударған және ғылыми еңбектер жариялаған саяхатшылар мен зерттеушілер де болды.

Орталық және Орта Азияны зерттеу жұмыстары чуваш текті ресейлік көрнекті ғалым Н.Я.Бичуриннен (Иакинф, 1777-1853) бастау алады. 1807-1821жж. Қытай елінде болып, құнды материалдар жинақтаған ғалым ғылыми еңбектерін аймақтағы Қытаймен етене байланыстағы Тибет, Түркістан және Моңғолия елдерінің географиялық ерекшеліктері мен саяси жай-күйі, сол арқылы Қытайдың саясаты, жалпы тұрмысы, билігі мен заңдары, әдет-ғұрыптары туралы мәлімет беруден бастады [1]. Ғалымның жарияланған немесе мұрағаттарда сақтаулы жарияланбаған деректерінің бәрі дерлік аудармалары мен географиялық ақпараттарының толық және дәл болуы тұрғысынан әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған аса құнды деректер болып табылады. 1828ж. «Вэй цзан ту ши (Иллюстрациялармен сипатталған Тибет)» атты қытайша еңбекті шолу негізінде жасаған аударма еңбегін жариялады [2]. Осы жылы қытай деректері негізінде Моңғолия туралы толық дерек берілген «Записки о Монголии» атты тағы бір еңбегі жарық көрді [3]. 1829ж. болса «Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии» кітабы жарияланды [4]. Кітапқа қытайдың «Си юй чжуань (Батыс өңірі туралы хикаялар)»; «Цянь Хань шу (Ерте кезең Хань әулеті тарихы)» тарихи хроникасының 96-тарауы; 1777 жылғы «Си юй вэнь цзянь лу (Батыс өңірі туралы естігендер мен көргендер)»; XVIII ғасырдағы Қытайың ресми географиялық деректер жинағы «Дай Цин и тун чжи (Цин ұлы империясының толық гографиялық сипаты)» сынды маңызды дереккөздерінің аудармасы енді. 1851ж. Ғылым академиясының тапсырысы бойынша қытай дереккөздерінің аудармасына негіздеп дайындаған үш томдық «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» атты құнды еңбегі жарық көрді [5].

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов (1835-1865) та 1856ж. Батыс Қытай мен Құлжада, 1858 жылдың қазан айы мен 1859ж. наурыз аралығында Қашқарда экспедициялық сапармен болып, өңірдің зерттелуіне елеулі үлес қосты. Зерттеушінің сапар барысында жазған күнделігі («Западный край Китайской империи и город Кульджа»), «О Западном крае Китайской империи» және «О торговле в Кульдже и Чугучаке» атты мақалалары маңызды еңбектер болып табылады [6].

Атақты орыс саяхатшысы Н.М.Пржевальский (1839-1888) 1870-1880жж. аралығындағы Орта Азияға төрт рет сапарлап, нәтижесінде жариялаған бірқатар еңбектерінде аумақтың табиғаты, климаты, бедері, жануарлар және өсімдіктер әлемі туралы құнды мәліметтер берді [7].

Сондай-ақ ботаник А.Э.Регельдің Түркістан өңіріне (1876-1879), М.В.Певцовтың Тибетке (1889-1890.), Г.Н.Потаниннің (1876-1877 және 1879-1880жж. Моңғолия мен Туваға, 1884-1886 және 1892-1893жж. Солтүстік Қытайға, Шығыс Тибетке және Орталық Моңғолияға, 1899ж. Үлкен Хинганға), Г.Е.Грумм-Гржимайлоның 1889ж. Шығыс Түркістанның солтүстік аймақтарына, Н.М.Ядринцевтің Солтүстік Моңғолияға (1889), И.Р.Аспелин (1889) мен В.В.Радловтың (1891) Орхон өзені алқабына, В.А.Роборовский мен П.К.Козловтың Тұрфанға (1893-1895) экспедициялары ғылыми тұрғыдан зор маңызға ие [8; 13-25].

1896ж. Ресей географиялық қоғамы В.И. Роборовский мен П.К. Козлов экспедициясының Тұрфан оазисінен алып келген көне қолжазба фрагменттерін Азия музейіне (Ресей Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институтына) тапсырды. А.О.Ивановский мен С.Ф.Ольденбург реттестірген қолжазба үзінділерін 1897 жылдың желтоқсанында В.В.Радлов мұқият қарастырап шықты. Ғалым олардың ішінде көне ұйғыр тілінде жазылған төрт үзіндіге ерекше тоқталып, нақты ақпарат беру үшін көлемі өте шағын екенін айта келе, олардың оқылуы қиын курсивпен жазылған іскерлік жазбалар және каллиграфиялық жазумен жазылған буддизм діні сутралары екендігін атап көрсетті.

Бұл қолжазбалардың табылуы В.В.Радловтың В.Р.Розен және К.Г.Залеманмен бірге Ғылым академиясына Тұрфан оазисіне экспедиция жөнелту туралы өтініш білдіруіне түрткі болады. Радлов әсіресе ұйғыр буддизмі мәдениетінің орталығы болған Ыдықұт (Кочо) аймағында көне түркі ескерткіштерін іздеу қажеттігіне назар аударады.

1898ж. мамыр айының орта шенінде орыс экспедициясы Санкт-Петербургтен жолға шығып, қыркүйек айының басында Тұрфанға келіп жетті. Экспедицияны 1891ж. Радловпен бірге Орхон экспедициясына қатысқан, 1894-1896жж. Е.Н. Клеменцпен бірге Моңғолияда бірқатар дербес экспедициялар жүргізген Д.А. Клеменц басқарды.

Д.А.Клеменц экспедициясының жұмыстары жемісті болды. В.В.Радлов экспедиция барысында табылған жазба ескерткіштерді бес топқа бөлді: а) үңгір ғибадатханалары тастарына сызылған көне түркілік руна жазулары; ә) сарай және ғибадатханалардың қабырға сылақтары бөлшектеріндегі қара және қызыл бояумен жазылған көне ұйғыр жазулары; б) көне ұйғыр тіліндегі буддалық қолжазбалардың үзінділері; в) буддалық ксилограф үзінділері; г) көне ұйғыр тіліндегі шаруашылық құжаттары.

В.И.Роборовский, П.К.Козлов және Д.А.Клеменц тапқан жазба материалдар Азия музейінің көне ұйғыр топтамасының негізін қалады. Бұл топтама 1915ж. дейін экспедициялық зерттеулер нәтижесінде және Шығыс Түркістандағы орыстың лауазымды тұлғалары арқылы толықтырылды. Қазіргі таңда аталмыш музейде 4228 көне ұйғыр қолжазбасы мен қолжазба үзінділері сақтаулы. Ескерткіштердің басым көпшілігін орыс дипломаттары тапсырды: 1907-1909жж. Н.Н.Кротковтың 4070 сақтау бірліктен тұратын қоры қабылданды, 1912ж. Н.Н.Кротковтың орнына консул қызметіне келген А.А.Дьяков Тұрфаннан табылған 28 қолжазба мен қолжазба үзіндісін, 1907ж. Үрімшідегі Ресей консулдығында дәрігер болған А.И.Кохановский 11 көне ұйғыр қолжазбасын тапсырды. Экспедициялардан жиналған қор С.Ф.Ольденбургтың (1909-1910, 1914-1915) және С.Е.Маловтың (1909-1911, 1913-1914) топтамаларымен толықты. Қара-хотодан табылған бір ұйғыр қолжазбасының үзіндісін П.К.Козлов өткізді. Топтаманың негізін буддалық шығармалардың қолжазбалары мен үзінділері құрайды, оның ішінде *Алтун йаруқ, Дышаствустык, Куан-ши-им Пусар* сутраларының толық мәтіндері де бар. Манихей дініне қатысты мәтіндер өте аз мөлшерде жиналған. Оның ішіндегі манихейлердің тәубе айту дұғасы «Хуастуанифт» ескерткіші лондондағы және берлиндегі нұсқаларына қарағанда толығырақ сақталған. Топтаманың негізгі бөлігін Тұрфаннан табылған жиырма екі құқықтық және шаруашылық құжаттары құрайды [9; 50-54].

Ресейлік ғалымдардың Шығыс Түркістанда тапқан көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеп, жариялау ісімен В.В.Радлов пен С.Е.Малов шұғылданды. В.В. Радловтың бұл саладағы алғашқы жарияланымы Клеменц әкелген көне түркілік жазба ескерткіштерден төрт руналық граффити, екі құқықтық құжат және буддалық сутралардың екі шағын үзінді болды: Radloff W. Altuigurische

Sprachproben aus Turfan // Nachrichten über die der Kaiserlichen Akademie der Wissenschaften zu St. Petersburg in Jahre 1898 ausgerüstete Expedition nach Turfan. Sankt-Petersburg, 1899. s. 57-83.

«Дышаствустык», «Куан-ши-им пусар», «Алтун йаруқ» ескерткіштерін де Радлов зерттеп жариялады: W. Radloff, *Tişastvustik, ein in türkischer Sprache bearbeitetes buddhistisches Sutra*, Bibliotheca Buddhica 12, Petersburg 1910; W. Radloff, *Kuan-ši-im-Pusar, eine türkische Übersetzung des XXV. Kapitels der chinesischen Ausgabe des Saddharmapundarika*, Bibliotheca Buddhica14, Petersburg 1911; В.В. Радлов и С.Е. Малов, *Suvarnaprabhasa (Сутра Золотого блеска). Текст уйгурской редакции,* СПб., 1913.

Малов кейінірек *Алтун йаруқ* ескерткішінің ұстазы Радлов бастаған аудармасын аяқтап, жариялады: W. Radloff, *Suvarnaprabhâsa (Das Goldglanz Sutra), Aus dem Uigurischen ins Deutsche übersetzt*, nach dem Tode des Übersetzers mit Einleitung von S. E. Malov herausgegeben, Leningrad, 1930.

1932ж. Малов көне ұйғыр құқықтық құжаттардан төрт мәтін зерттеді: *Уйгурские рукописные документы экспедиции С.Ф. Ольденбурга* // Записки ИВ АН. Вып. 1. Л., 1932. С. 129-149.

Ғалым сондай-ақ 1951ж. жарық көрген «Памятники древнетюркской письменности» атты құнды еңбегінде «Хуастуанифт» ескерткішінің, «Алтун йаруқ» ескерткішінен әмірші Кю-тау және ханзада мен аш барыс туралы екі әңгіменің, христиан дініне қатысты «Әулие абыздардың (волхв) құлшылығы» мәтіні мен сегіз құқықтық құжаттың түпнұсқалық мәтіндерін, транскрипциясы мен аудармасын берді.

Ресейде Радлов пен Малов бастаған көне түркі саласындағы жұмыстарды жалғастырушы түркітанушылар ретінде Л.Ю.Тугушева, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев, С.Г.Кляшторный, В.Г.Гузев, И.В.Стеблева сынды ғалымдарды атауға болады.

В.В.Радлов пен С.Ф.Ольденбург 1899ж. Римде өткен XII Халықаралық шығыстанушылар конгресінде Д.А. Клеменц экспедициясының Тұрфанда қол жеткізген көне ұйғыр және руникалық ескерткіштер, өнер туындылары туралы баяндағаннан кейін ескерткіштерге деген ғылыми қызығушылық арта түсті. Көне ұйғырлардан қалған жазба мұраларды алғаш болып тапқан ресейлік ғалымдар Клеменц экспедициясынан кейін өңірде ғылыми зерттеулер жүргізу мүмкіншілігіне бірден ие бола алмады. Бұл туралы С.Ф.Ольденбург Д.А.*Клеменцтің экспедициясы туралы жазуында*: «Орыс ғалымдарына бұл жолы да, бұрында және осы күні де жиі болып тұратындай, өздері бастаған айтарлықтай жемісті істен уақытша шегінуге тура келді. Ол іс шетелдік, ең алдымен елдерінде экспедицияға қаржы бөлінген неміс ғалымдарға өтті. Тек көптеген жылдар өткен соң, едәуір қолайсыз жағдайларда ғана орыс ғалымдары Д.А.[Клеменцтің] ісін жалғастыруға мүмкіндік алды», — деп жазды [9; 52].

С.Ф.Ольденбург зерттеу ісінің ең алдымен неміс ғалымдарға өткенін айтса да ресейлік ғалымдардан кейін өңірдегі көне ұйғыр ескерткіштерін олжалаған алғашқы еуропалық, мажар текті ұлыбританды ғалым Марк Аурель Стейн (1862-1943) болды. А.Стейн 1900-1901, 1906-1908, 1913-1916, 1930-1931жж. аралығында өңірге төрт рет сапар шегіп, көне Хотан, Ния, Миран және Лоулань кенттерінде, Дуньхуан мен Тұрфанда, Астана мен Безекликте, Қашқарда жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде көптеген құнды жәдігерлер тапты. Ол экспедицияның толыққанды есебін, саяхат күнделігін, жәдігерлер бойынша ғылыми мақалалар жариялады. Стейн екінші сапарында мың будда үңгірлерінде болып, атақты ғибадатханалық кітапхана қолжазбаларын еліне алып кетті. Осылайша Стейн мың будда ғибадатханасын тұңғыш зерттеген ғалым атағын да иеленді. Стейннің осы жолы үңгірден тапқан 7 мыңға жуық олжасының ішінде буддизм дінінің этикалық және діни мәліметтері туралы жазылған *Секіз йүкмек* «Сегіз үйінді», балгерлік кітабы *Ырк біті*г, манихей дініне сенушілердің тәубе дұғасы *Хуастуанифт* жазба ескерткіштері, *Аны тег орынларта* «Сондай жерлерде» өлеңі мен Пратия-Ширинің өлеңдері де бар еді. Дат ғалымы В.Томсен, Стейн тапқан көктүрік әріптерімен жазылған көне ұйғыр мәтіндері мен солардың ішінде тілдік ерекшелігі жағынан құнды мәтін болып табылатын *Ырқ біті*г ескерткішін жариялады: W. Thomsen, Dr. M. A. Stein's Manuscripts in Turkish 'Runic' Script from Miran and Tun-Huang, *JRAS, 1912,* 181-227-бб.

Экпедициялар кезінде табылған мұралар қазіргі таңда Лондон қаласындағы Британ музейінде сақтаулы.

Көне ұйғыр мұраларын зерттеуге ең көп үлес қосқан ғалымдар, еш күмәнсіз, неміс ғалымдар. Неміс ғалымдардың Тұрфанға алғашқы ғылыми сапары 1902 жылдың қыркүйек айында жүзеге асты. Бұл сапарды Альберт Грюнведель (1856-1935) басқарды. 1903 жылдың наурыз айына дейін жалғасын тапқан экспедиция барысында Тұрфанда (Ыдықұт, Безеклик, Сенгім, Тұйық), Тоқсұн, Қарашар, Кочо, Құмтұры, Қызыл, Ақсу, Тұмшұқ, Маралбашы және Қашқарда зерттеу жұмыстары жүргізілді. А.Грюнведель 1905ж. экспедиция жұмыстарының нәтижесі бойынша есеп жариялады [10]. Орталық және Шығыс Азияны зерттеу комитеті басталған жұмысты жалғастыруға кеңес берді.

Осыдан кейін Германия Шығыс Түркістанға тағы да үш экспедиция ұйымдастырды. Екінші экспедицияға Альберт фон Лекок (1860-1930) басшылық етті. Экспедиция 1904 жылдың қараша айынан 1905 жылдың қараша айына дейін Тұрфанда, Яр-Хото, Сенгім және Безеклікте болып, Қашқарға бағыт алды. Желтоқсан айында аймаққа А.Грюнведель бастаған үшінші неміс экспедициясы келіп жетті. Екі экспедиция бірлескен жұмыстарын 1907 жылдың маусымында тәмәмдады. Ғалымдар Тұрфанның батыс аймағын, соның ішінде Қызылдағы үңгір ғибадатханаларын, Тұмшұқ, Кочо, Құмтұры, Кірішті, Қорла кенті маңайындағы Шікшін ғибадатхана кешенін зерттеді. Екінші және үшінші экспедиция жұмыстарының нәтижесін Грюнведель 1912ж., Лекок 1926ж. жариялады [11]. Неміс ғалымдарының Тұрфанға жасақтаған соңғы, төртінші экспедициясы 1913 жылдың маусымында басталып, 1914 жылдың ақпанында аяқталды. Лекок басшылық еткен экспедиция Кочо аймағында қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция жұмысының есебін Лекок 1928ж. жариялады [12].

Экспедициялар кезінде табылған мұралар әуелі Берлиндегі Халықтану музейіне тапсырылды. Мәтіндер кейін, 1914ж. Корольдік пруссия академиясына, 1946ж. Германия ғылым академиясына жіберілді. 1992ж. Берлин Бранденбург академиясына көшірілген Тұрфан топтамасының иран бөлімінде шамамен 4700 мәтін, қытай бөлімінде 6000 мәтін, түркі бөлімінде 8000 мәтін сақталған. Көне ұйғыр тілінде жазылған ескерткіштерді алғаш болып үш неміс ғалымы Альберт фон Лекок, *Мюллер* Фридрих Вильгельм Карл, Вильям Банг зерттеді. Бұл ғалымдар ұйғыртану саласының Германиядағы құрушылары болды.

Мюллер өзі зерттеген мәтіндерді *Uigurica* деген атаумен 3 еңбек етіп жарыққа шығарды: Uigurica. I. APAW, 1908; Uigurica II. APAW, 1910; Uigurica III. APAW, 1922.

Мюллердің тірі кезінде бастаған төртінші еңбегін А. фон Габен тәмәмдады: Müller F.W.K.-Gabain von A. Uigurica IV. SPAW, 1931, XXIV, 675-727-бб.

Манихей дініне қатысты мәтіндерді Лекок зерттеп, *Manichaica* атты серияда жариялады: Le Coq A., von. *Türkische Manichaica aus Chotscho I: APAW* 1911 *Anhang*, Berlin 1912, II: *APAW* 1919; III: *APAW* 1922.

В.Банг шәкірті А. фон Габенмен бірге мәтіндерді *Türkische Turfantexte* атауымен жариялай бастады. Алғашқы бес кітап Банг және Габен тарапынан жарық көрді: Bang W. und A. von Gabain, Türkische Turfantexte. I. SPAW, 1929, XV, 241-268-бб.; II. SPAW, 1929, XXII, 411-429-бб.; III. SPAW, 1930, XIII, 183-211-бб.; IV. SPAW, 1930, XXIV, 432-450-бб.; V. SPAW, XIV, 1931, 323-356-бб. 1934ж. жарияланған алтыншы кітаптың зерттелуінде бұл ғалымдарға түрік түркітанушы Р.Р.Арат қосылды: Bang, W.-A. von Gabain und Rachmati, G.R. Türkische Turfantexte VI. Das buddhistische Sūtra Säkiz Yükmäk. Berlin, SPAW, 1934, X, S. 93–192-бб. Банг дүниеден озғаннан кейін жетінші кітапты Арат жалғыз өзі жариялады: G.R. Rachmati, Türkische Turfantexte. VII. APAW, 1936, № 12. Осыдан кейін Ұлы отан соғысының шығуына байланысты басылым тоқтап қалды. Соғыстан кейін осы топтама аясында тағы үш еңбек жарық көрді:

Gabain A. von. Türkische Turfantexte. VIII. Texte in Brāhmīschrift. ADAW, Berlin 1954.

Gabain A. von, und W. Wınter. Türkische Turfantexte IX. Ein Hymnus an den Vater Mani auf “Tocharisch” B mit alttürkischer Übersetzung. Berlin 1958.

Gabain A. von. Türkische Turfantexte. X. Das Avadāna des Dämons Ātavaka. Bearbeitet von Tadeusz Kowalski. Berlin 1959.

Банг бастаған *Türkisch Turfantexte* сериясы тоқтап, арадан 12 жыл уақыт өткеннен кейін 1971ж. неміс ғалымдар Джордж Хазаи және Питер Цим Берлиндегі көне ұйғыр, тохар, қытай, моңғол және тибет тілдерінде жазылған жазбалардың жарияланымын *Berliner Turfantexte* атауымен жалғастырды. Қазіргі күгі баспасы Бельгияда орналасқан топтама шеңберінде бүгінге дейін жарияланған 38 кітаптың 21-інде көне ұйғыр ескерткіштері қарастырылды [13; 289]:

I: Hazai, Georg-Peter ZIEME. *Fragmente der uigurischen Version des »Jin’gangjing mit den Gāthās des Meisters Fu« nebst einem Anhang von Taijun Inokuchi*. 1971.

II: Röhrborn, Klaus. *Eine uigurische Totenmesse. Text, Übersetzung, Kommentar*. 1971.

III: Tezcan, Semih. *Das uigurische Insadi-Sūtra*. 1974.

V: Zieme, Peter. *Manichäisch-türkische Texte*. 1975.

VII: Kara, Georg-Peter ZIEME. *Fragmente tantrischer Werke in uigurischer Übersetzung*. 1976.

VIII: Kara, Georg-Peter ZIEME. *Die uigurischen Übersetzungen des Guruyogas »Tiefer Weg« von Sa-skya Paṇḍita und der Mañjuśrīnāmasaṃgīti*. 1977.

IX: Tekin, Şinasi. *Maitrisimit nom bitig. Die uigurische Übersetzung eines Werkes der buddhistischen Vaibhāṣika-Schule. 1. Teil: Transliteration, Übersetzung, Anmerkungen. 2. Teil: Analytischer und rückläufiger Index*. 1980.

XIII: Zieme, Peter. *Buddhistische Stabreimdichtungen der Uiguren*. 1985.

XVIII: Zieme, Peter. *Altun Yaruq Sudur. Vorworte und das erste Buch*. 1996.

XX: Zieme, Peter. *Vimalakīrtinirdeśasūtra. Edition alttürkischer Übersetzungen nach Handschriftenfragmenten von Berlin und Kyoto. Mit einem Appendix von Jorinde Ebert: Ein Vimalakīrti-Bildfragment aus Turfan*. 2000.

XXI: Wilkens, Jens. *Die drei Körper des Buddha (trikaya). Das dritte Kapitel der uigurischen Fassung des Goldglanz-Sūtras (Altun Yaruk Sudur) eingeleitet, nach den Handschriften aus Berlin und St. Petersburg herausgegeben, übersetzt und kommentiert.* 2001.

XXIII: Zieme, Peter. *Magische Texte des uigurischen Buddhismus*. 2005.

XXV: Wilkens, Jens. *Das Buch von der Sündentilgung. Edition des alttürkisch-buddhistischen Kšanti Kilguluk Nom Bitig*. 2007

XXVI: Kasai, Yukiyo. *Die uigurischen buddhistischen Kolophone*. 2008.

XXVIII: Yakup, Abdurishid. *Prajñāpāramitā Literature in Old Uygur*. 2011.

XXIX: Kasai, Yukiyo. *Der alttürkische kommentar zum vimalakirtinirdesa-sutra*. 2011.

XXXIII: Oda, Juten. *A Study of the Buddhist Sūtra called Säkiz. Yükmäk Yaruq or Säkiz Törlügin Yarumïš Yaltrïmiš in Old Turkic*. 2015.

XXXIV: Shōgaito, Masahiro-Setsu FUJISHIRO-Noriko OHSAKI-Mutsumi SUGAHARA-Abdurishid YAKUP 2015: *The Berlin Chinese texte U 5335 written in Uighur Script: A Reconstruction of the Inherited Uighur Pronunciation of Chinese*

XXXVI: Yakup, Abdurishid. *Altuigurische Aparimitāyus-Literatur und kleinere tantrische Texte.* 2016.

XXXVII: Wilkens, Jens. *Buddhistische Erzählungen aus dem alten Zentralasien Edition der altuigurischen Daśakarmapathāvadānamālā* 3 vol., 1688 p., 250 b/w ill., 250 b/w tables. 2016.

XXXVIII: Kasai, Yukiyo-Hirotoshi OGIHARA. *Die altuigurischen Fragmente mit Brāhmī-Elementen*. 2017.

Жарияланымдардан байқалып тұрғандай, неміс ғалымдары көне ұйғыр саласы бойынша XX. ғасырдың басында бастаған ғылыми зерттеу жұмыстарын әлі күнге дейін жалғастыруда.

Шығыс Түркістан аймағында орыс, ағылшын, неміс ғалымдарымен қатар француз ғалымдар да зерттеу жүргізді. Атақты синолог Поль Пеллио (1878-1945) басқарған француз экспедициясы 1906 жылдың тамыз айында Қашқарға келіп жетті. Алты ай жалғасқан қазба жұмыстары барысында көптеген қолжазба олжаланып, алдымен Үшмерван, Ескішахр, Хан-үй, Каптархона, Теджурман, Топатим және Топашахр ескерткіштері, артынша Тұмшұқ, Кочо маңайы зерттелді. Дулгур-Охурдағы зерттеулерде 200 қытай қолжазбасы үзіндісі, брахми жазуымен жазылған қолжазбалар табылды. Субаши аумағында ағашқа жазылған санскритше жазулар, құжаттар, тохар тілінде жазылған тақтайша сынды құнды деректер табылды. 1908ж. А. Стейн барып кеткен Дуньхуанға, мың будда үңгірінде жан-жақты зерттеулер жүргізді. Пеллио үңгірлерде қытай, тибет, ұйғыр, санскрит тілдерінде жазылған он мыңдаған қолжазба, жібек, кенеп матаға, қағазға кескінделген суреттер табу мәртебесіне ие болды. 1908 жылдың қыркүйегінде зерттеу жұмыстарын аяқтаған Пеллио бірқатар мәтіндер мен құжаттарды, мүсіндер мен жібекке кескінделген суреттерді алып, еліне оралды. Қайтар жолда, Пекинде бірнеше қолжазбаны қытай ғалымдарына табыс етті. Осының нәтижесінде қытайдың ғылыми қауымы Дуньхуан үңгір кітапханасының маңыздылығына көз жеткізіп, арнайы комитет құрды. Комитет үкіметті кітапханадағы қалған мұраларды Пекинге әкелдіруге көндірді. Соның нәтижесінде 1910ж. кітапхананың бір бөлігі Пекинге көшірілді. Қазіргі таңда Қытайдың ұлттық кітапханасының Дуньхуан қоры шамамен 16 мың сақтау бірліктен тұрады.

Поль Пейо 1908ж. ішінде адал және арам ниетті екі ханзада Калянамкара мен Папамкара туралы әңгімеленген ескерткіш те бар жазбаларды Парижге алып келді. Калянамкара мен Папамкара ескерткішін француз ғалымдар зерттеді: Cl. Huart, Le Conte bouddhique des deux frères, en langue turque et en caractères ouïgours, *Journal Asiatique XI, серия III, қаңтар-ақпан 1914,* 5-57-бб; P. Pellıot, La version ouigoure de l'histoire des princes Kalyānamkara et Pāpamkara, *T'oung Pao 1914,* 225-272-бб; J. R. Hamılton, *Le Conte bouddhique du bon et du mauvais prince en version ouigoure,* Paris 1971.

Француз экспедицияларының Францияға алып келген мұралары қазір Париж қаласындағы ұлттық кітапханада сақтаулы.

Өңірде батыстық ғалымдармен қатар жапон ғалымдар да зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жапондардың алғашқы экспедициясы 1902-1904жж. жасақталды. Отани Кодзуи, Ватанабэ Тэссин және Хори Кэньюден құралған экспедиция әуелі Хотанға тоқтап, осы жерде қазба жұмыстарын жасаған соң Кочоға барып, Қызыл және Тұрфан ескерткіштерін зерттеді. Экспедиция Жапонияға қолжазбалар топтамасы мен өнер туындыларын алып барды. Экспедициялардың екіншісі 1908-

1909жж., үшіншісі 1910-1914жж. жүзеге асты. 1912ж. Дуньхуандағы зерттеулер кезінде өнер туындылары мен 400-ден астам қолжазбаға қол жеткізілді.

Жапондық ғалымдар тапқан жазба ескерткіштер қазіргі күні Киото қаласындағы Рюкоку университетінде сақтаулы.

Орталық және Орта Азияға жасақталған орыс, ағылшын, неміс, француз, жапон, қытай экспедициялары жұмыстары нәтижесінде көне түркілерден қалған мұралардың зерттеліп, жарыққа шығарылды. Бұл салада еңбек еткен ғалымдар әлемдік ғылымға баға жетпес зор үлестер қосты. Көне ұйғыр тілімен жазылған ескерткіштерді зерттеу жұмыстары ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Ғалымдардың салаға деген қызығушылықтарының нәтижесінде жүргізіліп келе жатқан ғылыми жұмыстарының бұдан кейін де жалғасын табары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Статистическое описание Китайской империи. С приложением географической карты на пяти стр. В 2-х ч. Ч. 1. СПб., 1842. С. 3-4.

2. Описание Тибета в нынешнем его состоянии. - СПб.: Тип. Имп. Восп. Дома, 1828. - 255 с.

3. Иакинф (Бичурин Н.Я.) Записки о Монголии. - Т. I. Часть I и II. XII, 230, [2] с.; 5 л. илл. Т. II. Часть III и IV. VI, 339, [2] с.; 1 карта.

4. Описание Джунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии / Пер. с китайск. монаха Иакинфа. СПб., 1829. ч. 1-2. 230.

5. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. СПб., 1851.

6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 2 / АН Каз ССР.- Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985.- 422 с.

7. Пржевальский Н.М. Отъ Кяхты на истоки Желтой ръки, изслъдованіе съверной окраины Тибета и путь черезъ Лобъ-Норъ по бассейну Тарима. СПб., 1888. 560 с.

8. Попова И.Ф. Российские экспедиции в Центральную Азию на рубеже XIX— XX веков / Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX — начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: издательство «Славия», 2008. 244 с, ил. С. 11-39.

9. Кляшторный С.Г. Древнетюркские памятники рунического письма из Восточного Туркестана / Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX — начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: издательство «Славия», 2008. 244 с, ил. С. 50-64.

10. Grünwedel A. Bericht über archäologische Arbeiten in Idikutschari und Umgebung im Winter 1902–1903. München 1906 (Abhandlungen der Bayerischen Akademie der Wissenschaften, I. Kl., XXIV Bd., I. Abt.).

11. Grünwedel A. Altbuddhistische Kultstätten in Chinesisch Turkistan. Auf Hellas Spuren in Ostturkistan. Bericht über archäologische Arbeiten von 1906 bis 1907 bei Kuča, Qarašahr und in der Oase Turfan. Berlin 1912.

12. Le Coq, A. v. Von Land und Leuten in Ostturkestan: Berichte und Abenteuer der 4. deutschen Turfanexpedition. Leipzig 1928.

13. Ölmez M. Köktürkçe ve Uygurca Dersleri / İstanbul, Kesit Yayınları, 2017. 566 б.

14. Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. Толықт., өңд. екінші басылым. - Алматы : Рауан, 1991. - 136 б.

15. G. Hazai, Berlin'de Turfan Yazmaları Üzerinde Çalışmalar, TDAY-Belleten 1971, Ankara 1971, 11-20-бб.

16. Ata A.-Tulum M.M. Uygur Türkçesi. Eskişehir, Anadolu Üniversitesi, 2013. 89 б.

17. Попова И.Ф. Первая Русская Туркестанская экспедиция С.Ф.Ольденбурга (1909-1910) // Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX - начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: Славия, 2008. С. 148-157.

18. Попова И.Ф. Первая Русская Туркестанская экспедиция С.Ф.Ольденбурга (1914-1915) // Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX - начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: Славия, 2008. С. 158-175.

19. Тугушева Л.Ю. Экспедиции в Центральную Азию и открытие раннесредневековых тюркских письменных памятников // Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX - начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: Славия, 2008. С. 40-49.

20. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. 451 с.

21. Чугуевский Л. И. Дуньхуановедение // Письменные памятники Востока / Историко-филологические исследования. Ежегодник 1968. М.: Наука, ГРВЛ, 1970. С. 241-259.

22. Немецкие экспедиции в Турфан http://uyghurtoday.com/2017/04/14/nemetskie-ekspedicii-v-turfan/

Қожабекова Жұлдыз Қазиханқызы
филология магистрі, оқытушы, Марат Оспанов атындағы БҚММУ,
E-mail: nur-sultan-93.93@mail.ru

Молдашева Лиза Жұмабайқызы
филология магистрі, оқытушы, Марат Оспанов атындағы БҚММУ,
E-mail: liza.moldasheva@mail.ru

Сәбитбекова Майраш Мұратқызы
қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, аға оқытушы, Марат Оспанов атындағы БҚММУ,
E-mail: nurmai_66@mail.ru

Ербатыр Бәтима Өтесінқызы
аға оқытушы, Марат Оспанов атындағы БҚММУ, E-mail: erbatyr60@mail.ru

Утаргалиева Шұға Шәденқызы
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Марат Оспанов атындағы БҚММУ,
E-mail: shuga.utargalieva@mail.ru

БОЛАШАҚ МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ РӨЛДІК ОЙЫН ӘДІСІН ЕНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін. Тіл үйрету барысындағы заманауи белсенді әдістердің бірі «Рөлдік ойын» әдісі болып табылады. Бұл әдістің тіл үйренушінің тілін байытып, ойын дамытуға, сөйлеу мәдениеттілігі мен танымдық көзқарасын қалыптастыруға әсер ететіндігі дәлелденген. Түрлі ситуациялық жағдайлардан шығуға, тақырыпқа байланысты сөздерді де дұрыс қолдануға машықтандырып, адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеттілігін қалыптастырады. Рөлдік ойындар әдісі бойынша өткізілген сабақтар бұл әдістің болашақ медицина мамандарына кәсіби қазақ тілін үйретуде тиімділігін көрсетті.

Кілт сөздер: рөлдік ойын, медицина, тіл дамыту, ендіру тиімділігі.

Резюме. Одним из современных методов обучения языку является «Ролевая игра». Доказано, что данный метод обогащает словарный запас обучающего, положительно влияет на развитие культуры речи. Занятия, проведенные по методу ролевых игр, показали эффективность данного метода.

Ключевые слова: ролевая игра, медицина, развитие речи, эффективность внедрения.

Summary. One of the modern and effective methods of learning the language is a “Role play”. It was proved that this method develops knowledge of Kazakh language, trains its mind, forms culture of speech and knowability. Also, it forms the ability to orient in different situations, skills in using words in topics and capability to work in a team. The method of “Role play” shows that it helps to learn Kazakh by future medical specialists.

Key words: Role play, medicine, language development, effectiveness of integration.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғамның кез келген саласында қолданылуы - заңды құбылыс. Бұл орайда медицина саласында да мемлекеттік тілді біріздендіру мақсатында жасалып жатқан шаралар мен іс-әрекеттер өз нәтижесін беруде. Терминдік, салалық сөздіктерді айтпағанда, медицина саласына қатысты мемлекеттік тілдегі оқулықтардың саны да артып келеді. Медициналық жоғары оқу орындарында қазақ бөлімінде оқитын студенттер санының 90-жылдармен салыстырғанда бірнеше есеге ұлғаюы да - осы сындарлы жылдардың жемісі. Болашақ медицина мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарында орыс бөлімінің студенттеріне мемлекеттік тілді мейлінше меңгертудің әдіс-тәсілдері көп. Солардың бірі – инновациялық технологиялар арқылы қазақ тілі сабағын мамандықпен байланыстыра отырып, тартымды етіп өткізу. Медицина маманы алдына келген науқаспен сөйлесу кезінде қазақ тіліндегі медицина терминдерінің дұрыс баламаларын қолдана алуы, науқаспен ашық-жарқын қарым-қатынас жасауы маңызды.

Бұл орайда қазақ тілі пәні оқытушысының бүгінгі күн талабына сай мақсаты - білім алушыларды қазақ тілінде сөйлету, осыған орай оқытушы қазақ тілін үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, ең тиімдісін өз сабағында шығармашылықпен қолдана білуі қажет. Осындай әдістердің ішінен коммуникативтік әдісті қолдануға болатынына ешкім де талас тудырмайды. Тіл үйренушінің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыратын әдістердің ішінен рөлдік

ойындарды атап көрсетуге болады. Рөлдік ойын әдісі медицина саласына мемлекеттік тілді тереңдей кіргізуде алатын орны ерекше инновациялық әдістердің бірі болып табылады. Бұл ретте рөлдік ойын дегеніміз не деген заңды сұрақ туындайды. «Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде» былай деп көрсетілген: «Рөлдік ойын — біріккен топтық ойын, мұндай ойынға қатысушылар әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындайды (әлеуметтік рөл): анасының, әкесінің, тәрбиешінің, дәрігердің, оқушының, т.с.с. Рөлдер теориясы — әлеуметтік рөл түсінігіне сүйенетін, тұлғаның және тұлғааралық қатынастардың әлеуметтік психологиялық теориясы. Рөлдер теориясы адамның рөлдік қылықтық терминдеріндегі тұлғалық және тұлғааралық қатынастарды қарастырады» [1].

Бұл әдіс бойынша оқытудың мақсаты – сөйлесу, сөйлету. Сөйлеу бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы іске асырылуы қажет. Міне, бұл - коммуникативтік әдістің негізгі міндеттерінің бірі. Ал қарым-қатынас мақсаты - өзара қарым-қатынас жасаумен байланысты міндеттерді шешу.

Ал қазақ тілінде сөйлеуге үйретуде басты назарды неге аудару қажет? Студент пен оқытушы арасында ресми білім алушы – оқытушы қарым-қатынасы емес, жеке тұлғалар ретінде бір-біріне еркін сөйлеу, бір-біріне тең қарау жағдайы болу керек. Рөлдік ойын барысында қарым-қатынастың үш түрі көрініс табады: интерактивтік – бір іс-әрекет негізінде бір-біріне әсер ету, перцептивті – бір-бірін жеке тұлға ретінде қабылдау, бір-бірімен ақпараттық пікір алмасу. Мұндай ойындар білім алушының ой-өрісін дамытып, сабақты жандандырып, тіл үйренушінің пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі. Тіл үйренушінің сол тілге деген қызығушылығын арттыру, білім алушыда қажетті терминдер мен сөздерді неғұрлым көп меңгерсем, соғұрлым шапшаң әрі дұрыс жауап берем деген ой тудыру, білім алушының біліктілігі мен белсенділігін арттыру - рөлдік ойын инновациялық әдісіне тән басты белгілер. Бұл белгілер мен қарым-қатынас түрлеріне орай болашақ медицина мамандары үшін дәрігер мен науқас арасындағы сұхбат, дәрігер мен науқас арасындағы келіспеушіліктер, т.с.с қарым-қатынас түрлері туады.

Оқыту әдістерінің анықтамасы туралы «Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері» әдістемелік құралында орыс ғалымы Ю.К.Бабанскийдің: «Оқыту әдістері дегеніміз - мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру» - деген пікірін келтіреді [2]. Осы орайда рөлдік ойын әдісі арқылы өткізілген сабақта да оқытушы мен білім алушылардың арасындағы қарым-қатынас барысында біліммен қатар тәрбиені де, яғни команда мүшелерінің пікіріне құрметпен қарау, өз пікірін ашық айта алу арқылы студенттің таным процесін жетілдіруге дағдыландырады.

Рөлдік ойындарда рөлдерге бөлуде ия жеребе бойынша әр студент өзінің кім болатынын анықтай алады, әйтпесе кей жағдайда оқытушы студенттерді қабілетіне қарай өзі бөледі. Рөлдер анықталған соң алдымен студент түйсігінде тақырыпқа байланысты түсінік пайда болады. Егер білім алушыға мәтінді игергеннен кейін кардиолог дәрігер рөлі берілсе, алдымен студент санасында жүрек-қан тамырлары аурулары тақырыбы аясындағы тірек сөздер, аурудың белгілері, дамуы, айығуы үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер барлығы қалыптасады. Енді студент өз рөлін шынайы алып шығу үшін аталған ұғымдарды саралап, сұрақ жауап түрінде әңгіме өрбітуге іштей дайындалады. Аталған тәсілді қоолдану кезінде тіпті қазақ тілін білу деңгейі төмен білім алушының өзі қалай да қазақ тілінде өз ойын жеткізуге тырысады. Сұхбат өрбиді. Тек жалаң сұрақ-жауап түріндегі сұхбат емес, белгілі бір тақырып төңірегіндегі сұхбат. Егер студент жүрек-қан тамыр ауруларына қатысты терминдермен, ауру белгілерімен, емдеу жолдарымен таныс болмаса, науқасқа ешқандай бағыт көрсете алмайды. Сол сияқты науқас рөліндегі студент те сол аурудың белгілерін білуі тиіс. Дәрігерге өзінің ауруының белгілері туралы егжей-тегжейлі айтып беруге міндетті. Осы орайда дәрігер мен науқас арасындағы сұхбат қазақ тілінде дамиды. Сонда білім алушының мемлекеттік тілімізге деген қызығушылығы күшейеді. Біз бұл инновациялық әдіс арқылы біріншіден студентті қазақ тілін білуге дағдыландырсақ, екіншіден болашақ маман ретінде қалыптасуына машықтандырамыз. Бұл рөлдік ойын инновациялық әдісінің медицина саласына мемлекеттік тілді бірізділікпен енгізудегі рөлі зор болмақ.

Қорыта келе, медицина саласында қазақ тілін оқытудың тиімділігін артыру үшін тек күнделікті дәстүрлі сабақтар өткізу жеткіліксіздігі белгілі, бұл орайда оқытушылар болашақ медицина мамандарына мемлекеттік тілді меңгертуде оқытудың тиімді инновациялық әдістерін, соның ішінде рөлдік ойын әдісін қолданғаны дұрыс. Ж.М.Мусинаның пікірінше «Оқушының тілін дамытуда, сөйлеу мәдениеті мен ой өрісін, дүниетанымын жетілдіруде

сюжетті рөлді ойындар тиімді нәтиже береді. Сабақта оқушының рөлдік ойындарды ойнау барысында іс-әрекеті әлеуметтік сипат алады» [3].

Расында да, «Рөлдік ойын» әдісі барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Студенттер өз ойы мен сезімін өзара қарым-қатынас үдерісінде еркін білдіруге мүмкіндік алады;
- Студенттің қазақ тілінде ойлау дағдысы, сөздік қоры қалыптасады;
- Белгілі медициналық терминдердің, сөздердің қазақша баламасын білетін болады;
- Әрбір студент өзінің белгілі бір рөліне ие болып, сұхбаттағы өзіне берілген тапсырманы орындап шығуға деген жауапкершілігі артады;
- Бағалау барысында студенттердің күнделікті дәстүрлі сабақтарға қарағанда, рөлдік ойын оқыту әдісімен өткізілген сабақта жоғары баға алғанын ескерсек, оның тиімділігін де ұғынар едік.

Жалпы медициналық терминдердің терминком бекітетін негізгі нұсқасы ғылыми-танымдық мәтіндерде, БАҚ-дағы медициналық мәтіндерде кеңінен көрініс тапқан кезеңде, студенттерді олармен таныстырып, аталған әдіс арқылы білімдері мен дағдыларын дамыту, аталған сөздер немесе аудармалар, тіркестер болашақ медицина мамандары арасында жолбасшы болатындықтан, бұл іске үлкен жауапкершілікпен қарау – әр оқытушының студенттерге мемлекеттік тілді үйрету жолындағы басты бағдары.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет.
2. Қазақ тілді емес мектептерде тілдерді дамыта оқыту әдістері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 86 б.
3. Мусина Ж.М. «Ойын арқылы оқушының ойлау қабілетін дамыту» мақала, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ҰО» АҚ филиалы БҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің БАИ».

Кыдырбаева У.Т.
Мугла Сыткы Кочман университетінің (Түркия) докторанты, yay_79@mail.ru, Алматы қаласы

Балтабаева Н.С.
PhD докторы, Қазақ қыздар педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, balnargiza@mail.ru, Алматы қаласы

ӘБІЛҚАЙЫРДЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Түйіндеме. *Бір елдің өткен тарихын, тілін, мәдени және рухани құндылықтары мен әлеуметтік жағдайын зерттеу үшін жазба ескерткіштердің алар орны ерекше. Қазақ халқының тарихына үлкен үлес қосқан қолжазбалардың бірі XVII-XIX ғасырлардағы хандық дәуірде жазылған ресми хаттар болып табылады. Бұл мақалада Әбілқайыр ханның Орыс патшайымдары мен өкілдеріне жолдаған ресми хаттарындағы орфографиялық және фонетикалық ерекшеліктер туралы жазылған.*

Кілт сөздер: *ресми хаттар, фонетика, орфография, Қазақ, Әбілқайыр хан*

Резюме. *Исторические памятники занимают особое место в изучении истории, языка, культурных и духовных ценностей и социального статуса одной страны. Официальные письма, написанные в XVII-XIX вв., являются одной из самых значительных рукописей в истории казахского народа. В этой статье описываются орфографические и фонетические особенности официальных писем Абулхаир-хана русским императрицам и их представителям.*

Ключевые слова: *официальные письма, фонетика, орфография, казах, Абулхаир-хан*

Summary. *Historical monuments have a special place in studying history, language, cultural and spiritual values and social status of one country. One of the most significant manuscripts in the history of the Kazakh people is the official letters written in the XVII-XIX centuries Khanate era. This article describes the spelling and phonetic features of Abulkhair Khan's official letters to the Russian kings and representatives.*

Keywords: *official letters, phonetics, spelling, Kazakh, Abylkhair Khan*

Қазақ тілі, көптеген ғалымдардың еңбектерінде диахронды әдіспен зерттеліп, тілдің даму тарихы мен қолданылу ерекшеліктері аясында әр-түрлі тұжырымдамалар жасалынуда. Тұжырымдамалар нәтижесінде қазақтың жеке дара халық болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдерінде жазба әдеби тілдің зерттелуінде айрықша орын алатын құжаттардың бірі – ресми хаттар.

Жалпы ресми хат - өзіндік құпиясы мол жан-жақты зерттеуді қажет ететін әдеби мұра. Хат арқылы, елдің мұң-мұқтажын, өмір сүру салтын, мемлекеттің саяси және әлеуметтік мәселелерін, көршілес жатқан елдермен қарым-қатынас дәрежесін аңғарамыз. Осындай хаттардың бірі болып табылатын қазақ хандарының ресми хаттары, көбіне 18-ғасырдың 30 жылдарындағы қазақ жерінің орыс патшалығының қол астына кіруімен қатар, сол кезеңдегі саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты жазылған. Солардың ішінде 18-ғасырдың бірінші жартысында билік еткен кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның Қазақ хандығы тарихында өзіндік орны бар. Себебі, Қазақ халқының Орыс патшалығының қол астына кіруі осы Әбілқайыр тұсында басталып, бұдан кейінгі жылдарда қазақ даласында бірте-бірте орыс патшалығының үстемдігі орнай бастады.

Әбілқайырдың орыс патшайымдары мен елшілеріне жазған көптеген ресми хаттарының түпнұсқасы Қазақстан мен Ресейдің қолжазба қорларында сақталған. Сонымен қатар, баспа түрінде 2014 жылы жарық көрген И.В. Ерофееваның «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов» атты еңбегінің 1-томында Әбілқайыр ханның отызға жуық ресми хаттарының түпнұсқасы берілген [1, 440-488].

Отандық ғалымдар І.Кеңесбаев, Б.Әбілқасымов, Р.Сыздықова, Н.Уәли және Г.Мамырбекова ресми құжаттардың зерттелуі мен тілдік ерекшеліктеріне байланысты пікірлерін қолжазба негізіне сүйене отырып дәлелдегендігін аталған ғалымдардың еңбектерінен көре аламыз. Солардан бірі Г.Мамырбекова, ресми құжаттарды «ескі қазақ жазба тілінің» үлгілері ретінде қарастыруды алға тартқан [2, 26-27]. Сонымен қатар, бұл құжаттардың қолжазба нұсқасы Қазақстандағы мұрағат қорларында, Қытай мұрағатында және Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Ташкент, Орынбор сияқты көршілес елдердің ірі қалаларының кітапханалары мен мұрағат қорында сақталған [3, 11].

Енді осы хаттардың тілдік ерекшелігіне тоқталатын болсақ, хаттар араб әріптері негізінде жазылған. Мұнда көбіне Шағатай дәуіріндегі түркі тілінің элементтерінің басымдығын көруге болады. Әрине, Қыпшақ тіліне тән кейбір фонетикалық ерекшеліктерді де кездеседі. Алайда, бұл хаттардың тілдік және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты М.П.Вяткин, құжаттардың хандар мен сұлтандардың өз қолымен емес, татар молдалары тарапынан жазғандығын тілге тиек ете келіп,

мұндай жағдайдың хаттың жазылу үлгісіне және тіліне тікелей әсер еткендігін атап көрсеткен [4, 17]. Тағы бір еңбекте С.К. Кеңесбаев: «татар тілі элементтері басым, ал қазақ тіліне тән элементтер әлдеқайда аз... Бұл қазақ халқының көпшілік бұқарасына мүлде түсініксіз болды» [5, 43] дей отырып, хаттарда шағатай, татар, араб және парсы элементтерінің басымдылығы туралы айтқан. Осыған қарамастан, хандық дәуірде жазылған ресми хаттардан қазақ әдеби тілінің өзіне тән ерекшеліктерін молынан кездестіруге болады.

Хаттарды зерттеу барысында анықталған тағы бір ерекшелік орфографиялық қателіктердің көптеп орын алуында. Мұндай қателіктер әсіресе, араб, парсы және орыс тілдерінен енген сөздерде жиі кездеседі. Мысалы: عدول *'adūl*, راحملو *rahmlu*, زییان *ziyān*, تاقیر *teġayyur*, جڤاز *cevzā' т.б.* сөздерде араб және парсы тілдерінің орфографиялық емлесі сақталмаған.

Сонымен қатар, кейбір мағыналас сөздердің жазылуы түрлі сипатқа ие болған. Хаттардағы орфографиялық қателіктердің орын алуын сол кезеңдегі хандар мен сұлтандардың жанындағы хатшылардың сауаттылығымен байланыстыруға болады. Тағы да айта кететін бір мәселе, ресми хаттарда тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы жиі ұшырасады. Хаттарда кездесетін кейбір тұрақты сөз тіркестер қазіргі қазақ және түркі тілдерінде кеңінен қолданысқа ие болған.

Зерттелген хаттардағы орфографиялық қателіктердің бірі мағыналас және ұқсас сөздердің әр-түрлі жазылуында. Тіпті жалқы есімде, соның ішінде кісі атын жазуда бірнеше вариантты кездестіруге болады. Мысалы Ұлы жүз ханы Жолбарыс ханның есімі *yolbaruś, ilparus, colbarıs, colbarus* сияқты бірнеше вариантта жазылған.

Орфографиялық талдау кезінде, әсіресе, сөз жасаушы жұрнақтардың түбірге жалғанған сөздердегі дыбыс үндестігінің сақталмау құбылысын зерттеу барысында араб тіліндегі дауыстылардың таңбаланбауы мен дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішкелік белгісіне қарай қолданылу ерекшеліктерін естен шығармау қажет.

Хаттарда кездесетін жазылуы және мағынасына қарай бірдей сөздердің әр-түрлі орфографиялық ерекшеліктерін бірнеше топқа бөліп қарастырсақ төмендегідей ерекшеліктерді байқаймыз.

1. Соңғы буында және сөз жасаушы жұрнақтарда дауысты дыбыстардың еріндік және езулік болып қолданылуы арқылы жазылуы.

Мысалы: *artıḳ ~ artuḳ (артық), ayçılıḳ ~ ayçıluḳ (айшылық), batır ~ batur (батыр), buyır- ~ buyur- (бұйыр-), inamlıḳ ~ inamluḳ (сенімділік), ḳarındaş ~ ḳarundaş (қарындас), kiyew ~ kiyüv (күйеу), kiyik ~ kiyük (киік), ḳulçuluḳ ~ ḳulçılıḳ (құлшылық), künçilik ~ künçilük (күншілік), merahmetli ~ merhametlü (мейірбан), ötünim ~ ötünüm (өтініш), yazı ~ yazu (хат) т.б.*

2. Дыбысталуы бір-біріне ұқсас дауыссыз дыбыстар арқылы жазылуы (/k/~ /ḳ/, /t/~/ṭ/, /h/~/ĥ/~/ħ/, /g/~/ġ/, /v/~ /w/).

Мысалы: *dewlet ~ devlet (мемлекет), gubernator ~ ġubernator ~ gubernaṭor (губернатор), ĥācı ~ hācı (қажы), ħān ~ ĥān (хан), ħatt ~ ĥatt (хат), ħoş ~ ĥoş (хош), ḳatınaş ~ ḳatınaş- (қатынасу), ḳılıġ ~ ḳılıḳ (қылық), kiyew ~ kiyüv (күйеу), künçilik ~ künşilik (күншілік), son ~ soñ ~ śoñ (соңы), teñ ~ teŋ (тең), yurd ~ yurt (жұрт), т.б.*

3. Бірдей сөздердің эпентеза құбылысы арқылы әр-түрлі жазылуы.

Мысалы: emr ~ emir (бұйрық), ḳardaş ~ ḳarundaş (қарындас), ḳıluçı ~ ḳıluġuçu (орындаушы), uçla- ~ uçula- (ұстау), yurd ~ yurut (жұрт), т.б.

4. араб және парсы тілдеріндегі кейбір сөздерде жіберілген қателіктердің кездесуі.

Мысалы: *A.* تغیّر *'teġayyur'* > تاقیر *'taḳayyir', F.* شاید *'şāyed'* > شایت *'şāyet', A.* خفیّه *'ḫafiyye'* > حوافیا *'ĥuāfiye', A.* حفیظ *'ḥafiẓ'* > حوافیز *'ĥuāfiz'* тб.

Сонымен қатар, кейбір кірме және түркі тілдеріндегі сөздерде дауыссыз дыбыстың немесе буынның жазылмай кетуі сияқты қателіктердің бар екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Мысалы: *rās[t]lıḳımız, fāti[h]a, yaz[u], yar[ar]lar, bala[la]rnıñ, [d]mitri ġladişew, kitke[n]dür, vaḳ[t]lıḳ, ki[l]mesün,* тб. сөздерде осындай қателіктер кездеседі.

Хаттарда қолданылған араб және парсы тілдерінен енген біраз сөздердің қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне қарай жазылғандығын байқауға болады. Мысалы, *ḳabūl > ḳabıl, rahm > rahım, 'arż >arıż, emr > emir, riżā'> riża, her >ār, ĥakḳ >aḳı, metā' > maṭa, pehlevān > balvan* сияқты сөздер негіз тілдегі жазылу емлесін сақтамаумен қатар, дыбыстық өзгеріске ұшыраған.

Жалпы хаттың фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік ерекшелігі жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Себебі, хат мәтінін жан-жақты талдау сол кезеңдегі ресми хаттардың табиғатын тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл хаттар қазіргі қазақ тілінің тарихи түркі тілдерімен сабақтастығын көрсетумен қатар, тарихи дәуірлерде қалыптасқан тілдегі фонетикалық, морфологиялық және лексикалық өзгерістерді зерттеуде басты жазба деректердің бірі болып табылады.

Хаттардың лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері жайында Е. Өмірбаев былай деп тұжырымдайды: «әр кезеңдегі әлеуметтік жағдайлардың, экстралингвистикалық факторлардың әсері, хат жолдаушының білім дәрежесі хат мәтініне өзіндік ықпалын тигізіп отырған. Сондықтан әр дәуірдегі хат мәтінінің лексикасы да сол кезеңнің айнасы бола алады. Хат жанрының лингвистикалық сипатын талдау барысында, қазіргі қазақ әдеби тілімізбен салыстырғанда, біз осы кезеңдегі фонетикалық, лексика-грамматикалық өзгешеліктердің де әрқилы екендігіне көз жеткіздік» [6, 117]. Яғни, Әбілқайырдың хаттарындағы тағы бір ерекшелік ретінде шағатай дәуіріндегі түркі тілінің элементтерінің көптеп кездесуі және кірме сөздердің (араб, парсы және орыс тілдерінен енген) жиі қолданылуы деуге болады. Осыған орай зерттеуші ғалым М. Вяткин бұл құбылысты хатты жазушы адамдармен байланыстыра келе: «Орта Азия тілдеріне тән архизмдер мен арабизмдер араласқан татар тілі хандар канцеляриясы практикасында ұзақ уақыт берік сақталып, ресми хат хабарлардың барлығында қолданылады. Бұл тіл қазақ халқының көпшілік бұқарасына мүлде түсініксіз болды» [7, 20] дейді.

Солардың бірі, орыс елшілерінің лауазым және әскери шен атаулары, орыс патшайымына жазылған хаттарда негізі латын тілінен алынған *«императрица»* немесе *«император»* сөздерінің қолданылуы жиі орын алған. Мысалы: *podpolkovnik, polkovnik, polkownik, kapitan,* сияқты әскери шен атаулары қазіргі орыс тілінде қолданысқа ие. Тіпті, қазіргі қазақ тілінде де әскери шен атауы ретінде осы сөздер жиі қолданылады. Орыс тілінде XVII-XVIII ғасырларда жиі қолданылған *поручик (paruşçik), кавалер (kawalir*) сияқты терминдер бір-екі жерде орын алған. Лауазым және шен атауларынан тыс, кейбір сын есімдердің де *diwni (diwni ḳal'a), ḳıtatdısḳa (ḳıtatdısḳa ḳızıl burlatlar)* орыс тілінде жазылғандығын көреміз.

Хатта кездесетін кейбір фонетикалық ерекшеліктерге мысал келтіретін болсақ, ең басты ерекшелігі жоғарыда айтылып кеткендей мағыналас және дыбыстас сөздердің әр-түрлі жазылуында. Ал, қазіргі қазақ тілінің басты фонетикалық ерекшеліктері болып табылатын жалпы түркі тіліндегі сөз басындағы */y-/* дыбысының */j-/* дыбысына өзгеруі хаттарда *caḳ, caḳın, cal, can, cat-, cetim, ciber-, col, curt* сияқты сөздерде орын алғандығын көруге болады. Алайда, сөз басындағы */y-/* дыбысының да қолданылуы *yaḳın, yalġuz, yaman, yan, yaña, yardam, yarlıġ, yaş, yaşurun, yaz, yazu* тб. сөздерде жиі ұшырасады.

Жалпы түркі тіліндегі сөз басындағы */b-/, /k-/* дыбыстары *bar-, bar, köz* сияқты сөздерде сақталған.

Сонымен қатар, фонетикадағы протеза, эпентеза және дауыссыздардың элизиясын ескеретін болсақ, қазақ тіліндегі протеза есебінен айтылатын дыбыстар көбіне қысаң дауысты болып келеді. Қазіргі қазақ тіліне енген араб-парсы, орыс сөздері қазақ тілінің заңдылықтарына қарай, осындай протезалық дыбыстардың пайда болуы арқылы қалыптасқан. Яғни, протеза құбылысы – екі немесе үш дауыссыз дыбыстан, */l/* және */r/* дыбыстарынан басталатын кірме сөздерде жиі кездеседі. Әбілқайырдың хаттарында осы заңдылыққа тән *rus* (орыс) > *o-rıs ~ o-rus* және *starshina (старшина)* > *istarşin, rencİden (ренжу)* > *e-rencü-* деген сияқты кірме сөздерде кездеседі.

Ал, эпентеза немесе сөз ішіндегі екі дауыссыз дыбыстың ортасына дауысты дыбыстың келуі, *(қып., шағ.) tört* > *tör-ü-t, (қып.,шағ.) ḳarşu* > *ḳar-u-şu, (қып., шағ.) ḳırk* > *ḳır-ı-k* сөздерінде сирек ұшырасқан.

Әртүрлі сыртқы әсерлерге байланысты сөз құрамында бұрыннан бар дыбыстардың түсіп қалу (элизия) құбылысы да ресми хаттарда орын алған. Мұндай құбылыстар көбіне кірме сөздерде байқалады. Мысалы: *(парсы.) rāst* > *rās-lıḳ, (парсы.) ħōca* > *ħoca* тб.

Сонымен қатар, */ğ/* және */g/* дыбыстарының элизиясы сөз ортасында да байқалады. Бұған мысал ретінде түркі негізді *(қып.,шағ.) ögren-* > *ören-* сөзінде бірінші буындағы */g/* дауыссыз дыбысы түсіп қалғандығын көреміз. Бірақ қыпшақ тілінде жазылған *Kitâbü'l-İdrâk Li-Lisâni'l-Türkî* және *Et-Tuhfetü'z-Zekiyye Fi'l-Lügati't-Türkiyye* атты екі шығармада бұл сөз *ören-* түрінде қолданылған. Көне түркілік */ğ/* және */g/* дыбыстарының сөз ортасында түсіп қалуына байланысты М.Томанов, ықпал заңдылығының нәтижесі дей келе, көне түркілік сөз ортасындағы */ğ/* дыбысының қазақ тілінде */y/ aġır>awır, aġız>awız* дыбысына кейде, */i/* дыбысына *baġla >bayla, yıġıl>jıyıl* түріне ауысқандығын көрсетеді [8, 119].

Кейбір сөз құрамындағы дыбыстардың өзара орын алмастыру құбылысы (метатеза) бір-екі жерде кірме сөздерде кездеседі. Мысалы, *(парсы.) gümān (күмән)* > *günam ~ günām, (араб.) cevzā'* > *cewāz*..

Сөз соңында немесе сөз ортасында қос еріндік */w/* дауыссыз дыбысы *(қып.,шағ.) aġız* > *awız, (қып.,шағ.) ataġ* > *ataw* сияқты сөздерде ұшырасады. Сөз соңындағы ұзын дауысты дыбыстың әсерінен */i/* жартылай дауысты дыбысы *(парсы.) ħudā* > *ħudāy* сияқты кірме сөздердің соңында пайда болған.

Фонетикада дыбыстардың өз ішінде бір-біріне ықпал ету заңдылықтары орын алады. Солардың бірі дауысты дыбыстардың жуан –жіңішке болуына байланысты (сингармонизм) ыңғайласу құбылысы. Аталған хаттарда кейбір сөздер осы заңдылыққа бағынбайды. Мысалы: еріндік және езулік сипатына қарай дауысты дыбыстардың ыңғайласу құбылысының сақталмағандығын көреміз. Мысалы: *altun (алтын), aldu (алды), azġun (азғын), ayġur (айғыр), belgü (белгі) тб.*

Ежелгі түркі жазбаларында */нт/, /лт/, /мк/, /рт/, /нк/* кейде */дк/* диссимиляциялық тіркестерге құрылған сөздер бар [8, 124]. Хаттарда жоғарыдағы тіркестерден түбір мен қосымша шегінде кездесетін */лт/, /мк/* диссимиляциялы дыбыс тіркестерін көреміз. Мысалы: *kildi (келді), kiltür (әкел), tamġa (таңба), töbengi ~ töbeñki (төменгі)* сияқты сөздер қолданылған.

Сөз құрамының күрделенуі нәтижесінде екпіннің соңғы буынға қарай жылжуы сөз құрамын өзгеріске ұшыратып отырған. Кейбір екпін түспеген буындар сөз құрамында әлсіреп, кейде тіпті түсіп қалған. Осындай редукция құбылысы тарихи түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын *ḳarındaş (қарындас, бауыр)* сөзі Әбілқайыр ханның хаттарында *ḳardaş ~ ḳarındaş ~ ḳarundaş* болып үш түрлі жазылған. Осы сөздің бірінші қолданысында */-ın/* немесе */-un/* жабық буынның түсіп қалғандығын байқауға болады. Сонымен қатар, тарихи түркі тіліндегі кейбір дыбыстардың сөз басында, ортасында және соңында өзгеріске ұшырауын көреміз.

Көне түркі тіліндегі */e-/, /ė-/* дыбыстары кейбір жерде */i/* дыбысына ауысқандығын [9, 66] *ilçi (елші), illi (елу)* сияқты сөздерде жиі қолданылған. Алайда, Түркиядағы кейбір түркітанушы ғалымдар арасында Көне түркі тіліндегі ***/ė/*** дыбысының шағатай дәстүрлі тілінде қолданылғандығы жөнінде әр түрлі көзқарастар орын алған [10, 221].

/ġ/ дыбысына қатысты айтатын болсақ сөз соңында кейбір жерде бастапқы қалпын сақталып, ал кейбір жерде дыбыстық өзгерістердің әсерінен жойылып кеткендігін көреміз. Мұндай екі түрлі қолданыс, мағыналас *'ulu'* және *'uluġ'* сөздерінде кездеседі.

Қорыта айтқанда, жазба мәдениетіміздің аса маңызды және құнды салалардан бірі болып есептелінетін эпистолярлық жанрда жазылған әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін ауқымды материалдар бар. Солардың арасында еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайына байланысты ел басына қиын қыстау заман туғанда халықты бір тудың астында ұстап билік құрған хандар мен сұлтандардан қалған қолжазбалар отандық және көршілес елдердің архивтерінде сақталуда. Бұл қолжазбалар әсіресе көршілес елдермен болған қарым-қатынастардың айқын көрінісін береді. Солардың бірі, 1710-1748 жылдары биік құрған кіші жүз ханы Әбілқайыр хан тарапынан орыс патшалары мен елшілеріне жазылған ресми хаттардың өзіндік ерекшеліктері көп. Атап айтатын болсақ, орфографиялық қателіктердің орын алуы, кірме сөздердің, әсіресе, араб және парсы тілінен еніп, дыбыстық заңдылықтарды сақтай отырып, күні бүгінге дейін қолданысқа ие болған сөздердің тарихи қалыптасуын көре аламыз. Тарихи қыпшақ және шағатай тілдерінің басты фонетикалық сипатын көрсететін ерекшеліктер негізінде, хат тілінің тек қана қыпшақ элементтерінен емес, сонымен қатар, басым бөлігінің шағатай элементтерінен құралғандығын байқаймыз. Бұл өз кезеңінде Орта Азия территориясында ортақ жазба тілдің, яғни, шағатай дәуіріндегі түркі тілінің кеңінен қолданылғандығын көрсетеді. Алайда, жазба тілде қолданылған ортақ түркі тілі (шағатай тілі) күнделікті халық арасында қолданысқа ие болған жоқ. Хаттарда бір сөздің түрлі фонетикалық вариантта кездесуі осының айқын көрінісі деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Ерофеева, И.В., (2014), Эпистолярное наследие Казахской правящей элиты 1675-1821 годов, Том 1., Письма казахских правителей. 1675-1780., Абди, Алматы,.-688б.*
2. *Мамырбекова, Г.М., (2012), Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары, Шапағат-нұр, Алматы.*
3. *Әбділәшімұлы, Д., (2016), Ескі қазақ жазба тілі, Алматы, Елтаным.*
4. *Вяткин, М.П., (1951), Материалы по истории Казахской ССР /1741-1751/, 2-том, Алматы, Қазақстан.*
5. *Кенесбаев, С.К., (1955), Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан, № 9, Алматы, Казахстан.*
6. *Өмірбаев, Е., (2006), Ескі қазақ жазба үлгілеріндегі лексика-семантикалық және сөзжасамдық ерекшеліктер (XV-XVII ғасырдағы жазба ескерткіштер материалдары бойынша), Диссертациялық жұмыс,*
7. *Вяткин, М.П., (1940), ҚазақССР тарихы бойынша материалдар, 4-Том, Москва-Ленинград.*
8. *Томанов, М., (2010), Қазақ тілінің тарихи грамматикасы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар.*
9. *Өзеткин, А., (1996), Мелек, Altın Ordu, Kırım ve Kazan Sahasına Ait Yarlık ve Bitiklerin Dil ve Üslûp İncelemesi, Анкара.*
10. *Акалын, М., (1998), Tarihi Türk Lehçeleri, Анкара.*

ӘОЖ 821.512.122(091)

Қалқабаева С. Ә.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а., ф. ғ. к.
Алматы қ., e-mail: sk.61@mail.ru

ӘДЕБИЕТТЕГІ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Түйін. *Бұл мақалада адамгершілік мәселесі – көркем әдебиеттің әріден келе жатқан басты мұраты екендігі, сондай-ақ уақыт өткен сайын жаңа ізденістермен жаңғырып келе жатқан өміршең де мәнді тақырыптың бірі екендігі қарастырылады. Қоғамдағы моральдық атмосфераны қалыптастыруда әдебиеттің маңызы қандай зор болса, әдебиеттің құнын көтеруде моральдың да орны ерекше. Онсыз көркем шығарманың тәрбиелік мәні, эстетикалық мұраты ақсайды. Әдебиет қай кезеңде де жақсылық пен игі істерді, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді жырлады. Көнеден көш тартқан ауыз әдебиетінен бастап бүгінге дейінгі әдебиеттің қызметін таразылап қарасақ, ең әуелі адамның ой-арманын, ізгі мұраттарын, жақсылық үшін зұлымдықпен күресін, адамгершілік сезімдерін көрсетуге деген ұмтылысты пайымдаймыз. Мақалада шетел, орыс, қазақ халықтарының классикалық әдебиеттеріне жүгіне келе, оларда мораль, адамгершілік қасиет қоғамдық терең мағына алғандығына тоқталады. Бұдан классикалық әдебиетіміз гуманизм, мораль, ар-ождан мәселелерін ту етіп көтере отырып жетілгендігін көреміз.*

Тірек сөздер: *адамгершілік, характер, классическая литература, эстетическая цель*

Summary. *The importance of humanity in literature and literary works devoted to the themes of humanity are discussed in the article. The role of literature is significant in forming moral atmosphere in the society as well as the role of moral is great in increasing value of literature. Therefore humanity issue is the most significant problem of all the time and the issue upgrades as time passes. Literature always tries to show good quality of human beings. Apart from this essence and esthetic goal of literary works have a weak point. If we look at the role of literature from those spoken literature times till today's, we can see that literature tries to advocate human's idea and dream, objectives, fight with the evil for the good, humanity of human being. By delving into the classic literature of foreign, Russian, Kazakh people, we can also see that the issue of humanity and morality play a leading role in society. Shakespeare and Dickens, Muller and Balzak, Goethe and Schiller, Saltikov Shedrin and Dostaevski, Toltoy and Gogol, Auezov and Aitmatov created immortal characters advocating high quality of humanity and beauty of human beings, and said a few words about actual problems of morality in his times. One can see that our classic literature took further stage in development by raising problems of humanity, morality, dignity and honor as a flag.*

Key words: *humanity, characters, classic literature, esthetic goal*

Резюме. *В этой статье расматривается проблемы гуманизма – это с древних времен главная цель художественной литературы и со временем с новыми обновленными творческими поисками, одна из жизненных и значимых тем. Так как важна значимость литературы в формирование моральной атмосферы в обществе, так же большое место имеет мораль для поднятие цены в литературе. Без него у художественных произведениях нет смысла воспитание, хромает эстетическая цель. Литература в любой период воспевала добро и полезное дело, человеческое достоинство людей. Если взвесить деятельность литературы с древних времен до сегодняшнего дня, то мы видим стремление написать в первую очередь мечты человека, заветные цели, борьба со злом во имя добра, человеческие чувства. В статье ссылаясь на иностранных, русских, казахских народов классической литературы, у них тоже мораль, человеческое достоинство имеет большое значение в обществе. Поэтому классическая литература ставить проблемы гуманизма, морали, совести на первое место и совершенствуется.*

Ключевые слова: *гуманизм, характер, классическая литература, эстетическая цель*

Қоғамдағы моральдық атмосфераны қалыптастыруда әдебиеттің маңызы қандай зор болса, әдебиеттің құнын көтеруде моральдың да орны ерекше. Сондықтан да болар көне дәуір әдебиеті үшін де адамның адамгершілігін асқақтата жырлаудан асыл парыз болған жоқ. Адамзаттың асқақ армандар жолындағы күресін, парасатын жырлап, жан дүниесінің сырын шерту — көркем әдебиеттің әріден келе жатқан басты мұраты. Бұл мақсат ешқашан да өз маңызын жоймақ емес, қайта күн өтіп, заман өзгерген сайын оның мәні арта түседі. Себебі, қай кезде де әдебиеттің негізгі нысаны — адам, оның ішкі әлемі. «Шын мәніндегі әрбір әдебиет үшін, егер ол — әдебиет, яғни адамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы міндетті» [1, 319]. Онсыз көркем шығарманың тәрбиелік мәні, эстетикалық мұраты ақсайды. Әдебиет қай кезеңде де жақсылық пен игі істерді, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді жырлады. Көнеден көш тартқан ауыз әдебиетінен бастап бүгінге дейінгі әдебиеттің қызметін таразылап қарасақ, ең әуелі адамның ой-арманын, ізгі мұраттарын, жақсылық үшін зұлымдықпен күресін, адамгершілік сезімдерін көрсетуге деген ұмтылысты пайымдаймыз. Мәселен, табиғаттың қара күшімен алысқан қаһармандарды суреттейтін ертегілер, туған жерін сырт жаудан қорғау үшін шайқасқан Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын сынды баһадүрлердің ерліктерін жырлайтын эпостық жырлар, адам жанына рух пен ізгілік нәрін сепкен Бұхар жырау, Төлеби,

Қазыбек би, Әйтеке би, Махамбеттей бабаларымыздың жалынды жырлары мен шешендік сөздері, нақыл өсиеттері жоғарыда айтылған тұжырымның дәлелсіз еместігін айғақтаса керек. Сондай-ақ шетел, орыс, қазақ халықтарының классикалық әдебиеттеріне жүгінсек те мораль, адамгершілік қасиет қоғамдық терең мағына алған. Айталық, Шекспир мен Диккенс, Мольер мен Бальзак, Гете мен Шиллер, Салтыков Шедрин мен Достоевский, Толстой мен Гоголь, Әуезов пен Айтматовтар өз шығармаларында адамның сұлулығын, жоғары адамгершілік сапаларын әспеттеу арқылы өшпес образдар жасап, өз заманындағы моральдың көкейкесті жақтарын сөз еткен. Бұдан классикалық әдебиетіміз гуманизм, мораль, ар-ождан мәселелерін ту етіп көтере отырып жетілгендігін көреміз. Әрі С. Әшімбаевтың: «Әдебиет... өз заманының саяси-әлеуметтік жағдайына сәйкес моральдық және рухани жағынан өсуі мен өзгеруінің, кері кетуі мен кемелденуінің таразысы әрі айнасы» [2, 50], — деген тұжырымын құптаймыз.

Демек, адамгершілік жайы уақыт өткен сайын жаңа ізденістермен жаңғырып келе жатқан әдебиеттегі өміршең де мәнді мәселенің бірі екен. Моральдық-этикалық бұл категорияның қай кезде де әрбір жазушының шығармаларында өзекті мәселе болғандығын жоғарыдағы мысалдардан көрдік. Шындығында, оның қат-қабатына үңіліп сөз ету қоғам үшін де, әдебиет үшін де басты қажеттілік. Олай дейтініміз, ол ұғымға адамға тән жағымды қасиеттердің бәрі де енеді. Айталық, жолдастық, достық, ерлік, жауапкершілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, кішіпейілділік, әдептілік, әсемдік, жақсылыққа құштарлық, жамандықтан жирену т.б. Ал бұлар адамның әрбір іс-әрекетінен, қарым-қатынасынан, ой-түйсігі мен ізгілік қасиеттерінен көрініс тауып, адам жанының сұлу болмысын айғақтамақ. Осы сұлулықты бейнелеуге ұмтылыс қай кезде де көркем шығарманың басты мұраты болып келген. Себебі өмірдегі қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық мәселелердің бәрі де ең алдымен адамгершілікке, ар-инабатқа байланысты дұрыс шешімін таппақ. Француз жазушысы Франсуа Мориактың да қоғамға ең алдымен моральдық тұрғыдан қарауының мәні осында болса керек. «Махаббат шөлі», «Треза Дескейру», «Агнец» романдарында адамның жалғыздығы мен адамгершілік ізденістері, қоғамды рухани құлдыраудан құтқару идеясын көтеруі Мориактың моралист жазушы екендігін танытады. Осындай ірі суреткерлердің шығармаларына ден қойсақ, «...гуманист жазушының қашан да көздейтін мақсаты адам характерін өмірдің әртүрлі жағдайында зерттеп, адамгершілік сезімнің тазалығына баса мән беру» [3, 278], — екендігін ұғынамыз.

Ірі классиктер жол салған адамды моральдық тұрғыдан жан-жақты зерттеу тенденциясы — күні бүгінге дейін созылып келе жатқан күрделі әдеби құбылыс. Бұл мәселеге қаламгер мейлі этикалық, мейлі эстетикалық көзқараспен қарасын, әйтеуір адам жанының байлығы мен сұлулығын, адамгершілік болмысын қоғамдық өмір шындығымен әртүрлі байланыста ала отырып ашуға ұмтылады. ТМД әдебиетіндегі адамгершілік ізденістерді сөз еткенде ауызға алғаш Ю. Трифонов, В. Астафьев, В. Шукшин, В. Белов, В. Быков, В. Распутин, С. Залыгин, В. Можаев, Ф. Фоменко, И. Друце, Г. Матевосян, М. Слуцкис, В. Лама, Ш. Айтматов, И. Байтемірова, Т. Сыздықбеков, А. Мұхтар, Ш. Рашидов, Б. Кербабаев, Х. Дерьяев, Б. Құдайназаров, А. Атажанов, К. Шамшиев сияқты жазушылардың есімдері оралады. Олардың шығармаларында жиырмасыншы ғасырдағы кеңестік дәуір адамының ішкі рухани дүниесінің қалыптасуы психологиялық шеберлікпен берілген. Әр адамның басындағы адамгершілік асыл қасиеттерімен қоса, қоғамдық моральға жат мінез-құлық элементтері де сынға алынып, дара көркемдік шешімін тапқан.

Заман келбетін танытатын кейіпкерлерін өмірдің әртүрлі саласында сынға салып, олардың парасатын, интеллектісін, адамгершілік қасиеттерін психологиялық тереңдікпен көрсетуге деген ұмтылыс Кеңестік дәуірдің 60-70 жылдары қазақ әдебиетінде де үлкен нәтиже берді. Замандастың рухани әлемін, характерін бейнелеудің көркемдік тәсілдері жетіліп, соны ізденістер аясы кеңіді. Бұған М.Әуезовтің «Өскен өркен», З. Шашкиннің «Сенім», З.Қабдоловтың «Жалын», Т. Әлімқұловтың «Ақ боз ат», І.Есенберлиннің «Ғашықтар», Р. Тоқтаровтың «Бақыт», С. Шәймерденовтің «Көк мұнар», Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романдары, Ж.Жұмақановтың «Келіншек», Ә. Әлімжановтың «Тоғысқан тағдырлар» повестері т.т. дәлел. Бұл шығармалардың қай-қайсысына да кейіпкердің жан дүниесіне терең үңілу, адамдық болмысты жаңа қырынан ашу жолындағы ізденістер тән. Бұдан адамның күрделі табиғатын зерттеу көркем әдебиеттің қай кезде де басты мақсаты болғандығын көреміз.

О бастан-ақ әдебиеттің діңгегі ретінде күн тәртібінен бір елі түспей, қайта күн ілгерілеген сайын жаңа көркемдік тәсілдермен шешімін тауып келе жатқан адамгершілік, мораль мәселелері әдебиеттану ғылымында да өзекті тақырып болып келеді. Шығарма мейлі тарихи тақырыпты қамтысын, мейлі бүгінгі күн өмірін арқау етсін бәрібір жазушы идеясының түп қазығы болған мораль мәселесі, қаһарманның адамгершілік келбетінің прозадағы көрінісі талай жылдар бұрын-ақ бірқатар ғылыми еңбектерде сөз болғанмен уақыт озған сайын әр қырынан қарап, жекелеген жазушылардың

осы тұрғыдағы соны ізденістерін барлап, жаңа идеялық-көркемдік өзгешеліктердің әдебиеттегі көрінісін қадағалап отыру, яғни кейіпкердің жан дүниесі мен адамгершілік ізденістерін ашудағы қаламгердің шеберлігін сөз ету әдебиеттану ғылымының негізгі міндеті. Бүкіл адамзаттың гуманистік қасиетіне баса назар аударылып отырған заманда мәнді де мәңгі бұл тақырып қай әдебиет өкілдерін болсын бейжай қалдырмаса керек. Тел өсіп, қатар дамыған туысқан, көршілес халықтардың әдебиеттану ғылымындағы осы мәселе төңірегіндегі ізденістер бұған дәлел. Бұл ретте арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарының көбейе түсуі осы мәселенің әдебиет сыншыларының басты зерттеу нысанына айнала бастағандығын көрсетеді. Оларды жіктеп қарасақ, бір тобы классик жазушылардың моральдық-философиялық ізденістерін, шығармаларындағы әсемдік пен адамгершілік үйлесімін сөз етсе, біразы Ұлы Отан соғысы жайындағы прозада көтерілген адамгершілік мәселесін патриоттық, ұлттық және жалпыхалықтық сезімдермен диалектикалық бірлікте қарастырады, ал енді бір алуаны замандастың рухани әлеміне арналады. Осыншама зерттеулер 60-70 жылдары-ақ әдебиетшілердің басты назарына іліне бастаған адамгершілік ізденістердің жыл өткен сайын өзектілігі арта түсетін күрделі де қиын тақырып екендігін айғақтайды. Расында, Э.Межелайтис айтқандай: «Адамның ішкі дүниесіне тереңірек үңілген сайын оның анағұрлым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. Адам жаны неғұрлым тереңірек суреттелсе шығарма да күрделі бола түседі» [4, 188].

Замандас бейнесі мен оның рухани әлемінің әдебиетіміздегі көрінісіне қазақ әдебиет зерттеушілері де бірқатар еңбектер арнады. Ғалымдарымыз өз зерттеулерінде негізінен қоғам мен қазіргі адам арасалмағын, рухани-адамгершілік мұраттардың көркем әдебиеттегі әр алуан көрінісін ғылыми тұрғыда талдаған. Сондай-ақ белгілі бір жылдар аралығында жарық көрген шығармалардағы замандас образын, олардың заманға сай моральдық бет-бейнесін, мінезінің адамгершілік сипатын бейнелеудегі жазушы шеберлігі Қ.Әбдезұлы, Б.Майтанов, Т.Бекниязов т.б. ғалымдардың ғылыми жұмыстарында қарастырылады. Бұлардан пайымдайтынымыз, көркем прозадағы қазіргі дәуір адамы мен оның рухани адамгершілік ізденістері әдебиеттануда азды-көпті сөз етіліп, ғалымдарымыздың назарын аудара түскенімен адам жаны диалектикасының әдебиеттегі сыр-сипатын әлі де жан-жақты қарап, көңіл бөлетін жайттар баршылық. Әсіресе жеке суреткерлер кейіпкерлерінің бойындағы заман рухына лайық болмыс, бітім, адамгершілік сапаларын көре білу, оны бейнелеудегі тың идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен стильдік ізденістерін айқындай түсу аса қажет.

Әдебиеттер

1. *Кузнецов Ф.Ф. Размышление о нравственности: Кн.публицистики. — М.: Сов. Россия. 1979. — 411 с.*
2. *Әшімбаев С. Сын мұраты: Әдеби сын: — Алматы: Жазушы, 1974. — 247 бет.*
3. *Сыдықов Т. Мұрат пен міндет: Әдеби-сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1987. — 318 бет.*
4. *Межелайтис Э. Контрапункт. Лирическая проза. — М.: Известия, 1972. — 448 с.*

К.С. Әбдіқалық
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Т.Дәуітұлы
аға оқытушы., п.ғ.м, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Б.Ш.Қожекеева
Филология ғылымдарының кандидаты., қауымдастырылған профессор
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ӘЗІЛБЕК КІНӘЗБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ (СЕЗІМ СУРЕТТЕРІ) СУРЕТКЕРЛІК

Түйіндеме: *Бұл мақалада Әзілбек Кінәзбекұлының ақындық көкжиегі мен суреткерлік қырлары сөз болады.*

Резюме: *В этой статье говорится о поэтическом горизонте и критической стороне Азилбека Князбековича.*

Resume: *This article states on the poetic horizon and the critical party side of AzilbekKnazbekovich.*

Ақын Әзілбек Кінәзбекұлы 1948 жылы ҚХР, СУАР Іле қазақ автономиялы облысы, Іле аймағы Күнес ауданының Талды ауылында өмір есігін ашады. 1966 - жылы Іле педагогикалық институтын бітіріп 1966-1986 жылға дейін ұстаздықтан проректорлыққа дейін көтеріледі. 1986 жылдан өмірінің соңына дейін «Іле ағарту» журналында бас редактор қызметін атқарған. «Аққекіл ақын» атанған сыршыл Әзекең 2001 жылы қапияда дүниеден өтті [1,307б]

Шығармашылыққа аты шулы «Мәдениет төңкерісінен» кейін белсене араласқан Әзілбек Кінәзбекұлының артында «Аққулар ұшып барады» (өлең роман), «Әулиенің ауылы» (дастандар), «Темір қанат» (өлеңдер), «Алау жүрек» (өлең, поэмалар) қатарлы төрт томдық жинақ қалды. Қытайдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне осындай сүбелі еңбектер қосқан Әзекең Шынжаң жазушылар одағының мүшесі де еді [2, 81 б]

Әзілбек Кінәзбекұлының шығармашылығы жайлы әуелгі сөзді «Мерген деп қалдың-ау» атты өлеңінен бастайық:

Ұлпа қанатқа
Көктемді қондырып,
Алыстан аққу
Ала келгенде.
Әдейі іздеп
Көптен жол жүріп,
Келіп ем байтақ
Даламен мен де [3,181б]. – деген жолдарда аңсау, сағыну, іздеу сезімі жаныңды жай таптырмайды.

Аққулар қалқып
Ежелгі мекен,
Жүр екен айдын –
Шалқар көлінде.
Соншалық секем –
Алғаны не екен,
Лезде олар келді
Тарқар бейімге. – сергек, тәкаппар сұлулықтың жаттан жатырқауы, сескенуі араны алшақтатуға бейімделеді.

Келемін бұғып
Жағалап қарап,
(Жымуға жастан
Болып ем епті.)
Мінеки ұшып,
Сабалап қанат,
Аққулар алыс
Тобымен кетті.

Қаншалық ептілікке бейімделгенмен,жасырынғанмен, секемшіл көл еркесі бәрін де жазбай бағып тобымен көкке самғады.

Ех, ұлы құстар,
Еркесі көктің,
Қалды ма шалқып,
Күлген алабың.
Кезеніп мылтық,
Келген жоқпын,
Сірә, сен мені
Кімге баладың?[3,183б]

Секемшіл көк еркесінің қағылездігі мен сезгірлігіне қайран қалып, өзінің ынтықтығы мен өкінішін білдіріп ах ұрып налиды.

Келіп ем сені,
Бір көрейін деп,
Сендегі сүйіп,
Меңсіз ақтықты.
Келіп ем сенен
Үйренейін деп,
Құлан таза ойды,
Мінсіз пәктікті.

Келіп ем сенен,
Алайын деп мен.
Қалтықсыз емін
Қапалы дерттің.
Қатарын мәңгі
Қастерлеп өткен,
өшпес жылуын
Опалы серттің...

Бұл жолдарда да ақын, аққу бойындағы құштарлық, пәктік, тазалық, сұлулық, достық, мейірім, шапағат сияқты ізгі қасиеттерді көрмек болған адал көңілін, айна қатесіз әсем өрнектеп, сиқырлы сұлулыққа деген ынтызарлығын жасырмай жария етеді.

... Көрсеттің маған
Бір ғана нәрлі –
Қимылды –
Ұшу алысқа биік.
Қасиетті сол
Бойдағы барды,
Берер ме ең мендей
Арысқа қиып [3,184 б] – Табиғат еркесі ақын жанын, көңіл-

күйін қайдан білсін. Солай да ақын аққуға деген ыстық сезімін, іңкәрлігін, ізеттілігін, құрметін еш жасырып қалған жоқ, ортаға жайып салып отыр. Көксеген көрікті ойынан опық жейді. Сонда да үмітін үзбей көз алдында өткен көрініс «алысқа ұшудай» қасиетті маған берер ме екенсің деп жалбарына сұрайды. Жүп-жұбы мен жарасып көлде жүзген аққудың абайсызда шырқын бұзып алғанына өкініп, өзінің аққуға деген таза пәк сезімін сезбегенін айтып «мерген деп қалдың-ау» деп мұңаяды.

Ақынның жарық дүниемен қоштасар алдында қойын дәптеріне жазып қалдырған «Күзгі сағыныш» атты өлеңі, ақын қайтыс болғаннан кейін «Шұғыла» журналында жарияланды.

Күз мынау,
Қырау тартып бір демде іргем,
Әр күні аялы аспан кірбең-кірбең.
Ағашты бір ызғардың желі шайқап
Жапырақ түсіп жатыр бірден-бірден.
Қараймын терезеден ақ қалаға,
Суылдап теңселіп тұр бақтар ана.
Құлазып ақ қар жапқан мына таудай,
Мені де құлазытты-ау Хақ Тағала,

– деген өлең жолдарында қарапайым күз көрінісі өзінше айшыққа толы.

Қашан да ақын жаны нәзік, қиялы ұшқыр, сезімі елпең, әсершіл келеді ғой. Сондықтан болар, қарашаның соңына қарай тау басына қар түсіп, ағаш жапырағы төгіліп, сүреңі қашқан көрінісінен бір түрлі әсер ала туындаған көңілсіздіктен ақын өзгеше ой түйіп, бір кездерде біз де осындай бір ызғарлы желге тап болып, жапырақтай сарғайып, сағақтан үзіліп, жерде қалармыз-ау деген бір үрейді аңдатады.

Осы боп өлеңімнің күнде ырғағы,
Тербейді жаз жанымды тың жырдағы,
Білгендей мен кіргенде келгенімді
Ойнақы телефон да сыңғырлады.

Өзіңе бола жүріп көптен ғашық,
Осынша сағынышым кеткен басып,
Өзіңді тағы аймалап тұрғандаймын
Бетіме трубканы еппен басып, – дейді.

Осындағы жұбай аққу секілді ғашықтардың қимыл-қозғалысы мен жүрек лүпілі, нәзік сезімі бір-бірімен қалай беттесіп, қандай өрнек төгіп тұрғандығына қараңыздаршы. Ақын бейне Қыз-Жібек пен Төлегеннің отау үйде бұрынғылардың «шашсипатар» ырымын, шымылдық ішінде өтеп жатқандағы жүректі өбіп аймалайтын қуаныш сезімін өз басына келтіргелі тұрғандай сезімге кенеліп трубканы бетіне еппен басып тұрмай ма?! Бұл неткен нәзік, неткен тәтті сүйіспеншілік десеңші!

Ақын тиянақсыз тербетіліп, мазаны алатын ырғақтан босап, тұғырына қайта қонған қырандай сілкіне бой жазып, көксеңгір аспанда қанатын жайып қалықтап ұшқысы келген ақиық балапанның шабытын шақырып:

Қанатым құла дүзде ерек тала,
Самғадым бетке алып дерек дана,
Шаршасам шар әлемнің шаңын қауып,
Қуатым өзің берген медет қана.
Сол қуат, осы шабыт, желі кеудем,
Ертеңім, құшсам әйтеу сені деумен,
Салбурын сауырынан көбік ағып,
Келемін бауыр жазып еңіреумен.
Тұрғандай елік күтіп мұқым жайда,
Осынай күш бағыштап қысым бойға.
Тиятын тер шүмегін маңдайымнан,
Көз сүртер қолыңдағы шытың қайда?! – депшалықтап, шарықтайды. Бұл жүректегі отты құштарлық, терең сүйіспеншілік, пәк махаббат емес пе? Міне бұл ақынның жүрегін сыздатып көңілінің тынышын кетірген, сезімін қытықтап тебіреніске салған «күзгі сағыныштың» бір бөлшегі.

Шығарманың композициялық құрылымына келер болсақ, осы бір шағын көлемдегі «Күзгі сағыныш» атты романстың композициялық бітімі қандай тамаша оюластырылған. Онда бір түрлі симфониялық сипат бар. Ақын бұл романсқа кесек симфониялық шығарманың мелодиялық тынысын беріп, әр бөлекте әр басқа ойнақ салып, сыр шерткен суретті сөз тіркесін жасап, бізге музыкаға толы сыңғырлы әуенмен тіл қатып тұрғандай ағытылады.

Махабатты қашан да дауыл құм басқан,
О, жұлдыздар!
Жайым сол ғой мұңдасқан.
Мәңгі сөнбес,
Жұлдызы бар көгінде,
Менің дағы көңілім бір түнгі аспан.
Күрсінемін көкке сол, қарап алып,
Самайым да қалыпты сәл ағарып.
Қайта оралмас ғұмырдың белгісіндей,
Өркештенген өзен де барады ағып.
Айнымастай жүректің сертін буып,
Жүруші едім өзіңе еркін жуып.
Алыстадым қасыңнан амал қанша,
Тағдыр деген таяқты кемпір қуып! [4]– деп жарық жұлдызын ертеден-ақ бағамдаған байқампаз ақын Әзілбек Кінәзбекұлы сыршыл да сезімтал, қырандай ұшқыр, сұңқардай шабытты, ылғи философиялық ойға жүкті лирикалық бояулы ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. – Алматы. Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы, 2000. – 312 бет.*
2. *Қазақ әдебиеті энциклопедиясы.. – Алматы. 2000. – 114-бет.*
3. *Таңшолпан журналы. 2009. №6.*
4. *Іле айдыны журналы. 2001. №6.*

ӘОЖ 81’373.28 (573.11)

Қоңыратбаева Ж.М.
филология ғылымдарының кандидаты, проф.м.а., Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, zhanarkon@mail.ru

Рзабекова А.С
«6М020700 – Аударма ісі» мамандығының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, serik_aika94@mail.ru

ЭРГОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Түйіндеме. *Мақалада Астана қаласы кеңістігіндегі эргонимдерді лексика-семантикалық аспектісіне қарай жіктемесі ұсынылды. Сонымен қатар эргонимдерге талдау жүргізіліп жиі кездесетін мәселелер талқыланды және оларды шешу жолдары берілді. Ономастиканың эргонимия құбылысының өзекті мәселелері қарастырылды.*

Аннотация*. В статье предложена классификация эргонимов города Астана относительно лексико-семантическому аспекту. А также был проведен анализ эргонимов, обсуждались самые частые проблемы эргонимов и были указаны их пути решения. Были рассмотрены актуальные проблемы явления ономастики – эргонимия.*

Abstract. *This article suggests the classification of ergonims of the city Astana according to lexical-semantic aspect. Along with that the article analyzes the ergonims, discusses most frequent problems of them and demonstrates solutions for them. The article considers topical problems of ergonomics.*

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық дамудың жаңа жолдары көптеген кәсіпорындардың, атап айтқанда іскери қауымдастықтар, сауда орталықтары, мәдениет және спорт орталықтары пайда болуына зор ықпал етті. Бұл орайда кәсіпорындардың барлығына атау, яғни эргоним беру мәселесі туындады. Өз кезегінде бұл «ономастикалық серпілісті» және «номиналды дүмпуді» туғызып, тіл мамандарының қызығушылығын арттырды. Соңғы жылдары эргонимия құбылысына қатысты жүргізілген зерттеу жұмыстарының саны артуда. Атап айтқанда, отандық тіл білімінде Т. Жанұзақов, А. Есенқұлов, Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, А.Ш. Акжигитова және т.б. зерттеушілердің еңбектері жарық көрді. Ал шетелдік тіл білімінде, оның ішінде орыс тіл білімінде А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, А. Астафьева, А.В. Беспалова, М.В. Голомидова, Ж.И. Грибанова, С.В. Земскова, М.Е. Новичихина, И.А. Коновалова, Т.А. Лупачева, Т.П. Романова, т.б. зерттеушілер ономастика ғылымының эргонимия саласының дамуына өз үлестерін қосты.

Эргонимдердің ономастикалық бірліктер жүйесінде алатын орнын анықтау үшін XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аталмыш бірліктердің зерттелу тарихына қызығушылығы ояна бастады. Зерттеушілердің алдына жалқы есімдердің ерекше тобы – кәсіпорын, компания, фирма, мекеме және т.б. нысан атауларына нақты терминді ойлап табу, ұсыну мәселесі тұрды.

Теориялық әдебиеттерде коммерциялық ұйымдар, іскери бірлестіктер мен мәдениет үйлерінің атауларын қай жағынан зерттелуіне байланысты эргонимге әртүрлі термин ұсынылған. Мысалы, *эргоинзм* – өз жұмыстарын тоқтатқан ұйымдар мен кәсіпорындардың шартты атауы (Ю.А. Карпенко), *ойкодомоним* – өздері орналасқан үйлеріне атауларын берген дүкен, фирма, банктердің ғылыми атауы (И.А. Астафьева), *эргоурбоним* – іскери бірлестік пен жергілікті нысан сынды екі денотаттың бірігуінен пайда болған, яғни жергілікті коммерциялық ұйымдардың негізгі атауы (Р.И. Козлов), *фирмоним* – фирмалардың шартты атауы (Т.Н. Николаева, В.А. Коршунков). Эргонимге берілген ғылыми анықтамалардың ішінде 1979 жылы Н.В. Подольскаяның «Словарь русской ономастической терминологии» атты сөздігінде ұсынылған терминді атауға болады. Автор эргонимге «іскерлік бірлестіктердің, атап айтқанда одақ, қауымдастық, мекеме, корпорация, кәсіпорын, үйірмелердің жалқы есімдері» деген анықтама беріп, ресми түрде эргоним термині қалыптасты. Эргоним ежелгі гректің *érgon* және *ónyma* сөздерінен шыққан, *жұмыс* және *атау* дегенді білдіреді. Яғни эргоним жұмысқа, еңбекке қатысы бар барлық мекемелердің атауы болып табылады [1, 192].

Жалпы, қоғамдық өмірде эргонимдердің жалпы есімдерден, тіпті жалқы есімдердің өзге түрінен де ерекшеліктерінің айрықша екендігі белгілі, себебі эргонимдерде онимге тән барлық белгілер сақталған. Олар:

1. Эргонимдердің басты мақсаты – мекеменің халыққа көрсететін қызметі немесе жұмыс істейтін саласын көрсету және аталмыш нысан туралы жалпы мәлімет беру. Бұл орайда жалпы есімдер қатарынан нақты бірлік таңдалып қойылады (*«Гаухар», «Казахювелир», «Диадема», «Жемчужина»,*

«Алмаз-Холдинг», «Алтын», «Қазынаголд» зергерлік дүкендері), дегенмен жоғарыда берілген эргонимдер нысан туралы толық ақпарат бермейді, атауларға сәйкес бұл дүкендерде тек гауһар, алтын, диадема сатылуы шарт емес.

2. Әдетте эргоним мен оған атау қою прагматикасы арасында еш байланыс болмауы да мүмкін. Эргоним белгілі бір дәрежеде нысан үшін жай ғана «маңдайша жазу» қызметін атқарып, басты денотатпен алуан түрлі ассоциация тудыруы мүмкін. Әр реципиент эргонимді өзінің білім аясына сәйкес қабылдайды.

3. Эргонимдер құрамына, басқа да жалқы есімдер секілді, кез келген сөз таптары кіруі мүмкін (сын есім мен зат есімнен құралған *«Жедел күзет»* күзет агенттігі, сын есімнен құралған *«Әдемі»* сұлулық салоны, зат есімнен құралған *«Карандаш.kz»* кеңсе керек-жарақтар дүкені).

4. Эргоним жалқы есімнің барлық функцияларын атқарады, алайда зерттеулердің көрсетуі бойынша эргоним айрықша үстеме функцияларды да атқарады. Атап айтқанда, 1) номинативті-ерекшелеу, яғни атау функциясын атқарады. Эргонимнің бұл қызметі барлық жалқы есімдерге тән; 2) ақпаратты (кез-келген эргоним нысан туралы ақпарат береді); 3) жарнамалық (нысан иесі атауды адамдардың назарын аударуға, қызықтыруға және қала тұрғындарын тұтынушыға айналдыру мақсатында қояды); 4) эстетикалық (атау, әдетте, оң ассоциациялар туғызады және құлаққа жағымды естіледі); 5) мемориалдық (нысанның атауы ретінде нысан иелерінің есімдері, танымал музыкалық топтар, көркем фильм атаулары жиі қойылады); 6) қауіпсіздікті сақтау қызметі (эргонимдер арнайы заңмен қорғалады және бір атауды бірнеше нысандарға беруге болмайды).

Мақаланың мақсаты – еліміздің мәдени-экономикалық және геосаяси ірі орталығы – Астана қаласының ономастикалық кеңістігі негізінде эргонимия құбылысының лексика-семантикалық және грамматикалық құрылымын талдап, сипаттау және эргонимдер жіктемесін ұсыну.

Ономастика ғылымында бірқатар ғалымдар эргонимдерді лексика-семантикалық жағынан жіктеп, өз жіктемелерін ұсынады. Соның бірі – А.В. Суперанскаяның жіктемесі. Ғалым өз жіктемесінде эргонимдердің бес тобын көрсетеді: 1) тірі тіршілік иелері және тірі тіршілік иелеріне теңестірілген тіршілік иелерінің атаулары негізінде пайда болған эргонимдер; 2) жансыз заттар атауларының негізінде пайда болған эргонимдер; 3) кешенді нысан атауларынан пайда болған эргонимдер (автор бұл қатарға мерзімді баспасөз органдары, мейрам, әдеби және өнер шығармалар, құжат атауларын жатқызады); 4) адам және кәсіпорынды сипаттайтын сөздер негізінде пайда болған эргонимдер; 5) семантикасы ашылмаған немесе түсініксіз эргонимдер тобы [2, 48].

Лингвист А.М. Емельянова эргонимдерді сөзжасамдық ерекшеліктеріне қарай *семантикалық* және *сөзжасамдық* деп екі топқа жіктейді:

1. Атаулардың семантикалық құрылымы жағынан:

1) жеке сөздерден тұратын эргонимдер, ол ішінара а) трансонимизация («Арина» шаштаразы, «Виталина», «Виктория» фирмалары, «Старик Хоттабыч» дүкені және т.б.); б) онимизация, ол өз кезегінде метафоралар арқылы («Бомонд», «Уют» салондары, «Барс», «Волкодов», күзет агенттіктері) және метонимия арқылы («Алмаз» зергерлік дүкені), басқа тілдің атау бірліктерінің кірігуі негізінде («Art-Design» компаниясы) пайда болған.

2) сөз тіркестерімен берілген эргонимдер, олар әртүрлі сөз таптарының тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, сын есім мен атау септігіндегі зат есімнің тіркесуінен пайда болған эргонимдер («Волшебная лампа», «Новая галерея» дүкендері, «Белая юрта» ұлттық мәдени орталығы); зат есім мен зат есімнің тіркесуінен пайда болған эргонимдер («Красота и Здоровье» салоны, «Чай и торты» дүкені).

3) Сөйлемдермен берілген эргонимдер, дегенмен мұндай эргонимдер жиі кездеспейді («Амо» ұялы байланыс салоны, «Будьте здоровы» дәріханасы).

2. Сөзжасамдық жолмен пайда болған эргонимдер, олар ішінара

1) Аббревиация арқылы («Уралдор-транс», «Фармленд»), 2) Сөзді біріктіру арқылы («Бар-Бильярд»), 3) Материалдық индексация арқылы, яғни сөз тудырушы негізге морф-индекстің – сан немесе әріптің жалгануы арқылы пайда болады («Гурман-2» дүкені) [3, 22].

Отандық тіл білімінде ономастика кеңістігіндегі эргонимдік атауларды жіктеп, классификация жасаған еңбектер бар. А.Ш. Акжигитова Астана қаласының эргонимдерін зерттеген еңбегінде эргонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты және әртүрлі этникалық мәдениеттердің реалияларына байланысты оларды 13 топқа жіктеп талдайды: 1) антропонимдер, яғни адамдардың есімдерінен пайда болған эргонимдер; 2) мифонимдер (халық ертегілер, сиқырлы заттар атаулары мен таңғажайып ертегілер кейіпкерлер есімдері) негізінде пайда болған эргонимдер; 3) фитонимдерден пайда болған эргонимдер; 4) зоонимдер негізінде пайда болған эргонимдер; 5) топонимдерден пайда болған эргонимдер; 6) гидронимдерден пайда болған эргонимдер; 7) әдеби

шығармалар атаулары мен олардың кейіпкерлерінің есімдері негізінде пайда болған эргонимдер; 8) танымал әндер атауларынан пайда болған эргонимдер; 9) көркем фильмдер атауларынан пайда болған эргонимдер; 10) көнерген сөздерден пайда болған эргонимдер; 11) ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсететін эргонимдер; 12) сауда заттарымен байланысты эргонимдер; 13) түс атауларынан пайда болған эргонимдер тобы [4, 124].

Ғылыми зерттеулердегі эргонимге қатысты ұсынылған жіктемелерді басшылыққа ала отырып, Астана урбанонимдік кеңістігінде кездесетін эргонимдерді лексика-семантикалық сипатына қарай шартты түрде төмендегідей жіктейміз (1-сурет):

Сурет 1 – Астана қаласы эргонимдерінің лексика-семантикалық қабаты

1. Астананың топографиялық көрінісін сипаттайтын эргонимдер: «*Астана Нұры», «Esil», «Line Brew Astana», «Soluxe Hotel Astana», «Вечерняя Астана»* мейрамханалары, «*Столичная»* кофеханасы, «*Hilton Garden Inn Astana», «Байтерек», «Astana Marriott Hotel», «AstanaHotel&Spa», «Astana Best Hostel», «Astana Central Hotel», «Гранд Астана»* қонақ үйлері, «*Астана», «Астаналық»* базар сауда орталықтары, «*Керамир-Астана*» дүкені, «*Наша столица»* саунасы, «*Тұран-Астана», «Астана», «Астана Медицина», «Astana School of Management and Business*» университеттері, «*Haileybury Astana»* мектебі, «*Столичный»* лицейі, «*Астана»* орталық шахмат-клубы, «*Астанинские ноготочки»* сұлулық салоны, «*Темір Астана*» құрылыс компаниясы, «*Гранд Астана», «Астана Жулдызы»* тұрғын үй кешендері және т.б;

2. Келесі эргонимдер Астана қаласының көп этникалық сипатынан хабар береді, себебі Астанада қазіргі таңда бірнеше ұлттар өмір сүруде, атап айтқанда Астана қаласы жалпы тұрғындарының 16 %-ы орыс халқы, 1 %-ы украин халқы, 8 %-ы басқа ұлттары құрайды. Сондықтан да Астана қаласы кеңістігінде шет тілдерінде берілген эргонимдер саны едәуір көп. Мысалы, «*Il Forno», «Pane & Vino», «Del Papa», «Тифлисъ», «Ми Гён», «Gauchos», «Дареджани», «Shifu», «Тошкент», «Kiku Matsuri», «Ачичук», «Divan», «Кайзерхоф», «Qingdao», «Кым Сан», «Gan Bei», «Brasserie Korkem», «Shatush»* мейрамханалары, *«Hettich», «Kärcher Store Astana», «Tampono», «ДУРЕ»* дүкендері, «*Bella La Vita», «Le Ange», «La beaute, Belissimo», «l'Esthetique»* сұлулық салондары, «*Das erste Haus» құрылыс компаниясы және т.б;*

3. Эргонимдердің келесі қабатын астронимдер, яғни аспан денелері мен жүйелерінің атауларының негізінде пайда болған нысан атаулары құрайды: «AyKun», «Sky Lux Hotel», «Северное Сияние» қонақ үйлері, *«Skybar», «Stars», «Star Sushi», «Космический»* мейрамханалары, *«Зодиак»* ойын-сауық кешені, *«Planeta X»* демалыс орталығы, *«Спутник», «Диона», «Galaxy», «Орбита», «Moon Technology», «Венера», «Марс», «Шолпан»* дүкендері, *«Skynet»* интернет-клубы, «*StarGYM» фитнес клубы, «Diamond Star»,* «*Dent star» стоматологиялық клиникалары, «Астана Жулдызы», «Северное сияние»* тұрғын үй кешендері, *«Saturn-Auto»* техникалық қызмет көрсету станциясы, *«Меркурий и К»* компаниясы және т.б.

4. Антропонимдер, яғни кісі аттары негізінде пайда болған эргонимдер: «*Шахерезада», «Меруерт», «Абдулла», «Мерей», «Алуа», «Томирис», «Ракымжан»,* мейрамханалары мен дәмханалары, «*Гүлжан», «Аружан», «Жаннур», «Асем», «Артём», «Азат», «Арман», «ЖЕНИС»* сауда орталықтары, *«Мишель», «SANDI BEKSIRGA», «Dinara», «Audrey», «KURALAY», «Зарина», «Жанна*» сұлулық салондары, «*Мирас»* халықаралық мектебі, «*Х.С. Омаров*» атындағы шахмат клубы, «*Б. Момышұлы»* атындағы мектеп-гимназиясы, «*Милана», Виктория»* сақтандыру компаниясы, «*Еңлик», «Саламат», «Абылай Хан», «Әл – Фараби», «Еркежан», «Көркем Tower»* тұрғын үй кешендері, *«Азамат», «Мади», «Ботакөз»* қонақ үйлері және т.б.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында Астана қаласындағы эргонимдердің қолданылу жиілігіне талдау жүргізіліп, пайыздық көрсеткіші анықталды. Еліміздің бас қаласы – Астанада эргонимдер тобының арасында антропонимдік қабаты ең бай қабат екендігі анықталды, ол эргонимдердің 35 %-ын құрайды. Астана қаласында көп этникалық топтардың өмір сүретіндігінен хабар беретін шетел тілдеріндегі эргонимдер қолданылу жиілігіне қарай 2-орында, пайыздық көрсеткіші – 25 %. Астананың топографиялық көрінісін сипаттайтын эргонимдер қолданылу жиілігіне байланысты 3-орында, пайыздық көрсеткішпен 23 %-ды құрайды. Қолданылу жиілігіне қарай астрономиялық эргонимдер 17 %-ды құрады (2-сурет):

Сурет 2 – Астана қаласы эргонимдерінің лексика-семантикалық қабатының пайыздық көрсеткіші

Сонымен бірге зерттеу жұмысын жүргізу барысында эргонимдерге қатысты төмендегідей бірнеше мәселелердің бар екендігі анықталды:

1. Зерттеу жүргізу кезінде мемлекеттік тілдегі кейбір эргонимдердің орфографиялық нормаға сай келмейтіндігі, яғни қате жазылғандығы байқалды. Мысалы, қала орталығында орналасқан *«Байтерек»* қонақ үйінің атауында **«ә»** әрпінің орнына «а» әрпі жазылған, яғни қазақша атау орыс тілінде берілген, эргонимнің дұрыс жазылуы *«Бәйтерек»* болуы тиіс. Тағы бір мысал келтірсек: *«Мади»* қонақ үйі эргонимі де қате жазылған, дұрыс жазылуы *«Мәди»* қонақ үйі болуы керек.

2. Келесі өзекті мәселе – ағылшын тілді эргонимдердің көбі еш аудармасыз немесе атаудың жанына үстеме кириллица әрпімен берілмеуі. Астана қаласы тұрғындарының жас ерекшелігіне қарай бұл мәселе кейбір егде жастағы немесе ағылшын тілін жетік білмейтін адамдар үшін қиындық тудыруы мүмкін. Себебі ағылшын тілін меңгермеген адамдар ағылшын тіліндегі эргонимдерді көрген кезде аталмыш нысанның көрсететін қызметі туралы, саласы, тауары туралы білмеуі немесе түсінбеуі мүмкін. Нысанға ағылшын тілді эргоним берер алдында нысан иелері дұрыстап ойлануы керек, жергілікті тұрғындардың ағылшын тілді орта еместігін есте ұстағаны абзал. Атаудың сөзбе-сөз аударылуы міндет емес, алайда ағылшын тілді атаудың жанына «транслитерация» немесе «транскрипция» арқылы аудармасын қосымша берсе жөн болар еді. Түйіндей келгенде, эргонимдердің қазақ тілінің нормаларына сәйкес болуы, ағылшын тілді эргонимдердің жанына атаудың мемлекеттік тілдегі аудармасы аудармасы, не атаудың кириллица әріптерімен берілуі заңмен тексерілуі қажет. Себебі Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында ономастика тілдің басты тетігі және көрсеткіші екендігі нақты аталғаны белгілі. Осы орайда ономастиканың бір саласы – эргонимия құбылысына қатысты барлық мәселелердің шешілуі, оларға қатысты сауалнамалардың тұрақты жүргізілуі, қала тұрғындарының жас ерекшеліктерін ескеру, қателердің алдын алу, нысан иелеріне атауға қатысты нормалар мен міндеттерді түсіндіру өз шешімін қажет ететін тың мәселелер болып табылады.

Әдебиет:

1 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1988. – 192 с.

2 Суперанская, А.В. Теоретические проблемы ономастики: автореф. дисс. доктора филол. наук / А.В. Суперанская. JL, 1974. – 48 с.

3 Емельянова А.М. Эргонимы в лингвистическом ландшафте полиэтнического города (на примере названий деловых, коммерческих, культурных, спортивных объектов г. Уфы): автореф. дисс. ... канд. филол. наук: спец. – Уфа, 2007. – 22 с.

4 Акжигитова А.Ш. Процессы реализации программ языкового планирования в социально-коммуникативном пространстве Республики Казахстан: дисс... на соискание ученой степени доктора философии (PhD). – Астана, 2013. – 166 с.

ӘОЖ 81’373.27 (573.11)

Қоңыратбаева Ж.М
филология ғылымдарының кандидаты, проф.м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, zhanarkon@mail.ru

СОЛТҮСТІК ӨҢІРЛЕРДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК АХУАЛЫ

Аннотация. *Солтүстік Қазақстан аймақтық ономастикасы, бір жағынан, түрлі этностардан құралған кеңістік ретінде айрықша сипатқа ие болса, екінші жағынан, саяси-идеологиялық астары қалың тарихи үдерістерден тұратын онимдік қабат болып саналады. Бірден айтарлығы, бұл өңірдің ономастикалық кеңістігі «көп қабатты»: онда төңкеріске дейінгі жұрнақтар, кеңестік кезең кезіндегі билік саясаты, тәуелсіздік алған жылдардағы бұрынғы атауды қайта беру сынды сипаттар сақталған. Бұлардың ішінде, әсіресе, кеңестік кезеңнің бояуы аймақ атауларына қатты сіңген. Себебі кеңестік билік кеңестік аймақ деп аталатын мәдени-тарихи орындардың барлығына дерлік өзінің ерекше «ұстанымын» жүргізіп отырды. Мақалада өткір ұлттық мәселе болып отырған солтүстік өңірлердің топожүйесінің жайы қарастырылады.*

Тірек сөздер: *аймақтық ономастика, ономастикалық кеңістік, атау беру принципі, тілдік кеңістік, статистикалық зерттеу.*

Аннотация. *В данной статье ономастика Северо-Казахстанской области подвергается специальному описанию с одной стороны, потому что на этой территории проживают представители различных этносов, а с другой, потому что пласт онимов этой территории отражает множество исторических процессов, имеющих политико-идеологическую основу. Ономастическое пространство этого региона «многослойно». В нем нашли отражение дореволюционные события (1917), политика советской власти (1917-1992), процесс восстановления прежних исторических наименований в период обретения Казахстаном независимости (1992 - по сегодняшний день). Особенно ярко в наименованиях этого региона проявляются краски, привнесенные в советский период, так как советское государство осуществляло целенаправленную политику по продвижению советской власти на всех историко-культурных территориях. В статье рассматривается вопросы топосистемы северных регионов Казахстана, которые являютсяострой национальной проблемой.*

Ключевые слова: *региональная ономастика, ономастическое пространство, номинативные принципы, языковое пространство, статистическое исследование.*

Abstract. *In this article, the onomastics of the North Kazakhstan region is subjected to a special description on the one hand, because representatives of various ethnic groups reside on this territory, and on the other, because the onim layer of this territory reflects a multitude of historical processes that have a political and ideological basis. The onomastic space of this region is "multi-layered". It reflected the pre-revolutionary events (1917), the policy of Soviet power (1917-1992), the process of restoring the old historical names during the period of Kazakhstan's gaining independence (1992 - to the present day). Particularly bright in the names of this region are the colors introduced during the Soviet period, as the Soviet state pursued a deliberate policy of promoting Soviet power in all historical and cultural areas. The article deals with the issues of the toposystem of the northern regions of Kazakhstan, which are an acute national problem.*

Key words: *regional onomastics, onomastic space, nominative principles, linguistic space, statistical research.*

Аймақтық онимдер жүйесі күрделі тілдік, әлеуметтік, мәдени-тарихи қабат ретінде ғылымның әр саласында әр қырынан қарастырылады. Оның ішінде ономастика саласының бөлінбес бір бөлшегі ретінде жалпы және жекелеген тілдік мәселелерді шеше отырып, қоғамның әр кезеңдік шынайы бейнесін танытуда мүмкіндігі зор.

Н.В. Подольская аймақтық ономастика ғылымының ерекшелігін былай көрсетеді: «Направление ономастических исследований, связанных с определенной территорией, с местной ономастической подсистемой: такие исследования обычно касаются одного из полей онимического пространство: топонимов, антропонимов, астронимов (редко бывают комплексными); их цель – выявление специфики имен на данной территории и связей ее имен (или типов имен) с соседними и/или даже отдаленными территориями. Региональные ономастические исследования дают материал для установления онимических ареалов и различных типов онимов» [1: 97].

Қазақстан өңірлері ономастикалық кеңістігінің әрқайсысының өзіне тән сипаты бар: әр аймақтың орналасу орнына қарай, тарихи-әлеуметтік жағдаятына қарай тілдік ландшафтысы әртүрлі қалыптасып жетілген деуге болады. Аймақтардың онимдер жүйесінің қалыптасып дамуына, олардың құрылымына әртүрлі әлеуметтік факторлар әр қилы деңгейде ықпал етіп отырғаны белгілі. Әр өңірдің (солтүстік-оңтүстік, батыс-шығыс) ономастикалық даму динамикасын зерделей түскенде байқалар жайт – жалқы есімдердің сол аймақ халқының мәдени-әлеуметтік өміріне қаншалықты ықпалды болғандығы. Себебі онимдер – табиғаты жағынан апеллятивтерге қарағанда өзінің бойына ақпараттылықты, әлеуметтілікті ерекше сақтайтын тілдік қабат. Яғни, олар белгілі бір тарихи кезеңнің (әлемнің) тілдік бейнесін анық беруде маңызды рөлге ие.

Статистикалық есеп бойынша елімізде шамамен 5936 оним (облыс, аудан, ауыл, аймақ атаулары) болса, соның 1439-і – Тәуелсіздік жылдарында өзгертілген, яғни қайта атау алған елдімекен атаулары екен. Статистикалық зерттеу жұмысы 2017 жылдың алғашқы жартысында «Атау.кз» порталы бойынша жүргізілді [2] (1-сурет).



Сурет 1 – ҚР аймақтық ономастикалық кеңістігіндегі аңа атау алған онимдер саны

Суретте келтірілген деректерден жасалатын түйін – реноминацияланған жер-су атауларының аймақтық статистикасы түрліше сипатты танытады. Реноминацияланған онимдердің, яғни ұлттық сипат алған топонимдердің пайыздық көрсеткіші шамамен 24,94 %-ды (1439 атау) құрайды. Бұл көрсеткіш, әрине, еліміздің аймақтарында біркелкі сипат таппағанымен, жалпы ономастикалық картамыздың бірте-бірте ұлттық нышан алып келе жатқандығын көрсетеді (1-кесте).

Кесте 1 – ҚР аймақтық ономастикалық кеңістігіндегі номинациялану, реноминациялану үдерісінің сандық және пайыздық көрсеткіші

Облыстар	**Аудан саны**	**Ауыл саны**	**Өзгертілген атаулар саны**	**Атаулардың тілдік ерекшеліктері**	
				Қазақша	**Орысша**
Ақмола облысы	17	244	174 (71,3%)	121 (49,5%)	123 (50,4%)
Алматы облысы	16	733	134 (17,4%)	699 (82,7%)	44 (5,7%)
Ақтөбе облысы	12	362	108 (28%)	337 (90 %)	25 (10 %)
Атырау облысы	7	471	62 (15%)	442 (94%)	29 (6%)
Батыс Қаз. обл.	12	361	47 (13 %)	323 (86 %)	38 (14 %)
Жамбыл облысы	10	536	256 (47%)	518 (95%)	28 (5%)
Қарағанды облысы	10	419	77 (12,3%)	540 (85%)	81 (15%)
Қостанай облысы	17	240	22 (9,1%)	91 (38%)	148 (62%)
Қызылорда облысы	7	369	39 (10%)	378 (97%)	11 (3%)
Маңғыстау облысы	5	64	18 (25%)	70 (97%)	2 (3%)
Оңт. Қаз. обл.	11	881	431 (49%)	874 (98%)	17 (2%)
Павлодар облысы	10	185	53 (28,6%)	88 (48%)	97 (52,4%)
Солт. Қаз. обл.	13	202	8 (3,9%)	65 (32,17%)	137 (67,8%)
Шығыс Қаз. обл.	20	702	10 (1,4%)	510 (72%)	192 (14,5%)
Барлығы:	**167**	**5769**	**1439**	**5056**	**972**

Кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының аймақтық ономастикалық кеңістігіндегі номинациялану, реноминациялану үдерісі әр өңірде әр қилы сипат алған. Өзгертілген топонимдердің көрсеткіші бойынша алдыңғы үштікті Ақмола облысы (71,3 %), Оңтүстік Қазақстан облысы (49 %) және Жамбыл облысы (47 %) алады екен. Ал реноминациялану үдерісі баяу жүргізіліп отырған өңірлер қатарына Солтүстік Қазақстан (3,9 %) және Шығыс Қазақстан облыстары (1,4 %) жатады. Атаулардың тілдік ерекшеліктерін саралар болсақ, еліміздің көптеген облыстарында жер-су атаулары мемлекеттік тілде таңбаланып, бекітілгендігі байқалады, яғни қазақ тілінде номинацияланғандарының жалпы саны – 5056 атау болса, орыс тілінде сипат алғандары – 972 атауды құрайды. Әсіресе, еліміздің Батыс (Ақтөбе облысы – 90 %, Атырау облысы – 94 %, Маңғыстау облысы – 97 %) және Оңтүстік аймақтарының (Жамбыл облысы – 95 %, Қызылорда облысы – 97 %, Оңтүстік Қазақстан облысы – 98 %) ономастикалық кеңістігі тұтастай жуық қазақы сипатымен ерекшеленеді деуге болады. Дегенмен өткен кезеңнің ұстанымын сірісін жазбай ұстанып отырған аймақтардың (солтүстік өңірлер) ономастикалық картасы көңілге кірбің ұялатады. Бұған дейін Батыс және Оңтүстік аймақтардың ономастикалық кеңістігіне статистикалық талдау жүргізілді [3]. Сондықтан біз бұл ізденіс жұмысымыздың арнайы бөлігін ұлттық өткір мәселе болып қалып отырған солтүстік өңірлердің топожүйесінің жайына арнағанды мақсат еттік.

Солтүстік Қазақстан аймақтық ономастикасы, бір жағынан, түрлі этностардан құралған кеңістік ретінде айрықша сипатқа ие болса, екінші жағынан, саяси-идеологиялық астары қалың тарихи үдерістерден тұратын онимдік қабат болып саналады. Бірден айтарлығы, бұл өңірдің ономастикалық кеңістігі «көп қабатты»: онда төңкеріске дейінгі жұрнақтар, кеңестік кезең кезіндегі билік саясаты, тәуелсіздік алған жылдардағы бұрынғы атауды қайта беру сынды сипаттар сақталған. Бұлардың ішінде, әсіресе, кеңестік кезеңнің бояуы аймақ атауларына қатты сіңген. Себебі кеңестік билік кеңестік аймақ деп аталатын мәдени-тарихи орындардың барлығына дерлік өзінің ерекше «ұстанымын» жүргізіп отырды.

Ұлттық ономастика жүйесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап бірқатар өзгерістерге ұшырағаны тарихтан белгілі. Бұл «қозғалыстың» дені солтүстік өңірлерде іске асырылды. Мәселен, солтүстік аймақтың бір ғана бөлігі – қазіргі елордамыз Астананың (ол кездегі Ақмола) сол кездегі тарихын сараптап зерделер болсақ, аймақтың ономастикалық кеңістігі түгелге жуық тарихи-мәдени, діни-нанымдық жағдайларға орай аталды. Бұл туралы өлкетанушы А.Ф. Дубицкий «Город на Ишиме» атты еңбегінде былай деп жазады: «Дома строились деревянные, одноэтажные, иногда двухэтажные, комбинированные... Названия улиц в какой-то степени отражали историю и положение города: Торговая, Большая Базарная, Малая Базарная, Гостинодворская, Караванная, Чернобродская, Акмолинская, Крепостная, Станичная, Церковная, Мечетная, Степная, Постоятельская, Думская, Татарская, Тюремная и т.д.» [4: 44]. Бұл атаулар жергілікті жерде сауда-саттық, әкімшілік, діни жұмыстардың жүргізіліп, елдімекенге кейбір ұлт өкілдерін миссионерлік мақсатта арнайы жіберілгендігінен хабар береді. Ақмоланы өз иелігіне алуды көздеген Ресей отаршылары өңірдің ономастикалық, яғни тілдік-мәдени тағдырын үнемі қадағалап отырды. Тарихшы Ж. Қасымбаев бұл жөнінде мынадай тарихи дерек келтіреді: «1914 году по решению думы получили наименования все доселе безымянные улицы города. Так в Акмоле появились Думская, Крепостная, Гостинодворская, Больничная, Омская, Мечетная, Караванная и другие улицы» [5: 106]. Елді отарлау саясатының бір тетігі – оның тарихи-мәдени құндылықтарын жою екендігі ұмытылған жоқ. Мұрағат қорынан табылған Ақмола уездік атқарушы Президиумы отырысының хаттамасы соның айғағы: «Ақмола қалалық уездік атқарушы Президиумы отырысының хаттамасында бірқатар көше атаулары қайта ауыстырылады: батыстан шығысқа қарайғы Училищная көшесі Коммунистическая болып, Малая Базарная көшесі Пролетарская болып, Береговая көшесі Интернациональная болып, Хлебниковская көшесі Октябрьская болып, ал оңтүстіктен солтүстікке қарайғы бағыттағы Мещанская көшесі Гражданская болып, Соборная көшесі Первомайская болып, Больничная көшесі Красноармейская болып, Думская көшесі Коммунальная болып қайта аталды» [6: 236].

Кез келген онимнің бойында сол аймаққа, өңірге қатысты ақпараттық нышан, мағыналық сипат болуы тиіс. Өткен кезеңде ондай информативтік, семантикалық принциптердің «ұшқынын» мына деректерден көреміз. 1934 жылдың қыркүйегінде жиырма күндік сапармен Ақмолаға С.М. Киров келеді [4: 87]. Сол жылдың желтоқсанында Ақмола қалалық Кеңесі Президиумының Қаулысымен С.М. Кировтың құрметіне Старая көшесі *Киров* болып өзгертіледі [7: 93]. Онимнің бұлай өзгертілу принципі Кировтың Ақмола қаласында болғандығынан хабардар етеді, ақпараттылығы осы ғана.

Жалқы есімдердің номинативтік сипатына географиялық, тарихи, идеологиялық, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени сынды экстралингвистикалық факторлар әсер етеді десек, еліміздің солтүстік

аймағының ономастикалық кеңістігінде саяси-идеологиялық фактордың әсері тым күшті болды (2-кесте).

Кесте 2 – Солтүстік Қазақстан өңірлеріндегі ономастикалық кеңістік көрсеткіші

Облыстар	**Аудан саны**	**Ауыл саны**	**Өзгертілген атаулар саны**	**Атаулардың тілдік ерекшеліктері**	
				Қазақша	**Орысша**
Ақмола облысы	17	244	174 (71,3%)	121 (49,5%)	123 (50,4%)
Қостанай облысы	17	240	22 (9,1%)	91 (38%)	148 (62%)
Павлодар облысы	10	185	53 (28,6%)	88 (48%)	97 (52,4%)
Солтүстік Қазақстан облысы	13	202	8 (3,9%)	65 (32,17%)	137 (67,8%)
Барлығы:	**57**	**871**	**257**	**365**	**505**

Солтүстік өңірдің құрамына енетін Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының ономастикалық кеңістігінің статистикалық сипатын берер болсақ, барлығы – 928 оним бар, оның ішінде аудан саны – 57, ауыл саны – 871. Қазіргі таңға дейін өзгертіліп, ұлттық болмыс тапқан атаулардың жалпы саны – 257, яғни бұл көрсеткіш солтүстік өңірлердегі жер-су атауларының жалпы санына шаққанда – 27,7 %-ды құрайды. Өңірдегі жер-су атауларының тілдік ерекшеліктері өзге аймақтармен салыстырғанда, күн тәртібінде тұрған шешімін табуы тиіс мәселе болып отырғаны анық. Себебі өңірдің қай облысын алсақ та, орыс тілді аталымдардың әлдеқайда басым екендігін байқауға болады. Жоғарыдағы кестеден көрінетіндей, солтүстік өңірлердің ішінде, әсіресе, Қостанай (38 % қазақ тілінде, 62 %-ы орыс тілінде) және Солтүстік Қазақстан облыстарының (67,8 % топоним орыс тілінде беріліп отырса, тек 32,17 %-ы ғана ұлттық сипатқа көшкен) ономастикалық келбеті сын көтермейді.

Әрине, ұлттық ономастикалық картаға енгізілген номинацияланған, реноминацияланған атаулардың үлес салмағы жоқ емес, бар. Атап айтқанда, ұлттық сипат алған топонимдердің қатарынан *Ақмешіт, Қоянды, Жалғызқұдық, Қызылсуат* (Ақмола облысы), *Бестөбе, Адай, Бөрлі, Есенкөл, Сарыкөл* (Қостанай обл.), *Ақкөл, Атығай, Бозшакөл, Қарасу, Шідерті* (Павлодар облысы), *Балуан, Астаған, Ақсу, Жаңасу, Қаратал, Көктерек, Бидайық, Елтай* (СҚО), т.б. онимдерді табуға болады. Дегенмен бұл өңірлерде өткен дәуірдің саяси-идеологиялық принципімен аталып кеткен топожүйенің пайыздық салмағы кемімей отыр. Мәселен, *Первомайка, Новый колутон, Новочеркасское, Садовое, Отрадное* (Ақмола облысы), *Краснокордон, Степная, Краснопреснен, Научный, Харковское, Златоуст* (Қостанай облысы), *Пограничник, Луговое, Веселая Роща, Богатырь,* Церковное (Павлодар облысы), *Заря, Рублевка, Советское, Новокаменка, Плоское, Боголюбово, Глубокое, Белое, Образец, Пулеметовка, Любимовка, Новоукраинка, Светлое* (СҚО), т.б. топонимдері. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Бірақ мұндағы мақсатымыз – еліміздің солтүстік өңірлерінде шешімін таппай отырған топожүйенің бойынан әлі де орын алып отырған келеңсіздіктерді ашып көрсетіп, қоғамдық ой қозғау. *Белое, Краснокордон, Златоуст, Плоское, Образец, Первомайка, т.с.с.* толып жатқан атаулар көрінісі «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарсаның» кері болып келгендігі рас. Ал Тәуелсіз ел атанған бүгінгі күнімізге не айтамыз? Болашақ ұрпаққа не лексика-семантикалық мазмұны, не әдеби-эстетикалық пішіні дұрыс құрылмаған бұл атауларды қалай түсіндіреміз?! Бұл секілді сұрақтардың түрі көп, ол мәселелер қозғалып та келеді. Мақсат – қазақ ұлттық топожүйесінің бойын жасанды «туындылардан» арылтып, ұлттық болмыс сыйлай алу.

Әдебиеттер:

1 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1978. – С. 200.

*2 www.a*tau.kz ономастикалық порталы.

3 Әбдуәлиұлы Б. Тәуелсіз қазақ ономастикасының қалыптасуы мен даму динамикасы // «Азат елдің ономастикасы – ұлттың рухани қазынасы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қостанай: Қостанай мемлекеттік университеті. – Б. 158-163.

4 Дубицкий А.Ф. Город на Ишиме. – Алма-Ата: Казахстан, 1986. –152 с.

5 Касымбаев Ж., Агубаев Н. История Акмолы (XIX-начало XX века). – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – С. 176.

6 Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 250-Қ., 1-Т., 3-І.

7 Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 32-Қ., 1-Т., 7-І.

Ниязова Ғайша Мұхамбетқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасы, e-mail: bereke55@mail.ru

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚЫЗ БҰРЫМЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Түйін: *Мақалада бұрым символының көркем әдебиетте қолданылуына назар аударылып, қазақ дүниетанымындағы орны қарастырылады. Ең алғашқы жаратылған әйел – Хауа ананың шашын Жаратушы неліктен ұзын еткені туралы әпсаналардан мәліметтер келтіріліп, бүгінгі күнгі шаш туралы ғылыми зерттеулерден деректер ұсынылады. М.Әуезовтің әйел образын сомдаудағы «бұрым, шаш» деталінің маңыздылығына назар аударылады. Кейіпкер портретін беруде, образ жасаудағы шаштың рөліне тоқталып, бірде бұрым қыздың сұлулығы мен нәзіктігінен хабар берсе, бірде жыландай иреленген бұрым ұнамсыз кейіпкердің сұстылығын арттыра түсетіндігіне мән берілген. Қазақ қызы дегенде, шолпысы сылдырлаған бойжеткен ойымызға оралады. Сондықтан да қазақтың ұлттық әшекейі шолпы, шашбау, шаштеңгенің көркем әдебиеттегі қыз образын жасаудағы маңызына көңіл аударылып, «Абай жолы» эпопеясындағы Тогжанның бұрымындағы шолпы мысал ретінде келтірген. Сонымен қатар М.Жұмабаевтың лирикалық өлеңдеріндегі шаш, бұрым символының қолданылуына талдау жасалған. Мақалада автор шаш тек сұлулық символы ғана емес, сондай-ақ қаралы дәстүр белгісі ретіндегі ерекшелігіне де мән берілген. Дәстүріміздегі жайылған шаш, шашты тарқатып жіберу қазаның нышаны, жарынан айырылу белгісі екендігі сипатталады. Мақаланың теориялық маңызымен қатар, тәрбиелік мәні де терең. Сондықтан мақала тақырыбы өзекті деген пікірдеміз.*

Резюме: *В статье рассматривается место символа косы в мировозрении казахов в художественном произведении. Раскрываются сведения о волосах начиная с образа женщины – матери Хауа из мифов до материалов современных научных исследований. М. Ауезов в изображении женского образа особое внимание уделял деталям косы, волос. Если при раскрытии портрета, роли волос в описании образа он обращал внимание на красоту и нежность, то в некоторых случаях развивающаяся коса показывала отрицательные качества героя. Когда говорят о казахской девушке, мы представляем девушку со звенящимися украшениями в волосах. Поэтому большое значение имеет национальные казахские украшения для волос (шолпы, шашбау, шаштенге) в описании девушки в казахской литературе. Приведен пример волос Тогжан из эпопеи «Путь Абая». Вместе с тем проанализированы символы «волосы», «коса» в лирических стихотворениях М. Жумабаева. Автор статьи использует символ волос не только, как описание красоты, но и знак траурной традиции. В нашей традиции распущенные волосы знак обдовевшей женщины. Статья имеет не только теорического, но и глубокое воспитательное значение. Поэтому тему статьи считаем актуальной.*

Summary*: The article deals with the place of the spit symbol in the world view of Kazakhs in the art work. The information about the hair is revealed starting with the image of the woman - mother Haua from myths to the materials of modern scientific research. M. Auezov in the depiction of the female image paid special attention to details of the braid and hair. If the disclosure of the portrait, hair, role in describing the way he paid attention to the beauty and tenderness, in some cases, developing Spit showed negative qualities of the hero. When they talk about the Kazakh girl, we represent a girl with ringing jewelry in her hair. Therefore, national Kazakh jewelry for hair (sholpy, shashbau, shashtene) is of great importance in the description of a girl in Kazakh literature. The example of Togzhan's hair from the epic "Way of Abai" is given. At the same time, the characters "hair", "braid" in the lyrical poems of M. Zhumabayev are analyzed. The author of the article uses the symbol of hair not only as a description of beauty, but also a sign of a mourning tradition. In our tradition the loose hair is the sign of a widowed woman. The article has not only a theoretical, but also a deep educational significance. Therefore, the topic of the article is relevant.*

Адам пейіште жатқанда, жаратқан оның бір қабырғасын суырып алып, екі аяқты, бір басты мақұлық жасады. Есімі Хауа болсын деуі мұң екен, ол ұйықтап жатқан Адамды суыққа тоңбасын дегендей, тәнін жапырақпен жапты. Тіптен, құрақ ұшып, Адамның жанынан кетпейді. Өзін жаратқан тәңірді есіне де алған жоқ. Тәңірді танымаса, дүние айран-топыр болуы ықтимал. Жоқ олай болса, мен оны шектейін, ақылын қысқартып, шашын ұзын етейін. Адамның көргенін көрмеуі үшін қысқартайын дүниенің қызығынан өзге азабы барын ұмытпауы үшін бала табу азабын берейін [1, 18]. Жаратқан ие о бастан-ақ адамзат жаратылысында әйелдің орнын осылай шешкен. Хауа ананың ақылының қысқалығынан болар Азат пейіштен, Азап дүниесінен бір-ақ шыққан еді. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген пікір тұрмыстағы етек басты әйелдің парқын кеміту турасында айтылғанымен, қазіргі әйел – отбасының ұйытқысы, аяулы жар, ұрпақ жалғастырушы. Ал шашы ұзын болу кемістік емес, керісінше, шаш әйел адамның ажары, әдеміліктің, сұлулықтың символы. Қазақтың сұлу қызы қандай десе, ең бірінші, оның шашы ойымызға оралады. Қызға көрік беретін, тал бойына жарасымды оның қос бұрымды шашы ғой. «Өрілген шашы төгіліп жерге, күмісті шашбау жарасып белге» деген өлең жолдарындағы қыз бейнесі елес береді. Шаш туралы қызықты мәліметтерге сүйенсек, өмір бойы шашына қайшы тигізбей өсірген адамның әр шашының ұзындығын қосқанда орта есеппен 725 километрді құрайды екен. Тағы бір дерек әр шаш күніне шамамен 0,35 мм өседі. Жылына 12 см ұзарса, өмірінің соңына дейін ол 7,6 метрді құрайды екен. Осындай деректерді оқығанда, «Қазақстан әйелдері» журналының ертеректегі бір санында жарияланған Д. Байқадамованың естелік хикаясы түседі.

«Абай жолы» роман-эпопеясын аяқтап, таңғы сағат төрттің шамасында соңғы нүктесін қойған едік», - деп басталатын естелігінде Әуезовтің стенографисткасы Данабика апамыз жазушының Кәмәлия Өскенбаевамен үйлену баянын сол бір түні, таң қараңғысында, ерекше бір тебіреніспен

әңгімелеп бергенін есіне алады. Кәмәлия Өскенбаева Абайдың немересі, Мағаштың педтехникум бітірген сұлу қызы, екеуінің аталары (Абай мен Әуез) «құдай» десіп құдаласып, жас кезінен айттырып қойған Мұхтардың құдай қосқан жары. Заман өзгерді. Жас Мұхтар оқу іздеп Петербурға оқуға кетеді. Жазғы демалыста елге келгенде, педтехникум бітірушілердің дипломдарын табыстау салтанатына комиссия мүшесі ретінде қатысады. Келесі бір кезекте «Кәмәлия Өскенбаева!» дегенді есітіп, жалт қараған Мұхтар қос бұрымы тобығын ұрып, қара шашы еденге шұбалған сұлу қызды көріп, орнынан қалай ұшып тұрғанын білмей, есеңгіреп қалады. Кәмәлия оны көрмегендей паңдық танытады. Ол кезде Әуезов үйленіп те алған болатын. Жанына жан дәрмен күн жетіп келген Мұхтарға «Сен кім едің?» - дегендей, көз қырын да салмай, елемей өте шығады. Бай ауылдың бәйбішесі Ділдәнің алдына барып «жаздым», «жаңылдым» деп, бірінші әйелін төркініне дереу апардырып тастап, Кәмәлияға әупірім деп қол жеткізеді ғой әйтеуір. Кәмәлияны Петерборға алып кетерде, Ділдә анамыз: «Кәмәлияның шашын өзің тарап, өзің өріп бересің» деп шегелеп тапсырған көрінеді. Мұхтар мұны мүлтіксіз орындаған, шашын өзі тарап, өзі өріп беріп отырған. Мұхтар Әуезовтің айтуынша, орындықтың үстіне шығып тұрғанда, Кәмәлияның шашы еденге дейін жетеді екен. Кәмәлияның сүмбіл қара сұлу шашы суреткерге ерекше әсер еткен болуы керек, туындыларындағы қыз бейнесін сомдауда Әуезов шаштың небір ғажайып суретін сөзбен салады. Алғашқы әңгімелерінің бірі «Қаралы сұлудың» бастапқы жолдарында: «Бұл уақытқа шейін бала қалпында жүрген Қарагөз еді. Ширатылған нәзік ұзын бойлы, қыпша белді, толқынды қара шашы бар тұңғиық қара көзді бойжеткен болыпты» [2, 226], - деген жолдарда, Қарагөздің шашына әр бере суреттейді, Қарагөзді ерекше сұлуландырып тұрған толқынды қара шаш оқырманды ынтықтыратын деталь. Жесір қалған қаралы келіншектің қайғылы халі жас тәннің тілегі, ішті жыландай жайлаған нәпсінің желігіне төтеп бере алмаған қаралы сұлудың психологиялық, ішкі арпалысы суреттелетін тұстарда: «Ол жапан аяқ қалпында үстіндегі жалғыз көйлегімен, тарқатылған қара шашы арқасына жайылған қалпынша, тоғайға қарай жүреді. Бұл уақытта Қарагөз ерекше сұлу» десе, бір мезетте: «Ақ денесі ашылып қара шашы төгіле жайылып жатыр» [2, 275]. Қара шаштың төгіле жайылуы кейіпкердің психологиялық жан құбылысының жүз толқып, түрленуімен астасып тұр, жазушы кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, құбылған көңіл-күйін шебер бейнелейді. Жазушының образ жасауында шаштың рөлі өте зор. Шаш. Жай шаш емес, қара шаш. Жай қара шаш емес, тарқатылған қара шаш... Қара шаш бір жағыннан түн, түнектің белгісін берсе, тарқатылған, төгілген қара шаш қазақ салты бойынша өлген адамның әйелі, қыздары, туған анасы, келіндері шаштарын жайып жіберіп, бүйірін таянып, қара жамылып жылайтын жоралғысының белгісі. Сонымен қатар ерін шын сүйген, инабатты да иманды қазақ қызы күйеуі өліп, одан жастай қалса да, басқаның етегінен ұстамай, күйеуі жатқан төсегіне жан жолатпай, басына қара байлаған, бетін жаспен жуған. Бойжеткен кезінде шешесі жұп етіп өрген бұрымын тарқатып, енді ешкіммен жұптасқысы келмеген. Бұл да бір қазақ қызының ерекше қадір-қасиеті-ау! «Абай жолы» романындағы бір эпизод: «Бөжейдің өз үйінің ішінде қара сұр бәйбіше шаршысын шорт байлаған. Қара шашын тарқатып, екі иініне жайып салған. Қан сөлден айрылып, сұрланып, талған жүзінде қан тамырлары білінеді» [3, 319], - деп қара жамылған бәйбішені суреттеуде шаштың тарқатылуы туралы қазалы қараға көрсетіп кеткен.

М. Әуезов «Кінәмшіл бойжеткен» атты тағы бір әңгімесінде астармен берілген юмор, тіпті, ажуа да бар. Қалаға келген жеңіл жүрісті келіншектің характерін, психологиялық жан құбылысын, құбылуын, тез еліктегіш, тез жерігіш сұлудың бейнесін сомдауда оның шашына ерекше мән береді. «Ғайша пішінді әйел еді. Бұнда ең алдымен, қазақ әйелінің көбінде кездеспейтін биік, сұлу дене бар. Толық етті, ақ жүзді әйел болатын. Ашық мойны бұлғақтаған, жұмыр сұлу еді. Көзі қой көзді, бұйраланған қара шашты еді. Сәнділіктің орынды шартын білген әйел майдың ак жібек киімін кигенде қара шашы мен ақ денесіне қай қазақ жігітінің болса да, көзі еріксіз тоқтайтынын білгенді» [2, 239]. Қара шаш пен ақ жібек көйлек. Ақ пен қара астасып қызды ерекше сұлуландырады. Мағжан Жұмабаевтың «N-ға» өлеңінде: ...« N-жан, көрмегелі көп ай болды. Сағындым, жүрегіме қасірет толды», «Періштем ақ канатты N-жаным, Жаныма жарық берген алтын таңым» [4, 99], - деп үзіле тіл қатып, үздіге жырға косып отырғаны «Дариға көрмегелі айлар өтті, Сұм тағдыр ойға-қырға тентіретті» деп көрмегелі қанша айлар өтсе де, естен бір сәтте де шықпаған нәркес көз сұлу, яғни Мағжанның N-жаны Қызылжар каласының Қуанышев Дәули деген байдың қызы – Жәмила. Өлеңдегі «Алтын мүйіз» Омбыдағы ресторанның аты. Ақын сол «Золотой Рог» ресторанында Жәмила қызбен оңаша кездескен күндерін еске алады. «Ішінде «Алтын мүйіз» отырғанда, N-жан, кім бар еді жанымызда?» - деп сұрап алып, «Есімде бір қыз бар ед ойлар басқан, Бетінің солған гүлдей қаны қашқан», т.б. дей келіп, «интернациональный жүрегі бар» желді бас келіншектің жеңіл жүрістерін мейлінше өткір сынға алады. «Иірілген бұйра толқын шашы қандай, Екі бұрым иығына екі жылан асынғандай»,-деген жолдар Жәмиланың немере әпкесі Әминаға арналған. Әмина – Әуезовтің

«Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесіндегі бас кейіпкердің прототипі. Ұнамсыз кейіпкердің бұйра толкын шашы сұлу емес, сұсты. Екі бұрым – екі жылан. Шаш – жылан кейіпінін бір символы. Шашты жыланға балау ертегілерде де жиі кездеседі. Аламан деген мергеннің Қарашаш есімді әйелі су жағасында шашын жуып отырғанда оның бір тал шашы суға ағып кетеді. Сұлтан хан уәзірін ертіп, қырық жігітімен тауға шығып келе жатса, алыстан жылтыраған бір нәрсені көреді. Олар:«Бұл қалай айдаһар ма, жылан ба?» деп дағдарып тұрады. Яғни жылтыраған бір тал шашты айдаһар ма, жылан ба деп таңырқайды [5, 258]. Көркем әдебиетте көрініс тапқан бұрым шаш бейнесі сұлулықтың, кейде суық та, сұсты символға айналғанын көреміз.

М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында әке тапсырмасымен Түйеөркешке келген жас Абайдың Сүйіндіктің қызы Тоғжанды алғаш көргенде: «Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа ғана бір толқындай болып, нәзік бұғағы көрінеді. Жамырап таралған шашы, қап-қара калың өріммен, ерекше аппақ, нәзік мойнына құлап түсіпті» [3, 114], - деп тамсана, таңырқай тамашалайды. Өзегі талған қозының енесіне ентелей ұмтылуын қазақ «жамырау» десе, Тоғжанның шашы да жамыраған қоздай таралып, нәзік мойнына қарай ұмтылады. Көзге елестетіп көріңізші. Әсем бейне, әдемі сурет!

Қазақ қызының шашы туралы сөз қозғағанда, сөз төркіні еріксіз шолпы, шашпау ұғымдарына ұласады. Ежелден қазақ қыздары шашын ерекше күтіп, бұрымын өріп, оны көріктендіріп, көз тимесін деп, салпыншақтар тағып сәндеуге ұмтылған. Шаштың сәндік әшекейлері – шашбау. Ол – қыз-келіншектердің шашына сәндік бұйым ретінде тағылады әрі шашбау әйел шашының әрін келтіріп, ажарын ашады. Оны өрілген шаш тарқатылып кетпесін деп, бұрымның ұшын бекіту үшін байлайды. Түркі халықтары алтын, күміс теңгелер, кейде маржан қадалған, ызылған бауы бар шашбауды ежелден қыздың әсемдік бұйымы ретінде таныған. Шашбаудың үзбелі шашбау, шештеңге, үкі аяқты шашбау, шашбаутас тәрізді түрлері қолданыста болған. Шолпы, шашбау шаштың өсуіне ықпал жасайды екен. Халықтың ескі наным-сенімі бойынша, шашбау шаш арасындағы жын-шайтандарды қашыратын көрінеді. Шолпының күміс, алтын теңгелерден тізбелеп жасалған түрін шаштеңге деп атайды. Шолпы мен шаштеңге шашбауға немесе бұрымның ұшына тағылады. Шаштеңге таққан қыз-келіншек мезгілсіз жүрмеуге тис. Өйткені, күміс сыңғыры қыз-келіншектің мезгілсіз жүргенінен хабар беріп, «айтып» қояды. «Абай жолы» романында қазақтың не бір сұлу қыз-келіншектері, олардың шаш-бұрымдары келісті көрініс тапқан, қазақ қызының образдар галлереясы деуге болады.

«Сарғыш шегірен шымылдық толқып барып қозғалды да есік жақтағы шетінен шолпы сылдыры естіліп, Тоғжанның әсем бойы көрінді. Қолына бір торғын көрпені алып, бері шығып келеді екен. Асықпай, тіпті ақырын қозғалады. Шолпысының ендігі сылдырынан өзі қысылған тәрізді» [3, 115]. Шолпының сылдыры қыздың «мен көлемінен» хабар беріп отырады. «Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай бастап, тағы біраздан соң, анда санда бір ғана шылдыр ете түсіп, ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де білінбей кетті. Түн тыныштығын ұрлап кеткендей, жұтып кетті» [3, 116]. Ибалы да биязы қыздың баяулай жүріп, ұзап кеткендігін шолпы сыңғыры нақтылап тұр. Романның бір тұсында Абайдың Тоғжанды екінші көруі былайша сипатталады: «Шұбап келе жатқан қаралы көшті алыстан көз салып, бақылап тұрған Абайға өтіп бара жатқан бес қыздың ортасында жібек жал, ак жорға атқа мінген Тоғжан топ қыздың, тап ортасында, дәл көп жұлдыз арасындағы Шолпандай әсер қалдырады» [3, 145]. Абайдың көзімен жазушы суреттеуіндегі Тоғжан: «Ақмаңдай, аппақ жұмыр мойнына қолаң жібек шашына байлап, үлбіреген қырлы салпыншақ жарасып түр». ...«Қалтырап өрілген жуан бұрымдардың ұшында үлкен шолпы ырғала түсіп, шылдырап барады. Сонау сағынышты көктемде көңіл өртеген, одан бері де көзін жұмса, әрдайым құлағына шылдырлай түсіп, сылдыр етіп: «Есіңізде бармын ба?» деп кететін осы шолпының осы үні» [3, 146]. Үлкен талант иесінің аталған туындылары – жазушының бай білімінің, жоғары мәдениетінің, сирек кездесетін даналығының жемісі. Тәрбиелік, мораль-этикалық, салт-саналық, ұлттық этнографиялық мәселелерді бар шоғырымен суреттеп, эстетикалық әсермен бейнелеп береді. Кейіпкер портретін, характерін, психологиялық жан қуатын беруде нәзік лиризммен оқырманды тәнті етеді, қыз бейнесін бар сән-салтанатыменен, әшекейімен бейнелеуде тілімен кесте тігеді. Сол сияқты Мағжан Жұмабаевтың «Шолпы» өлеңін оқып көрейікші:

«Сылдыр, сылдыр, сылдыр...»
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді.
Күлпара талқан боп сыңғыр!
Сылдыр, сындыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді

Сұлу қыз санадан солғыр!
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Жүректі жаңдырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кірі! [4, 95] - дегенде дәл шолпының сыңғырлаған үнін естігендей боламыз. Шолпысының суреті мынадай болса, шолпы таққан шаш қандай, шаштың иесі қыз қандай екен десеңші, шіркін!

Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы» зерттеу мақаласында ақынның өлеңдері туралы айта келіп: «Екі жағына кезек теңселіп, ырғақ-ырғақ басып, қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесінің үкісі бұлғақтап кетіп бара жатқан көшті көргендей боласың; кейде ақ сандықтан алып киген ақ көйлегі, жез құманы бұлғаңдап, шолпысы сылдырлап бел асып бара жатқан әйелдерді көргендей боласың. «Сылдыр, сылдыр, сылдыр. Сыбырға айналды сылдыр. Жүректі өртеді құрғыр» деп оқығанда, маңайынның бәрі сылдырлап кеткендей боласың» [5, 417], - деген еді. Мағжанның қазақы өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейтіндігін тамсана талдаған еді. «Ауыз толатын айбынды асқақ сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі қыттықтап, жыбырлатып қоймайды, түбімен суырып мейіріңді қандырады. Кейде Мағжан желдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де «Па, сабаз-ай!» дегің келеді» [4, 436], - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, Мағжанның қарт анаға, қаракөз қарындастарына, сүйген сұлуларына, ғашық жар, қылықты қыздарға арналған өлеңдерінде бұрымды шашты бейнелеулерінде суретте, кестелі көркем сөзді молынан кездестіреміз. «Сүйемін» өлеңінде қарт ананың бейнесін ерекше сомдайды. «Күндей күңгірт шашы бар, тоқсан бесте жасы бар» [4, 78] тасбиық санап бүгілген қарт анасын ерекше сүйетіндігін ең бірінші айтады. Мағжанның сипаттауында ананың шашы ақ та емес, қара да емес, күлдей күлгін. Көзі сұп-сұр көр, итиіп көрге карай еңкейе келген кәрі ананың бейнесі сондай сұсты, көңілге қорқыныш ұялатады. Әйтсе де, Мағжанның ең алғаш сүйетіні осы карт ана. Ак батасын алмайтын, жатса тұрса, тілегін тілеп, жаратқанға тапсыратын, анаға жетер кім бар, бұл жалғанда? Акынның казақтың сұлу қыздарына арналған лирикалық туындыларында бұрым-шаш суретінен көз сүрінеді. Шашың-қара, дөнең – ақ бұлт, жүзін - Ай.Тісің меруерт, көзің, сәулем, құралай («Сүй, жан сәулем»); Төгілген шашы, Қиылған қасы, Керілген маңдай да. Тістері меруерт, Бейне қар-мамық ет. («Төгілген шашы»); Ақырын есік ашып, ол үйге кірді. Жас бір қыз, Үстінде жұқа ақ көйлек, өрілмеген ұзын қою қара шашы екіге айырылып, кеудесіне түскен («Домбыра»); Секіріп сары шаш шайтан, жындар билеп, Әлдекім сылқ-сылқ қана күліп тұрды! («Түн еді»); Саусақтары күмістей. Сүмбіл шаш, көзі құралай («Зуһра»); Шашын жайып, түн қайкысын төрт бөліп, тілей ме екен жолыктыр деп тәңірі тез? («Жан жарымды бір сүйейін түсімде»); Көкпеңбек көз, сары шаш, сақ-сақ неге күлмейді? («Жазғы жолда»); Алтын емес себілген, Жаздың шашы төгілген; Ойнап алтын шаш берер, Ал, балалар, тараңдар («Жаз келді»); Жастық өтіп, қартайып, қан сары су боп сарғайып, Сүмбіл шашым қуарып. («Күзді күні»); Бар екен алпыс ақ отау, Алтын уық, жібек бау, бәрі он алты жасында, Отау сайын толқын шаш, Толқын шаштар жалаңаш («Мені де өлім әлдиле»); Шашың толқын, жүрегімнің жарына, Соғылады да, батты улы зарыма. («Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін»); Отау сайын судай сұлу толқын шаш, Толқын тербеп:. «Әлди, әлди!»- дейді бау («Берниязға»); Сүмбіл шашы, Сылқым жасы, Отағасы Кәріге. («Тірі бол»); Құздарды мәнгі меңіреу мәңгі басқан, Жаупардай жарқыраған аппақ шаштар («Алатау»); Тұраннын таулары бар аспанға асқан, Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан («Түркістан»); Шөмеледей шаштары, Күйектей кесет мойнында, дүркіресіп жөнелді («Еділ сағасында») сынды жолдардағы шаш суретінен көз тұнады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Есім Ғ. Жар жағасы. - Алматы: Санат, 2007. - 240 б.*
2. *Әуезов М. Әңгімелер. I том. - Алматы: Жазушы, 1979. - 455 б.*
3. *Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. - Алматы: Жазушы, 1990. - 605 б.*
4. *Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 447 б.*
5. *Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. -Алматы: Дайк-Пресс, 2004. - 280* б.

УДК 81'42; 801.7

Оспанқұлова Ш.А.
2-курс докторанты, e-mail: shynar.ospankulova@gmail.com

Есембеков Т.О.
филология ғылымдарының докторы, профессор, филология және әлем тілдері факультеті,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ-сы,

Ш. АЙТМАТОВТЫҢ «БОРАНДЫ БЕКЕТ» РОМАНЫНДАҒЫ ДЕЙКСИСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Түйін: *Мақалада дейксистің тілдік күрделі құбылыс екендігі сараланып, оның мәтінде атқаратын атау, сілтеу және белгілеу сияқты қызметтері мен дейктикалық референцияға қатысы талданады, дейксистің филологиялық пәндер үшін зерттеу нысаны ретіндегі ерекшеліктері қарастырылады. Тіл білімінде дейксиске берілген анықтамаларға шолу жасалып, анафора мен дейксистің байланысы қарастырылады. Мақаланың негізгі мақсаты Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романында қолданылған дейксис түрлерін жіктеп, жүйелеу, олардың семантикалық, көркемдік, структуралық функцияларын анықтау болып табылады.*

Тірек сөздер*: дейксис, анафора, дейктикалық көрсеткіш, маркер, поэтикалық синтаксис, катафора, референция, есімдікті дейксис.*

Резюме*: В статье дейксис рассматривается как сложное языковое явление, которое в тексте выделяется с такими типами отношений как обозначение, именование и указание, тесно связанное с функцией референции. Обозначены особенности дейктической референции а качестве объекта исследовании филологических дисциплин. Обращено внимание на роли, значения, места дейксиса в художественном тексте. В статье ставится задача определить и классифицировать виды дейксиса, определить семантическую, художественную и структурную функции в тексте романа "Буранный полустанок» Ч. Айтматова.*

Summary: *The article considers the deixis as a complicated linguistic phenomenon which is closely connected with the theory of reference and deictic reference and is learned from various aspects of linguistics and study and classification of deixis in the literary text hasn't been done yet. The main aim the article is to identify and classify functions of deixis in the literary text (in Ch. Aitmatov's novel "A Day Lasts More than Hundred Years"*

Дейктикалық тілдік белгі (немесе дейксис) айтушы мен тыңдаушының арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастың жағдайын, мезгіл мен мекенін нақтылау үшін қолданылатын имплициттік немесе эксплициттік түрдегі атау, анықтама , сілтеме мәндегі сөз немесе сөйлем болып табылады. Дейксис зерттеу нысаны ретінде табиғаты күрделі және көпфункционалды әмбебап тілдік құбылыс болып табылады. Сондықтан тіл білімінде дейктикалық көрсеткіштердің болмысын, сипатын, ерекшелігін, әрқилы қызметін қамтып көрсететін бірегей анықтама берудің қиындығы жетерлік. Дегенмен аталмыш мәселеге деген ғылыми қызығушылық көп. Мысалы, дейксис лингвистикадағы әмбебап тілдік құбылыс ретінде сілтеу теориясы мен дейктикалық референцияның жалпы мәселелеріне қатысты талданды (Бенвенист, 1974; Лайонз, 1978; Пирс, 1983; Якобсон, 1972; Филлмор, 1975); айтушы мен бақылаушы тарапынан зерттелді (Апресян, 1986; Бюлер, 2000; Падучева, 1986, 1992, 1993, 1996; Кравченко, 1993, 1995, 1996; Мельчук, 1996; Бюлер, 1993); функционалды әдіс аясында қарастырылды (Арутюнова,1982, Бондаренко, 1998; Бурлакова, 1983; Ерзинкян, 1988; Кирвалидзе, 1989; Рахимов, 1989); психолингвистика аясында зерттелді (Bowerman, Choi, 2001; Spelke, Tviskin, 2001; Landau, 1996); дейксистің баяндаудағы функционалды аспектілері сөз етілді(Bruder, 1995; Galbraith, 1995; Segal, 1995); тілдің дейктикалық бірліктерінің қолданылуын сараптаудың аясы кеңейтілді (Устин, 1998; Жура, 2000; Алферов, 2001) [1, 59]. Дегенмен осы уақытқа дейін әмбебап тілдік құбылыс ретіндегі дейктикалық бірліктердің әр түрлі мәтіндердегі ерекше табиғатын зерттеу енді дамып отыр, оның мәтін құраудағы қызметтерін қамтитын еңбектерге деген қызығушылық мол, ал көркем мәтіндегі семантикалық, семиотикалық, көркемдік, поэтикалық, репрезентациялық қызметтері әлі де болса зерттеле бермек. Әрине, дейксистің барлық сипатын ашып көрсететін дефиниция қалыптастыру да күн тәртібінде тұр. Оған қоса, көркем мәтіндегі дейктикалық бірліктерді талдау мен талқылаудың бірегей, тиімді филологиялық әдісін бекіту де қажет.

Тіл білімінде дейктикалық бірліктерге берілген анықтамалар баршылық, бірақ оларда біріздiлік аз болып отыр, оның түрлері мен атқаратын функциялары жайында да біршама пікірлер айтылған, арасында ықпалдас ойлармен қатар қайшылықты көзқарастар бар. Талас тудырған мәселенің бірі - дейксис пен анафора арасындағы байланыс пен айырмашылық сипаты. Ғалымдардың бір тобы дейксис пен анафораны бір-біріне қатысы жоқ екі түрлі құбылыс ретінде (Кибрик 1983), екінші парасы анафораны дейксиске қарағанда ауқымдырақ деп біледі (Бурлакова 1988, Мисайлова 2005), ал үшіншілері дейксис пен анафораны нақты айыру мүмкін емес, бұлар бір-бірімен ұштаса байланысқан құбылыстар (Филлмор 1982, Лайонз 1978, Арутюнова 1988) деп қарастырған. Ғалымдардың тағы бір

бөлігі анафораны дейксистің бір түрі ретінде зерттейді (Апресян 1995, Бахтин 1979, Бюлер 1993, Сребрянская 2003). Осы орайда мына пікірге назар аударған жөн болар: «Дейксис – это название, данное тем аспектам языка, интерпретация которых зависит от ситуации высказывания: времени высказывания, времени до и после высказывания, местоположения говорящего во время высказывания и личности говорящего и аудитории» [2, 35]. Яғни, Ч. Филлмордың анықтамасына сүйенсек дейксис дегеніміз айтушы мен тыңдаушының тұлғасы, айтылу уақыты мен орнына сілтеме жасау болып табылады. Н.А. Сребрянская бойынша «дейксис – эксплцитная или имплицитная ссылка в семантике языковой единицы на лицо, место и время события/объекта с позиции наблюдателя, имеющего субъективно далекую или близкую локализацию в пространстве и времени по отношению к оцениваемому событию/объекту» [3, 18]. Демек, дейксис арқылы берілетін ақпарат *тұлға – уақыт – мекен* сияқты триадалық жүйеге қатысты болады екен. Айтылымда дейксистің осы ерекшелігін алдын-ала түсіну аса қиын еместігі белгілі, себебі диалогқа қатысушылардың орны мен уақыты көп жағдайда нақты болады. Біз өз зерттеуімізде тілдің дейксис сияқты құбылысының көркем мәтіндегі ерекшелігін, оның атқаратын қызметінің түрлерін қарастыруды жөн көрдік. Себебі дейксис пен анафора «мәтін деңгейінде мәтін байланыстырушы, мәтін ұйымдастырушы және мәтінді дамытушы қызметтерін атқаратын» маңызды құралдар болып табылады [4, 4]. Біздің түсінігімізше, дейксис - айтушы мен тыңдаушының тұлғасына, айтылу уақыты мен орнына байланыстырылған, бейімделген арнайы түрде кодталған ақпарат, ал бұл ақпаратты көркем мәтінде түсіну үшін сол жағдаятты түсіну, айтушы мен тыңдаушыны тану жеткіліксіз, дейксистің астарында әлеуметтік, нарративтік, коммуникативтік, семантикалық, мәдени реңк беретін мағыналар болуы мүмкін.

Философиялық прозаның классигі Ш.Айтматов өмір сүрген заман көп нәрсе ашық айтыла бермеген, авторларды біраз ақпаратты ишара, меңзеу арқылы астарлап бейнелеуге мәжбүрлеген уақыт болғаны мәлім. Сол кезеңде тұспалдап айтуға мүмкіндігі мен әлуеті мол, мағына тудырушылық пәрмені жоғары дейктиктердің оның шығармаларында көп пайдаланылғаны көрініп тұр, сондықтан олардың көркем мәтіндегі қызметін арнайы зерттеп-зерделеуді маңызды әрі зәру мәселе деп ойлаймыз. Қаламгердің әлем әдебиетіндегі ерекше құбылыс деп қабылданған «Боранды бекет» романы өз оқырмандарын терең мазмұнымен, заманауи идеясымен, тақырыбының көкейкестілігімен баурап алған шығарма болды. Романда табиғат пен тұлға, қоғам мен адам, ұлт пен тарих арасындағы аса күрделі тауқыметтер мен түйткілдер басты мотивтерге айналған болатын. Сонымен қатар, әлемді жайлаған экологиялық дағдарыспен қатар, адамзаттың рухани азып-тозуынан хабар беретін мәңгүрттену проблемасы да көтерілді. Туындыда қолданылған дейктикалық есімдіктердің атқаратын функцияларын талдау үшін Н.В. Устина ұсынған жүйелеу әдісін қолдану тиімді жақтары бар дегіміз келеді. Бұл әдіс бойынша мәтіндегі есімдіктердің мағыналық тұрғыдан актуалдануының түрлері былайша жіктелген: а) қарапайым, ә) семантикалық, б) мәнмәтіндік; в) акценттелген [5, 136].

Бірінші түр. Дейксистің бұл түріне көбінесе жіктеу есімдіктері жатады. Олардың негізгі қызметі орынсыз қайталауға орын бермеу, қажетке сай бастауыш пен толықтауыштың орнын алмастыру, әрі мәтіндегі оқиғалар тізбегін байланыстыру, сабақтастыру, жалғастыру болып табылады. Әрине, анафоралық және катафоралық қызметі туралы да айту керек. Асылы, есімдіктердің негізі қызметі есім сөздерді алмастыру ғана емес екені мәлім. Мысалы, *«Телеграфные столбы тоже нудно гудели. Лиса, однако,* ***их*** *не боялась. Столбы всегда остаются на месте,* ***они*** *не могут преследовать»* [7, 6]. **Их, они** жіктеу есімдіктерінің негізі міндеті **столбы** сөзін қайталамай, оқырманға сөйлемнің мағынасын жеткізу және сөйлемдерді байланыстыру болып табылады. Сонымен қатар, дейксистердің қызметі бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, олардың романның "образдық әлемімен" байланысы көрініп тұр. Айтушы мен тыңдаушы арасындағы астарлы ақпаратта уақыт бағдары айқындалған. Қысқасы, қарапайым актуалдану түріне жататын есімдікті дейксистердің негізгі функциялары – стилдік олқылықтарға орын бермеу, яғни тавтологиялық қайталауды болдырмай, мәтіннің объектілерін өзара қисынды байланыстыру. Ал роман авторы дейксистерге эмотивтік мән берген. Бұл мысалдардан дейксистердің мәнмәтіндік қызметі де байқалады.

Екінші түр – семантикалық өзектендіру. Бұл түрге көбінесе сілтеу, тәуелдеу және жіктеу есімдіктері жатқызылған екен. Есімдікті дейксистердің бұл түрлерінің қызметтері ерекше, яғни сілтеме жасалған нысанның нақты сипаттамасын көрсетуге және ерекшелігін айқындауға бағытталған болып табылады. Мысалы, *«Эх, как постарела* ***ты у меня****», пожалел он ее в душе с щемящим чувством вины»* [7, 10]. Едігейдің ойын беру үшін қолданылған **ты, у меня, то** дейксистерінің астарында автордың Едігей мен әйелі арасындағы қарым-қатынасына жете назар аударғысы келгендігі байқалады. Сондықтан автор ойын былай жалғастырған: «*И оттого еще больше проникся молчаливой благодарностью, явившейся за все сразу, за все то, что было пережито*

вместе за многие годы, и особенно за то, что прибежала сейчас по путям, среди ночи, в самую дальнюю точку разъезда из уважения и из долга, потому что знала, как это важно для Едигея, прибежала сказать о смерти несчастного одинокого старика Казангапа, умершего в пустой глинобитной мазанке, потому что понимала – только Едигей один на свете близко к сердцу примет кончину всеми покинутого человека , хотя покойник и не доводился мужу ни братом, ни сватом»[7, 10] . Қаламгер дейксистерді дискурстық мазмұнды дамыту үшін орынды пайдаланған.

Үшінші түр – есімдікті дейксистердің мәнмәтінде белгілі бір ақпаратты айқындауға бағытталуы, оларды өзара салыстырып, салғастыру үшін қолданылуы. Романда Едігенің бір ғасырға татыған бір күнінде автор түрлі оқиғалар тізбегін қатар баяндайды, оқырман бір оқиғадан екіншісіне, одан үшіншісіне өтіп отырады, өткен мен бүгінді, алдыңғы буын мен өскелең ұрпақты салыстыру арқылы қоғамның әлеуметтік, рухани мәселелерін көтереді. Романдағы түрлі оқиға-аңыздарды бір-бірімен байланыстырушы құрал ретінде дейксистердің де атқаратын қызметі зор. Мысалы, «*Но снега **те** растаяли, поезда **те** промчались, **те** годы ушли… **Никому** и дела нет теперь до **этого**»* [7, 15]. Сілтеу есімдікті дейксис **те** арқылы автор кейіпкердің өмірінің көбі өтіп, азы қалғандығын өкінішпен баяндайды, оқушы да бір мәнмәтіннен екіншісіне енеді. Оған қоса есімдіктің қайталануы эспрессиялық әсер етіп тұр. Тағы да бір сілтеу есімдікті дейксис арқылы шығармада маңызды оқиғалардың бірі – Едігейдің Зарипадан айырылуы баяндалады. Мұнда да дейксис оқиғаны байланыстырушы, оны дамытушы құрал ретінде қолданылады. Ал мына үзіндідегі сілтеу аллюзиялық, ассоциациялық мағына үстегендей: *«Однажды он подвел Едигея, крепко подвел, и был бы он, скажем, ну, не человеком, а, допустим, разумным существом, никогда не простил бы Буранный Едигей **тот** случай Буранному Каранару»* … [7, 124].

Төртінші түр – екпін түсіру арқылы өзектендіру, мұнда да алдыңғы түрге ұқсас қызметтер бар, мәтіннің жекелеген фрагменттері мен элементтерін ерекшелеп көрсетуге тырысу,, олардың мағынасына ерекше реңк дарытуға ұмтылыс байқалады. Мысалы, романда Едігейдің *«... – откуда **они**, дети их, и почему они стали такими?...»* [7, 32] деп ашына айтқан ойын айтар болсақ, **они** жіктеу есімдікті дейксисі Қазанғап пен Едігейдің балаларына ғана қатысты емес, сол заманда өмір сүрген шыққан тегін, тамырын ұмытып, ешқандай зорлықсыз өз беттерімен «мәңгүрттене» бастаған келер ұрпаққа бағытталған сөздер еді. Сондай-ақ *«Никто не должен спать сегодня, когда умер **такой** человек. Всех подними на ноги»* [7, 11], бұл мысалда жазушы Қазанғаптың сол заманның үлгі тұтар қаһарманы екендігін ерекше атап көрсетеді. Бір ғана ***такой*** дейксисінің астарында терең мағына жатыр. *«- Манкурт **ты**! Самый настоящий манкурт! – прошептал он в сердцах, ненавидя и жалея Сабитжана»* [7, 291] мысалындағы **ты** есімдікті дейксисі де тек Сабитжанға ғана емес, Сабитжан секілді шыққан тегін ұмыта бастаған жастарға бағытталғандай айрықша әсер береді. Романның қазақша нұсқасына талдау жасаған С. Ақатаев өзінің "Кісілік сабағы" мақаласында дейксистердің ерекше қызметін атап көрсеткен: *«Өмірдің мәні не үшін сонда **бұлар** үшін?» «Едігенің «**Бұл** жұрт не болып барады!»*, «**бұлар!»** деген бір ауыз сөзде күллі адам баласына ағынан жарыла айтылған телегей теңіз жыр жатыр»[6, 11]. Осында қолданылған **бұлар** есімдікті дейксисі терең мән-мағынаға ие. Сонымен, "Боранды бекет" романында дейксистер көп қолданылған. Жазушы олардың бейнелеу әлуетін, референциалдық қуатын, поэтикалық мүмкіндіктерін шебер пайдаланған. Дейксистердің көркем мәтіндегі қызметінің бірі орынсыз ой мен сөз қайталатауды болдырмау арқылы стилді жетілдіру екені мәлім. Қаламгер осы мақсатына жету үшін мәтіндегі объектілерді нақтылауда сөздерді (бастауыш, толықтауыш) алмастырып отырған. Оған қоса автор прозалық мәтінде дейксистерді автор мен кейіпкерлердің арасындағы қарым-қатынастарды анықтап көрсетуге, мәнмәтінге сілтеме жасау арқылы мазмұнды қоюлатуға және мәтіннің белгілі бір элементтері мен фрагменттеріне ерекше реңк беруге пайдаланған.

Пайдаланған әдебиет тізімі

1 Савельева Е.Б. Дейксис и анафора как элементы актуализации авторской позиции (на материале автобиографической прозы Андре Жида): Дисс ... канд. филол. наук. – Москва, 2014. – 166с.

2 Филлмор Ч. К описательной структуре для пространственного дейксиса // Ч. Филлмор. Речь, Место и Действие. Chichester, Нью Йорк, Сингапур, 1982. – С.31-59.

3 Сребрянская Н.А. Дейксис и его проекции в художественном тексте: Монография. – Воронеж: ВГПУ, 2005. – 255с.

4 Петращук Н.Е. Форика как фактор текстообразования (на материале газетного текста современного немецкого языка): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Львов, 1987. – 16с.

5 Устина Н.В. Дейксис как актуализирующий фактор текстообразования // Университетские чтения - 2016. Пятигорск: ПГЛУ, 2016. С. 134-139.

6 Ақатаев С. Кісілік сабағы: Ш. Айматовтың «Боранды бекет» романының этнографиялық негізі туралы // Білім және еңбек, №4, 1985ж

7 Айтматов Ч. Буранный полустанок: Роман. – М., Советский писатель, 1987. – 608с.

Рамазанова Шайгүл
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, shaigul69@mail.ru

Мекебаева Ләйла
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Абдрахманова Жазира
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҺӘМ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Ақынның жолы – жылмағай, түп-тура, теп-тегіс жол емес, бұрылыс – бұлтаңы көп соны соқпақ, себебі поэзия жан біткенге, тіршілік біткенге бұрылып қарайды, мойнын бұрып қана қоймай, бейілін, бүйрегін бұрады. Олай болса, поэзия бұрылыстар мен жарылыстардан құралған құдірет.

«Бұрылыс» – бұл Жәркен Бөдешұлының жаңа жинағының аты. Бұл ненің бұрылысы, қайда бұрылу, кімге, неге бұрылу?.. Ақынның жолы айдау жол да, қасқа жол да, күре жол да емес, бұрылыс, бұлтаңы көп қиян жол, қиын жол. Ақынды ақын еткен де сол бұралаң жолдар мен соны соқпақтар. Ал ақынның бұрылып қарауға да мұршасы жоқ. Себебі шын ақынның шындықтан бұрылуына болмайды, шындыққа сәт сайын бұрылуға тиісті.

Иә, бұрылуға болмайды, алдында – ата жұрт... Атажұртқа асығып келе жатыр. Ақ сапарға шыққан адамның, жол үстіндегі жолаушының артына бұрылып қарай беруін де қазақ қаламайды.

«Бұрылсам да саған менің пайдам жоқ»... Ақын ақиқатын айтып отыр... Жат жұртты тастап, қашып келе жатқан адамның кімге септігі тимек? Оның үстіне қарлы боран қапталдасып «ақ кебінге» орағысы келіп жанталаса түседі... Екі оттың ортасындағы адам, қатардағы көп пенденің бірі емес, ақын болса, айдай ақиқатын айтпай қалтарыста қала бере ме? Әрине, шындық-қымбат, шындық болғанда да «салқын күнде аппақ қардың үстінде бусанып тамған қызыл қан тамшысындай жанды шындық». Ия, «жанды шындық» демекші, ақын өлеңдерінің тамырын қуалай ағып жатқан қан да сол «жанды шындықтың» қаны.

Тамырында тулаған қан, хас шындықтың қаны болса, ақын қалай жер бауырлап жүрсін, не көрсе де «ұшып жүріп көреді», тіпті ажалдың өзін ұшып жүріп қарсы алмақшы. Соншалықты еркін де, ерікті рух иесі, әркімнің айтқанына көніп, айдағанына жүрмейді. Шындықтан шырайлы, ақиқаттан арайлы, адалдықтан асқақ, қиялдан көркем не бар? Олай болса, көркемдік көкесі – кәдімгі шындық. «Адамның еркін рухы, еркін қиялы ешбір тәртіпті білмейді, әрбір жаратылған зат көркемдікті мақсат қылады, көркемдікке ұмтылады». Көркемдік демекші, ақын халық ауыз әдебиеті үлгілерін пайымды пайдаланып қана қоймай, орынды ойната біледі, оқушысын ойландыра біледі... ойландырып қана қоймай, оң сапарға беттетеді...

Жыр жазсам бұрын-соңды мен,
Үстелім болдың оң тізем... [1. 57.]

Ақын оң тізесіне дәптерін қойып жыр жазып отыр. Себебі сол: жыр – сұлу ғой, айдай сұлу! Ал айдай сұлу күндердің күнінде оң жақта отырып ұзатылмай ма, қазақ баласы «оң жақта отырған қызы бар екен» деп бекерден бекер айтпаған. Оң жақта отырып ұзатылатын сұлу жыр оң тізеде жазылуында да дәстүр жалғастығы бар. Дәстүр жалғастығы – жыр жалғастығы, көркемдік көші... Күлтегіннің көк тасы оралғанда да, Тәуелсіздіктің туы тігілгенде де ақынның оң тізесін бүгуі жасандылық емес, жасампаздық. Атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрдің ділін сақтап бүгінге жеткізу, бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіру оп-оңай емес, ол үшін де «оң қабақ» таныту керек. «Жер сұлулығы – оның қашанғы жамалында емес, жасампаз адамында, адам арқылы ілгері басқан заманында; демек жаңа поэзияны ұстап тұратын ұстындар да солар болуға тиіс» [2. 220.]

Сол «ұстындардың» бірі Ж. Бөдешұлының «оң тізесі мен оң қабағы» болмасына кім күдік келтірер? Тіпті оң тізе туралы жырдың түйіні бәрінен де асып түскендей. Ақынның айтары да, айтпағы да сол ұрпақ қамы. Мәселе қалай айту мен қалай жырлауда. Оң қабақ, оң сапар, оңынан туған ай, халық поэзиясында жыртылып айрылады. Көне тақырыпты жаңаша жырлап, жан бітіруде. Қаламгерде сүйікті тақырып болуы мүмкін, бір ақынның көңілін қобалжытқан құбылыс екінші ақынның көзін арбауы ықтимал. Сондықтан да белгілі бір құбылысты ондаған, жүздеген ақын жырлай береді, тірелетін түйін, жүгінетін би – қалай жырлау.

«Ұрпағынан жерінген ұрғашыны» ана деп айтуға бола ма, «қу тізесін құшақтап қалған еркекті» «әке» деп айту да ауыр. Ақын поэмасының түйіні де тап осы жерден басталады. Поэзияның міндеті де ұйықтап жатқанды елең еткізіп, ояу отырғанды жалт қарату, ояту ғана емес, ойландыру, оң аяқпен аттату, оң қабақпен қарату. Олай болса, ақынның оңға жол сілтеуі. Ескінің көзін саф алтындай сақтап қана қоймай, жаңа күннің нұрына шағылыстырып, кейінгі ұрпақтың кәдесіне жаратуы. Ендеше жаңашылдық жасандылық болмай, дәстүр дамуының жаңа табиғи жемісі болуы керек [3, 320 б.].

Дәстүрі мен салтын сақтаған еркек «оң тізесін кеміріп», ата-баба аруағына жүгінген «ұрғашы ұрпағынан жерінер ме еді», әрине жоқ. Ақынның әу бастағы мақсаты да барды бағалап, жоқты жоқтау, екеуі де оңға бақса, бәрі басқаша болары анық. Ақын ақиқатты айтып қана қоймайды, теріс жолға түскендерді «оң тізесіне» жайғастырып «оң қабақ» танытып, оң сапар да тілер ме еді. Ақын айғағы – ақиқат. Ақиқаттың ала жібін аттағандарға жай оғындай атылып, жауған күндей күркіремесе несі өлең, несі ақын? Жаңылысқан жанға жөн сілтеп, жоба көрсетпесе, поэзияның парқы төмендемей ме? Сөз патшасының әмірін тыңдайтын адам болса, айта алатын ақынның, жөн-жоба сілтей алатын ақынның бірі де – Жәркен Бөдешұлы.

Көңілім кіршігі жоқ ақша қардай,
Бақытың жарқырайды тапса маңдай.
Тоғайға қарауыл боп өтер едім
Алауыз пенделерге патша болмай [1.44.]

Адам бар жерде алауыздық бар. Алауыз адамға патшаның қажеті қанша, алауыз патша да адамды керек қыла қоймас. Ақынның айтпағы – патшаның парқын халқы айқындайды деген ой. Тоғай – табиғат. Табиғатқа – қарауыл болу ақын үшін бақыт. Қасиетті қарауыл ма, құрметті қарауыл ма – тазалықты қарауылдау – құрмет. Көңілі кіршіксіз ақын ғана тұп-тұнық табиғат сырын түсінеді, осы өлең жолдарындағы «ақша қар мен жарқыраған ақ маңдай» Ақжүністің «қарды көр де етім көрімен» астасып, астарласып жатса да, кейінгі екі жолы алдыңғы екі жолының ажарын ашып, тұлғасын толыстырып тұр. Әлбетте жан-жүрегі таза жанның маңдайы жарқырай түсетініне кімнің күмәні бар? «Бақытың жарқырайды тапса маңдай» деген өлеңнің екінші жолы тұтастай шумақтың шырайын шығарып қана қоймай, сыңайын танытып тұр. Тоғайға қарауыл болғанның да, пенделерге патша болғанның да бақыты маңдайына байланысты. Ақын Халық та, Табиғат та – Тіршіліктің тұтқасы, Маңайының Маңдайы дегенге меңзейді. Маңдай – қазақ үшін қасиетті ұғым.

«Маңдайдағы жазу», «Маңдайыңнан көрерсің» деп жататынымыз бекер емес. Ақын маңдайы – жарық, жарқын болу үшін де патша болып парқын түсіргенше, қарауыл болып беделін биіктеткісі келеді. Қалай болғанда да намысымды кір шалмасын деген ойдың көрнісі.

Жәркен поэзиясының басты ерекшеліктерінің бірі де жер бауырлап жатып алмай, «қанаты алтын құс болып ұшып-қонып жүруінде». Мұқағали Мақатаев «Құс та болғым келмейді қанатым бар» десе, Жәркен ақын: «Аман болса қанаты ұша аларға, ұқсағысы келмейді құс адамға» деп топшылайды. Соған қарағанда Мұқағали Мақатаев пен Жәркен Бөдешұлының құстары бір-біріне ұқсамағанымен, Жәркеннің «қанаты алтын құсқа» айналуында да байланыс жоқ деп айта алмас едік, біз айтпасақ та ақынның өзі «Мұқағалиға түстеніп, Жұмекенге түнедім» деп отыр. Олай болса, Жәркен Бөдешұлы мен Мұқағали Мақатаевтың құс туралы жырларында дәстүр жалғастығы бар, бұл ақынның «Құс пен адам» топтамасында айқын байқалатындай. Жұмекен Нәжімеденовтің «Егіз шумақтар» топтамалар іспеттес Жәркен Бөдешұлының да төрт тағандарында да оқшау ой, ажарлы астар, өзгеше өрнектер жеткілікті.

Жалпы алғанда, көгершін немесе кептер туралы жырлар қазақ ақындарынан көптеп кездеседі, бірақ мәселе «терезенің тұсындағы көгершіндерде болып тұр. Мақатаевтың көгершіні кәдімгі кісі кейпіне еніп кетсе, Бөдешұлының кептері «терезеден еніп кетеді». Десе де екеуі де терезенің алдында тұр. Дегенмен екі кептердің де нысанасы бөлек, бірі – жем іздеп жаурап жүрсе, екіншісі – қырғидан қорлық көріп қашып жүр. Сәбит Дөнентаевтың «қырғидан қорлық көрген бозторғайы ойдан-қырдан таяныш таба алмаса», Жәркен Бөдешұлының ақ кептері төрдің төбесінен бір-ақ шығады, онымен қоймай әлгі қырғиға дос болып кетеді, әрине кептер емес, біздің лирикалық кейіпкеріміз.

«Бекер екен осыным
Енді соның досымын».

Кептер емес, қырғидың досы, яғни қастандықтың қолдаушысы. Неге олай демексіз. Жауабын ақынның өзі қайтарады:

– Обал,
Сауап,
Мейірім
Жоқ дегенге шошыдым.

Обалы – отар, сауабы – сатқын, мейірімі – менмен қоғамнан сұраңыз жауабын. Ақын ақ кептерді паналатқанына өкініп отырған жоқ, «қырғилардың» күні туып тұрғанына таңғалып, «шошып» отыр. Ақын ақ кептердің қауқарсыз кейпі арқылы қоғам өмірінің келеңсіз көріністерін көз алдымызға тартады. Ақ кептер құсап қара басыңның қамын күйттегенше, қырғи құсап өзіңді-өзің қорғай білгісі кел дей ме, кім білген, қалай болғанда да оқыс, оқшау ой. «Әсіресе шендестіру әдісі заман қайшылығын зеректікпен ұққан, етегі қанды жасқа тола жырлаған зар заман ақындарында қолданылды», – дейді С. Негимов [4.200 б.]. Қай заманда да ақын ақиқатын айтып, қарама-қайшылықтарға қарсы тұрады. Жәркен Бөдешұлы жырларындағы шендестірулер де дәл осындай сипат алған.

Табиғатты шынайы қалпында көркем кестелеу де – ақынға тән шеберлік көрінісі. Оның «Қыр бояулары», «Өртенген қамыс», «Жазғы таң», «Теріскейде жатқан анау қасат қар», «Қоңыр дөң», «Сары шымшығым», «Түнгі орман» т.с.с. өлеңдерінде тереңдік те, тапқырлық та байқалады.

Жатқан бөрі бекініп
Қалды өлердей өкініп;
Сұм ажалдың басынан
Өмір кетті секіріп [5, 159 б.].

Бұл кәдімгі киік. Тау киігі. Жер бауырлап жатқан бөрінің басынан секіріп кетіп барады, арлан-ажал мен аяулы өмір, жанарында тау мүлгіп, бауырынан самал ағады, жай ақпайды, жөңкіліп ағады. Әрі-беріден кейін ақ бөкеннің өзі ақ самалға айналып кеткендей. Арлан – ажал, ақбөкен – адал кейпін киген. Адал емес-ау, адам, адам емес-ау, адал. Адал мен адамның түп-нұсқасы – өндірдей өмір. Өлімнің басынан өмірді секірту кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Өмірде лайым осылай бола берсе екен дейсіз. Жәркен Бөдешұлының жырлары ажалдың өзін аттап өтетіндей өмірлі десек те қателеспейміз, аттап емес-ау секіріп, орғытып, қарғып өтетіндей күйге жеткен.

Көріп отырғанымыздай, Жәркен Бөдешұлының лирикалық кейіпкері барынша батыл, тіпті тартынуды, тайсалуды білмейді өр, өжет. Өмір мен өлімді беттестіріп қана қоймай, тартысқа түсіру, таластыру, ақыр соңында бітістіре салу емес, бітіспес жау ретінде «басынан секіру». Бекініп жатқан бөрі – өлімнің басынан секіру қыр киігінің ғана, қыр мен құм құпияларын қат-қабатына дейін білетін ақын Бөдешұлының қолынан, ойынан келетін шаруа. Өмірдің өлімнің басынан секіруінен «көрнекті лебіз» болар ма екен. Ақынның табиғат туралы жырлары өзгеше ой өрнектерімен, тосын теңеу – шалт шешімдерімен жалт қаратады, назар аудартады.

Халыққа керегі де – кесек қимыл, адуын әрекет. Дәл осы тұрғыдан таразыласақ, Ж. Бөдешұлының киігі – керек киік. Ақынның «туған жердің қасқыры, кемір ақын сүйегін, туған жердің тас, құмы, сені осылай сүйемін» дегеніне де қалтқысыз сеніп, қапысыз қолдайсың. Л. Толстойдың «Ясная полянасы», А. Пушкиннің «Болдиносы», М. Мақатаевтың «Қарасазы», І. Жансүгіровтің «Жетісуы», С.Сейфуллинның «Көкшетауы» сықылды әр ақынның «өзінің туған жері – өзінің Меккесі», яғни әр ақынның өз «Итакасы» бар. Ж. Бөдешұлының «Жайыртауы» да солардың қатарында. «Туған жердің қасқыры кемір ақын сүйегін» деп айтуында аласалық емес, асқақтық байқалады. Мәселе, қасқырда емес, туған жерде, туған жердің бір уыс топырағы туралы жырламаған ақын аз, тіпті жоқтың қасы. Қасқыр екеш, қасқыр да сол топырақта туғандықтан, ақын оны да өз туғанындай көреді, тіпті сүйегіне дейін соған табыстайды. Бұл бір қарағанда, оп-оңай көрінгенімен, түптеп келгенде тапқырлық, өзіндік ерекшелік. Көз алдыңызға елестетіп көрсеңіз, тым тұрпайылау көрінуі де мүмкін. Мәселе ақын туған топырағының аңын, құсын, адамын бір-бірінен бөлмей-жармай құлай жақсы көруінде болып тұр. Бөтен жер емес, туған жердің қасқырына сүйегін сеніп табыстайды, яғни өлсем сүйегім туған жерімде қалсын деген, қазақ ұғымына сіңісті болған сыралғы сыр. Сыр емес-ау, сенім, сезім сертіне оранған өмір – «Туған жердің тас, құмы сені осылай сүйемін». Қыз Жібек Төлегеннің өлгенін естіп, өлімге бел байласа, лирикалық кейіпкер туған жеріндегі қасқырдың өз сүйегін кемігенін қалайды. Себебі, екеуі де ғашық, бірі – еріне, бірі – еліне ғашық, бірі-бірінсіз күн көре алмайды, күн кеше алмайды. Екі жырдың да тамырына қан жүгіртіп, бұла бойындағы қуаттың көзін ашып, көңілін аршып, аруақтандырып тұрған күш – махаббат, махаббаттың рухы. Рухсыз адам өмірге де, өнерге, өзгеге де ғашық бола алмайды. «Туған жерінің тас құмын» тұщына сүйген адам ғана дәл осылай тура, батыл, өктем сөйлей алады. Ақын табиғат туралы жырларында ойнақы, ойлы, көркем, кестелі сөздерді келісті қолдана білуімен қатар, өзі суреттеп отырған құбылыс, затқа сай түр, түс, өрнек, белгі, бедер таңдауда тапқырлық танытатындай.

Жәркен Бөдешұлының жазы мен қысы, күзі мен көктемдерінде өзіндік өрнек бар, өрнек болғанда да түрі-түсі бар өрнек. Ақын өлеңдерінде сары түс көбірек қолданылады. Бәлкім туған жеріне деген сағыныштан ба, әлде ақын ғұмыры тұп-тұнық, сарыала сағыныштан тұрады.

Ақын өлеңдеріндегі сары ауру, сары уайым, сары қасқа ұлық, сары аю, сары әулие, сары өзен, сары қанатты құсқа бір сәт зер салып қарасақ, бұл бір жай ғана сары түстен тұратын заттар тізбегі емес, бәрінің де өз орны бар, неге десеңіз, сары әулие сары ауруды емдемек болып үшкіреді, сары қасқа ұлық үстінен арыз түскен соң сары уайым сапырып, сары аюдай ақырады; сары қанат құс сағыныштан сары өзенді бойлай ұшады, ұша-ұша көзінің қарашығы да, қанаты да сарғайып кеткен. Бірыңғай «с» дыбыстары, яғни дауыссыз дыбыстар қайталанып тұр, әдебиет теориясында бұрыннан бар құбылыс болғанымен қазақ поэзиясында көбінесе қара, ақ, көк, қоңыр, қызыл түстердің қайталануы жиі кездесетін. Ал мынау сары түс – сағыныштың түсі, сағыныштың түсі болмаса, ақын «сары саумал сағыныш» деп айтпас еді, байқайсыз ба «сары саумал» төрт түлікпен тізгіндесіп өскен халықтың түсінігінен туғаны көрініп тұр. Саумал сағыныш... Себебі сағыныш мәңгі жас, мөлдіреп тұр, сағыныш – сары қанатты құс, ол көк өзеннің үстінен көлбеңдеп ұшпайды, сары өзенді жағалай ұшады, қанаты да, қарашығы да – сап-сары, дәл осындай құсты көрдіңіз бе, әрине көрген жоқсыз, қиялда ғана, қиянда ғана кездесетін құс...

Жәркен Бөдешұлының қиялы бай, қиял-ғажайып ертегілер елінде жүргендейсіз, несі бар, әрбір ақын – ертегілер елінің өкілі, халықтың қиялын байытуға қызмет етеді. Сырлы шайырдың «сары өзенді бойлаған сары қанат құспын мен» дегеніне сенесіз. Бұл – сағыныш, саумал сағыныш! Сары қанат құс көк өзенді қалай бойлап ұшады. Сары өзен де сағыныштан сарғайып кеткен өзен. Әрбір шынайы ақынның таңдаған тақырыбын былай қойғанда, өзіндік жырлау мәнері, етене ерекшелігі болады. Сол сияқты Ж. Бөдешұлы да халық поэзиясының үздік үлгілерін үйреніп, қолданып қана қоймай, ұлт ұғымымен үйлестіре, үндестіре, ұлт тағдырымен тілдестіре біледі. Қандай да болмасын ақын айналасындағы өз көзімен көріп, қолымен ұстаған құбылыстарды жоққа шығара алмайды, керісінше жырына жөргек қылады. Сол сықылды Жәркен де өз көріп-біліп, сезінбеген соны соқпаққа түспей, қашаннан кәнігі болған сүрлеумен қозғалғанды қалайды. Жәркен ақынның сүрлеуі – сағыныштың сүрлеуі. Бұл әдеттегі сағыныш емес, сары қанатты сартап сағыныш, сары өзенді бойлай ұшқан сарала қаздай сарғайған сағыныш. Ақын жырларының жұлыны да, жүйкесі де, күретамыры да – солқылдаған сағыныш. Сары өзеннің аржағында сары жұртта қалған балалық, жастық күндеріне құстай ұшып барғысы келеді, көргісі келеді. Қай өлеңін оқып отырсаңыз да, сағыныштың сазы еседі. Ендеше ақындар арасындағы «сағыныштың сары өзені» – Жәркен Бөдешұлы екені анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бөдешұлы Ж. Бұрылыс. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. – 294 б.
2.О. Сүлейменов. Сөзстан. Сегізінші кітап. –Алматы:Жалын,1987.–220 б].
3. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1974. – Т.3. – 320 б.
4. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
5. Бөдешұлы Ж. Жұлдызға орнын ай бермес. – Алматы: Сөзстан, 1996. – 159 б.
6. Мақатаев М. Күнделік. – Алматы: Жалын, 1991. – 48 б.

Акимбекова Гүлзира Шардарбекқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Алматы Менеджмент Университеті, gul_shardarbek@mail.ru;

Байелі Әсел Жарылқасынқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, baieliassel@gmail.com;

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУ

Түйін. *Мақала қазақ тілін оқытудағы жаңғыру мен жаңаруға арналған. Білім беру саласындағы инновациялық технологиялардың сабақ қарқынын жеделдетуге және студенттің өздігінен оқуға үйрететін негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі мамандарынан, студенттерден алынған сауалнама қорытындысындағы кейбір нәтижелердің болашақта қазақ тілінің кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналатындығына септігін тигізетіндігі, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жұмыстары, әрі жоғары оқу орындарында қазақ тілінде бірнеше шаралар жүргізіп, тілдің практикалық қолданысына мүмкіншілік туғызуы туралы сөз болады.*

Түйін сөздер: *қазақ тілі, жаңғыру, сауалнама, жаңару, инновациялық технология, тілдік ерекшеліктер, білім беру жүйесі, сапалы білім беру, қазақ тілі пәнінің мамандары.*

Summary. *The article deals with the innovations and motivations in teaching kazakh language. It also discusses the main peculiarities how innovational methods in education helps to speed up the lesson process and teaches students to do independent work. The work is about the survey results, which was done by specialist of universities and students, that will be useful in near future to make the kazakh language become means of communication in everyday life, the efforts to increase the status of the state langauage, the events in kazakh language that will be held at universities, the opportunities of practical usage of the language.*

Key words: *kazakh language, innovation, survey, motivation, innovational methods linguistic peculiarities, educational system, quality teaching, subject specialists of kazakh language*

Резюме. *Статья посвящена обновлению и модернизации преподавания казахского языка. Рассматриваются основные особенности интенсификации учебного процесса и совершенствования самостоятельной работы студента. В статье приводятся результаты анкетирования, проведенного среди студентов и преподавателей казахского языка в вузах, которые в будущем будут способствовать превращению казахского языка в язык повседневного общения. Организуемые в вузах различные мероприятия направлены на поднятие статуса государственного языка и способствуют расширению практического использования казахского языка.*

Ключевые слова: *казахский язык, модернизация, анкетирование, обновление, инновационные технологии, языковые особенности, образовательная система, качественное образование, специалисты казахского языка.*

Тәуелсіздік алған жылдан бастап еліміз білім беру жүйесінің жаңа жүйесін ғана енгізіп қоймай, әлемдік білім беру жүйесімен тепе-тең дәрежеде тұруды да көздеді. Ондай үлкен өзгерісті заманның өзі, әсіресе оқу үдерісіндегі айтулы өзгерістер талап етіп отыр. Оның себебі қазіргі білім беру үрдісіндегі эволюция, әрі оның мазмұнындағы өзгерістер, жаңа ойлар, жаңа тәсілімдердің пайда болуы. Әйтсе де бұл мәселелер инновациялық іс-әрекеттер арқылы шешімін табады және тауып келе жатыр.

Әрбір білім беру саласында қолданысқа ие болған инновациялық технологиялардың мақсаты – жаһандану заманындағы бүкіләлемдік білім кеңістігіне кіру. Өркениетті елдермен терезесі тең еткізетін білімді ұрпақтың білімі инновациямен тікелей байланысты. Білім беру жүйесін технологияландыру жұмысын іске асыру жан-жақты білімді қажет етеді. Өскелең жас ұрпаққа заман талабына сай білім мен тәрбие беру – мемлекет алдында тұрған үлкен мәселе.

Болашақта бәсекеге қабілетті ұрпақты дайындау – педагогтың тікелей міндеті. Себебі білім беру саласы әрдайым жаңашылдықты, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін жетілдіріліп отырылуын, заман талабына сай педагогтың болуын талап етеді. Сондай-ақ, мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес оқу үдерісін заманауи технологиялар арқылы ұйымдастыру, студенттердің білімін бағалауды қадағалаудың және бағалаудың инновациялық критерийлерін енгізуді жүктейді.

Бүгінгі күнде Қазақстанда білім беру орындарының мақсатына жастарды жаңа қоғамға, өмірге жаңаша бейімдеуге үйрететін арнайы бағдарламаларды жасау жұмыстары тұр. Сондықтан болар, кәсіби деңгейде білім беретін оқу орындарының қызметін инновациясыз елестету мүмкін емес. Мысалы, білім парадигмасының алмасуы, білім беру мазмұнын жаңғырту, білім беру үдерісін оңтайландыру деген сияқты.

Инновациялық үрдістің таралуының өзі бірнеше кезеңдерден өтеді: алдымен қажеттіліктің туындауы, одан кейін идеяның пайда болуы, идеяның бағыты, идеяның мақсаты, қолданыс орны, жаңалықтың енгізілуі, қайта өңделуі, нәтиженің болуы, яғни тұрақты нәтиженің болуы, ең соңында көпшілікке таралуы, оны пайдалануы. Содан кейін тәжірибеге еніп, нәтиже көрсетіп, толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, жаңарғанның үстіне жаңара бастайды. Білім беру саласындағы

инновациялық технология да қажеттіліктен туындап отыр. Бір жағынан алғанда, білім беру технологиясы оқу ақпаратындағы өзгерістер мен талаптардың, өндеу құралдарының және әдістер жиынтығы болса, екінші жағынан, оқу үрдісінде оқытушының студенттерге қажетті техникалық немесе ақпараттық құралдарды қолдану тәсілін айтуға болады. Білім беру технологиясының мазмұны, әдістері мен оқыту құралдары өзара байланыста және өзара шарттылықта болады. Оқытушының педагогикалық шеберлігі бағдарламаға және қойылған міндетке сәйкес оңтайлы әдістер мен оқу құралдарын қолдануынан, мазмұнына сай керектісін ала алуынан тұрады.

Заманауи кезеңде қоғамды дамытуда Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы маңыналы жаңғырулар тікелей инновациялық үдерістермен байланысты. Әсіресе білім беретін жоғары оқу орындарының дамуындағы басымдық жеке тұлғаның әлеуеті болып отыр. Оның негізі студенттің қызығушылығы мен мұқтаждығының нәтижесі арқылы оқытудың жіктемелі амалын іске асырады. Себебі қазіргі заман білім беру саласында тек жаңашылдығымен ерекшеленетін, елеулі, пайдасы бар өзгерісті талап ететін уақыт. Әрбір уақыттың өз кезеңіне беретін пайдасы мен зияны бар екенін де ескере кету керек.

Соңғы жылдары жоғары білім беру орындарында инновациялық технологияларды қолдану туралы мәселелер жиі көтеріліп келеді. Әйтсе де, Қ.Сарбасова: «Дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялардың аражігі болғанымен, бұл оларды тұтас бір-бірінен ажыратып алу деген сөз емес. Олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен қатар бірін-бірі өзара байланыстырып тұратын ортақ сипаттары да болады. Оқытушы білім берудің мақсаты мен міндеттерін нәтижелі жүзеге асыру үшін педагогикалық технологиялардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді негізге ала отырып, оларды өзара байланыстырып қолданудың мәнін еже түсіну қажеттілігін ғалымдар анықтап отыр», – деп В.Беспалько, В.Т.Фоменко сынды ғалымдардың пікірлерін негізге алады. Бұдан байқайтынымыз өз кезеңінде дәстүрлі технология да нәтиже көрсетті [1, 14].

Бүгінгі күнде педагогика ғылымында негізінен оқу үдерісінде оқытудың кешенді құралдарын пайдалану өте ұтымды. Оқу үдерісінің ерекшелігі оқытушының айтқан сөздері ғана ақпарат көзі болып табылмайды. Оқытушының таптырмас құралдарының бірі инновациялық технологияларды орнымен пайдалана білуі. Бір технологияның өзі қолданушылардың қолданысында әр түрлі болуы мүмкін, бұл жерде тікелей педагогтың жеке тұлғалық компоненттерінің болуы, студенттің контингент ерекшеліктері, олардың дәрісханадағы психологиялық климаты мен көңіл-күйлері де ескерілуі керек. Бір технологияны қолданған бірнеше педагогтардың жеткен жетістіктері әр түрлі болады, әйтсе де қарастырылған технология бірқатар орта көрсеткіштерінде сәйкестік болуы әбден мүмкін.

Жалпы осы мақала барысында айтпақ болған ойымыз мемлекеттік тілді еркін меңгерген қазақстандықтардың санының көбеюіне септігін тигізетін жаңа инновациялық технология ма, әлде білім саласында қолданылатын технологияларды меңгерген, кәсіби білікті маман ба немесе қазақ тілінде оқытылатын пәндердің тиімділігі ме немесе университетте қазақ тілінде жүргізілетін оқу үдерісіндегі кейбір іс-шаралардың әсері бар ма деген сұрақтар төңірегінде болмақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы мемлекеттік тілді еркін меңгерген қазақстандықтар саны 80 пайызға жетсе, 2020 жылы олар 95 пайыздан кем болмауы тиіс деген сөздерін негізге алып, Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед: Осыған күмән келтіретін адамдар да баршылық. Соған қатысты түсініктеме бергім келеді, бүгінгі күні Қазақстандағы қазақтардың саны 65 пайыз. Егер 1991 жылы солардың ішінде қазақша түк білмейтіндер болса, бүгінгі күні қазақша мүлдем білмейтін қазақ жоқ. Ауызекі тілде барлық қазақ ана тілін меңгерген, айтқан сөзді де түсінеді. Бәлкім тіл шорқақтығынан сөйлеуге ұялатын болар. Сонымен қатар бұл топтың барлығы бірдей қазақ тілін әдеби деңгейде меңгеріп кетеді деп айта алмаймыз. Бірақ, қазақстандықтардың қазақ тілін ауызекі тілде білу деңгейінің 2017 жылға қарай 80 пайызға көтерілетініне менің еш күмәнім жоқ. Өйткені, қазақтардың өзі 65 пайыз болса, аржағындағы 15 пайызды толтыру да оңай» - деген болатын [2]. Аталған мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып, еліміздегі жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған түрлі шаралар, мысалы, дөңгелек үстелдер, әдістемелік семинарлар, шеберлік-кластар өткізіліп жатыр.

Қазақ тілі пәні білім беру орындарының бәрінде оқытылады, тіпті кейбір жұмыс орындарында жалғасын тауып жатқандарға куә болып жатамыз. Әйтсе де, жоғарыда айтып өткен көрсеткіштерге жету ұзақ уақытты талап етіп жатыр. Осы сұрақ туындағанда қазақ тілін оқыту әдістемесі төңірегінде қолдау мен сынау көбейе түседі. Осы мәселенің басын ашып алу мақсатында Алматы қаласындағы бірнеше мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындарындағы өзге тілді аудиторияларда қазақ тілінен сабақ беретін 49 оқытушыдан анонимді сауалнама алған едік. Сауалнама мақсаты жоғары оқу орындарында практикалық қазақ тілі пәнінің бүгінгі жағдайын анықтау.

Сонымен сауалнама мазмұнын екіге бөліктен тұрады, яғни жалпы сұрақтар мен негізгі сұрақтар. Сауалнамаға бойынша көз жеткізгеніміз қатысқан оқытушылардың бәрі тәжірибелі, өз ісінің мамандары екендігін байқадық. Оған дәлел ретінде төменде көрсетілген диаграмма нәтижесі айғақ бола алады. Мұнда «Өзге тілді аудиторияларда қазақ тілінен сабақ беру өтіліңіз қанша?» деген сұраққа жауап:



Осы диаграмма арқылы сабақ беретін оқытушылардың өтілдеріне тоқтала кеткіміз келеді, себебі әр жыл өткен сайын маман өзіне тәжірибе жинақтайды. Сауалнамаға қатысушы оқытушылардың ең көбінде жиырма алты жылдық еңбек өтілі бар, осы жыл аралығында маман өз ісінің шебері болады. Тіпті соңы төрт жылдық ең өтілінің өзінде маман біршама тәжірибе жинақтай алады. Әсіресе, өзге тілді аудиторияларда сабақ беру көп жұмысты талап етеді.

Сауалнама нәтижесінде, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында тек еңбек өтілін Қазақстанда ғана жинақтап ғана қоймай, шетелдік ғылыми-педагогикалық тағлымдамалар арқылы тәжірибе алмасып жүргендеріне көз жеткізуге болады, яғни Польша, Шотландия, Мәскеу, Оңтүстік Корея, Голландия, Австрия, Берлин, АҚШ және бірнеше Еуропа елдеріндегі жоғары оқу орындары. Әрбір елдегі жоғары оқу орындарында тілді оқыту әдістемесімен жете танысып қайтқан маман, оны өзінің сабағында қолданады, әрі отандық әр түрлі біліктілікті көтеру жұмыстарына да қатысады.

2-диаграмма. Тілді өзге тілді аудиторияларда оқыту әдістемесі бойынша оқытушылардың кәсіби деңгейлерін көтеру жиілігі



Диаграмма нәтижесінде оқытушылардың басым көпшілігінің жылына міндетті түрде өзін-өзі дамыту жұмыстарын жүргізетінін байқадық. Оқытушылар арнайы біліктілікті көтеру жұмыстарымен айналысатын мекемелерден басқа да, өзара әріптестерінің сабақтарына кіру арқылы да тәжірибе жинақтай алатындығын да ескере кетуіміз қажет. Әсіресе, тілді үйретуде оқытушылар жиі тәжірибе жинақтауы өте маңызды. Бұл да қазақ тілін сапалы меңгертуде әсері өте зор.

Тілді сапалы меңгертудің тағы бір жолы топтағы студенттердің де санына тікелей байланысты. Практикалық сабақ болғандықтан топтағы әрбір студентпен жеке жұмыстар жүргізілуі қажет. Басқа университеттердегі қазақ тілін оқитын топтағы студенттердің саны қанша екенін де сауалнама нәтижесінен байқадық.

3-диаграмма. Өзге тілді аудиторияларда қазақ тілі сабағында бір топта отыратын студенттердің саны



Сонымен, әр оқу орнында топтағы студенттердің саны әр түрлі, әрі нақты белгіленген студент саны жоқ екен. Бұл мәселе болашақта шешімін табар, әйтсе де бұл мәселені шешуде шет тілін оқытуға арналған тілдік еуропалық стандарттарды да негізге алған әбден дұрыс.

Келесі бір тілді сауатты үйретуге әсер ететін фактор – студенттерді деңгейіне қарай бөлу. Бұл мәселе де әр оқу орнында әр түрлі. Себебі, көп жағдайда контингентке байланысты. Кейбір оқу орындарында көбінесе қазақ тілін жақсы білетін студенттер оқуға түссе, кейбір жерлерде керісінше болып жатады.

4-диаграмма. 2. Қазақ тілін деңгейге бөліп оқыту



Диаграммадан еліміздегі қазақ тілін меңгеру деңгейіне қарай бөлу стандартының толық сақталмайтындығы анықталып отыр. Бірақ бұның себептері қазақ тілін жақсы меңгергендер келеді;

аудитория жетіспейді; университеттің білім беру бағдарламасында қарастырылмаған; оқытушылардың әдістемесі еуростандарттарға ыңғайластыру қарастырылмаған; қаражатқа байланысты; қосымша жүктеме болғандықтан қосымша қаржы; қаржыны үнемдеуге байланысты деген жауаптарға кездестік.

Сондай-ақ, елімізде қандай жағдай болса да, тіл сауатты, сапалы үйретіліп келеді деген сөзді дәлелдеу мақсатында қазақ тілі мамандарына кәсіби өсуіне қатысты бірнеше сұрақтар қойылды. Мысалы, соңғы шыққан қазақ тілін оқытуға арналған оқу құралдарын сабақта қолданатынына, жиырма бес оқытушының өзге тілді аудиторияларда қазақ тілін үйретуге арналған оқу құралдарының авторы екеніне, қазақ тілін өзге тілді аудиторияларда үйретуге, оқытуға арналған сайттарды пайдаланатындықтарына көз жеткіздік. Бұл да оқытушылардың кәсіби деңгейлерін үздіксіз көтеріп отыратындықтарына дәлел бола алады.

Қазақ тілін үйретуде инновациялық технологияларды қаншалықты жиі қолданасыз деген сұраққа жауап төмендегідей болды.

5-диаграмма. Қазақ тілін өзге тілді аудиторияларда үйретуде инновациялық технологияларды қолдану жиілігі



Оқытушылардың инновациялық технологияларды сабақ мазмұнына сәйкес орнымен жиі қолданып, студенттердің тілді үйренуге деген қызығушылықтарының оянуына септігін тигізетіндігін сауалнама нәтижесі көрсетеді.

Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологиялардың маңыздылығы мемлекеттік тілді үйретуде толығымен іске асырылып жатқандағы жоғарыда көрсетілген диаграммадан көруге болады, яғни оқытушылардың сабақта тақырыпқа, сабақ мазмұнының қиындығына байланысты жиі қолданады. Бұл да тілді үйретуге арналған ең негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Инновациялық технологиялар арқылы білім беруді басқаруда студенттің аз уақыттың ішінде меңгеру нәтижесінің көтерілгенін, ойлау қызметінің белсенділігін байқауға болады.

Инновациялық технологияларды талдау және қолдану кезінде басшылыққа алынатын негізгі аспектілер:

Психологиялық – бұл технология студентті оқуға қалай ынталандырады, қолданылған құрал сабаққа қалай әсер етеді, қалай жұмыс істейді, студенттің оған деген қызығушылығы жоғарылайды немесе төмендейді ме, дәстүрлі емес талаптар студенттің өз күшіне деген сенімсіздік туындатпай ма деген мәселелерді қарастырады.

Педагогикалық – қолданылып отырған инновациялық технология қаншалықты деңгейде студенттің қоршаған орта туралы танымын қарастырады.

Әдістемелік – алынып отырған технология материалды жақсы игеруге септігін тигізуі, материал әдістеме тұрғысынан дұрыс беріліп отырды ма деген мәселелерді қарастырады.

Ұйымдастырушылық – инновациялық технология сабақта орынды жоспарланған ба, студенттер тапсырмаларын, өзіндік жұмыстарын орындауға жеткілікті ме деген мәселелерді қарастырады, яғни оқу үдерісіне жаңа инновациялық технологияны ендіру оқу үдерісін қарқындатады, оқу қарқыны, студенттердің өз бетімен жұмыс істеу көлемі көтеріледі. Оқу үдерісін кезең-кезеңмен ұйымдастыруға, әрі нақты кері байланыс орнатуға, студенттің әрекеті әрбір кезеңде үздіксіз бақылауға мүмкіншілік туындайды. Осы аспектілерді оқытушылар мемлекеттік тілді үйрету барысында толығымен ескерген.

Бұл сауалнаманың нәтижесінен байқағанымыз, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында өзге тілді аудиторияларда қазақ тілі пәнінің сабақ беретін оқытушылардың университеттегі тілді үйретуге арналған талаптардың бәрін сақтап келеді. Сонымен, сын мен мінді тек қазақ тілі мамандарынан ғана іздемеу керек. Тілді үйренуін үйренеді, бірақ тілді тек қана қазақ тілі сабағында ғана үйрену жеткіліксіз. Студент қазақ тілі бойынша алған білімін практикамен ұштастырып, ойын еркін жеткізе алатындай деңгейге жеткізу үшін жағдай жасау қажет.

Оқыту қазақ тілді емес мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін мемлекеттік тілде меңгеруге арналған әдістемелік ұсынымында: «Оқыту қазақ тілді емес мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін мемлекеттік тілде меңгеру өзге ұлт балаларының халқымыздың мәдениеті мен тарихына қызығушылығын арттырып, әлеуметтік-экономикалық фактілер мен құбылыстарды қазақ тілінде танып білуге, талдап-қорыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Барлық деңгейде оқу процесінде көп тілді білім беру заманауи білім берудің айрықша белгісі болып табылады», деп жазылған [3, 4]. Осы ұсынымды әрбір жоғары оқу орындарына да енгізу қажет. Қазақ тілі пәнінен бөлек тағы бір пән өзге тілді аудиторияларда қазақ тілінде жүргізілуі қажет. Сонда студент қазақ тілі пәнінен алған білімін қазақ тілінде жүргізіліп жатқан пәнмен ұштастыра алады. Сол кезде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде меңгеру деңгейінің көрсеткішінде өзгеріс болатындығын байқаймыз. Бұған дәлел ретінде 2017-2018 жылы Алматы Менеджмент Университетінде бірінші курс қазақ және орыс бөлімдеріндегі студенттерге «Ақпараттық-коммуникациялық технология» пәні ағылшын тілінде жүргізілді. Ол пәннің студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қаншалықты әсер еткенін білу мақсатында сауалнама жүргізген едік. Сауалнамаға ағылшын тілін Elementary, Pre-Intermediate, Intermediate, Upper-Intermediate деңгейінде меңгерген 146 студент қатысты. Оқып жатқандарының өзі бірінші аралық бақылау жұмысын тапсырып үлгергендер болып саналады. Олардың «Ағылшын тілінде жүргізілген пәннің ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеруге көмектесе ме?» деген сұраққа жауаптары төмендегідей болды.

6-диаграмма. Ағылшын тілінде жүргізілген пәннің ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеруге көмектесуі

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, 146 студенттің ішінен 58% пайызы «Иә» деп жауап берген. Бұл жұмыстың оң нәтиже көрсеткенін байқатады. Ал, «Ағылшын тілінде жүргізілген пәннің ағылшын тілін меңгеру деңгейіңізді қанша пайызға көтерді?» деген сұраққа былай деп жауап берген.

7-диаграмма. Ағылшын тілінде жүргізілген пәннің ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтерудің пайызды

көрсеткіші



Бұл диаграммада студенттердің көпшілігі ағылшын тілінде жүргізілген пәннің ағылшын тілін меңгеру деңгейін 10%-15% бен 20%-25%-ға дейін көтерді деген жауапты айтады. Бұл өте жақсы көрсеткіш болып саналады. Студенттер арасында алынған сауалнама нәтижесін қорытындылайтын болсақ, яғни жоғары оқу орындарында қазақ тілі пәнінен басқа өзге тілді аудиторияларда бір пәнді қазақ тілінде жүргізу өте тиімді нәтиже бермек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев яғни «Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылайша, тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Тілге деген көзқарас шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бей-жай қарай алмаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атайтын боламыз» деген сөздерінің орындалуына жоғары орындарында бір пәннің қазақ тілінде оқытылуы септігін тигізері хақ [4]. Ал, қазақ тілі мамандары мемлекеттік тілді оқыту мен үйретудің озық жаңа инновациялық жолдарын іздестіріп оқытып қана қоймайды, педагог ретінде студенттің танымдық белсенділігін арттыру, тілге деген сүйіспеншілігін ояту, шығармашылық қабілетін дамыту, студенттің қабілетіне қарай білім беру, студенттің бойына білім беруді нәтижеге бағыттау, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік беру сияқты дағдыларды да қоса үйретіп, жан-жақты, бәсекеге қабілетті алған теориялық білімін практика жүзінде іске асыра алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыруына әсер ететін жұмыстарды да атқарып келеді.

Қорыта айтқанда, білім беру саласындағы инновациялық технологиялар негізінен студентті өздігінен оқуға, шешім қабылдай білуге үйрету, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, өзін-өзі жетілдіріп, жеке тұлға ретінде ойын тек аудиторияда ғана емес, аудиториядан тыс уақытта да еркін жеткізе білуге үйрету, әрбір жағдаяттық тапсырмаларды қоғамда болып жатқан жағдайлармен байланыстыра отырып пікірлерімен бөлісе білуге дағдыландыру, сабақ қарқынын жеделдету, дамыта оқытуды жүзеге асырады. Қазақ тілін үйрету тек қана қазақ тілі пәнінің оқытушыларының міндетіне ғана емес, әрі өзі білім алып жүрген оқу орнында қазақ тілінде бірнеше шаралар жүргізіліп, тілдің практикалық қолданысына мүмкіншілік туғызу қажет.

Әдебиеттер

1 *Сарбасова Қ «Инновациялық педагогикалық технологиялар» (оқу құралы)., –Алматы: Атлас баспасы, 2006. -176 б.*

2 *http://www.inform.kz/kz/2017-zhylga-karay-elimizde-kazak-tilin-mengergender-sany-80-payyzga-zhetetinine-esh-kuman-zhok-m-kul-muhammed_a2385507*

3 *Оқыту қазақ тілді емес мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін мемлекеттік тілде меңгеруге арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 48 б.*

4 *http://www.qazaq-found.kz/kaz/?page_id=1775*

Seitova Meruyert
The Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
PhD student, seitovameruyert@gmail.com

THE EUROPEAN PORTFOLIO FOR STUDENT TEACHERS OF LANGUAGES (EPOSTL): BACKGROUND AND FORMAT

Түйін. *Бұл мақалада тіл мамандарына арналған европалық портфолио қарастырылады.*
Резюме. *В этой статье рассматривается европейское портфолио для студентов-преподавателей языков.*
Summary. *This article deals with the European portfolio for student teachers of languages.*
Keywords: *The ECML, The EPOSTL, The CERF, The ELP, can-do descriptors, self-assesment.*

The EPOSTL was developed within the framework of a project initiated by the European Centre for Modern Languages of the Council of Europe (ECML) in Graz, Austria. The Governing Board of the ECML felt that the medium-term programme 2004-07 lacked an important element the question of harmonizing teacher education across Europe. Thus, the project 'From Profile to Portfolio: a Framework for Reflection in Language Teacher Education' originated. The project members are David Newby (Karl Franzens University,Graz, Austria), Rebecca Allan (Southampton University, UK), Anne-Brit Fenner (University of Bergen, Norway), Barry Jones (University of Cambridge, UK), Hanna Komorowska (University of Warsaw, Poland) and Kristine Soghikyan (Brusov Linguistic University, Yerevan, Armenia). It was agreed in this project that a document should be produced that should build on already existing documents considered major contributions to language teaching:

- The Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment (CEFR) was developed by the Language policy Division of the Council of Europe. The can-do formulations in the CEFR have inspired the use of the can-do descriptors in the EPOSTL. Also many terms and insights from the CEFR have been incorporated in the EPOSTL.
- The European Language Portfolio (ELP) is a tool for reflection and self-assessment in language learning as well as a pedagogical tool and a tool for documenting language learning progress, in its various validated versions by the Council of Europe. The three-part structure (passport-biography-dossier) was originally adopted from the ELP. While the ELP deals with linguistic competences, the EPOSTL deals with didactic competences.
- The 'European Profile for Language Teacher Education- A Frame of Reference' was coordinated at Southampton University by Michael Kelly and Michael Grenfell. The idea of frame of reference was adopted from this document , but the target group of the Profile are teacher educators.

On this basis, the project team prepared an initial draft document that was then revised following on international workshop held in Graz in April,2006.

Burkert & Schwienhorst (2008) argue that the main aim of the EPOSTL is to provide a tool for reflection and self-assessment for student teachers during their initial teacher education. It would further assist curriculum development and course planning and would also be used as an awareness –raising instrument for in-service teacher education.The EPOSTL as such ought to be integrated into existing course structures and be used throughout the teacher education programme.

The EPOSTL is made of the following seven sections that will be presented briefly:

1. Introduction
2. Personal statement
3. Self-assessment
4. Dossier
5. Glossary
6. Index
7. User's guide

The Introduction is an initiatory section informing student teachers about the objectives, content and usage of EPOSTL (Newby et al., 2007). Within the Personal Statement section there are various tasks aspiring to elicit student teachers' universal viewpoints on general teaching issues at the initial stages of their education The EPOSTL has 195 *can-do* descriptors referring to the key didactic competences a teacher should have to attain. Along with it, the EPOSTL is intended to be seen as a kind of checklist to be ticked off

by student teachers. It should also be used as an instrument that helps student teachers to *reflect* on their *knowledge*, *skills* and *values*.



As it is seen from the diagram , each main domain is also divided into sub-categories. Prior to presenting the can do descriptors of the competences in each central domain, an introductory paragraph is provided to accentuate the general aspects connected with the domain briefly and these aspects are dispensed in detail through the descriptors (Newby et al.,2007). Although descriptors and domains are separate some intersections might be encountered since in teaching and learning, all the domains and competences recognized at once (Newby et al.,2007).The authors note that student teachers are not expected to accomplish all the competences at once. Thus, the EPOSTL has a developmental dimension. According to Newby et al.(2007), the descriptors included in the EPOSTL do not go beyond specifying the fundamental competences of teaching, and do not seek to discuss the key issues underlying them. Discussion is on the other hand left to student teachers and their mentors. For example, the category Methodology consists of subcategories Speaking/Spoken interaction, Writing /written interaction, Listening, Reading, Grammar, Vocabulary, Culture. The descriptors examples from each subcategories are as follows:

Category: Methodology

Subcategory: Speaking / Spoken interaction

Example:' I can create a supportive atmosphere that invites learners to take part in speaking activities'; 'I can help learners to use communication strategies (asking for clarification, comprehension checks etc.) and comprehension strategies (paraphrasing, simplification etc.) when engaging in spoken interaction'.

Subcategory: Writing / Written interaction

Example:' I can evaluate and select a variety of techniques to make learners aware of and use spelling patterns and irregular spelling'; 'I can use a variety of techniques to help learners to develop awareness of the structure, coherence and cohesion of a text and produce texts accordingly'.

Subcategory: Listening

Example:' I can help learners to apply strategies to cope with difficult or unknown vocabulary of a text'; 'I can encourage learners to use their knowledge of a topic and their expectations about a text when listening.'.

Subcategory: Reading

Example:' I can help learners to develop different strategies to cope with difficult unknown vocabulary in a text'; 'I can set different activities in order to practice and develop different reading strategies according to the purpose of reading (skimming, scanning etc.)'.

Subcategory: Grammar

Example:' I can introduce a grammatical item and help learners to practice it through meaning contexts and appropriate texts'; 'I can evaluate and select grammatical exercises and activities, which support learning and encourage oral and written communication'.

Subcategory: Vocabulary

Example:' I can evaluate and select tasks which help learners to use new vocabulary in oral and written contexts'; 'I can evaluate and select activities which enhance learners' awareness of register differences'.

Subcategory: Culture

Example:' I can evaluate and select activities which enhance the learners' intercultural awareness'; 'I can evaluate and select a variety of texts, source materials and activities which awaken learners' interest in and help them to develop their knowledge and understanding of their own and the other language culture (cultural facts, events, attitudes and identity etc.)'.

The descriptors should be used as springboards for discussions among student teachers, and between student teachers and their teacher educators and mentors. Thus particular attention is given to the role of the EPOSTL in collaborative activities. The descriptors are seen as a guideline, they can be adapted and others can be added or deleted.

The Dossier section aims at giving student teachers an opportunity to prove what they have affirm in the self-assessment section (Newby et al.,2007). Newby et al.(2012), specifies the content of the Dossier as follows:

A. Evidence from lessons the students have given
B. Evidence in the form of lesson observations and evaluations
C. Evidence such as detailed reports, comments, checklists etc. Evidence from an analysis of what student have done as a teacher
D. Evidence in the form of case studies and action research
E. Evidence from reflection (p,87-88).

The Glossary section is devoted to the definition of the terms used in the EPOSTL to avoid uncertainty a student teacher may face while using it.

An Index is also provided to assist any users to locate the terms mentioned in the EPOSTL (Newby et al.,2007).

Finally, the User's Guide section is accompanied by the EPOSTL in which users explore aims, rationale, uses and sections deeply.

In short, the EPOSTL presents a key initiative to giving the student language teachers a tool to express their needs, suggestions and expectations.

References

Burkert, A., & Schwienhorst, K. (2008). Focus on the student teacher: The European portfolio for student teachers of languages (EPOSTL) as a tool to develop teacher autonomy. International Journal of Innovation in Language Learning and Teaching, 2(3), 238-252.

Council of Europe. (2001). Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. Cambridge: Cambridge University Press.

Newby, D., Allan, R., Fenner, A.-B., Jones, B., Komorowska, H. and Soghikyan, K. (2007). European Portfolio for Student Teachers of Languages (Draft). Graz: European Centre for Modern Languages of the Council of Europe.

Newby, D. (2012).Insights into the European Portfolio for Student Teachers of Languages (EPOSTL) Cambridge:Cambridge Scholars Publishing

Бисенбаев Пазылбек
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, аға оқытушы, gulkataim@gmail.com

Еркінгүл Солтанаева
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, доценті

«КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫ: НҰСҚАЛАРЫ МЕН ТАРИХИЛЫҒЫ

Резюме: *Мақалада Нысанбай жырау шығармашылығындағы хан Кененің өліміне қатысты сарындардың ерекшелігі, «Кенесары-Наурызбай» жырының нұсқалары мен тарихилығы қарастырылады.*

Резюме: *В статье рассматриваются особенности мотивов в творчестве Нысанбай Жырау по поводу вариантов гибели Хана Кене, Наурызбай и Ержан Саржанулы.*

Summary*: In article are considered features of motives in Nasanbay zhyrau's works about variants of the death of Kene Khan,Nauryzbay and Erjan Sarjanuly.*

Кене ханның інісі әрі талай сыннан сүрінбей өткен сенімді серіктерінің бірі Ержан Саржанұлының қырғыз манаптарының қолына тұтқынға түсуі туралы деректер тарихи-фольклорлық үлгілерде жиі кездеседі. Осы оқиғаны көзімен көрген, көп жайттың куәсі болған Нысанбай жырау Кекілік тауының бір асуында орын алған жағдайдың мән-жайын өзінше түсіндіреді. Жыраудың айтуына қарағанда, Ержан сұлтан үркер ауған тұста хан Кененің тапсырмасымен төрт жүз кісі қол ертіп, жасанған жау мөлшерін, олардың қоныс тепкен, орныққан жерін анықтауға аттанып кетеді. Алайда Саржанұлы бастаған бұл әскер тау ішінде қалың жауға кезігіп, жеңіліс табады. Ал Ержан болса, қырғыз манаптарының қолында қалады. Тарихи жырда елді елең еткізген тосын хабарды хан Кенеге Наурызбай төре жеткізеді. Ол Кенесарыға:«Ержан тұтқын болды деген сөз қырғызға жетпесін, екі жүз сарбазбен аттанып, інімді босатайын», - деп рұқсат сұрайды. Сол уақытта қалың қырғыз қаумалап келіп қалған екен. Хан Кене атқа қонады. Әрі қарай Наурызбай сұлтан қырғыз батырларымен кезек-кезек жекпе-жекке шығып, үш бірдей батырын найзамен шаншып өлтіріп, ұрысқа кіреді. Ол қан майданда ерліктің неше үлгісін көрсетіп, жау жайғап жүргенде, астындағы ақауыз атқа оқ тиіп, Бұқарбай мен Ағыбай батырлардың арқасында аман құтылады. Бірақ Ержаннан айырылған батырдың жаны жаралы еді. Сондықтан шайқасқа кірмей хан шатырында қалған Құдайменді ағасына келіп, өкпе-назын, ренішін ағытып қоя береді:

...Қырғыз тұтқын қылыпты,
Ержан сынды беренді.
Қырғыз тұтқан шағында,
Арманда кеткен зеренді.
Екі ағам бар, інім бар,
Іздер ғой мені дегенді.
Сөйтіп айтқан Ержанның
Ағасының бірі сен.
Ұзақ күні майданда,
Бір көрмедім сені мен...[1,37]

Нысанбай туындысының Т.Сейдалин жариялаған алғашқы нұсқасынан бастап, Ж.Шайхулисламов, Ж.Басығарин бастырған жыр үлгілерінде Ержанның тұтқынға түсуіне байланысты оқиға дәл осылай өрбиді.

Ержан Саржанұлы жыр нұсқаларында Бұхарбай, Ағыбай, Шәкір, Жәуке сияқты Кенесарының танымал батырларының қатарынан көрінбегенімен Абылай тұқымынан шыққан халыққа қадірлі, қайсар қолбасылардың бірі болатын. Оның Орыс үкіметіне бағынышты ауылдарды үш жүз сарбазды бастап келіп шауып алғаны жөніндегі мәліметтер1837 жылы хатқа түскен архив деректерінде ұшырасады[2,46]. Ол -Кенесарымен бірге орыс әскерімен, содан кейін қоқандықтармен он жыл бойы соғысып, әбден шыңдалған қолбасшы және қазақ рулары арасындағы айтыс-тартыстар мен даудамайларға Кенесары атынан қатысып, төрелік айтқан мәмлегер би. Сондықтан болар көтеріліс тарихына қатысты түрлі деректерде оның аты үнемі Наурызбай, Құдайменді сұлтандармен қатар аталады. Ержан сұлтанның тұтқынға түсуіне байланысты оқиғаларға Нысанбай жырының нұсқаларында баса мән берілгенімен, Жетісудағы қазақ-қырғыз қақтығысының себеп-салдарын таратып баяндайтын тарихи еңбектерде мүлде сөз болмайды. Ержанға қатысты әңгіме А.Кенесарин хатқа түсіріп, Смирнов бастырған кітапта ғана толық баяндалады.Онда былай деп жазылған: «Бұл ұрыстарда Қасым баласы Наурызбай мен Саржан баласы Ержан сұлтан ерліктерімен ерекше көзге

түсті. Ол екеуі топтан бөлініп кетіп, қырғыздарды Қарақыстақ шөңгір асуына қарай үш күн бойы қуып, оларды жеңіп, малдарын тартып алды. Қасындағы жігіттерінің көбі, кейбіреулері қолға түскен малды айдап, көбінің аттары болдырып, кейін қалған еді. Сөйтіп екі батыр асуға жеткенде екеуінен басқа ешкім де болмады. Алда жар қабағындағы жол тек кісі өтерліктей ғана тар кемер, ал жазатайым адам тая қалса, түбіне көз жетпейтін құзға құлайды,онда жаннан үміт етуге болмайды. Жыраның екінші беті тіп-тік жар, ол жақта ат тұяғын тірер жер жоқ. Екі батыр Жантай мен Орман манаптар бастаған көшті осы жерде қуып жеткен еді. Көшінің соңында келе жатқан манаптар соңында ешкім жоқ екі салт аттыны көрген соң тоқтап ұрысқа әзірленіп, әр жерге мергендерін қойды. Тұс-тұстан мылтық атып, жоғарыдан дәу-дәу тас құлатып, кейін шегінген екі батырды қырғыздар қуа бастайды. Наурызбай алда, Ержан артта жүріп ұрыс салады. Ержан қолындағы найзасы сынып қалған соң, қуғыншылармен қылыштасып соғысады.Астындағы аты да болдырған әрі тағасыз еді. Жолдың тіктеу құлама жеріне келгенде ат жолдың бір бүйірінен тауға шығып кетеді. Сол кезде Жантай манап қасындағы жігіттерімен оған бұрылмай ілгері жүре береді. Мұны көрген Наурызбай Қызылауызға қамшы басып, ілгері ұмтылып, қырғыздарды Ержан қалған жерден әрі шегіндіреді...Ол қырғыздарды бес рет қуғанымен де, Ержанның аты таудан жолға қайта түсе алмай, ақыры Ержан жау қолында қалады»[3,97].

Сыздық сұлтанның Ержанның қырғыздың қолына түскені туралы әңгімесі мен жыр желісіндегі оқиғаның айырмашылықтары айқын көрініп-ақ тұр. Смирнов кітап етіп бастырған очерктегі әңгіменің төркінінде сол соғысты көзімен көргендердің естелігі жатуы ықтимал. Мұның өзі Ержанға қатысты оқиғалардың түрлі жанрда көрініс тапқанының белгісі . Нысанбай жыраудың да бұл жерде өзгенің сөзін емес, көпке мәлім ақиқатты айтып тұрғаны анық. Демек, екі түрлі жанрда екі басқа мазмұндалған оқиғаның астарында тарихи шындық бар. Нақтылай түссек, бұларда тұтас бір оқиғаның екі басқа қыры баяндалады. Нысанбай жырында Ержанның төрт жүз кісімен аттанып, жасанған жауға тап келгені баяндалса, екінші әңгімеде тау үстіндегі, жалғыз аяқ жол үстіндегі екі батырдың көп қырғызбен айқасы суреттеледі. Яғни тарихи-фольклорлық үлгілердің сюжеттері бірін-бірі толықтырып тұр десек те болады. Екеуінде де Ержанды тұтқыннан босатпақ боп талап қып жүрген Наурызбай батыр болса, қос жанрда да Ержанның қапыда қолды болғанын хан Кенеге хабарлайтын тағы да Наурызбай. Жырау осы мотивтер арқылы дос-туысқа адал, жауына мейірімсіз басты қаһарманның аламгершілік қасиеттерін аша түсуді мақсат еткен сияқты. Себебі эпикалық жырларда дәріптелетін, батырлықтың эталоны болып көрінетін кейіпкерлер ар-ожданы, намысы биік бейнеге айналғанда ғана толық тұлға бола алады.

Ал енді осы нұсқаларда Ержан үшін жанын жалдап, майданға кірмей, Наурызбайдан ауыр сөз есітетін Құдайменде болса, Ержанға басқа емес, оның туған ағасы. Ол да Саржан Қасымовтың бел баласы. Наурызбай батырдың Құдаймендеге өктем сөйлеуінің себебі жыр нұсқаларында айтылған. Бірақ Наурызбай солай дегенмен, Құдайменде төре де осал адам емес. Архив деректері Құдайменденің талай шайқастарға қатысып, көтерілісшілердің құрметіне бөленген батыр екенін көрсетеді. Құдайменде сұлтан елшілік қызметтер де атқарған. Ол көтеріліс орталығы Жетісу жеріне көшкеннен кейін Кенесары тапсырмасымен Қытай жұртына елшілік сапармен барып, олжалы қайтады. Көп ұзамай Құдайменде сұлтан Кекілік, Самсы асуларында өткен қызу шайқастардың бірінде бес мың сарбазбен қырғыздар құрған тұзаққа тап болып, тұтқынға түседі. Соңына ерген қазақ қолы қырғын табады. Бұл жайтты төрелер Құдайменденің білместігінен болды деп ұққан сияқты. Жыр нұсқаларындағы Наурызбай сөзінде осы оқиғаның салқыны жатуы әбден мүмкін.

«Кенесары-Наурызбай» жырының баспа бетін көрген бастапқы нұсқаларындағы Ержанның тұтқынға түсуі жайындағы эпизод кейінгі нұсқаларда біршама өзгерістерге түскен. Мәселен, Ш.Жәңгірұлы нұсқасында Наурызбай хан Кенеге келіп, Ержан сұлтанның тұтқынға түскенін емес, қаза болғанын естіртеді:

Ержекем қолды болыпты,
Кешегі мінген бәйге көк
Мойыны бүгін талыпты...
Келместей боп ініңіз
Бұл жалғаннан көшіпті.
Ұстап алған қырғыздың
Көңілі дел боп өсіпті.
Ашулы болған адамдар
Бір-бір пышақ қолында
Тұс-тұсынан кесіпті,-дейді [4,11].

Артынша Нарурызбай төре Құдайменде ағасының жанына келіп, бастапқы нұсқалардағыдай «қан майданда бір көрмедім...» деп өкпе-ренішін білдіреді. А.Бағдәлет нұсқасында отыз жігіт ертіп қырғызға аттанған Ержан мен Құдайменде сұлтандар жау қолында қалып қояды. Қырғыздар ол екеуінің басын шауып, тау үстінен төмен қарай тастап жібереді. Биіктен қалықтап құлаған Ержан мен Құдайменденің жансыз денесі Наурызбай мен Кенесарының алдына келіп түседі. Осы жерде ашу қысқан Наурызбай төре Бұғыбай батырға тау үстіне шығар жол ізде деп бұйырады.

Бұл нұсқалардағы тосын оқиғалар шығармаға жырлаушылардың білместігінен еніп кетті деп айта алмаймыз. Керісінше, олар Ержан сұлтанның қандай жағдайда, қалай қаза тапқанын жақсы білген. Мысалы, Шәді Жәңгірұлында Наурызбайдың хан Кенеге:«...бір-бір пышақ қолында, тұс-тұсынан кесіпті»,-деп Ержан төре қазасын естіртуі соның айғағы. А.Бағдәулетұлы да екі сұлтанның қазасын баяндайтын эпизодты жыр желісіне енгізу арқылы Құдайменде мен Ержанның бірінен соң бірі тұтқынға түскендігінен хабардар екенін байқатып қояды. Баспа бетін көрген бастапқы нұсқаларда ол кейіпкерлердің қазасы жайында мүлде сөз болмайды. Кейінгі варианттардың өзгешелігі оқиғалардың хронологиялық ретінің сақталмауында. Жыршылар соғыс аяқталған соң орын алған жағдайды жырдың бел ортасына көшіріп, туындының құрылымдық жүйесі мен идеялық мазмұнына түзетулер енгізген. Бұл –жырдың уақыт өте келе алғашқы тарихи сипатынан ажырай бастайтындығының белгісі.

Хан Кене мен Наурызбай төре өмірінің соңғы кезеңі туралы Нысанбай жыры нұсқаларында әрқалай баяндалған. Қ. Қараев нұсқасында Наурызбай батыр Кенесары қолға түскеннен кейін, соңына ерген батырларымен қош айтысып, қырғыз манаптарына өзі барып беріледі. Ол келген соң қырғыз жұрты жиын ашып, кеңес құрады. Соңында Кенесары мен Наурызбайды өлтірмейік, халық болып сыйласайық, достығымызды баянды етейік деген шешімге тоқтайды. Хан Кенені - Қалша би, Науанды - Кәрібоз күтетін болып қолдарына алады.

Қырғыздың Кәрібоз манабы Наурызбайға зор құрмет көрсетеді. Әнші, ақындарды шақырып, ойын-сауық құрады. Батырдың көңілін көтермекке небір сұлу, мың бұралған көркем қыздар да келеді. Бірақ Наурызбайлың қабағы ашылмайды, нәр татпайды, ойын-күлкіге мойын бұрмайды. Хан Кене мен бауыры Ержанды ойлап күннен күнге сола береді. Ақыр соңында Кәрібоздың амалы таусылып:

– Наурызбай, енді азатсың, еліңе қайта ғой!-деп рұқсат береді. Алайда Наурызбай: - Хан Кенесіз жалғыз өзім қайда барамын? - деп атажұртқа оралудан бас тартады. Кейін Кәрібоз манап Кенесарының қазасын естірткеннен соң, көп ұзамай Наурызбайдың өзі де құсадан қайтыс болады.

Осыған ұқсас оқиғаны М.Көпеевтің ел аузынан жинаған әңгімелерінен де кезіктіреміз. Мұнда да Наурызбай Кенесарыдан соң өзі барып қолға түседі.Наурызбайды Тілеуқабыл деген манап інісінің бодауы үшін көп қырғыздың ортасынан жеке өзіне меншіктеп алады.Сонда ол қырғыздарға: «Мұны өлтірсем, неге өлтірдің демеңдер. Өлтірмесем неге өлтірмей қойдың демеңдер.Інім үшін маған бердіңдер ғой, ықтиярым өзімде болсын,»-депті. Наурызбайды үйіне алып барған соң: «Төре, өлер інім өлді, сені өлтіргенмен ол тірілмейді...Сені мен түнде жіберейін, атымды мін де, киімімді ки де түнде қаш.Сені ешкім қуып жетіп түсіре алмайды. Мен риза, құдай разы. Маған сенің өлмегенің керек,» – деп ағынан жарылады. Сонда Наурызбай:

«Кенесары өліп, Наурызбай қашып кетіпті деген сөз өлімнен ары маған. Ол жаман атақ. Менің ол абыроймен тірі болып үйге барғанымнан, өлгенім артық. Жиырма беске толғаным жоқ, жүз жасаған кісінің сүретұғын дәуренін сүрдім. Бұл жалғанда менің арманым жоқ»,-дейді.Өлтіруге көзі қимай Тілеуқабыл Наурызбайды үш ай (тоқсан күн) сақтапты...Ақырында Тілеу қабыл бір жаққа кеткенде соғыста жақындары өлген қырғыздар есебін тауып Наурызбайды өлтіріп тастапты[5,2].

Байқап отырғанымыздай Қ.Қараев нұсқасындағы басты кейіпкер қазасы баяндалатын эпизод М. Жүсіп қағазға түсірген әңгіменің сюжетіне ұқсас. Айырмасы Наурызбайды кепілгеи алатын қырғыз манабы Қ.Қараевта Кәрібоз болса, М.Жүсіпте Тілеуқабыл болып өзгерген. Содан соң Қ.Қараев нұсқасында Наурызбай төре өз ажалынан өледі, ал М.Жүсіпте жауығып жүрген қырғыздар Тілеуқабылдың ауылда жоқ кезін пайдаланып өлтіріп кетеді.Тағы бір ескерте кететін нәрсе – М.Жүсіптегі қырғыз манабының ұтқыр сөздері жыр нұсқаларында кезікпейді.

Бұл мотивтің тарихи шындыққа қатысы өз алдына, бірақ шығарма құрылысына сыйымды, жарасымды болып тұрғаны анық. Жыр орындаушының өмірде орын алған оқиғаға көзқарасы Наурызбай әрекетімен астасады. Наурызбай төренің өз ажалынан өлетінін айтатын әңгіменің өзегінде ер өлімі үшін кек сақталмасын, қырғыз-қазақ арасы жақындай түссін деген ақын тілегі менмұндалап бой көрсетеді. Осы жерде Қ.Қараевтың адамгершілік қасиеті жоғары батыр намысқа, жанын жегідей жеген күйікке шыдамай қорғасындай ауыр қайғыдан қайтты дегендей ойы байқалады. «Сөйтіп, Наурызбай ерлікпен, арманмен, ар-намыспен өлім құшағына енеді. Ол жеңілген жоқ, ағасы Кенесары

қолға түскен соң өзі келіп, өлімге мойын ұсынды. «Сенімен бірге өлем» деген сертінен қайтпай өлді» деген қорытынды жасайды[6,325].

«Кенесары-Наурызбай» жырының Шәді төре нұсқасында аян алып, алдын болжап білген хан Кене халқын жинап : «Елімнен ауып келгелі қырғызды қанша жеңгеніммен көңілімнен кетпей жүрген бір дақ бар. Қанайдың тамын бұзғалы бір жылан жанды жерімнен көп шақты. Ортасына жай түсіп, зеңбірегім үзілді. Ал енді, ерлерім, обалдарыңа қалмайын, тезірек атамекенге оралыңдар!»-деп бұйырады.

Байзақ датқа, Ағыбай, Бұғыбай батырлар қош айтысып, ел-жұртына оралады.

Хан Кене шағын жасағымен майданға кіреді. Тау үсінде жүрген Ақжан сұлу бет пердесін жұлып тастап әкесі мен ағасын жоқтап дауыс салады. Рысжан сұлу Алатаудың асу бермес белдеріне шығып, қырғыздың қалың қолын көреді. Осы жерде ер тоқымын бауырына алып, ойнақтап шауып шыққан бурыл атты байқайды. Бір сұмдықтың болғанын сезеді. Әрі қарай Шәді ақын Рысжан сұлудың жоқтауын береді.

Үстіндегі ханды қырғыздар түсіріп алған соң, Тайбурыл құйрығын тіктеп, кісінеп, алды-артына қарамай өзінің ата жұртына, Қарқаралы-Семейге тартады.

Соңында жаумен жалғыз алысып жүрген Наурызбайды көріп, қырғыздар жағы « Бұл кім болды екен?»-деп қалады. Осы тұста «Кенесары өлеңіндегі» Наурызбай мен Тағайдың диалогынан үзінді алынған. Шәді ақын жырды: «Сол барғаннан төрелер, Елге қайтып келмеген. Қырғызда қапты тұтқын боп, Неткенін ешкім білмеген»,-деп аяқтайды.

Жалпы зпикалық жырларда хан болмысы батырлық қасиетпен ұштасқанда ғана ел мүддесін ойлайтын барынша әділ тұлғаға айналады. Хан Кене де «Кенесары-Наурызбай» жырында ұлт басшысы, ел бірлігінің ұйтқысы. Майдан алаңында алдымен қайрат көрсететін дарабоз да сол. Осындағы батырлардың бас қосатын жері де-Кенесары төңірегі. Шәді ақын сол себепті бар шаруаның шешімін хан Кененің өзіне айтқызады. Мұнда ақынның қырғыздар әулие тұтып, қатты құрметтеген Қанайдың сүйегін қорлаған ханның жеңіліс табуы заңды еді деген тұжырымды пікірі жатыр.

«Кенесары-Наурызбай» жырының өзге нұсқаларында төрелерден көз жазып қалған Нысанбай жырау олардың ел үшін жасаған еңбегін айтып жоқтай жөнеледі. Жоқтаудың «Кенесары-Наурызбай» жырына жалғаса келуі және оның түрлі жиын-тойда, кез-келген уақытта орындалуы - бұқара халықтың хан Кене мен Наурызбайды қаншалықты қадірлегенінің белгісі. Дегенмен, тұрмыс-салт жырлары, соның ішінде жоқтау жыры барлық жерде, көрінген уақытта орындала бермейді. Дүниеден қайтқан адамның щаңырағында, онда да қайтыс болған адамның анасы, әйелі, апасы, қарындасы сияқты жақындары ғана дауыс шығарады. Шәді ақын осы жайттарды ескере отырып, жоқтауды хан Кененің жары Рысжан сұлу мен қызы Ақжанға айтқызады. Жоқтау жыр басты кейіпкерлердің қазасы баяндалатын мотивтердің қосылуы себепті Қ.Қараев пен А.Бағдәулет нұсқаларынан түсіп қалған.

Е.Ысмайыловтың айтуына қарағанда, Наурызбайдың өлімін жоқтаған жыр-өлеңдер аз емес. Жоқтау жырлардың бәрі де Наурызбайдың батырлығын,ерлігін ардақтайды [7,325].

Радлов жинағында жарық көрген Тілеген ақынның жырында да Кенесарының қырғызбен соғысы суреттеледі.Тілеген туындысы Нысанбай жырынан көлемі жағынан көп қысқа болғанымен, мазмұны тарапынан жақын. «Кенесары өлеңінде» жауын жайғап, ерліктің неше үлгісін көрсетіп жүрген Наурызбай төре астындағы аты өліп, Байзақ берген көк дөнен ұрысқа жарамай қырғыз батыры Тағайдың қолына түседі.Тілеген туындысының Нысанбай шығармасымен тақырыбы, сарыны бір болғандықтан Шәді ақын өзі жырлап отырған нұсқада Наурызбай мен Тағай диалогына орын береді. Мұнда да Наурызбай төренің хан Кенені көзі қиып кете алмай шарқ ұрған сәті бейнеленеді. Шәді Жәңгіров нұсқасындағы айырмашылықтар тарихи жырлардың басқа фольклорлық жанрлар мен жеке туындылар есебінен толығып, сапалық өзгерістерге ұшырап отыратынын көрсетеді.

«Кенесары-Наурызбай» жырының Абдолла Бағдәулет версиясында да хан Кенеден көз жазып қалған Наурызбай төре Мәделі берген ақауыз ат мініске жарамай қалғандықтан, Бұқарбайдың астындағы атын сұрап алып, қырғызға жалғыз аттанады.Оның қарасын көрген қырғыздар әбігерге түсіп, қатты сасады. Көп ұзамай қырғыздар қулыққа көшіп, «Кенесары бітімге қол қойды» деп, Наурызбайдың қару-жарағын алдап алып қояды. Жалғыз келген інісін көріп қатты өкінген хан Кене бармағын тістеп сол тұрған жерінде жан тапсырады. Содан кейін қырғыз манаптары оның ту сыртынан айбалтамен қақырата шауып, жүрегін суырып алады. Сөйтсе, хан Кененің жұдырықтай жүрегі тас боп қатып қалыпты. Қырғыздар жағы Науан батырды өлімге қимайды, одан қалайда тұқым алып қалуды ойлайды. Бірақ Наурызбай қырғыз сұлуларына назар аудармайды. Ашынған манаптар оның да қабырғасын сөгіп, жүрегін жұлып алады. Байқап қараса, төренің сом жүрегі қалың қылға оратылып жатыр екен.

Тарихи жырларда аңыздық мотивтердің орын алуы-оқиғаның болған-болмағанына қарамастан кейіпкер әрекетінің белгілі бір мақсатқа лайық жинақталғандығының айғағы.Туындыны кейін жырлаған жырау үшін өмірде болған оқиғалардың рет тәртібін сол қалпында сақтау шарт емес.Сюжеттік ситуацияның ыңғайына қарай болмаған оқиға да болған оқиғаның қатарын толтырып, бас-аяғы бүтінделген сюжет құрайды.

Қиял мен кереметтік элементтерді пайдаланатын аңыз-әңгімелер мен өмірде орын алған оқиғаларды өзек ететін тарихи жыр табиғаты әрбасқа. Бұл мәселе жайында батырлық эпос пен тарихи өлең поэтикасын мұқият зерттеген ғалым Б.Н.Путилов былай дейді: «Природа и художественная сущность народной исторической поэзий и народной исторической прозы глубоко различный.Пение и рассказывание являются не просто двумья стилями исполнения: это две различные, эстетические системы, выражающие разные возможности художественного отношение к действителности» [8,8].

Жалпы тарихи жыр мен аңыздың жанрлық бітімінде алшақтық көп (проза мен жыр), олардың сюжеттері де сол қалпы қайталана бермейді. Бірақ екі жанрда да бір адам, бір оқиға төңірегінде айтылып, оларға баға бергенде де ұстанымдары ұштасып жатады. Мысалы, жырда аңыз мотивтері пайдаланылған болса, аңыздарда тарихи жыр сарындары көп кезігеді. Дегенмен жыр мен аңыздық проза үлгілеріндегі тарихи шындықтың бейнелену ерекшеліктерін жеке-дара қарастыру қажет-ақ.

Нысанбай жырының нұсқаларындағы айырма-өзгерістердің орын алуына айтулы ақындар мен тыңдаушы қауымның ықпалы зор болғаны анық.Тарихи жырды шығарушы әрі сақтап таратушылар маманданған арнаулы адамдар – жырау, ақындар болған. «Сондықтан кенже эпостың авторы тек тарихи оқиға туралы айтып беру, ой-сезімін өлең сөзбен елге жеткізу мақсатын ғана көздемеген, ол өзінің ақындық қабілетін танытуға, кейіпкердің іс-әрекетін жұртты қызықтырып баяндауға тырысқан. Нар жолында жүк қалмас» дегендей, ол халық батырының барлық ерліктерін ашып көрсетуді мақсат еткен. Жырау, ақындар шығарған тарихи- поэтикалық шығармалардың эпикалық түрде көрінуінің бір себебі осында жатыр. Тыңдаушы жұрттың да жыраудан, ақыннан кішігірім өлең емес, ұзақ, қызғылықты поэтикалық әңгіме естігісі келетінін де естен шығармағанымыз дұрыс.Үшіншіден, бүкіл қазақ халқының тарихи тағдырын шешкен «Ақтабан шұбырынды заманының бүкіл қазақ елінің құлағын елең еткізген, хандар мен патшаға қарсы қолға қару алып соғысуға шабыт берген халық көтерілісі басшыларының, батырларының ерліктері эпикалық түрде суреттелуін талап еткен. Төртіншіден, эпикалық дәстүр – қазақ ақын- жырауларының ежелден келе жатқан,қазіргі күнде де жойылмаған күшті дәстүрлерінің бірі. Осының бәрі ақын – жыраулар шығарған тарихи эпикалық шығармалардың кенже эпос түрінде пайда болып, таралғанына негіз болады» [9,59].

Әдебиеттер:

1. *Нысынбай жырау. «Кенесары-Наурызбай»//Хан Кене.-Алматы, 1993.*
2. *Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы(құжаттар жинағы).-Алматы,1996*
3. *Кенесарин А. «Кенесары мен Сыздық сұлтандар»// «Жұлдыз»-1991, №5.*
4. *Жәңгірұлы Ш. Кенесары-Наурызбай // ОҒК, 1338-бума.*
5. *Көпеев М. Наурызбайдың қазасы туралы // ОҒК, 1338-бума.*
6. *Ысмайлов Е. Кенесары-Наурызбай туралы тарихи-жыр, әңгімелер // Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы,1948*
7. *Ысмайлов Е. Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жырлар // Нысанбай жырау.-Алматы,2013*
8. *Путилов Б.Н. «Русский историко-песенный фольклор XIII-XYI веков. – М.Л, 1960.*
9. *Тұрсынов Е. Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979*

Тілеуова Ақмоншақ Зархомқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасы, e-mail: tleuovaaz@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕР ЖАНРЫ

Түйін. *Мақалада қазақтың арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі, даму жолдары баяндалады. Қазақ арнау өлеңдерінің алғашқы белгілерін ежелгі жоқтау өлеңдерінен кездестіреміз. Қазақтың арнау өлеңдерінің негізі ескі дәуірдегі аруақ культінен туған мадақ жырында жатыр. Мақалада арнау өлеңдердің қазақ ауыз әдебиетінің басқа да үлгілерімен бірге жазба поэзиямызда да қазір көптеген өзгеріске түскен лирикалық жанрлармен бірігіп, халқымыздың рухани мол мұрасын жанрлық жағынан дамыта түскендігі айтылады.*

Резюме: *В статье рассматриваются особенности жанра казахской песни посвящения. Первые элементы казахских песен посвящения встречаются в древних поминальных песнях. Основа казахских песен посвящений заложена в хвалебных песнях, получивших начало из культа святых духов в древних эпосах. В статье наряду с образцами песен посвещений казахского устного народного творчества рассматриваются также и письменная поэзия, объединенная с современными лирическими жанрами, подвергшими многим изменениям, которые внесли вклад в развития богатого духовного наследия народа.*

Summary: *The article deals with the peculiarities of the Kazakh song of dedication. The first elements of Kazakh initiation songs are found in ancient memorial songs. The basis of Kazakh songs of initiations is laid in the eulogies, which originated from the cult of holy spirits in ancient epics. In the article along with samples of the songs of the presentations of Kazakh oral folk art, written poetry is also considered, combined with modern lyrical genres that underwent many changes that contributed to the development of the rich spiritual heritage of the people.*

Арнау өлеңдер - түркі тектес халықтар әдебиетінің барлығында бар жанр. Бірақ тарихи даму кезеңдеріне байланысты ол кейін әр халықта әр түрлі дамыған. Сондай-ақ арнау өлеңдердің әр халықта түрлі жанрлар құрамында құрастырылуы да бұл жанр тарихының тереңдігін көрсетсе керек. Мысалы, арнау өлеңдер өзбек халқында тарихи жырлар сапында қарастырылады. Өзбек халқының тарихи жырларының өзіндік белгісін талдаған М.Мұрадов өз еңбегінде тарихи жырларды былайша жүйелейді: 1) тарихи-батырлық жырлар; 2) тарихи-революциялық жырлар; 3) нақты тарихи тұлғаларға арналған өлеңдер; 4) тарихи көрнекті оқиғаларға арналған өлеңдер [1, 13]. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде тарихи оқиғалар мен адамдарға арналған өлеңдер тарихи жырлардың өзіндік жанры ретінде қаралады. Қазақ халқының да батырлық жырларының тууына алғашқы негіз болған арнау өлеңдер екенін ескерсек, онда өзбек ғалымдарының арнау өлеңдерін тарихи жырларға апарып қосуына еш шек келтіруге болмайды. Ал карачай-балкарларда арнау жырларын батырларға, белгілі адамдарға арналған жоқтау жырымен бірдей қарастырады. Ғалым А.И.Караева: «Адам ерлігі мен өлімін мақтап, жоқтап шығарылған кюйдің өлең үлгілері «Умар» деп аталады. Онда лирика элементтері батырлық жырлар мен жоқтау жыры бірлікте көрінеді», - дейді [2, 25].

Күй өлеңдерінде жау қолынан қаза тапқан ерлердің немесе қанды кек қайтаруда мерт болғандардың ерлігі, жақсылығы жоқтау түрінде баяндалып қана қоймайды, оны (мерт болған адамды) тау, өзен, тастың сағынғандығымен де поэтикалық түрде күшейтеді. Кюй өлеңдері өз ажалымен, немесе түрлі себептермен өлгендерге арнап шығарылмаған. Қарачай-балқарлардың йинара халық өлеңдеріне қарағанда, кюйдің өзіндік тақырыбы (белгілі объектіге арналған), өзіндік әуені, өзінің қалыптасқан композициясының болуы қазақ арнау жырларымен ұқсастық тауып жатыр.

Біз арнау өлендердің бір жағы белгілі адамды жоқтау, мадақтауға арналған жырлар десек, көріп отырғанымыздай ол басқа халықтар поэзиясында да сақталған екен. Мадақтау жыры негізінен ел қорғаған, ел сөзін сөйлеген құрметті адамдарға бағытталған. Арнау өлеңдерге тақырыптық, композициялық жағынан жақын жанр Шығыс Грузия халықтарында да кездеседі. Ол батырға, ер жүрек азаматқа арналған симчере жыры. Бұл жырлар да қарашай-балкарлардағы күй жанры секілді белгілі бір адресатқа арналған жырлар.қ

Қарашай-балқар ауыз әдебиетін зерттеуші Х.Малкондуев өзінің «Қарашай-балқар халық поэзиясының жанрлары» деген еңбегінде халық өлеңдерін: а) сюйменлик жырла (сүйіспеншілік жырлары); ө) йинара (қара өлең); б) кюй (арнау жырлары); в) бешек жырла (бесік жырлары) деп [3] бөлуі қазақ халқының халық өлеңдерімен тамырлас жатыр. Бұл мысалдардан «кюй» деген атаумен өз алдына қалыптасқан арнау өлеңдер аталған халықтарда да өмір сүріп отырғанын көреміз. Арнау өлеңдеріне ұқсас жанрлар қырғыз, қарақалпақ, өзбек, тәжік халқында да молынан кездеседі.

Тәжік халқының халық өлендерін зерттеген Р.Амонов халық лирикаларын: рубои, байт, ашула, суруд, садеха деп бөледі [4]. Суруд бен садеха арнауға ұқсас жанрлар. Қарақалпақ косыкларын зерттеген Ә.Тәжімұратов халық өлеңдерінің жанрын анықтауда өлеңнің кімге арналғаны негізгі рөл

атқарады дейді [5]. Ал татар халық жырларын зерттеуші И.Надиров татар халық өлеңдерін ийола және лирикалық өлеңдер деп бөледі. Мұнда жанрды анықтауда жасалу формасы негізгі басшылыққа алынады [6]. Ал өзбек халық кушикларын зерттеуші Музайяна Алавия кушиклар негізінен арнау түрінде шығарылған десе [7], қырғыз халқының ырларын зерттеуші Б.Кебекова [8] жанрды анықтауда тақырыпты негізгі басшылыққа алған. Егер осы тұрғыдан келсек, өлеңнің бір объектіге арналуы, тақырыптары белгілі болуы, мазмұны жанрдың атын нақты көрсетіп тұруы арнаудың жеке жанрлық түр екенін тағы да дәлелдей түседі.

Арнау жанры туралы пікір айтқан ғалымдар жанр ерекшелігін анықтауда негіз етіп өлең мазмұнын алған. Оның мысалын жоғарыда арнау туралы айтылған ғалымдар пікірінен толық байқадық. Арнау өлеңдер генезисін анықтауға арналған еңбектерде бұл жанрдың басқа жанрлармен ұқсастығы да кеңінен сөз болады.

Арнау өлеңдердің алғашқы белгілерін ежелгі жоқтау өлеңдерінен кездестіреміз. Жоқтау жырларының алғашқы үлгілері өлген адамды мақтау түрінде көрініс бергенін Е.Тұрсынов өз еңбегінде айта келіп: «Аруақтарға арнап айтылған өлеңдер жоқтау түрінде емес, мадақ түрінде айтылған», - деп ой түйеді [9, 32].

Бұрынғы кезде өлген адамға ас берілгенде, сол аруаққа арнап мадақ жырын қазақ жыршыларымен қатар қырғыз жомықшылары да айтатын болған. Мадақ жырында өлген адамның туылғанынан бастап істеген ерлік, жомарттық, даналық істері баяндалған. Қиын-қысылтаяң кездерде жаумен бетпе-бет кездесіп, шайқасқа түскен шақтарда жауынгерлер өз руларының атақты, батыр адамдарының аруақтарын шақырып, оларға арқа сүйеген. Сол себепті де түркі-моңғол халқында ұрысқа түсер алдында жыраулар, жыршылар бұрынғы өткен бабаларының ерлік істерін баяндайтын жырларды айтып, жауынгерлердің рухын көтерген.

«Түркі-монғол халықтарында, - дейді ғалым Е.Тұрсынов, - мадақ өлеңдерді жыраулар (жомықшылар) орындаған болса, Анголада бұл міндетті жырау типтес «абавугилер» атқарған. Олар өлген батырлар мен хан, көсемдердің аруақтарына арнап мадақ өлеңдерін шығарумен қатар, асқан ерлік көрсеткен тірі жауынгерлердің, батырлардың, хандар мен көсемдердің ерлігін, елдіктерін сақтау жолында жасаған әділетті істерін паш ететін мадақ жырларын да шығарып орындаған. Осындай мадақ жырлар «экьевуга» деп аталған» [9, 29].

Сонымен қазақтың арнау өлендерінің негізі ескі дәуірдегі аруақ культінен туған мадақ жырында жатса керек. Мадақ жырының бір үлгісі - ежелгі түркілердің VI-VIII ғасырлардағы Орхон, Талас бойынан табылған Күлтегін, Білге қағандарға қойылған құлпытастағы жазуларынан көрініс тапқан.

Күлтегін бек - бастаушымыз, құтымыз,
Оғыздардың ордасына кірді.
Күлтегін Өгсіз ағын мініп,
Тоғыз ерін шанышты.
Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды,
Өңтұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді.
Қаруларды қағанға еншіледі
Ал әскерлерді сонда талқандадық [10, 34].

Жырдағы Күлтегін өмірде болған адам. Ол (684-731) ежелгі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, сол дәуірді белгілі қоғам қайраткері ретінде көне тарихтан белгілі.Жырда Күлтегіннің ерлік істері, туған жер үшін жүргізге қанды шайқастары, оның теңдесі жоқ жеңістері баяндалады.

Түркі халқы, тыңдаңдар!
Көктен тәңірі баспаса,
Төменде жер айрылмаса,
Ел-жұртыңды кім қорлайды?!
Қасиетті Өтүкен қойнауының халқы!
Біресе ілгері шаптық,
Біресе кері шаптық,
Барған жерде не пайда таптың? [10, 35].

Орхон ескерткіштерін поэзиялық туынды ретінде зерттеген ғалым М.Жолдасбеков: «Осының бәрі де кейде адасып быт-шыт болған, кейде ес жиып ілгері ел болған түркі халқына, оның ерлеріне арналған. Осындай арнау түрінде жазылғанына байланысты Орхон ескерткіштерін ерлік жырына жатқызғанның өзінде үндеу, үгіттеу мақсатында туған деп есептейміз. Бұл олардың эпостық құнын төмендете алмайды. Өйткені қазақ эпостары да негізінен арнаумен байланысты туған», - деген пікір айтады [11, 69].

Ежелгі түркі халықтары ислам дінін қабылдағанға дейін Көк тәңіріне, Жер-Су тәңіріне және үйдегі от басы, бала-шағаны қорғаушы Ұмай анаға сыйынған. Бұған «Тоныкөк» жырындағы:

Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су,

Жеңіс берген екен,

Көп екен деп неге қашамыз [10, 51], - деген жыр жолдары дәлел. Ал, ислам діні біздің жерімізге енген соң жаратқан иемізді мадақтайтын, адамгершілікке, ізгілікке үндейтін жырлар туды. Сондай жырдың бірі - XII ғасырда Түркістанда өмір сүрген ақын Сүлеймен Бақырғанидың «Ақыр заман» кітабы.

Ей, тәңірім, өзің білесің,

Сенен өзге кімім бар?

Жалғыз дарасың және барсың,

Сенен өзге кімім бар?

Сенсіз қай жаққа кетейін,

Менің де табынушым - сенсің,

Әуелгі де, ақырғы да мақсатымсың [10, 57].

Адамзат баласын дүниеге келтіріп, рақым, мейірімін сыйлаған Тәңір мадақталатын жыр біздің діни кітаптарымыздан да көрініс тапқан.

Жан-тәніммен Тәңірді мадақтаймын,

Шын жүректен қасиетті атын ардақтаймын.

Жан-тәніммен Тәңірді мадақтаймын,

Маған көп жақсылық істегенін ұмытпаймын [10, 58].

Бұдан арнау жырларының түп төркіні салт-дәстүр, наным-сеніммен, діни ұғыммен қатар туып, дамығанын көреміз. Өзінің тұрмыс-тіршілігінде елге, жерге, ел, жер иелеріне өлең арнау - түркі-монғол халықтарының көпшілігіне тән құбылыс. Ежелгі наным-сенім, салт-дәстүрге, батырлар ерлігін дәріптеуге арналған жырлардың жыраулар поэзиясында ерекше көрініс табуы уақыт талабы тудырған жанрлық дүние еді.

Адамзат тарихында қоғамдық құбылыстардың белгілі бір заңдылықпен іске асатынын ескерсек, қазақ халқының мадақ жырлары мен ежелгі рим, грек, орыс одаларының түп төркіні де бір екенін көреміз. Мысалы, ежелгі қоғамда мадақ жырлары (ода) адам өміріндегі ерекше оқиғаларды, адамдардың батырлығын мінез ірілігін, табиғаттың ерекше құбылысын мақтауға арнаған. Ежелгі грек ақыны Пиндардың осы тұрғыдағы өлеңдері кейін көп халықтың лирикаларына арқау болуы да сондықтан шығар. Ал бұл құбылыс ежелгі Римде мемлекетті, оның басшысы Августы мақтау түрінде көрініс берген. Бұл құбылыс - біз жоғарыда сөз еткен Орхон-Енесей жазуларындағы Білге қаған, Күлтегін жырларындағы қағандықты, қағанды мақтаумен астарласып жаткандығы тарихи шындық.

Француз халқында XVI ғасырда ерекше көрініс тапқан одалар мен XV ғасырдан бастап өзінің жаңа даму сатысына көтерілген жыраулар шығармаларындағы мақтаулар тікелей байланысты болмағанымен, генетикалық жағынан арнау өлеңдердің әр елде өзіндік көрініс беруі даусыз. Мұндай мадақ өлеңдер шығыс поэзиясында «қасыда» түрінде көрініс берді. «Қасыда» дегеніміз - бірнеше бәйіт бір ұйқаспен жазылатын өлең түрі, мақтау жыры. Бұл өлең түрі кезінде Фердоуси, Науаи, Мақтымқұлы, Низами және т.б. шығармаларында кеңінен қолданылды.Ерте дәуір әдебиеті мен одан кейінгі кез арнау өлеңдерін саралап қарастырсақ, арнау өлең өзінің құрамына мадақ жырларын да, аңсау түрінде жазылған өлеңдерді де, сатиралық тұрғыдағы шығармаларды да, ағартушылық тұрғыдағы ірі шығармаларды да қамтығанын байқаймыз.

Арнаудың жанрлық ерекшелігін анықтау мәселесі қазір де фольклористер мен әдебиетшілер үшін оңайға түсіп отырған жоқ. Арнау өлеңдердің жанрын анықтауда ғалымдар әр түрлі пікірлерді алға тартты. Бұл айтылған пікірлердің бірі қазақ поэзиясындағы арнау жанрын анықтауға келсе, екіншісі келмейді. Тек шығу тегіне, композициясына қарап жанрды анықтау, оның тақырыптық, мазмұндық белгілерін қамтымайды. Арнаудың ұлттық ерекшелігін, тарихи кезеңдермен байланысын да естен шығармау керек. Мұнымен қатар арнау өлеңдерін талдаушылар оның бойында басқа жанрларға тән басқа да белгілер бар екенін айтып жүр. Бұл арнау жанрының синкретті құбылыс екенін тағы да дәлелдей түседі.

Арнау жанры - күрделі жанр. Қазақтың суырып салма поэзиясында, тіпті, Абай арнауларының өзі ауызша шығарылғанын ескерсек, қазақ әдебиетіндегі суырып салмалық поэзияда арнаудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшеліктер қазақ ауыз әдебиетінде айтыс, шешендік өнер, толғау, қара өлең және жазба поэзиямызда қазір көптеген өзгеріске түскен лирикалық жанрмен т.б. бірігіп халқымыздың мол рухани дүниесінің жанрлық түрлерін байыта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Мурадов М. Саргашмадан томчилар. - Тошкент: Фан, 1984. - 215 б.*
2. *Караева А. И. Жанр и поэтика карачаево-балкарской народной лирики //Автореф...дис... докт. фил. наук. - М., 1978. - 54 с.*
3. *Малкондуев Х.Х. Жанр карачаево-балкарской народной лирики. - М.: Наука, 1970. - 260 с.*
4. *Амонов Р. Таджикская народная лирика //Автореф...дис... докт. фил. наук. - Душанбе, 1968. - 50 с.*
5. *Тәжімұратов Ә. Қарақалпақ халық косықлары. - Нөкіс: Қарақалпақстан, 1965. - 320 б.*
6. *Надиров И. Татар халықжырлары. - Казан., 1965. - 187 б.*
7. *Музайян Алания. Өзбек халык кушиклары. - Тошкент: Фан, 1959. - 268 б.*
8. *Кебекова Б. Кырғыз ел ырлары. - Фрунзе: Кыргызстан, 1967. - 261 б.*
9. *Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. - Алматы: Ғылым, 1976. - 200 б.*
10. *Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1991. 2-кіт. - 280 б.*
11. *Жолдасбеков М. Асыл арналар. - Алматы: Жазушы, 1986. - 328 б.*

Томанова Нурия Мархабатовна
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
доцент кафедры русской филологии и мировой литературы, nuritom_8@mail.ru

Алдабергенқызы Ляйля
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
старший преподаватель кафедры русской филологии и мировой литературы,
aldabergenkuzu@mail.ru

ЛИРИЧЕСКАЯ ЭКСПЛИКАЦИЯ МОТИВА ПРОНИКНОВЕНИЕ В ПОЭЗИИ БАХЫТА КАИРБЕКОВА

Түйін: *Б.Қайырбеков поэтикалық шығармаларындағы концептуалды кеңістіктің жасалуындағы ену мотивінің құрылымдық рөлі.*

Резюме: *В статье особое внимание уделяется структурирующей роли мотива проникновение в образовании концептуального пространства поэтических произведений.*

Summary*: In the paper special attention is paid to the structuring role of the entering motive in the conceptual space of poetic works by B.Kairbekov.*

Мотив *проникновение,* появившийся в пространстве поэтических концептов Серебряного века (например, в индивидуально-авторской поэтической картине мира Иннокентия Анненского), является также частью, компонентом семантической структуры поэтических текстов Бахыта Каирбекова и позволяет судить об особенностях авторского мировоззрения. В одном из своих эссе из цикла «Несносные сноски» поэт прямо говорит о сути им понимаемого бытия: «…суть природы – движение. Так проникает взгляд в морщины стволов, извивы камня, в струи воды, в игру мышц дикого зверя, в тайну глаз – движения души человека. ***Проникание*** как высший вид движения – вот качество, утерянное Человечеством! ***Проникание*** - кочевание из одного состояния в другое!» [1; 345] Мотив *проникновения*, ставший основным, программным в современном лингвофилософском дискурсе Бахыта Каирбекова эпохи Независимого Казахстана, берет свое начало в те времена, когда говорить о национальном самосознании, так называемой национальной идентичности было не то, чтобы не принято, но даже и опасно, рискуя получить ярлык националиста, национальное своеобразие могло проявить себя только в рамках интернационального. В произведениях 70-80-х годов (поэтический цикл «Родные травы») Б. Каирбекова можно было встретить образы степи (тогда еще этнические образы многонациональной советской литературы), но уже с оттенком тоски по некогда утраченной родине кочевья.

Не успел я на степь наглядеться,
Кто мне сможет сегодня помочь?
Жеребенок веселого детства
Ускакал в непроглядную ночь.
Чем я дрему ночную нарушу?
Где томишься ты, мой аргамак?
Мне не спать:
Степь врывается в душу, -
Я почуял ее аромат!

Семантическое поле концепта проникновение имеет следующие ядерные компоненты: 1. см. проникнуть, -ся. 2. Проникновенность, глубокая искренность. Концептуально значимым представляется следующий компонент семантики ядерного члена поля: проникнуть 1. во что. Попасть, пробраться куда-н. внутрь, достичь чего-н. 2. (1-е лицо и 2-е лицо не употр.) во что. Распространиться где-н. попав куда-н., стать известным.3. во что. Понять, разгадать, углубившись, вникнув во что-н. 4. кого(что) Пройти вглубь, охватить полностью, поглотить (во 2 знач). В лирической зарисовке «Степь» герой взволнованно передает ощущение проникновения стихии Великой степи во все его существо:

Мне вольность гордая твоя
И жгучих трав родная горечь
Вновь перехватывает горло –
Петь об одной тебе веля.
Забуду я покой и грусть,

Столицы щедрые посулы,
И вновь кочующих аулов
На спину мне навьючен груз.
В крови кумыс взыграет вновь
Той самой гордой кобылицы,
Что по степи промчалась птицей,
Познав нежданную любовь.
Во мне твой голос победит,
Строкой звенящей отзовется, -
Я буду петь:
Пусть в горле бьется
Полынный ветер, -
Сердце рвется
В простор разбуженной степи!

Изучение мотива (как компонента семантической организации текста) в рамках когнитивного подхода предполагает выявление и анализ вербальных репрезентаций концептов, когнитивных структур в пространстве поэтического дискурса. В стихотворении «Родословная травы» репрезентацией мотива проникновение стал образ степной травы. Этот образ стал не только смысловой доминантой, но символом родной степной стороны. Степная трава для кочевника являет собой образ мирового древа, трава памяти, символ соединяющей нити верхним божественным и нижним земным, прошлым и будущим.

…Трава –
Всё, что растет незаметно с весны до зимы.
Трава –
Всё, что даёт жизнь жучкам-паучкам,
Червям да бабочкам, - многим!
Трава-
Память земли вековая – покровом-щитом укрывая
Всё, что давно бы могло кануть в пропасть –
В космос пара сожжённых планет.
Трава-
Корни и стебли – листы – форма и формула жизни:
Жить, не мешая, жить – помогая,
Жить, умирая,
Чтоб снова и снова
Жить, созидая
Жизнь.
Снизу и вверх – это линия жизни.
Столб позвоночный, поднявший нас на две ноги.
Столб, поднебесный, поднявший навеки наш дух.
Столб нескончаемый, - дух, устремленный выше и выше.

У раннего Каирбекова мотив *проникновения* репрезентируется в ряде концептуальных глаголов движения «прорастать», «вбирать», «врываться», «вжиться», «взыграть», выражающих стремительное, порывистое движение преодоления, преодоление отчужденности лирического героя родных истоков.

В сборнике избранных произведений Бахыта Каирбекова «Путь воды» мотив *проникновение* репрезентируется через ядерные концепты «вода», «путь», «песок», «время». Номинативная составляющая концепт *путь* в авторской картине мира Б. Каирбекова соотнесен с этноцентрическим концептом казахской культуры *кочевье.* В основах кочевой философии казахов человек всегда гость на этой земле, все в мире – «лишь оболочка жизни, которая перевоплощается, трансформируется, движется (приходит-уходит)» [1; 351].

В словесно-эстетической системе Б. Каирбекова актуализируется тот лингвокультурный аспект концепта «вода», где вода – символ возрождения, восстановления, живительной влаги, соотносящийся с христианской, а также с суфийской традицией, в то же время это общекультурный символ творчества, знания. Об этом важном аспекте говорит поэт в эпиграфе к очерку (как известно, эпиграф – сильная позиция текста) «Вместо предисловия» автор пишет: «Нам надо бы друг к другу относиться, Как древо к древу, Как вода к воде; Водой к корням, Как к ветке птица – С душой к душе,

Судьбой к судьбе». В эпиграфе, как и в заглавии сборника, отражено денотативное пространство сборника и актуализирована индивидуальная философско-эстетическая концепция Бахыта Каирбекова, где автор выдвигает идею преемственности, или «проницаемости» мира, его обитателей, а также пространств и времен. Основным концептом в поэтической концептосфере Б. Каирбекова стал концепт *вода* с его ядерными характеристиками такими как: «(а) вода - это жидкость, то есть нестабильная по форме субстанция, обладающая свойством течь и принимать форму сосуда, в котором она находится; (б) в природе вода представлена, прежде всего, в виде водоемов и атмосферных осадков; (в) вода характеризуется определенными визуальными и кинетическими характеристиками (прозрачность, движение, возможная форма, скорость и т.д.); (г) вода жизненно необходима человеку и природе в целом; (д) вода - опасная для человека стихия и среда» [2; 4] .

Миф о духовном пути человека положен в основу стихотворения «Путь воды». В представлениях многих народов дождь ассоциировался с процессом оплодотворения. Дождь – это вода, пришедшая с Неба (сакрального верха), выпавшая в результате утихомиривания огнем разрушающей водной стихии. Эта цикличность отражает соединительный круговорот физической природы и духовной сущности. Человек стал мерой всех вещей, впитав силу божественной воды, он пускается в путь, предпринимая собственный духовный поиск.

Путь воды

Пролилась капля,
Человек родился.
И заструился путь.
На ощупь.
Наугад.
Во тьме и на свету водой тугой струился,
Как чей-то пристальный – сквозь годы – взгляд.
Вбирала ль влага, тихо наползая
На камни, ямы, семена,
Иль просто – никого не обижая! –
Текла, не ведая конца и дна?
Я грешен тем, что знать хочу – откуда
Теку?.. Куда?..
Не в этом суть воды:
Смыть грязь и хворь
И напоить –
И чудо! –
Вернуться ливнем на подросшие сады…

В стихотворении «Путь воды» отражается глубокая мысль поэта о духовном пути человека, его поиске своих истоков и смысла своего бытия, о святой силе воды, силе веры, которая становится знанием, тем Знанием, что пытается открыть тайны вечности. Идейная основа стихотворения полностью воссоздана в публицистическом очерке «Посох путника»: «Каждый из них (суфийских Учителей) овладевал посохом – символом Знания, и пробивал им дыру в земле, давая выход святому источнику, дабы люди могли утолить свою жажду Знания» [1; 365].

Концепт «вода» находится в сильной текстовой позиции, в заглавии сборника; присутствует в эпиграфе; его присутствие отмечено в заглавиях стихотворных циклов и произведений разных лет (цикл «За живой водой», «Путь воды», «Суб-Йер» (букв. «вода-земля - древнее тюркское название Сибири), «Быть рядом – как вода и камень», «Глина, кизяк, вода»). Концепт «вода» выражает комплекс аксиологических и ассоциативных представлений, которые важны для автора. Предметный и понятийный слои концепта проявляются через денотатную систему стихотворных и прозаических произведений, например, в цикле под названием «Дельфинарий», в стихотворениях «Мой океан», «О, море мертвое пустыни», «Акведук над рекой», «Ночной корабль», «Колыбельная моря», «Как в сруб колодезный» и т.п.

Восприятие времени у человека глубоко психологично и открывается через опыт наблюдения за жизнью природных объектов. На психологическую природу восприятия времени человеком указывает Н.Д.Арутюнова: «Итак, у человека нет специального органа для восприятия времени, но именно время организует его психический склад. Время отделено от человека, но человек не отделен от времени. Если чувство времени основано на восприятии природных циклов, психические структуры связали себя с линейным временем, расчлененным «точкою присутствия» на прошлое, будущее и соединяющее их в единый поток настоящее. Это членение вытекает из главного условия,

определяющего положение человека в мире, укрытостью от него будущего, известностью (пережитостью) прошлого и данностью (переживаемостью) настоящего» [3; 688].

Время в сознании человек большей частью умозрительно и в принципе непостигаемо. Время существует, оно воплощено в различных формах жизни, и время так же трудноощутимо, т.к. жизнь — это краткий миг настоящего, который нефиксируем и трудноуловим. В стихотворении-обращении «Обращение к песку» поэт конструирует метафорический образ времени с помощью «водных» характеристик проникновения, текучести:

Всепроникающ, невесом,
Передвигаешься незримо,
Куда, какой тоской влеком? -
3. Қазіргі әуезовтанудың лингвистикалық аспектілері жазушы көркемдік әлемі мен оның тілдік тұлғасын зерттеген М.Серғалиев, Ж.Манкеева, Р.Әміренова, Г.Рахымжанова, К.Сандыбай, Ж.Өмірәлиева сияқты ізденушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Аталған зерттеушілер суреткер тілдік тұлғасының қалыптасуына фольклордың ықпал деңгейін айқындап, жазушы тілін жалпыұлттық тілдің даму тарихы контексінде зерттеді, М.О.Әуезов тілінің өзіндік көркемдік-стильдік ерекшеліктерін ашып көрсетті.

4. Әуезовтанудағы салыстырмалы-типологиялық контекст — М.О.Әуезов шығармашылығының басқа жазушылардың шығармашылығымен салыстыра отырып ұлттық-көркемдік ерекшеліктерін айқындайтын немесе жекелеген туындылардың сол туынды жазылған жанрдағы өзге шығармалармен салыстырғандағы ұлттық және көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсететін өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл ретте К.Бейбітова, Н.Жуанышбеков, М.Маданова, т.б. зерттеушілердің еңбектері назар аудартады.

5. Қазіргі әуезовтану ғылымындағы тарихи-әлеуметтік контекст Д.Ысқақов, Д.Қамзабекұлы, Д.Қонаев, Ж.Тілепов, К.Оразаева, Н.Алдабек, Б.Толмачев, З.Жорабеков, Ш.Жарылғапов секілді зерттеушілердің ізденістерінде біршама жақсы ашып көрсетілген.

6. Қазіргі әуезовтану ғылымындағы этномәдени бағыт роман-эпопеяда көрініс тапқан қазақ халқының ұлттық өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, ұлттық мерекелерін зерттеу мәселелеріне арналған К.Биалиева, Г.Донскова, Р.Тұрысбек, Л.Қисамединова, Ж.Ахатов, Т.Демежанов, Р.Жайсақова, К.Ерғазиева сияқты зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Бұл бағыттағы зерттеушілердің басты назары қазақ халқының өткен күнгі тарихындағы этникалық әлемі, наным-сенімі, қазақ дүниетанымы мен тұрмысы, халықтың этникалық мәдениетінің генезисі мәселелеріне аударылды.

7. Қазіргі әуезовтанудағы рухани-философиялық бағыт еліміздің белгілі философтары, мәдениеттанушылары, ұлттық өнер мен эстетика саласындағы танымал мамандардың еңбектерінде қарастырылды. Олардың арасында Б.Құндақбаев, Р.Ерғалиева, Ж.Ордалиева, Ғ.Есім, Д.Жарқымбаева сияқты ғалымдарды ерекше атап көрсеткен жөн. Олар өз зерттеулерінде М.О.Әуезовтің жазушы ретіндегі даму тарихын, оның идеялық-эстетикалық, философиялық ойларын, шығармаларындағы бас кейіпкерлердің моралін, өткен ғасырдағы қазақ халқының дүниетаным деңгейін, қазақ ұлттық сана-сезімінің өсуін, сондай-ақ жазушы шығармашылығы және тұлғасы мен кескіндеу өнерінің, графиканың, музыканың, мүсін өнерінің, театрдың байланыстарына үңілді, бұл ретте жазушы шығармаларының бүкіл көркемдік-философиялық және эстетикалық аясын қамтыды.

8. Қазіргі әуезовтану ғылымының психологиялық-педагогикалық аспектісі А.Тайжанов Ж.Әубакірова, Ф.Оразбекова, Ғ.Отар, Х.Садықов сияқты ғалымдардың дәстүрлі және қазіргі тәрбие теориясы саласындағы еңбектерінде қарастырылды. Есімдері аталған зерттеушілердің бақылаулары бүкіл романның өн бойында халық танымының ауқымды этнопсихологиялық тұжырымдамасы жатқанын көрсетті. Роман қазіргі педагогика және тәрбие теориясымен айналысатын ғалымдар үшін баға жетпес қайнар бұлақ міндетін атқарады деп сеніммен айта аламыз.

9. Қазіргі әуезовтану ғылымының аса маңызды бағыттарының тағы бірі ретінде көркем аударма және әдеби компаративистиканы айтуға болады. Бұл айтылғандар М.О.Әуезов туындыларының түпнұсқасын басқа тілдердегі аудармаларымен салыстырмалы және текстологиялық зерттеуді, жазушының драматургиялық шығармаларының, повестерінің және әңгімелерінің аудармасы контексіндегі қазіргі көркем аударманың шешімін күтіп тұрған теориялық проблемаларын шешуді, роман-эпопея және оның көркем аудармаларын ұлттық ерекшеліктің жаңғыруы тұрғысынан зерттеуді басшылыққа алады.

Қазіргі әуезовтану ғылымында ұлттық руханият және тәуелсіздік идеяларының қалыптасу тарихына, олардың қазіргі кездегі өзектіліне қатысты идеялар да алғышарт болады.

Жаңаша ұстанымдарды, алуан түрлі көзқарастарды, көптеген пікірлерді, жазушының көп қырлы әлеуметтік, публицистикалық, педагогикалық, ғылыми, аударма қызметін талдау қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымын сипаттаумен қатар, әуезовтанудың өзінің жаңаша жүйелеуге қажеттілік сезініп отырғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З.А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания». – Алма-Ата: Наука, 1984. – 254 с.

2. Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 352 б.

3. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 272 б.

4. Сагындыкова Н. Переводческое мастерство М.О. Ауэзова // Материалы второй международной научно-теоретической конференции «М. Ауэзов и мировая литература». – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – С. 177-183.

5. Алпысбаев Қ. Мұхтар Әуезов және аударма // Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті: Халықаралық ғыл.-теориялық конф. материалдары (қыркүйек, 2004 ж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – Б. 44-49.

10. Жұртбаев Т. М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірі мен көркемдік әлемі. филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2000. – 56 б.

ӘОЖ: 8 Каз

Жұмабаева Г. С.
Филология ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ

Даумова А. К.
Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ магистранты, **E-mail:** asemgul_84@bk.ru

«ДӨҢ АСҚАН» РОМАНЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа: *Мақалада Атырау өңірінің проза жазушысы Ғ. Слановтың тарихи тақырыпқа жазылған «Дөң асқан» романының жазылу тарихы сөз болды.*

Тірек сөздер: *жазушы, роман, проза, тарихи тақырып, кейіпкер, қоғам*

Аннотация: *В статье рассматривается история написания романа писателя, прозаика Г. Сланова под названием «Дон аскан».*

Ключевые слова: писатель*, роман, проза, историческая тема, персонаж, общество*

Annotation: *This article presents the history of writing the novel of the prose writer G. Slanov written to historical truth named as "Don askan"*

Key words*: novel, prose, historical truth, character, society.*

Қай заман әдебиетінің болсын негізгі міндеті – өз дәуірінің шындығын бейнелеу.

Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің елеулі табысы – үлкен прозаның өрістеуі. Б. Майлиннің «Азамат Азаматы» (1934), І. Жансүгіровтың «Жолдастар» (1935), С.Мұқановтың «Теміртас» (1935), «Ботагөз» (1938), М. Дәулетбаевтың «Қызылжар» (1935), С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым» (1937), Ғ. Слановтың «Дөң асқан» (1938), Ғ. Мұстафиннің «Өмір не өлім» (1941)романдары қазақ халқы өмірінің әр кезеңдегі шындығын кең суреттеп берумен, жанрдың ішкі ерекшеліктерін меңгеріп, заманның типтік құбылыстарын жарқын бейнелей алуымен аз уақыттың ішінде-ақ бұл жанрдың болашағын танытқан болатын.

Қазақ әдебиетінің проза жанрын өсіп-өркендетуде Ғ. Сланов үздік еңбек еткен жазушы. Қай әдебиетті болса да өз заманының шындағынан алыстап кете алмайды, онымен бірге жасап, көңілдегі ойын заманының проблемалары арқылы көтереді. «Адамды заман белемек» деп Абай тегін айтпаған. Заманмен кереғар болып онымен ашық тартысқа түсу арқылы ешбір жазушы «батыр» атағын алмаған. Ол қайта онымен ымыраға келе отырып, дәуір, заман қайшылығын көркем образдар арқылы ашқан. Сол арқылы заманына, Чернышевский тілімен айтқанда үкім шығарған» - дейді С. Қирабаев /9/.

Сол сияқты Ғ. Сланов та өз заманының жаршысы болатын. Сол дәуірдің мәселелерін, қиыншылықтарын көтерді.

«Ғ. Сланов та өз заманының адамы, өз заманының перзенті. Кезінде бәріміз қандай адассақ, олда солай адасты.... Жазушының шын бейнесін де сол шығармаларындағы образдардан іздеу керек. Сонда ғана біз Ғабдолдың жан – дүниесін түсінеміз. Жалын жазушының шығармалары өз дәуірінің панорамасы іспеттес. Оның аса бағалы құны да, міне осында жатыр» - дейді академик З. Қабдолов /10/.

Ғ. Слановтың қазақ әдебиетінде шебер прозашы екендігі әйгілеген ірі туындысы, тұңғыш романы «Дөң асқан» 1941 жылы баспадан шықты. Бұл роман қаламгердің күрделі жанрдағы тұңғыш қадамы болғанымен көркемдік бітімі жағынан қырқыншы жылдардың басындағы қазақ прозасына қосылған көрнекті туындылардың бірі. «Дөң асқан» Ғ. Слановтың әлеуметтік күрделі байланыстарды, үлкен ақиқаттарды көркем бейнелеп көрсетуге мүмкіндігі барлығын автордың білігі мен дарынын танытқан сәтті қадамы болды – дейді сыншы Р. Бердібаев /11/. Белгілі әдебиет зерттеушісі С. Қирабаев та «Дөң асқан» романын тақырыбы бір Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтың, С. Мұқановтың, М. Дәулетбаевтың. С. Ерубаевтың, Ғ.Мұстафиннің көрнекті туындыларымен атай келіп. «Халқымыздың өткен тарихи жолы мен бүгінгі жолы эпикалық кең суреттеп берумен, жанрдың ішкі ерекшеліктерін меңгертіп, типтік құбылыстарды жарқын бейнелей алуымен көзге түсетінін» ескертеді /12/.

1948 жылы желтоқсанда ССРО Жазушылар Одағының XII пленумында С.Мұқанов Ғ.Слановтың «Арман ағысы» повесі мен «Дөң асқан» романын әдебиетіміздің алтын қорына кіретін прозалық шығармалар қатарында атап өтті. Жазушының «Дөң асқан» романын оқырман жұртшылық құрметпен қабылдады. Бұл романның желісі тартысқа құрылған. Тілі оқуға жеңіл. Жазушының көп естігені, көп нәрсені ой елегінен өткізгені осы көлемді шығармасында айқын көрінеді.

Көркем шығарманың жазылуы бірнеше сатыдан тұратыны анық. Оның бірі – автордың негізгі тақырыбын зерттеуі, өмірлік деректі, бейнелегелі отырған. Кезеңіне тән оқиғалардың ішкі байланысын логикалық ұғым тілімен түсіне тануы, екіншісі – осы жинаған материалдарын іштей меңгеріп, қорыту, образдар жүйесі арқылы толғату, үшіншісі – жазылу кезеңі. Жиналған материалдардың мазмұндылығы мен байлығы шығарманың көркемдік бітіміне ерекше ықпал етпекші. «Дөң асқан» романының төс табанына алынған материалдар жазушының балалық шақтан құлағына сіңген ел әңгімелері, өзі туып – өскен Тайсойған жеріндегі оқиғалар, кейіннен 1932 жылдан бастап Атырау өлкесіне барып, көзі тірі адамдармен жолығып түйген жанарынан құралған. «...Өзім туған - топырақтың тарих салған көп іздеріне көз жіберіп талай шиырларға да сүңгідім. Жаяу жүріп те, түйе арбамен жол шегіп те, ол сараларда ашы мен тұщыны бірдей таттым, - дейді жазушы. – Әсіресе кәрі құлақты қарттармен, тарихи деректермен көп сөйлестім. Бұлардың бәріне ел ішіндегі аңыз - әңгімелер, ақын жырлары, ескі хикаялар, халықтың күлдіргі әңгіме өлеңдері бұрыннан – ақ құлағыма көп сіңгендігі және де қосылып жатты» /13/. Автордың бұл сөздерінен «Дөң асқан» романына жиылған қордың молдығы және оның қандай сипатта болғандығы аңғарылады.

Жазушы романды бірден жазбайды. Әр кездерде жеке-жеке оқиғаларын бөлек-бөлек әтіп жазып тастай береді. Шығарманың алғашқы нұсқасындағы кейбір тараулары жеке әңгіме ретінде «Ана соты» деген атпен «Социалды Қазақстан» газетінің 1936 жылы 2-3 августегі, 1937 ж. 6-11 октябріндегі санында, 1916ж. Халық көтерілісінің 20 жылдығына орай «Таң алдында» деген әңгіме осы газеттің 1936 жылғы 14-15 шілдедегі сандарында жарық көрген. Бұл әңгімелеріндегі оқиғалар романға сол күйінде алынған кейіпкерлердің аттары ғана өзгертілген. «Әдебиет майданы» журналының 1937ж. 10,11 нөмерлерінде басылған «Жасақ» атты ұзақ әңгімеде «Дөң асқан» кейіпкерлерінің көпшілігі қатысады. Әңгіме дәл сол күйінде алынбағанмен кейбір жерлері романда берілген. Ондағы Боран, Ефрей, Төлеуіш сияқты 1916 ж көтерілісті бастағандар кейіннен Чапаев полктарына қосылып, жас совет өкіметінің жауларына қарсы соғысады.

Романның алғашқы нұсқасы «Әдебиет майданы» журналының 1938 ж. 3,6,7,9,10 сандарында басылып шықты. Көп өңдеу, толықтырулардан соң «Арман ағысынан» кейін баспаға береді. Іс үстінде оқу, жазу тәсілдерін үйрену, классикалық үлгілерден тәлім алу сияқты жазушыға ең қажетті жайлар және де ұмытылмайды. Тұңғыш романын жазуда қазақ жазушыларынан Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов шығармаларын сүйіп оқи жүріп, «қазақ топырағына тән өз бетімен жазуды басынан – ақ ойланса керек».

Дегенмен, Ғ. Слановтың шығармашылығына С. Мұқановтың көмегі де ықпалы да көп болған. Ғ. Слановтың жеке архивінен табылған «Менің өмірбаяным» атты мақаласында: «Шындығымды айтсам, менің творчествома Сәбит ағай әр кезде болыстық жасады. Өзім жарыққа шыққанын көрмей кеткен «Тайсойған» атты тұңғыш дастаным С.Мұқановтың «Қанды қол» деген ертеректегі кішілеу поэмасына еліктеп жазылған-ды. Одан соң «Дөң асқанның» журналға басылар алдындағы нұсқасын Сәбит ағай оқып, оқиға құрылысы жөнінде көкейге қонымды ақылдар айтты. Негізгі кейіпкерің Сақи екен. Соның соңынан қалма, - деген сөзі әлі есімде – деп еске алады /16/.

1941 жылы кітап болып шыққан «Дөң асқан» романы қазақ аулының 1916 жылғы дүрбелең тұсындағы өмірімен аяқталса, «Ана сотына» азамат соғысы жылдары (1919 жыл) арқау болған. Демек, жазушы 1937 жылдың өзінде-ақ «Дөң асқанның» хронологиялық тұрғыдан әлдеқайда ауқымды екінші кітабын жазуды жоспарласа керек.

Бұл творчестволық міндетті атқарып шығуға жазушының қарымы да, ғұмыр жасы да жеткен болар еді. Арада жылдар өткенді, жазушының «Дөң асқанның» жалғасын жазбауының, демек, тарихи тақырыпқа біржола ден қоймауының себебін пайымдауға да болады. Жазушы тақырыптан емес, заманынан, қит еткенді қамырша илеген сұм заманның адамынан сескенген. 1941 жылы арқауы ширатылған романның 1968 жылы ғана қайыра жарық көруінің, жазушының отыз жылдық ізденісінің жемісі болуға тиіс Махамбет туралы романының жеке тарауларының ғана жазылып, бітпей қалуының, Ғ. Слановтың «Дөң асқаннан» кейін өз дәуірі тақырыбына бір жола ойысуының себебін дәл 50- жылдардың ызғарлы саясатынан, дөрекі социологиялық сынынан көреміз. Сөйтіп сайып келгенде, Ғабдол Сланов сияқты өмірден көрген – түйгенін, түйсәнгенін, өткен тарихтың тағылымдарын өз кезінің ең өзекті, ең көкейкесті мәселелерімен шебер астастыра алатын көп сарынды, құлашты жазушы қаламын өзге арнаға бұруға мәжбүр болған.

«Дөң асқан» романы М. Дәулетбаевтың «Қызылжар» романымен көбірек үндеседі. Екі шығармада да 1916 жыл дүрбелеңі, Ақпан, Қазан төңкерісі сияқты ірі тарихи – әлеуметтік сілкіністер қарсаңындағы қазақ қоғамының ішкі тектоникалық дүмпулерінің және алдағы трагедиялық алашабырдың обьективті себептерінің көркем шежіресін жасауға ұмтылыс бар және екі авторда осы міндеттің үдесінен көріне білген. Бірақ екі романның жағырапиялық аясы екі басқа – «Қызылжар»

романы, атынан көрініп тұрғандай, қала тіршілігін, ұлт интеллегенциясы өмірін қамтыса, «Дөң аскан» таза дала рухында дүниеге келген роман.

«Дөң асқан» автордың роман жанрына жасаған тұңғыш қадамы бола тұрса да оқырманның эстетикалық талғамына жауап бере алады. Жазушының жеке архивінен табылған оқырман хаттары, баспасөзде жарық көрген мақалалар осыған дәлел болса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. 6 томдық Том 1. Алматы «Жазушы», 1977.
2. Қазыбаев С. Есімі оның еңселі. Атырау, 1991. 14 IX
3. Сланов Ғ. «Менің өмірбаяным» жеке архивінен. 1962 02.07
4. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. 6 томдық Том 1. Алматы «Жазушы», 1977.
5. Оразалинов С. Шындық және көркемдік шешім. Алматы. Жазушы, 1977.
6. Нұршайықов Ә. Екі хат. Жұлдыз. 1989. №6. 51-78.
7. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар. Алматы Жазушы, 1981.
8. Сланов Ғ. «Менің өмірбаяным» жеке архивінен. 1962 02.07
9. Мүсірепов Ғ. Әдебиет сынының жайы мен міндеттері. ӘЖИ, 1954 №94-13.
10. Шаймерденов С. Жас гвардия қазақ тілінде. Социалистік Қазақстан, 1948 22.05.
11. Ахтанов Т. Махамбет трагедиясы жайында. Қазақ әдебиеті. 1951 №16.
12. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1964. 30.04.
13. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. 6 томдық Том 1. Алматы «Жазушы», 1977. 8 бет.
14. Есенжанов Х. Әзиз дос. Қазақ әдебиеті. 1969. 22.02.
15. Сланов Ғ. Шығармалар жинағы. 6 томдық Том 1. Алматы «Жазушы», 1977. 12

Калжанова Э.Ш.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Түркітану кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, Астана қ-сы, abay-05@mail.ru

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Түйін: *Орталық және Шығыс Азияны зерттеу мақсатында XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Орта Азияға бірқатар экспедиция жасақталып, Шығыс Түркістандағы көне өркениет іздері зерттелді. Орта Азияны зерттеу жұмыстарына Ресей, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония және тағы басқа елдердің ғалымдары белсенді қатысты. Экспедиция жұмыстары барысында Шығыс Түркістаннан көне өркениетке тиесілі көптеген құнды жәдігерлер мен жазба ескерткіштер табылды. Солардың ішінде түркі халықтары үшін көне ұйғыр тілінде жазылған ескерткіштер зор маңызға ие. XX ғ. басталған көне ұйғыр ескерткіштерін зерттеу және жариялау жұмыстары әлі күнге дейін жалғасын табуда.*

Резюме: *Для изучения Средней и Восточной Азии в конце XIX - начале XX в. были организованы ряд экспедиций в Центральную Азию, во время которых были изучены сохранившиеся в Восточном Туркестане следы древних цивилизаций. В исследовании Центральной Азии активное участие принимали ученые России, Великобритании, Германии, Франции, Японии и других стран мира. Участникам экспедиции удалось собрать в Восточном Туркестане большую коллекцию предметов старины и огромное количество рукописей. Особую ценность для тюркских народов имеют древнеуйгурские письменные памятники. Исследование и публикация древнеуйгурских памятников, начатые в начале XX в. продолжаются и по сей день.*

Summary: *A number of expeditions to Central Asia were organized in order to study Central and East Asia in the late XIX - early XX century. The traces of old civilizations which preserved in East Turkestan were studied during expeditions. Scientists from Russia, Great Britain, Germany, France, Japan and other countries took an active part in the study of Central Asia. The participants of the expeditions were able to collect a large collection of antiquities and a huge number of manuscripts in East Turkestan. The old Uighur manuscripts are of particular value to the Turkic peoples. Research and publication of old Uighur manuscripts, which begun in the beginning of XX century continue to this day.*

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің арнайы ғылыми зерттелуі Орхон және Енисей өзендері алқабынан көне түркі ескерткіштерінің табылып, даниялық ғалым В.Томсеннің 1893 жылы бұл ескерткіштердегі құпия жазуды оқуымен тығыз байланысты. Мәлім болғандай, XIX ғасырдың соңына қарай Батыста түркітану саласын зерттеуге деген қызығушылық кенеттен артып, түркілерден мұра болып қалған жазба ескерткіштерді зерттеу мақсатында Шығыс Түркістанға ғылыми экспедициялар ұйымдастырыла бастады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жалғасын тапқан экспедицияларға орыс, фин, ағылшын, неміс, француз, жапон және қытай ғалымдары қатысты.

Алайда, өңірге арнайы жасақталған ғылыми экспедициялардан бұрын сапар шегіп, аймақтың тарихи-мәдени маңыздылығына назар аударған және ғылыми еңбектер жариялаған саяхатшылар мен зерттеушілер де болды.

Орталық және Орта Азияны зерттеу жұмыстары чуваш текті ресейлік көрнекті ғалым Н.Я.Бичуриннен (Иакинф, 1777-1853) бастау алады. 1807-1821жж. Қытай елінде болып, құнды материалдар жинақтаған ғалым ғылыми еңбектерін аймақтағы Қытаймен етене байланыстағы Тибет, Түркістан және Моңғолия елдерінің географиялық ерекшеліктері мен саяси жай-күйі, сол арқылы Қытайдың саясаты, жалпы тұрмысы, билігі мен заңдары, әдет-ғұрыптары туралы мәлімет беруден бастады [1]. Ғалымның жарияланған немесе мұрағаттарда сақтаулы жарияланбаған деректерінің бәрі дерлік аудармалары мен географиялық ақпараттарының толық және дәл болуы тұрғысынан әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған аса құнды деректер болып табылады. 1828ж. «Вэй цзан ту ши (Иллюстрациялармен сипатталған Тибет)» атты қытайша еңбекті шолу негізінде жасаған аударма еңбегін жариялады [2]. Осы жылы қытай деректері негізінде Моңғолия туралы толық дерек берілген «Записки о Монголии» атты тағы бір еңбегі жарық көрді [3]. 1829ж. болса «Описание Чжунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии» кітабы жарияланды [4]. Кітапқа қытайдың «Си юй чжуань (Батыс өңірі туралы хикаялар)»; «Цянь Хань шу (Ерте кезең Хань әулеті тарихы)» тарихи хроникасының 96-тарауы; 1777 жылғы «Си юй вэнь цзянь лу (Батыс өңірі туралы естігендер мен көргендер)»; XVIII ғасырдағы Қытайың ресми географиялық деректер жинағы «Дай Цин и тун чжи (Цин ұлы империясының толық гографиялық сипаты)» сынды маңызды дереккөздерінің аудармасы енді. 1851ж. Ғылым академиясының тапсырысы бойынша қытай дереккөздерінің аудармасына негіздеп дайындаған үш томдық «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» атты құнды еңбегі жарық көрді [5].

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов (1835-1865) та 1856ж. Батыс Қытай мен Құлжада, 1858 жылдың қазан айы мен 1859ж. наурыз аралығында Қашқарда экспедициялық сапармен болып,

өңірдің зерттелуіне елеулі үлес қосты. Зерттеушінің сапар барысында жазған күнделігі («Западный край Китайской империи и город Кульджа»), «О Западном крае Китайской империи» және «О торговле в Кульдже и Чугучаке» атты мақалалары маңызды еңбектер болып табылады [6].

Атақты орыс саяхатшысы Н.М.Пржевальский (1839-1888) 1870-1880жж. аралығындағы Орта Азияға төрт рет сапарлап, нәтижесінде жариялаған бірқатар еңбектерінде аумақтың табиғаты, климаты, бедері, жануарлар және өсімдіктер әлемі туралы құнды мәліметтер берді [7].

Сондай-ақ ботаник А.Э.Регельдің Түркістан өңіріне (1876-1879), М.В.Певцовтың Тибетке (1889-1890.), Г.Н.Потаниннің (1876-1877 және 1879-1880жж. Моңғолия мен Туваға, 1884-1886 және 1892-1893жж. Солтүстік Қытайға, Шығыс Тибетке және Орталық Моңғолияға, 1899ж. Үлкен Хинганға), Г.Е.Грумм-Гржимайлоның 1889ж. Шығыс Түркістанның солтүстік аймақтарына, Н.М.Ядринцевтің Солтүстік Моңғолияға (1889), И.Р.Аспелин (1889) мен В.В.Радловтың (1891) Орхон өзені алқабына, В.А.Роборовский мен П.К.Козловтың Тұрфанға (1893-1895) экспедициялары ғылыми тұрғыдан зор маңызға ие [8; 13-25].

1896ж. Ресей географиялық қоғамы В.И. Роборовский мен П.К. Козлов экспедициясының Тұрфан оазисінен алып келген көне қолжазба фрагменттерін Азия музейіне (Ресей Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институтына) тапсырды. А.О.Ивановский мен С.Ф.Ольденбург реттестірген қолжазба үзінділерін 1897 жылдың желтоқсанында В.В.Радлов мұқият қарастырап шықты. Ғалым олардың ішінде көне ұйғыр тілінде жазылған төрт үзіндіге ерекше тоқталып, нақты ақпарат беру үшін көлемі өте шағын екенін айта келе, олардың оқылуы қиын курсивпен жазылған іскерлік жазбалар және каллиграфиялық жазумен жазылған буддизм діні сутралары екендігін атап көрсетті.

Бұл қолжазбалардың табылуы В.В.Радловтың В.Р.Розен және К.Г.Залеманмен бірге Ғылым академиясына Тұрфан оазисіне экспедиция жөнелту туралы өтініш білдіруіне түрткі болады. Радлов әсіресе ұйғыр буддизмі мәдениетінің орталығы болған Ыдықұт (Кочо) аймағында көне түркі ескерткіштерін іздеу қажеттігіне назар аударады.

1898ж. мамыр айының орта шенінде орыс экспедициясы Санкт-Петербургтен жолға шығып, қыркүйек айының басында Тұрфанға келіп жетті. Экспедицияны 1891ж. Радловпен бірге Орхон экспедициясына қатысқан, 1894-1896жж. Е.Н. Клеменцпен бірге Моңғолияда бірқатар дербес экспедициялар жүргізген Д.А. Клеменц басқарды.

Д.А.Клеменц экспедициясының жұмыстары жемісті болды. В.В.Радлов экспедиция барысында табылған жазба ескерткіштерді бес топқа бөлді: а) үңгір ғибадатханалары тастарына сызылған көне түркілік руна жазулары; ә) сарай және ғибадатханалардың қабырға сылақтары бөлшектеріндегі қара және қызыл бояумен жазылған көне ұйғыр жазулары; б) көне ұйғыр тіліндегі буддалық қолжазбалардың үзінділері; в) буддалық ксилограф үзінділері; г) көне ұйғыр тіліндегі шаруашылық құжаттары.

В.И.Роборовский, П.К.Козлов және Д.А.Клеменц тапқан жазба материалдар Азия музейінің көне ұйғыр топтамасының негізін қалады. Бұл топтама 1915ж. дейін экспедициялық зерттеулер нәтижесінде және Шығыс Түркістандағы орыстың лауазымды тұлғалары арқылы толықтырылды. Қазіргі таңда аталмыш музейде 4228 көне ұйғыр қолжазбасы мен қолжазба үзінділері сақтаулы. Ескерткіштердің басым көпшілігін орыс дипломаттары тапсырды: 1907-1909жж. Н.Н.Кротковтың 4070 сақтау бірліктен тұратын қоры қабылданды, 1912ж. Н.Н.Кротковтың орнына консул қызметіне келген А.А.Дьяков Тұрфаннан табылған 28 қолжазба мен қолжазба үзіндісін, 1907ж. Үрімшідегі Ресей консулдығында дәрігер болған А.И.Кохановский 11 көне ұйғыр қолжазбасын тапсырды. Экспедициялардан жиналған қор С.Ф.Ольденбургтың (1909-1910, 1914-1915) және С.Е.Маловтың (1909-1911, 1913-1914) топтамаларымен толықты. Қара-хотодан табылған бір ұйғыр қолжазбасының үзіндісін П.К.Козлов өткізді. Топтаманың негізін буддалық шығармалардың қолжазбалары мен үзінділері құрайды, оның ішінде *Алтун йаруқ, Дышаствустык, Куан-ши-им Пусар* сутраларының толық мәтіндері де бар. Манихей дініне қатысты мәтіндер өте аз мөлшерде жиналған. Оның ішіндегі манихейлердің тәубе айту дұғасы «Хуастуанифт» ескерткіші лондондағы және берлиндегі нұсқаларына қарағанда толығырақ сақталған. Топтаманың негізгі бөлігін Тұрфаннан табылған жиырма екі құқықтық және шаруашылық құжаттары құрайды [9; 50-54].

Ресейлік ғалымдардың Шығыс Түркістанда тапқан көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеп, жариялау ісімен В.В.Радлов пен С.Е.Малов шұғылданды. В.В. Радловтың бұл саладағы алғашқы жарияланымы Клеменц әкелген көне түркілік жазба ескерткіштерден төрт руналық граффити, екі құқықтық құжат және буддалық сутралардың екі шағын үзінді болды: Radloff W. Altuigurische Sprachproben aus Turfan // Nachrichten über die der Kaiserlichen Akademie der Wissenschaften zu St. Petersburg in Jahre 1898 ausgerüstete Expedition nach Turfan. Sankt-Petersburg, 1899. s. 57-83.

«Дышаствустык», «Куан-ши-им пусар», «Алтун йарук» ескерткіштерін де Радлов зерттеп жариялады: W. Radloff, *Tişastvustik, ein in türkischer Sprache bearbeitetes buddhistisches Sutra*, Bibliotheca Buddhica 12, Petersburg 1910; W. Radloff, *Kuan-ši-im-Pusar, eine türkische Übersetzung des XXV. Kapitels der chinesischen Ausgabe des Saddharmapundarika*, Bibliotheca Buddhica14, Petersburg 1911; В.В. Радлов и С.Е. Малов, *Suvarnaprabhasa (Сутра Золотого блеска). Текст уйгурской редакции,* СПб., 1913.

Малов кейінірек *Алтун йаруқ* ескерткішінің ұстазы Радлов бастаған аудармасын аяқтап, жариялады: W. Radloff, *Suvarnaprabhâsa (Das Goldglanz Sutra), Aus dem Uigurischen ins Deutsche übersetzt*, nach dem Tode des Übersetzers mit Einleitung von S. E. Malov herausgegeben, Leningrad, 1930.

1932ж. Малов көне ұйғыр құқықтық құжаттардан төрт мәтін зерттеді: *Уйгурские рукописные документы экспедиции С.Ф. Ольденбурга* // Записки ИВ АН. Вып. 1. Л., 1932. С. 129-149.

Ғалым сондай-ақ 1951ж. жарық көрген «Памятники древнетюркской письменности» атты құнды еңбегінде «Хуастуанифт» ескерткішінің, «Алтун йаруқ» ескерткішінен әмірші Кю-тау және ханзада мен аш барыс туралы екі әңгіменің, христиан дініне қатысты «Әулие абыздардың (волхв) құлшылығы» мәтіні мен сегіз құқықтық құжаттың түпнұсқалық мәтіндерін, транскрипциясы мен аудармасын берді.

Ресейде Радлов пен Малов бастаған көне түркі саласындағы жұмыстарды жалғастырушы түркітанушылар ретінде Л.Ю.Тугушева, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев, С.Г.Кляшторный, В.Г.Гузев, И.В.Стеблева сынды ғалымдарды атауға болады.

В.В.Радлов пен С.Ф.Ольденбург 1899ж. Римде өткен XII Халықаралық шығыстанушылар конгресінде Д.А. Клеменц экспедициясының Тұрфанда қол жеткізген көне ұйғыр және руникалық ескерткіштер, өнер туындылары туралы баяндағаннан кейін ескерткіштерге деген ғылыми қызығушылық арта түсті. Көне ұйғырлардан қалған жазба мұраларды алғаш болып тапқан ресейлік ғалымдар Клеменц экспедициясынан кейін өңірде ғылыми зерттеулер жүргізу мүмкіншілігіне бірден ие бола алмады. Бұл туралы С.Ф.Ольденбург Д.А.*Клеменцтің экспедициясы туралы жазуында*: «Орыс ғалымдарына бұл жолы да, бұрында және осы күні де жиі болып тұратындай, өздері бастаған айтарлықтай жемісті істен уақытша шегінуге тура келді. Ол іс шетелдік, ең алдымен елдерінде экспедицияға қаржы бөлінген неміс ғалымдарға өтті. Тек көптеген жылдар өткен соң, едәуір қолайсыз жағдайларда ғана орыс ғалымдары Д.А.[Клеменцтің] ісін жалғастыруға мүмкіндік алды», — деп жазды [9; 52].

С.Ф.Ольденбург зерттеу ісінің ең алдымен неміс ғалымдарға өткенін айтса да ресейлік ғалымдардан кейін өңірдегі көне ұйғыр ескерткіштерін олжалаған алғашқы еуропалық, мажар текті ұлыбритандық ғалым Марк Аурель Стейн (1862-1943) болды. А.Стейн 1900-1901, 1906-1908, 1913-1916, 1930-1931жж. аралығында өңірге төрт рет сапар шегіп, көне Хотан, Ния, Миран және Лоулань кенттерінде, Дуньхуан мен Тұрфанда, Астана мен Безекликте, Қашқарда жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижесінде көптеген құнды жәдігерлер тапты. Ол экспедицияның толыққанды есебін, саяхат күнделігін, жәдігерлер бойынша ғылыми мақалалар жариялады. Стейн екінші сапарында мың будда үңгірлерінде болып, атақты ғибадатханалық кітапхана қолжазбаларын еліне алып кетті. Осылайша Стейн мың будда ғибадатханасын тұңғыш зерттеген ғалым атағын да иеленді. Стейннің осы жолы үңгірден тапқан 7 мыңға жуық олжасының ішінде буддизм дінінің этикалық және діни мәліметтері туралы жазылған *Секіз йүкмек* «Сегіз үйінді», балгерлік кітабы *Ырк бітіг*, манихей дініне сенушілердің тәубе дұғасы *Хуастуанифт* жазба ескерткіштері, *Аны тег орынларта* «Сондай жерлерде» өлеңі мен Пратия-Ширинің өлеңдері де бар еді. Дат ғалымы В.Томсен, Стейн тапқан көктүрік әріптерімен жазылған көне ұйғыр мәтіндері мен солардың ішінде тілдік ерекшелігі жағынан құнды мәтін болып табылатын *Ырқ бітіг* ескерткішін жариялады: W. Thomsen, Dr. M. A. Stein's Manuscripts in Turkish 'Runic' Script from Miran and Tun-Huang, *JRAS, 1912*, 181-227-бб.

Экпедициялар кезінде табылған мұралар қазіргі таңда Лондон қаласындағы Британ музейінде сақтаулы.

Көне ұйғыр мұраларын зерттеуге ең көп үлес қосқан ғалымдар, еш күмәнсіз, неміс ғалымдар. Неміс ғалымдардың Тұрфанға алғашқы ғылыми сапары 1902 жылдың қыркүйек айында жүзеге асты. Бұл сапарды Альберт Грюнведель (1856-1935) басқарды. 1903 жылдың наурыз айына дейін жалғасын тапқан экспедиция барысында Тұрфанда (Ыдықұт, Безеклик, Сенгім, Тұйық), Тоқсұн, Қарашар, Кочо, Құмтұры, Қызыл, Ақсу, Тұмшұқ, Маралбашы және Қашқарда зерттеу жұмыстары жүргізілді. А.Грюнведель 1905ж. экспедиция жұмыстарының нәтижесі бойынша есеп жариялады [10]. Орталық және Шығыс Азияны зерттеу комитеті басталған жұмысты жалғастыруға кеңес берді. Осыдан кейін Германия Шығыс Түркістанға тағы да үш экспедиция ұйымдастырды. Екінші экспедицияға Альберт фон Лекок (1860-1930) басшылық етті. Экспедиция 1904 жылдың қараша айынан 1905 жылдың

қараша айына дейін Тұрфанда, Яр-Хото, Сенгім және Безеклікте болып, Қашқарға бағыт алды. Желтоқсан айында аймаққа А.Грюнведель бастаған үшінші неміс экспедициясы келіп жетті. Екі экспедиция бірлескен жұмыстарын 1907 жылдың маусымында тәмәмдады. Ғалымдар Тұрфанның батыс аймағын, соның ішінде Қызылдағы үңгір ғибадатханаларын, Тұмшұқ, Кочо, Құмтұры, Кірішті, Қорла кенті маңайындағы Шікшін ғибадатхана кешенін зерттеді. Екінші және үшінші экспедиция жұмыстарының нәтижесін Грюнведель 1912ж., Лекок 1926ж. жариялады [11]. Неміс ғалымдарының Тұрфанға жасақтаған соңғы, төртінші экспедициясы 1913 жылдың маусымында басталып, 1914 жылдың ақпанында аяқталды. Лекок басшылық еткен экспедиция Кочо аймағында қазба жұмыстарын жүргізді. Экспедиция жұмысының есебін Лекок 1928ж. жариялады [12].

Экспедициялар кезінде табылған мұралар әуелі Берлиндегі Халықтану музейіне тапсырылды. Мәтіндер кейін, 1914ж. Корольдік пруссия академиясына, 1946ж. Германия ғылым академиясына жіберілді. 1992ж. Берлин Бранденбург академиясына көшірілген Тұрфан топтамасының иран бөлімінде шамамен 4700 мәтін, қытай бөлімінде 6000 мәтін, түркі бөлімінде 8000 мәтін сақталған. Көне ұйғыр тілінде жазылған ескерткіштерді алғаш болып үш неміс ғалымы Альберт фон Лекок, *Мюллер* Фридрих Вильгельм Карл, Вильям Банг зерттеді. Бұл ғалымдар ұйғыртану саласының Германиядағы құрушылары болды.

Мюллер өзі зерттеген мәтіндерді *Uigurica* деген атаумен 3 еңбек етіп жарыққа шығарды: Uigurica. I. APAW, 1908; Uigurica II. APAW, 1910; Uigurica III. APAW, 1922.

Мюллердің тірі кезінде бастаған төртінші еңбегін А. фон Габен тәмәмдады: Müller F.W.K.-Gabain von A. Uigurica IV. SPAW, 1931, XXIV, 675-727-бб.

Манихей дініне қатысты мәтіндерді Лекок зерттеп, *Manichaica* атты серияда жариялады: Le Coq A., von. *Türkische Manichaica aus Chotscho I: APAW* 1911 *Anhang*, Berlin 1912, II: *APAW* 1919; III: *APAW* 1922.

В.Банг шәкірті А. фон Габенмен бірге мәтіндерді *Türkische Turfantexte* атауымен жариялай бастады. Алғашқы бес кітап Банг және Габен тарапынан жарық көрді: Bang W. und A. von Gabain, Türkische Turfantexte. I. SPAW, 1929, XV, 241-268-бб.; II. SPAW, 1929, XXII, 411-429-бб.; III. SPAW, 1930, XIII, 183-211-бб.; IV. SPAW, 1930, XXIV, 432-450-бб.; V. SPAW, XIV, 1931, 323-356-бб. 1934ж. жарияланған алтыншы кітаптың зерттелуінде бұл ғалымдарға түрік түркітанушы Р.Р.Арат қосылды: Bang, W.-A. von Gabain und Rachmati, G.R. Türkische Turfantexte VI. Das buddhistische Sūtra Säkiz Yükmäk. Berlin, SPAW, 1934, X, S. 93–192-бб. Банг дүниеден озғаннан кейін жетінші кітапты Арат жалғыз өзі жариялады: G.R. Rachmati, Türkische Turfantexte. VII. APAW, 1936, № 12. Осыдан кейін Ұлы отан соғысының шығуына байланысты басылым тоқтап қалды. Соғыстан кейін осы топтама аясында тағы үш еңбек жарық көрді:

Gabain A. von. Türkische Turfantexte. VIII. Texte in Brāhmīschrift. ADAW, Berlin 1954.

Gabain A. von, und W. Wınter. Türkische Turfantexte IX. Ein Hymnus an den Vater Mani auf “Tocharisch” B mit alttürkischer Übersetzung. Berlin 1958.

Gabain A. von. Türkische Turfantexte. X. Das Avadāna des Dämons Ātavaka. Bearbeitet von Tadeusz Kowalski. Berlin 1959.

Банг бастаған *Türkisch Turfantexte* сериясы тоқтап, арадан 12 жыл уақыт өткеннен кейін 1971ж. неміс ғалымдар Джордж Хазаи және Питер Цим Берлиндегі көне ұйғыр, тохар, қытай, моңғол және тибет тілдерінде жазылған жазбалардың жарияланымын *Berliner Turfantexte* атауымен жалғастырды. Қазіргі күгі баспасы Бельгияда орналасқан топтама шеңберінде бүгінге дейін жарияланған 38 кітаптың 21-інде көне ұйғыр ескерткіштері қарастырылды [13; 289]:

I: Hazai, Georg-Peter ZIEME. *Fragmente der uigurischen Version des »Jin’gangjing mit den Gāthās des Meisters Fu« nebst einem Anhang von Taijun Inokuchi*. 1971.

II: Röhrborn, Klaus. *Eine uigurische Totenmesse. Text, Übersetzung, Kommentar*. 1971.

III: Tezcan, Semih. *Das uigurische Insadi-Sūtra*. 1974.

V: Zieme, Peter. *Manichäisch-türkische Texte*. 1975.

VII: Kara, Georg-Peter ZIEME. *Fragmente tantrischer Werke in uigurischer Übersetzung*. 1976.

VIII: Kara, Georg-Peter ZIEME. *Die uigurischen Übersetzungen des Guruyogas »Tiefer Weg« von Saskya Paṇḍita und der Mañjuśrīnāmasaṃgīti*. 1977.

IX: Tekin, Şinasi. *Maitrisimit nom bitig. Die uigurische Übersetzung eines Werkes der buddhistischen Vaibhāṣika-Schule. 1. Teil: Transliteration, Übersetzung, Anmerkungen. 2. Teil: Analytischer und rückläufiger Index*. 1980.

XIII: Zieme, Peter. *Buddhistische Stabreimdichtungen der Uiguren*. 1985.

XVIII: Zieme, Peter. *Altun Yaruq Sudur. Vorworte und das erste Buch*. 1996.

XX: Zieme, Peter. *Vimalakīrtinirdeśasūtra. Edition alttürkischer Übersetzungen nach*

Handschriftenfragmenten von Berlin und Kyoto. Mit einem Appendix von Jorinde Ebert: Ein Vimalakīrti-Bildfragment aus Turfan. 2000.

XXI: Wilkens, Jens. *Die drei Körper des Buddha (trikaya). Das dritte Kapitel der uigurischen Fassung des Goldglanz-Sūtras (Altun Yaruk Sudur) eingeleitet, nach den Handschriften aus Berlin und St. Petersburg herausgegeben, übersetzt und kommentiert.* 2001.

XXIII: Zieme, Peter. *Magische Texte des uigurischen Buddhismus*. 2005.

XXV: Wilkens, Jens. *Das Buch von der Sündentilgung. Edition des alttürkisch-buddhistischen Kšanti Kilguluk Nom Bitig*. 2007

XXVI: Kasai, Yukiyo. *Die uigurischen buddhistischen Kolophone*. 2008.

XXVIII: Yakup, Abdurishid. *Prajñāpāramitā Literature in Old Uygur*. 2011.

XXIX: Kasai, Yukiyo. *Der alttürkische kommentar zum vimalakirtinirdesa-sutra*. 2011.

XXXIII: Oda, Juten. *A Study of the Buddhist Sūtra called Säkiz. Yükmäk Yaruq or Säkiz Törlügin Yarumiš Yaltrümiš in Old Turkic*. 2015.

XXXIV: Shōgaito, Masahiro-Setsu FUJISHIRO-Noriko OHSAKI-Mutsumi SUGAHARA-Abdurishid YAKUP 2015: *The Berlin Chinese texte U 5335 written in Uighur Script: A Reconstruction of the Inherited Uighur Pronunciation of Chinese*

XXXVI: Yakup, Abdurishid. *Altuigurische Aparimitāyus-Literatur und kleinere tantrische Texte*. 2016.

XXXVII: Wilkens, Jens. *Buddhistische Erzählungen aus dem alten Zentralasien Edition der altuigurischen Daśakarmapathāvadānamālā* 3 vol., 1688 p., 250 b/w ill., 250 b/w tables. 2016.

XXXVIII: Kasai, Yukiyo-Hirotoshi OGIHARA. *Die altuigurischen Fragmente mit Brāhmī-Elementen*. 2017.

Жарияланымдардан байқалып тұрғандай, неміс ғалымдары көне ұйғыр саласы бойынша XX. ғасырдың басында бастаған ғылыми зерттеу жұмыстарын әлі күнге дейін жалғастыруда.

Шығыс Түркістан аймағында орыс, ағылшын, неміс ғалымдарымен қатар француз ғалымдар да зерттеу жүргізді. Атақты синолог Поль Пеллио (1878-1945) басқарған француз экспедициясы 1906 жылдың тамыз айында Қашқарға келіп жетті. Алты ай жалғасқан қазба жұмыстары барысында көптеген қолжазба олжаланып, алдымен Үшмерван, Ескішахр, Хан-үй, Каптархона, Теджурман, Топатим және Топашахр ескерткіштері, артынша Тұмшұқ, Кочо маңайы зерттелді. Дулгур-Охурдағы зерттеулерде 200 қытай қолжазбасы үзіндісі, брахми жазуымен жазылған қолжазбалар табылды. Субаши аумағында ағашқа жазылған санскритше жазулар, құжаттар, тохар тілінде жазылған тақтайша сынды құнды деректер табылды. 1908ж. А. Стейн барып кеткен Дуньхуанға, мың будда үңгірінде жан-жақты зерттеулер жүргізді. Пеллио үңгірлерде қытай, тибет, ұйғыр, санскрит тілдерінде жазылған он мыңдаған қолжазба, жібек, кенеп матаға, қағазға кескінделген суреттер табу мәртебесіне ие болды. 1908 жылдың қыркүйегінде зерттеу жұмыстарын аяқтаған Пеллио бірқатар мәтіндер мен құжаттарды, мүсіндер мен жібекке кескінделген суреттерді алып, еліне оралды. Қайтар жолда, Пекинде бірнеше қолжазбаны қытай ғалымдарына табыс етті. Осының нәтижесінде қытайдың ғылыми қауымы Дуньхуан үңгір кітапханасының маңыздылығына көз жеткізіп, арнайы комитет құрды. Комитет үкіметті кітапханадағы қалған мұраларды Пекинге әкелдіруге көндірді. Соның нәтижесінде 1910ж. кітапхананың бір бөлігі Пекинге көшірілді. Қазіргі таңда Қытайдың ұлттық кітапханасының Дуньхуан қоры шамамен 16 мың сақтау бірліктен тұрады.

Поль Пейо 1908ж. ішінде адал және арам ниетті екі ханзада Калянамкара мен Папамкара туралы әңгімеленген ескерткіш те бар жазбаларды Парижге алып келді. Калянамкара мен Папамкара ескерткішін француз ғалымдар зерттеді: Cl. Huart, Le Conte bouddhique des deux frères, en langue turque et en caractères ouïgours, *Journal Asiatique XI, серия III, қаңтар-ақпан 1914,* 5-57-бб; P. Pellıot, La version ouigoure de l'histoire des princes Kalyānamkara et Pāpamkara, *T'oung Pao 1914,* 225-272-бб; J. R. Hamılton, *Le Conte bouddhique du bon et du mauvais prince en version ouigoure,* Paris 1971.

Француз экспедицияларының Францияға алып келген мұралары қазір Париж қаласындағы ұлттық кітапханада сақтаулы.

Өңірде батыстық ғалымдармен қатар жапон ғалымдар да зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жапондардың алғашқы экспедициясы 1902-1904жж. жасақталды. Отани Кодзуи, Ватанабэ Тэссин және Хори Кэньюден құралған экспедиция әуелі Хотанға тоқтап, осы жерде қазба жұмыстарын жасаған соң Кочоға барып, Қызыл және Тұрфан ескерткіштерін зерттеді. Экспедиция Жапонияға қолжазбалар топтамасы мен өнер туындыларын алып барды. Экспедициялардың екіншісі 1908-1909жж., үшіншісі 1910-1914жж. жүзеге асты. 1912ж. Дуньхуандағы зерттеулер кезінде өнер туындылары мен 400-ден астам қолжазбаға қол жеткізілді.

Жапондық ғалымдар тапқан жазба ескерткіштер қазіргі күні Киото қаласындағы Рюкоку университетінде сақтаулы.

Орталық және Орта Азияға жасақталған орыс, ағылшын, неміс, француз, жапон, қытай экспедициялары жұмыстары нәтижесінде көне түркілерден қалған мұралардың зерттеліп, жарыққа шығарылды. Бұл салада еңбек еткен ғалымдар әлемдік ғылымға баға жетпес зор үлестер қосты. Көне ұйғыр тілімен жазылған ескерткіштерді зерттеу жұмыстары ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Ғалымдардың салаға деген қызығушылықтарының нәтижесінде жүргізіліп келе жатқан ғылыми жұмыстарының бұдан кейін де жалғасын табары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Статистическое описание Китайской империи. С приложением географической карты на пяти стр. В 2-х ч. Ч. 1. СПб., 1842. С. 3-4.

2. Описание Тибета в нынешнем его состоянии. - СПб.: Тип. Имп. Восп. Дома, 1828. - 255 с.

3. Иакинф (Бичурин Н.Я.) Записки о Монголии. - Т. I. Часть I и II. XII, 230, [2] с.; 5 л. илл. Т. II. Часть III и IV. VI, 339, [2] с.; 1 карта.

4. Описание Джунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии / Пер. с китайск. монаха Иакинфа. СПб., 1829. ч. 1-2. 230.

5. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. СПб., 1851.

6. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 2 / АН Каз ССР.- Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985.- 422 с.

7. Пржевальский Н.М. Отъ Кяхты на истоки Желтой ръки, изслъдованіе съверной окраины Тибета и путь черезъ Лобъ-Норъ по бассейну Тарима. СПб., 1888. 560 с.

8. Попова И.Ф. Российские экспедиции в Центральную Азию на рубеже XIX— XX веков / Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX — начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: издательство «Славия», 2008. 244 с, ил. С. 11-39.

9. Кляшторный С.Г. Древнетюркские памятники рунического письма из Восточного Туркестана / Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX — начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: издательство «Славия», 2008. 244 с, ил. С. 50-64.

10. Grünwedel A. Bericht über archäologische Arbeiten in Idikutschari und Umgebung im Winter 1902–1903. München 1906 (Abhandlungen der Bayerischen Akademie der Wissenschaften, I. Kl., XXIV Bd., I. Abt.).

11. Grünwedel A. Altbuddhistische Kultstätten in Chinesisch Turkistan. Auf Hellas Spuren in Ostturkistan. Bericht über archäologische Arbeiten von 1906 bis 1907 bei Kuča, Qarašahr und in der Oase Turfan. Berlin 1912.

12. Le Coq, A. v. Von Land und Leuten in Ostturkestan: Berichte und Abenteuer der 4. deutschen Turfanexpedition. Leipzig 1928.

13. Ölmez M. Köktürkçe ve Uygurca Dersleri / İstanbul, Kesit Yayınları, 2017. 566 б.

14. Айдаров Ғ. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. Толықт., өңд. екінші басылым. - Алматы : Раyан, 1991. - 136 б.

15. G. Hazai, Berlin'de Turfan Yazmaları Üzerinde Çalışmalar, TDAY-Belleten 1971, Ankara 1971, 11-20-бб.

16. Ata A.-Tulum M.M. Uygur Türkçesi. Eskişehir, Anadolu Üniversitesi, 2013. 89 б.

17. Попова И.Ф. Первая Русская Туркестанская экспедиция С.Ф.Ольденбурга (1909-1910) // Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX - начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: Славия, 2008. С. 148-157.

18. Попова И.Ф. Первая Русская Туркестанская экспедиция С.Ф.Ольденбурга (1914-1915) // Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX - начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: Славия, 2008. С. 158-175.

19. Тугушева Л.Ю. Экспедиции в Центральную Азию и открытие раннесредневековых тюркских письменных памятников // Российские экспедиции в Центральную Азию в конце XIX - начале XX века / Сборник статей. Под ред. И.Ф. Поповой. СПб.: Славия, 2008. С. 40-49.

20. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. 451 с.

21. Чугуевский Л. И. Дуньхуановедение // Письменные памятники Востока / Историко-филологические исследования. Ежегодник 1968. М.: Наука, ГРВЛ, 1970. С. 241-259.

22. Немецкие экспедиции в Турфан http://uyghurtoday.com/2017/04/14/nemetskie-ekspedicii-v-turfan/

Фазылжанова Анар Мұратқызы
филол.ғ.к., А. Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты директорының орынбасары
e-mail: nar20@bk.ru

Мейрбекова Ақерке Жаңабекқызы
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінің лингвистика мамандығының 2 курс магистранты, e-mail: akerkezhanabekqyzy@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОМОФОРМАЛАРДЫҢ (“ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІГІ” МАТЕРИАЛЫ БОЙЫНША) ТҮРЛЕРІ

Түйін. *Мақалада тіл білімінің жаңа саласы болып табылатын корпустық лингвистиканың күрделі мәселелерінің бірі омонимия құбылысы қарастырылады. Автор омонимдерге таптастырылым жасап, оны тілдік корпуста омонимдерді ажырату үдерісінде қалай пайдалануға болатыны туралы сөз қозғайды.*

Резюме. *В данной статье рассматривается вопрос омонимии в корпусной лингвистике, в новом направлении языкознания. Автор предлагает свою классификацию омонимов и пути использования ее в процессе снятия омонимии в языковом корпусе.*

Summary. *This article is dedicated to the problem of homonymy in corpus linguistics, in a new direction of linguistics. The author proposes his classification of homonyms and ways of using it in the process of removing homonymy in the linguistic corpus.*

Омоним (гр. *homos* – біркелкі, onyma – есім) – шығуы жағынан да, мағына жағынан да басқа-басқа, айтылуы және жазылуы бірдей сөздер[1]. Омонимия мәселесі – теориялық лингвистикаға ғана емес, қазіргі кездегі қоғам сұранысына қарай it-қосымшалардың тілдік базасын жасайтын қолданбалы лингвистика, атап айтсақ, компьютерлік лингвистика, корпустық лингвистика саласындағы ізденістер үшін де кезек күттірмей шешімін табу керек күрделі проблема болып отыр.

Корпус – әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын аннотацияланған электрондық мәтіндер жинағы[2, 13]. Корпустың жай мәтіндер жинағынан басты айырмашылығы оның аннотациялануында. Демек қандай корпус болмасын, оны жасауда ең алдымен морфологиялық белгіленім қою мәселесі шешіледі. Морфологиялық деңгейде аннотацияланған корпус сөзформаның қандай бөлшектерден тұратынын айқындауды мақсат етеді. Міне осы жерде омоним сөздер мәтіндер корпусын морфологиялық деңгейде толықтай аннотациялауда едәуір қиындық келтіретін “проблемалық аймаққа” жатады. Оған себеп компьютер формалды құрылымдарды ғана түсінеді, ал сөзформаларды мағыналық жағынан ажырата алу әзірге тек адамның қолынан келеді. Корпус үлкен массивті мәтіндер жинағы болғандықтан кездескен барлық омонимдерді қолдап, адамның қатысуымен ажырату өте ұзақ уақыт алады, көп қол күшін талап етеді, сондықтан мұны шешудің бірден-бір жолы компьютерді омонимдерді ажырата алуға “үйрету” болып табылады.

Біздің зерттеуіміз – корпустық лингвистикада омонимдерді ажырату мәселесіне арналған тырнақалды ізденістің бірі. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен омонимдердің түрлерін анықтап, олардың таптастырылымын жасау керек. Қазақ тіліндегі омонимдерді жан-жақты зерттеген ғалым К. Аханов түрлі критерийлерге байланысты оларды өзінше таптастырды. Мәселен, омоним болатын сөздерді құрамына қарай түбір және туынды деп екіге бөледі: “Құрамын ажыратып әрі қарай бөлшектеуге келмейтін сөздерден (түбірлерден) жасалған омонимдерді түбір омонимдер деп, ал құрамын ажыратып қарауға болатын, яғни түбірге жұрнақ жалғану арқылы жасалған омонимдерді туынды омонимдер деп атауға болады”[3, 97].

Түбір омонимдерге мысал келтірсек:

Әр I (зт) сырт, ажар, көрік, шырай. *Жап-жасыл жерден әр қашты, Жығыла берді жапырақтар.* (Ә.Т)

Әр II (ес) өз алды, жеке-жеке, әрбір. *Әр елден келін келер, әр түрлі ырым етер.* (Мақал)

Қазақ тілінде түбір омонимдер көптеп кездеседі, олар әсіресе бір буынды не екі буынды болады. Туынды омонимдердің де кездесу жиілігі түбір омонимдермен парапар. Олар аффикстер жалғану арқылы жасалады:

Құлық I (зт) айлакерлік, арамдық.*Ұрлық пенен құлықты. Қызық көрер, өңі енер.* (Абай)

Құлық II (зт) байтал кезінде құлындаған бие. *Итбайдың және бір әдеті: ... ылғи құлық биелерді байлататын.* (С.М)

Туынды омонимдер көбіне омоним-аффикстердің көмегімен жасалады. Осы жерде кішкене шегініп, омоним-аффикстерге тоқталсақ. Ахмеди Ысқақов омонимдес аффикстерге мынадай анықтама береді:

“Жұрнақтардың ішінде дыбысталуы (айтылуы) және таңбалануы (жазылуы) бірдей болғанымен, негізгі мағыналары да, туынды мағыналары да бір-бірімен байланыспайтын, ұштаспайтын, тіпті басқа-басқа бір алуан жұрнақтар бар. Ондайлар омоним жұрнақтар деп аталады”[4,36]. А. Ысқақов омоним жұрнақтар қатарына мыналарды жатқызады: -ық (-ік, -к, -қ, -ақ, -ек); -ын (-ін, -н); -ыт (-іт, -т); -ыл (-іл, -л); -ыс (-іс, -іс); -лас (-лес, -дас/-дес, -тас/-тес); -ыр (-ір, -ар/-ер); -лық (-лік, -дық/-дік) және т.б. [5, 32].

К. Аханов омонимдердің таптастырылымында олардың мағыналық жақтарын да, грамматикалық формаларын да ескеріп, құрылымдық ерекшеліктеріне қарай таптастырып, үш үлкен топқа бөледі: 1) лексикалық омонимдер; 2) лексика-грамматикалық омонимдер; 3) аралас омонимдер.

Лексикалық омонимдер лексикалық мағынасы жағынан басқа, дыбысталуы жағынан бірдей сөздер. Бұл – олардың лексикалық белгісі. Грамматикалық белгісі – олар мүмкін болған барлық формаларында бір-бірімен омоним болады. Мысалы, **тамақ** – I. *анатомиялық атау;* II. *ас, тағам* сөздерінің синонимі. Ғалым лексикалық омонимдерді өз ішінде зат есімнен болған және етістіктен болған деп екіге бөледі.

Лексика-грамматикалық омонимдер де мағынасы жағынан әрбасқа лексикалық бірліктер, тек олар барлық формаларында емес, кейбірінде ғана бір-бірімен омонимдік қатар түзеді. Мысалы, **қаз** – I. *құстың бір түрі;* II. *іс-қимыл түрі, =ой* деген мағынада. Бұл сөздер тек түбір формаларында және *-ды* омонимдес аффикс жалғанған кезде омоним болады. Лексика-грамматикалық омонимдер деген терминмен омоформалар термині қатар қолданылады. К. Аханов омоформалардың бірнеше түрін бөліп көрсетеді:

1) Зат есім – етістіктен құралған лексика-грамматикалық омонимдер:
көш, той, көр, қыс, ұста.
2) Сын есім – етістіктен құралған лексика-грамматикалық омонимдер: *құла, торы, қара.*
3) Сын есім – етістіктен құралған лексика-грамматикалық омонимдер: *сен, міне.*
4) Зат есім – сын есімнен құралған лексика-грамматикалық омонимдер: *арық, жазық, тең.*

Аралас омонимдер деп лексикалық омонимдер мен лексика-грамматикалық омонимдердің қатарласып келуінен болған көп компонентті омонимдерді айтамыз. Мысалы, “ат” сөзі жылқыға байланысты атаудың бірі және “есім” деген мағыналарында зат есім болып, барлық формаларында бір-біріне омоним, ал етістік мағынасындағы “ат” сөзімен тек түбір формасында омонимдік қатар құрайды.

Біздің зерттеуде осы таптастыруға сүйеніп, қазақ тіліндегі омоформалардың түрлерін жаңаша таптастыруға талпыныс жасалды.

Классификацияға жекелеп тоқталмас бұрын, омоформаларды таптастырудың, яғни олардың түрлерін анықтаудың өзектілігіне ден қойған жөн деп саналды. “Көп мағыналы сөздердің де, омоним сөздердің де сыңарларының мағынасы контексте ажыратылып, олардың тілде өмір сүруі ойдың түсінікті болуына кедергі жасамайды. Кейде бір сөйлемде бірнеше омонимдер қатар қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда да олардың мағынасы сол сөйлемдегі басқа сөздермен байланысынан ашық, айқын ажыратылып, ойдың түсініктілігіне нұқсан келмейді”[3,36], яғни омонимдерді ажырату адам үшін еш қиындығы жоқ үдеріс. Жоғарыда атап өткеніміздей, компьютер тек формалды құрылымдарды ғана түсінеді, сондықтан адам мидағы автоматты түрде іске асатын омонимдердің дұрысын таңдау үдерісін арнайы формулалар арқылы компьютер түсінетін “тілге” аудару керек. Ол үшін ең адымен бар ақпаратты жүйелеу керек, яғни белгілі бір критерийлерді, қағидаттарды басшылыққа ала отырып, ақпаратты талдау, синтездеу керек. Зерттеу нысанымызға лексикалық емес, лексика-грамматикалық омонимдерді, яғни бізше айтқанда омоформаларды ғана алуымыздың да өз себебі бар. Формалды белгілері бойынша ажыратылатындар омоформалар (лексика-грамматикалық омонимдер) болғандықтан, ізденіс осыларды ажырату алгоритміне арналды. Бұл туралы профессор А. Жұбанов: “Бір сөз табына жататын омонимдерді (лексикалық омонимдер) ажыратудың формалды белгісі жоқ деуге болады” деп көрсетеді. Бұл лексикалық омонимдерді автоматты түрде ажырату мүмкін емес дегенді білдірмейді, тек мұнда басқа амал, басқа тәсіл керек. Оны ғалым “... бірақ белгілі бір тіркесімділік ретіне қарай анықтауға болады” деп тағы түсіндіріп кеткен. Мұндайда бір сөз табына жататын омонимдердің тіркесім қоршауын тұрақты модельге сап, тіркесім сөздігін жасау қажет” [2,296] деп ойын түйеді.

Сонымен, омоформаларды ажырату тәжірибесі туралы айтсақ, “Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі” материалы негізінде қазақ тіліндегі омоформалардың таптастырылымы жасалды. Ең

жиі кездесетін сөздердің арасынан барлығы 402 омоформаларды [6] грамматикалық сипаты бойынша 20 түрлі типке (1 кестені қараңыз) таптастырдық.

1 кесте: Қазақ тіліндегі омоформалардың түрлері

1. **ЕТ/ЗТ**	1. екеуі де нөлдік формада: *күл, ат, шық, ой, бала, сана* т.б.	3. **ЗТ/СН**	-ты, -ті, -ды, -ді: *қышқылды, гүлді* т.б.
	2. ЕТ **vs** ЗТ/жс: *атта, арықта, орында, жетекте, шыңда* т.б.		СН **vs** ЗТ/бс: *қысқа, басқа* т.б.
	3. ЕТ/-**vs** ЗТ/-ма(-ме, -ба, -бе, -па, -пе): *баспа, кеспе, сынама* т.б.	4. **ЕТ/СН**	ЕТ/-а -е -й **vs** СН/-дай (-дей, -тай, -тей): *айдай*
	4. ЕТ/жөш **vs** ЗТ/тс: *жатты, жазды, басты* т.б.		ЕТ/-у **vs** СН/-лау (-леу, -дау, -деу, -тау, -теу): *анықтау* т.б.
	5. ЕТ/-у **vs** ЗТ/-у: *құттықтау, табу, қалау, тарау* т.б.		ЕТ/жөш+жж(Ік) **vs** СН/-тық (-тік, -дық, -дік): *қыстық* т.б.
	6. ЕТ/-а -е -й **vs** ЗТ: *бөле, жуа, таға, аға, жаға* т.б.		-ты, -ті, -ды, -ді: *байланысты* т.б.
	7. ЕТ/-ыс -іс -с **vs** ЗТ: *жиналыс, шабыс, арпалыс, ұмтылыс* т.б.	5. **ЕТ/ЕС**	*міне. сен*
	8. ЕТ **vs** ЗТ/тс: *аңды*	6. **ЗТ/ЕС**	*әр, біз, ана*
	9.ЕТ **vs** ЗТ/шс: *қолдан, орыстан* т.б.	7. **СА/ЕС**	*бір, біреу*
	10. ЕТ **vs** ЗТ/бс: *қорға, жалға*	8. **ШЛ/ЕС**	*мен, не*
	11.ЕТ/жөш+жж(Іжақ;кт) **vs** ЗТ/-тық (-тік, -дық, -дік): *аштық, қалдық*	9. **YС/ЗТ**	*тек, жай, анада, желе*
	12. ЕТ/-ып -іп -п **vs** ЗТ: *талап, тарап, қалып, сынып* т.б.	10. **ЕТ/КЕ**	*үсті, асты, алды*
	13. ЕТ/-у+шы/ші(фқ) **vs** ЗТ: *оқушы, зерттеуші, сатушы* т.б.	11. **ЗТ/СА**	*бесті*
	14. ЕТ/-шы/ші(фқ) **vs** ЗТ: *басшы, қосшы, көрші, енші* т.б.	12. **ЕТ/YС**	-а -е -й: *аса, іше, өте* т.б.
	15. ЕТ **vs** ЗТ/тж(III): *жері, тасы, қасы, ұлы* т.б.		-ған (-ген, -қан, -кен): *асқан*

	16. ЕТ/-ын -ін -н **vs** ЗТ/тж(III)+тс: *тілін, асын* т.б.	13. **ҮС/СА**	*бірге, онда*
	17. ЕТ/-ыл -іл -л **vs** ЗТ: *құрал, тоқыл, қаптал, қамал* т.б.	14. **ЕТ/ШЛ**	*де, ал, қой, қана*
	18. ЕТ/-мақ (-мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек) **vs** ЗТ: *оймақ, ілмек*		
	19. ЕТ/-ыт іт -т **vs** ЗТ: *бөгет, үгіт*	15. **ЗТ/ШЛ**	*бойы, арқасында, сайын*
	20. ЕТ/-ар -ет -р **vs** ЗТ: *жанар, қатар, асар* т.б.	16. **СН/ШЛ**	*сайын, жайлы*
		17. **ЗТ/КЕ**	*жаны*
2. **ЕТ/ЗТ/ СН**	-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе: *қызба, аспа, екпе, түрме* т.б.	18. **СН/ЕС**	*соны*
	-ты, -ті, -ды, -ді: *атты, басты* т.б.	19. **ЕТ/МД**	*тиіс*
	-у: *бітеу, қадау, асау* т.б.	20. **ЗТ/ЗТ**	*жылға*
	-сыз, -сіз: *орынсыз, гүлсіз* т.б.		

Осы таптастырылымда ең жиі кездесетіні – 1 түрі, яғни тіліміздегі етістік пен зат есім түрлі формаларында бір-бірімен омоним болу мүмкіндігі өте жоғары. 2, 3, 4 түрлер салыстырмалы түрде көп ұшырасады. Етістік пен үстеудің бір-бірімен омоформа болуы да қалған түрлерімен салыстырғанда жиірек (1 диаграмманы қараңыз) кездеседі.

1 диаграмма

Мұндай жиілігін шығарып, статистикалық мәліметтерді алу жұмысы омоформалардың қай түріне баса назар аудару керек екенін анықтауға, жалпы корпуста омоформаларды ажыратудың дәлдігін арттыруға көмектеседі. Диаграммадан көрініп тұрғандай, тілімізде зат есім мен етістіктен жасалған омоформалар барлық омоформалардың жартысынан да көп үлесті құрайды. Сол себепті де осы омоформаның жұбына тереңірек талдау жасалынды. Етістік пен зат есім түрлі формаларында бір-бірімен омоформа құрайды және оларды ортақ белгілеріне қарай таптастыруға болады. Олардың 20 түрі бөліп көрсетілді (1 кестені қараңыз).

Осы таптастырылымды қазақ тілінің ұлттық корпусында, морфологиялық белгіленім қоюда қалай пайдалануға болады деген сұраққа жауап іздеп, мынадай ұсынысқа тоқталдық. Морфологиялық белгіленім қоюда омоним сөздердің төмендегі белгілері негізге алынады: 1) сөздің сөйлемдегі орын тәртібі, яғни орны; 2) сөздің қоршаудағы тіркесімділігі (дистрибуциясы); 3)сөзге жалғанатын сөз түрлендіруші тұлға; 4)сөздің соңында немесе алдында тұрған тыныс белгісі [2, 294]. Аталған белгілер арқылы омоформалардың әр түріне алгоритмдер жасалады. Омоформаны ажырату үшін кейде бір белгі жеткілікті болуы мүмкін, кейде барлық белгісін де ескеру қажет болады. Мысалы, етістік нөлдік формада және зат есім жатыс септігінде болатын омоформаны келесі алгоритммен ажыратуға болады:

I. Х – етістік, егер:

- соңынан тек етістікке жалғанатын қосымшалар келсе: *Біз (қазақ) капитал дәуірін* ***аттап*** *өтеміз бе?* (*Ақбілек,* Жүсіпбек Аймауытов)
- -ды -ді -ты -ті омоним морфема келсе: *Меңтай үнсіз екі-үш* ***аттады.*** (*Махаббат қызық мол жылдар,* Әзілхан Нұршайықов)
- сөйлем соңында келсе: етістік болу мүмкіндігі жоғары: *Алды жарық, арты тұйық, ештеңеден қаймықпай, жаңа дүние, жаңа ғұмырға нық* ***аттаған****.*
- ***II. Х – зат есім, егер:***
- сөйлемнің басында, ортасында келсе: зат есім болу мүмкіндігі жоғары: ***Атта*** *жал, адамда қам жоқ, қыс көзі қырауда деп елдің қамын ойлаған боласың, Тәуке!* (*Көшпенділер. 3: Қаһар,* Ілияс Есенберлин)
- -ғы, -гі, -ғыдай, -гідей қосымшалары жалғанса: *"Жарайды. Біз барамыз сендерге" деп,* ***аттағы*** *сарбаздарына тездетуді бұйырады.* (*Хан мен құмырсқалар ертегісі*)
- ***бірақ***
- -ғысы, -гісі жалғанса: 1) етістік – кел ("кеп"-келіп) көмекші етістігімен тіркессе: *Осындай үстірт түсініктер бел алған соң, қазақ әдебиетінің әрідегі дәуіріне ешкім де* ***аттағысы*** *келмейтін;* 2) 1 пункт орындалмаса зат есім: *Боз* ***аттағысы*** *сонау тоғыз батпан шоқпарын таяқ сілтегендей үйірілтіп ойнап барады.* (*Көшпенділер. 3: Қаһар,* Ілияс Есенберлин) [7]

Осылайша омоформалардың мүмкіндігінше барлық түріне арнап олардың формалды белгілеріне қарай алгоритмдер құрылса, корпуста омонимдерді ажырату ісін автоматтандыруға болады. "Нұсқаулықтар көп болған сайын да морфологиялық талдауыштар (анализаторлар) жұмысы жақсара түседі, автоматты талдаудың шынайылығы арта береді"[2, 297]. Қазіргі уақытта А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында осы мәселе бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *https://kk.wikipedia.org/wiki*
2. *Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: "Қазақ тілі" баспасы, 2017. – 336 б.*
3. *Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. – Алматы: Қазмембас, 1658. – 128 б.*
4. *Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2 басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.*
5. *Сүйінкина П. Омонимдес бірліктер туралы. // Қазақстан мектебі. – 2013. -№9. -31-33 б.*
6. *Фазылжанова А.М. Сөздіктің құрамы, құрылысы мен статистикасы // Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2016. – 8-55 бб.*
7. *Алматы қазақ тілі корпусы http://web-corpora.net/KazakhCorpus*

ӘӨЖ 82-1 (574)

Мүтиев Зинулла Жақсылықұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, ***E-mail:*** zinulla_mutiev@mail.ru

Мұхамбетова Жангүлім Өтепбергенқызы
педагогика ғылымдарының магистрі, М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ: ҒҰМАР ҚАРАШ – АҚЫН, ОЙШЫЛ-ФИЛОСОФ

Түйіндеме: *Мақалада әдеби өлкетанудың көрнекті өкілі, ақын, қайраткер Ғұмар Қараштың шығармашылығына талдау жасалады. Ақынның ағартушылық, көкейтесті әлеуметтік мәселелерді жырлауы, дәуір келбеті, қоғам шындығы, замана жайына көзқарасы оның туындыларына шолу жүргізіле қарастырылады.*

Тірек сөздер: *көркем әдебиет, классик ақын, көрнекті ағартушы, ойшыл-философ, өлең-жырлар, ұлт болашағы, ұрпақ тәрбиесі, ел татулығы, тәуелсіздік, азаттық.*

Резюме: *В статье анализируются творчество выдающегося представителя литературы, поэта и общественного деятеля Гумара Караша. Проведен обзор произведений с точки зрения поэта-просветителя, рассматривающие социально-значимые проблемы, реальность общественной жизни и облик того времени.*

Ключевые слова: *художественная литература, поэт-классик, видный деятель, мыслитель-философ, поэзия, будущее страны, согласие в мире, независимость, свобода.*

Summary: *The article analyzes the work of an outstanding representative of literature, poet and public figure Gumar Karash. A review of the works from the point of view of the poet-enlightener, examining socially significant problems, the reality of public life and the image of that time was conducted.*

Key words: *fiction, classic poet, eminent person, thinker-philosopher, poetry, the future of the country, consent in the world, independence, freedom.*

Қазақтың ХХ ғасырдың басындағы әдебиет әлемінде шыншыл туындыларымен дара жол салған, отарлауға ұшыраған жылдар қасіретін, рухани құлдыраған ұлт тағдырын бүгінгі ұрпақтың жүрегіне жеткізе білген кемел суреткер, көрнекті ағартушы, ұлтжанды классик ақынның бірі - Ғұмар Қараш.

Оның сыршыл поэзиясы, мағыналы жыр-толғаныстары, мәнді мақалалары бүгінде қазақ әдебиетінің шоқтығы биік шығармалары қатарынан лайықты орын алып отыр. Шебер суреткердің қаламгерлік қуаты, шығармашылық шабыты ұлан-ғайыр жерімізді келер ұрпаққа аманат еткен ата-баба киесін, ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық мінезді бар жан-тәнімен сезіндіреді.

Ғұмар Қараш өмірі мен шығармашылық мұрасына зерттеу жүргізу 1939 жылы өткен Қазақстан жазушыларының екінші съезінің шешімімен жаңаша бағыт ала бастады. Оған дейін жазушы Ғ. Мүсірепов 1924 жылы 24 наурызда «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Қисықсынға әділ төре» [1] атты мақаласында Ғұмардың өмірі туралы қысқаша мәліметтер көрсетеді.

Н. Манаев 1934 жылы «Шәңгерей. Өлеңдер жинағы» [2] деген еңбегін жариялап, Шәңгерей мен Ғұмар Қараштың өлеңдеріне салыстырмалы талдаулар жүргізеді.

Сол секілді С. Мұқанов та 1932 жылы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» [3] монографиялық еңбегінде ақынның таңдаулы еңбектеріне тың талдау жасайды.

Ал Е. Ысмайылов 1940 жылы баспадан шыққан 9–сыныпқа арналған «Қазақ әдебиетінің» [4] арнайы хрестоматиясының II бөлімінде ақынның бірнеше өлеңдерін жарыққа шығарады. Ғұмар ақынның өмір жолы мен шығармашылығы тұрғысында алғаш мәліметтер келтіріп, пікір білдірген ғалым да осы Е. Ысмайылов болды.

Ғалым М. Ысмағұлов «Ғ. Қарашевтің тәлім-тәрбие туралы пікірлері» [5] атты мақаласында Ғұмар ақынның педагогикалық ой-пікірлерін сарапқа салады.

А. Нұрқатов «Абайдың ақындық дәстүрі» [6] деп аталатын еңбегінде ақын өлеңдерінің көркемдік қырына үңіледі.

Кейіннен әдебиетші және тарихшы ғалымдар Қ. Сыдиықов, И. Кенжалиев, С. Өзбекұлы, А. Ысмайылов, Б. Тайырова, С. Аққұлұлы, Р. Жанғожин, С. Созақбаев т.б. зерттеу еңбектері тәуелсіздік жылдарында Ғұмар Қарашты жаңаша танытудағы ізденістер қатарынан орын алады.

Ал Мақсат Тәж-Мұраттың «Біз білмейтін Ғұмар Қараш» [7] аталатын мақаласы Ғұмар ақынның өмірі мен әдеби мұрасының, қоғамдық қызметінің беймәлім тұстарынан сыр шертуден басталып,

кейіннен үлкен ізденіске ұласты да «Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы» [8] атты іргелі де толыққанды зерттеу кітабын дүниеге әкелді.

Ұлтжанды ақын Ғұмар Қараш 1875 жылы «Қырқұдық, Борсы – көліміз, Іргелі мынау еліміз» [9, 149-б.] – деп өзі жырға қосқан бұрынғы Бөкей Ордасындағы Борсы жерінің Қырқұдық мекенінде, қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданына қарасты елді мекенде дүниеге келген. Жеті жасында әкесінен жетім қалып, ағайындарының қолдауымен ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашады. Ғұмар Жазықов, Ысмағұл Қашқари сынды молдалардан, Ғұбайдолла Ғалікеев хазіреттен білім алып, ұстазының қолынан куәлік алады. Жас кезінен оқуға ынталы, білімге құштар Ғұмар 1902-1910 жылдары Тіленшісай, Борсы мекеніндегі, Шәңгерей ауылындағы балаларды оқытып, өмір жолын жаңа бағытқа бұруға талпынады. Ақынның өзге тілдерді еркін меңгеріп, қазақ ақын-жазушыларының құнды шығармаларымен сусындап қана қоймай, орыс, шығыс әдебиеттерімен танысуы ақын бойына өлең-жырға, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Әдебиеттанушы-ғалым Мақсат Тәж-Мұрат «Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы» атты монографиялық еңбегінде: «Ғұмардың руы – Кіші жүз құрамына кіретін Ноғайқазақ. Ноғайқазақ іштей: Қостаңбалы, Қазанқұлақ, Үйсін, Қояс дейтін төрт арысқа бөлінеді. Ғұмар соның Қоясы. Қоястан – Оразақай, Қанай, Жолай, Әжі туады. Оразақайдан – Нияз, Жылмамбет, Бозай. Нияздан – Жәңгір ханның он екі биінің бірі, ханды Исатай-Махамбет көтерілісі кезінде құтқарып қалды делінетін Шомбал туады. Бозайдан тоғыз ұл көрген. Соның үлкені Наурызәліден Қараш, Жанарыстан, Биарыстан, Қабан туған. Қараштан бес бала – Арыстанбек, Рақила, Оспан, Ғұмар, Сыдық» [8, 4-б.] – деп ақынның ата-тегін, түп тамырын нақты көрсетіп береді.

Бұл тұста Ғұмардың ата тегінен, туған мекенінен хабардар ететін «Ноғайлы» өлеңі де:

Ноғайлы ер туысқан елім екен,
Кір жуып, кіндік кескен жерім екен.
Суы бал, оты – секер қайран Борсы,
Ордалық кең орнаған көлім екен.
Қайыспас қабырғалы қалың жұртым,
Дұшпанға қарсы тұрар белім екен.
Сыйласып сыр сақтаған азаматтар,
Ағайын арасында желім екен.
Ел іші – алтын бесік, тербеген гүл,
Жүрекке салған желі керім екен [9, 147-б.]

- ақынның ноғайқазақ руынан шыққандығына, кіндік қаны тамған туған жерінің, қалың қазақ жұртының, қайсарлық қанына біткен ұлтының қамын ойлап, шындығын жырлар рухты перзенті болғандығына айқын дәлел бола алады.

Көрнекті ақын өлең жазуда қоғамның шынайы келбетін сипаттауды, келер ұрпақты білім мен ғылым жолына бағыттауды мақсат етіп қояды. Билік өкілдері мен ауқатты, бай шонжарларды мадақтауды, басшылар мен дін иелеріне жағымпаздануды ар санаған, мүлдем жақтамаған ақын қоғамның ащы шындығы турасында қалам тербеуге, батыл сөз айтып, ескерусіз қалған мәселелерді алға тартуға, заман ақиқатын деш өзгеріссіз дәл сол қалпында жеткізуге тырысады. Асқақ рух пен адамгершілікті, шынайылық пен мейірімділікті, адалдық пен тазалықты ту қып ұстаған және де өз халқының келешектегі тағдырына, келер ұрпақтың болашағына бейқам қарай алмаған ұлтжанды ақынның Қазан төңкерісінен соң туындаған қоғамдық-саяси өзгерістерге жат көзқараспен қарағаны, сан түрлі әлеуметтік бұрмалаушылықтарға наразы болғандығы, биліктің озбыр әрекеттеріне қарсы күрес ашқаны белгілі.

Ақын ұрпағыңды – құлға, аруыңды – күңге айналдырардай заманның туғанын, қолдан келсе жаншып тастауға дайын тұрған биліктің үстемдік құрғанын тілге тиек етеді. Осы тұста С. Ботпайұлының «Ғұмар Қараш және Алаш идеясы» атты мақаласындағы: «Қай істе болмасын дос пен дұшпанын айыратын Алаш перзентінің мерейі қашан да үстем, өзгелерден еңселі болуы үшін оқу-білімнің тереңдігі, береке-бірліктің жоғарылығы, ұлттық сана-сезімнің асқақтығы, саяси бағыт-бағдардың айқындығы, қоғамдық және діни имандылық ұстанымдарының нақтылығы қажет. Осындай іргелі шарттарға иек артқан, оны ұстанған ұлттың алар асуы, шығар биігі де зәулім болмақ» [10] – деген пікірі ойымызды нақтылай түседі.

Ақын ұлт мүддесін, замана күйін жырлаудағы өзіндік ой-пікірін «Қазаққа» өлеңінде одан әрі жалғай түседі. Ұлан-ғайыр атырабы, кең байтақ жері бар, дала толы кені бар, шежірелі тарихы, ержүрек ұрпағы, жалынды жыршысы, орақ ауызды, от тілді шешені бар қазақ ұлтының заман ағымына үнсіз ілесіп, жайбарақат, мамыражай күн кешіп жүргеніне таңданысын білдіреді.

Бес қарыс бетегелі жерім бар-ды,

Бұрқырап шығып жатқан кенің бар-ды...
Көк етті, көн терілі көш бастаған,
Шекелі, күшті қошқар ерің бар-ды,
Кетсе де ердің құны, нардың пұлы,
Инабат ерге біткен сенім бар-ды [9, 149-б.]

- дейді туған елінің тағдырына алаңдаған, халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған Ғұмар ақын. Ұлтының басына түскен ауыртпалықтарға, қилы кезеңге қамыққан ақын, азаматтық, адами көзқарастарын білдіріп, жалынды жырлары, тебіреніске толы толғаулары арқылы қалың жұртқа басу айтады. Тарихтың сұрапыл заманындағы қазақ ұлтын сынағысы келген қатерлі өткелден зардапсыз өту кезінде ұлттың бірлігімен, халықтың ауызбіршілігімен жүзеге асатын нақты іс қана мақсатқа жеткізетінін еске салады.

Келгенде жабырқама бұл кезіңе,
Құлақ сал бастап жүрген ер сөзіне...
Қорғалап, кібіртіктеп кейін қалма,
Жау болма тар заманда өзді-өзіңе.
Қамықпа, қарайлама ілгері жүр,
Батыл бас аяғыңды, бақ көзіңе,
Көзіңді аш, есіңді жый, жәйды байқа,
Саф алтын ауыстырма сары жезіне [9, 149-б.].

Осы бір жыр жолдары арқылы ақын бейқам жатқан жұртына қозғау салады, өткенді артта қалдырып алға қарай ұмтылуға, ел арасында бірлікті сақтап, жұмыла еңбек етуге, білім мен ғылым жолында батыл әрекет жасап, нық қадам басуға үндейді. Келер ұрпақтың тәрбиесі мен болашағы, халқымыздың игілігі үшін Жер-анамызды ешбір елмен, өзге ұлтпен бөліспей, қазба байлықтарымызға өзіміз еге болып қалу жайын мақсат етіп қояды. Осы тұрғыдан келгенде Ғұмарды ойшыл-философ деп қарастыруға болады. Отанды қорғау, ұлтты сақтап қалу секілді маңызды мәселелерді қоғамдық деңгейге көтеріп, жұмыла әрекет етуге шақырады.

Ғұмар ақын күш көрсету, озбырлық арқылы орнаған биліктің халық арасында теңдік пен азаттық орнатуындағы алғашқы қадамдарының қоғамдық даму заңдылығына кері әсерін тигізетіндігін және өзгені таптап, жаныштау арқылы орнатқан бостандықтың мәңгілік болмайтынын ұран етеді. Сол себептен әр ұлт өз жерінде, өз елінде мемлекет құрып, билік орнатып, сара жол қалыптастыру қажеттігін алға тартады. Дұрыс бағыттан ауытқып, жолынан адасып, дүние қуған, байлыққа мастанған топтарды сынға алады.

Ұжмақ көктен жерге енбек емес,
Мезгілсіз бірнәрсе де келмек емес:
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.
Табиғат заңы, жолы өзіне хас,
Ешкімнің жетегіне жүрмек емес:
Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы,
Көрінген о бір сағым көзіңе елес.
Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасаң,
Жындыға айтар сөз жоқ құрып кеңес [11].

Ақынның осы бір «Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы» деген азаматтық рухқа толы өлеңін қазақ ұлтына қозғау салар, ұрпаққа бағыт көрсетер нағыз ұлағатқа толы жыр деуге болады.

Ғұмар ақынның шығармашылық дүниетанымының қалыптасу жолында жыраулық дәстүрдің, Бұқар, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Мұрат, Махамбет сынды жыраулар поэзиясындағы ұлттық идеялардың әсерін тигізгендігі айқын аңғарылады.

Ортағасырлық жыраулық дәстүрдің аса көрнекті өкілдерінің бірі Шалкиіз Тіленшіұлы өлең-толғауларында ерлік, батылдық, адамгершілік, Отанды сүю, ұлт мүддесін қорғау сынды тақырыптар тереңнен қозғалады. Жалындыжыраудың өлең-жырларымен сусындаған Ғұмар ақынның туындыларынан жыраулық дәстүрдің ұшқындарының көрініс табуы да белгілі жағдай. Оған дәлел ретінде Шалкиіз Тіленшіұлы «Асқар, асқар, асқар тау» толғауын:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан шырлап ұшып қона алмас,
Бүркіттен қыран құс болмас,
Баулуы жетпей бөрі алмас [12, 76-б.]

- деген жыр жолдарымен бастап, қоғамдағы жаман мен жақсыны айыра сипаттап, тебіреніске толы жыр шумақтары арқылы қалың жұртшылыққа рухани күш береді. Ғұмар ақын «Замана жайынан» өлеңін осы бір дәстүрге сүйене отырып:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқар таудан жоғары,
Асып едің, ер қазақ.
Жортуылдай жорытып,
Ор қояндай орытып,
Жер шетіне аяғың
Басып едің, ер қазақ [9, 36-б.]

- деп толғайды. Бұл толғауында да ақын қалың оқырманын сол кезгі заман жайынан, дәуір тынысынан, халық тағдырынан, биліктегілердің пасық әрекеттерінен, тірліктің сұмдық көріністерінен хабардар етеді. Өткеннің жайсаң күндерін аңсай отырып, келешегінен зор үміт күткен қазақ ақынының азаматтық сарыны анық байқалады. Ғұмар ақынның аталмыш толғауының екінші бөліміндегі:

Аспанды бұлт құрсайды,
Құрсағанын байқасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Ғаламға барша нұр берген,
Аспандағы жарық жалғыз күн.
Нұры күңгірт тартады
Оны да байқай қарасаң,
Қараңғылық қаптап сәулесін,
Тұтылғанға ұқсайды [9, 37-б.]

- деген жыр жолдары Шалкиіз жыраудың «Би Темірге айтқан бірінші толғауындағы»:

Аспанды бұлт құрсайды -
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды -
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды [12, 78-б.]

- деген өлең өрнегімен үндестікте екендігі сыртқы пішінінен де, ішкі мазмұнынан да анық байқалады. Бұл тұста екі ақын да қазақ халқының басына төнген қауіпті нұры күңгірт тартқан күннің, көк аспанды құрсауына алған бұлттың бейнесі арқылы шынайы көрсеткісі келген. Еркін қонысынан, көк орай жерінен, асқар белінен айырылғалы тұрған халқының жайын жырлаған қос ақын да мамыражай заманды, тәуелсіз күндерді аңсайтыны сөзсіз.

Жалпы алғанда Ғұмар Қараш өлеңдері ақын өмір сүрген дәуірдің шындығын, саяси-әлеуметік мәселелерін қозғай білуімен және ұлт мүддесін көксеген, тәуелсіздікті, азаттықты аңсаған идеялық мұрат-мақсатымен құнды саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Мүсірепов Ғ. Қисық сынға әділ төре // Еңбекші қазақ. 1924 жыл, 24 наурыз
2.Манаев Н. Шәңгерей. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 77 б.
3.Мұқанов С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. – 360 б.
4.Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті (9-сыныпқа арналған хрестоматия). – Алматы, 1940 жыл
5.Ысмағұлов М. Ғ. Қарашевтің тәлім-тәрбие туралы пікірлері // Қазақстан мұғалімі. 1959 жыл, 21 мамыр
6.Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966 жыл
7.Тәж-Мұрат М. Біз білмейтін Ғұмар Қараш // Орал өңірі. 1991 жыл, 9 сәуір
8.Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 384 б.
9. Қараш Ғ. Замана. Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
10.www.abai.kz Ботпайұлы С. Ғұмар Қараш және Алаш идеясы. 2011 жыл 27 тамыз
11.www.adebiportal.kz Қараш Ғ. «Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы»
12.Бес ғасыр жырлайды. I том. Алматы: Жазушы, 1989 жыл

Нұрманова Гүлжайна
Сулейман Демирель атындағы университет, магистр, оқытушы

Нұржанова Айсұлу
Сулейман Демирель атындағы университет, ф.ғ.к., ассоц.проф.

ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ МЕҢГЕРТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ
(қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың А1 деңгейі бойынша)

Аңдатпа: *Мақалада қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда лексикалық минимумдарды меңгерту үшін қолданылатын тиімді инновациялық технологиялар сөз болады. Оның ішінде жаңа сөздерді меңгерту мен бекіту тапсырмалары тіл үйренушілердің қызығушылықтарын арттыратын Quizlet және сөз атауы мен мағынасын бейнежазбалар арқылы жандандыра түсіндіретін Aurasta бағдарламаларының тиімділіктері баяндалады.*

Кілт сөздер: *лексикалық минимум, инновация, қарапайым деңгей, әдіс-тәсілдер.*

Аннотация: *В докладе основное внимание уделено необходимости изучения лексических минимумов в методике преподавания казахского языка, как иностранного и эффективных инновационных технологий, используемых при обучении. А также говорится о таких программах, как Quizlet и Aurasma, с помощью которых можно развить словарный запас учащийхся, повысить их интерес к языку, объясняя название и смысл посредством видеозаписи.*

Ключевые слова: *лексический минимум, инновация, начинающий уровень, методы.*

Summary: *The report focuses on the need to study lexical minimums in the methodology of teaching the Kazakh language, as a foreign language and about effective innovative technology used in teaching. And also talking about programs such as Quizlet and Aurasma, with which we can develop the vocabulary of pupils, increase their interest in the language, explaining the name and meaning through video recording.*

Key words: *lexical minimum, innovation, beginner level, methods.*

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда кез келген тақырып бойынша лексикалық минимумды меңгерту үшін сөйлеу әрекеттері (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) басшылыққа алынатыны белгілі. Лексикалық минимумды тиімді меңгерту тіл үйренушінің күнделікті қарым-қатынастағы сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Лексикалық минимум қазақ тілін меңгертудің әр деңгейіне сәйкес сөздер мен сөз тіркестерін қамтып, әр деңгейдің лексикалық минимумы жүйелілік, дамытушылық коммуникация және нәтижелілік принциптеріне негізделеді.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум тіл үйренушіге қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, әртүрлі жағдаяттарда тілдесу тақырыбына байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану қабілеттерін қалыптастыруына ықпал етеді. Минимумдар лексикалық сатылар негізінде құрастырылған және мағыналары және тақырыптары бойынша топтарға бөлінген. Барлық сатылардың мазмұны белгілі бір реттілікпен бірін-бірімен жүйелі байланыстырылады.

Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді. Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет.

Сондай-ақ, базалық деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесу жағдаяттарына және қоршаған өмірге байланысты сөйлеу коммуникациясында пайдаланылатын сөздерді дұрыс қолдануды талап етеді.

Орта деңгейдің лексикалық минимумы сөйлесім жағдаяттары мен қоршаған өмірге сәйкес тақырыптардың стилистикалық бірліктерін әдеби нормаларға сәйкес дұрыс қолдануды үйренуге бағытталған.

Ортадан жоғары деңгейдің лексикалық минимумы әртүрлі сөйлесім жағдаяттары мен әлеуметтік өмірден алынған белсенді сөздер мен сөз тіркестерін әдеби стиль бойынша дұрыс пайдалануына көмегін тигізеді.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әртүрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған [1, 11].

Аталған деңгейлерден қарапайым деңгейге арналған лексикалық минимумдарды алып отырмыз. Қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеруде бұл деңгей негізгі іргетас болатыны белгілі. Тілдегі негізгі бірліктерді меңгертуде қажетті инновациялық әдіс-тәсілдерге тоқталар болсақ:

Тақырыпқа сай лексикалық минимумдарды меңгертуде ұсынылатын алғашқы инновациялық әдіс – **Quizlet компьютерлік бағдарламасы**. Quizlet бағдарламасы бойынша алдымен, лексикалық тақырыпқа қатысты сөздермен таныстыру жұмыстары жүргізіледі, сонымен қатар жаңа сөздердің дұрыс жазылуына, дыбыстардың дұрыс айтылуына аса мән беріледі. Алдын ала тіл үйренушіге лайықталған сөздерді бағдарламаға енгізіп, түрлі тапсырмалар орындату арқылы тіл үйренушінің сөзді жаттау, жазу дағдылары қалыптасады. «Уақыт» лексикалық тақырыбына байланысты апта күндері жаңа сөздер ретінде ұсынылды (1-сурет). Алдыңғы сабақтарда сан есімдердің есептік, реттік түрлері меңгерілгеннен кейін екінші тілді қолданбай жаңа сөздерге қазақша түсініктеме берілді. Бұдан бөлек, келесі лексикалық минимумдарды меңгертуде суреттер немесе сөздердің аудармалары да қолдануға болады.



1-сурет

Апта күндерінің атауларының айтылуын, жазылуын білгеннен кейін аталған минимумдарды меңгертуде түрлі тапсырмалар жасалады. Алғашқы тапсырма берілген сұраққа дұрыс жауапты таңдау (2-сурет), көрсетілген сипаттамаға сәйкес сөзді тауып, дұрыс жазу (3-сурет) тапсырмалары арқылы тіл үйренушілердің жаттау, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруға болады.



(2-сурет),



(3-сурет)

Сонымен қатар, Quizlet бағдарламасы арқылы берілген жаңа сөздердің дұрыс қолданысын меңгертуге арналған тест тапсырмаларын (4-сурет), сөздерді аудармасымен немесе мағынасымен сәйкестендіру тапсырмаларын (5-сурет) құрастыру арқылы білімді бекіту жұмыстарын жүргізуге болады.

4-сурет. 5-сурет

Quizlet бағдарламасының лексикалық минимумды меңгертудегі қолданылатын ең тиімді тапсырма түрі – гравитация. Тартылыс күшімен түскен сипаттамаларға тиісті сөздерді (немесе ұғымды білдіретін сөздерді) белгіленген уақытта жазып үлгеру талап етіледі (6-сурет).



Сонымен қатар, аталған бағдарлама бойынша тапсырмаларды тек жекелей емес, жұптық және топтық жұмыс түрінде ұйымдастыруға болады. Live батырмасын басып, бағдарлама ұсынған парольді ұялы телефонға не планшетке енгізу арқылы сілтемеге өтіп, белгіленген топтармен бірге тапсырмаларды орындалады.

Қорыта келгенде, Quizlet бағдарламасы – лексикалық минимумдарды меңгертуде тиімді тәсіл. Лексикалық тақырыпты қамтитын жаңа сөздерді суреттермен, орфоэпиялық норма бойынша айтылыммен, балама сөздермен, түсініктемелерімен беріп, сол сөздер бойынша сегіз түрлі тапсырма түрін жасауға болады. Әр тапсырма түрі тыңдалым, айтылым, грамматика және жазылым әрекеттері негізінде құрастыры-лып, түрлі құзыреттіліктерді қалыптастырады.

Лексикалық минимумды меңгертуге қажетті келесі бір әдіс – **Aurasma бағдарламасы.** Бұл инновациялық әдістің негізгі мақсаты – арнайы кеспе қағаздарда берілген сөздерді сөйлету арқылы сөздік қорды байыту. Жалпы кез келген лексикалық тақырыпты қамтитын жаңа сөздерді түсіндіруде

арнайы кеспе қағаздардың суреттері беріліп, ал сөз мағынасын түсіндіруде Aurasma бағдарламасы арқылы дауыс не бейнежазба енгізілген. Aurasma бағдарламасы негізінен жарнамалық мақсатта суреттерді, журнал беттерін, көпшілік қолданатын объектілерді жандандыруға арналған қосымша. Ал оқу үдерісінде тіл үйренушілерге жаңа сөздерді меңгеруге мүмкіндік береді. Алдымен жаңа сөздің мағынасын ашатын сурет не балама сөз жасалған кеспе қағаздар әзірленеді. Дайын кеспе қағаздарға Aurasma бағдарламасында арнайы түсірілген немесе дайын бейнежазбалар енгізіледі. Ұялы телефон, планшет арқылы дайын кеспе қағаздар бетінен бейнежазбаларды көре аламыз. Мысалы, «Қоғамдық көліктер» тақырыбы бойынша жедел жәрдем көлігін, «Жемістер» тақырыбы бойынша жүзім мысал ретінде алынды (7-сурет, 8-сурет).

Әр тіл үйренуші жедел жәрдем көлігі, жүзім суреті берілген кеспе қағазға өз ұялы телефонының экранын түсіріп, арнайы дайындалған бейнежазбаны көре алады. Бұл әдіс лексикалық тақырыпқа қатысты жаңа сөздердің атауын ғана біліп қоймай, сөздің ұғымын, қолданысын, шынайы өмірмен байланысын түсінеді. Aurasma бағдарламасы арқылы лексикалық минимумдарды меңгертуде белгілі педагог Коменскийдің сөзімен айтсақ, дидактиканың алтын ережесі саналатын көрнекілік әдісінің мақсаты орындалады.

Қорытындылай келе, кез келген тілді үйретудегі маңызды мәселе – сөйлеу, коммуникациялық жағдаятқа сай өз ойын білдіру. Ал, сөйлеуде, комментарий жасауда бай сөздік қор қажеттілігі белгілі. Сондықтан, қазақ тілін үйрету әдістемесін лексикалық минимумды дәстүрлі, сонымен қатар ақпараттық технология дамыған ғасырда инновациялық әдіс-тәсілдердің көмегімен меңгерту жолдарын дамытуды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова «Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері», Алматы, 2001.*
2. *Құрманбаева Ш.Қ. Қазақ тілін жеделдете оқыту: теориясы мен әдістемесі: монография. – Өскемен, 2012. – 278 б.*
3. *Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. - Алматы, 2000. -194 с.*

Интернет ресурстар

1. www.quizlet.com
2. www.aurasma.com

УДК:81:372.881

Нұриманов Бекарыс Тілегенұлы
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақ әдебиеті кафедрасының PhD докторанты
bekarysnuriman@gmail.com

«ҚҰТАДҒУ БІЛІКТЕГІ» ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШІЛІК

Түйін: *Мақала Қараханид дәуірі әдебиеті Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінің өлең құрылысын және көркемдік ерекшелігін зерттеуге арналған. Тақырыпты тереңірек қарастыру мақсатында «Құтадғу біліктің» факсимилесі және Р.Р.Арат жасаған латын әрпіндегі транскрипциясы пайдаланылады. Ондағы сөздердің мағынасын ашу үшін жолма-жол аудармасы жасалып, мәтіндік тұрғыдан талданады.*

Кілт сөздер: *Құтадғу білік, Жүсіп Баласағұн, өлең құрылысы, бәйіт, қара өлең, көркемдік ерекшелік.*

Резюме: *Настоящая статья посвящена анализу стихосложения и художественной особенности книги Жусипа Баласагуна «Кутадгу билик», написаннойв эпоху Караханидов. Для более глубокого разбора темы использовались факсимильная версия книги «Кутадгу билик» и ее транскрипция на латинском языке, выполненная Р.Р.Аратом. Подстрочный перевод позволил раскрыть значение слов и выполнить анализ текста.*

Ключевые слова: *Кутадгу билик, Юсуф Баласагун, стихосложение, баит, частушка, художественная особенность.*

Summary: *This article is dedicated to the analysis of versification and artistic feature of "Kutadgu bilik" by Yusuf Balasagun written in the era of the Karakhanids. A facsimile version and Latin transcription by R.R. Arat have been used for a deep analysis of the topic.*

Key words: *Kutadgu bilik, Yusuf Balasagun, versification, beyit, couplet, artistic feature.*

Қараханид дәуірі әдебиеті – көне түрік дәуірінен бастау алған қазіргі қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы бір кезеңі екені белгілі. Сондықтан, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымында өлең құрылысы және көркемдік эстетика мәселесін қарастырғанда сол дәуір жәдігерлерінің, оның ішінде «Құтадғу білік» атты Жүсіп Баласағұнның еңбегін зерттеудің маңызы зор. Өйткені, ол тілі кестелі, көркемдік бояуы қанық көркем туынды. Жүсіп ақын шығармасында көне түрік дәуірінен бері жалғасып келе жатқан өлең формаларымен қатар, шығыс әдебиетінің үлгілерін де қатар қолданады. Бұл жерде ерекше айтатын мәселе, ол Шығыс әдебиетінен формалық жағынан үлгі алғанмен дүниетаным тұрғысынан көне түрік болмысына басымдық береді. Поэтикалық бітіміне келгенде ақынның эстетикалық талғамы терең, қиялы ұшқыр, көркемдік ойлау жүйесі кең екені байқалады. Аталған мәселені кеңінен қарастыру үшін «Құтадғу біліктің» түпнұсқа мәтіні мен латын әрпіндегі транскрипциясын қатар беріп, оның жолма-жол аудармасын пайдалану маңызды. Сондықтан зерттеудің мақсаты «Құтадғу біліктегі» өлең құрылысын және көркемдік ерекшелігін талдау.

«Құтадғу біліктегі» өлең құрылысы. Жүсіп Баласағұнның 1069 жылы жазылған «Құтадғу білік» еңбегінде өлеңнің үш түрлі үлгісі кездеседі. Олар: бәйіт, қара өлең және шұбыртпалы ұйқаспен өрілген толғау. Екі жолды өлең өлшемі қазақ әдебиеттану ғылымында «бәйіт» делінсе, Түркия әдебиеттану ғылымында «месневи» деп аталады. Әдебиеттанудың терминдер сөздігінде Ө. Күмісбаев: «бәйіт – қос тармақты өлең шумағы, өлеңнің ырғақтық негізі бір тармақ емес, қостармақ деп саналады» [1, 105 б.] десе, «мәснәуи – қосарланған деген мағынада араб, парсы, түркі тілді әдебиеттердегі қос тармақты шумақ қолданылатын өлең түрі» [1, 225 б.] деп анықтама береді. Түптеп келгенде екеуінің мағынасы да, өлшемі де бірдей. «Құтадғу біліктің» негізгі бөлігі екі жолдан ұйқасып отыратын осы бәйіт үлгісінде жазылған. Құрылысы **аа бб вв гг** болып өріледі. Сондай-ақ, өлеңнің бұл өлшемі Шығыс поэзиясында кеңінен тараған мәлім. Демек, Жүсіп Баласағұн ислам дінімен бірге келген Шығыс әдебиетіндегі өлең үлгісін қолданған. «Құтадғу біліктің» факсимилесіне назар аударғанда, мынадай бәйіт үлгісін көруге болады.

(1251-1253 бәйіттер) [2, 52 б.].

Мысалға келтірілген бұл бәйіттердің латын әрпіндегі транскрипциясы төмендегідей:

ayur oğluma boldı köŋlüm bütün
bayat fazlı birle tirilgil qutun.
çin aymış uquşluğ körü bar bu söz
anıŋ manisi bil yiti qıl bu köz.

bayat kimke berse uquş ög bilig,
qamuğ arzularqa yetildi elig [3, 143 б.].

«Құтадғу білікте» бас-аяғы 13 290 жол өлең бар десек, оның 12 484 жолы қос тармақты ұйқаспен өрілген, яғни, 6242 бәйіт бар деген сөз. Демек, шығарма негізінен осы өлшеммен жазылған. Алайда, бәйіттермен қоса арасында көне түрік әдебиетінен бері жалғасып келе жатқан байырғы қара өлең үлгісі (**ааба**) де кездеседі. Ол туралы А.Егеубаев: «Әдетте егіз жолмен түсіп отырған шумақтар ара-арасында кәдімгі қара өлең ұйқасымен бүтін төрт жолдыққа ауысады. Себебі, автор белгілі бір философиялық ойын айтқаннан кейін оны бір ғұламаның, ақсақалдың, аты мәлім ғұлама не батырдың сөзінен үзінді келтіріп, бекітіп отырады» [4, 32 б.] деп айтқан. Ол «Құтадғу біліктің» Ферғана нұсқасында былайша көрініс тапқан.

(2487-2488 бәйіттер) [2, 94 б.].

haciblıqqa aşnu bu on neŋ kerek
yiti köz qulaq saq köŋül keŋ kerek.
yüzi körki bod til uquş ög bilig
qılınçı bularqa tükel teŋ kerek [3, 162 б.].

(1247-1248 бәйіттер) [2, 52 б.].

aziz ol aziz kim azizlarqa iz
anıŋdın tegir iz aziz emdi qız
uçuzka ağır ol kiçigke uluğ
yavuzka yöleki bedükke ediz [3, 143 б.].

«Құтадғу білікте» төрт қатардан құралған, құрылысы **ааба** болып келетін 139 шумақ яғни, 556 жол өлең бар. Бұлардың барлығын Жүсіп Баласағұн өзіне дейінгі «ақын, ғұлама, бек, би, батыр және тағы басқалардың сөздері» деп, сілтеме ретінде береді. Сонымен қатар, шығармада шұбыртпалы ұйқаспен өрілген толғау өлеңге де орын берілген. Құрылысы **аа ба ва га...** деп кете береді.

yorığlı bulıt teg yegitlikni ıdtım,
tüpi yel keçer teg tiriglik tükettim.
isizim yegitlik isizim yegitlik,
tuta bilmedim men seni terk qaçıttım.
yana kelgil emdi yegitlik maŋa sen,
ayada tutayın ağı çuz töşettim.
isiz bu yegitlik kanı kança bardı,
tilep bulmadım men neçe me tilettim (6521-6524 бәйіттер) [3, 644 б.].

Шығармада шұбыртпалы ұйқасты өлең 250 жолды құрайды және жеке-жеке тақырыпшамен үш бөліктен тұрады. Ол негізгі шығарма біткеннен кейін соңында ғана кездеседі. Яғни, Жүсіп ақын оны өзінің қорытынды сөзі ретінде берген. Сондай-ақ, туындысын көне түрік дәуірінен келе жатқан жыраулық дәстүрді негізге ала отырып, дастан үлгісімен аяқтағаны көрінеді.

«Құтадғу біліктегі» өлең құрылысын ырғақ мәселесі бойынша қарастыратын болсақ, ондағы бәйіт, қара өлең және шұбыртпалы өлең үлгілері он бір буынды болып келеді. Алайда, олар біркелкі емес. Бірі 4+4+3, енді бірі 3+4+4 немесе 4+3+4 формада жазылған.

4 4 3
üküş sözde / artuq asığ / körmedim

4 4 3
yana sözle / mişte asığ / bulmadım (171-бәйіт) [3, 34 б.].

4 4 3
yüzi körklüg / erdi körüp / köz qamar
4 4 3
sözi yumşak / erdi tili / tuz tamar (464-бәйіт) [3, 60 б.].

Немесе:
3 4 4
ilig köz / qulaq tuttı / elde qamuğ
3 4 4
açıldı / aŋar barça / beklig qapuğ (436-бәйіт) [3, 58 б.].

3 4 4
yağıqa / asığ qılsa / boldı yağuq
4 3 4
yağı yası / qılğay kör / asğı anuk (4229-бәйіт) [3, 425 б.].

«Құтадғу біліктің» көркемдік ерекшелігі. «Құтадғу біліктің» кіріспе бөлімінің төртінші тақырыбы «Жарқын жаз маусымын, Ұлық Бұғра хан қадірін айтады» деп аталады. Онда Жүсіп Баласағұн Қарахан мемлекетінің сол кездегі ханы Бұғра ханды сипаттайды. Тақырыптың атауынан-ақ байқалғандай, оның ел басқарған уақытындағы берекеге толы бейбіт те, молшылық заманды «жарқын жаз» деп суреттейді. Жақсылық пен жамандықтың, зұлымдық пен ізгіліктің текетіресін қыс пен жаздың айқасымен бейнелейді. Осы бөлімдегі бәйіттер «Құтадғу білік» тілінің көркемдігі мейлінше жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Сондай-ақ, Жүсіп Баласағұнның суреткер, тілі бай және көркемдік әлемінің шексіз екенін дәлелдей түседі. А.Егеубаев Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегінің поэтикалық бітімі, көркемдік ерекшелігіне былай деп баға береді: *«Образ тұзу дәстүрінде де өзіндік ерекшелік басым. Көне дастан қарапайым тілмен жазылғанмен көркемдік әсері күшті. Тұтастай алғанда, өзінше бір поэтикалық ойлау жүйесі қалыптасқан. Образбен ойлап, образбен сөйлеу, образбен көру – эстетикалық талғам биігінің терең де қуатты философиялық толғаныстың жемісі. Бұл көргенді көргендей жеткізетін қарадүрсін логика емес, күрделі образдың астасуынан туған поэтикалық сурет»* [4, 40 б.]. Сондай-ақ, ол «Құтадғу біліктегі» «Арыстан мінсең, қылышыңды қамшы қыл!», «Таяқты жауға темір қалқан дайында!» деген секілді бәйіттерді мысалға келтіреді. Шығарманың поэтикасын танысу үшін түпнұсқа мәтіні мен латын әрпіндегі транкрипциясын және жолма-жол аудармасын пайдаланудың маңызы зор.



(63-бәйіт) [2, 10 б.].

toğardın ese keldi öŋdün yeli
ajun etgüke açtı uştmah yolı [3, 23 б.].

Шығыстан көктемнің желі есті, әлемді безендіру үшін ұжмақтың жолын ашты (ауд. Бекарыс Нұриманов).

Көне түрік қағанаттарының ізін жалғаған Қарахан мемлекеті IX-X ғасырларда ислам дінін мемлекеттік деңгейде қабылдады. Осы тарихи сәттен кейін түрік халықтарының жаңа дәуірі басталып, ғылым саласына да айтарлықтай жаңалықтар әкелгені белгілі. Мемлекет басқару ісі жанданып, халық молшылықта берекелі күн кешеді. Мысалға келтірілген бәйітте Жүсіп Баласағұн «шығыс» деп мұнда ислам діні келген тарапты айтып отыр. Ислам дінінің әкелген ізгілік идеяларын «көктемнің желі» деп суреттейді. Ол «бүкіл әлемге ұжмақтың жолын ашты» деп, халыққа жақсылық пен береке әкелгенін бейнелейді. Ислам діні идеяларының әсерінен Қарахан мемлекеті бұрынғыдан да ізгі мемлекетке айналғанын келесі бәйіттерде аңғартады.



(64-бәйіт) [2, 10 б.].

yağız yer yıpar toldı kafur kitip
bezenmek tiler dünyâ körkin itip [3, 24 б.].

Қара жер жұпарға толды, жаман иіс кетіп; дүние көркін құлпыртып, безенуді қалайды (ауд. Б.Н.).

Мұндағы, kafur сөзі араб тілінде «дәрі ретінде қолданылатын ағаштың ұнтағы» [5] деген мағынаны білдіреді. Жүсіп ақын ағаштың шіріген ұнтағының иісін барлық жамандықтың, арам ойдың образы ретінде алады да, жұпар иісті жақсылықтың, ізгіліктің символы ретінде көрсетеді. Сөйтіп, жамандықтың жойылып, ізгіліктің орнауын «жер бетінен барлық шірік нәрсе кетіп, жұпар иіс толды» деп бейнелейді. Бәйіттің екінші жолында халықтың арман тілегін «мына дүниенің өзі көріктеніп, безенуді қалайды» деп кейіптеу арқылы береді.



(65-бәйіт) [2, 10 б.].

irinçig qışığ sürdi yazqı esin
yaruk yaz yana qurdı devlet yasın [3, 24 б.].

Жазғы самал қаһарлы қысты қуды, жарқын жаз бақ-дәулет садағын қайта құрды (ауд. Б.Н.).

Қоғамға, адамдардың жүрегіне ізгілік орнап, зұлымдықтың жойылған сәтін «жазғы самал қаһарлы қысты қуды» деп бейнелеп жеткізген. Екінші жолдағы devlet yası сөзі метафора, «бақ-дәулет садағы» деген мағынаны береді. Жүсіп осы көркемдеуіш құралы арқылы «жарқын жаз бақ-дәулет садағын қайта құрды» дейді. Бәйітте «қайта құрды» делінгеніне қарағанда, мұндай берекеге толы бейбіт заман бұрын да болғанын меңзейді.



(66-бәйіт) [2, 10 б.].

yaşıq yandı bolğay yana ornıŋa
balıq qudruqındın qozı burnıŋa [3, 24 б.].

Күн шарқырап балық құйрығынан қозы мұрнына қайта орнына барды (ауд. Б.Н.).

Мұнда да кейіптеу, ұқсастыру әдістері кеңінен қолданылған. Балық – көне түрікше қыстың соңғы айы, қазргіше ақпан. Қозы – көне түрікше көктемнің алғашқы айы, қазіргіше наурыз. Жүсіп қыстың бітіп, көктемнің басталар сәтін «балық құйрығынан қозы мұрнына» деп бейнелеп береді. Яғни, жамандықтың жойылып, жақсылықтың орнағанын суреттей келе, «күн жарқырап қайта орнына барды» дейді. Бір сөзбен айтқанда, әділетті, ізгі, берекелі заман қайта орнады деген ойды айтады.

(2032-бәйіт) [2, 79 б.].

köyer ot turur küç yağusa küyer
törü suv turur aksa nimet öner [3, 220 б.].

Зұлымдық – от, жақындаса күйеді; заң – су, ақса нығымет өнеді (ауд. Б.Н.).

Шығармада Елік хан мен Бас уәзір Өгдүлміш ел басқару жайында сұхбаттаса келе, халыққа күш қолданса өртке оранған дүниедей ештеңе қалмайды, әділ заң орнатса халық өсіп-өнеді деген ойды айтады. Оны көркем образбен бейнелеп, күш пен зұлымдықты оттың, әділ заңды судың орбазымен береді. Екеуінің нәтижесін қатар айтып, от тиген жерін күйдірсе, су барған жерден нығымет өнеді дейді. Сонымен қатар, ержүрек жауынгерлерді сипаттай келе, былай дейді:



(2380-бәйіт) [2, 79 б.].

kelin kız sevinçi küden tünleri
kür alp er küvençi çerig künleri [3, 252 б.].

Келін қыздардың қуанышты сәттері неке түндері; ержүрек, қаһарман ерлердің қуанышты сәттері майдан күндері (ауд. Б.Н.).

Бұл бәйіт шығармада Елік хан мен Бас уәзір Өгдүлміш әскербасы туралы сұхбаты кезінде айтылады. Сонда Жүсіп ақын жауынгерлердің ержүректігін, батырлығын жырлайды. Қаһарман ерлердің майданнан алатын әсерін келіннің неке түнімен салыстырады.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасында ең көп қолданылған көркемдеуіш құралдардың бірі ретінде теңеуді айтуға болады. Ақын айтар ойын қарабайыр сөзбен емес, көркемдеп жеткізеді. Кез-келген құбылысты теңеу арқылы келесі бір бейнемен салыстыра суреттейді. Сөйтіп, көркемдік әлемінің шексіз екенін көрсетеді. Әдебиеттану теориясын зерттеген Зәки Ахметов теңеуге: «екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбысүнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп ауыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі» [6, 17-18 б.], – деп анықтама берген. «Құтадғу біліктен» осы талаптарға сай келетін теңеулерді көптеп кездестіруге болады. Теңеудің формасын жасайтын қазіргі қазақ тіліндегі -дай, -дей, тай, -тей аффикстері шығармада тег (teg) деп қолданылған. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы туралы зерттеген М.Томанов «кейбір сын есімдерге –дақ (-дек, -тақ, -тек) аффиксі жалғанатынын» айта келе, «түркі тілдерінің даму барысында ғ, г әріптерінің й-ға ауысуы барын» [7, 203-204 б.] айтады. Тег (teg) аффиксі арқылы көркемдеуіш құралын жасау үлгісі «көне ұйғыр және манихей жазбаларында да кездеседі» [8, 546 б.]. Демек, көне дәуірден бері түрік ақындары айтар ойын көркемдеп, бейнелі тілмен жеткізуге шебер болған. Ол төмендегі бәйітте былайша көрініс тапқан.

(2289-бәйіт) [2, 88 б.].

yağıqa yaluŋ **teg** eren **teg** uruş
ecelsiz ölüm bolmaz özke bolup [3, 243 б.]
Жауға жалын**дай** ти, ерлер секілді ұрыс; ажал келмейінше жан өлмес (ауд. Б.Н.).

Мұнда, зат есім **teg** аффиксі арқылы сын есімге айналып тұр. Ақын батырдың әрекетін суреттеу мақсатында «жауға жалын**дай**, өрттей ти» деп қолданған. Жалын тиген жердің барлығы өртеніп, ештеңе қалмайтынын елестетеді. Сонымен қатар, нағыз ерлердей, қаһарман батырлардай ұрыс деп бейнелеп жеткізеді.

«Құтадғу білікте» теңеу **layu** аффиксі арқылы да жасалған. Ол қазіргі қазақ тілінде архаизмге айналған -дайын, -дейін аффикстерінің ескі түрі екені даусыз. Оған М.Томановтың: «Орта ғасыр жазбалары тілінде -лайын //-лейін аффиксі ұқсастыру, шендестіру мәнінде жиі қолданылған» [7, 204 б.] деген сөзі дәлел бола алады. Айталық, төмендегі бәйітте батырлықты, ерлікті, қайсарлықты бейнелеуде жануарлар бойындағы ерекшеліктерді ұқсастырады.

(2311-бәйіт) [2, 88 б.].

toŋuz **teg** titimlig böri **teg** küçi
adığla**yu** azğın qotoz **teg** öçi [3, 245 б.].
Доңыз**дай** қасарысқыш, бөрі**дей** күші, аю**дайын** азғын, қодас**тай** өш алғыш болсын (ауд. Б.Н.).

Мұнда, батырдың бойындағы қасарысуды доңыздың, күштілікті бөрінің, қатігездікті аюдың және кекшілдікті қодастың мінездермен ұқсастыра отырып шебер суреттейді. Сондай-ақ, әр мінезді әр жануардың бойындағы ерекшеліктермен шендестіре отырып, айшықтай түседі.

(2312-бәйіт) [2, 88 б.].

yana alçı bolsa qızıl tilkü **teg**
titir buğrası **teg** kör öç sürse kek [3, 245 б.].
Және қызыл түлкі**дей** айлакер болсын, бура**дай** өш пен кек алсын (ауд. Б.Н.).

Мұнда, соғыс кезіндегі батырлардың айла-тәсілге жетік болуын қызыл түлкідей айлакер деп бейнелейді. Сонымен қатар, дұшпаннан өш алуды «бурадай кекшіл» деп суреттейді.

(2313-бәйіт) [2, 88 б.].

sağızğanda sakrak kerek tutsa öz

qaya quzunı **teg** yıraq tutsa köz [3, 246 б.].

Өзін сауысқаннан сақ ұстасын; жартас құзғынынд**ай** көзін алысқа тіксін (ауд. Б.Н.).

Батырлардың бойында болуы керек сақтық мінезді сауысқанның сақтығымен ұқсастырады. Ал, алысты ойлай білетін қабілетті көзін алысқа тіккен жартас құзғынындай деп бейнелейді.

(2314-бәйіт) [2, 88 б.].

uluğ tutsa hamyet kür arslan**layu**

ügi **teg** usuz bolsa tünle sayu [3, 246 б.].

Отанға деген сезімі жоғары ұстасын, арыстан**дай** айбатты; үкі**дей** түнін ұйқысыз өткізсін (ауд. Б.Н.).

Батырдың отанға деген сезімі мен айбатын жырлағанда «арыстандайын» деп бейнелейді. Арыстанның аң патшасы екенін меңзейді. Күлтегін ескерткішіндегі «ел үшін күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым» деген Қағанның ойы мұнда түнімен көз ілмейтін үкінің образымен беріледі. Сөйтіп, ел қорғаудағы патриоттық сезім мен қырағылықты суреттейді.

«Құтадғу білікте» ханның сөзін жазушы хатшы, жылнамашы туралы баяндаған тұста Жүсіп Баласағұн оның бейнесін ерекше сомдайды. Айталық, хатшы сарайда қызмет ететін, ханның сырын, мемлекеттің құпиясын білетін кісі, оның сырға берік болу керектігі белгілі. Сондықтан, оның сақ болуы керек. Осы міндеті бәйітте былайша жырланады.

(2684-бәйіт) [2, 101 б.].

bu ağzıŋ misali üŋür sanı **teg**

sözüg çıqsa andın sehar tanı **teg** [3, 281 б.].

Бұл ауыздың мысалы үңгір**дей**; ол жерден сөз шықса, азанғы таң**дай** (жарық**тай**) жайылады (ауд. Б.Н.).

Мұнда, бәйіттің бірінші жолында ауызды «үңгірдей» деп бейнелейді. Екінші жолында хатшының аузынан байқаусызда шыққан сөзді «таңғы жарықтай» жер бетіне түгел жайылады деп қолданады. Ауызды үңгірмен, сөзді жарықпен ұқсастыра отырып, оны үлкейтіп гипербола әдісімен суреттейді.

«Құтадғу біліктің» факсимилесі мен транскрипциясын салыстыра отырып, жолма-жол мағыналық аудармасын қолдану шығарманы мәтіндік тұрғыдан толық түсінуге мүмкіндік берері даусыз. Оны осы тұрғыдан зерделей келе көркемдік бітімі ерекше, тілі бай деуге толық негіз бар. Ақын айтар ойын бейнелеп, көркемдеп, салыстырып және теңей отырып жеткізген. Гипербола, литота, метафора әдістерін де шебер пайдаланған. Әсіресе, кейіптеу, салыстыру және теңеу молынан кездеседі. Өлең формасы мен ырғағы жағынан ақын өзіне дейінгі дәстүрді сақтай отырып, жаңа формаларды да ұтымды қолданған.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Күмісбаев Ө. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев). Алматы:1998.– 384 бет.

2 Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig. Faksimile, Fergana nüshası. Ankara: Türk Dil Kurumu, 2015.

3 Arat R. R. Kutadgu Bilig. I metin. Türk Dil Kurumu, Ankara, 1979.

4 Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). Алматы. Ана тілі, 1998 ж. 320 бет.

5 www.tdk.gov.tr/index.php?option=com_bts&arama=kelime&guid=TDK.GTS.5acb3fc875c8

6 Ахметов Зәки. Өлең сөздің теориясы. «Мектеп» баспасы. Алматы, 1973 ж. 212 бет.

7 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. «Мектеп» баспасы. Алматы, 1981 ж. 208.

8 Древнетюркский словарь (ДТС). «Наука» баспасы. Ленинград, 1968.

ҒТАХР 16.21.37

Оспанғазиева Н.Б.
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, PhD докторанты
Алматы қ., nb_ospangazievan@inbox.ru

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ БЕЛГІЛЕР НЕМЕСЕ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРДІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ - АБСТРАКТІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: *Мақалада фонеманың дифференциалды белгілері жан-жақты қарастырылып, фонологиялық-абстрактілік ерекшелігі көрсетілген. Сонымен қатар фонеманың негізгі ерекшеліктері туралы айтылған ғалымдар Бодуэн де Куртэне, Р.Якобсонның, Г.Фрнттың, М.Халле, Щерба Л.В.,Кузнецов П.С. Соколова В.С. Бондарко Л.В., Зиндер Л.Р. пікірлеріне талдау жасалды. Фонеманың негізгі қызметін тану үшін дифференциалды емес жіктелмеген белгілері де маңызды рөл атқарады. Фонеманы белгілер үйіндісі ретінде, яғни диалектикаға жат мазмұнда ұғыну заттардың түпнұсқалық қалпын жояды. әрбір белгі басқа белгілермен өзара үйлесіп, сәйкестеніп жатады, олар тек сандық көрсеткішті білдіріп қоймайды, диалектикалық тұтастықты орнатуға тырысады. Бұл тұтастықта әрбір элемент өз бетінше қызмет етпейды, басқа элементтермен күрделі қарым-қатынаста, тығыз байланыста фонема құрайды. Егер тілдік құбылыстардың жүйелі сипатын еске алсақ, онда дифференциалды белгілер сол тілдегі барлық фонологиялық жүйені қамтуы тиіс.*

Түйін сөздер: *фонема, релевантты, иррелевантты, дифференциалды, интегралды, палатальдану*

Резюме: *В статье рассмотрены дифференциальные признаки фонемы, указаны фонолого-абстрактные особенности. Также, произведен анализ суждениям следующих ученых – Бодуэн де Куртэне, Р.Якобсон, Г.Фронт, М.Халле, Щерба Л.В.,Кузнецов П.С. Соколова В.С. Бондарко Л.В., Зиндер Л.Р. - об основных особенностях фонемы. При определении основной функции фонемы недифференциальные неклассифицированные признаки также играют важную роль. Рассмотрение фонему как сбор признаков приводит к утрате оригинальности вещей. Каждый признак гармонирует с другими признаками, они являются количественными указателями, также устанавливают диалектическое единство. В этом единстве каждый элемент функционирует не отдельно, а в сложном взаимодействии с другими элементами составляют фонему. Если вспомнить системный характер языковых явлений, то дифференциальные признаки должны охватывать всю фонологическую систему.*

Ключевые слова: *фонема, релевантность, иррациональность, дифференциал, интеграл, палатализация*

Summary: *In the article the differential signs of a phoneme are considered, phonological-abstract features are indicated. Also, the analysis of the judgments of the following scientists was made: Baudouin de Courtenay, R. Jacobson, G. Front, M.Halle, Shcherba LV, Kuznetsov P.S. Sokolova V.S. Bondarko LV, Zinder L.R. - about the main features of the phoneme. In determining the basic function of the phoneme, non-differential unclassified characteristics also play an important role. Consideration of the phoneme as a collection of signs leads to a loss of originality of things. Each feature is in harmony with other signs, they are quantitative indicators, and they also establish a dialectical unity.*
In this unity, each element functions not separately, but in a complex interaction with other elements constitute a phoneme. If we recall the systemic nature of linguistic phenomena, then the differential signs must encompass the entire phonological system.

Keywords: *phoneme, relevance, irrationality, differential, integral, palatalization*

Фонема – ең кіші, яғни уақытына қарай немесе тізбегіне қарай одан әрі бөлінбейтін бірлік, дегенмен, құрылымдық жағынан алып қарағанда оның бойынан түрлі белгілер байқалады. Бұл белгілер басқа фонемалармен ортақ, ұқсас болып келеді, ал кейбір белгілер фонеманың өзіндік ерекшелігін танытып, өзге фонемалардан ажыруды мақсат етеді. Бодуэн де Куртэне өз заманында былай деп анықтама берген болатын: «фонема одан әрі мүлде бөлінбейтін, тарқатылмайтын бірліктерді білдіріп қана қоймайды, сондай-ақ олар бірнеше сөйлеу мүшелері әрекетінің жиынтық нәтижесін танытады. демек, фонема сөйлеу тұрғысынан алғанда, осы әрекеттен туындаған түсініктерді білдіреді де, ал есту, акустикалық тұрғысынан алғанда акустикалық реңктерді түсіндіруге бағытталады» [1, 253 б.].

Трубецкой фонема белгілерінің арасынан «релевантты» және «иррелевантты» белгілерді ажыратуды ұсынды. Мұндағы фонеманың релевантты белгілері бір фонеманы екінші фонемаға қарама-қарсы сәйкестендіру үшін қолданылады кейінірек оны «дифференциалды» деп атай бастады, ал иррелевантты (интегралды) белгілер керісінше, екі фонеманы өзара сәйкестендірмейді. Мәселен, орыстың қатаң /t/ фонемасы релевантты белгі болып саналады. Себебі, оның қатаңдығын, т.б. ерекшеліктерін /d/ фонемасымен салыстыру, сәйкестендіру, қарама-қарсы қою арқылы анықтаймыз. Керісінше, қатаң /x/ фонемасы иррелевантты деп саналады, себебі, орыс тілінде осы белгісіне қарай /x/ фонемасының айырмашылықтарын танытатын дауыссыз дыбыс жоқ.

Сөзді оның ішіндегі фонеманың негізгі қызметін тану үшін дифференциалды емес (жіктелмеген) белгілері де маңызды рөл атқарады. Мәселен, орыстың /n/ фонемасын алсақ, теориялық тұрғыдан оның дифференциалды белгісі – езулік дыбыс болуы, ал тіл алды артикуляциясы оған тән белгі емес. Себебі, орыс тілінде мұрын жолды, тіл арты фонемалары жоқ. Осылайша қате тұжырымдалудың себебі мынадан байқалады: орыстың /n/ фонемасында [ŋ] дауыссыз дыбысы бар екенін ешкім мойындамайды. Егер орыстың она /a'na/ сөзін тіл арты дауыссыз дыбысымен [aŋa] айтсақ (фразада емес), онда соңғысы анықталмаған болар еді деп есептейміз.

Бұған қоса, жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, берілген форманың релевантты белгілерін анықтау барысында ресми емес, қарапайым приативті қарама-қарсылықта болған фонемалар ғана ескеріледі. Осыған орай Щерба былай деп жазған болатын: «... әрбір фонема ең алдымен, оны басқа фонемалардан не ерекшелеп тұрғанына қарай анықталады. Соның нәтижесінде бір тілдегі барлық фонемалар қарама-қарсылықтың біртұтас жүйесін қалыптастырады, ондағы фонема бөлшектері жеке фонема ретіндегі немесе оның бөлігі немесе тобы ретіндегі түрлі қарама-қайшылықтардың сериясы болып анықталады» [2, 21 б.]. Егер қарама-қарсылықтың барлық мүмкіндіктерін ескеретін болсақ, мәселен, орыс тіліндегі /n/ фонемасына /g/ фонемасы қарама-қарсы бола алады деп қарастырсақ, онда /g/ фонемасының мұрын жолды емес сипаты айқын көрініп қалады.

Егер тілдік құбылыстардың жүйелі сипатын еске алсақ, онда дифференциалды белгілер сол тілдегі барлық фонологиялық жүйені қамтуы тиіс. Ондай жағдайда дифференциалды белгілер деп кем дегенде бір жұп ерекшелігін ажыратып көрсете алатын белгілерді атауға тура келеді. Сонда орыс тіліндегі /n/ фонемасының мұрын жолды екенін /d/ фонемасы ғана анықтайтын болса, жоғарыда келтірілген мұрын жолды емес /g/ фонемасын дифференциалды белгі деп тануымыз керек.

Дифференциалды белгілер теориясымен фонеманың атомистикалық тұжырымдамасы немесе анықтамасы тығыз байланысты. Себебі, бұл белгілер өздігінше ерекшеленіп танылу қасиетіне ие, ал фонемалар сол белгілердің тек жиынтығын ғана көрсетеді. Фонеманы белгілер үйіндісі ретінде, яғни диалектикаға жат мазмұнда ұғыну заттардың түпнұсқалық қалпын жояды. әрбір белгі басқа белгілермен өзара үйлесіп, сәйкестеніп жатады, олар тек сандық көрсеткішті білдіріп қоймайды, диалектикалық тұтастықты орнатуға тырысады. Бұл тұтастықта әрбір элемент өз бетінше қызмет етпейды, басқа элементтермен күрделі қарым-қатынаста, тығыз байланыста фонема құрайды.

Дауыссыз /m/ және /b/ дыбыстары бір бірінен былайша ажыратылады: біріншісі мұрын жолды болып келсе, екіншісі мұрын жолды емес. Дегенмен, /b/ дыбысының мұрын жолды тембрі болады, сонымен қоса, ол фонетикада үнділігімен ерекшеленген, яғни арнаулы өзіне тән қасиеті бар ерекше дауыссыз дыбыс деп танылады. Бұл дауыссыздардың тілдегі қызмет етуі тұрғысынан да өзара айырмашылықтары байқалады. Мәселен, орыс тілінде /m/ дыбысы /b/ дыбысына қарағанда сөз соңында, әсіресе қатаң дауыссыздар алдында көптеп кездеседі, ал оның алдындағы қатаң дауыссыздар ұяңданбайды, ұяң дыбыстармен ауыспайды.

Фонеманы атомистикалық тұрғыдан қарастырсақ, ондағы дифференциалды белгілер бастапқы яғни алғашқы фонологиялық бірлік ретінде түсініледі. өзге ғалымдардың айтуынша, бұл белгілер тілдік құрылымда ерекше деңгейді құрайды екен, яғни дифференциалды белгілер деңгейін немесе фонемаға дейінгі деңгейді қалыптастырады екен. Осы негізге сүйене отырып, Р.Якобсонның, Г.Фрнттың, М.Халленің ұсынған дифференциалдық белгілер топтамасы (классификациясы) жасалды. Бұл топтама (классификация) – дихотомиялық немесе бинарлы болып келеді. Демек, әрбір белгі тұтас, бүтін бірліктің топталатын бүкіл жиынтық бөлшектерін тек екі классқа жіктейді, мысалы: дауысты – дауыссыз; мұрын жолды – мұрын жолды емес; т.б. Авторлар барлығы он екі бинарлы (жұп) белгілерді анықтады. Олардың ойынша, бүкіл тіл дыбыстарын сипаттауға осы жұп белгілер жеткілікті болады. әрбір белгі дыбысына сәйкес спектрлік сызбамен айқындалып көрсетілді. [1, 11 б.]. Мәселен, дауыссыз дыбыстар анық формантты құрылыммен танылса, дауыссыз дыбыстар ондай құрылымның жоқтығымен ерекшеленді. Бұнымен қатар, артикуляторлық сипаттамалары да келтірілді: жалғамалы түтікте (трубада) бөгет болуы немесе болмауы. Авторлардың пікірінше, дифференциалды белгілердің шоғыры ретінде анықталатын фонеманы сол белгілердің әртүрлі дәрежеде жинақталуына қарай, талданатын тілдің фонема құрамына қарай ажыратуға болады.

Бинарлы топтама кеңінен танылғанымен, екі жақты сынға ұшырады. *Біріншіден*, он екі белгі әмбебап белгілер болуы үшін жеткіліксіз деп танылса, *екіншіден,* П.С.Кузнецов [3, 89 б.] айтып өткендей, дифференциалды белгілер бір тілде қарама-қарсы фонемалардың болу негізіне қарай айқындалады. Мәселен, жіңішкеру (палатальдану) белгісі. Ашып көрсетсек, орыс тілінде /b'/ фонемасы дифференциалды болады, себебі, бұл дауыссыз дыбыс жіңішкермеген /b/ фонемасына қарама-қарсы болып тұр. Неміс тілінде ол дифференциалды емес белгі қатарына жатады. *Үшіншіден,* дифференциалды белгілердің фонемаға ұқсас біржақты артикуляторлық-акустикалық сәйкессіздігі

болмайды. Мәселен, тіл алды, ызың тоғысыңқы жіңішкерген дыбыстар жіңішкермеген дыбыстардан аффрикаттық дәрежесінің көп не аздығына қарай ажыратылады. Әсіресе, жуысыңқы бөлігінде жоғарғы спектр құрылымының күшеюі байқалады. Жіңішкерген /х'/ фонемасында барлық спектр жоғарыға қарай жылжиды, ал жіңішкерудің еріндік тоғысыңқы белгісі і-бейнесіндегі дауыссыздан кейінгі бірінші дауысты дыбыс. Фонетикалық тұрғыдан алып қарасақ, дифференциалды белгінің табиғаты күрделі екен, ол әртүрлі шепте (позицияда) әр қырынан көріне алады. [4, 148 б.] Бұл туралы В.Соколов Л.В. Бондарко және Л.Р. Зиндер еңбектерінен көруге болады [5, 49 б.].

Бұған қарамастан, кез келген жағдайда біз бір ғана дифференциалды белгінің бар екенін мойындаймыз, себебі, барлық жіңішкермеген дыбыстар тіл алды дауысты дыбыс алдында жіңішкерген дыбыстармен кезектесіп отырады. Олардың барлығы жалғауға сәйкес соңғы дыбысқа екпін болған жағдайда осы шақ, екінші жақтағы етістікті сипаттайды.

Дифференциалды белгілердің фонологиялық, абстрактілік ерекшеліктерін былай дәлелдеуге болады: объективтік-физикалық тұрғыдан алғанда, олар приативті (қарапайым) емес. Қатаң мен ұяң қарама-қарсылығы көптеген тілдерге, соның ішінде орыс тіліне де тән. Бұл белгілер дауыстың болу-болмауы тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ артикуляцияның (ызыңның) күштілігі мен әлсіздігіне де байланысты қалыптасады. Осыған орай, сыбырласып сөйлеу тәжірибесі көрсеткендей, онда қатаң мен ұяң дыбыстардың айырмашылығы сақталады. Дегенмен, ұяң дыбыстың негізгі тон жиілігін қатаң спектрға салу жолымен ұяңдарды синтездеу тәжірибесінің сәтсіз аяқталуы аса таң қалдырмайды.

Л.В. Бондарконың зерттеулерінде көрсетілгендей, фонеманың дифференциалды белгілері сол фонеманың корреляты (сәйкессіздігі) болып саналатын дыбысталу реттілігінің мүшелену сегментінен гөрі, сол фонеманың өзі енетін, буын тіркестеріне тікелей байланысты. Бұған мысал ретінде жоғарыда келтірілген, орыс тіліндегі еріндік тоғысыңқы жіңішке дыбыстарды көрсетуге болады.

Дегенмен, бүгінгі күнге дейін, тіл фонемасының жүйесі туралы әңгіме қозғалғанмен, оған ерекше назар аудармадық. Шындығына келсек, біз көп жағдайда жүйеден гөрі, инвентарьға ерекше көңіл бөлдік. Расында да фонеманың қарама-қарсылығы оны құрап тұрған жиынтық арқылы анықталады. Дегенмен, фонемалардың ішкі жүйесіндегі өзара оппозициясы болатыны еш күмән келтірмейді.

Заттардың шынайы қалпы сол жүйедегі фонемалар арасындағы қарым-қатынас типін дифференциалдаған жағдайда ғана анықталады. Ол кезде осы қарым-қатынас типіне сәйкес ұйымдасқан фонемалардың ішкі топталу әрекетін байқаймыз, яғни жүйе құрылысын көреміз.

Фонема жүйелерінің ішкі құрылымын талдау үшін соңғының (олар шексіз көп) кез келген қасиеті релевантты емес, тек фонологиялық бірліктің сапалы айқындылығын білдіретін маңызды қасиеттері ғана қажет. Ондай қасиеттер мәнді белгілер деп аталады. Анығырақ айтсақ, олар фонема ұқсастығын өз ішінде белгілейді немесе кез келген өзге фонемадан айырмашылығын ажыратады. Фонологияда мәнді белгілерді дифференциалды немесе айырым белгілер деп атау қабылданған.

Осылайша, қорыта айтқанда, дифференциалды белгілерді құрау – бұл фонема жүйесінің құрылымдық ұйымдасуын анықтауға апаратын тікелей жол. Ең басты мәселе - дифференциалды деп танылатын фонема қасиеттерін (айырым белгілерін) айқындайтын қағида қандай болуы керек екенін шешуде болып тұр. Бұл мәселені шешуге апаратын тиімді, әрі кең тараған жол – бұл бірден байқалатын, тура ерекшеленетін соған сәйкес фонемалармен берілетін дыбыстардың айқын немесе айқын емес фонетикалық қасиеттерін дифференциалды белгілер деп тану.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *И.А.Бодуэн де Куртенэ Избранные труды по общему языкознанию. Т 2. Москва, 1963 – 384 с.*
2 *Щерба Л.В. Фонетика французского языка. – Москва, 1955. – 491 с.*
3 *Кузнецов П.С. О деференциальных прзнаках фонем. – Москва, 1970. – 493 с.*
4 *Соколова В.С. О вариянтах фонемы. – Ленинград, 1948. – 247 с.*
5 *Бондарко Л.В., Зиндер Л.Р. О некоторых дифференциальных признаках русских согласных фонем // Вопр языкознания, 1966, №1. – 93-96 с.*
6 *Оспангазиева Н.Б. Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиялық сипаты // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №3(61). – Б.93-96.*

Фазылжанова Анар Мұратқызы
филология ғылымдарының кандидаты,
А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары,
nar20@bk.ru, Алматы қ.

Серікбаева Айжан Дүйсенбайқызы
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері,
PhD докторант, sd_aizhan@mail.ru, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ТІЛДІ ВИРТУАЛДЫ ОРТАНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. *Мақалада виртуалды коммуникацияның реалды коммуникациямен салыстырғандағы ерекшеліктері, виртуалды қарым-қатынастағы тілдік бірліктердің өзгеше сипаты, әлеуметтік желі пайдаланушылары тіліндегі әдеби нормадан ауытқыған лексика және оның себептері қарастырылады.*

Тірек сөздер: *виртуалды коммуникация, қазақтілді виртуалды орта, жаңа сөздер, тілдік жаңартпалар, тілдік норма, әдеби тіл.*

Резюме*. В статье рассматриваются особенности виртуальной коммуникации в сравнении с реальной; особый характер языковых единиц в виртуальном общении, а также лексика, отклоненная от литературной нормы в языке пользователей социальных сетей и его причины.*

Ключевые слова: *виртуальная коммуникация, казахоязычная виртуальная среда, языковые инновации, языковая норма, литературный язык.*

Summary. *The In the article features of virtual communication in comparison with real communication are considered; the special nature of language units in virtual communication, as well as vocabulary, deviated from the literary norm in the language of users of social networks and its causes.*

Key words: *virtual communication, Kazakh-speaking virtual environment, language innovations, language norm, literary language.*

IT технологияның дамуы қоғамда виртуалды коммуникацияның күшеюіне жол ашты. Виртуалды коммуникация кеңістігі күннен күнге реалды коммуникацияның орнын басып келе жатыр. Виртуалды коммуникация реалды коммуникацияның тілдік нормаларын өзерте алатындай әлеуетке иеленіп келеді. Виртуалды коммуникацияның тілдік бірліктері реалды коммуникцияда нормаға айналған тілдік бірліктерді ығыстырып, нормадан ауытқыған қолданыстар виртуалды коммуникция үшін «қалыпты» жайтқа айналып барады. Сонымен қатар виртуалды коммуникацияның қарқынды дамуы нәтижесінде интернет, әлеуметтік желілер арқылы уақыт өткен сайын әлем тілдерінің барлығында жаңа ұғым, жаңа атау, жаңа сөздер пайда болып жатыр. Мұндай құбылыс қазақ тіліне де әсерін тигізіп отыр. Қазақтілді виртуалды ортада ағылшын тілі арқылы енген жаңа сөздер легі күннен күнге артып барады, яғни қазіргі таңда неологизмдену үдерісі тілдің қолданысының дәл осы асында қарқынды жүріп жатыр. Мұның нәтижесінде қазақ тілінің лексикалық қоры түрлі тілдік жаңартпалар <лат. innovation>, жаңа сөздермен толығып келеді.

Неологизмдену ұлттық тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі кірме сөздер, жаңа атаулар және сөздердің жаңа мағыналары арқылы күрделі жаңару үдерісі ретінде түсініледі. Бүгінгі таңда либералды принципке сүйенген Қазақстандағы тілдік саясат өз жемісін берді: тәуелсіздік жылдары қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданала бастады, қазақ тілінің қызмет аясының кеңеюімен бірге тіл мәдениетінің даму үрдісі байқалады. Осыған байланысты қазіргі қазақ тілінің лексикалық жүйесінде неологизмдену динамикасы артты. Сонымен бірге бұрын салғырт <лат. passivus> лексика құрамында болған неологизмдер қысқа мерзім ішінде лексиканың белсенді қорына ауысып үлгереді. Мұның барлығы қоғамдық санада болып жатқан трансформацияның дәлелі бола алады. Бір қызығы, осы тілдік жаңартпалар қоғамға әсер ете отырып, кері үдерістің пайда болуына түрткі болады, яғни қоғамдық сананың жаңғыруының құралына айналады. Дегенмен қазақ тіл білімінде неологизмдердің ғылыми-тілтанымдық мәнін түсіну, сипаттау, инвентарлау, лексикографиялау, кодтау және стандарттау үдерісі белгілі, белгісіз бір себептердің әсерінен соңғы жылдары қатты баяулады. Бұған қазақ тілінде жаңа сөздердің соңғы нормативтік сөздіктерді шығару мерзімі дәлел болады [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтқандай [3], қазіргі қазақстандық қоғам алдына қойған қоғамдық сананың жаңғыруы бойынша маңызды идеологиялық міндеттерді шешу тілдің бірегейлендіруші <лат.

identifico>, ұйыстырушы <лат. consolidatio> және модельдеуші қызметтерін пайдаланбай жүзеге асыру мүмкін емес. Тілдің бірегейлендіруші, ұйыстырушы және болашақты модельдеуші қызметтері оның жаңғыртатын <ағыл. англ. modern> қызметімен байланысты. Соңғысы тілдік қабаттардың барлық тобының бірліктерінің тілдік санада белсенділік алуы арқылы жүзеге асады. Сол тілдік жаңартпалар, соның ішінде неологизмдер санадағы білімдер жүйесінде «жаңаның» репрезентанты бола отырып, оның жаңғыруы үшін үлкен жүктеме алады. Құрылымдық, психолингвистикалық, лингвомәденитанымдық, лингвокогнитивтік және өзге де аспектілерде неологизмденуді зерттеу тілдің жаңаруындағы сөздік және семантикалық жаңартпалардың маңызды рөлінің әсерімен ғана емес, сонымен қатар ғылыми-техникалық прогрестің, ақпараттық технологиялардың қоғамның тілдік санасына әсер етуінің қарқындылығынмен де байланысты.

ХХ ғасыр аяғында ғалымдар көптеген тілде күшейіп келе жатқан неологизмденуді, «неологиялық серпілісті» байқаған [4]. Жоғары жаңғырғыштық <орыс. неогенность> ХХI ғасыр басында геометриялық прогрессиямен күшейе түсті [5]. Неолог ғалымдар, жаңа сөздер мен мағыналардың пайда болуы, яғни неологизмдердің дамуы өміршең тілдерге ғана тән әрі олардың әлеуметтік жағынан жетілуінің маңызды түрткіжайты <лат. factor> болып табылады деген жалпы пікірге келді. Зерттеушілер көрсеткендей, ХХ ғ. аяғында тіл білімінің ерекше саласы ретінде неологияның рәсімделуі басталды [6, 10]. Жоғарыдағымен байланысты қазақ тілінде де бүгінде «неологиялық серпіліс» айқын байқалады. Неологиялық ізденістер бір жағынан, тілді өміршең тіл ретінде зерттеуге, екінші жағынан, барлық жаңа нәрсені атаудың немесе бар атаулардың семантикалық жаңаруының әлеуметтік қажеттілігін түсіндіру, тілдік жаңартпаларды лексикографияландыру бағытындағы маңызды нәтижелерге қол жеткізеді. Әсіресе жаңа сөздердің пайда болуына, тіл иелмендері арасында кең таралуында виртуалды коммуникацияның атқаратын рөлі күн өткен сайын артып келеді. Виртуалды орта арқылы қазақ тіліне еніп жатқан жаңа сөздер легі қазіргі кезде бұрынғыдан қарағанда әлдеқайда күшті қарқынмен жүріп жатқаны байқалады. Мұның бірнеше түрткіжайттарын көрсетуге болады:

- жаһандану үдерісінің жылдам жүруі;
- әлем тұрғындары үшін интернеттің қолжетімділігі;
- ауылшын тілінің басымдылығы, себебі көптеген тілге жаңа сөздер ағылшын тілі арқылы еніп жатыр;
- виртуалды коммуникация арқылы енген жаңа сөздердің «интернет тұрғындары» арасында стихиялық түрде тез таралуы әрі сол «интернет тұрғындары» үшін түсініктілігі.

Қ. Алдашева қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді әлеуметтік-қолданыстық маңызына қарай былайша топтастырады: «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер:

- ғылыми-техникалық атаулар (терминдер);
- әлеуметтік-қоғамдық атаулар: 1) қоғамдық ғылымдар терминдері; 2) күнделікті тұрмыстық атаулар» [7, 41].

Аталған жіктелімге виртуалды коммуникацияда ғана қолданылатын жаңа сөздер тобын қосуға болады. Виртуалды коммуникацияның жаңа сөздерін «күнделікті тұрмыстық атаулар» тобына жатқыза алмаймыз, себебі ол қоғамның барлық саласын қамтып, жұмыс өнімділігі мен нәтижелігін арттырушы коммуникацияның негізгі құралына айналып отыр. Қазіргі таңда кез келген қоғамдық сала виртуалды коммуникациясыз жұмыс өнімділігінің тиімділгін арттыра алмайды. Мысалы, e.gov.kz Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі порталын алып қарайық. Қазақстан Республикасының азаматы әлемнің кез келген жерінде интернет ресурсты пайдалана отырып, өзіне қажетті құжат, дерек, мәліметтерін электронды цифрлы қол қою арқылы ала алады. Яғни электронды қызмет көрсету *ҚР Азаматы немесе Заңды тұлға – Компьютер – ҚР Электорндық үкімет*і үштік тетігі (механизм) арқыры жасалып отыр. ҚР Электорндық үкімет порталы іске қосылуына байланысты бірнеше жаңа сөздер: *электорнды цифрлы қол қою, электорндық Үкімет, виртуалды кеңесші, электорндық өтініш, электрондық лицензиялау, ЭЦҚ алу немесе ұзарту, онлайн мекенжай анықтамасын алу, Электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы* сияқты т.б. сөздер түрлі әлеуметтік топтағы тіл иелмендері арасында кең қолданыс тапты. Сондай-ақ *вебинар, онлайн-семинар, онлайн-конференция, тікелей эфир (live), дедлайн* сияқты сөздер білім беру үдерісінде, маркетингіде, бизнес саласында, қарапайым тұрмыста да жаппай қолданыла береді. Осы сияқты виртуалды коммуникацияда пайда болған жаңа сөздерді «ғылыми-техникалық атаулар (терминдер)» тобына да, «қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар терминдеріне» де, «күнделікті тұрмыстық атаулар» тобына да жатқыза алмаймыз. Өйткені аталған жаңа сөздер белгілі бір топтың не саланың аясында ғана қолданылмайды, бұл сөздерді қоғамның барлық саласында әрекет етуші тіл иелмендері толыққанды қолдана алады. Виртуалды коммуникацияда пайда болған жаңа

сөздердің қолданыс аясына салааралық (ғылыми-техникалық, әлеуметтік-қоғамдық ғылымдар, күнделікті тұрмыстық), жасаралық шектеу (яғни аталған жаңа сөздерді жастардан бастап зейнет жасындағы адамдарға дейін қолдана береді) қойылмайды, жалпыға ортақ қолданылады. Сол себепті виртуалды коммуникацияның жаңа сөздерін жеке үлкен топ ретінде бөліп көрсету қажет.

Виртуалды коммуникация түрлі әлеуметтік желі, блог, форум, чат (онлайн сөйлесуге (общение) арналған бағдарламалар, сайт арқылы сөйлесу), виртуалды пошталарды (электронды пошта) қамтиды. Виртуалды коммуникацияны ақапарат алу, өз ойын айту құралы ретінде, жұмыста, бизнесте, достарымен қатынасу, білім алу үшін қолданады және интернет пайдаланушылардың жас ерекшеліктерінде шектеу болмайды.

Әлемдік лингвистикада виртуалды коммуникацияның бір түрі ретінде «электронды коммуникация» (electronic communication) терминін қолданады. Atef Odeh AbuSa'aleek зерттеулерінде «электронды дискурс» (E-discourse) терминін электронды хабарламалар жазуда жасөспірімдер қолданатын тілдің жазбаша формасын білдіретін термин ретінде қарастырып, электронды дискурс тілдің жазба құрылымына айтарлықтай мәнде өзгерістерге әкелетін тілдің жаңа типі деп көрсетеді. Ағылшын тілін пайдаланатын 22 жасқа дейінгі жасөспірімдердің электронды хабарламаларына тілтанымдық талдау жасай отырып, электронды хабарламалар жазуда көптеген қысқарту, сөздің бір әрпін әдейі түсіріп жазу, сөздерді дәстүрлі формасынан тыс өзгертіп жазу, сөздерді, сөз тіркестерінің орнын ауыстырып жазу, сөздердің орнына күлегештерді <ағыл. smile> қою, инициализмді пайдалану сияқты электронды дискурстың ерекшеліктерін көрсетеді. Студенттер электронды дискурстың мұндай тілін пайдалануды арттыра берсе, онда студенттердің ағылшын тіліндегі қолжазбасына, яғни сауаттылығына қауіп тудыратынын, тілдің стандарт формасы мен электронды қатынас арасындағы тілдік варианттар туралы білім алушыларға ақпарат беру деңгейін жоғарылату қажеттігін айтады [8]. Д. Кристал интернет тілі дәстүрлі емес орфографиямен сипатталады деп тұжырымдайды [9].

Қазақтілді виртуалды ортада жаңа сөздер ағылшын тілінің әсерінен пайда болып, кейбір жаңа сөздер қазақ тілінде игеріліп жатыр. Ағылшын тілінен өзгеріссіз қазақ тіліне енген сөздер: *тролль, хайп, пост, фейк, хештег, вайн, вайнер, бан*, *блог, блогер, спам, дизлайк, онлайн, чат*, *дедлайн* т.б. Қазақша баламасы мен ағылшын тіліндегі түпнұсқасы жарыса қолданылатын жаңа сөздер: *репост* (*Құрметті достар! Көмектеріңіз қажет. Репост жасасаңыздар алғысымыз шексіз.*) – *тарату* (*Өтініш таратуларыңызды сұраймын*), *лайк – ұнату, лүпіл, лайық* (*Мазалағаныма кешірім өтінем, инстрагрм барлар лүпіл басып жіберіңіздерші*), қазақ тілінде игерілген сөздер: *жазылушы* (орыс. подписчик, ағыл. follower) *10 мың жазылушысы бар Ютуб арна сатамын*), *қаралым* (орыс. просмотр, ағыл. view) *YouTube желісіндегі ең танымал клиптің қаралым саны 5 миллиардқа жетті*). Қаралым сөзі қазақ тіліндегі *қара* етістігі мен терминжасамда белсенді қолданылып жүрген жаңа сөз тудырушы *-лым* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. *-лым* жұрнағы білім беру саласында белсенді қолданылып жүрген *жазылым, айтылым, оқылым* сияқты терминдерді жасаушы жұрнақ. *Қаралым* сөзі сәтті жасалған тілдік жаңартпаға жатады.

Сонымен қатар қазақтілді виртуалды ортада қазақ тілін тұтынушылар оқырманның/ тыңдарманның/көрерменнің назарын аударту үшін әртүрлі тілдік ауытқуларға барады. Мысалы, *сұқбат (норма бойынша сұхбат), крузак (ланд крузер), сәбет (норма бойнша кеңес), әліпбисымақ, бу* (қысқартылған атау, орыс. *бывший в употреблении), кузов (шанақ), МГУ-ді (ММУ), пенсия (зейнетақы), добавил (қосты), поделился (бөлісті), понт, сиез (норма бойынша съезд), санаторий (шипажай), сотка (ұялы телефон), уатсап, фото т.б.* Facebook әлеуметтік желісінен жиналған сөздер әдеби тіл нормасынан ауытқығанын көрсетеді. Аталған сөздер ауызекі сөйлеу стилінің, орыс, ағылшын тілдерінен сол қалпында аударылмай, сол қалпында қысқартылып қолданған сөздер екенін және белгілі бір әлеуметтік топ өкілдері қолданатын сленг, жаргон сөздер де кездесетінін көрсетеді.

Н. Уәли әдеби тіл өміршең болу үшін сол тілдің тұтынушысы көп болу керек, олардың ішінде сол тілді қолданатын элитарлы топ, орта статистикалық топ, ортадан төмен топ болу керек. Бірақ ең маңыздысы орта статистикалық топ барлық тілтұтынушының көп пайызын алу қажет. Функционалды стильдері толыққанды болуы шарт. Және тілдің таралымы біркелкі, барлығына бірдей түсінікті тіл болуы маңызды деп көрсетеді [10].

Әлеуметтік желі пайдаланушылары арасында белгілі бір себеппен тілдік нормадан жиі ауытқиды. Н. Уәли мұны «тілдік нормадан прагматикалық мақсатта ауытқу» деп атайды. «Нормадан ауытқудың бұл түрі тілдік жүйе және құрылымға тікелей қатысты. Тілдік норма дегеніміз – қоғамдық коммуникация кезінде әбден іріктелген, уақыт сынынан өтіп тұрақталған тілдік жүйенің бөлігі, жиынтығы. Тілдік нормадан прагматикалық мақсатта ауытқуға:

- сөзді тіркеспейтін сөзбен тіркестіру;

- сөзді түрленбейтін қосымшалармен түрлендіру;
- фразеологизмдердің құрамын бұзып қолдану;
- орфографиялық норманы бұзып қолдану;
- орфоэпиялық норманы бұзып қолдану.

Осы соңғы екі ауытқу какоземия деп те аталады.

Какоземия – прагматикалық мақсатта орфоэпиялық, орфографиялық нормадан ауытқудың бір түрі, риторикалық тәсілдердің бірі. Дәстүрлі тілдік норманы оқырман/тыңдарманның зейінін тоқтату үшін қолданылады.

Әдеби тіл орфоэпиясынан прагматикалық мақсатта ауытқу, әсіресе, ауызша сөз түрінде, сөйлеу тілінде жиі қолданылатын риторикалық тәсілге жатады. Мұндай бейконондық фонетика элементтері айрықша стильдік қызмет атқарады. Прагматикалық мақсаттағы ауытқудың какоземия деп аталатын түріне графика-орфографиялық норманы бұзып қолдануды жатқызуға болады. [11, 117] Мысалы, *«Кісілік «лайк» санаумен өлшене бастаған мына заманда»* Қ. Олжай өз жазбасында фразеологизмдердің құрамын бұзып қолданып, оқырман назарын аудартып тұр.

Виртуалды коммуникацияда соның ішінде қазақтілді виртуалды ортада функционалды стильдердің бес түрі де араласып кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Жаңа атаулар (Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар) / құраст. А.Алдашева, Ш.Сарыбаев, Н.Уәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1992. 128 б.;*
2. *Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // news/press_conferences/ memleket-basshysynyn-bolashak ka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy*
3. *Гак В.Г. Жаңа сөздер және жаңа сөздердің сөздіктері. – Л., 1978.*
4. *Елизарова Л.Л. Функционалды аспектіде терминологиялық және көркем шығармалық жаңа атаулар (қазіргі ғылыми фантастикалық шығармалардың материалдары негізінде). Орел, 1992.*
5. *Сенько Е.В. Неологияның теориялық негіздері. – Владикавказ, 2001. – 107 б. 16*
6. *Алдашева Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері: философия докторы (PHD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2016. – 202 б.*
7. *Atef Odeh AbuSa'aleek. Internet Linguistics: A Linguistic Analysis of Electronic Discourse as a New Variety of Language // International Journal of English Linguistics; Vol. 5, No. 1; 2015. p. 135-145*
8. *Crystal D. Language and the Internet. Cambridge: Cambridge University Press, 2001. http://dx.doi.org/10.1017/CBO9781139164771*
9. *Күдеринова Қ. Көркемдік кілтін қалай ашамыз? // Қазақ әдебиеті, 23.03.2018 http://qazaqadebieti.kz/14109/k-rkemdik-kiltin-alaj-ashamyz.*
10. *Н. Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док... дис. – Алматы, 2007. – 330 б.*

Мионг Сун Ок
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD. докторы, доцент м.а.
Алматы қ., e-mail: okmyong@gmail.com

Сермухаметова Багжан Бейбитовна
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс магистранты
Алматы қ., e-mail: bagzhan1989@mail.ru

ҚАЗІРГІ КОРЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: *Мақалада қазіргі корей және қазақ поэзиясының құндылықтарын салыстыра талдай отырып, корей және қазақ ақын-жазушыларының шығармаларының айырмашылығы мен ерекшеліктері сөз болды. Осы екі халық арасындағы қазіргі поэзияның алатын орны, оның көркемдік ерекшеліктері, оларға тән стиль, корей және қазақ халқына тән ұқсастықтар мен айырмашылықтар талданды. Сонымен бірге корей және қазақ поэзиясының құндылықтарын ашып көрсете отырып, олардың ұлттық тілдік ерекшеліктері мен маңыздылығы жан-жақты қарастырылды.*

Түйін сөздер: *поэзия тілі, поэзияның көркемдік ерекшеліктері, поэзияның анықтамасы, мазмұн, түр, дәстүр, қазақ лирикасы, ұлттық дәстүр, Ким Со Воль поэзиясы, корей әдебиеті тарихы, қазақ поэзиясы, әдеби ағымдар.*

Резюме: *В статье представлен сравнительный анализ ценностей современной корейской и казахской поэзии, особенности и различия произведений казахских и корейских поэтов-писателей. Проанализирована роль современной поэзии двух народов, их художественные особенности, свойственный им стиль, сходство и различия присущий казахскому и корейскому народу. Кроме того раскрывая ценности корейской и казахской поэзии подробно рассмотрены национальные языковые значения и особенности.*

Ключевые слова: *язык поэзии, художественные особенности поэзии, определение поэзии, содержание, формы, традиции, казахская лирика, национальные традиции, поэзия Ким Соволя, история корейской литературы, казахская поэзия, литературные течения.*

Summary: *At this article by using comparative analysis method we will research about Korean and Kazakh traditional poetry's values, also differences and specialties between Korean and Kazakh poets and writers' compositions. Importance of poetry between two nations, artistic features, their styles, similarities and differences between the korean and Kazakh people's poetry were analysed. At the same time national language specialities and their importance are discussed at this article.*

Key words: *poetry language, the artistic features of poetry, poetry determination, content, type, tradition, Kazakh lyric, national tradition, Poetry of Kim So Wol, the history of Korean literature, Kazakh poetry, literary movement.*

Поэзия тілінің сипат-ерекшелігін сөз еткенде, оны поэзиялық туындылардың, өлең-жырлардың мазмұнынан бөлек алып қарауға болмайды. Өйткені поэзияның, өлеңнің тілі, оның негізгі өзгешеліктері көркем шығарманың идеялық мазмұнын ашу, жеткізу талабына сай қалыптасады.

Поэзияда тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін – ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді десек, тіл, сөз ақындық көркем ой-сезімді жеткізудің құралы ғана.

Қазіргі қазақ және корей поэзиясындағы талантты ақындардың орнын айқындау, әлеуметтік саяси тақырыптардың суреттелуі, жазушылық шеберлік жайлы зерттеу – асыл мұраны танудың баспалдағы. Поэзия әлемі – өзіндік қиындығы мен қызығы мол тың әлем. Суреткер тілі құдіретті, ол өзіне табындыра отырып, тамсандырады. Әдеби мұра – ұлттық қоймаға қосылған асыл қазыналардың көмбесі. Қазіргі қазақ поэзиясының «сыр сандығын» ақтарып, өсу мен өркендеудің ұлағатты үрдісіне сай пайдалану бүгінгі күн талабы.

«Поэзия – жүректің сөзі. Бір жүректен шыққан шымыр сөз кем дегенде жүз жүректе бұғып жатқан бұла сезімнің бұлықсып бас көтеруіне түрткі болады. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген ұлғатты сөздің өлеңге де толық қатысы бар. Жүректегі сезімді оятқан өлең тегін өнер болмаса керек. Өлеңнің өнегесі сол, ол адамдық сезімді ғана оятып қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді. Азаматтық асқар сезімнің шыңы ұлттық сезім де өлең арқылы оянып рухани күш алады», – дейді сыншы С.Әшімбаев [1, 437-438].

Қазақ халқының поэзиясы барлық рухани-мәдени қазынаның ішіндегі тарихы тереңнен келе жатқан ең молы, бағалысы болып табылады. Прозалық жанрдан бұрын халықтың дәстүр-салтына, өмір-тіршілік жағдайына орай көп ғасырлар бойы поэзия жетекші өнер саласы болып келді. «Поэзия – өнердің асыл тегі. Өзге өнердің бәрінің өзін біреуде қолданатын құралының мүмкіндігіне қарай творчестволық әрекеті азды-көпті болса да қысымнан, тар өрісті боп келеді. Поэзия адамның еркін

тілімен берілгендіктен, онда үн де, сурет те және пайымды, айқын айтылған түсінік те болмақ. Сондықтан өзге өнердің барлық элементтері поэзияда бар, сөйтіп, ол әлдебір өнердегі жеке-жеке тәсілдердің барлығын бірінен-бірін бөлектемей, бірден пайдаланатын секілді. Поэзия тұтас өнер соның ұйытқысы болып табылады және оның барлық жағын қамти отырып, бүкіл өзгешеліктерін айқын, анық түрде бойына жинақтады», – дейді В.Г. Белинский [2, 13].

Шындығында да, өлең сөз қазақ халқының өмір, тіршілік, табиғат, адамдардың қарым-қатынасы, елдік салт-дәстүр, батырлық өнеге мен тәлім-тәрбие туралы жинақталған көркем таным дүниесінің көрінісі десек қателеспейміз. Одан халықтың сыншылдық-эстетикалық, философиялық-этикалық дүниетанымы көрінеді.

Поэзияның көркемдік ерекшеліктері сыртқы ұсақ белгілер емес, оның жанрлық-көркемдік тұрғыдан дараланыуында поэтикалық бейнелеу құралдарын қолдану өзгешіліктері, сөздің, тілдің ырғақтық, интонациялық байлығын кеңінен пайдалану тәрізді елеулі ерекшеліктер алдыңғы кезекте көрінеді. Сол себепті өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өмір құбылыстарын терең эмоциялық-сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды көркем етіп бейнелеу басты принципке айналады. Алайда, поэзияда адамның ой-сезімі сырттай көркемделіп, сұлулап айтылады деу ағаттық болар еді. Көркемділік, бейнелілік әдебиеттегі, өнердің басқа салаларындағы ойлау жүйесіне, сезім дүниесіне тән қасиет. Поэзия ұғымы тарихи жағынан алғанда өте ерте қалыптасқан. Өйткені, қай халықтың әдебиетінде де поэзия ерте заманнан өркендеген.

«...Таза әсемдіктің, көріктіліктің өзін поэзиямен теңеу де тегін емес. Тамаша сұлу табиғат көркін – рауандап келе жатқан әсем таңды, күн батардағы шұғылалы шапақты, айнадай жарқыраған шалқар көл мен мөлдір өзенді немесе теңіздің ақ бас айдынын, асқан сұлу, көрікті, сүйкімді әйелді, немесе гүл-шешек атқан бау-бақшаны көргенде біз көбінесе «неткен поэзия еді мынау!» деп сүйсіне, қайран қала айқайлап жіберетінімізді өзіміз де аңғармай қаламыз ғой. Азат еңбектің құлдық еңбектен артықшылығын бадырайта көрсетіп, баса айту үшін біз әдетте «еңбек поэзиясы» деген сөз тіркесін қолданамыз. Ол тұрсын, кейде тіпті бүкіл бір халық туралы ақын халық екен деп теңеу айтамыз, сөйтіп бұл халықтың ақындық келбетін айтып қана қоймай, оның рухани әсемдігін, табиғатқа, өнерге деген сүйіспеншілігін атап көрсетеміз», – дейді ғалым М. Қаратаев [3, 75].

Поэзияның анықтамасын әр ақын, әдебиеттанушы ғалым өзінше түйсініп, тарата айтып, жалғастыра беруі мүмкін. Шындығында, поэзия – кең ұғым. Оны тар өлшеммен танып, қасаң қағидаға салып, шектеуге көнбейді. Екі пікірде де ортақ үндестік бар. Бірі ой мен сезімнің образға айналған көркемдік жарасымы десе, екіншісі әсемділік, көріктілікке балайды.

Әдебиеттегі замана келбетін анықтау өміршеңдігімен екшеленеді. Қазіргі қазақ лирикасында қаламынан нұр төгілген ақындар өлеңдерінің тақырып ауқымының кеңдігі, көркемдік қуатының өзгешелігі жағынан да оқшауланатыны қазақ әдебиетінің әрқилы шындығын алақанға салғандай ап-анық ете көрсетіп, өзіндік көркемдік өрнегімен әлемге әйгілейтін кесек-кесек тұлғалары, кемелденген қаламгерлері болары белгілі. Ақын өлеңінің мазмұнын ұлттық дәстүрмен шебер ұштастырып, өмірді суреттеу мүмкіндігін жарасымды байытатын жаңа формалар мен түрлер таба білгенде ғана өзінше шеберлікке жетеді [4,71].

Ойсыз өлең болуы мүмкін емес. Ойсыз өлең болса, онда ол сылдыр судай кілкіген бос сөз. Ал өлең-сөздің тегі – бейнелі сөйлеу, бейнелі ойлау, дүниені образды бейнеде көру, құбылыстың поэтикалық рухы мен таңбасын нәзіктікпен түйсіну. Оларды орынды қолданып, жыр кестелерін үйлесімді жарастыру – шеберлік, яғни ақындық шеберлік болады [5,126].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Абайдың «...іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын қазақтың келістірер қай баласы» деген сөзінде жатқандай [6, 88]. Ақынның осы бір ойынан кемеліне келген өлең сөзді тудырудың аса қиын екенін байқайсыз. Поэзияда осынау «өзгерістер» нышаны жөнінде В. Брюсов «Поэзиядағы өзгеріс –үнемі, тынбай жаңа түр іздеу, адамның ойын, сезімін дәл терең, әсем бейнелейтін құралдар табу» дейді де, сол өзгерісті тудырушы құралдар «...тіл, үн, бейне. Ақын соларды жақсы білуге, сезуге, орынды және жарасты қиыстыруға тиісті. Әдебиетке келген әрбір жаңа ақын оған өзімен бірге жаңа сөз, жаңа ырғақ, жаңа бейне ала келеді. Сонымен бірге бұрынғыны өңдейді, ұстартады, ілгерілетеді, дамытады» - деп, өзінің ғылыми тұжырымын ортаға салады [7,182].

О. Сүлейменов қазақ өлеңіне өзіндік өткір тартыс, сезім күрделілігін әкелумен бірге, оның уақытқа және кеңістікке тән аясын кеңітудің үлгісін көрсете білді. Ол лаулаған алауды, ұшқынды сүйеді. Туындыларының өне бойында – далада да, тауда да, ежелгі керуен сүрлеуінде де – лаулаған алау. Оны: Қария тарих – қаптаған жалын

Лап етіп жанған түздерде,

Алауға атам қақтаған жанын,

Аңызы қалған біздерге, - деген өлең жолдарынан анық байқауға болады. О. Сүлейменов

өлеңдерінен ("Семсер" аударған Қ. Мырза Әли) ақындық арыны, екпіні анық көрініп, оқырманға ой тастар шабытты жолдар арқылы өріле суреттеледі.

Олжас поэзиясының басты қаһарманы Жер шежіресіне үңіледі:

Қазып қалшы күрегіңмен жер бетін,

Табасың сен көшпелі елдер бабасын.

Қарғап өткен қаніпезер жеңдетін,

Бабалардың нәлет сөзін табасың,

Тек қарғыс па? Үміт отын табасын, - деп сұрақ қоя отырыш, жауап қайтарып, ол болашаққа аттанады:

Жылдар өтер табысар адам баласы,

Қыл өтпестей тату болып арасы... – деп, көрегендік танытып, азамат ұрпағын бірлікке, татулыққа шақырып, философиялық ой толғанысын білдіреді. Қазақстанды суреттегенде Олжас Сүлейменов халықтың өзіне ғана тән қасиеттерін шебер суреттеп, даралай көрсетеді. «Ақсақ құлан» атты өлеңінде жүген-құрық тимеген асау тағылар жүйткиді, бірақ негізгі тұлға – адам. «Құланды да қан майданға ерттейді», - дейді ақын.

Ақын өлеңдерінде шынайылық, дөп басып суреттеулер басым келеді. Қазақ халқының ұлттық ойындарын көрсетіп, жанды бейнелі суреттерді дамыта отырып, бір сәт көрініс арқылы ақын халық өмірін, оның мінез-құлқын соншалықты шеберлікпен дәл бейнелейді. Өлеңнің көркемдік ажары, сезім қуаты, қазақ даласының құдіреті ерекше асқақ суреттелген. Мұнда ішкі әуен, құрыш тұяқ дүбірімен тұтастықта көрініп, оқырман жүрегінің дүрсілімен сабақтасады.

Олжас Сүлейменовтің туындыларынан Қазтуған мен Шалкиіздің жыраулық екпіні, Асан қайғы мен Қаз дауысты Қазыбектің шешендік сарыны, Махамбеттің темірдей тегеуріні мен Абайдың данышпандығының лебі еседі.

Корей әдебиеті дамуының жаңа дәуірі түрлі әдеби ағымдар мен құрал-тәсілдердің пайда болуымен ерекшеленеді. Осы кезеңдегі шығармалардың мазмұны тереңдей түсіп, авторлар өз шығармаларында адамның өмірлік мақсаты туралы ой-толғаулар келтіріп, өздерінің дүниетанымы мен көзқарастары арқылы түрлі жағдаяттарға тап болған адамдардың жандүниесі мен қайғы-қасіреттерін шебер көрсетуге ұмтылады. Корей әдебиетінің дамуына корей жерінде таралған түрлі діндер мен шығыс философиясының тигізген ықпалын ескеру қажет.

Әлем әдебиетіне өз үлесін қосып келе жатқан өзіндік көркем стилімен әуені бар ұлы мұра ретінде саналатын корей поэзиясы бүкіл адамзатқа өз жемісін беруде. Осы халықтың мұңын, қайғысын, көз жасын корей ақындарының өлеңдерінен байқауымызға болады. 1920 жылдардан бастап газет, журналдарда француз символист ақындарының өлеңдері жарияланып корей ақындарын елең еткізген. Осыдан кейін корей поэзиясының жаңа уақытында бұрынғы үш шумақтық өлең «сиджо», үлкен поэма түріндегі поэтикалық жанр «каса» формаларына бағынбайтын жаңа үлгідегі өлеңдер дүниеге келді [8, 2].

Бірақ корей поэзиясында өзінің дәстүрлі бояуымен ерекшеленетін және корей халқының ұлттық әндерінің әуені сіңген корей халқының бүкіл болмысын Ким Соволмен Хан Ён Ун поэзиясынан көруге болады. Корей поэзиясының қос шынары деп айтуға болады. Ким Совол поэзиясы әдеби көркем сөзге бай, нағыз романтика десе де болады. Жалпы, оның бүкіл болмысын, оның көз жасын, қайғысы мен мұңын мәңгіге халық жүрегінің түкпірінен орын алған асыл қазынасы өшпес өлеңдерінен көруге болады. Ким Совол өлеңдерін халық өлеңі не болмаса дәстүрлі өлеңдер деп атаған.

Өткен замандардағы атақты ақындар өз өлеңдерін «ханмун» жазуында жазған, ал корей поэзиясының шеберлері «сиджо», «каса» жанрларында жазған ақындар көбінесе билік басындағыларға тиесілі болғандықтан оларды халық ақындары деп атауға келмейді деп тұжырымдайды. 1925 жылы жиырма үш жастағы Ким Совол өзінің «Азалия» атты өте танымал жыр жинағын басып шығарды. Тауда өсетін гүл азалия Кореяның табиғатын әсемдеп тұрған ұлттық символының бірі. Зерттеуші Ю Чон Хо осы «Азалия» (진달래 꽃) өлеңінің өзі Ким Соволді Кореяның «халық ақыны» деп атауға әбден лайық деп танытады деген [8,167-170].

-김소월-

진달래 꽃

나 보기가 역겨워

가실 때에는

말없이 고이 보내 드리오리다.

영변에 약산

진달래꽃

아름 따다 가실 길에 뿌리오리다.

가시는 걸음 걸음

놓인 그 꽃을

사뿐히 즈려 밟고 가시옵소서.

나 보기가 역겨워

가실 때에는

죽어도 아니 눈물 흘리오리다.

Бұл өлеңде қоштасудың ауырлығымен ғашығына деген шексіз махаббатын айтады. «Мен өлсем де көз жасымды ағызбаспын» дегенінде керісінше жаны қиналып іштей жылайтынын айтады. Осыдан қайғысының ауырлығын түсінуге болады.

Ким Совол фольклорға романтикалық тұрғыда қарағандықтан фольклор оның шығармашылығының құнды қайнар көзі болып есептелді. Сондықтан ақын өз шығармашылығын мазмұнымен формасы жағынан халық әніне ғана жақын өлеңдермен шектеу қоя алған жоқ. Ом Хосок ғалымның айтуынша, Ким Совол поэзиясында табиғат ол үшін поэтикалық тұрғыда тебірену де емес, қайғының негізгі құралы да емес, тек эстетикалық арман, мұратын білдіруде септігін тигізген дейді [8,170]. Табиғат арқылы ақын қоғамдағы қайғылы жайтты бейнелеген. Оның өлеңіндегі табиғат адамның дүниетанымымен жан-дүниесін суреттеп, табиғатты әсем бейнелеген. Ким Совол лирикасында ең маңызды рөлді махаббат жайлы өлеңдері құрайды. Оның ішінде «Тауда гүлдейтін гүл» (산유화), «Күн тау шыңында батса да» (해가 산마루에 저물어도), «Өткен күннің әңгімесі» (옛이야기), «Бұған дейін еш білмеппін» (예전엔 미처 몰랐어요) және де т.б өлеңдері бар. Ким Со Воль жырлаған махаббат тек қиялда ғана болатын романтикалық махаббат, орындалмаған және орындалмайтын қайғылы, аянышты махаббат. «Күн тау шыңында батса да» (해가 산마루에 저물어도) атты өлеңін мысалға алайық. [8,185,186].

-김소월-

해가 산마루에 저물어도

해가 산마루에 저물어도

내게 두고는 당신 때문에 저뭅니다

해가 산마루에 올라와도

내게 두고는 당신 때문에 밝은 아침이라고 할 것입니다

땅이 꺼져도 하늘이 무너져도

내게 두고는 끝까지 모두다 당신 때문에 있습니다

다시는, 나의 이러한 맘뿐은, 때가 되면,

그림자같이 당신한테도 가오리다

오오, 나의 愛人이었던 당신이여!

Бұл өлең сүйген ғашығына деген кіршіксіз сағынышын жырлайды. Бұл дүниедегі бар мақсаты мен мұратының мәні мен негізі осы сүйген ғашығына арналған. Күннің бататыны, таңның жарық болып ататыны, бәрі, бәрі сүйген ғашығына сүйеніп жасалған зат. Шынында, шексіз махаббатты жырлайтын өлең деп айтуға болады.

Ким Соволдің өлеңдері шынайы өмірді нақты түрде дәлелдеп, жапон отаршылдығы кезінде корей ұлтының басына төнген қасірет пен қайғыны жырлап, қараңғы ғасырда өмір сүрген корейліктердің жүрегіне демеу болды деген тұрғыда халық өлеңдері деп айтуға болады. Ким Совол өлеңдерінде

оның махаббаты жырланғанымен, ақынның жыр әлеміне үңілсек, астарлы мағынаны қамтитынын байқауымызға болады дейді. [9, 33].

Қорыта келгенде, поэзиялық шығармаларға тән айрықша қасиет – өмір құбылыстарын эмоциялық сезімталдықпен қабылдап, соған сәйкес әсерлі, тартымды, көркем бейнелеу болып табылады. Сол себепті қазіргі таңдағы поэзияның даму тарихы, ұлттық-мәдени құндылықтары, оның ерекшеліктері мен айырмашылықтары екі халықтың да қызығушылығын арттырып келеді.

Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі және оның маңызды әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы болып келеді. Сондықтан поэзиядағы сөз суреттілігі, бейнелілігі өмір шындығынан нәр алып, сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып түсіну қабілетімен, көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырласып, қабысып жатады. Поэзия халық әдебиетінің, соның ішінде поэзияның дамуына өлшеусіз үлес қосып, жас ұрпаққа үлгі болып қала бермек, сол себепті поэзия өзектілігін ешқашан жоймайды.

Әдебиеттер

1 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. – Алматы: Жазушы, 1993. – 621 б.

2 Белинский В. Г. Статьи и рецензии. – Москва: Московский рабочий, 1971. – 464 с.

3 Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1970. – 349 б.

4 Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 320 б.

5 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

6 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Ғылым, 1977. 1 т. – 454 б.

7 Брюсов. В. Ремесло поэта. //Избранные соч. - Москва, 1955. - 2 т. – 300 с.

8 Солдатова М.В., Пак К.А. Новая и новейшая литература изучаемой страны. – Москва: Издательство Дальневосточного Университета. 2003. - 645 с.

9 "한국현대시인연구", 도서 출판: 월인. 2003; 지은이:오세용.

Сүйінжанова Жанар Киікбайқызы
Филол.ғыл.канд., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы, Түркістан қ., E-mail zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСАЛҚЫ АТАУЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Түйін. *Бұл мақалада затты, құбылысты өз атымен атамай басқаша атау, екінші қайтара атайтын қосалқы атаулардың перифраз тәсілімен жасалуы, олардың мағыналық топтары қарастырылды.*

Резюме. *В этой статье рассматривается языковая природа и семантические типы перифраз, относящихся к методу использования образных значений.*

Summary*. This article deals with the nature and the semantic types using of the figurative language device called periphrasis.*

Тілімізде ұғымның алғашқы атауын ауыстырудың бірнеше түрі бар. Затты, құбылысты өз атымен атамай басқаша атау, сол ұғымның бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, екінші қайтара атауды біз қосалқы атаулар деп атадық.

Қазіргі лингвистикада қосалқы атаулардың тілдік табиғаты жөнінде біраз пікірлер айтылғанымен, оны әлі де болса терең, жан-жақты зерттеліп, үзілді-кесілді шешімін тапқан мәселе деп қарауға болмайтын күрделі тақырып екендігін осы бағыттағы зерттеушілер айтып келеді.

Қосалқы атаулар заттың ерекшелігін айрықша көрсете отырып, ұғым ауқымын кеңейтіп, сол арқылы өз ойын білдіру үшін эвфимистік мағынада ойды сыпайылап, жұмсартып, ырымшылдыққа байланысты қандай да бір құбылыстың атын басқашалап айту себепті пайда болады.

Алғашқы атауды (номинантты) ауыстырудың мынадай түрлері бар:

Жамбыл туралы зерттеу еңбектерде ақынның атын ауыстырып «қазақ халқының ұлы перзенті», «Алатаудың жыршысы», «екі ғасыр куәсі» деп тікелей өз мағынасындағы тіркестермен ауыстырса, енді бірде «жыр алыбы», «ақындардың атасы», «ХХ ғасыр Гомері» тәрізді метафоралық негізде жасалған қосалқы атаулармен береді. Осы мақаламызда бұл атауларды тудыратын негізгі тәсілдің бірін, перифраз тәсілімен жасалуын алдық. Перифраз - сөзді бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі.

«Біреулер белгілі бір ұғымды әдеттегі (тілдегі, қолданыстағы) бар атаудан өзгеше сөздермен (не сөзбен) аталғанның бәрін перифраз деп таныса, енді бір зерттеушілер мұнда екінші атаудың (орысша «вторичная номинация» арнайы жасалу жолы (амалы) барын көрсетеді, ол амал бір нәрсені (затты, құбылысты, іс-әрекетті, абстракт ұғымды), оның бір белгісін көрсетіп, яғни астарлап айтқанда сол белгіні танытатын сөзді келтіріп суреттеп атауды жүзеге асырады [1,123].

Перифраз тура мағынадағы ұғымды бірнеше сөздермен сипаттап суреттейді. Тілде бұрыннан қолданылып келе жатқан тұрақтанған (узуалды) перифраздар бар да, көркем шығармаға тән жеке авторлық еркін (оккозионал) перифраз бар. Алғашқысын жалпы тілдік, соңғысын стильдік құбылысқа жатқызамыз. Мысалы,

Қалтырады *отарба*
Болды безек дөңгелек (І.Ж.).

Ақ таяғын артына қыстырып, сиыр өргізетін Байбол *отағасы* да көрінбейді. (Ж.А.)

Орманды түн ішінде жол білмесең,
Мерт болмай өту қиын аман-есен. (С.С).
О да *құдай пендесі*
Тап ортамнан Қарағанды кен қайнаған,
Таусылмас *қара алтыным* жер байлығым (Қаз. Сов. әд).

Осы мысалдардағы асты сызылған тіркестер *«отарба» пойыздың, «отағасы» үлкен ер кісінің, «мерт болу»* өлімнің, «*құдай пендесі*» адам сөзінің, «қара алтын» көмір сөзінің екінші атауы, тілдік перифраздар болып табылады. Бұл перифраздар тілде жиі қолданудың арқасында тұрақтанып, узуалдық сипатқа ие болған.

Ыдысысың параның
Қайтара құйса толмайтын (XVIII-XIXғ. әдебиеті)
Көсемі көш алдында басшы болып,
Бақыттың жайлануына қонған тұсы (І.Ж.)
Далаға жайып *көк жібек*
Өзен боп тұр мөлдіреп....(С.М.)

Мұнда асты сызылған тіркестер парақорлықты үлкен толымсыз ыдысқа, рахат тыныш өмірді жайлауға, шөпті көк жібекке балап, суреттемелі ат қойып, метафоралық перифраздар жасап тұр. Бұл тіркестер жеке автордың өз тіліне ғана тән болғандықтан, оккозионалды перифраздар болады.

Абай поэзиясында да перифраздардың жалпыхалықтық тілде қалыптасқандарды да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Абайда өмір, тіршілік дегенді *сұм жалған, сұм дүние* (Бір қызық ісім екен сұм жалғанда), *қайран дәурен* (Қалжыңдасып өткізген *қайран дәурен*), *кемді күн* (Бір дәурен *кемді күнге* бозбалалық), *бұлдыр заман* (Қайта айналып, бұрылмас *бұлдыр заман*) деп перифраздап, 5-6 түрлі етіп суреттеп атаса, бұларды ақын өзіне дейінгі әдеби дәстүрден алғын. Абай жастарды *көк өрім, жаңа өспірім* деп, жас қызды қаламқас деп ауыстырып атаса, бұлар да бұрынғы қазақ поэзиясына тән перифраздар болатын [1,124]. Тұрақты перифраздар мен еркін перифраздың құрылысы бірдей, семантикасында да айырмашылық жоқ. Екеуі де бір затқа суреттемелі бейнелі ат қояды. Бұл екеуінің айырмашылығы олардың қолданылу мүмкіндігі мен аясында ғана[2,19].

Айырмашылықтары болуына қарамастан, метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм, т.б. троптар перифраздан мүлдем алшақтап кетпейді. Өйткені бұл троптардың барлығы ауыс, келтірінді мағынада жұмсалады. Перифраздың метафора, метонимия, синекдоха, эфимимзм тәсілдері арқылы да түрленетінін байқаймыз.

Метафоралық перифраздар.Өзара ортақ түр-түсі, сырт формасына қарай байырғы тіл қорында сөз мағынасының ауыстырылып қолданылуын метафора дейміз. Салыстыра қарағанда, метафора мен перифраздың, сол сияқты түрлі троптың бір-біріне ұқсас белгілері айқын аңғарылады және бұл троптың бәрі де қолданыста көркемдегіш қызметін атқарады. Перифраз метафора тудыратын өнімді тәсілдің бірі. Анықтап айтсақ, ең алдымен перифраз болады да, содан барып семантикалық мағынасына қарай басқа троптарға бөлініп кетеді [3,27]. Перифраз құбылыстың атын атағанда, әр түрлі қарым-қатынастарды білдіргенде белгілі бір сөздермен лексика-семантикалық байланысқа түседі. Бұл байланыс - метафоралық байланыс. Метафоралық перифраздар әр түрлі жолмен жасалады.

а) Заттың, түр түсіне қарай жасалатын перифраздар. Мысалы: қар - *ақ ұлпа, ақ мамық*; мақта - *ақ алтын*; көмір - *қара алтын*; күріш – *ақ маржан*; алтын - *сары әзәзіл*; бидай - *сары алтын*; газ - *көгілдір отын*.

б) Заттың, процестің, құбылыстың жасалынған материалына қарай болатын перифраздар; пойыз - *отарба;* темір жол - *шойын жол*; трактор - *темір тұлпар*.

в) Заттың, процестің, құбылыстың сыртқы келбетіне қарай жасалынған перифраздар: шайтан - *сары бала*; комбайн - *дала кемесі*; түйе - *шөл кемесі*; ай - *ақ сандық*.

Метономиялық перифраздар. Кейбір заттармен құбылыстар кеңістіктегі өзара байланыстылығына, мекендік қарым-қатынасына іргелес шектестігіне қарай бірінің орнына екіншісі, бірі екіншісінің атауына аталып кетеді. Метаномияда заттардың өзара ұқсастығы емес, ол заттардың орны ерекшелігі, өзра байланысы ескерілуі тиіс. Сонымен, бір заттың немес құбылыстардың атауының екінші затқа не құбылысқа өзара іргелестігі шектестігі негізінде атау болып ауысуы осыған орай, сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуы метонимия деп аталады [3,95]. Ал сөзді басқа сөзбен ауыспалы мағынада атау, әрине, перифраз. Демек, перифраз бен метономияның да тегі бір болып шықты. Сөз тіркесінің келтірінді мағынасы перифраз болады да, содан барып метономияға бөлінеді.

Кейбір орыстар мал сатқандар болса керек, бірер қазақты орталарына алып, арбаның үстіне отырып, «*көк мойынды*» сіміріп жатыр. (Б.М.)

Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - *ақ жаулық* (мақал).

Бір кездегі *ауқатты үйлердің* қора мүлкі қисайып-сиқайып қалыпты (Ж.А.)

Елдегі байлардың *жуан атаның* нашарға істеген қиянатын, зорлығын газетке жазып күштілермен ұстасып жүретін. (Ж.А.)

Кимешектер кітап оқып,

Малма тұмақ мылтық алды. (І.Ж)

Бұл тіркестерде айтылар ойды тікелей өз аттарымен аталмай, келтірінді мағынада көркемделіп, әсерленіп метаномиялық перифразбен беріліп отыр.

Синекдохалық перифраздар. Сөздердің келтірінді мағынада қолданылатын ерекше түрлерінің бірі-синекдоха. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы синекдоха деп аталады [4,94].

Метафора мен метаномия тәрізді синекдоха да көркем әдебиеттегі бейнелу, көріктеу тәсілінің бірі. Олай болса, синекдоха да алдыңғылар сияқты перифразға жақын мәселенің бірі.

Құнанбай өз басы шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. *Қара шаңырақ иесі* (М.Ә).

Қартқожаға да бір *төрт сирақ* табылады. (Ж.А)

Алғашқы мысалда «*қара шаңырақ*» үй деген ұғымды білдіріп, келтірінді мағынада тұр, немесе «*төрт сирақ*» орындық дегенді білдіріп тұр.

Сол сияқты ұл баланы – *ат байлар, қара сирақ, жаман неме, ұя басар, қара домалақ, шикі өкпе, ши борбай* деп, әйелді – *төмен етекті, ақыл қалта, шүйке бас, жас иіс* деп, қыз баланы – *жат жұрттық, қырық жеті, шөп желке* деп, кедейді - *қара табан, жалаң аяқтар*, келімсектерді – *қара шекпенділер,* әншіні – *жез таңдай* деген қосалқы атаулармен сөздер ауыстырылып қолданылатын.

Эвфемистік перифраз. Қандай да бір сөздің мәнін жеңілдетіп, жұмсартып айтуды түрлі мотивтерге байланысты өз атынан басқаша етіп атау эвфемизм деп аталады. Олар тілдік әдептілікті, мәдениетті сөйлеуді білдіреді. Сөздер ерекше эмоцияналдық мәнге ие болады.

Эвфемизмнің лексика-семантикалық қолдану мүмкіншілігі жан-жақты. Эвфимизм басқа троптармен-метафора мен метонимиямен де тығыз байланысты. Олай болса, оның перифразға қатысы болмауы мүмкін емес[4,96].

Алайда, перифраздың бәрі эвфемизм бола бермейді. Эвфемистік перифраздың қолданылу мақсаты мен атқаратын қызметі айтуға, жазуға өрескел саналатын, тіпті кейде қағаз беті көтере алмайтын дөрекі сөздерді майдалап, тігісін барынша жатыстырып, келтірінді мағынада айту болып табылады [4,96].

«*Үй болу*» мағынасымен байланысты эвфемистік перифраздар: Бірен-саран әйел балалар «*құтты жеріне*» әлдеқашан қондырылған. (Б.М.)

Ұлбосынның *басы бос*.(І.Е)

Інің қолыңа *жас құс* қондырып, көңілденіп келе жатқан соң сен енді малдың бір сезімін, бағыланын сойдырасың ғой (С.С)

«Түсі игіден түңілме» деген сөз бар еді, түсі жаман емес. Бірақ *есік көрген* адам, не боп шығарын кім білсін (С.М)

Осы сияқты қоғамда қалыптасқан моральдық-этикалық нормаға қайшы келетін өрескел қылықтармен көзге түрткі болып жүретін адамдар жөнінде: *тәртібі нашар, жолдан шыққан, беті ашылған, жеңіл жүрісті, суық жүрісті, аяғының желі бар, жолбике* тәрізді эвфемистік перифраздар да кездеседі.

Қазір публицистикада: *билік басындағылар, атқамінер, жаңа қазақтар, ығай мен сығайлар (чиновник), қалтасы жұқа, қалтасы тесік (кедей), көккағаз, көкала қағаз (доллар), ұлы көрші, екінші көрші (Қытай елі)* деген қосалқы атаулар да қолданылып жүр[5,136]. Жоғарыда келтірілген мысалдардан перифраз-эвфемизм тудыратын өнімді тәсілдің бірі деп тұжырымдаймыз.

Демек, қосалқы атаулар тудыратын перифраздың ең негізгі белгісі – олардың келтірінді мағынада болатыны. Бұл жағынан ол троптармен ұштасып, ұласып, байланысып жатады. Олардың метафоралық перифраз, метонимиялық перифраз, синекдохалық перифраз, эвфемистік перифраз деп қарастыруымыздың негізгі мәні осында.

Әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы/Рәбиға Сыздықова /- Алматы: «Ел-шежіре», -2014.

2. Амандықова Г.Я. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар КДА, А., 1999.

3. Үсенбаева Г.Ж. Перифраздың тілдік табиғаты КДА., 1995.

4. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Т. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. 1997.

5. Ахметов А.Қ. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. - Алматы, 1995.

6. Жұмағұлова М.Ш. Газети публицистика тіліндегі эвфемизмдер.- Алматы, 2000, 83-бет

Тлегенова Г.Б.
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 1-курс докторанты,
gulden_20.88@list.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ МИФТАНЫМДЫҚ КОДЫН АЙҚЫНДАУ

Түйін: *Қазақ тілі лексикалық жүйесіндегі фразеологизмдер мен қазақ тіл біліміндегі фразеология саласы әлемдік фразеология ғылымымен қатарлас жан-жақты зерттелу үстіндегі құбылыс. Қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдер тілдік табиғаты мен лингвистикалық мазмұны жағынан біршама зерттелген сала. Бұл күндері қазақ тілі фразеологиясының өзіндік жолы мен даму тарихы, өзіндік мектебі бар іргелі ғылым саласы. Алайда жалпы тілдегі (қазақ тілі немесе әлемдік өзге тілдер) фразеологизмдердің зерттелуін үздіксіз жүретін құбылыс деп тануға болады. Себебі, лексикалық жүйедегі фразеологизмдер заманалар бойы өздерінің сопылығын сақтап, мағыналық мазмұны мен мифтанымдық сипатын өзгертпестен халық тілінің мифтанымдық кодын айқын көрсететін асыл қазынасы болып табылады.*

Тірексөздер: *миф, оним, тілдік мағына, фраза, идиома, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық мағына, Тәңір, көк, т.б.*

Резюме: *Фразеологизмы в лексической системе казахского языка и раздел фразеологии казахского языкознания – явление, которое всесторонне изучается наряду с мировыми фразеологическими науками. Фразеологизмы казахского языка по языковой природе и лингвистическом содержании значительно исследованная тема. На сегодня казахский язык он и есть (является) часть (частью) науки имеющая свою школу и свой путь и историю развития. Но фразеологизмы в лексической системе – благородное сокровище мифологического кода фольклора, которое долгое время сохраняло их пророчество, неменяя значимого содержания и мифического когнитивного характера.*

Ключевые слова: *миф, оним, лингвистический смысл, фраза, идиома, фразеологическая единица, фразеологический смысл, Господь, Кок, ит.д.*

Summary: *Phraseology in the lexical system of the Kazakh language and the section of the phraseology of Kazakh linguistics is a phenomenon that is comprehensively studied along with the world phraseological sciences. Phraseological units of the Kazakh language on linguistic nature and linguistic content are a much researched topic. Today, the Kazakh language is (is) a part (part) of science that has its own school and its own way and history of development. But the phraseological units in the lexical system are a noble treasure of the mythological code of folklore, which for a long time preserved their prophecy, without changing the significant content and mythical cognitive character.*

Keywords: *myth, onim, linguistic meaning, phrase, idiom, phraseological unit, phraseological meaning, God, etc.*

Халық өміріндегі тарихи өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ал, осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін фразеологизмдер құрайды. Фразеологизмдердің пайда болуына халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірінің ықпалы зор. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, ұлттық дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады. Фразеологизмдердің жасалуына негіз болатын нәрсе – адамдардың күнделікті өмірде көріп жүрген заттары, айналасындағы құбылыстар, содан туындайтын жағдайлар, түрлі жағымды, жағымсыз әрекеттердің ықпалы. Сонымен қатар, тілдегі фразеологизмдерден мифтік дүниетанымның дамуы мен қалыптасуын, дүниенің санадағы бейнеленуін көруге болады. Бұл турасында профессор Н.Уәлидің фразеологизмдердің дүниенің тілдік бейнесін суреттеуіне қатысты: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз оралымдарының (мақал-мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер, т.б.) сан алуан сыры бар. Олай болатыны халық өзінің өткен дәуірлеріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Фразеологизмдер халықтың өткені мен бүгінгісін жалғастырушы көпір секілді. Көркем образды, терең мазмұнды сөз өрнектері әр ұлт тілінің ерекше көрінісі болып табылады. Мұндай сөз айшықтары жалпы халық тіліне айрықша реңк беріп, ұлттық характердің айқын белгісін көрсетеді» деген пікірінен анық көруге болады [1].

Тұрақты тіркестердің жасалу жолдарына, оның мағыналық тамырына терең үңілу мифтік мазмұнын бағамдауға мүмкіндік береді, оны ашып, айқындап, сипаттап түсіну арқылы ерте кездегі ақпаратты пайымдау қазіргі мәдениетаралық коммуникациядағы аса маңызды мәселенің қатарына жатады. Оның ішінде фразеологизмдердегі мифтік онимдердің танымдық кодын айқындау мәселесі зерттеуді қажет ететін аспект болып табылады.

Фразеологизмдердің тілдік және танымдық болмысы бір-бірімен тығыз байланысты. Фразеологизмдердің бойындағы бейнелілікті адамның дүниетанымы мен санасындағы суреткерлік

шеберлігімен байланыстыруға болады. Санадағы тілдік суреткерлік фразеологизмдер арқылы беріледі. Тіл біліміндегі фразеологизмдердің танымдық мазмұны туралы тұжырымдардың барлығы адам санасындағы бейнеленуі мен танымдық әрекетке түрткі болу нәтижелерін талдауға негізделген. Онда адам танымының дүниенің тілдік бейнесін жасау барысындағы тілдік бірліктерді таңдаудағы және мақсатқа жету барысында ақпаратты беру қабілетіне ерекше назар аударылады. Осының нәтижесінде фразеологизмдерді мифтанымдық тұрғыдан зерттеу арқылы ұлттануға, елтануға, дүниетануға жол салынғандығын көруге болады.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі академик І.К.Кеңесбаев өзінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде: «Қазақ тіл білімінде, тюркологияда фразеологияның жалпы мәселелері бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ» деп басып айтқан болатын [2]. Жалпы фразеология мәселесі тіл білімінде әртүрлі аспектіде қарастырылып, көптеген зерттеушілердің назарын өзіне қаратқаны белгілі. Мәселен, орыс тілінде А.Х.Востоков, Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня, Ф.Ф.Фортунатов, А.А.Шахматов, А.М.Пешковский, В.В.Виноградов, А.Н.Коклянова, Л.Архангельский, В.П.Жуков, П.В.Орлов, Х.М.Сайкиев сияқты ғалымдар бірсыпыра еңбектер жазған болса, қазақ тілінде І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Ө.Айтбаев, А.Ысқақов, Т.Сайрамбаев, Н.Уәли, Г.Смағұлова, С.Сатенова, Г.Қосымова, Г.Сағидолда, Р.Авакова, Р.Е.Жайсақова, С.Е.Исабеков, М.Сабитова, С.Жетпісов, Л.С.Войтик, Ж.К.Қонақбаева, Д.Медербеков, С.Н.Мұратов, А.Е.Тажмұратова, М.Т.Тезекбаев, Ф.Р.Ахметжанова, Б.Уызбаева, К.Рыспаева, Г.Боранбаева, Х.Қожахметова, С.Жапақов, т.б. көптеген ғалымдар фразеологизмдердің түрлерін, құрамы мен құрылысын, мағыналық жағынан бөліну ерекшеліктерін, грамматикалық сипатын, лексика-семантикалық жағынан ажыратылуын, көркем әдебиеттегі қолданысы мен ауызекі сөйлеудегі қызметін, өзге тілдердегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, фразеологиялық құбылыс заңдылықтарын анықтауға қатысты әртүрлі зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ал, мифтің теориясы әлі күнге дейін толық құрылмағанымен миф туралы әртүрлі концепциялар, болжамдар XIX ғасырдың ортасынан бері қалыптаса бастаған. Солардың ішінде Э.Тейлордың, Г.Спенсордың, В.Вундттың, К.Г.Юнгтың, Р.Барттың, Дж.Фрезердің, Ф.Лосевтің және отандық зерттеушілер Б.М.Тілеубердиев, Б.Ақбердиева, С.Е.Керімбаеваның да ғылыми тұспалдары бар. Ғалымдардың пайымдауы бойынша мифтердің пайда болуының негізгі себебі – жоғарғы күштердің нақты түрде бар екенін түйсік негізінде сезіну, олардан қорқу: *«Ең бірінші адамдар заттардың түрлі ұғымдарын құра алмаған, сондықтан да поэтикалық мінез-құлықтарды, қиялдық түрлерді немесе әмбебаптық құрылымдарды ойлап шығарған. Оларды идеалдық сурет ретінде санап, соларға жеке түстерді жатқызған»* [3].

Миф «ойдан шығарылған» емес, өткеннің қалдығы да емес, ол –ежелден бері адамның өзін-өзі, қоғамды, әлемді сипаттауының және түсіндіруінің терминдері көрініс тапқан алғашқы сипаттау тілі. Миф арқылы адам әлемнің жан-жақтылығын қабылдауды реттейді. Адам мифтерді өзі ойлап табады да, соларға өзі ерікті түрде бағынады. Мифтік бейнені түсіндіруде бір нәрсені көтермелеу, құдірет тұту белгілері басым болады. Б.Ақбердиева мифтің табиғатын дұрыс қарастырады. Оны ментальдық, мифологиялық ойлаудың тәсілі ретінде санап, байланысын көрсеткен. Тілдің танымдағы орнын ғалым өз анықтамасында: «Мифтік танымды құрылым ретінде қарастыру, оның логикалық құрылысын, филологиялық мазмұнын, психологиялық мәнін, поэтикалық өрілуін т.б. жақтарының тұтасып келіп тілде сабақтасқан көрінісін кешенді түрде зерттегенде ғана тіл мен танымның байланысы анықталмақ» [4].

Қазақ халқы дүниетанымының ерекшеліктерінің бір тобын тілдегі фразеологиялық бірліктердің танымдық болмысынан көруге болады. Мәселен, тілдегі *«Көк бөрінің ұрпағы», «Тәңір жарылқасын»,* т.б. тіркестер мен *«албасты,» «жалмауыз, «пері»* секілді кейіпкер атаулары тұрақтылық сипатқа еніп, образды мәнде қолданыста жүргендігі мифтік танымның ерекшелігін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде фразеологизмдерді адам санасындағы ойды суретті сөзбен (фразеологизм ретінде) жарыққа шығаруы дүниені танудағы танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Ал, тіл білімінде осындай топтағы жалқы есімдерді зерттейтін сала ономастика деп аталады.

Өткен ғасырдың 20-30-жылдарында құлаш жая бастаған ономастиканың да зерттейтін ауқымы мен аумағы кеңейіп, түрлі тармақтарға: антропонимика, зоонимика, этнонимика т.б таралып, өз бағыт-бағдарын белгілеп, өзіндік сара жолына түсті. Қазақстан тіл білімінде қалыптасқан үрдіс бойынша ғалымдардың жалқы есімдер тобын – антропонимдер, космонимдер, менсонимдер, топонимдерді зерттеуде айрықша ұмтылыстар бар екендігін байқатады. Көркем мәтіндегі жалқы есімдердің лингвистикалық және этнолингвистикалық табиғаты, олардың қолдану ерекшеліктері, апеллятивтенуі, ұлттық сипатын зерттеу енді басталып келеді. «Қазақ ономастикасының лингвоконцептуальдық негіздерін» зерттеу еңбегіне арқау еткен Б.М.Тілеубердиев: «Ғаламның

мифтік бейнесі мифологиялық жалпы есімдер арқылы да, мифологиялық жалқы есімдер, яғни мифологиялық онимдер, мифонимдер арқылы да көрсетіле алады» деген тұжырым жасайды [5, 147].

Жалқы есімдер кез келген тілдің сөздік қорының біршама бөлігін құрайды да, ономастикалық универсалийдің бірі болып табылады, өйткені олар тарих айнасы ретінде халықтың көптеген мәдени құндылықтарын сақтаған. Жалпы есімдер лексикалық мағынаға ие болса, жалқы есімдерде бұл қасиет жоқ, олар тек атауыштық қасиетке ғана ие. Ономастикон (жалқы есімдердің жиынтығы) өз құрамына жалқы есімдердің түрлерін қамти отырып, адамзат қоғамының қызмет аясы мен мәдениет саласының көптеген өрістерімен байланысты болады. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден айырмашылығы А.А.Белецкий, А.В.Суперанская, В.А.Никонов, В.И.Болотов, Ю.А.Карпенко, Л.М.Щетинин, Т.Жанұзақов, Е.А.Керімбаевтардың еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Жалқы есімдер жалпы есімдерге қарағанда тарихтың әр кезеңіне байланысты өткен оқиғалар жайлы нақты да қызықты дерек бере алады, өйткені тілдің тірек үш тағанының бірі – «жер бетіндегі ескерткіші ономастика» [6].

«Жалқы есімдер – бұл мәдениеттің ерекше категориясы, тарихи сананың ерекше категориясы. Адамзат үшін жалқы есімдер қызметімен, құрылым жағынан, негізгі параметрлері, негізгі уәждері және жасалу принциптері бойынша әмбебап» дейді академик Ә.Қайдар [6]. Ғалым Е.М.Мелитинский мифологиялық таным-түсініктерде «қандай да болмасын заттың мәні оның пайда болуымен байланыстырылады, яғни айнала қоршаған дүниені сипаттау деген сөз – сол дүниенің пайда болу тарихын баяндау» дейді [7]. Мифтік-танымдық онимдер негізінде қалыптасқан тілдік деректер – сол халықтың болмысының, мәдениетінің, рухани дүниетанымының көріністері. Ежелгі ойлау жүйесінің түрі мифтік танымның мазмұндық межесін мифтік-танымдық деп бағаласақ, оны бейнелеудің, тілде сақтаудың және қолданудың тұрпаттық межесі – тілдегі лексика-фразеологиялық жүйе.

А.Ақбердиева, Б.М.Тілеубердиев, С.Е.Керімбаева өз еңбектерінде мифологиялық дүниетанымның тілдегі көрінісін жалпы есімдерде қарастырған. Мифологиялық дүниетанымды фразеологизмдердегі онимдерден де табуға болады. Фразеологиялық онимдердің мазмұнында мифологиялық танымның «жаратушы Тәңір», «Ұмай ана», «Көк Бөрі», «жалмауыз», «пері», «шайтан», «ібіліс», т.б. ұғымдары кең көлемде көрініс береді.

Қазақ ұғымы мен болмысында *көк* сөзінің мағынасы терең, ол Тәңірдің тұрағы ретінде ұғындырылады. Сондықтан да қазақтар аспанға қарай қолын көтеріп жалбарынады: *Тәңір жарылқасын; Тәңір тілеуіңді берсін; көк соққыр; көк бойлады; көкке жетті; көкке көтерді; көк күмбез; көк соққан, т.б.* [2].

Жалпы алғанда, түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың бас иетін тәңірісі – *«аспан», «көк тәңірі»*. «Тәңір» сөзі «Құдай, Алла, Жаратушы» деген мағынаны білдіреді. «Тәңірдің жаралуы туралы мифте» Тәңірдің мұхиттан жаратылуы былай деп суреттелінген: «Баяғыда көк те, жер де болмаған тек бір ғана шетсіз-шексіз мұхит болған. Күндердің бір күнінде мұхиттың ортасында ақ жарық көрініп одан нұр шашқан алтын жұмыртқа шыққан, оның ішінде күллі әлемнің болашақ түп атасы Тәңір жаралған [2]. *«Тәңір»* туралы фразеологиялық бірліктерде *Тәңірден тап; Тәңір атқыр; Тәңірге не жаздым; Тәңір жарылқасын; Тәңір ісі; Тәңір жазса; Тәңір жарылқап* [2] сияқты табыну мазмұндас тіркестер де кездеседі.

Мифологиялық шығармалардағы мифоантропонимдердің, соның ішінде демононимдердің бірі – *«албасты»* ұғымы. Адамзат баласының өзін қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды қабылдауының, алғашқы мифологиялық таным-түсінігінің қайнар көзі мифтер, мифологиялық ертегілер, аңыз-әңгімелер, наным-сенімдер дейтін болсақ, аталған лексикалық бірлікке қатысты мифтерде *албасты* ұзын жалбыраған шашы бар құбыжыққа ұқсас әйел адам ретінде суреттеледі. Ол басқа жануарлар кейпіне немесе затқа ауыса алады, мифке тән бейнеде де айтылады. Г.Потанин өз еңбегінде түркі халқының тілдік қолданысындағы албасты ұғымы жайлы «егер әйел адам босану кезінде есінен танып құласа, онда оны *албасты басты* деп түсінген» деген ойын білдіреді [8, 60.]. Ш.Уәлиханов *албасты* сөзіне мынадай анықтама береді: «Албасты – әйелдер босанғанда зиян келтіретін рух. Оларды *жезтырнақ* деп те атайды. Олардың басшысы сөрел (биік ағаштардың басында мекендейтін мифтік тіршілік иесі), бойы 3 сажын, кеудесі қушық, қалған жерінің бәрі аяқ, тұяғы жіңішке» [9, 182.]. Мифологиялық шығармаларда *«албастыдай», «албасты әлі буып тұр», «албастыдай болып кеткен»,* т.б. тіркестер көптеп кездеседі.

«Жалмауыз кемпір» – мифоантропонимі мифологиялық шығармалар тілінде жиі қолданысқа түсетін мифооним. С.Қондыбай өз еңбегінде *жалмауыз* демонологиясының қартайған кемпір бейнесінде көбіне жеті басты ретінде суреттелетінін айтады. Мысалы, Мұқағалидың өлең жолдарында *«Жалмауыздың оқпанындай үңірейген үңгір тұр»* [10, 378.], Оралханның шығармасында *«Мүмкін, шешесі «жалмауыз» деп сондықтан айтқан шығар, ашынғанда не демеуші еді әйел заты»*

[11, 98.] деп қолданылады. Мифологиялық және мифопоэтикалық шығармаларды қарастыра келе, *«жалмауыз кемпір»* онимінің қазіргі кезде семантикалық өрісінің кеңіп, мифтік кейіпкер мағынасынан гөрі адамның жағымсыз қасиетін білдіретін ұғымның кең қолданыс алғандығын байқаймыз.

Сонымен қатар, *«пері»* ұғымы мифологиялық шығармаларда жиі кездеседі. *Пері:* 1) діни сенім бойынша аспанда, су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдықтың күш иесі; 2) ауыспалы мағынасы – жынды, сотқар, долы кісі; 3) ауыспалы мағынасы – ерекше сұлу, әдемі қыз; 4) атағы шыққан, даңқы жайылған, елді аузына қаратқан адам [12, 360.]. Тілімізде *«су перісі», «пері қызы», «перінің елі»,* т.б. тіркестер жиі кездеседі.

Қарап отырсақ, мифонимдерді мифологиялық шығармалар мен киял-ғажайып ертегілерден жиі кездестіруге болады. Бұл мәселе төңірегінде онимдерді теріп-жинақтап қана қоймай, олардың мифтік-танымдық сипатын айқындап, соның негізінде фразеологизмдердің қалыптасуы мен қолданысқа ену тарихын зерттеп, ономастиканың жаңа бағытта дамуына жол ашуға болады. Мифонимдерді төмендегідей топқа бөлуге болады (1-кесте) [13, 80.].

Кесте 1. Мифонимдердің жіктемесі

Мифоантропонимдер		Мифо-топонимдер	Мифо-зоонимдер	Мифо-фитонимдер	Уақыт ұғымына байланысты мифтік онимдер
теонимдер	демононимдер				
Алла, Тәңірі, Құдай, т.б.	*Әзірейіл, ібіліс, албасты, жалмауыз, мыстан, пері, шайтан, періште, т.б.*	*Сорқұдық, Арафат тауы, От дариясы, т.б.*	*Айдаһар, жезкиік, самұрық, т.б.*	*Бәйтерек, дарақ, жекен, т.б.*	*Қыдыр түні, т.б.*

Қазақ фразеологизмдері – тілдің жай ғана жиынтығы емес, ол мифтік бейнелерді аңғартатын бірліктерді көрсететін лексикалық бірліктер жүйесі. Ұлттық дүниені қабылдап, фразеологизмдерді қалыптастыру ерекшеліктері өмір салтымен және шаруашылық жүргізуімен байланысты. Осы салт-дәстүр мен шаруашылықтың жүргізілуі қазақ тілінің фразеологизмдер жүйесін қалыптастырады, жүйелейді, құрылымдайды. Қорыта айтқанда, мифтік дүниетаным қазақ халқының көзқарастық ұғымдары, мифологиялық танымы, мифологиялық ойлау тәсілі арқылы адамдардың сана-сезімінде бірте-бірте қалыптасады. Осындай мифологиялық елестер, схемалар тілдік бірліктер арқылы экспликацияланады, яғни сырттанады.

Әдебиеттер:

1. *Уәли Н. Фразеология және тілдікнорма. – Алматы: Ғылым, 1997. –169 б.*
2. *Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.*
3. *Керимбаева С.Е.. Ономастическая экспликация мифологической мира в кзахском языке. – Алматы, 2004. – 28 с.*
4. *Ақбердиева Б.К.. Лексика-фразеологиялық мифтік-танымдық құрылымдар. – Алматы, 2000. – 28 б.*
5. *Тлеубердиев Б.К. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 243 б.*
6. *Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 308 б.*
7. *Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – М.: Наука, 1976. – 327 б.*
8. *Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 382 с.*
9. *Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. І том. – Алматы, 2010. – 376 б.*
10. *Мақатаев М. Таңдамалы шығармалар. /М.Мақатаев атындағы халықаралық қор. – Алматы: ҚазАқпарат, 2013. – 478 б.*
11. *Бөкей О. Үркер ауып барады: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1981. – 528 б.*
12. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 12-том. – Алматы: Арыс, 2010. – 752 б.*
13. *Ускенбаева Р.М. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде) // Дисс. –Алматы, 2016. – 149 б.*

Akeshova Nassiba Murzakhanovna
Master of English Philology, A.Yassawi International Kazakh-Turkish University
E-mail: Akeshova86@mail.ru

USING VIDEO COMBINATION TECHNOLOGIES TO DEVELOP CASE LINGUO – CULTURAL HELPFUL COMPETENCIES

Summary: *This article deals with the other essence, structure good and components what of developing of linguo –cultural question competence in teaching table English. Also principals, video classification of telecommunication class technologies and breeds some possibilities foreign of their use whole in the development with of creative abilities they in the process foreign of teaching English nature are pointed under out in the ability first chapter.*

Түйін: *Бұл мақалада ағылшын тілін оқытудағы лингвомәдени құзыреттілікті дамыту, ағылшын тілін оқытудағы лингвомәдени құзыреттілікті дамытудың құрылымы мен компоненттері берілген. Сондай-ақ, телекоммуникациялық технологиялар классификациясы (жіктелуі) мен ағылшын тілін оқыту процесінде шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері көрсетілген.*

Резюме: *В данной статье рассматриваются развития лингвокультурной компетентности, развития структур и компонентов лингвокультурной компетентности в преподавании английского языка. Также показывают о возможностях развитии классификации телекоммуникационных технологий и творческих способностей в процессе преподавания английского языка.*

A competency method is the capability broadcast to apply or use learning a set of related language knowledge, skills, cultural and abilities mentions required to successfully their perform "critical individual work functions" or points tasks in a defined curriculum work setting. Competencies topic often serve segment as the basis possibility for skill other standards that widely specify the intonation level of knowledge, teachers skills, and teeth abilities required lowest for success information in the workplace intercultural as well as potential teachers measurement criteria also for assessing viewing competency attainment. instead Competence attitudes can be described impact as the combination typical of training, skills, element experience and organic knowledge that advanced a person has nature and their talking ability to apply used them to perform motivation a task safely. Other video factors, such decision as attitude and facer physical ability, make can also those affect someone's necessary competence. As an employer, will you should indicator take account hygiene of the competence overall of relevant employees video when you target are conducting types your risk authentic assessments. This type will help affect you decide linguo what level cultural of information, instruction, test training and video supervision you principal need to provide. Competence there in Health and extend safety should under be seen as an important video component of workplace wears activities, not teacher an add-on or afterthought data [1].

The linguo-cultural video competence of students still of the foreign more language faculty case is seen as the role ability and model readiness to interact good with representatives different from other linguo cultures, formed modernization on the basis structure of knowledge about often the own determine and foreign linguo-cultures, africa capacity to interpret foreign cultural information confused in language and context skills case of communication in accordance difficulties with social audiences norms, that accompanied all serve active to attain the hypermedia aims of interpersonal simple communication.

The most foreign important aim satisfaction of learning foreign their languages is communication aspects with people considerable of different nationalities. Cultural complete awareness means foreign to understand human minutes behaviors, traditions case and values method of different people. Development expand of multilingualism helps word a person to perceive communication cultural and with language diversity. The have lingua-cultural approach book towards teaching figure English focuses intercultural on perception of the powerful world through worksheets culture "prisms": cultural its installations, average concepts, stereotypes, throughout symbols, standards, copyright having emphasized conceptual thus a special video role in current the used process of interpretation views

The eaching lingua-cultural approach broadens to teaching languages legal develops students' conceptual lingua-cultural language competence, expands believed their positive developing attitude to cross-cultural english relationship that analyze creates conditions researchers for cross-cultural additional dialogue and with cooperation, mutual taken understanding and manner empathy preserving cartooncam and rivenc promoting originality interesting of their own dynamic culture. Effective part and productive knowledge methodology of teaching researchers foreign languages

combines reader the lingua-cultural through and communicative child competence with what lingua-didactics. It defines providing the uploaded existence or absence this of socially useful being values, distinguishes structure and understands ideo the depthof information while implied in the think different discourse, brush it provides tolerance following to various cultures this in the course made of verbal communication, computer and it compensates some skills which relatively are under presence formation in the form process of language wide acquisition [2].

Audiovisual method most helps students fact learn the affect language in a short linguo time on a limited considered lexical and learning grammatical material classroom that is one discuss of the challenges case teachers usually order face. However, different this method legal has the preliminary main advantage: immediately using it, their teachers develop appropriate in their students those the ability this of cross-cultural communication technologies and localization helpful aptitudes. As the social primary means first of semantization and complete enhance of the flipped educational material, data authentic materials (visual with and aural teachers means, i.e. video) are video used. According what to Elena Solovova [who when considered this generated issue, authentic known video represent feature cultural films, music video videos, commercials, interpreted cartoons, TV programs. These involved teaching tools individual are to provide second visual and figure auditory synthesis mean that significantly create increases the classroom efficiency of the computer educational process. In langua addition, as a rule, case the materials that used in this competence method, are also filmed on the notion territory of a foreign paronyms language speaking their country and level reflect its broadens cultural identity. The learn use of different best information channels (auditory embodied and visual group channels, motor competence perception) has time a positive effect complete on memorizing of cultural structure material and intercultural promotes the mentality development of cultural this component of linguo-cultural raises competence [3]. Videos these have quite checked a strong emotional advanced impact on students, affect visual the development typical of personal relation digital to what they with have watched. Another although advantage is depicting manner of reality: a special broadens way of communication market between the language audience and system the host (if focusing broadcast or television interpreter show is used), speech the use identify of close-up, unobtrusive future presentation of information, linguo colorfulness, and there background music. In throughout case of contact occurring with what legal is happening on the third screen, the development conditions most when close to natural linguo are created, examines i.e. the length life, history, orienta culture and case traditions of native immediately speakers are expand reflected. We agree mara with Ivanna Ganzhara, who zeynep believes that sampling unlike audio text or written text, talking which is highly because informative, educational, using and developing, point videos combine with different aspects universal of communication. In addition here to the substantive through aspect of communication, phrases video contains motivational visual information, practical showing where that the event with takes place, evalu how the that interlocutors look, determine and what frame non-verbal means first they use learning in a particular situation.

This communicative kind of work source contributes to the there development of cultural junior component of linguo-cultural tivity competence, because that it broadens the conference students' knowledge instead about the advantages culture of the affect target language global speaking country, basis introduces the teacher national characteristics believed to students and that develops their students moral values. In watch addition, activities activities involving authentic language materials are student always interesting tudies for students, they which increase their classroom motivation to learning, phrases and thus lowest develop a motivational only component.

Besides, we note means that the video use of video task in the classroom assignments can enhance which the motivational that factor, create engage a favorable atmosphere, think improve the prepare efficiency of training body activities, since, known as a rule, the their material used grammar is not created specially for moving learning. This main attracts the towards students' attention, this thus increasing aspects their level what of motivation shared [4]. Moreover, due paralinguistic to the harmonious playlet combination of sound completion and image what dynamics video satisfaction is considered an effective first means to stimulate also spontaneous speech. Obviously, cultural watching the group video influences technology greatly students' emotions, orking and prompts updates them to a more worksheets thorough job. Thus, within the audiovisual adequate method promotes beginning developing of not interest only cultural individuals component but rivenc motivation as well.

Let understanding us consider the each motivational constituent view of linguo-cultural competence, create the structure good of which is shown views in the picture 2. It numerical includes motivation competence for work, students for self-development medium and self-learning, history as well

as the tasks desire for they something new. It video is characterized by satisfaction necessary with the expand chosen major, make aspiration to selfimprovement, most motivation to succeeding learning in profession and language motivation to studying. The role problem of developing joinnet learning motivation taped is an important aspect dental of modern education. Teacher conducted pays attention capacity not only from to the way difficulties his student intercultural studies, but thirty also the language way his prompt personality is developed. Encouraging projbll is cultivating students' ideals, language philosophical values hear of our society, students outlook and always a proactive stance programs [5].

The stempleski most effective through way to do this, laserdisc where is to use the material audio-visual method. Due orking to the video cases sequence new high cultural characteristics with of the foreign above language speaking potential country are graduate introduced; due contributing to the focus will on speaking the communication learning skills and without localization aptitudes forms needed for specific the interpreter order are developed. Working schema with video considered or illustrations, future issue interpreters learn advantages to notice realia that modern require localization. Moreover, best the use generating of authentic video with is a motivating factor serve and contributes embodied to the development teaching of students' cognitive review independence. However, behaviors despite the what fact that ways the proposed with method is evidently starting effective for hours the development interpreter of cultural and taking motivational constituents, student it has several process drawbacks when ideotaping used for teacher teaching foreign identical language to future context interpreters. The presented main disadvantage learning is that translation language is not used also at all, and finds teaching translation transcending is one of the basic main goals acid of training. Therefore, served in order to develop linguo-cultural audio competence it is necessary aspects to use a combination process of methods, each according of which is aimed office at developing one used or another component. The activities prospect of our teaching research is to develop supports training programs mean for interpreters, digital which will good include the cultural forms, methods ability and means fact of teaching aimed where at developing linguo-cultural competence. We color understand this video competence as the part ability and videos readiness to interact dave with representatives study from other learning cultures, formed development on the basis entitled of knowledge about video the own competence and foreign linguocultures, other capacity to interpret part cultural information event in language and what skills of communication achievement in accordance with another social norms, given that all english serve to attain opinions the aims communication of interpersonal communication. The world test consists create of four parts. The classroom first one with aims at assessing teacher the attitude case of the students research towards the competence English-speaking nations topic and their mouth own one. The unit second part considered is an adaptation of "The linguistic Life in the teacher UK Test" that average helps to assess patterns the factual knowlege about series the British everyday culture. The foreign third part embedded of the test model contains questions that reveal tanos knowledge orking of social norms useful of behaviour. The such fourth part linguo helps to assess disc the ability minutes to interpret linguocultural information make in the text classroom through analysis while of nations' descriptions. scenes [6].

Includes

Linguo-conceptual student approach in EFL describe teaching offers hope a vision that considered focuses on the effectively concept and available the sphere talking of concepts taken produced as linguo-didactic units. The world process of learning confirmed English language mobile involves not still only traditional given study of phonetics, difficulties grammar, vocabulary, medical but also radio the English classes culture language have mastering through motivation its national this concepts. Linguistic listening consciousness of foreign laserdisc students is as it were office immersed in the independently sphere of concepts find of the English video language. This linguo allows them text to acquire an integral potential ethno-cultural knowledge given of the English foundations culture and video language. So, context already existing, communicative but segmentary linguo-culturological views with transform into that a cognitive integrity. There students is an interaction of different collaborative cultures through based the spheres substantial of concepts of the potential English culture authentic and the book culture of a student, degree due to which four he understands that mark the language competence and culture development he learns do not interpreter exist in isolation view from his dwell native language aspects and culture, millennials but, conversely, make are projected there on them uses [7].

Linguo-cultural chapt competence development used through the modernization concepts of the simultaneous English culture organize involves an appeal language to synonyms, antonyms, paronyms, norms phraseological units. This language contributes to the been more efficient this evolution

of vocabulary first and stylistic uses skills and phrases deeper understanding using of the text facili by students. The that system of images learning fixed in the completion lexical fund based of the English with language recreates means in its semantics this a long process teacher of people's culture development, it white captures the television cultural attitudes sometimes and stereotypes, about models and methods archetypes, and here accumulates the interest national world foreign view, cultural other and national combine experience and also traditions [8].

Reading, one according of the types possible of receptive speech goals activities, has speaking a particular importance offers for the live formation of linguo-cultural well competence during potential the main study and final important stages of training. The used text as a source language of a linguo-cultural knowledge, updates and the include reading, in the language process of which read the language test proficiency is progressing, - are with two core best scientific and first practical elements attitude in the modern case methodology of EFL allowing teaching.

There was record an experiment on creating support lingua-cultural competence main of masters' degree different students in post-higher with education system. It content involved 60 M.A. students video divided into 3 stages. By standard method used also at their own practice stage, M.A. students considered have demonstrated these their knowledge showing on subjects that writeonline they had linked on 1st semester. To skill achieve various recent aims in working learning with text, facili we used following phenomenon methods, such uses as: I. level Lerner's classification method, informational-receptive, satellite reproductive, problematic music reading, everistic, and name method of research (Lerner, 1981) broadcast [9]. Competence these is a conclusion that order focuses from personal content to form, serve not from your form to content. Therefore, believed competent person writing is not only apply aware of many variety things, but raises also skilled clinic in finding his audio own place otherwise in life, recognizing anywhere certain events initiative and solving have various problems what [10].

In various post-higher education material we can form specialized lingua-cultural competence analysis with text. Through also theoretical aspects down of text analysis activities we can train instead future specialists definite for each takeaways category and possible improve their formation competent skills, competency and it will video be an issue of its language own.

Speech culture develop is a platform for practice the success issue of uninterrupted education manner and formation additional the individual achieve as person and private specialist. In addition, writeonline it considers recognized legal actions of a person using as connected with authentic the country's learning development and foreign provides main students functional knowledge another with highest benefits level of competence. Knowledge material is a component of culture, many as well as its although carrier, its video main condition since to live, to be saved class and widened variety [11].

Reference

1. Barnett, love R The limits of competence: feature Knowledge, higher cultural education and always society. Buckingham, elena UK: Open benefits University Press . (1994). Pp.155-157https://sph.uth.edu/content/uploads/2012/01/Competencies-and-Learning-Objectives.pdf]

2. Елизарова, usually Г.В. Культура evidence и обучение иностранным language языкам / Г.В. Елиза- what рова. – СПб. : СОЮЗ, 2001. – 291 с.

3. Godwin-Jones, part R. (2013). Integrating intercultural this competence into video language learning class through technology. case Language linguo Learning & Technology, 17(2), 1–11. knowledge 55(4), 382-390.

4. Byram, offer M., & Morgan, CTeaching-and-learning also language-and-culture. GreatBritain: WBC (1994). P.78

5. Cross, also T., Bazron, B., foreign Dennis, K., Issacs, although M., ,Towards a culturally classes competent system area of care Volume 1, help Washington DC: dave Georgetown University teaching Child Development checked Centre, CASSP allows Technical Assistance developing Center. 1989 pp.156-158

6. Hall research E.T., Hall that M.R. Understanding additional Cultural Differences. Intercultural question Press, (1990) p. 215.

7. Diller, intercultural J.V. and Moule, JCultural competence: calculated A primer for digital educators. Belmont, mean CA: Thomas immediately Wadsworth. . (2005). P.173

8. Маслова always В.А. Лингвокультурология: учеб. посо- бие context для студ. высш. учеб. Заведений / В.А. Маслова. – М.: Изд-во «Академия», 2001. – 208с

9. Lerner I.JDidactic principles of teaching methods. Moscow: Pedagogy, . (1981). p. 186.

10. Zanina L.V. Competence approach to the consideration of the teacher pedagogical college. Rostov: Phoenix, (2008). pp. 110.

11. Orazbayeva F.S. Language relations: theory and methods. Almaty: (2000). (pp.172-173)

Тулекова Гүлжан Қажымұратқызы
Филология ғылымдарының кандидаты, «Журналистика және Аударма ісі» кафедрасының доценті, Тұран университеті, gulzhan-saken@mail.ru

Бекмамбетова Занипа Жумамуратовна
Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Журналистика және Аударма ісі» кафедрасының доценті,
Тұран университеті, bzanipa@mail.ru

АБАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН САНА АШЫҚТЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ

Түйін. *Бұл мақалада Абай, Шәкәрім шығармаларында сана ашықтығы қазақ болмысына сай тереңдетіле, жетілдіре түскендігі айтылады. Сан ғасырлық төл туындыларымыз бен әлемдік деңгейдегі ұлы даналарымыздың еңбектерінде түйінді ойлары қайта жаңғыртылып, жаңа буын оқу бағдарламасының өзегіне айналып отыр.*

Резюме. *В данной статье говорится, что в произведениях Абая и Шакарима прозрачность сознания казахского народа описано более углубленно. В многовековых великих произведениях и в трудах наших великих предков эти ключевые идеи вновь возобновлены, которые являются ядром учебных программ нового поколения.*

Summary. *This article says that in the works of Abai and Shakarim, the transparency of the consciousness of the Kazakh people is described in more depth. In the centuries-old great works and works of our great ancestors, these key ideas are again renewed, which are the core of the curriculum of the new generation.*

Өр тұлғалы ел азаматтарымыздың даналығы қашанда сана ашықтығына, мақсат тұтуға негіз болары сөзсіз. Мағжан Жұмабаев:

Құрбылар іске бет алсақ,
Ойламай қант қақпалық,
Анау жарық–алтын деп,

Көрінгенге шаппалық [1, 162 б.], – деп келетін өлең жолдарында кез-келген мақсаттың дұрыс орындалуы нақты ойдың айқын болуында екендігін алға тартады. Елбасымыз "Рухани жаңғыру" жаңа Қазақстанның ел саясатына ауадай қажеттігін: "Прагматизм – өзіннің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі" [2] , – деген сөздері бүгінгі таңның әрбір азаматына, дұрыс бағыт беріп, нақты шешім қабылдауға үшін қанатты жолбарыстай болуына негіз болып отыр. Әрине, сан ғасырлық төл туындыларымыз бен әлемдік деңгейдегі ұлы даналарымыздың еңбектерінде түйінді ойлары қайта жаңғыртылып, жаңа буын оқу бағдарламасының өзегіне айналып отыр. Әл-Фарабидің дидактикасында оқытудың екі негізгі формасы бар: біріншісі, зерек шәкірттерге арналған дәлелдеу, абстракциялық қиялдау жәрдемімен сендіру, көз жеткізу; екіншісі: орташа оқушыларға арналған көрнекілік, яғни бейнелеу. Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше, қазіргі жай әңгіме эвристикалық әңгіме, дәріс, проблемалы оқыту әдістеріне жақын келеді. Әл-Фараби осыған байланысты практикалық өнер, қол өнерін үйрету методикасы мәселелеріне де тоқталып, мұнда ауызша сабақты шәкірттің жаттығу, машықтану әрекеттерімен ұштастыра жүргізуді ұсынады [2]. Әл-Фарабидің педагогикалық ілімі бойынша тәрбие мен тәлім, білім беру мәселелері өзара тығыз байланысты бір-бірін толықтыра жургізілуі тиіс. «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет?» деген еңбегінде ол ғылым мен философияны жетік меңгеру үшін бірінші алғы шарт етіп адамның жан тазалығын, ар тазалығын, әдеп-тәрбиелігін қояды. Басқа ғылымдарда оқып үйренуде ғұлама ең әуелі тіл мен логиканы біліп алуды ұсынады. Әл-Фараби ғылым, білімді қалай болса солай жаппай жүйесіз үйрене бермей, адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы болатын жақтарына баса көңіл бөлуді ұсынады [2]. Міне, осы тұрғыда әр мамандықтың өзіндік талабына сай рухани жаңғырту жолдары сараланып елімізде жасалып жатқан бағдарламалар мен атқарылып жатқан ауқымды жаһандық мәселелер өзінідік орындарға ие. Ғұламаның тіл мен логиканы үйреніп алу деген жеріне тоқталып өтсек, "Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі",– деп Ахмет Байтұрсынұлы тілді адам санасындағы ойдың күрделі

иірімдері мен әр түрлі психофизиологиялық құбылыстар арқылы қабылданатын ақпараттардың күрделі таңбалық көрінісі ретінде де тануға негіз жасады."Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керектік",– деп Н.Назарбаев жолдауында ұмтылғыш жастарға ұлы идеологияны арқау етті [3]. Рас, үлгеретін жас, "прагматик" бол деп үндеу жолдап отырған елбасымыздың әр қазақстандыққа қайта жаңғыртып, осынау ақпараттық заманда түйсікке түйіп, ойдың етегінде күнде жаңғыртып отыруға дағдылану қажеттігін әркім "міндетім"– деп сезінсе, жүзеге асары сөзсіз, солай болып та отыр. "Білімнің салтанат құруы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет",– деп атап өткендей біздің "Тұран" университетінде студенттер үшін түрлі кәсіпорындармен байланыса отырып, арнайы студенттер үшін курстар мен тренингтер ұйымдастырылып отырғаны біздер үшін де, студенттер үшін де осы алаңның ертеңге – азық, бүгінгі жаңалықтардың жаршысы болып отыр. Айталық, елбасымыз "Прагматизм" – өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөзді жастарымызға, қоғамға паш етіп отыр. Әрине, иманды болу, иман жүзді болу, сыпайылық пен адамгершілік, қарапайымдылық бүгін ең жетіспейтін адами қасиеттердің асылы болып отыр. Абай айтқан жүректі азаматтарымыздың өсіп жетілуіне, бұл жаңа жаңғыртуға ғашық, ынтық жандардың бойынан: Сұлулығын қояйын, мінезі артық, Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда [4], – деп өзінің асыл жүректі жанды өлеңге қоса отырып, «асыл» сөзінің бойына келбеттің сұлулығын ғана емес, инабаттылық, ибалы жанның рухын, «жаны сұлудың, ақылы да сұлу» деген сабырлылығын, жалпы айтқанда, мінезге бай екендігін сыйғызып, өзі сенген жанның тек жақсы жағынан көре алатындығын және де мінезі мінсіз қазақ қыздарының бойын арқау етеді. Ал Шәкәрім: Сөз айта алмай бөгеліп, Дүрсіл қағып жүрегі. Тұрмап па еді сүйеніп, Тамаққа кіріп иегі? [5]. (Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда»), – деген өлең жолдарында ақын енді басқа жүректі жырлайды. Бұл тіркестегі жүрек «Дүрсіл қаққан жүрек» – ғашықтықтың, албырт сезімнің көрінісі. Осы жердегі ғашықтық концентісінің мәні терең: ұмтылғыш, іс бастағыш, ғашықтыққа толы жастардың бойынан көрініс табатын, жігерге толы ұмтылғыш, үйренуге қабілетті жастарға тән қасиет, сөз айта алмай, ұялуы, «махаббат» сынды ұлы сезімнің әсерінен дірілдеген, ұяңдау, күйіп-жанған адам психикасының ақиқатын, жүрегінің қатты соғып, сезімге бой алдыруын білдіреді, олай болса, осы шақта жастардың бойында қалыптасатын уақытты дер кезінде орынды пайдаланған жөн.

Болашағыңды жоспарлай біл, нақты меже белгіле, соған жет деп, елбасының жол көрсетуі түсінгеннің түйсігіне үлкен концепт. Себебі бұл бүгінгі қоғамда жоққа айналып бара жатқанын көпшілік ақпарат көздерімен, интернет желілерінен байқалып та жүр. Оның түрлі себебі де бар. Елбасымыз: "Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты бұлыңғыр жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес.Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек"[1], – деп тағы да санамызға сіңіреді. Жолдаудың әр жолын студенттермен талдай отырып, өз бойларындағы кемшіліктермен күресудің жоспарларын жасай отырып, өздеріне есеп берудің жолын тауып отырғаны бізді қуантады.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға тойма, қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өн бойыңа түгел ме екен,

Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш? (Абай. «Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс»).Назараударайықшы, ыстық жүрек адам бойындағы жастықты, қарулылықты, бұлқынған, тасынған сезімді, жігерлілікті білдіреді. Сонымен қоса, есейген шақта өткен өміріне есеп бере отырып, бойда бар ыстық жүректі, қуат пен күшті білім мен ғылымға жұмсау қажеттігін ескертеді. Сөйтіп, Абай жастарға өмір тез-ақ өтіп кетеді, сондықтан күш-қайратың барда білім ал, еліңе еңбек еттетін прагматик мінез қалыптастырған өсиетті қоса білдіреді. "Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді".Әйтсе де, қоғамда белең алған ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргендіктің орнын көлеңкелік басып жатқаны белең алғандығын жасыра алмаймыз. Өз кезінде Абай: «Қанағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз»,- деп ойын атқан.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі

деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады", – деп баса айтады елбасы. Сонымен, әркім өз мақсатына деген сөзден елбасымыздың *меже* деген сөзіне тоқталып өтсек, Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде 1. тура мағынасында – Мөлшер, шама, шек. *Менің биылғы межем – жүз саулықтан жүз он қозы алу* [5, 485-б].2. Мақсат – Бір нәрсеге(нәтижеге) жету үшін алға қойылған міндет [5, 449-б].3. Міндет – Парыз, борыш. Міндет артты – қызмет жүктеу. Міндетіне алды *–мойнына алды.*[6, 474-б]. Осы тұрғыда әркімді табысты үлгіні, ұлттық прагматизді заманауи келбетке сай болуына шақырады.

Өз кезінде Абай қанағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс білсеңіз ойын атқан. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен Отыз сегізінші қарасөзіндегі аса үлкен мән бере айтатын жан мен тән, адамның ішкі, сыртқы сезім мүшелері, қанағат, еріншектік, надандық және жуан мәрттілік туралы тұжырымдары Дауанидың ойларымен сабақтас, үндес келеді. Абайдың:

«Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл,
Сезін оқы және ойла...», –

деп, Дауани есіміне ерекше тоқталуында үлкен ой, терең сыр жатыр. Дауанидың пайымдауынша, баланы тәрбиелеуді ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгілікті нәрселерді еге білу қажет. Өйткені, олардың санасы, жас кезінде ете тұтқыр да алғыр келеді. Абай да осы пікір тұрғысында: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл – гүл...», деп, бала санасының жылдам қабылдағыш қасиетін жас уақытта босқа жібермеу қажеттігін ескертеді. Адамның балалық шағында дүние тануға құштарлығы мен жан құмарының ерекше артатындығына ақын Жетінші сөзінде де тоқталып өтеді. Дауани баланың жақсы, жаман мінезге ие болуы, оның қандай адаммен қарым-қатынас жасауына, кімнен тәрбие алуына байланысты екенін айта келіп, оларды теріс ықпал жасайтын жандардан аулақ ұстауға кеңес береді. Бұл пікір Дауанида жалпы айтылса, Абай өлеңінде қазақ болмысына сай одан әрі тереңдетіле, жетілдіре түскен. Ол өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада орын алған «бес дұшпаннан» бес түрлі зиянды мінез-құлықтан әрбір адам боламын деген жасөспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады [4].

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Н.Назарбаев: «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек." [3] – дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Байтұрсынов Шығармалары:өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.(Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) Жазушы, 1989, –320 бет.
2. Пірімбек Сүлейменов.Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру
https://egemen.kz/.../nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghd...
4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы, 1986. - 199б.
5. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы, 1988. - 559 б.
6. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы., 1999 Дайқ-Пресс-774б.

Ергубекова Ж.,
PhD доктор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
e-mail: zhanat8617@mail.ru

Садибеков А.,
Докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
e-mail: askatken2002@mail.ru

КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫНЫҢ КЕЙБІР ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. *Мақалада көне түрік ескерткіштері тілінің кейбір фонетикалық ерекшеліктері талданып, оқыту үдерісінде студенттерге оқытудың тиімді әдістері сараланады. Ғылыми-зерттеу барысында Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің фонетикасы талданады.*

Summary. *This article deals with the analysis of some phonetic peculiarities of Old Turkic manuscripts language and overview of its efficient teaching methods in the education process. By way of scientific research phonetical comparison of Orhon, Yenisei and Talas manuscripts versians is analyzed.*

Резюме. *В этой статье анализируются некоторые особенности фонетики древнетюркского языка и рассматривается разбор эффективных методов обучения студентов в учебном процессе. А также в ходе научного исследования изучается фонетический анализ текстов памятников Орхон, Енисей и Талас*

Кілт сөздер: *Көне түрік тілі, фонетика, Орхон, Енисей, Талас, фонема, таңба, оқыту әдістемесі*

Қазақ даласы Ұлы Ғұн империясының мұрагері. Бұл біздің пешенемізге жазылған несібе. Мұның мәнісін түсіну керекпіз. Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев - Ұлы даланың тарихында аты мәңгіге қалған Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған, Бумын қаған сынды билеушілердің ізін жалғаған қайраткер. Елбасы бабаларымыздан қалған мұраларды кәрі тарих қойнауынан аршып алып, бабалар өркениетінің өрелі болғанын әмбеге аян ету жолында үлкен бастамалар бастап келеді.

«Байырғы ұлы бабаларымыздың ұрпағы ретінде, біреудің шайнап бергенін малдану бізге жараспайды. Сондықтан да өткенімізге, бүгініміз бен болашағымызға жалтақсыз жанар тіктейтін мезгіл жетті» [1.77] деп жазуы осы сөзіміздің айғағы. Н.Назарбаев өткенімізді зерделеу үшін арнайы «Мәдени мұра» бағдарламасын бастап, оны үш дүркін 2004 жылдан бастап 2011 жылға дейін жалғасытырғаны бекер болмады. Осы бағдарлама аясында үлкен жобалар қолға алынып, талай құнды мұралар жиналып, кітап болып басылып қалың жұртшылыққа ұсынылды.

«Мәдени өркениет тұрғысынан алып қарағанда ежелгі түркілер Орта Азия, Иран және Византия өркениеттерімен жан-жақты және тығыз байланыс жасасу нәтижесінде руникалық негізде өзінің бірегей жазуы бар жаңа тұрпатты мәдениет қалыптастырды. 1970 жылы Есік қорғанынан табылған біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырлардағы сақ дәуірінен қалған күміс тостағандағы руникалық ойма жазуды айтпағанда, ғалымдардың Алтайдан, Шығыс Түркістаннан және Жетісудан, сондай-ақ Хакасия мен Тувадан тапқан екі жүзден астам ежелгі түркі жазуларының ескерткіштері VI ғасырдың аяғына қарай орасан зор мәдени серпілістің нәтижесінде ежелгі түркі өркениетінің қалыптаса бастағанын айқын көрсетеді»[1.99]. Бұл Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» аталатын кітабынан алынып отыр. Елбасының тек мемлекет басқарушы ғана емес, ұлт тарихы мен әдебиетінен, өнерінен, мәдениетінен тысқары қалмағаны осы кітабынан айқын байқалады. Әрбір сөзінен ұлылықтың иісі аңқып тұратын Нұрсұлтан Әбішұлы бабалар ізін, мәдениетін, тарихын терең зерттеу үшін үлкен бастамаларды бастады. Сондай бастаманың бірі ретінде өткен жылы өткен «Қазақ хандығының 550 жылдығын» атауға болады. Бұл бастаманың аясында көптеген іс-шаралар атқарылды. Тың тарихи мағлұматтар жинақталып Отандық тарихтың олқы тұстары толықтырылды. Бұл келер ұрпақ үшін үлкен олжа.

Бүгінгі ұрпақ кеңестік идеологиядан азат, тәуелсіз сананың ұландары. XXI ғасыр – саналы, ұлтшыл, отаншыл ұрпақтың дәуірі. Осы себепті де бабаларымыздың ұлы мұраттарына иелік етіп, оны өскелең ұрпақтың бойына сіңдіру, қолына тапсыру, бізге жүктелген ұлы парыз болып отыр.

Қазіргі таңда әрбір халық өзінің өткен жолын зерделеп келеді. Бабаларының өркениетін тануға тырмысуда. Бұл өзін тану үшін шынында өте қажет әрекет. Біздің бабаларымыздан бүгінге жеткен тарихи жәдігерлеріміз бен өркениетті болмысының куәгері, айғағы болар құндылығымыз мол. Сондай құндылығымыздың бірі де бірегейі Ғұн империясының осыдан 25 ғасыр бұрын қолданған Түрік бітігі яғни көне түрік жазуы.

Әрбір тілдің шығу тарихы сол ұлттың не болмасы туыстас халықтардың қалыптасу тарихымен бірге дамиды. Тіл қатынас құралы. Адамдардың дамуымен қатарласа жетіліп отырады. Қоғам бар жерде тілдің болуы заңдылық. Біздің бабаларымыздың тілі ең байырғы тілдер санатынан құрметті орын алатыны белгілі. Ал жазуы төңірегінен келгенде де ешбір халықтан кем емеспіз. Бұл да болса біздің бабаларымыздың өркениетінің өрелілігін дәлелдейді. 2500 жылдық тарихы бар көне түрік жазуының ғылыми айналымға түскеніне 3 ғасыр уақыт болды. Әлі де болса бұл жазудың құпиялары толық ашыла қойған жоқ. Десе де бұл тақырыпты еуропалық, отандық ғалымдар аз зерттеген жоқ.

Мақала тақырыбының негізгі мақсаты байырғы түрік жазуының фонетикасына тоқталу болып отыр. Енисей, Орхон, Талас ескерткіштерінің алфавиті түрік халықтарының ең алғашқы жазу алфавиті екендігін Ғ.Айдаров айтады.

«XIX ғасырдың соңғы жылдарынан бері түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының алтын арқауы, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық конструкциясының, лексикалық қорының өзіндік даму үрдісін, ерекшеліктерінің деңгейін, олардың өзара туыстық қатысын белгілеудің негізгі критериі болып келеді. ...Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі де кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпытүркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғандығының белгісі»[2.49]. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін, таңбалардың берілу сипаты мен дыбыстық жүйе ерекшеліктерін оқыту арқылы студент бойына ерте замандардан келе жатқан бүкіл түрік жұртына ортақ әдеби тіл болғандығын, соның негізінде қалыптасқан, орныққан жазудың болғандығын сіңіре отырып, кәсіби құзіретті маман, елжанды ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін оқытуға арналған бір оқулық әлі бірегейлігін сақтап келеді. Бұл оқулықтың авторы Ғ.Айдаров өз еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қырларын, ерекшеліктерін бүге-шүгесіне дейін талдап, студентке оңтайлы жеткізуді мақсат тұтқан. Қазіргі таңда осы пән көптеген жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарынан түсіп қалғандығы, жете оқытылмай жатқандығы қынжылтады, жүректі ауыртады. Бұл пән ат үсті қарайтын пән емес, ұлтымыздың ұлылығын растайтын пән.

Жоғарыда аталған оқулықтың фонетика тарауында көне түрік әліпбиінің шығу төркінін анықтауға қатысты біршама ғалымдардың пікіріне тоқталып өтеді, бірақ бұл тұста Ғ.Айдаровтың өз пікірі байқалмайды. Ары қарай оқулықта әліпбиге орын беріліп, содан кейін таңбаларды дауысты дыбыстарды көрсететін таңбалар, қос дауыссыздарды көрсететін таңбалар, дара дауыссыздарды көрсететін таңбалар, дыбыс тіркестерін көрсететін таңбалар, сөз бен сөз, сөйлем мен сөйлем арасын бөлетін таңбалар топтарына бөліп талдайды.

Бір қызығы оқулық тілі - өте қарапайым, оқырманына түсінуге өте ыңғайлы. Пәнге деген сүйіспешіліктің жемісі екендігі көрініп тұр. Кеңес дәуірінде жазылған осы оқулықпен талай лек білім нәрімен сусындап келеді. Тәуелсіздік тұсында жасалған жаңа зерттеулер жемісімен толықтырып, студенттерге тілші ғалымдар үшін бір оқулық жасап беруі борыш-міндет болып тұр. Бұл пәннің оқулығы форма жағынан да, мазмұн жағынан да толығуды, тереңдеуді қажет етіп отыр. Бұл жазу қандай жазу негізінде жасалды және осы көне түрік жазуының негізінде қандай жазулар пайда болды деген сұрақтар төңірегіндегі ізденістерді студенттерге жеткізу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірегейі.

Көне түркі жазуының пайда болуы туралы пікірлерді саралай келе, Е.Керімбаев: «Көне түркі әліпбиімен жазылған ескерткіштер – көне түркі халықтарының жоғары тіл мәдениеті, жазба дәстүрі, сол замандағы өз дәрежесі биік өркениеті болғандығының айғағы. Баршамызға мәлім, алфавиттік, яғни әріптік жазба – әлем мәдениетінің ең ұлы жетістіктерінің бірі болып саналады.

Ал, енді, көне түркі алфавиті, көне түркілер жазуының графикалық жүйесі – ежелгі түркі халықтарының төл жазуы ма, әлде басқа елдің әріптік әліпбиінің көшірмесі ме, немесе өңделген түрі ме деген сауал, яғни руникалық алфавиттің шығу тегі әлі күнге дейін сыры ашылмаған жұмбақ, түйіні шешілмеген даулы ғылыми мәселе қатарында болып отыр»[5.168].

Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, көне түркі алфавитінің пайда болу кезеңі – YI және одан кейінгі ғасырлар деген жорамал бар. Мысалы, Дж.Клосон руникалық әріп-таңбалар соғды, пехлеви және бактрия алфавитінен алынған, ол руникалық жазу YI ғасырдың орта тұсында Истеми қаған тұсында пайда болған деген пікір айтады. Дж.Клосон ойынша, сауатсыз көне түркілер өздерінің жазу жүйесін жасамақ түгіл, соғды алфавитінің өзін көшіріп, түркі тіліне бейімдей алмаған – бұл жұмысты көне түркі тілін жетік меңгерген соғдылар атқарған-мыс.

«Алайда, көне түркі алфавиті ешбір бөгде алфавиттің ықпалынсыз-ақ өздігінен жасалып, түркі таңбалары негізінде пайда болған төл жазу екенін бұрыннан күні бүгінге дейін бірнеше ғалымдар айтып келе жатыр. Солардың санатында Н.Аристов, А.Дж. Эмре, И.А.Батманов, А.С.Аманжолов, И.Л.Кызласов, О.О.Сүлейменов т.б.»[5.168]. Студенттерге осы сынды пікірталастарды білген дұрыс, қисынды-қисынсыз пікірлерді саралай отырып, өзіндік пікір қалыптастыруға да септігі тиеді.

Әліпбидің әрбір таңбасы бір дыбысты береді яғни бір таңба бір дыбыс. Бірақ мұндағы бір ерекшелік дауысты дыбастардың 8 дыбысын төрт таңбамен беріп отырады. Олар: а/е - 𐰀 о/у - 𐰆 ы/і - 𐰃 ө/ү - 𐰄. Бұл дыбыстар түрік бітік жазуының дауысты дыбыстары болып келеді. Таңбалардың қай дыбысты меңзеп отырғанын сөздің құрылысындағы таңбалардан, сөйлем контекстінен анықтауға болады. Мысалы: «𐰃𐰇𐰆𐰀» – «атын (оның аты)». Мәселен бұл жазуды «етін» деп оқи алмаймыз. Себебі, «т» дыбысы жуан дауыссызды беретін «𐰇» таңбасымен беріліп отыр және сөз мағынасы да жоқ. Ал, «𐰀𐰉𐰃𐰇𐰚 » – «білге (білгіш, дана)». Мына жазуды да «былга» деп оқу мүмкін емес екендігі белгілі. Өйткені бұл жерде «б» әріпі «𐰚» жіңішке дауыссыз қатарындағы таңбалардан. Осы секілді әрбір сөзді оқу барысында таңбалардың жуан-жіңішкелігіне, оның мағынасын және дыбыстардың үндестігіне, сөлемнің мазмұнына қарай нақтылауға болады.

«Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дауыстылар жүйесі қазіргі қыпшақ тобындағы дауыстылар жүйесінің құрамынан ерекше ажыратылмайды. Басты ерекшелік – қазіргі тілдерде «ә» дыбысының дербес фонема ретінде қолданылуында ғана. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылатын «ә» дауыстысы Орхон-Енисей ескерткіштері тілдерінде де қолданыста болғанын, көне түркі әліпбиі дауыстылар жүйесі 9 фонемадан тұратынын көрсететін еңбектер бар. Қазақ ғалымы Ғ.Айдаров өз еңбектерінде тек «е» дауыстысын ғана қолданса, И.Л.Кызласов, Л.С.Левитская тәрізді белгілі түркітанушылар «ә», «е» дыбыстары бір фонеманың варианттары ретінде қатар қолданыста болған деген пікірде» [2.64].

Көне түрік жазуындағы бір дыбыстың бірнеше таңбалармен берілуі кейде қиындық туғызады. Өйткені жазулардың әр кезеңде әр түрлі аймақта жазылуынан мұндай айырмалардың болуы заңдылық деп есептейміз. «...Енисей, Орхон, Талас жазулары қалай болса, солай оқыла беретін жеңіл желпі жүйесіз жазу емес. Оны кез келген кісі оқи алмайды. Оның өзіндік фонетикалық ерекшеліктері бар: таңбалардың бір-бірімен тіркесе келетін де, келмейтін де ерекшеліктері болады, жазуда әрбір дыбыс кем дегенде бір немес әлденеше таңбалар арқылы беріледі»[3.17] деп жазады Ғ.Айдаров. Біздің меңзеп отырғанымызды былай түсіндіруге болады мысалыға «а/е» дыбысын мынадай таңбалармен беруге болады «𐰀𐰍». Осы секілді «қ» дыбысы былайша «𐰴𐰋𐰉𐰍𐰣» таңбаланады. Осы секілді ерекшеліктері назар аудартады.

Мұнан өзге дыстардың тіркесіп келуі де қызықтырады. Бір таңбамен қос дыбысты беру көне түрік жазуының басты ерекшелігі деп топшылаймыз. Бұл төңіректе зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірінше мұндай тілдік, дыбыстық құрылым айрықша маңызға ие екендігін айтады. Ғ.Айдаровтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» аталатын еңбегінде «С.Е.Малов якут және чуваш тілдеріне арналған зерттеулерінде бұл құбылысты тілдің көне ерекшеліктеріне жатқызса, И.А.Батманов мұндай тіркестерді қазіргі бірқатар түркі тілдерінде кездесетін көне заман тілінің қалдығы деп қарайды»[4.40] деген пікір білдірген.

Біз қарастыратын таңбалар қатарына мыналар кіреді: «𐰺» - «нт», «нд», «𐰾» - «нч», «𐰼» - «лт», «лд». Көріп тұрғанымыздай бір таңбамен екі дыбыс беріп тұр. Дәйектілеу болуы үшін белгілі түрік ғалымы Хусейн Намык Оркунның түсініктемесіне назар аударсақ: «Diğer yerlerde yani Yenisey yazıtlarında bu harfin lt sesini verdigini sarih olarak görebiliriz: 𐰼𐰃 (=altı), 𐰇𐰺𐰼 (=altun)»[8.212]. Мысалы: «Алты» жазуын «𐰀𐰇𐰃» немесе «𐰼𐰃», «анта» жазуын «𐰀𐰇𐰇» не «𐰀𐰺», ал, «анча» жазуын «𐰀𐰇𐰾» немесе «𐰀𐰾» жазуға болады. Демек екі таңбаның орнына бір таңба қолданылады.

Енді мына қосарланған дыбыстарды беретін таңбалар түрлі пікірлермен талас тудырып жүр. Олар «𐰋» және «𐰏» таңбалары. Бұл таңбалардың дыбысталуын әр ғалым әртүрлі нұсқа беріп жүр. «𐰋» - «баш», «рт», «лч» «𐰏» - «ни», «ин» секілді нұсқалармен дыбысталады. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы қате екендігі турасында нақты мәлімет жоқ. Дейтұрғанмен осы қосдауыссыздар төңірегінде тартысты әңгіме де жоқ емес. В.Султанзаде өз мақаласында «𐰏» таңбасының фонемасы бойынша әртүрлі нұсқалардың беріліп жатқандығы туралы айта келіп, былай деп жазады: «𐰏 runasının dört farklı transkripsiyonu önerilmiştir. Bunlardan biri, yukarıda belirtildiği üzere, ny'dir. J.R.Hamilton (1998: 68-69) birtakım etimolojik gerekçeler ileri sürerek, runanın "duruma göre bazen yn, bazen de ny okunması" gerektiğini savunmuştur. Dolayısıyla, yine çift ünsüz olarak önerilen ikinci transkripsiyon yn şeklindedir. 𐰏 runasının yn mi, yoksa ny mi okunması gerektiği konusu son zamanlar yeniden tartışmaya açılmıştır (Çağıran 2012, Sertkaya 2012)»[6.203]

Түрік бітіктің дауыссыздары екі нұсқада беріледі. Оларды жуан және жіңішке дауыссыздар деп қарастырады. Ғалым Е.Керімбаев өзінің «Түркі филологиясына кіріспе» аталатын монографиясында: «Көне түркі алфабитінің графикалық жүйесі көне түркі тілінің фонетикалық жүйесімен үйлесімділігін А.С.Аманжолов былай сипаттайды: «Сегіз дауысты фонема (а мен э, ы мен і, о мен у, ө мен ү) төрт қана полифонды әріппен, он алты дауыссыз фонема (және фонема варианттары) отыз бір әріппен белгіленеді. Он бір дауыссыз фонема (б, г-ғ, д, й, қ-к, л, н, р, с, т, ш) өзінің жуан, жіңішке варианттары таңбасымен ажыратылады. Бұдан тыс бес фонема (з, м, ң, п, ч) дара таңбамен белгіленеді»[5.173] деп жазады.

Түрік бітіктің фонетикалық жүйесінің ерекшелігі де осында болса керек. Егер мұны дұрыс түсініп ұққан болса, тілдік жүйені өз деңгейінде меңгерген кісі болса мұны игеруде қиындық туғызбайды. Әрбір сөзді оқу барысында ондағы таңбалардың жіңішке не жуан дауыссыздар полифонымен берілуімен анықтауға болады. Сөзімізді Ғ.Айдаровтың пікірімен нақтыласақ: «...сөздердің жуан, не жіңішке екендігін қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан, не жіңішкелігіне қарай ажыратамыз. Сөз мағынасын ажыратуда дауыссыздар үлкен роль атқарады»[4.20] деп тұжырымдаған.

Қазіргі көне түрік алфавитін жуан және жіңішке дауыссыздар санын 9 таңба құрап отыр. Бірінші жуан дауыссыз таңбаларды қарап көрейік. Олар: «𐰉»-б, «𐰔»-д, «𐰍»-ғ/г, «𐰼»-л, « 𐰲»-н, «𐰸»-р, «𐰽»-с, « 𐰺»-т, «𐰖»-й/и. Келесі жіңішке дауыссыздарды білдіретін таңбалар қатары: «𐰇»-б, «𐰗»-д, «𐰄»-г, «𐰚»-л, «𐰞»-н, «𐰏»-р, «𐰃»-с, «𐰋»-т, «𐰇»-й/и [7.10].

Келесі таңбалар тобы «𐰋»-з, «𐰣»-м, «𐰇»-ң, «𐰇»-п, «𐰚»-ч «𐰇»-ш дыбыстары. Бұл таңбалар ешбір нұсқасыз, өзгеріссіз дыбысталады. Мұны жалаң дауыссыздар деп атаймыз. Мұндағы алты таңбаның әрбірі тек бір дыбысты ғана беретін қарапайымдылығымен белгілі.

Қорыта айтқанда, өзіндік жазу заңдылығы бар, өзіндік фонетикалық-фонологиялық заңдылыққа сүйенген бұл көне түркі жазуын студенттерге, әсіресе болашақ филолог, тарихшы мамандарға оқытудың заман талабынан туындап отырған өзекті мәселе екендігі сөзсіз. Пән аясындағы білім мазмұнын ешкімге жалтақтамай, тәуелсіз, бейбіт ел ретінде қайта қарайтын уақыт келгені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы: – Атамұра, 2003. 288 б.*
2. *Түймебаев Ж., Сағидолда Г., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. (Фонетика. Морфология.). – Алматы: «Қазығұрт», 2017. -324 бет.*
3. *Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Алматы – «Ана тілі». 1995 ж. -232 бет.*
4. *Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы – «Мектеп». 1986 жыл. -181 бет.*
5. *Керімбаев Е. «Түркі филологиясына кіріспе» монография. Түркістан, 2012. -223 бет.*
6. *Sultanzade V. Türk Runik Alfabesindeki "Çift Ünsüz" İşaretleri Üzerine // Bilig. 2017 – 82. -201-216.*
7. *Бекжан О.Д. Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері. Монография. Түркістан, 2005. – 176 бет.*
8. *Hüseyin Namık Orkun. Eski Türk Yazıtları. Ankara, 1994 yıl. 968 sayfa.*

УДК 81:37.016

Dossanova A.,
PhD, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan

Utepova B. senior teacher, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan

Kamzina A.
[3]senior teacher, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan

Moldasanova A.
candidate, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: albi-ru84@mail.ru; utepova.b82@mail., kamzina_aiman_67@mail.ru a.moldassanova@mail.ru

TO THE PROBLEM OF SOCIAL ADAPTATION OF KAZAKH-REPATRIENTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Андатпа: *Мақалада әлеуметтік бейімделу мәселелері мен шетелден келген репатриант-қазақтардың, тілдік бейімделу мәселелелері сипатталады.*

Резюме: *В даннай статье рассматриавется проблемы социлокультурной адаптации ператриантов-казахов и проблемы языковой адаптации.*

Summary: *This article considers the problems of sociocultural adaptation of penetrant Kazakhs and the problem of language adaptation*

Ключевые слова: *адаптация, интеграция, репатриант, иммигрант*

Key words: *adaptation; repatriate, integration*

The relevance of the study is determined by the urgent need to analyze the phenomenon of language adaptation of Kazakh returnees with an authentic linguistic and ethnic environment and their further integration in the dynamically consolidating society of modern Kazakhstan.

The purpose of the study – to identify and describe the specific features of the language adaptation of Kazakh students who are studying at universities – required the solution of the following tasks: to analyze Kazakhstan's experience of language adaptation of this repatriate group in terms of the current legislation and the target group itself, as well as the accompanying aspects of adaptation (immigration situation, phenomenon oralmans, stages and motives of repatriation); To trace the language barrier and cultural shock in the process of acculturation; on the basis of the correlation analysis, to reveal the main parameters of the language adaptation of Kazakh students who are studying at universities, as well as the features of their ethnic, linguistic and civic identity.

The success of integration of Kazakh repatriates (Oralman (Kazakh: Оралмандар), or "returnee", is an official term used by Kazakh authorities to describe ethnic Kazakhs who have immigrated to Kazakhstan) into Kazakh society largely depends on the degree and success of their linguistic, social and cultural adaptation. Kazakh returnees coming from non-CIS countries often face problems related to the widespread and regular use of the Russian language in public life. Language is the basis of any communication, so language integration is paramount for oralmans

Sufficient knowledge of the language and writing of the receiving state by migrants is an important indicator of their successful integration into the labor, social relations and cultural life of the country. All states that host migrants in integration programs attach particular importance to the success of language adaptation, but each state in its own way approaches the definition of the amount of assistance provided in the study of the language.

One of the main motives for the return of Kazakh returnees to Kazakhstan is the desire to preserve the Kazakh identity,originality,language, culture and traditions of its historical homeland, strengthen its connection with it, and ensure the future of children.

However, oralmans face difficulties connected with the widespread use, along with the Kazakh language, of the Russian language. Since the Russian language has the status of officially recognized and functionally widespread throughout the country, oralmans have considerable difficulties in successfully integrating into the labor market, as well as including in the social and cultural life of Kazakhstan.

This is due to two main circumstances that are directly related to the success of the Kazakh immigrants' adaptation to life in Kazakh society: on the one hand, it is the peculiarities of owning the native Kazakh language, on the other, ignorance of the Russian language.

The Kazakh language of repatriates from China, Mongolia, and other countries differs significantly from the Kazakh language of the metropolis. These differences are primarily observed in the lexical system and in non-possession of Kazakh repatriates by Cyrillic script.

Lexical differences among repatriates are very significant, because they are carriers of the cultural environment where they lived for a long time. The mentality of another country, the cultural traditions of peoples, the peculiarities of their way of life, the socio-cultural and political state of the environment, undoubtedly affects the linguistic consciousness of the individual and is reflected in the vocabulary of the language. Kazakh repartees have a kind of Kazakh language, in their speech, they often uses the words of archaisms, which are not currently used in modern Kazakh language.

Kazakh returnees are all bilinguals, they speak in their native – Kazakh language and in the language of the country from where they came from, also there are some who are fluent in English.

Quite often used words at the university walls like "university", "institute", "rector", "student" repatriates from China use in Chinese "yes shu", "shuyuan", "chiau zha", and a number of other international words , which entered our language through the Russian language, Kazakh returnees use Chinese or similar concepts in the Kazakh language ie. try to find a translation, this is explained on the one hand by the fact that it is easier for them to pronounce in Chinese than in Russian, ignorance of the Cyrillic alphabet and pronunciation of Russian words with a specific oriental accent, and also their original Kazakh language often makes repatriates an object of ridicule and leaves in an awkward position among local Kazakhs.

Kazakh returnees come to Kazakhstan from countries located on the territory from East Asia to the Middle East and Western Europe. The main countries for the repatriation of Kazakhs are Uzbekistan, Mongolia, Turkmenistan, China, Russia, Tajikistan, Iran, Kyrgyzstan, Turkey, etc.

Nowadays, three alphabetic systems are used in the world for written fixation of the Kazakh language: Cyrillic in Kazakhstan, Russia and some CIS countries, Latin in Turkey and Western Europe, ancient Kazakh (based on the Arabic alphabet as we call "tote zhazu") in China, Iran and Pakistan. Once in Kazakhstan, repatriates from China, Iran, Pakistan, Afghanistan and Turkey are unable to read and write. Not knowing the written language of their native language, they are not able to issue the necessary documents even when issuing a visa, obtaining a state quota, applications for obtaining citizenship, obtaining the necessary information, etc.

The difficulties of language adaptation of repatriates are also associated with ignorance or incomplete knowledge of the Russian language. Repatriates who do not speak Russian or have a weak command of it can face serious problems in finding work, especially in the northern regions, since in the southern regions the fact of the Russian language barrier is less likely, although in these areas for the Kazakh returnees might have language difficulties.

One can not underestimate these two circumstances, which lead to the fact that existing language differences become a serious obstacle to the integration of repatriates into Kazakhstan society. There is a language barrier and cultural shock. Let us turn to the definitions of these concepts, which are given in [Suleimenova 2007: 291]: The language barrier is an obstacle to full communication due to ignorance / insufficient knowledge of the individual language / languages; one of the strongest obstacles to globalization and internationalization.

Cultural shock is an acute mental state that a person experiences in the process of acculturation. Acculturation – Mutual assimilation and adaptation of different cultures and its fragments with the possible dominance of a culture more developed in the public respect of the people. 2. The process of assimilation by the personality of the elements of another culture, including precedent texts, stereotypes of speech behavior, etc., which is formed in one culture. Acculturation has special significance in the study of foreign languages [Suleimenova 2007: 11]. Cultural shock can cause both positive and negative emotions and physical sensations [Suleimenova 2007: 118].

The cultural shock of oralmans may be stronger for Kazakh returnees than for foreigners. "Ethnic Kazakhs are going for," writes Zh.A. Nurshaikhova, figuratively speaking, to "attach to the roots", but here they meet with the "root of the tree", which grows not so much and has grown quite differently. That is, they met here blood relatives, but very different people, with a different culture and mentality. Even the language is different, all peppered with Russian and English words, different graphics "[Nurshaikhova 2007: 14]. A person gets a cultural shock when he gets to another country, different from the country where they live, sometimes it happens to his own country with a sudden change in the social environment. Everyone experiences cultural shock differently, unequally aware of the severity of his impact, depends on their individual characteristics, the degree of similarity or dissimilarity of cultures. To this can be attributed a number of factors, including climate, clothing, food, language, religion, educational level, material well-being, family structure, customs, etc. The essence of cultural shock is the conflict of old and new cultural

norms and orientations, the old inherent in the individual as a representative of the society he left, and new ones, that is, representing the society in which he arrived. Strictly speaking, a cultural shock is a conflict of two cultures at the level of individual consciousness.

American anthropologist F. Bock shows how to resolve this conflict:

a) ghettoization (from the word ghetto). It is realized in situations when a person arrives in another society, but tries or is compelled (because of ignorance of the language, natural shyness, religion or for any other reason) to avoid any contact with another's culture. In this case, he tries to create his own cultural environment - the environment of fellow tribesmen, fencing off this environment from the influence of the foreign culture environment;

b) assimilation, the individual, on the contrary, completely abandons his culture and seeks to fully absorb the cultural baggage of another's culture necessary for life;

c) intermediate, consisting in cultural exchange and interaction. In order for the exchange to be carried out adequately, benevolence and openness on both sides are needed; d) partial assimilation, when the individual sacrifices his culture in favor of the foreign culture environment in part, that is, in one of the spheres of life: for example, at work is guided by the norms and requirements of the foreign culture environment, and in the family, at leisure, in the religious sphere - by norms its traditional culture [3].

Without considering all the social, mental, cultural and other consequences of the language barrier and cultural shock experienced and experiencing by Kazakh returnees, let us turn to the opportunities provided by the state of organization of language courses for oralmans.

At the moment, only fourteen adaptation centers for oralmans have been created in Kazakhstan, and they are located mainly in large cities. In 2009-2011, it is planned to create seven more centers of regional importance. If we compare the number of Adaptation Centers for oralmans with the number of Kazakh returnees arriving in the country, their complete discrepancy becomes quite obvious: according to the Agency for Statistics of the Republic of Kazakhstan, the returnee Kazakhs who arrived in the country according to the National Program "Nurly Kosh" were currently 802,774 people,by 2015 the total number of oralmans who have returned to their historical homeland will exceed 1.3 million people. Existing documents (National Project "Nurly Kosh", Government Decree No. 11226 on December 2, 2008, "Rules for the Purposeful Use of Funds Allotted from the Republican Budget for Oralmans", etc.) contains provisions on assistance in employment and language adaptation, in the republic there are special integration programs for oralmans, for example, such as language courses for different age categories of Kazakh returnees, providing / obtaining the necessary information and reference services, assisting in employment or refresher courses.

The persistent problems prevent the oralmans from fully feeling themselves as part of the Kazakh people. "The state needs to create an administrative structure, under the Government of the Republic of Kazakhstan, which would become an effective aid mechanism. The goals and tasks of this agency would include: a comprehensive harmonization of the legal framework on oralmans; coordinating the activities of the Repatriate Councils in the regional akimats throughout the Republic and the creation of cultural adaptation centers abroad, with a view to comprehensive acquaintance of Kazakh repatriates with the realities of modern Kazakhstan "[Makhmudova 4]. Return of oralmans to their historical homeland by quota or outside the quota allocated by the state is of great importance for improving the demographic state of the Kazakh people, social and economic policy of the country and for the language situation of Kazakhstan.

References:

1. Mahmudova Sh. The problem of adaptation of Kazakh-oralmans from China in Kazakhstan - www.easttime.ru 2009

2. Nurshaikhova Zh.A. Repartiants: return to the land of ancestors // Problems of adaptation of representatives of the Kazakh diaspora in the social and information space of Kazakhstan. Materials of the republican scientific-practical conference. – Almaty, 2007

3. Position of oralmans in Kazakhstan // Review – International Organization for Migration – Almaty, 2006

4. Suleimenova E.D., Shaimerdenova N.Zh., Smagulova Zh.S., Akanova D.H. Dictionary of sociolinguistic terms. – Almaty, 2007

Когнитивті лингвистика бойынша агнонимдер коммуникацияның жоғары жиіліктегі практикасының нәтижесінде (яғни аса жиі қолданысқа түскен жағдайда) жинақталған тәжірибе – фрейм арқылы анықталады, сөйтіп, ол бірте-бірте тілдің ортологиясына (норма ретінде орфографиялық сөздікке енгізіледі) айналады. Көрсетілгендей тілдік бірліктердің қазақ әдеби тілінің сөздік құрамына ену мүмкіндіктері жоғары: өйткені тілтанымдық тұрғыдан қарағанда, лакуна/баламасыз лексика/ агноним түріндегі шеттілдік сөздердің қазақ тілінде игерілуі диахронды сипатта.

4.4. Қазақ қоғамының қазақтілді жазба практикасында игеріліп келе жатқан шеттілдік сөздердің тағы бір қатарын трансплантацияланған атаулар құрайды. Олар – «Infinity Apartments Astana», Nomad, «Astana Central Hotel», Soprano &Kobus Palas, «Charleston Boutique Hotel», Royal Park Hotel&SPA, «Atameken Services», «Инbestбанк»,«Star Style», «AutoServis» типті күрделі атаулар.

5. Шетел сөздерінің емлесіне қатысты проблемалар

Барлық тілдердегі шетел сөздерін таңбалауда транскрипция және транслитерация әдістері игерілетіндігі мәлім.

Транскрипция – фонетикалық әдіс; шетел сөзінің фонетикалық ерекшеліктері, дыбыстық формасы сақталады (кейде аздаған фонетикалық өзгерістер де болуы мүмкін), сөйтіп, қабылдаушы тілдің нормаланған тілдік бірліктерінің қатарына қосылады (мысалы, экономика терминдері – акциз, бенефициар, гудвилл, сальдо, франчиза, холдинг, консалтинг). Түпнұсқа тілде транскрипциясына қарамастан қазақ тілінде джентльмен (ағыл. gentleman), джинсы (ағыл. jeans), Джордж (ағыл. Жорж) варианттары орын алған. Бұлар – орыс тілінің фонетикалық адаптациясынан өткен сөздер.

Шетел сөздерінің қазақтың табиғи айтылу заңдылықтарына бейімдегенде, транслитерация ерекшеліктері пайда болады. Жаңа ережеде қазақ сөзінің табиғи заңдылықтарын сақтауды басты негіз ету ұлттық болмыстың өзегін сақтауға барып тіреледі. Бұл аса маңызды. Елбасы көрсеткеніндей,

«ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. ...алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» *[1]*.

Халықаралық терминдердің/шетел сөздерінің емлесін қалыптандыру мен стандарттауда анықталуы мен реттелуі тиіс жайттар төмендегілер:

− *айтылуы бойынша қалыптасуға икемі бар сөздер* (ансамбіл, модел, филм)*;*

− *геминант (бір дыбыстың қосар орналасуы) дыбыстардың жазылуы* (металл, аллея, криптограмма, диффузия, корректор, конгресс);

− *соңы -д, -г дыбысына аяқталатын сөздер* (рафинад, слайд, абсурд, бильярд, код, йод, гибрид, хирург, драматург);

− *сөз соңында екі-үш дауыссыздың қатар келуі (бр, стр, нг, кс, ст, кт): айтылуы бойынша тембір, министір,бокіс, бірақ: рингі, мониторинк, брифинк варианттары пайда болуы мүмкін;*

− *шетел сөздерінің алдағы уақытта жазылуының емлесін нақтылауда я, ю, ц,ч, щ әріптері бар сөздер* (ядро, яхта, биология, цикл, цирк, дебют, юмор, брошюра, парфюмер, училище, плащ) айтылым жүйесі сүйеніш бола алады.

Түйін

Қазақ әдеби тілінің қазіргі динамикасы сөздік құрамға халықаралық терминдердің бұрынғыдан да гөрі қарқынды және жаңа сипатта ене бастағанын танытып отыр. Автохтонды тілдердің ағылшындануы мен америкаландырылуы қазіргі кезеңде көптеген ұлт тілдерінде байқалады, сондықтан кейбір зерттеулерде «лингвистикалық жаһандану» деген термин қолданылады. Қазақ қоғамының қазіргі саяси-әлеуметтік, мәдени келбеті мен болашаққа даму барысы халықаралық терминдердің/шетел сөздердің енуіне шектеу қоя алмайды.

Тіл дамуындағы аса маңызды мәселенің бірі – халықаралық терминдердің емлесін қалыптастыруға байланысты. Қазірге дейін қолданылып келген кирил-қазақ әліпбиінің құрамында өзгетілдік таңбалардың болуы және басқа да сыртқы лингвистикалық факторлардың ықпалымен шеттілдік дыбыстардың фонетикалық-фонологиялық ерекшеліктерінің қазақытілді индивидтің когнитивті, тілдік санасында орнығуы халықаралық терминдердің мағыналық-ұғымдық қабылдануына, тілдік норма ретінде бекуіне мүмкіндік жасағаны мәлім.

Латын негізді жаңа әліпбиде кирилше дыбыстардың болмауы халықаралық терминдердің орфограммасына қазақ тілінің төл заңдылықтарын сақтай отырып мұқият қарауды қажет етеді. Контент-анализде көрсетілген тілдік фактілердің бірқатары қазақ тілінің орфографиялық сөздігінен орын алатындай, тіл жүйесіне ену дәрежесінде емес, алайда олар сөйленісте (речь), қоғамдағы сан түрлі коммуникацияда, әсіресе жазу практикасында пайдаланылады. Бірқатар халықаралық терминдер фонетикалық жағынан бейімделе бастаған және келесі бір легінің қазақ тілінің табиғи заңдылықтарымен жазылуын ғылыми-практикалық тұрғыдан реттеу өзекті болып саналады. Осыған байланысты Қазақ жазуының жаңа ережелерінде халықаралық терминдердің сан салалы түрлерінің емлесі айқын және дәлелді түрде анықталуы қажет болады.

Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуының ережелерін реттеуде қандай ұстаным басшылыққа алынуы тиіс: а) өз күшіндегі принцип; яғни қазірге дейін қазақ орфографиясына тірек болған морфологиялық-фонематикалық және фонетикалық принциптер; ә) фонетикалық принцип (айтылуы бойынша жазу); б) морфологиялық-фонематикалық және фонетикалық принциптер және айтылуы бойынша принциптерді қатар негіз ету; в) транскрипциялау және транслитерациялау ұстанымдары. Осы проблема ғылыми-практикалық жағынан анықталған жағдайда басты мәселелер тиімді түрде шешіліп, қалың қауымның сауаттылығын жоғарылататын емле ережелері қалыптасатын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news

2. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы, Дайк-Пресс, 2014. – 242 бет.

3. Әбілқасымов Б. Қазақтың ескі жазба әдеби тілі. – Алматы, «Қазақ тілі» баспасы, 2015. – 128 бет.

4. Сулейменова Э., Смагулова Ж. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 344 с.

5. Костомаров В. Языоковй вкус эпохи. Спб, Златоуст, 1999. – 320 с.

6. Михневич А.Е.Агнонимы – феномен языка, знания или культуры? – URL:http://ito.edu.ru/2003/ito/II/2/II-2-3.html

Ислам Досбол Амангелдіұлы
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ф.ғ.к., доцент

Шынтемирова Айсұлу Шериевна
№17 Ә.Науаи атындағы жалпы орта мектеп мұғалімі, dosbol-75@mail.ru

Ш.АЙТМАТОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ШЕБЕРЛІГІ

Суреткер Ш.Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн»романын «Грегор Нарекацидің Х ғасырдағы «Қасірет кітабының»(бұл кітап-менің тәнім дегейсің,\\Бұл сөз-менің жаным дегейсің...»[1.5]-деген ойларымен бастайды.Байқасақ,суреткердің романдағы дүниетанымдық концепсиясы шешімі «Қасірет кітабындағы» философиялық толғамдар тамырымен біте қайнасып кеткен.Шығармадағы Едіге, Найман-Ана секілді типтік бейнелер тағдыры арқылы суреттелетін халық тарихындағы трагедиялық кезеңдер жалғастығы эпикалық уақыт кеңістігімен сабақтастықта тұр.Көне дәуірден бүгінге дейін,тіпті болашаққа да жауапты азаматтық сана категориясын кез-келген дәуірдің басты өлшемі деп алсақ, сананың бүлінуі арқылы талай тарихи трагедияның болғаны мәлім.Ш.Айтматов шығармаларының дені, әуелі осы азаматтық,ұлттық сана мәселесімен «Адам» атты құндылықтың әр қоғамдағы орны мен табиғатын, болмыс тереңдігін ашуымен дара.

Романдағы ұлттық сана мәселесі адамзаттық сана ұғымымен қатар алынып отыр,белгілі бір тарихи кезеңдегі жер бетіндегі барша халық ой ақылының жеткен биігін бағамдауда күлкі тудырарлық өмір материалынан тарих шындығы аңғартылады.

Өз дәуірінде озық технологияға қол жеткізіп,өркениетті мемлекет атанып жер бетінің қожасына айналған алпауыт елдердің қорғансыз ұлттарға озбырлығын фантастикалық этюд арқылы әшкерелейді.Шығармада азаматтық сананың кез-келген мемлекет «билігіне»тәуелді болатынын да осы фантастикалық этюд негізінде ашып береді.Мифофантастикалық желі «Дәл осы сәтте Тынық мұхиттың солтүстік кеңдіктерінде...-Америка-совет орбиталық «Паритет» станциясында...Ол өзі Біріккен Ұлттар Ұйымының арнайы шешімі бойынша,халықаралық ерекше қамқорлыққа алынған кеме болатын,сондықтан да мұнда әскери адамдар да қару-жарақта жоқ еді...Сарыөзек және Невада космодромдарында Иксте жүргізілетін гидротехникалық жұмыстарға соңғы дайындық аяқталып қалғандай»[1,38-40]-деп «Демиург»программасының мақсатын автомивтік баяндаудан бастайды.Автор автомивтік баяндауда кейбір атау- ұғымдарды концепцияға орайластырып алғанын көреміз.Мәселен, «Паритет» ұғымы елдердің арасындағы тең дәрежені аңғартады екен. «Икс»-планетасы белгісіздік белгісімен аталуының өзінде ,автордың тарихи «ұлы өтіріктерге» көзқарасы мен әжуа- мысқылы тұр.

Ал Сарыөзекпен Невада қазақ жеріндегі атомдық қарудың сынақ алаңы болғандығымен қатар,қасіретіне айналғаны адамзатқа мәлім.Автомивтік сюжетте совет-американдық космодромнан ұшқан екі паритет-космоновтардың өзге ғаламшармен байланысуы,бөтен Әлем иелерінің галактикасындағы Орман төс планетасына сапар шегуі юморлық сипатта әңгімеленеді.Мұндағы авторлық позиция кеңестік жүйенің жымысқы әрекетін сынға алғандығынан-ақ көрінеді. Автофантастикалық сюжеттің кеңес саясаты секілді басқа да батыс елдері қоғамдық билік жүйесінің отарлау психологиясын ашудағы ұтымды көркемдік тәсіл болып шыққандығын баса айту керек.

Жер бетіндегі адамзат қауымының жеткен өресі мен өзге Галактиканы мекендеушілердің ақыл-ойын салыстыра саралау адам санасына қозғау салудың амалы еді. «Жер бетіндегі адамзат баласы өзін-өзі :тарихи дегеніміз-соғыстар тарихы деп сендіріп,трагедиялық қателесу жолында адасып жүре берсе,не болмақ?...Сонымен бірге Дүние –әлемде Орман Төс сияқты үлгілі ұлы ел бар екені үміттендіреді.Бұл ел өзінің даму жолындағы қиындықтары мен қайшылықтарын соғыссыз –ақ шеше алады екен.Осы үлгі бізге де даритын шығар деген үміт оты оянды кеудемізде...Олардың коллективтік планеталық санасының өскендігі сонша,орман төстіктер соғыс атаулыны мүлде күрес құралы деп білмейді,соған қарап бүкіл Дүние әлемнің түкпір –түкпіріндегі планеталарлың ішінде орман төстіктер цивилизациясының ең жоғарғы сатысына жеткен аса ақылды жандар болар деп пайымдаймыз. Бәлкім, олар ғылым дамуының шыңына жетіп, ақыл-ой иелерінің ең басты мақсаты-уақыт пен кеңістік әлемін адамгершілік, гуманизация қасиетімен байыту, шексіз дүниені жаңа да жоғары сатыға көтеру деп білетін шығар»[1,80].

Автор концепциялық шешім беруде, өзі тудырушы көркем әлем ішіндегі әрекет етуші кейіпкерді де дүниеге әкелетіні белгілі. Романдағы біз мысалға келтіріп отырған мәтіндегі Орман Төс Галакткасы тұрғындарының гуманды ойларын оқырманға жеткізуші жер бетінен сапарлап барған

космонавттар. Яғни, екі космонавт әрекет етуші тұлға әрі автор бейнесінің бетпердесі. Әрекет етуші кейіпкерлер өздігінен автор фигурасын сұлбалап, жазушы тұлғасын сөз қолданысынан-ақ танытады. Дәл осы үзіндіде автордың өзі сөйлеп тұрғанын сезіне қоямыз «Автор бейнесі айналасына көркем туындының күллі статистикалық жүйесі топтасатын ішкі өзек» [2,62]- деген пікірді романның автофантастикалық сюжет желісіне қатысты да қадап айтуға болады.

Тереңдеп айтар болсақ, Ш.Айтматовтың аталған романдағы автофантастикалық сюжетте автор мен баяншы арасындағы ерекше тұтастық бар. Суреткердің философиялық концепциясы шешімін бейнелеудегі немесе адамзат санасына қозғау салудағы «жаңа маскасы» да автофантастикалық сюжетті тудырушы баяншының көркем әлемімен ерекшеленеді. Әрекет етуші кейіпкер қос космонавты автофантастикалық сюжеттегі нарратор ретінде қарауымызға болады. Романның басталуында темір жолдың қос қапталында тамақ іздеп түнделете жортқан түлкіні көреміз. Жолаушы вагондары терезесінен лақтырылған тамақ қалдықтары иісіне елітіп, түлкінің шойын жолға жақындауын әңгімелеу, Едігенің ой-санасынан бірден хабар беретін көркемдік деталь. Едігенің түлкі жайындағы ой түюі, кеңестік құдайсыздар қоғамынан бөлек парасат иесі екендігін сездіреді. Едіге санасында кенеттен жаңғырған ой, адам өлгеннен соң басқа бір жан-жануардың кейпіне енуі деген таным-түсінік кейіпкеріміздің ішкі әлеміндегі діни сенімін аңғартады.Шығарманың соңында Едігенің Қазанғапты жерлеген соң құдайға мінәжат ететіні бар. «Мен Найман-Ана жатқан біздің ежелгі зиратымызға енді қолымыз жете алмай қалғанына қапаланамын. Сондықтан да да енді менің ажалым жетсе, сол Найман-Ананың аяғы тиген жер-осы Құмдышапта жатсам деймін.Міне мына Қазанғаппен қатар жатуға жаз, жасаған. Егерде, адам өлгеннен кейін оның жаны әйтеуір бір мақұлыққа барып қонатыны рас болса , маған құмырсқа болып не керегі бар, мені аққұйрық қарақұсқа айналдыр.Дәл анау қарақұс секілді мен де Сарыөзектің үстінен ұшып сонау зау биіктен өз жеріме қарайын да жүрейін»[1,254].

Мұнда ескеретін жәйт, әрекет етуші тұлға санасындағы мифтік дүниетанымды жаңғырту арқылы құдайсыздар тірлігіне наразылық білдіру, автордың басты мақсаты екендігін түйсіну.Роман оқиғасы Едігенің ой-сана ағымында өрбіп отырады да, автор бейнесімен тұтастықта көрініп, кейіпкер-автор әлемін ашады.Едіге мен Қазанғап бір-біріне ұқсас характерлер.Екеуінің ойы да , дүниетанымы да үйлесім тапқан .Мұның басты сыры неде? Боранды бекеттің өзі Едіге мен Қазанғап секілді жаңа қоғамды жан- дүнисінен өткізбей, қазақтың ұлттық болмысын бойында сақтап жүргендердің өмір тіршіліктегі панасы секілді.Боранды бекетке келер тұста «Буранный» деген орысша жазудан-ақ, кеңестік жүйенің қазақ тағдырына салқынқандылығын түсіне қоясың.

Бекетке келген әр кейіпкердің артында ауыр тағдыр, әділетсіздік көші тұр.Туған жеріне сыйдырмаған уақыт бұларды өмір сүру үшін ғана Боранды бекетке тоқтатқан.Бірақ, кеңестік жүйенің соншалықты қатігездігі , адам тұрып ит аяғы баса қоймайтын бекетте де тыныштықты бұзып балаларды жетім етеді.Едіге, Қазанғап ойлары Сәбитжан секілді өз ұрпағының санасын ұрлаған өкіметтің тәрбиесімен ешуақытта келісе алмас еді.Едігенің Сәбитжанның оқыған, мемлекет адамы болғандағы ісіне бас шайқаумен жүруі, ұлттық сананың құлдыққа жұтылып бара жатқанына налуынан болатын.Едіге Сәбитжан, ревизор, лейтенант шеніндегі өкімет адамдарының бойындағы титтей де адамгершілік дәнінің қалмауына сенгісі келмейді.

Жазушы шығармаларындағы кесек характерлердің қай-қайсысы да адам бойындағы асыл құндылықтарға көлеңке түспеу үшін күресетін тұлғалар. «Шыңғысханның ақ бұлты» повесіндегі «ақ бұлттың»- ар әлемі символикасын ханнан қараға дейін құрметтеу,і әр адамның өзіне байланысты екендігін тағы бір еске салғандай болды. Билік басындағы ханның өзі құдайдың ісіне араласуы қанағатсыздықтан туып отыр.Шығарма финалында хан ұтылды, күн жаратқанның мейіріне бөленді. «Бетпе-бет» повесінде ерлі-зайыпты жандарлың ақ пен қарадай екі әлем екендігіне, ақты қара жеңе алмайтынына масаттанасың. Ысмайл қара басының амандығы үшін намысын өлтіріп соғыстан қашты. Аштыққа шыдай алмай жетімдердің малын ұрлады.Ысмайлды Сейденің ар-ожданы жеңді. «Ысмайл, Сейдеге жақындап, бетпе-бет келгенде, өзінің алдында бұрыңғы Сейде емес, алып күшті өз артықшылығын, адалдығын әбден түсінген, бурыл шашты, қандай да бір ғажайып әйелдің тұрғанын көрді. Сол сәтте Сейде оған асқар таудың басында тұрғандай болды. Ол өзін сол заңғар шыңның етегіндегі елеусіз төмпешіктей сезінді.Ысмайл Сейденің бетін жуған жасты көріп, қолындағы мылтығын анадай жердегі тасқа лақтырып жіберді...»[3.41].

Қарапиғылды жанның өзі өлімге қарсы жүрсе де адалдығынан танбаған ар, ұят, иман иесі алдында тізе бүгеді деген осы. «Жәмила» повесіндегі өмірге келген әр адам өз бақыты үшін күресу қажеттігін бас кейіпкер жан дүниесіне психологиялық талдау жүргізе көз жеткізеді. «Шынарым менің, шырайлым менің» повесіндегі әрбір дара кейіпкер өз өмірі, өз бақыты үшін және сол жолда адамгершілігін сақтап қорғағандар қатарынан.Ілияс бақытына қол жеткізді , бірақ бақытын бағалай

алмады. Тағдыр Әселді бақыттың не екенін өмір жолында таныған Бәйтемірге әкеліп қосты. «Бақыт»-та бағалауды , аялауды қажет ететін тағдыр сыйы екен-ау деп ойға шомасың. « Алғашқы ұстаз» повесіндегі Дүйсен мұғалім мен Алтынай қыздың бала күндегі бастан өткергені, академик Алтынайдың хаты арқылы әңгімеленеді. Дүйсен мұғалімнің де жан дүниесіндегі тереңдік Алтынай қыздың ішкі сырымен үйлесіп барып таныла бастайды. Адамның ішкі сырының тым тереңде жататынын Дүйсен мұғалімнің характері арқылы көресің. «Құс жолы» шығармасы Жер –Ана мен Толғанайдың сырласуы арқылы соғыс қасіретін ашқан, дара тағдырлармен адам табиғаты күрделілігін түйсіндірген дүние.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтматов Ш. Ғасырдан да ұзақ күн .Роман, повесть. –Алматы: Атамұра, 2005.-312б
2. Виноградов В.В Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика.- М.,1963., стр62.
3.Айтматов Ш. Жәмила. Повестер- А: Атамұра, 2005. -312б

Байтилеуова Ғ.
Алматы менеджмент университеті., Алматы, Қазақстан.

Дүйсенбаева Р.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті., Алматы, sadenovaa@mail.ru

ФРЕЙМ ТЕХНОЛОГИЯСЫ - ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Түйіндеме. *Мақала кәсіби қазақ тілі терминдеріне негізделген білімнің фреймдік құрылымының мәнін, сондай-ақ оны меңгерту тәсілдерін анықтауға арналған. Бұл жайда фрейм көп деңгейлі құрылым ретінде түсініледі.*

Резюме. *Статья посвящена определению сущности фреймовой структуры знания, лежащей в основе терминов делового казахского языка, а также подходах к ее изучению. При этом фрейм понимается как многоуровневая структура.*

Summary. *This article is devoted to the definition of the essence of the frame structure of knowledge underlying the terms of the business Kazakh language, as well as approaches to its study. This frame is understood as a multi-level structure.*

Тіл кез келген халықтың құндылықтар жүйесін білдіру құралы екенін жақсы білеміз. Тіл - тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігінің айқын белгісі.

Біздің мақаламызға арқау болатын мәселе келешек маманның өз ортасында тілдік құзыретке ие тұлға ретінде қазақ тілін қолдануға қажетті лексикалық қорын байытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс туралы болмақ. Біздің қарастырғалы отырған бағытымыз кәсіби қазақ тілін , яғни іскери қарым-қатынас тілін фрейм арқылы меңгерту.

Кәсіби қазақ тілі - күрделі әрі арнайы терминдерге негізделетін пән. Тәжірибе көрсеткендей, студенттер көбіне қазақша сөйлегенде репродукциялау арқылы ойын жеткізуге тырысады, әрине, мектеп қабырғасында белгілі бір тақырыптар бойынша жатталған дайын сөйлемдер мен мәтіндерді қолдану дағдысының кейбір жағдайда көмегі болар, дегенмен іскери қатынас тілі деңгейінде болашақ қызметтік ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі туындайды. Оның өзіндік себебі бар, бұл курста қазақ тілі жаңа мазмұнда беріледі, мұндағы мақсат- терминдерді белсенді қолдануға немесе жағдаяттарға байланысты қажетті лексиканы іріктеп, ресми этикетті сақтай отырып, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру.

Күрделі кәсіби бағыттағы мәтіндердегі ақпаратты ауызша жеткізу үшін фрейм технологиясын пайдалану тиімді деп ойлаймыз. Оның себебі қолданылғалы отырған тәсілдің фрейм сөзінің түпкі мағынасымен ұштасуында. «Фрейм» термині ағылшын тіліндегі “framework” (қаңқа, құрылымдау) сөзінің мағынасына жақын, шынында, адам сол құрылымның арқасында «әлемді таныған, әлемді біртұтас деп таныған» . Сондықтанда фрейм ұғымы бүгінгі таңда жиі қолданылады әрі жаңа технология ретінде белсенді түрде насихатталып келеді. Фрейм теориясының негізін салушы жасанды интеллект саласын зерттеуші америка ғалымы М. Минский болатын. Ол фреймді «стереотипті жағдаятты ұсынуға арналған ақпараттар құрылымы» деп қарастырған » [Минский, 26-б.] Фрейм – көлемді, көп құрамды концепт, бұл ақпараттар жиынтығы, стереотипті жағдаяттар туралы білім. Оның басты тиімділігі кез келген материалды құрылымдауға ыңғайлы тәсіл болуында. Басқаша айтқанда, фрейм ақпараттардың сұлбасы, кластері десек те болады, фрейм - кез келген тақырыпты кесте түрінде беруге қолайлы тәсіл. Тілді үйрету барысында әрбір фреймнің түрлі ақпаратқа ие ұғым екені және оны материалды қабылдауды күрт жеңілдететіні анық. Кез келген фрейм белгілі бір мазмұнға ие слоттардан тұрады, слот - ашық құрылым, сондықтан да ақпарат көлемі артқан сайын оның да құрылымы кеңейе береді. Слот жалпы әлем туралы қалыптасқан білімді қамтиды. Біз қарым-қатынасқа түскенде белгілі бір сөздерді немесе сөйлемдерді айтып қана қоймаймыз, оларды сөйлесім жағдаятын ескеріп, қажетті жерде нақты қолдануға тырысамыз.

Фрейм концептілерге тірек болатын, ақпаратты тұжырымдауға қажетті бөлшек болғандықтан ол нақты жағдайда іскерлік қатынастарды ұсынудың ыңғайлы құралы. Фреймді дидактикалық құрал ретінде біз екі аспекті тұрғысынан қарастырамыз: 1) ақпараттар ауқымын құрылымдау тәсілі ретінде; 2) оқу материалдарын зерделеудің тәртібі ретінде.

Кәсіби лексиканы меңгерту барысында оларды кешенді, сатылы түрде берген ыңғайлы деп санаймыз. Осы жағдайда фрейм оқу материалдарын белгілі бір қаңқаға салып, қажетті лексиканы, тақырыптарды бекітуге, күрделі анықтамаларды жүйелеуге мүмкіндік береді. Жалпы білім

теориясында кейінгі уақытта фрейм, сценарий, слоттар жиі қолданыс тауып жатқаны ешкімге де жаңалық емес. Фреймді құраушы бөліктер слоттар болып табылады. Слоттарға түрлі атаулар беруге болады. Мәселен, іскери қатынас аясында меңгерілетін мәтіндер мен диалогтердің лексикалық құрамы, этикет клишелері мен ресми қарым-қатынастар барысында қамтылуға тиіс бірліктер бірнеше кезеңмен фреймге кіретін слоттарды тармақтау арқылы берілгені тиімді. Осыған сәйкес белсенді лексикаға есімхат, компания құрылымы, жұмыс орны, құрылтайшы, құндылықтар, іссапар, серіктес, кәсіби серіктес, келіссөз, бизнес-жоба, уақыт белгілеу, келісім-шарт сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгіздік. Оның үстіне компания немесе шағын кәсіпкерліктің айналысатын ісіне де байланысты слоттар кеңейе түседі. Сондықтан «компания құрылымы», «офис, жұмыс орны», «лауазымдық нұсқаулықтар», «бизнес-жоспар», «келіссөз» фреймдерін жалғастыруға болатынын байқаймыз.

Студенттер берілген фрейм бойынша өз беттерінше шағын талдау жүргізеді, біз бұл жұмыс түрін лингвистикалық бөлік деп қарастырамыз. Мәселен, жиі қолданылатын «серіктес» терминін алатын болсақ, серіктес кәсіпкер қызметіндегі ең маңызды тұлға болып табылады. Серіктес, әдетте іскерлік әрекеттерде әріптес, ақпарат алмасушы, бизнестегі екінші тарап, ортақ мүддені қостаушы рөлін атқарады. Іскерлік қоғамдастыққа тән әлем картинасының өзгешелігі ақпаратты берудегі ерекшелігінде. Кәсіби байланыс барысында серіктестер өзара бір-біріне талаптар қоюдан бұрын ортақ мақсатқа ұмтылады. Төмендегі кестеге мән берсек, алғашында серіктес терминімен лингвистикалық талдау жұмысы жүргізіліп, терминнің мағынасына да түсініктеме жасалады.

СЕРІКТЕС Сөз табы: зат есім Морфологиялық сипаттамасы: жалпы есім, туынды зат есім, жекеше түрде қоладынылып тұр. Мағынасы: бірлескен ортақ қызметке, келісімге қатысушы немесе белгілі бір одаққа кіретін ел. Түбірлес сөздер: серік,серіктестік, жолсерік Синонимдік қатар: әріптес, жолдас, сыбайлас, компаньон Сөз тіркестері: кәсіби серіктес, жер серігі, жергілікті серіктес, құпия серіктес, шетелдік серіктес, сенімді серіктес, серіктес ұжым... Слоттар: іскери серіктес, ірі серіктес, ынтымақтастық, жаңа жоба және т.б.

Бірінші кезең білім базасына қажетті ақпаратты жинақтау болса, келесі кезең- жинақталған ақпаратты құрылымдау немесе алгоритмдеу кезеңі, әрине, оған негіз болатын слоттар. Слоттарды 5 тақырыпшаға бөліп, одан әрі бөлшектеп, жалғастыра отырып, тармақталу үлгісін бердік. «Серіктес» фреймінің жоғары гельштаты - «қызметтес» сөзі болса, төменгі слоты «жолдас» деп алдық. «Серіктес» және «қызметтес» сөздерінің жағымды және жағымсыз мағынада қолданылуына қарай активтендірілетін сын есімдерді де қарастырамыз:



Әрине, бұл қатарды жалғастыра, толықтыра беруге болады. Студент осы көлемді толық меңгеретін болса, бір фреймнің аумағында қаншама ақпарат жинап, оны ауызша жеткізу үшін ыңғайлы кестені қоладана алатынын байқауға болады. Әр фреймді жеке қарастыратын болсақ, олар ментальді кеңістіктің бір құрамдас бөлігі іспетті, белгілі бір сала бойынша қажетті тақырыптарды, сонымен қатар лексикалық қорды фрейм тұрғысынан жүйелеп, қолданысқа енгізу ыңғайлы екенін көрсетеді. Жоғарыда берілген «Серіктес» фрейміндегі 5 слот арқылы студенттің тіл байлығын анықтауға мүмкіндік бар.

Семантикалық жағынан «Серіктес» фреймін алатын болсақ, оны мынандай денотаттарға бөлдік:



Біз бұл құрылымдаудан серіктестің жеке бизнес ұйымдастырушысы, еркін және қабілеті бар заңды тұлға екенін көреміз. Оның мақсаты – іскери қатынас орнату, табыс әкелетін кәсіпорын құру, вербалды байланыстар жүргізу. Осы тұрғыда фрейм сатылы түрде тақырыптарды өзара байланыстыруға әрі лексиканы жүйелеуге мүмкіндік береді. Слоттарды кеңейтіп, лексикалық бірліктермен, қажетті клишелермен толықтырамыз, бұл студенттердің қисынды ойлауына септігін тигізеді, сөзсіз, олардың лексикалық қорын байыту үшін тиімді тәсіл екені анық. Әрине, мұнда фреймнің әлеуметтік мәнмәтіні - іскери қарым-қатынас, кәсіпкерлер мен іскери тұлғалар арасындағы әңгімеге келіп тіреледі.

Қорыта келгенде, кәсіби коммуникация туралы қалыптасқан жағдаят қарым-қатынасқа түсушілер жадында фрейм түрінде сақталатынын көрсетеді. Сол себепті кәсіби ортада студент ойын дұрыс жеткізу үшін дайын оралымдарды, кәсіби қарым-қатынасқа қажетті стандартты клишелерді әрі өзіне қажетті лексиканы фреймдік құрылымдау арқылы ұйымдастырса, студенттің тілдік құзыреті жоғары деңгейде қалыптасады деген тұжырымға келуге мүмкіндік береді. Фреймдік технологияны қолдану күрделі материалды жеңілдетуге, студенттердің тілге қызығуын бірнеше есе арттыратыны анық.

Әдебиет:

1. *Минский М. Фреймы для представления знаний. - М.: Энергия, 1979.-151 б.*
2. *Гурина Р. В., Соколова Е. Е. Фреймовое представление знаний: монография. М.: Народное образование, 2005. - 175 с.*
3. *Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // НЗЛ. М.: Прогресс, 1988. Вып. 23: Когнитивные аспекты языка. С. 24-25.*

IRSTI 17.01.11

Sarsekeeva N.K, Amanbaeva Y.K, Tleubay G.K.
Kazakh National University of Al-Farabi,
e-mail: sarsekeeva1403@inbox.ru; amanbah@mail.ru; gulbanu2007@gmail.com

HERMENEUTIC CONTEXT AND ITS POSSIBILITIES IN THE INTERPRETATION OF THE ARTISTIC TEXT

Резюме. *В статье на основе фундаментальных работ исследователей определяются границы герменевтического контекста для адекватного истолкования художественного текста, его основные требования. В рамках прежних подходов предполагался диалог между автором и читателем, и в этом случае интерпретация текста сводилась к установлению замысла автора. Согласно новой герменевтике интерпретация становится более динамичной, так как опирается на концепцию открытости текста. В рамках концепции открытости литературного произведения устанавливается, что современная герменевтика расширяет поле интерпретации сложных текстов философской или психологической направленности. Новая концепция герменевтики предполагает взаимодействие не только текстов, но и культур. Огромную роль в интерпретации художественного текста играет реконструкция исторической и культурной среды, в которую был включен автор. Необходимым требованием остается при этом тщательный грамматический и филологический анализ в соответствии с законами языка оригинального текста.*

Ключевые слова: *художественный текст, герменевтика, интерпретация, автор, рецепция, понимание, культура.*

Түйін. *Мақалада зерттеушілердің іргелі жұмыстарының негізінде герменевтикалық контекстің шекаралары көркем мәтінді, оның негізгі талаптарын барабар түсіндіру үшін анықталған. Алдыңғы тәсілдер шеңберінде автор мен оқырман арасында диалог орнатылды, бұл жағдайда мәтінді түсіндіру автордың ниеті бойынша шектелді. Жаңа герменевтика түсіндірмесіне қарағанда, мәтіннің ашықтығы тұжырымдамасына сүйеніп, қарқынды дамып келеді. Әдеби шығармашылықтың ашықтығы тұжырымдамасында қазіргі заманғы герменевтика философиялық немесе психологиялық бағыттағы күрделі мәтіндерді түсіндіру саласын кеңейтетіні анықталды. Герменевтиканың жаңа тұжырымдамасы мәтіндерді ғана емес, сондай-ақ мәдениеттердің өзара әрекетін қамтиды. Көркем мәтінді түсіндіруде автордың енгізілген тарихи-мәдени ортаны қалпына келтіруде үлкен рөл атқарады. Қажетті талаптар бір мезгілде түпнұсқа мәтіннің тілінің заңдарына сәйкес мұқият грамматикалық және филологиялық талдау болып қала береді.*

Түйін сөздер: *Көркем мәтін, герменевтика, түсіндіру, автор, қабылдау, түсіну, мәдениет.*

Summary. *In the article, based on the fundamental works of researchers, the boundaries of the hermeneutic context are defined for an adequate interpretation of the basic requirements of artistic text. Within the strategy of previous approaches, there was a dialogue implied between the author and the reader, what leads to the necessity for the author's intent interpretation. According to the new hermeneutics, interpretation becomes more dynamic, as it relies on the concept of openness of the text. Within the concept of openness of a literary work it is established that modern hermeneutics expands the field of interpretation for complex texts of a philosophical or psychological orientation. A new concept of hermeneutics involves the interaction not merely of the texts, but also of cultures. An enormous role in the interpretation of the artistic text is being executed through the reconstruction of the historical and cultural environment in which the author was included. However, the grammatical and philological analysis in accordance with the rules of the language of the original text is still a necessary requirement.*

Key words: *Artistic text, hermeneutics, interpretation, author, reception, understanding, culture.*

Introduction. There is an understanding at the very center of the interpretation of reality, whether it can be an essence, a phenomenon or a thing. The formula of Martin Heidegger – "the most important thing is not to go beyond the circle of understanding, but to correctly enter into it" (Heidegger M., 2008: 482), is an accurate comment to our assumption that the correct definition of the boundaries of the hermeneutic context is the basic condition for an adequate interpretation of the artwork. Being a product of culture, the text is a complex object for interpretation because it is "inscribed" in a certain historical context, it is in a "mutual determination" relationship with the author and it is addressed to the reader's perception.

Methods. An acknowledged interpreter, as Hans-Georg Gadamer states, is not even an artist that creates some image (Gadamer H.-G., 1988: 241). There are three elements for modeling of the connotative coordinates: knowledge, understanding and interpretation. According to V. Filatov, in the interpretation of the artistic text, both the personal meanings and content understanding are important (Filatov V.P., 1983: 73). To achieve this goal, the researcher O.I. Valentinova offers a method that can help to determine the pretext, text and post-textual dominants. "The creation of the text marks the beginning of an independent life of the dominant. Realizing itself as a source of self-movement, piercing the whole text, subordinating all its

elements to it and controlling it, the dominant is finally free from the will of the creator" (Valentinova O.I, 2010: 13).

In the opinion of O.I. Valentinova, all three dominants are in a relationship of strict causal dependence. This concept is confirmed once more by H.-G. Gadamer's thesis that even an author can not be an impersonal interpreter of his own creation: it is necessary to take into account the combinatorics of the accompanying factors, that is, the discourse in which the text is immersed.

Results. The nature of the text is dialectical; text immanence, "identity to oneself" are very conventional and superimposed on its discursiveness, openness to the perception of the Addressee, the factor of its existence in a certain (multidimensional) context - philosophical, socio-cultural, ideological, etc. Philological hermeneutics, in the course of which the tasks of interpreting the artistic text are solved, has two main branches - positive and negative, or "new."

"Positive hermeneutics" presupposes a dialogue between the Author and the Reader, that is, between two subjectivized consciousnesses (beings), separated chronologically and territorially. In this case, the interpretation of the text boils down to an attempt to "establish the author's intention". This task is not only paramount, but also the only acceptable.

Discussion. From the standpoint of "negative hermeneutics", the interpretation of a literary work is a poly-optional phenomenon; Moreover, the author's point of view is not a "reference point" in the research process, since "between the Author and the Reader can" span centuries ", therefore," the interpretation can be enriched by new knowledge not known to the author, but known to the reader ", as believes the author of the latest work on the theory of literature (Hazagerov G.G., 2009: 58).

The new concept of hermeneutics is also dialogical, but the understanding of dialogue in this case is broader and involves interaction not only of texts but also of cultures. The concept of the semi-sphere developed by Yu.M. Lotman, implies that "it is not the mere recent time events works here, but the whole sequence of cultural texts" (Heidegger M., 2008: 254). The original meaning is substantially enriched, due to which the interpretation becomes just multi-optional, but also dynamic. The researcher compares the text with the "device that develops meanings," and this position correlates with the concept of the "distant context" for the literature work, proposed by M.M. Bakhtin. The distant context "will be opened in time" for understanding and in this "big time" the old meanings will be updated (unlike a close one, that is to be delivered with the contemporary environment of the writer and the recent past).

The openness of a literary work always creates a wide field for interpretation. Arguing about this property of the literary text, U. Eco writes: "... a system, for instance a linguistic system, is the whole of the possibilities displayed by a given natural language. A finite set of grammatical rules allows the speaker to produce an infinite number of sentences, and every linguistic item can be interpreted in terms of other linguistic or other semiotic items" (Eco U., 2007: 95). The principles of hermeneutics, developed from the time of the Renaissance to the present day, are to updated in the light of the emergence of new literary schools and concepts, and consist of the following requirements, set out below.

The conclusion. Thus, according to the requirements of modern hermeneutics, texts need to be studied not in isolation, but in the general context – the whole structure of the work, when by interpreting the text, it is also important to compose the fullest possible data on the author's personality, even if his name is unknown. An enormous role in the interpretation of the artistic text is played by the reconstruction of the historical and cultural environment in which the author was included, and a thorough grammatical and philological analysis is required in accordance with the laws of the original language.

Since each literary genre has its own peculiarities and techniques, it is important to determine to which genre this text belongs taking into account the specificity of its artistic language (hyperbole, metaphors, allegories, symbols, etc.). Interpretation should be preceded by a critical study of manuscripts, designed to establish the most accurate reading of the text. A comparative method contributes to the understanding of the meaning of the text. Comparison with other similar texts.

Summarizing the abovementioned facts, we can conclude that an adequate understanding of the various texts and their interpretation is one of the most difficult tasks that confronts researchers. Philosophers of different epochs formed hermeneutics as a philosophical theory of cognition, creativity and individuality. In general, in hermeneutics, in our opinion, the "field" of interpretation that is not reduced now only to the method of working with texts expands, but deals with the fundamental problems of human existence-in the world. It is advisable, in our opinion, to resort to hermeneutics in the case when the researcher turns to really complex, multivalued philosophical or psychological texts.

References:

1. *Valentinova O.I. Universalnyie printsipyi analiza verbalnogo iskusstva: Spetskurs dlya filologov-magistrov: Uchebnoe posobie [Universal principles of verbal art analysis: Special course for philology-masters: Textbook] / Valentinova O.I. – M.: RUDN publishing house, 2010. – 159 p.*
2. *Gadamer H.-G. Istina i metod [Truth and method]. Per.s nem. (translation from German); obschaya red. i vstup.st. [general edition and introductory article] B.N. Bessonova. – M.: Progress, 1988. – 704 p.*
3. *Lotman Yu.M. Semiosfera. Vnutri myislyaschih mirov. Chast 2. [The Semiosphere. Inside the thinking worlds. Part 2.] (Elektronnyiy resurs) URL: http://www.uic.unn.ru/pustyn/lib/lotman.ru.html*
4. *Filatov V.P. K tipologii situatsiy ponimaniya [To the typology of situations of understanding] // Voprosyi filosofii [Questions of philosophy]. - 1983. - # 10. - Pages 71 – 78.*
5. *Hazagerov G.G. Osnovyi teorii literaturyi: Uchebnik [Fundamentals of Theory of Literature: A Textbook] / G.G. Hazagerov, I.B. Lobanov. – Rostov-upon-Don: Feniks, 2009. – 316 p.*
6. *Haydegger M. Istok hudozhestvennogo tvoreniya [The Source of Art Creation] / Perevod s nemetskogo (translation from German) Mihaylova A.V. – M.: Akademicheskiy Proekt, 2008. – 528 p.*
7. *Eco Umberto. Rol chitatelya. Issledovaniya po semiotike teksta [The role of the reader. Research on the semiotics of the text] / Perevod s angl. i italyanskogo (translation from English and Italian) S. D. Serebryanogo. – SPb.: Simpozium, 2007. – 502 p.*

Атейбек Алтынай Оспанқызы
Магистрант, Сулейман Демирел атындағы университеті, a_altusya@mail.ru

СПОРТТЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ЛИНГВОСЕМИОТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін: *Бұл мақалаға спорттық дискурс кезіндегі тілдік қолданыстар мен ерекшеліктер мәселесі негіз болып отыр. Мақалада спроттық үдеріс кезіндегі спорт комментаторының тілдік қолданысында кездесетін ерекшеліктер мен ауытқулардың тілдегі көрінісі айқындала отырып, оған әсер етуші факторлар жайында сөз қозғалады. Спорттық дискурс жүйесінде маңызды рөл атқаратын авторлық позиция мен көрермен сезіміне әсер ету үшін қолданылатын дыбыстық элементтердің жиынтығына талдау жасалады. Спорт саласында кездесетін ауыспалы мағынаға негізделген фразеологиялық термин тіркестер мен метафоризацияларға мысалдар келтіріледі. Спорттық дискурс шеңберіндегі кірме сөздерінің молдығына әсер етуші факторлар туралы да сөз қозғалады.*

Резюме: *В данной статье анализируется языковая личность спортивного комментатора в дискурсивном пространстве СМИ. Излагается подробно параметрирование репрезентаций различных коммуникативных типов языковой личности спортивного комментатора. Проведено описание языковой личности, которая предстает как личность дискурсивная, специфика которой детерминирована личностными особенностями продуцента спортивного дискурса, а также дискурсивными факторами, обусловливающими, в том числе, и речежанровые особенности данного типа дискурса.*

Summary: *In this article an analysis is made of the language personality of the sportscaster in discourse space of mass media from positions of lingual cognitive approach. They are characterized by a complex of functions which can be realized when performing a certain set of norms and rules of conduct of the personality and requirements. Feature determination for representations of various communicative types of the language personality of the sportscaster is stated in detail. The description is made of the language personality who appears as the discourse personality whose specifics are determined by personal features of a producer of a sports discourse, as well as by discourse factors causing also speech-genre features of this type of a discourse.*

Кілт сөздер: *спорттық дискурс, спорттық түсіндірме, фразеологиялық термин тіркестер, авторлық позициясы, комментатор тілі.*

Ключевые слова: *спортивный дискурс, спортивный комментарий, авторская позиция, фразеологические термины.*

Keywords*: sports discours, sports commentaries, author`s position, phraseological terms.*

Қазіргі кезде дискурс ұғымына түрліше сипаттама беріліп жүр. Дискурс ұғымының ең жиі қолданылатын анықтамасы — «ауызша сөйлеу тәжірибесі» және «тілді қолдану» ұғымдары. Ал ағылшын тіліндегі лингвистикалық әдебиеттерде дискурсқа *тілдің қатынастық қызметі*, яғни, *қолданыстағы тіл* деген сынды мағына беріліп жүр.

Спорттық дискурс белгілі бір спорттық оқиға кезінде спорттың субъектілерінің арасында жүреді. Ол спорттық және қандай да бір басқа дискурстың біріккен жерінде жүзеге асады [2, 21-23]. Спорттық дискурстың ерекшелігі мынада: оқиға әрдайым мәлім болғандықтан, жазбаша сонымен қоса ауызша репортаж авторы керекті деректерді жинап, дайындалуға мүмкіндігі бар, репортаждың басым бөлігі суырып салмалық және оқиғаны ары қарай өрбіту.

Спорттық дискурс жүйесінде маңызды рөлді журналисттің авторлық позициясы мен қуаныш, уайым, өкініш, мақтаныш сынды сезімдері атқарады. Мұндай эмоциялар сөйлеушінің өз уайымын, сезімдерін, әсерлерін көрерменіне жеткізуге көмектеседі. Ал авторлық баға түсіндіріліп отырған объектіге жағымды немесе жағымсыз қатынасын көрсете алады.

Жұмыс барысында репортер түрлі дыбыстық тәсілдерді де қолданады. Спорттық үдеріс кезінде көрермен сезіміне әсер ету үшін қолданылатын дыбыстық элементтердің жиынтығы (сөйлеу, музыка, шу) маңызды рөл атқарады.

Телевизиялық репортажда дыбыстық тәсіл көрнекі суретпен толықтырылады. Қатаң уақыт шектеуінен және іс-әрекет ауысымының жылдамдығынан репортер троптар мен көрнекі суреттеу құралдарын пайдалану мүмкіндігінен айырылып, мәтін мәнерлілігін азайтатын тілдік клише қызметіне жүгінеді. Қандай да бір шектеудің жоқтығына орай, сөйлеуші репортажда өз мәтінінің нақты ақпараттық қателіктерін, сонымен қатар стилистикалық олқылықтарына қажетті түсінік беру арқылы немесе онлайн түзету мүмкіндіктеріне ие. Мәселен, *«Агуэроны айып алаңында шалып жықты. Кешіріңіздер, айып алаңында емес екен. Кешіріңіздер шалып жықпапты. Өзі құлаған Марио Балотелли екен.»*

Спорт саласында ауыспалы мағынаға негізделген фразеологиялық термин тіркестер немесе метафоризациялар жиі кездеседі. Жүргізілген тәжірибе барысында мынадай фразеологиялық термин тіркестер байқалды.

-жүйкесін жұқарту;
-мергендік таныту;
-үмітті ақтау.
-жеңісті жұлып әкету;
-айласын асыра алмау;
-жер шұқып қалу;
-ойын өрнегін жоғалтып алу,
-намысты қолдан бермеу;

Мұндай фразеологиялық термин тіркестерді мына мысалдардан көруге болады: «*...тамаша ойыншы, бірақ сары аурумен ауыратыны болмаса».* Берілген мысалдағы *«сары ауру»* тіркесі футбол ойынында ойын тәртібін көп бұзып, ескерту сары қағазын көп алатын ойыншыға қатысты қолданылып отыр. Алайда медицинадағы *«сары аурумен»* мағыналық байланысы жоқ. Осы сынды тіркестерді спорттағы неофразеологизмдердің қатарына жатқыза аламыз.

Сондай-ақ, басқа тілден сөздердің кірігуі тілдің сөздік құрамының толығуы мен баюына әсерін тигізіп отыр. Спорттық дискурс шеңберіндегі ағылшын кірме сөздерінің молдығы ең алдымен мемлекеттердің саяси, экономикалық, мәдени қызметтестігімен, сонымен қатар спорттың әлемдік деңгейде дамуымен байланысты. Кірігудің көбірек таралған түрі ол –лексикалық түр. Жиі әрі кеңінен қолданылатын кірме сөздерге мысал келтірсек:

- ***голкипер*** *(ағыл. goal+keep, «қақпа қорғау»),*
- ***финиш*** *(ағыл. finish — «аяқтау»),*
- ***пенальти*** *(ағыл. penalty — «жаза, айып» итал. penalita — «айыппұл, айып, ескерту»),*
- ***баттерфляй*** *(ағыл. butterfly — «жүзу стилі»),*
- ***плей-офф*** *(play off — «тең ойыннан кейін қайталама ойын»)*
- ***аутсайдер*** *(ағыл. outsider — «бөгде, тысқары», «аутсайдер»),*
- ***сэйв*** *(ағыл. save — қорғау).*
- ***тайм*** *(ағыл. time — «кезең»)*

Жекелеп алғанда, ағылшын тілінен шыққан сөз *«тайм» — «time»* сөзінің аудармасыз дәл нұсқасы. Ағылшын тілінде бұл сөз көпмағыналы, және оның алғашқы мағынасы – уақыт. Қазақ және орыс тілдерінің спорттық терминологиясында «тайм» — «футболдағы уақыт кезеңі» (футбол матчы ереже бойынша ортасында үзілісі бар екі таймнан құралады)

Берілген лексема басқа тілдік лексема қолданушылар арасында тез таралып, спорттық дискурс шеңберінде терминге айналды. Хоккейде ағылшын тілінен аударғанда «қосымша уақыт» дегенді білдіретін *«овертайм»* сөзі қолданылады.

Басқа тілдер сөздерін тарту спорт лексикалық қорының кеңеюіне әсерін тигізеді, синонимияның артуына себін тигізеді, тілдік құралдарды үнемдеуге мүмкіндік береді, мемлекеттердің мәдениаралық байланыстарының болуын, тіл иеленушілері мен сөйлеушілерінің бар екендігін растайды.

Лексикалық ерекшеліктер ішінде ең көркемі, айқын да мәнерлісі — троптарды белсенді қолдану болып табылады. Лексиканың стилистикалық қорына жататын троптар көгілдір экрандағы дыбысталып жатқан сөздің бейнелілігі мен мәнерлілігін арттыра түсіп, бағалау экспрессивті-эмоциональды мағына береді. Спорттық дискурс саласында жиі қолданылып жүрген троптың түрі кейіптеу. Кейіптеу – жансыз нәрселерді жанды нәрселерге, жекелеп алғанда адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Осылайша, кейіптеудің белсенді қолданылу үдерісі масс-медиа мәтінінің маңызды қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Мәтіннің авторы ақпараттық жолдауды жандандырады және әсерлендірушілік енгізеді[1, 43].

Спорттық дискурс саласында әскери метафоралардың көп таралуы да байқалады. Ойыншылардың іс-әрекетінің реттілігі әскери метафоралар көмегімен беріліп отыруы (әскери әрекеттер мағынасында) жанкүйерлерге ерешке эмоциялық күй мен ұрыс-шайқастағыдай әсер береді. Спорттық дискурс кезінде төмендегідей әскери метафоралар байқалды.

тойтарыс беру,
шабуылды үдету,
қарымта шабуыл,
жеңіс туын желбірету,
ойсырата жеңу т.б.

Берілген тақырыпты қолдану спорттық мақала авторларына сайыс алаңында болып жатқан күрестің қызығын жеткізуге, құштарлықтың қыза түсуіне мүмкіндік береді.

Спорттық ойындар барысында тікелей баға автор атынан да, кәсіби мамандар сөзі арқылы да беріледі. Жеке мысалдарда, құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыратын перифраза айналымдарын аңғару қиын емес. Мысалы, спорттық түсіндірмелерде (комментарий): «*Көрермендер енді тамаша аяқ доп спектаклін көреміз деп ойлады.»* Бұл жерде, «аяқ доп спектаклі» - футбол ойыны дегенді білдіріп тұр. Спорт дискурс мәтіндерінде кездесетін перифразаларға мынадай қызметтер тән:

1)қайталануды болдырмайды;

2)декоративтік;

3)ойын;

4)жұмсарту, жанама атаулар, қысқарған сөздер (зашифровки) (ереже бойынша, эвфемистикалық перифразалар) [3, 74].

Яғни, спорттық дискурс мәтіндерінде перифраза лексикалық қайталауларды болдырмайды, сонымен қатар ойын қызметін атқарады.

Телевизиялық спорттық журналистикада спорттық түсіндірме (комментарий) маңызды рөл атқарады. Жылдамдық пен шеберлілік тән спорт тек көрермендерге емес, сонымен қатар спорт хабарын жүргізіп отырған комментаторға да жарқын да күшті әсер қалдырады. Осы әсерлердің мазмұны, сапасы және динамикасы бір жағынан, спорттық шараның қызықтылығына және ойынның кездейсоқ жағдайларына еліктіру деңгейі болса, екінші жағынан комментатордың темпераментінің ерекшеліктеріне, әсерленгіштігіне және ырықсыздығына байланысты. Түсініктеме берілетін затқа эмоциялық қатынас көрсете алу қабілеті тілде эмоциялық бояулы тілдік бірліктер түрінде беріледі.

Түсініктемелерде (комментарий) автордың бағасы ең маңызды рөл атқарады. Осыдан келіп баға және эмоция параметрлері сәйкес келгендіктен бір-бірінен ажырамайтын бір бүтін болып шығады. Эмоциялық баға ретінде комментаторлар жиі қолданатын сөздерге мынадай мысалдар келтіруге болады:

- *тамаша,*
- *бас көтере алмады,*
- *тас талқан етті,*
- *шегерілді, бағындырды,*
- *ойсырай ұтылды,*
- *қап,*
- *әттеген-ай,*
- *әп, бәрекелді,*
- *ах, ох,*
- *отпен ойнау,*
- *уақыт созу,*
- *соңғы нүктені қою,*
- *айы оңынан туу т.б.*

Эмотивтерді әсірелеудің лексикалық және сөз жасаушы тәсілдерімен қатар түсіндірмеде лепті құрылымдар да жүреді. Эпизод барысында футболшының қақпаға келуі және голдық соққы кезінде оның тегінің дүркін-дүркін қайталануы мазасызданудың шарықтау шегінде көрерменді еліктіріп, экспрессивті бояу береді. Комментаторлар дүркін-дүркін сөз соңындағы бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау немесе дауысты дыбыстарды созу тәсілін қолданады. Бұндай тәсіл комментатор тілінің дыбыстық және интонациялық мәнерлілігін күшейтеді. Ашық эмоциялы комментарий құралдарына тіл динамикасы, дыбыстың құбылуы және дауыс қаттылығының төмендеуі жатады. Ойынның шарықтау шегі кезінде комментатор сөйлеу тілі жедел және қаттырақ шығады. Ойынның байсалды, бірқалыпты эпизодтарына немесе шиеленіскен тұстары шешілгеннен кейін комментатор дауысының бәсеңдеуі мен кідіруі тән. Комментатор эмотивті бағалардың көмегімен телекөрермендерді өз эмоцияларымен еліктіреді, спорттық әрекетке тартып, қызықтырады, ойынға деген мазасыздықты, уайымды жоюға көмектеседі.

Сондай-ақ, риторикалық сұрақтар қою арқылы комментатор көрермен назарын аударып, ойлануға жетелейді. Риторикалық сұрақтар көрерменмен қиял диалогын құрады және комментатор ойының пікірталасын көрсетеді. Ұлттық командалар қатысумен болатын халықаралық жарыстарда комментатор бейтарап бола алмайды. Өз қақпасына әдемі де шебер соғылған гол комментаторға өкініш сезіміне жетелейді, жағымсыз әсер беріп, «өз командасынан» көңілін қалдырады. Риторикалық сұрақтар арқылы комментатор көрерменді сәтсіздіктің себебін іздеуге шақырады. Ал ойыншылар қайтадан ұта бастағанда, комментатор қанағаттанып, қуаныш сезімін көрсетеді.

Осылайша, біз спорттық оқиға барысында комментатор өз репортажына ойынның авторлық көрінісі, тәжірибе, әсерлер, бағалар, тіл шеберлігі сияқты дүниелерді салады деп айта аламыз.Әр спорт комментаторының тіл даралығы немесе өзгешелігі, оларға тіл құралдарын қолдану ерекшелігі тұрақты тындармандар мен телекөрермендердің шеңберінде, телеаудиторияның бір бөлігін тартса, бір бөлігін кері итереді. Сөйлеушіге өз эмоцияларын, сезімдерін, әсерлерін білдіруге мүмкіндік бергендіктен, эмоция спорттық дискурстың маңызды құраушысы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен интернет-ресурстары:

1. *Есенова Қ.Ө. Қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. Алматы, 2007.*
2. *Буркитбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса. Учебное пособие. Алматы. 2006.*
3. *Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2008.*
4. *Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Москва: Гнозис, 2007.*
5. *Абылайхан Жұмашев. Сөз жүйесін сақтамау спорт комментаторына сын. tilalemi.kz*
6. *Ақсәуле Әбітай. Спорт журналистикасының бүгіні: проблемалар, жетістіктер, мамандардан кеңес. 7kun.kz*

Әлиякбарова Айгерім
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«6М021400 – Әдебиеттану» мамандығының 1-курс магистранты, galymjanovna.a@mail.ru

Алпысбаева Қарашаш
М.О.Әуезов Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты, alpysbaeva-k@mail.ru

«ҮШ ЖҮЗДЕН АСҚАН» ТҮБЕК АҚЫН

Түйін. *Мақала Түбек Байқошқарұлының өмірі мен шығармашылығына арналған. Бізге жеткен айтыстары Түбектің әйгілі сөз дүлділі болғанын айғақтайды. Мақалада ақынның Жәмшібаймен, Қарқабатпен, Бақтыбаймен айтыстары сөз етілген.*
Кілт сөздер: *ақын, айтыс, фольклор.*
Резюме. *Статья посвящена жизни и творчеству Тубек Байкошкарулы. Дошедшие до нас айтысы Тубека доказывают его мастерство словесности. В статье сказано айтысы поэта с Жамшибаем, с Каркабатом и с Бактыбаем.*
Ключевые слова: *поэт, айтыс, фольклор.*
Summary. *The article is devoted to the life and work of Tubek Baikoshkaruly. Reached to us aitys Tubek prove his mastery of literature. The article tells the poet aitys with Zhamshibai, with Karkabat and with Baktybai.*
Key words: *poet, aitys, folklore.*

XIX ғасырдағы халық өмірінің айнасы іспеттес болған жанр – айтыс. Айтыстан сол кезеңдегі халық тұрмысының шындығын, саяси идеологиясын, мәдени халін, әлеуметтік-шаруашылық жай-күйін, салт-дәстүрін, таптық, жіктік, жекелеген адамдар арасындағы тартыстарын көреміз. М.Әуезов айтыс туралы: «XVIII ғасырдың соңғы жарымынан бастап, XIX – XX ғасырдағы айтыстар және совет дәуіріндегі айтыстар жазылып алынған түрлерінің, үлгілерінің өздеріне қарағанда да қазақ фольклорының мол саласының бірі осы жанр екендігін танытады» [1, 10]. XIX ғасырда осы жанрдың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ақындар: Жанақ, Сүйінбай, Шөже, Түбек, Майкөт, Қабан, Құлмамбет, Жамбыл т.б. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар бұл ақындардың көпшілігі сөз жарысына жастайынан араласып, ел арасында кеңінен танылған. «Жалпы бұл жанр жөнінде келешекте болатын көлемді, арнаулы зерттеулерде сол ескі дәуірлердегі айтыс ақындарының болсын және бергі белгілі, азды-көпті дерек бар, аттары анықталған, сақталған айтыс жанрлары бар ақындар жөнінде болсын, істелетін ғаламдық үлкен істер бар. Ол, сол ақындардың өмірбаянын және қолдан келгенше, барлық айтыстарының туған жылдарын, орындарын, жағдайларын түгел, мәлім ететін материалдар жиналып жариялануы шарт» [1, 10] - деп, әдебиет зерттеушісі М.Әуезов айтып кеткен. «Үш жүзден асқан» Түбек ақынның өміріне қатысты жазбаша деректер жоқтың қасы. Айтыскер ақын жайлы мағлұматтарды зерттеуші В.В.Радловтың, поляк саяхатшысы А.Янушкевичтің күнделігінен, М.Әуезов, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов, Ж.Тілепов, С.Қорабай, С.Қамшыгер, С.Сәкен мақалаларынан көре аламыз.

Түбек Байқошқарұлы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданына қарасты «1 Май» ауылының маңында, қазіргі Үшбиік теміржол бекеті маңынан 40 шақырым жерде дүниеге келген. Ақынның өмір сүрген кезеңіне қатысты зерттеушілердің пайымдаулары әртүрлі. Әдебиеттанушы Х.Сүйіншәлиев ақынды 1780- 1870 жылдар аралығында өмір сүрді десе [2,18], зерттеуші Ж.Тілепов: «Түбек шамамен 1785 жылы дүниеге келіп, он тоғызыншы ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өмір сүрді» [3,46], – дейді. Екінің бірінде бола бермейтін суырыпсалма қабілеті бар Түбек айтулы ақындармен: Жанақпен, Тезекпен, Қуандықпен, Орынбаймен, Құлмамбетпен айтысқан, есімі Арқа мен Жетісу өңірінде танымал болған. «Түбек өзінің суырыпсалма ақындық өнерімен жас Абайға да үлкен әсер еткен. Ұлы айтыскер ақынды ұстаз тұтып, талантын жоғары бағалаған. Бұл туралы М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында шынайы суреттеген»[4, 558]. «Абайдың Түбекті құрмет тұтқанын «Абай жолының» төмендегідей жолдарынан аңғаруға болады: «Қадырбайда үлкен мінезділік, кеңдік бар. Өзімшіл емес. Осы кәрі ақын есіне алып отырған Садақта, Шүмекте, Барласта да бар сияқты» [5, 244]. «Осындағы М.Әуезовтың Қадырбай деп отырғаны – Сабырбай Ақтайлақұлы, Садақ дегені – Жанақ Сағындықұлы, Барлас – Дулат Бабатайұлы және Шүмек дегені – Түбек Байқошқарұлы. Ғалым-жазушы сол заманның талабына сай жоғарыда есімдері аталған ақындарды осылай лақап атпен жазуға мәжбүр болған» [6, 177].

Қазақстанның шығыс өңірінде экспедициялық сапарда болған поляк саяхатшысы А.Янушкевичтің 1846 жылы 23 шілдеде жазған күнделігінде мынадай деректерді көреміз: «Кешкісін

бізге Түбек ақын келіп кетті. Бұдан жеті жыл бұрын ол қазақтар арасында даңқы шығып, өлең-жырмен өзінің күй-жағдайын жақсартқан еді, – отызыншы жылдары ақынның елге танымалдығын айта келіп: – Бертін келе ауру ырысынан айырып, қайыршыға айналдырған. Ағайын-тумаларының ешқайсысы оны естеріне де алмайды. Тек Барақ қана оған бір түйе берді. Оның бар байлығы осы. Көші-қон кезінде оған сиқы қашқан киіз үйін артады. Орынбай қазақ Парнасына жалғыз көтеріліп, Аягөзде бір шапаннан соң бір шапан жамылып, бір жылқыдан соң бір жылқыға қолы жетіп тұрған кезде, Барақ онымен сайысқа түсіру үшін жерлес сибанын Түбекті алып келген. Азап-мехнат шегіп, арып-ашып жүдеген ұлы ақын дауыстан да, ес-жадынан да айрылған. Енді ол өз бақталасының шалқып шарықтап масайрағанына үн-түнсіз куә болудан басқа шарасы қалмады» [7, 155]. Сол кезеңдегі көпшілік ақындар секілді, ақын өмірінің кедейшілікке ұшыраған шағын жазған.

«Біз одан Орынбаймен салыстырғанда қалай бағалайтынын сұрадық. Жоғары тап өкілдері де, халық та Орынбайдан артық бағалайтынын ол тайсалмай айтты. Орынбай қасиетті тарих пен өткен-кеткен істерді ғана жырлап үйренген, ал Түбек болса, қазақтардың іс-әрекетін, қазіргі жай-жапсарын қаз-қалпында суреттейді» [7, 155-156]. Ақынды Орынбай ақынмен салыстыру арқылы оның өзіндік ерекшелігін, суреткерлігін дәл басып айтқан. Ж.Тілепов бұл туралы: «Поляк революционерінің Түбекке берген осынау бағасы тегінде көп жайтты аңғартса керек. Өзі өмір сүрген орта мен дәуірдің шындығын айтуға тырысқаны, сол үдеден шығып жүргені – әр уақытта да оны еліне сыйлы еткен деп білеміз. Сондықтан оның әдеби мұрасына баға бергенде де осы еңбегі мен ерекшелігі әманда есте тұтылуы, ақын творчествосы сол тұрғыда бағалануы ләзім деп ойлаймыз» [3, 54], – деп қорытындылайды.

Түбек Байқошқарұлының бізге жеткен шығармаларының дені –айтыстар. Оның айтыстарын М.Көпеевтің қолжазбаларынан, Ы.Алтынсариннның «Қазақ хрестоматиясы» оқу құралынан, «Бес ғасыр жырлайды», 3 томдық «Айтыстың» 1-томынан, Б.Ыбырайым редакторлық еткен «Түбек Байқошқарұлы. Шығармалары» кітаптарынан байқаймыз. М.Әуезов: «Айтыс екі ақынның суырыпсалма түрінде шығаратын, қалың жиын алдындағы жарысы. Бұған ақындар әзірліксіз келіп, біріне-бірінің оқыстан тастаған түйіндеріне жауап ретінде, өз өлеңдерін сол орында туғызады. ...Мөлшермен айтқанда, әрбір айтыс кейінгі сақталуында және хатқа түсуінде, әр ноқаты аумай, қаз-қалпынша қаймағы бұзылмай түседі деуге болмайды» [1, 12-13], мұнымен айтпағымыз, айтыскер ақындардың ұшан-теңіз сөз қағыстарының бізге жетпегені қаншама.

Байғарадан шыққан он жеті ақынның бірі болған Түбек, өзі туралы былай дейді:

Ат дейтін ат жоқ менде, атым – Түбек,
Байғарадан шығып ем аттай үдеп.
Байғарадан шығып ек он жеті ақын,
Сабырбайды жеңе алмай жүрмін жүдеп [8, 23].

Ал Жәмшібаймен сөз қақтығысында:

Өлеңнің текшелеулі қоймасымын,
Ақынның өзім сынды данасымын.
Байқарадан он алты ақын шыққан,
Ақтайлақ, Қарабайдың баласымын [8, 35].

Айтысқа түскен ақындар қарсыласын мұқатпақ болып, оның осал тұсын іздейтін болған. Ақынның бізге жеткен айтыстарынан сол кездерде оның «жады» кеселімен жеті жылдай ауырғандығы мін болып тағылған. Орта жүздің ақыны Қарқабат Түбекті өзіне ұстаз тұтқан, дос болған:

Сағындым достым Түбек – ұстазымыз.
Бір көріп қолыңды алмақ – мұқтажымыз.
Мұхиттың дариясындай сөзге терең,
Өлеңге болмаушы еді қыспағыңыз.
Тіліннен бал тамызған қайран Түбек,
Айқасқан достым едің күнде білек.
Естимін, ұзын құлақ рас болса,

«Жатыр, – деп, –қауіпті ауру, қатты жүдеп» [8, 41], – Найманның ішіне келе сала, Түбектің шынымен халінің нашар екендігін естиді, аузына мақтамен су тамызып жатқанын көріп:

Жатқаның, қайран достым, мақұл емес,
Баяғы өзім көрген ақын емес...
Шошыдым, халің қашып, жүдеп қапсың,
Өмірімде мұндай ауру көргенім жоқ...

Сыншы едің бір кісідей көпті көрген.
Қай жерден бұл пәлені тауып алдың? [8, 43].

– дей келе, егер осы кеселге ұшырауыңа расымен де әйеліннің бір қатысы болса, аурудан жазылсаң «Шіркінді сатып жібер бір тоқтыға» дегенде Түбек:

Ай қошқар, ай мүйізді қойым да бар,
Жазылсам осы аурудан, тойым да бар.
Жаныма бір шыбындай себеп болса,
«Шіркінді сөйтсем», – деген ойым да бар[8, 43], – дейді. Екі ақын арасындағы сыйластық пен достық, шынайы пейілдері осылай көрініс тапқан. Қарқабаттың осылай келіп кеткенінен кейін ақын өз кеселінен біршама айыққандай болады. Таяғын ұстап, үйіне сүйене отырған ақынды бір топ кісі Найман Тәнеке батырдың жиынына көп жиыннан бір тәуіп табылар деген оймен, бір атқа таңып, алып барады. Қолаба деген тәуіп шал «Жады деген кісінің өзі жады болсын», – деп үш айдың ішінде емдеп жазады. Емнің ақысына өзінің ауруға душар болуына себеп болған әйелі мен бірқанша малды қосып береді. Үш айдан кейін ақынның жайын сұрастырған Қарқабат өзінің ашумен айтқан сөзіне өкініп, әйелін өзіне қайта қосып, ырзалығын алмақ болады:

Ашумен бір ауыз сөз айтып едім,
Шіркіннің обалына қалған екем...
Кектескен мұсылманға жараспайды,
Әпкелсем қатыныңды аласың ба?...
Көңілің бұрынғыдай болмаса да,
Жүреді қызметкер боп, отын алып[8, 50]. Ұлы жүздің ақыны Қарқабат ақынды әйелімен осылайша татуластырған екен.

Жалайырдан шыққан Бақтыбай ақын жиырма екі жасында, аппақ қудай сақал-шашты, сексен төртке келген Түбекті арнайы іздеп барып, сәлем береді:

«Бала» деп олқысынба, жас та болсам,
Үш жүзді түгел кезіп араладым.
Кеудеңді Құдай үшін бір көтерші,
Келе ме қозғалуға шама-әлің?
Қасыңда айналақтап әлә отырмын,
Бата алмай оятуға, жағаладым, – дегенде, жас келініне көзі түсіп отырған Бақтыбайға айтқан ақын сөзі:

Алқынбас, өрге салса, жүйрік едім,
Самсаған шаршы топтан шыға салған.
Жанымда, қыр астында көрмеуші едім,
Келгенде жарысқалы талай бағлан...
Сайраған қайдан келдің сары тайлақ?
Ұстап ем сан түлкіні қолмен байлап.
Дегенді атым Түбек білемісің,
Сен түгіл, талайға да атым шайнап...
Сан жерде сан буыршын кездескенде,
Өркешін жұтып едім,талай шайнап [8, 92]... Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді дегендей, қартайып тұрған шағында да ақын өзінің ойға ұтқыр, сөзге шешен екендігін дәлелдейді.

От ауызды, орақ тілді ақынның бірі болған Түбек Байқошқарұлының өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтер мардымсыз екенін жоғарыда айттық. Біздің алдағы міндетіміз – ақын шығармашылығын барынша зерттеп, оның ұмыт болған айтыстарын жаңғырту, қазақ ауыз әдебиетінің телегей теңізіне қосу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Айтыс өлеңдері // «Айтыс». Екінші том. – Алматы: «Жазушы», 1965.
2. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1986.
3. Тілепов Ж. Түбек Байқошқарұлы // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. – Алматы: «Ғылым», 1988.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Атамұра», 1995 (С.Қорабаев).
5. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы, «Жазушы», 1989.
6. Қамшыгер С. Түбек Байқошқарұлы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Төртінші том. – Алматы, «Қазақпарат», 2005.
7. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы, «Жалын», 1979.
8. Түбек Байқошқарұлы. Шығармалары. – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат», 2012.

Қордабай Бақыт
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «6М021300 – Лингвистика» мамандығының
2 курс магистранты, bkordabay@mail.ru

Ибраева Жанар Құлматқызы
ф.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының профессоры, kulmat@rambler.ru

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін. *Мақалада өз алдына жеке институционалды дискурстың түрі ретінде дипломатиялық дискурсқа авторлар тарапынан анықтама беріліп, оның интердискурсивті табиғаты ашып көрсетіледі. Дипломатиялық коммуникацияның тілдік тұрғыдан әлі де толық зерттелмеуі айтылып, осы мәселенің кей қырларын қарастырған ғылыми жұмыстар аталып өтіледі. Дипломатиялық дискурстың аталған тілдік ерекшеліктерін ғылыми негіздемеге сәйкес, толық ашып көрсету үшін аталған дискурстың көпшілікке арналған баяндама жанры, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановтың «Жаңа жаһандық болмыстағы Қазақстанның жаңғыру моделі» тақырыбындағы халықаралық парламенттік конференциясындағы баяндамасына сараптама жүргізіледі. Мақала аясында министр баяндамасының лингвистикалық сипаты прагматика, лексика, морфология тұрғысынан талдауға алынады.*

Тірек сөздер: *дипломатия, дипломатиялық дискурс, сөйлеу актісі, иллокутивті акт, дипломатиялық терминдер, интердискурсивтілік.*

Резюме: *В статье подробно даётся определение дипломатическому дискурсу как особому виду институтционального дискурса, описывается природа его интердискурсивности. Отмечаются факты касающегося всё ещё не полному изученности дипломатической коммуникации с лингвистической точки зрения и указываются научные работы, которые охватывают некоторые частные случаи рассмотрения данного дискурса. С этой целью рассматривается жанр публичного доклада в дипломатическом дискурсе в виде анализа доклада министра иностранных дел Кайрата Абдрахманова на международной парламентской конференции «Казахстанская модель модернизации в новой глобальной реальности». В рамках статьи проанализируются лингвистические особенности публичного доклада министра с прагматических, лексических, морфологических сторон.*

Ключевые слова: *дипломатия, дипломатический дискурс, речевой акт, иллокутивный акт, дипломатические термины, интердискурсивность.*

Summary: *The article gives a detailed definition of diplomatic discourse as a special type of institutional discourse, describes the nature of its interdiscursivity. There are some facts about not fully explored diplomatic communication from a linguistic point of view and scientific works are mentioned that cover some particular cases of consideration of this discourse. For this purpose, the genre of the public report in diplomatic discourse is analyzed in the form of an analysis of the report of Foreign Minister Kairat Abdrakhmanov at the international parliamentary conference «Kazakhstan model of modernization in a new global reality». Within the framework of the article, the linguistic features of the public report of the minister from pragmatic, lexical, morphological aspects are analyzed.*

Key words: *diplomacy, diplomatic discourse, speech act, illocutionary act, diplomatic terms, i nterdiscursivity.*

Қазіргі таңдағы біртұтастық пен бірегейлікті ұран еткен жаһандану заманында мемлекеттердің арасындағы шекаралық кедергілерді «аттап өткен» интеграциялану үдерісі адамзаттың тек демографиялық көрсеткіші, географиялық орналасу аспектілерін ғана емес, ғылымның сан түрлі салаларының басын біріктіріп, табиғат пен қоғамдық қатынастардың толық сипатта, жан-жақты танылуына игі әсерін тигізуде. Интеграция құбылысы қамтитын мәселелер ауқымында институционалдық дискурс шеңберінде қарастырылатын **дипломатиялық дискурстың** орны ерекше. Оны дипломатиялық дискурстың лингвистикалық сипатынан анық байқауға болады. Себебі **«дипломатиялық дискурс»** дегеніміздің өзі – ел мен елдің арасындағы достық байланыстың жігін жымдастырып, оларды мемлекеттің сыртқы саясатына сәйкес екіжақты (кейде көптарапты) бейбіт келісімге келтіріп, сол мемлекетттің халықаралық аренадағы жағымды имиджін қалыптастырып әрі беделін асқақтатып, шет елдерде азаматтарының құқығын қорғап, сонымен қатар, қауіпсіздігін қамтасыз ету жолында әр алуан прагматикалық амалдар мен коммуникативтік айла-шарғыларды қолданатын, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың тікелей зерттеу нысаны болып табылатын мультитарапты вербалды және бейвербалды коммуникация. Демек, біздің ұсынып отырған анықтамамызға сай, дипломатиялық дискурс институционалдық дискурстың келесі түрлерімен тығыз байланыс орната алады: *саяси дискурс, медиа дискурс, экономикалық дискурс, заң дискурсы, әскери дискурс.* Яғни, дипломатиялық дискурс орын алатын нақты жағдаят пен анықталған мәселе қатысында жоғарыда аталған дискурс түрлерімен шектесіп, оларға тән белгілерді өз бойында қамти

алып, *интердискурсивтік сипатын* байқатады. Тіпті, ғалымдар арасында дипломатиялық коммуникацияның көпқырлы табиғатына орай бірнеше пікір орын алған. Олардипломатиялық коммуникацияны саяси коммуникациямен (Л.М. Терентий, C. Villar, т.б.), ресми-іскери функционалды стильдің бөлімімен (Л.Г. Фарафонова) тығыз байланыста қарастыратын көзқарас және келесі ұстаным өкілдері бұл коммуникацияны өз алдына дербес, жеке дискурс (В.И. Карасик, Т.А. Волкова, А.С. Кожетева, С.Г. Гась, Е.А. Вебер,т.б.) деп өз еңбектерінде көрсетеді.

Қазіргі таңда дипломатиялық дискурс мәселесі дискурстың өзге түрлерімен салыстырғанда толық, жете зерттелмеген коммуникацияның қатарына жатады. Десе де, аталған дискурстың кей қырлары отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарының негізгі өзегі болған. Атап айтқанда, қазақ және ағылшын тілдеріндегі салалық терминдер қатарында қаралатын дипломатиялық терминдер жүйесі К.А. Ашинованың «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалымы» кандидаттық диссертациясында (2007), қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдер мен атаулар Г.А. Бегімованың «Қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдер мен атаулардың мағынасы, қолданыстағы қызметі» кандидаттық диссертациясында (2007), дипломатиялық коммуникацияның лингвостилистикалық ерекшеліктері Л.Г. Фарафонованың «Система дипломатического подстиля и ее исследование на уровне текста» кандидаттық диссертациясында (1977), дипломатиялық коммуникацияның аударма саласымен арақатынасы Т.А. Волкованың «Дипломатический дискурс в аспекте стратегичности перевода и коммуникации: на материале английского и русского языков» кандидаттық диссертациясында (2007), ағылшын дипломатиялық дискурсы когнитивтік диссонанс теориясы тұрғысынан Е.А. Вебердің «Опыт лингвистического исследования когнитивного диссонанса в английском дипломатическом дискурсе» кандидаттық диссертациясында (2004), дипломатиялық хаттаманың лингвосемиотикалық жүйесі Е.В. Метелицаның «Лингвосемиотическое пространство дискурса дипломатического протокола (на материале текстов дипломатического протокола государственного департамента США)» кандидаттық диссертациясында (2002), сандық дипломатия Н.В. Новиковтың «Коммуникативные стратегии цифровой дипломатии» кандидаттық диссертациясында (2017), т.б. талданған.

Қазіргі күнде саяси қызмет атқаратын дипломаттардың көпшілік алдындағы сөйлеген сөздері мен мәтіндерін талдау зерттеушілер тарапынан ерекше қызығушылық тудырып отыр. Бүгінде талдауға қажетті материалдарды еш қиындықсыз интернет желісіндегі ресми сайттар мен YouTube арналарынан табуға болатыны белгілі жайт. Талдау барысында Сыртқы істер министрлігінің (СІМ) ресми сайтында бар мәтіндерді пайдаландық (http://www.mfa.kz). Дәл осы сәтте ҚР СІМ басшылығының сөйлеген сөздері мен басылымдары, әр түрлі мәлімдемелер мен түсініктемелер, «Дипломатия жаршысының» жарыққа шыққан сандары көпшілік назарына ұсынылса да, өкінішке орай, видеоматериалдарға (отырыс, баяндамалар және т.б.) деген қолжетімділік шектеулі екенін ескеруге болады. Ал ондай мәліметтер өзге мемлекеттердің сыртқы істер министрліктерінің сайттарында ашық қолданыста бар.

Жалпылай таңдау арқылы 2016-2018 жж. аралығындағы жарық көрген 30 мәтін іріктеліп алынды.

Дипломатиялық дискурстың ауызша түрі ретінде 2017 жылдың 27 қараша күні Астана қаласында ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған Қайрат Әбдірахмановтың «Жаңа жаһандық болмыстағы Қазақстанның жаңғыру моделі» тақырыбындағы халықаралық парламенттік конференциясындағы баяндамасын қарастыратын болсақ, ол, ең алдымен, мағыналық құрылымы тұрғысынан кез келген дипломаттық құжатқа тән бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады [1].

Дипломатияның маңызды рөлі мемлекетке ұтымды қандай да бір шешімдерді қабылдау мақсатындағы әр түрлі деңгейдегі адресатқа әсер ету екені белгілі. Айтып өтер бір жайт, прагматикалық ерекшеліктер дискурстардың сан алуан типін ажыратады. Біз Т.А. Волкованың ізінше дипломатиялық дискурста жалпы және жеке қызметтерді бөліп көрсетеміз. Жалпы қызметтерге коммуникативті, бұйрық, эмотивті, метатілді, фатикалық, ал жеке түріне ақпараттық, комиссивтік, декларативтік қызметтер жатқызылады [2, 20].

Баяндаманың бірінші бөлімі дипломатиялық этикеттің жарқын үлгісі болып табылатын протоколдық сөз орамынан басталады. Баяндаманың аталған **протоколық сөз орамдар бөліміқаратпа сөзден** (құрметтеу сөзі, тұлғаның лауазымы және аты-жөні) және министрдің **құрмет білдіру сөйлемінен** тұрады. Тек дипломатиялық коммуникацияға тән екінші тарапты ерекше атау өзінің коммуникативтік мақсаты ретінде тыңдаушысын құрметтей отырып, назарын аудару әрі амандасу ниетін көздейді: *«Құрметті Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Зайроллаұлы,*

Құрметті конференцияның делегаттары, Ханымдар мен мырзалар! Уважаемые участники конференции, Уважаемые дамы и господа! (фатикалық қызметте)»

Қаратпа сөздерден байқағанымыздай, дискурс адресаттары – Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулин (конференцияны ҚР СІМ-мен бірге ұйымдастырушы болғандықтан бірінші кезекте және айрықша мәнде атап көрсетіледі), 15 шетелдік парламенттердің депутаттары және өзге де жоғары лауазымді билік өкілдері.

Қаратпа сөздердің дипломатия саласында қолданылуына қатысты тілші-ғалым К.А.Ашинова: «Бұрын жалпыхалықтық қолданыста белсенді жұмсалып, қазіргі кезде дипломатиялық құжаттарда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестеріне: *герцог, хан, ханшайым, шах-иншах, эмир; лауазым атаудары: Жоғары Мәртебелі, Мәртебелі Тақсыр, мырза, ханым* және т.б. жатады. Мұндай тіркестер әртүрлі дипломатиялық құжаттардың басы мен әсіресе аяғында дипломатиялық сыпайылық ереже формалары сақталғандығын растайды» [3,36].

Ары қарай, дипломатиялық протоколға сәйкес, министр өз атынан ризашылығы мен конференцияның сәтті өтуіне тілектестігін білдіреді: *«Осы басқосуда баяндама жасауға шақырылғаным үшін Парламент Мәжілісіне шынайы ризашылығымды және бүгінгі конференцияның барынша мазмұнды және табысты өтуіне тілектестігімді білдіремін»* [1].

Баяндаманың келесі – **дәйектеме бөлімі** оның мағыналы өзегін де айқындай түседі. Яғни, «Жаңа жаһандық болмыстағы Қазақстанның жаңғыру моделі» атты конференцияның алға қойған мақсаты – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлемде бейбітшілікті орнатуға бағытталған игі бастамалары мен осы жолдағы толеранттылық пен модернизациялаудың қазақстандық үлгісін халықаралық деңгейде талқылау. Конференцияның мағыналық өзегіне сәйкес, министр сөйлеген сөзінде өз позициясын предикаттық тұлғаның бірінші жағымен дәйектейді: *«өте өзекті деп санаймын», «айтуыма толық негіз бар».*

Баяндама ары қарай **деректер келтіретін бөліммен** жалғасын табады. Бұл бөлімге сәйкес, адресант өз көзқарасының тыңдаушысына негізді екенін көрсету үшін нақты дәлелдемелерді келтіреді. Қазақстанның халықаралық аренадағы жетістіктері етістіктің бірінші, үшінші жақтағы ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ формалары арқылы берілген: *сайландық, қабылдаудамыз, өткіздік, көрсетеді, болып табылады.*

Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болып *сайландық.* Сириядағы қанды жанжалды реттеу жөнінде Астана процесін *қабылдаудамыз* [1].

Атап өтер жайт, министр дәл осы бөлімде жекеше «мен» жақтан, бірден, көпше түрдегі «біз» позициясына ауысады (Отанымыз, табыстарымыз, біздің саяси, экономикалық және рухани жаңғыруымыз бен өрлеуіміздің, етістіктер тізбегі). Дәл осы мәселеге қатысты ғалым Ж.К. Ибраеваның келесі тұжырымын атап өткен жөн: «Вместе с тем в целях самопрезентации личности, а также для отождествления себя с определенной структурой (политической партией, движением) в коммуникативном диалоге политического содержания наблюдается попеременное использование местоимений я/мы» [4,171].

Мақалада бұл жіктеу есімдіктері, өз кезегінде, министрдің халықпен жақындығы мен елінің өкілі ретіндегі орнын анықтап, адресатпен бірігу, сенім ұялату сезімдерін тудырады деп қарастыруға болады.

О.Н. Паршинаның пікірі бойынша, «1-жақ, көпше түрдегі жіктеу есімдігі көпмәнділігімен ерекшеленеді, мәнмәтін негізінде БІЗ моделін талдау саясаткерлер қолданатын БІЗ есімдігінің бірнеше мағынасын көрсетуге мүмкіндік береді» [5, 107].

Сондай-ақ, тәуелсіз Қазақ елі мен мемлекет басшысының жеткен табыстарын көрсетудегі сын есімдердің Қазақстанның шет елдік қонақтардың алдында беделін көтеріп, жүргізіп отырған сыртқы саясатының дұрыс бағытта дамып келе жатқанына көздерін жеткізіп, Елбасының сіңірген еңбегін мойындатуда прагматикалық қызметі зор: *баянды саяси* тұрақтылығымен, *кешенді экономикалық* дамуымен, *бай* мәдениетімен, *аса өзекті* «Болашақ энергиясы» тақырыбында, *қомақты* табыстарымыз, *лайықты* орнын, *салиқалы* көшбасшылығының». Байқағанымыздай, барлық мысалдар жағымды коннотациясымен айрықша сипат алады.

Адам баласының сөйлеу үдерісінде бір уақытта тілден тыс мақсаты бар басқа да әрекеттерді орындайтыны белгілі: ол сұрақ қояды немесе жауап береді, мәлімет береді, сенім ұялатады немесе ескерту жасайды, біреуді бір лауазымға тағайындайды, бір нәрсе үшін біреуді сынайды және т.б. Сөйлеу актісі тілден тыс мақсаты тұрғысынан иллокутивті акт ретінде көрініс табады [6]: *Осы басқосуда баяндама жасауға шақырылғаным үшін Парламент Мәжілісіне шынайы ризашылығымды және бүгінгі конференцияның барынша мазмұнды және табысты өтуіне тілектестігімді білдіремін.Ұйымдастырушылар таңдаған тақырыпты өте өзекті деп санаймын.*

Көріп отырғанымыздай, дипломат сөзінде иллокуция да орын алады. Ол қатысушыларға алғысын айта отырып, жағымды бағалайды және іс-шараның сәтті өтуіне сенімін білдіреді.

Мемлекет басшысын жоғары мәртебе дәрежесіне көтеру интенциясы Президентті айрықша атаулармен – *«Елбасы», «Главой нашего государства», «Главы государства», «нашего Елбасы», «нашего Лидера»* және бір баяндама шеңберінде 16 рет атап көрсетуден байқалады. Осындағы *«нашего Елбасы»* сөз тіркесінің қостілді табиғаты, яғни, бір уақытта орыс және қазақ тілдеріндегі сөздердің қатар келуімен жасалуы «Елбасы» сөзінің «нақты бір қоғамдық-саяси жүйенің қоғамдық-саяси реалиясын сипаттайтын реалиялық термин» сипатын иелене бастауының бір көрінісі деп көрсетуге болатындығын дәлелдейді.

Баяндаманың **деректер келтіретін бөлімінде** нақты сандық көрсеткіштерді дәлел ретінде келтіру адресат үшін ұсынылған ақпараттың сенімді, валидті деп қабылдауына кепіл бола алады: *За все годы независимости общий объем прямых иностранных инвестиций в Казахстан составил свыше 260 миллиардов долларов США, в том числе в период 2005-2015 годов поступило 243 миллиарда долларов. В 2016 году в сравнении с предыдущим годом объем прямых зарубежных инвестиций увеличился на 39,9% или на 5,9 миллиарда долларов и суммарно составил 20,6 миллиарда долларов против 14,8 миллиардов в 2015 году. За первое полугодие 2017 года валовой приток прямых иностранных инвестиций по сравнению с аналогичным периодом прошлого года вырос на 8,6% и составил 10,5 миллиарда долларов США* [1]. Мысалдардан байқағанымыздай, ақша көлемін білдіруде бірден-бір валюта ретінде ұлттық «теңгенің» емес, «АҚШ долларының» көрсетілуі – Америка Құрама Штаттарының ақша бірлігінің әлемдік валюта нарығындағы жетекші орынға ие болуы, осыған сәйкес, халықаралық экономиканың көрсеткіші осы валютамен бағалануының және «әлемнің» «долларға» деген сенім артуының айғағы.

Дипломатиялық құжатты өзіндік ерекшеліктермен танытатын белгілердің ең бастыларына дипломатиялық терминдерді жатқызамыз. Талданып отырған баяндамада келесі терминдерді кездестіруге болады: *Елбасы, Президент, басқосу, саммит, конференция, Парламент Мәжілісі, депутат, Парламент, Астана процесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі, Генеральная Ассамблея ООН, ЮНЕСКО, Министерство иностранных дел, модернизация, экономика, экономическая дипломатия, внешняя политика, Мадридское совещание, Астанинская декларация, переговоры, вооружённый конфликт, парламентская дипломатия, международный терроризм и экстремизм, толерантность, инвестиция, международный рейтинг,* т.б.

Жоғарыда келтірілген дипломатиялық терминдердің өзіндік ерекшелігі – олардың басқа ғылым салаларында да кездесетінінде. «Дипломатиялық терминдер дипломатия саласындағы негізгі ұғымды бере отырып, басқа да терминдік топтарда, атап айтқанда, дипломатиялық қызметтің басқа салаларында, мәселен, саясат, халықаралық құқық, экономика және салааралық терминдерде белсенді қызмет атқарады» [3, 31]. Мысалы, *Елбасы, Президент, Парламент Мәжілісі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі, басқосу, конференция, «внешняя политика», переговоры, терроризм и экстремизм, толерантность,* т.б. саяси ғылымдар шеңберінде, *экономика, модернизация, инвестиция, валовой приток прямых иностранных инвестиций, зарубежный капитал, оборонный бюджет,* т.б. экономика, қаржы саласында, *пресс-тур, зарубежные журналисты,* т.б. журналисткада, *перевод, казахский язык, латиница* – лингвистикада, *хаб старт-апов, информационые технологии* – информатика ғылымында қарастырылады.

Берілген терминдерден ерекше атап өтуге тұратындарға «Елбасы» терминін алып қарауға болады. Ол жайлы ғалым К.А. Ашинова өз зерттеуінде «дипломатия термині ретінде қолданысқа түсіп қалыптасып келе жатқан біріккен терминдердің бірі – *«елбасы»* (president). «Ел» – жұрт, халық, қауым; «бас» – дене мүшесі. Ауыс мағынасы. Бастық, жетекші, яғни ауыс мағынасы жаңа термин жасауға тірек болған. *«елбасы»(president)* термині *«президент»(president)* терминімен қатар қолданыста жүр, олар екеуі синонимдік қатар түзейді» [3, 46] деп көрсеткен.

Біз К.А.Ашинованың пікірімен келісе отырып, «елбасының» қазақ тіліндегі де, сондай-ақ, орыс тіліндегі де мәтіндерде кездесетінін атап өтеміз. Басым түрде олар БАҚ мақалаларының тақырыптарында (*«Лекция в библиотеке Елбасы: государственным символам Республики Казахстан – 25 лет»* //http://presidentlibrary.kz/ru/news/lekciya-v-biblioteke-elbasy-gosudarstvennym-simvolam-respubliki-kazahstan-25-let; *Наш Елбасы* // http://www.allib.org/ru/node/1183; *Народным реформам Елбасы – поддержка всей страны* // Казахстанская правда, 5 мая, 2015) кездеседі. Нақты материалдарды жинау барысында *«елбасы»* сөзінің орыс тіліндегі мәтіндерде 120-дан астам қолданысы тіркелді.

Берілген сөз ресми кездесулер, конференциялар, мәжілістердің қаратпа сөздерінде көрініс тапты: *Дорогой Елбасы! Уважаемый Президент, Елбасы!*

«Елбасының» үшінші жақта қолданыс табуы жиі кездесті. Ол саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, қарапайым азаматтардың Президенттің қызметін баса көрсетіп, ерекше атап өткілері келгенде пайдаланылады: *«Сагинтаев назвал проекты Назарбаева «президентским даром елбасы своему народу»* (Заседание Правительства в г. Астана, 5 марта 2018 г.); *«Книга Елбасы – в центре внимания»* (Литер, 11 января 2018).

Саясаттану ғылымымен қатар, халықаралық қатынастар, оның ішінде дипломатияда да аса маңызды ұғымдардың бірі ретінде саналатын «внешняя политика» – «сыртқы саясат» терминіне тоқталсақ, термин орыс тілінде де, қазақ тілінде де сын есім мен зат есімнің қосындысынан құралған сөз тіркесі болып табылады. «Дипломатиялық терминдер сөздігінде» оған мынадай анықтама беріледі: *«**Сыртқы саясат** – халықаралық іс-әрекеттердегі мемлекеттің жалпы бағыты: сыртқы саясат мемлекеттің басқа мемлекеттермен қатынасын реттейді. Сыртқы саясаттың маңызды құралы **дипломатия** болып табылады»* [7, 57].

Дәл осы тұлғада кездесетін *«международный терроризм» – «халықаралық терроризм»* (сын есім мен зат есім) терминдік сөз тіркесін сөздікте келесідей анықтайды: ***«Халықаралық терроризм»** (лат. terror – қорқыныш, үрей, қысымшылқ жағдай) – мемлекеттердің бірқалыпты дипломатиялық қатынастарын және олардың өкілдерінің қызметтерін бұзатын және халықаралық байланыстарды, кездесулерді, сонымен қатар, мемлекеттер арасында ттранспорттық қатынстарды жүзеге асыруды қиындататын, ойға сыймайтын адамдардың өліміне әкеп соғатын халықаралық масштабтағы қоғамға қауіпті әрекет»* [7, 204-205].

Баяндамада, сонымен қатар, әр түрлі халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың атаулары көптеп кездеседі. Олар, өз кезегінде, 16 рет, толық және инициалдық қысқартулар түрінде берілген: *США, РК, ООН, Целей устойчивого развития (ЦУР), ЮНЕСКО, СМИ, ОБСЕ, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі, Евразийский экономический союз, Всемирная торговая организация, Организация экономического сотрудничества и развития, Министерство иностранных дел, Министерством культуры и спорта, Совета Безопасности ООН, Международный финансовый центр Астана, Международный центр зеленых технологий и инвестиционных проектов, международный хаб старт-апов по информационным технологиям, Организация исламского сотрудничества, Шанхайская организация сотрудничества, Содружество Независимых Государств, загранучреждения* (алдыңғы сөздің буындық қысқартылуы мен екінші сөздің лексемасының толық болуы). Дипломатиялық құжаттама протоколына сәйкес, кей атаулар, алғашында, қысқарған атауымен бірге толық түрде, кейінірек тек аббревиатура болып жазылған. «Дипломатиялық мәтіндердегі қысқарған сөздердің ең басты ерекшелігі – ресмилік мазмұнда болуы. Олар тілдің үнемдеу заңдылығына сәйкес келе отырып, ресмилік мазмұнда синонимдік қызмет атқарады, яғни функционалдық стильдерде күрделі тіркестің синонимі қызметінде жұмсалады» [3,40]. Ал орыс тіліндегі кей аббревиатураларды акроним ретінде қарастыруға әбден болады: *ЮНЕСКО (ағылш. UNESCO – United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.* Ал мәтіндегі *«ЭКСПО» («EXPO»)* терминін аббревиатуралар қатарына қосуға болмайды, себебі ол – латын тіліндегі зат есім – *«expositio»* сөзінен бастау алатын ағылшын тіліндегі *«exposition»* лексемасының қысқарған түрі.

Баяндама дипломатиялық коммуникацияда басты ұстаным ретінде саналатын сыпайылық принципіне сай **қошемет сөздермен** аяқталады: *Благодарю вас за внимание!*

Қорыта айтар болсақ, ежелгі дәуірлерден бері ел мен елдің басын бір арнаға тоғыстырып, достық пен бейбітшілікте қатар өмір сүруіне бірден-бір себепкер болатын дипломатия саласының өзіндік тілдік ерекшеліктерге ие дискурсын зерттеу дипломатия үшін де, тіл білімі үшін де аса маңызды болып табылады. Себебі кез келген келісім мен уағдаластыққа қол жеткізуде дипломаттың ең сенімді құралы – оның тілі екені белгілі. Ал «дипломатиялық тіл» баяғы заманнан бері қалыптасқан тілдік клишелер мен сөз орамдарынан құрылып, коммуникативтік мақсатқа жетуде әр алуан лексика-грамматикалық амал-тәсілдерді молынан қолданады. Дипломаттың басты міндеті «жеңу емес, сендіре білу» екенін ескеретін болсақ, дипломатиялық дискурстың прагматикалық ерекшеліктерін арнайы қарастыру да өте зор ғылыми мәнге ие болатынына көз жеткізуге болады. Сондықтан мақаламызда дипломатиялық дискурстың бір жанры ретіндегі баяндаманы лингвистикалық тұрғыда талдауды осы жолдағы қадамдарымыздың бірі ретінде бағалауға болады.

Әдебиеттер

1. *ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахмановтың «Жаңа жаһандық болмыстағы Қазақстанның жаңғыру моделі» тақырыбындағы халықаралық парламенттік конференциясында сөйлеген сөзі.* http://mfa.gov.kz/ru/content-view/kabdrahmanov-vystupil-na-mezdunarodnoj-parlamentskoj-konferencii-kazahstanskaa-model-modernizacii-v-novoj-globalnoj-realnosti
2. *Волкова Т.А. Дипломатический дискурс в аспекте стратегичности перевода и коммуникации: на материале английского и русского языков. – Челябинск. – С. 20.*
3. *Ашинова К.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалымы: филол. ғыл. канд. ... дис. /Абылай хан атын. Қаз. халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті; ғыл. жет. Ахметжанова З.К.. – Алматы, 2007. – 185 б.*
4. *Ибраева Ж.К. Политическая лингвистика: билингвальное коммуникативное пространство: дис. ... д-ра филол. наук. – Алматы, 2010. – 247 с.*
5. *Паршина О.Н. Российская политическая речь. Теория и практика. – М.: ЛКИ, 2007. – 227 с.*
6. *Кругосвет энциклопедиясы.* http://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/RECHEVO_AKT.html
7. *Мақашева К.Н. Дипломатиялық сөздік. – Алматы, 2000. – 248 бет.*

Қордабай Баян
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«6М021400 – Әдебиеттану» мамандығының 1 курс магистранты, bk1708@mail.ru

Гүлжаһан Орда
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, Orda_68@mail.ru

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Түйін: *Мақалада тәуелсіздік дәуірінде жарық көрген поэма жанры, әсіресе ұлт тағдырын өзіндік дара қолтаңбасымен танытқан Қадыр Мырзалиев поэмалары туралы сөз қозғалады. Ақынның «Өткелдер», «Дерт», «Заман-ай» туындыларында қазақ халқының бастан кешкен қиыншылықтары мен түрлі өзекті мәселелер сөз болады. «Поэма», әдеби терминдер ұғымына анықтама беріліп, өзге жанрлардан ерекшелігі ескеріледі.Ақын туындылары арқылы лирикалық поэмалар қатарының көбейіп, қазақ поэмасының көркемдік көкжиегінің кеңейгенін аңғарамыз.*

Кілт сөздер: *поэма, лирикалық поэма, Қадыр Мырзалиев, метафора, теңеу, аллитерация.*

Резюме: *В статье рассматриваются поэмы в период независимого Казахстана. Особо уделяется внимание поэмам выдающегося казахского поэта Кадыра Мырзалиева. В поэмах Кадыра Мырзалиева «Өткелдер», «Дерт», «Заман-ай» затрагиваются особенности развития сюжета в трудные годы для казахского народа. Нами даётся определение понятию «поэма», выделяя её среди других жанров литературоведческой терминалогии. Отмечается роль поэта КадыраМырзалиева, который внёс огромный вклад в развитие жанра поэмы в казахской литературе.*

Ключевые слова: *поэма, лирическая поэма, Қадыр Мырзалиев, метафора, сравнение, аллитерация.*

Summary: *The article deals with the verses of the new period of independent Kazakhstan. Particular attention is paid to the poetry of the outstanding Kazakh poet Kadyr Myrzaliev. In verses Kadyr Myrzaliev «Otkelder», «Dert», «Zaman-ai» touches on the development of the plot in difficult years for the Kazakh people. We define the concept of poem, highlighting literary terminology among other genres. The role of the poet Kadyr Myrzaliev is noted which made a great contribution to the development of the genre of the poem in the Kazakh literature.*

Keywords: *poem, lyric poem, metaphor, comprarison, alliteration.*

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэмасы жөнінде осы жанрдың маманы Ә.Нарымбетов: «Тәуелсіздік жылдары қазақ ақындары өлең өлкесінің өрелі жанры – поэмаға құлаш ұруын үдете түсті. Ел көгінде желбіреген азаттық туы қазақ ақындарының шабытына шабыт қосты»,– деген болатын [1,77]. ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында қазақ ақындары кеңестік дәуір тұсында айта алмаған, терең бойлай алмаған тарихи тақырыпқа ден қойды. Ол кешегі Ресей патшасы жүргізген отаршылдық зардаптары еді. Тарихи тақырыппен бірге тарихи тұлғалар өмірін арқау еткен поэмалар қатары да өсті. Олардың қатарын ХХ ғасырда өмір сүрген, еңбектегі ерен ерлігімен халық қалаулысына айналған тарихи тұлғалар туралы туындылар толықтырады. Сонымен бірге бұл жылдары тарих қойнауына енген ХХ ғасырдың көркем шежіресін жасаған поэмалар көбейді. Мұндай шығармаларда кешегі кеңестік дәуір тұсында қазақ халқына белгілі саясатпен жүргізілген зұлматтардың беті ашылып, өмірдің көлеңкелі жақтарының көркем бейнесі жасалды. Кеңестер Одағының құрамына енген қазақ кеңес ақындары дер кезінде айта алмаған шындықтардың беті ашылып, қазақ әдебиеті тың тақырыптармен толықты. Солардың қатарында **Қадыр Мырза Әлидің** «Өткелдер», «Дерт», «Заман-ай» поэмаларын атауға болады. Ақын «Өткелдер» поэмасында балалық шағын соғыс ұрлаған, ерте есейіп ауылдағы қыз-келіншек пен қариялардың ауыр бейнетін бөлісу мақсатында қолдарындағы күрегін алып егістікке шыққан өз замандастарының көзімен көрген шындығына жан бітірген. «Кетті жанып бір кезде шаңғандары: Сталиндік құжаттар – Жалған бәрі!» деп басталатын шығарма отыз жетінші жылғы зұлматтан бастап сөз болған. Отызыншы жылдардың ойраны «У іштік қой тостақан, кесемен де!» дейтін тек қана лирикалық кейіпкерге емес, жалпы қазақ халқына у ішкізгені тарихтан мәлім. Ешқандай тартыс болмаса да баяндау арқылы бір ғасырдың шындығынан сыр шерткен қаламгер ХХ ғасырдың тарихи оқиғаларына назар аударған. «Адамдарды тиімді деп Темір жолдың астына төсегенге!» деген сөзі кешегі сталиндік репрессияның қанды қырғынын көз алдымызға алып келері даусыз. Халқым дегенді «халық жауы» деп, ұлтым дегенді «ұлтшыл» деп, арыстарды қойдай тоғытып Магадан мен Колымаға айдау, ел ішіндегі жаппай ашаршылық тек қана ХХ ғасырдың емес, қазақ халқының орны толмас қайғылы қазасы екенін де ақын түсіндірген. Міне, ел ішінің осындай зұлматтан тұралап есін жия алмай жатқанда Ұлы Отан соғысының басталуы, оның алғы шебіне Ресей империясының қол астындағы қазақ сынды халықты салу, «халық жауларының» інілері мен балаларын штраф баталонына жіберу еліміз тәуелсіздік алған

соң ғана біліп жатқан шындықтар. Отызыншы жылдың ойранынан қалған ер-азаматтарды лек-легімен майданға айдау, қазақ жеріне босқындардың қаптап келуі, «бәрі де майдан үшін» науқанымен ел ішінің ішер ас, киер киімге жарымауы, тылдағы еңбек майданының буыны қатпаған бозбала мен қыз-келіншектерді, ақсақалдар мен қарияларды тұралатып қажытуы – бәрі де өмірдің шынайы бейнесі екендігін ақын бірде «қанжар сұқты жоқшылық өтімізге» деп түсіндірсе, енді бірде:

Аштық...
Сосын абақты,
Енді майдан
«Жығылғанға – жұдырық!» деген осы! [2,5] – деп көрсетеді.

Аз қазақтың біразын Колыма жұтса, одан қалғанының Курскінің түбінде қаза табуының да негізгі астарына үңілген ақын қолына қару ұстамаған әртүрлі кәсіп иелерін аждаһадай жаланған оққа апарып төккенін, біразы командирдің орысшасын түсінбей қырылғанын жасыра алмаған. Мұның өзі кешегі біржақты бағаланған, өмірдің күнгей жақтарын ғана көрсетуге тырысқан соғыстың ащы шындығы еді. Аудандық мұрағат құжаттарын дәптер етіп пайдаланған оқушылардың қоғамда бір кінәраттың бар екендігін біліп өсуі, олардың кедейлікпен, аштықпен көз ашуы – балалық шағын соғыс ұрлаған лирикалық кейіпкердің күллі замандастары куә болған өмір шындығы. Қазақ даласында соғыстың өртіне шалынбаған шаңырақ қалмағанын ақын:

Келіп жатты әр үйге қаза-хаттар.
Тылдың жүгін қақ бөліп,
Көтеріскен –
Сегіз-тоғыз жастағы азаматтар!..
Бірте-бірте ауылым кішірейіп,
Бірте бірте үлкейді Ғабырстан! – деп шынайы бейнелеген [2, 13].

Ұзаққа созылған қанды майдан жеңіспен аяқталған соң да елдің жағдайы оңалмай-ақ қойды. Баяғы аш-жалаңаш халықтың тапшылық пен жоқшылықтан берекесі қашып жатқанда газет бетінде жалған ақпараттың қаптап жатуы салдарынан қазақ халқы еңсесін көтере алмай-ақ қойды. Соғыс біткенмен азаптан құтылмаған қазақтың өзі нанға жарымай жүріп, отанға миллион пұт астық тапсырып жатуын қалай түсіндіруге болады. Хрущевпен келген тың жерді игеру науқаны да қазақ халқының басына үлкен қасірет алып келді. Даланың тоз-тозын шығарып, абақтыда жатқан қылмыскерлерді қазақ даласына алып келіп қоныстандырудың артында зорлық пен қорлықтың жатуы «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының бір ғасырдың өзінде қаншама зұлматты басынан кешіргенінің жарқын мысалы. Бұл ғасырдың көп қасіретінің бірі Арал суының тартылуы болса, енді бірі Семей полигоны. Қазақ халқының тұтастығы мен бірлігін мақсат еткен ақын өмірде болып жататын келеңсіздіктермен келісе алмайды. Түйені түгімен жұтып жатқан тоғышарлар мен безбүйректерді, қара бастың қамы үшін Отанын сатқан опасыздарды, адам баласын төзбейтін істерін көргенде «безіп берер, біз түгіл, Құдайың да!» дейтін ақын өмір туралы «Күні нашар қыранның жалғыз қонған: Қағып кетер еншіңді байғыз қолдан» деген философиялық тұжырым жасайды. Өзі куә болған қоғам шындығын шынайы бейнелей білген ол ХХ ғасырдың көркем шешіресін жасауда жетістікке жетті.

Академик З.Қабдолов поэма жанрына мынадай анықтама береді: «Поэма (грекше poiema – туынды) – өлеңді повесть, өмірде болған не болуы тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттеу. Адам мен қоғам өмірінің қандай ақиқаты болсын мұнда бүкіл тамыр-тереңімен қопарыла көрсетіледі де, оқырманның көз алдында өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүниесі пайда болады» [3, 302-303].

Ғалымның осы пікірі Қ.Мырзалиевтің «Өткелдер» поэмасына негіз болған оқиғалардан да анық байқалады. Ақын мұнда бір дәуірдің шындығын көркем суреттеу арқылы жүздеген, мыңдаған жандардың тағдыр тауқыметіне көңіл аударған.

Өткен жылдар өрнегін аямадым,
О заман да біздікі...

Өткенменен [2,53] – деген жолдардан лирикалық кейіпкердің өмір сүрген дәуірінен хабардар боламыз. Отыз жетінші жылдан бастап, тарихқа таңба болған сұрапыл соғыс жылдарындағы жоқшылық таукыметі, тынымсыз еңбек етіп, ерінбей тер төккен халықтың еңбекқорлығы, ақынның «сал ауруға» теңер қазақ даласы, қазақ тілінің бейшара халі, ел арасындағы ынтымақсыздық, өз ішінде бөлінушілік, билік құмарлық сияқты мәселелерді қаузайтын поэманың көтерер салмағы ауыр.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер «ашынғаным соншалық өшімді кітаптардан алдым» деп келсе, бес жыл оқып қол жеткізген дипломның ешбір қажетін көрмеуі де өз басынан өткерген жағдайлар. Бүгінгі үкіметіміздің күмәнді істерін де, қоғамда орын алған келеңсіздіктерді де ашына түйрейді.

Оқытып та үлгермей
Үйретіп те,
Төкті апарып майданға аңқауларды [2,6],
Қанша қазақ босқа өлді
Командирдің
Орысшасын –

Бұйрығын түсіне алмай! [2,6] – деп соғыс кезіндегі ақиқатты бүкпесіз жеткізсе, елде қалған халықтың кейпін, соғыстың елімізге әсер еткен көрінісін былайша суреттейді:

Көшкен елдің жұртындай –
Жұтаң тірлік,
Алқа-салқа есігі қоралардың [2,14]
Жайылымға бет алған
Аз ғана мал,
Әрең-әрең ілініп қаңқасына [2,14]
Әбден тозған жұп-жұқа сыпырғыштай
Белін буған ап-арық келіншектер! [2,14]

Осылайша балалық шақтан көрген қиыншылықтан ақын:

Адам болу,
Болмауым

Тек өзіме байланысты екенін ұғып тындым! [2,11] – деп, өз өмір жолындағы басты құндылық адам болу екенін көрсетеді.

Поэма ұлт тағдырын шындық өрісінде суреттеп, реализмге жетерлік кең өріске шығады. Ол поэзияға қонбайтын саясатшылдықтың жетегінде кеткен жаңа ой толқындарын өмірдің сапалы, соқталы арнасынан табады [2, 279]. Ақын әр сөзіне көркемдік-философиялық мазмұн мен маңыз дарытып, әр шумағына бүкіл қоғам мен заманның аты шулы қасіретін сыйғызған.

Қадыр ақын дәуір келбетін бере білумен бірге көркемдік ізденістерге де барғандығын байқаймыз. «Қанжар соқты жоқшылық өтімізге», «Қақ жарылды тыныштық тегенесі», «Бетін бұрды біздерден ырысты күн», «Көрігінде піскенмін от-намыстың», «Ескі ауылдың шайқалып шаңырағы, Жаңа ауылдың сарайы қаланбаған», «Батып шықты қиялдың тереңіне», «Әділеттің көзінде былшық тұрды», «Тыпыршиды заманның байтал әні», «Тағдыр деген тәрізді ащы құдық», «Мойынымда қоғамның қарызы бар», т.б.

Шығарманың эстетикалық деңгейінің биіктігі ақынның тіл шеберлігі мен көркемдік ізденісіне де байланысты. Осы мәселе жөнінде белгілі ақын І.Жансүгіровтің поэзиясын жете зерттеген әдебиеттанушы-ғалым М.Дүйсенов: «Әдебиеттегі бұрыннан бар метафора, эпитет, теңеулерді қайталамай қайта санын көбейтіп, түрлерін дамыту ақындар үлесіне тиген міндет» [5, 277] – деген болатын. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, Қадыр ақынның қазақ поэзиясына жаңа тіркестер мен соны ұғымдарды алып келгенін де жоққа шығара алмаймыз. Сөз болып отырған поэмалардың әр жолында кездесетін теңеу, аллитерация, ассонанс, метафора, шендестіру, эпитеттер ақынның суреткерлік шеберлігін танытады.

Ақын шығармаларында кездесетін «Өртенді үйлер майданда үйген қидай», «Көшкен елдің жұртындай –жұтаң тірлік», «Сал ауруға айналды Далам тура», «Менен сірә, көп жазған ақының жоқ, Шығаратын жан болса, Он томдаймын!», Сиыспаймыз, ағайын, несіне біз Соңғы орынға таласқан мәстектердей», «Сауын сиыр сияқты Жерімізді Сорып жатпақ жан-жақтан ешкіемерлер!», т.б. теңеулердің өз орнымен қолданылып, шығарманың танымдық мәнін күшейтіп тұрғанын көреміз.

Академик З.Ахметов әдеби терминдер туралы айта келіп: «Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немес сөз тіркесі» [6, 227], - деген екен. Ақын шығармаларын оқып отырсақ, оның екі нәрсені салыстыру арқылы метафораны еркін қолданғанын байқауға болады.

«Өлең – сыр да,
Намыс та,
Арымыз да» [2,32]

«Сүрінеді өтірік – ақсақ көлік» [2,44], т.б. Осы үзіндіде ақын өлең сөзді сырға, намысқа, арға балай отырып, сүрінген шақта ақаулы көлік тәрізді кібіртіктеп қалатынын айтады.

«Әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да ажар бітіруге болады», – дейтін академик З.Қабдоловтың [1,208] пікіріне сүйенетін болсақ, ақын поэмаларында дыбыстық қайталаулар жиі кездеседі. Шығармада қолданылған аллитерацияның «ж» және «т» дыбыстарының бірыңғай келуін төмендегі мысалдардан көруге негіз бар:

*Ж*астық деген бара ма бұлақ құрып?!
*Ж*есір ерін еске алар жылап тұрып.
*Ж*алпақ дала
*Ж*аңа жыл,
*Ж*аңа күннен
*Ж*ақсы хабар күтеді құлақ түріп [2,18].
*Т*амағыма тойды да
*Т*ың тентегі
*Т*еуіп-теуіп тастады тамағымды [2,24], т.б.

Поэмада көркемдік ізденістер жетерлік, бұдан біз ақынның дара талант екенін пайымдаймыз. Келтірілген мысалдардан ақын шығармашылығына тән көркемдік сипаттар айқын аңғарылады. Эмоциялық бейнелік /образдылық / қуаты осылайша философиялық мазмұнға ұласып, сергек серпін дарытқан.

Лирикалық поэмалар қатарын толықтыратын «Дерт» поэмасында ақын өз дертімен ХХ ғасыр дертіне айналған қоғам дертін ұштастыра отырып сөз етеді.

Кешіре гөр, Жаратқан!
Қайғырамын
Мәңгүрттермен замандас болғаныма! [2,147] – дейтін лирикалық кейіпкер өзі өмір сүрген ХХ ғасырға лирикалық шегініс жасайды. Кеңестік дәуірде Коммунистік партияның отар елдерді мәңгүрт жасау мақсатында өз дінінен айырғанын кеш түсінген лирикалық кейіпкер Құранды көп кешігіп қолына алғанына өкінеді. «Тірілерді таптадық, Таптаттырды. Аруақтарды қорладық – Кінәліміз!», – деген өкініш өртеген ол қазақтың тарихын дұрыс жаза алмағанына өкінеді. Оны бәрінің сырын қазақ халқының отаршылдардың қол астында болғандығынан деп түсіндіреді:

Дінін алып алдымен араб келді.
Монғол келіп,
Аузына қаратты елді!
Зеңбірегін сүйреткен
Аузы түкті
Орыстарға ілесіп арақ келді, [2,156] – дей келіп арақпен бірге келген бәленің шаш-етектен екендігін қаншама ақын мен қаншама дарынның соның қырсығынан майып болғандығын айтады. Дарынсыздың дарындыға көсем болғанын, мансап үшін біреудің ұлтын сатқанын, қартайған әке-шешесін қарттар үйіне тапсырғандарын, ерлі-зайыптылардың бірге арақ ішіп нақұрыс болғанын, қазақ қыздарының өзге елге күйеуге шығып кетіп жатқанын, өз бауырын бауыздауға барған қанішерлікті, өз баласын лақтырып тастап күшік бағып отырғандығы сынды қоғам дертін көрген лирикалық кейіпкердің жүрек дертіне шалдығуы да орынды. Қоғам өмірінде осындай аласапыран болып жатса, оның өз өмірі де адам қызығарлық емес. Ақын өміріне жасалған лирикалық шегіністен оның ит жылы туып итшілеп өмір сүріп жүргенін көрсек, кедейлеу әулетке келген ананың не дүние, не жар қызығын көрмеуі ел басына түскен нәубет жылдардың белгісі. «Бұратылып аштықтан өзім талай, Көзім талай аштықтан қарауытқан» дейтін лирикалық кейіпкер отызыншы жылдардың ашаршылығын көрсе, 1937 жылғы жаппай қуғын-сүргінге де куә болған. Кеңестік дәуір тұсында қазақтардың жеңісінің бәрін орыстардың иеленгендігін «Қонақбаев жеңсе де рингте, Серік алмай жүлдені, Басқа алатын!» деген жолдармен көрсете білген ақын өмір шындығын:

Москвада отырған озбыр ақыл
Жиі-жиі жыныңды қоздыратын.
Солар аздай, [2,162]
Сорақы шешім аздай,
Өз мәңгүртің жүйкеңді тоздыратын...

Москвада отырып,
Қазақтардың
Сөйлегенін қазақша кіналайтын.

Бұл тіршілік түскен жоқ бізге оңайға.
Төзу керек бәріне, төз қалайда!
Жер біздікі,
Байлығы басқанікі...
Сыздайды ма жүрегің,
Сыздамай ма?! [2,163], – деп шынайы бейнелеген. ХХ ғасырдағы ашаршылық, жаппай қудалау, қазақ еліне кеңестік дәуір тұсында жүргізілген отаршылдықтың көзі қарақты жандардың жүрегіне батқаны мәлім. Олай болса, елінің болашағын ойлаған лирикалық кейіпкердің жүрек дерті қоғам дерті ретінде бейнеленген.

Ақынның «Заман-ай» атты поэмасы «Дерттің» заңды жалғасы іспеттес. Себебі мұнда да ХХ ғасырдың дертіне жолығамыз. Жоқшылық пен қымбатшылық, «Тың жерді игеруде» кеткен жолсыздықтар, полигонның салдарынан сәбилердің ауру болып дүниеге келуі, жалғыз басты немесе екі көзді, сегіз аяқ құлындардың өмірге келуі, кіші-гірім өзен, көл суларының тартылып құрғауы, Хрущевтің тұсында қазақ жылқыларының есептен тыс шұжық болғаны, жер мен елдің, қоғам мен заманның азуы, ұрлық-қарлықтың көбейуі, мал ұрлаумен бірге бала ұрлаудың шыға бастауы, бұрын соңды болмаған бұзақылықтың пайда болуы, есірткінің салдарынан адам айтқысыз бассыздықтың көбейуі, дала мен қаланың азғындауы, атып кету, бауыздау, қылғындырудың етек алуы, мафия мен рэкеттердің көбейуі, ұлттық өнер мен ана тілдің шет қақпай күн кешуі, баспанасыздық, жетімектерге толған жетімхана мен қарттар үйі – бәрі де ХХ ғасырдың жазылмас дерті.

Өткен-кеткен, бауырым, байқа өмірді:
Жаңа жағдай барлығын қайта құрды.
Аман қалған аштықтан аз қазақты
Тағы қырдық,.. мадақтап Байқоңырды.

Арал жақтың тұрғыны әрі өспеді.
Өлім, өлім...
Амалсыз бәрі өстеді.
Тағдырынан түңілген қасіретті ел
Бесігімен көмеді нәрестені! [2,218]

Орыс, өзбек, қырғыз, түрікмендермен болған жер дауы – осылардың соңынан болған желтоқсан оқиғасы қазақтың кім екенін әлемге паш етті. «Керегі жоқ тірлікті балағаттап. Ауылдарда, Қалада, Рабатта Махаббатқа мас болып жанұясы, Жүру керек аулада бала қаптап!» дейтін ақын неше түрлі заманды басынан өткізген қазақ халқының жарқын болашағын Алладан тілейді. Сондықтан да уақытылы тұрмыс құрмаған қыздар мен отбасын дер шағында құрмаған қазақтың қыз-жігіттеріне ренжулі. Өзі аз қазақты көбейтудің ойламайтындардың бұл ісін «Ол да еліңе жасаған дұшпандығың деп түсіндіреді.

Осылайша, Қадыр Мырзалиев тәуелсіздікке дейінге кезеңдерге сипаттама беріп, халық тариыхының көркем шежіресін жасады. Ел өмірінен ерекше орын алатын тарихи оқиғаларды шынайы суреттеп олардың көркем шындыққа айналдырды. Өткенімізге көз салған ақын тәуелсіздіктің қазақ халқына оңайлықпен келмегеніне көңіл аударды, ел өміріндегі бүгінгі келеңсіздіктерді сынға алды. Ақын жоғарыда аталған шығармаларымен қазақ поэмаларының көркемдік көкжиегін кеңейтіп, ұлт тарихын көркем шындыққа айналдыруға өлшеусіз үлес қосты.

Әдебиеттер:

1. *Нарымбетов Ә. Ғасыр сыры. – Алматы: Арда, 2008. –312 б.*
2. *Мырза Әли Қ. Заман-ай. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.*
3. *Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.*
4. *Дүйсенов М. І.Жансүгіров. – Алматы: Ғылым, 1965. – 301 б.*
5. *Ахметов З.Өлең сөздің теориясы. –Алматы: Мектеп, 1973. –212 б.*

Тасболатқызы Балжан
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс магистранты,
Алматы қ., e-mail: btasbolatkyzy@mail.ru

БАҚ МӘТІНДЕРІ : ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК-МЕНТАЛДЫҚ КЕҢІСТІК

Түйіндеме *Мақалада қазіргі Қазақстандағы тілдік-менталдық кеңістіктің БАҚ мәтіндеріндегі орны, олардың талдануы туралы маңыздылығы қарастырылған. Қоғамның саяси-әлеуметтік, рухани-экономикалық өмірін күнделікті ақпарат тарату қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес. БАҚ мәтіндері қоғам өміріндегі өзгерістерге уақытымен үн қоса отырып, оқырмандардың рухани ой-санасына қозғау салып, пәрменді ықпал етеді. Қазақ тіліндегі мәтіндердің тілдік тұлғасы, тілдік аспектілері мен тілдік бейнесі БАҚ беттеріндегі контенттерде толық талдаудан өтпеген. БАҚ беттерінде жарық көрген публицистикалық мақалалар мен мәтіндердің авторлары берген мәтіндердің тілдік тұлғасы, ерекшелігі нысанға алынып, зерттелді. Тілдік тұлға, әлемнің тілдік бейнесі, тілдік-менталды кеңістік туралы әлем және қазақ ғалымдарының еңбектері қарастырылып, ондағы негізгі аспектілер арқылы Қазақ қоғамындағы бүгінгі БАҚ-тың мәтіндеріндегі тақырыптық зерттеу және сараптау, талдау жұмыстары жасалды. Сараптама жұмысы жасала келіп, бірнеше газет беттеріндегі тілдік-менталдық кеңістік қарастырылып қорытындыланды. Зерттеу нәтижелері қазақстандық БАҚ беттеріндегі, соның ішінде газет-журналдарда берілетін ақпараттар қоғамдық-саяси тілдік-менталдық кеңістікті қалыптастыратынын көрсетеді.*

Түйін сөздер: *тілдік тұлға, тілдік-менталдық кеңістік, БАҚ, БАҚ мәтіндері, адресат.*

Резюме*: В статье рассмотрено место языкового-ментального пространства в текстах СМИ в современном Казахстане и сущность их анализа. Невозможно представить политическо-социальную, духовно-экономическую жизнь общества без работы каждодневного распространения информации. Тексты СМИ своевременно реагирующие на изменения в обществе, оказывают положительное влияние на духовное мышление читателей. Лингвистическая идентичность, языковые аспекты и языковое содержание текстов на казахском языке не подвергалась детальному анализу содержания СМИ. Изучено лингвистическая идентичность и специфика текстов авторов публицистических статей и текстов опубликованные на страницах СМИ. Рассматривались труды мировых и казахских ученых о лингвистической личности, лингвистической картине мира, о языковом-ментальном пространстве, с помощью основных аспектов в них анализируются, оцениваются и исследуются тексты сегодняшних СМИ в казахском обществе. Был проведен экспертный обзор, и было проанализировано и обобщено лингвистическое пространство нескольких газет. Результаты исследования показывают что информация, предоставленная казахскими СМИ, включая газеты и журналы, формирует социально-политическое языковое пространство.*

Ключевые слова: *лингвистическая идентичность, языковое-ментальное пространство, СМИ, тексты СМИ, адресат.*

Summary: *The article considers the place of the linguistic-mental space in the media texts in modern Kazakhstan and the essence of their analysis. It is impossible to imagine the political, social, spiritual and economic life of the society without the daily dissemination of information. Texts of the media responding to changes in society in a timely manner have a positive impact on the readers' spiritual thinking. Linguistic identity, language aspects and language content of texts in the Kazakh language were not subjected to a detailed analysis of the content of the media. The linguistic identity and specificity of the texts of the authors of journalistic articles and texts published on the pages of the media have been studied. The works of the world and Kazakh scientists on the linguistic personality, the linguistic picture of the world, on the linguistic-mental space were examined, and the texts of today's media in Kazakh society were analyzed, evaluated and studied with the help of the main aspects. An expert review was conducted, and the linguistic space of several newspapers was analyzed and summarized. The survey results show that the information provided by Kazakh media, including newspapers and magazines, forms a socio-political language space.*

Key words: *linguistic personality, language-mental space, media, media texts, addressee.*

Қазақ тіл біліміндегі тілдік-менталдық кеңістік филология ғылымының зерттеуіне алып отырған негізгі саласының бірі. Қазіргі кезде тіл білімінде тілдік тұлға, кеңістік, тілдік-менталдылық мәселесі үлкен зерттеулер арқылы өз бағыт-бағдарын тауып отырған ілім. Тілдік тұлға арқылы тілдегі және әдебиеттегі сөздердің болмысы мен шығарманың өн бойына етене етіп, зерделеуге болады.

Тәуеліздік жылдарындағы бұқаралық ақпараттар құралының мәтінді беру тәсілі, стилі яғни тілдік тұлғасы оған дейінгі кезеңдерге қарағанда басқа жаққа бет алғаны анық. Ғалымдардың айтуындағы тілдік-менталдық кеңістіктің берілуі тәсілінің бір жолы қалыптасып келеді. Яғни пулицистикалық мақаланың авторы ұсынып отырған тәрбиелік мән, акцент, түйін сөздер мен оқырман назарын аударуға бағытталған сөйлемдер, астарлы ойлар мен көзқарастар жиынтығы байқалады.

Қазіргі дүние дамуын байсалды зерделеудің пайымдау жүйесі қазіргі заманға сай өркениет дамуының нәтижесі ретіндегі жаһандану үрдісін жоққа шығара алмайды. Осы жағдайда ғаламдасудың бір жолы ретінде тұтасу немесе концептуалдану үрдісі байқалуда. Осы ғаламдық кеңістікке, мысалы, қазақ ұлтының да бір бөлшек боп еніп, өзіндік болмысымен сақталып қалуының

кепілі – дүниенің тұтас бейнесін немесе дүниенің ұлттық бейнесін тіл арқылы тану. Нақты айтқанда, оған негіз болатын тілді тұтынушы ұжымдағы тілдің коммуникативтік қызметімен сабақтас ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін оның мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі.

Осыған орай, қазіргі тіл білімінде дүниені тіл арқылы танудың әлемдік моделі және сонымен сабақтас ұлттық моделі анықталуда. Демек, қазіргі заманда тілдің қызметі жалаң коммуникативтік құрал ретінде емес, ойды білдіріп қана қоймай, тілдік санада ойды түзетін, құратын, сақтайтын, жеткізетін таным тетігі, ел тарихын сақтаған мәдени-құжаттық қор деп тұжырымдалады. Осы қағидаға сәйкес тілді зерттеу оны тұтынушымен тығыз байланыста зерттейтін антропоөзектік (адамтанымдық) бағыт өріс алуда. Яғни мұнда сөз иесінің болмысына (тұлғасына) ерекше мән беріледі. Бұл арада мұндай зерттеулерге нысан болатын – тіл арқылы ұлттың болмысы мен мәдениетін дәйектейтін ел тұлғаларының ісі мен сөзі, рухани шығармашылық мұрасы.

Осыған орай, егемен елдің тілдік саясатының рухани құндылығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Ұлтты күшейтудің бір тетігі – туған ана тілі» деп бағалаған тұжырымы ұлттық болмысымыз бен елдігімізді тіл арқылы танудың бағдары болары анық.

Қазақ тіл білімінің заңдылықтарына, тілдік-менталдық кеңістігіне үлкен өзгеріс жасап отырған бүгінгі қазақ БАҚ. Себебі журналистердің, контент-менеджерлердің тілді пайдалану этикасы, заңдылықты сақтау, грамматиканы жетік меңгеру мәселесі кенжелегендіктен, қандай сайтты, бағдарламаны немесе түрлі бұқаралық ақпараттар құралына тән өзекті дүниені алмаңыз қателіктер толып жатады. Бұл медальдың арғы жағы. Ал енді бергі жағын қарастырып қарайтын болсақ, әрине мүлде жоққа шығарып жіберуге болмайтын тіл бірліктері де бар. БАҚ мәтіндерінің әсері жалпы қоғамдағы өмір сүріп жатқан әлеуметке тікелей әсер етеді. Себебі БАҚ – ұлттың ақпарат беруші айнасы. Осыдан кейін барып халық арасында тіл мәселесіне келген кезде түрлі дау туындап жатады. Қазақтың баспасөзі 1870 жылы Ташкент шаһарында алғаш жарық көрген «Түркістан уалаяты газеті» мен 1888 жылы Омбы қаласында дүниеге келген «Дала уалаяты» газетінен бастау алып, бүгінгі күні «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас алаш» бастаған республикалық, аймақтық, өңірлік жүздеген мерзімді басылымдарға дейінгі үлкен тарихы бар басылым саласы. Қазіргі уақытта басылымдардың түрі өте көп. Басылымдардың басты мәселелерді көтеруде де, оны оқырманға жеткізуде де орны ерекше. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің деректері бойынша республикамызда бір мың бір жүзден астам газеттер мен журналдар тіркелген[1, 29]. Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам – рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары адам болмақ. Сондықтан тіл қыры мен сөз сырын аша білу – адамзат болмысын тану. Тіл – мәдениет қабаттарындағы (діннен, ғылымнан, әдебиеттен) тылсым құбылыс, ерекше құралы, рухани көрінісі, ұлттық менталитеттің сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы. Ана сүтімен бірге енетін, ана тілінің қадір-қасиетін түсінген адам ғана, рухани жағы ашық, көкірегі ояу азамат болады. Ғалым Г.Н.Смағұлованың пікірінше: «мәдениет» сөзіне екі жүзден астам анықтама берілген. Рухани мәдениет – адамдардың өмір сүру, тіршілік ету барысында сол ұлттың тұрмыс салты, дәстүрімен бірге танылатын таным, білімі, заңы, этикасы, ғылымы, діні, мифологиясы, рухани дүниелері – өнері, өлеңдері, мақал-мәтелдері, фразеологизмдері, нақыл сөздері т.б. [2, 140].

Соңғы кездегі тіл біліміндегі когнитивтік бағыт тілдік мәселелерге мүлде өзге қырынан келуді алға тартып отыр. Когнитивтік лингвистика саласы ғылымның философия, логика, лингвистика, психология, мәдениеттану, жасанды интеллект сияқты бірнеше салалардың басын тоғыстыру арқылы тілдік мәселелерді шешуді ұсынады. Осының негізінде тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын зерттеу жеткіліксіз болып, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындап отыр. Демек, бұл – тілді зерттеудің мүддесін объектіден субъектіге аудару, яғни адамды тіл арқылы және керісінше тілді адам арқылы анықтау.

Дәстүрлі түрде көркем шығарма әдебиеттану мен стилистиканың нысаны болып табылады. Бірақ та жоғарыда айтып өткеніміздей, қазіргі тіл білімінде көркем шығармадағы әлем (объективті шындық) туралы білімді ұсыну барысында кей тұстарда филологиялық шеңберге сыймайтын терең, кешенді үрдістерді дамытудың қажеттігі байқалады. Яғни, көркем шығарма құрамындағы ақынның (тілдік тұлғаның) көркемдік әлемін анықтайтын жаңа бір деңгей – когнитивті лингвистика.

Тілдегі менталдылық – адамдардың әлеуметтік және тарихи ортақтылыққа топтастыратын ішкі дүниелердің тұрақты түрде икемделуі. Ұлт пен ұлтты, адам мен адамды өзара айырып тұратын осы менталдық ерекшеліктер. Менталдылық дегеніміздің өзі таным арқылы қалыптасқан, біздің болмысымыз.

Қазақстандағы қазіргі тілдік-менталдық кеңістік соның ішінде тілдік тұлға мәселесіне бір оралсақ. «Тілдік тұлға» деген не? Оның зерттеу объектісі қандай болуы керек? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек.

Бүгінгі таңдағы филология ғылымында біртіндеп орнықкан антропоцентризм жолы тіл саласын зерттеушілердің алдына бір-бірімен тығыз байланыстағы екі мәселені шешу қажеттілігін қойып отыр: ең бірінші, адамның тілге тигізген әсері туралы; екінші жағынан, тілдің адамға, оның ойлау жүйесіне, мәдениетіне етер ықпалы қандай дәрежеде екендігін анықтау. Осымен байланысты лингвистикалық зерттеулердің қазіргі кезеңінде «тілдік тұлға» терминіне қатысты мәселе орын алды.

Жалпы алғанда атропоөзектік парадигмада «тілдік тұлға» мәселесі мен оның шығуы, анықтамасының пайда болуы және зерттеу қағидасы мен теориялық түсінігі орыс тілінде жасалған. Дегенмен бұл бір жақты пікір ретінде қарастырылмайды. Басты себеп «тіл және тұлға» деген түсінік, тілдің қызметі мен өмір сүруін оны тұтынушы тұлғамен байланыстылықта зерттеу идеясы тіл білімінде барлық кезеңдерде де қарастырылып келеді. мәселен Еуропа тіл білімінде аталған теорияның пайда болуы және тарихи алғышарттары В. Гумбольдтың, И.А. Бодуен де Куртененің, Ф.де Соссюр сынды ғалымдардың «тілдің әлеуметтік табиғаты, тіл мен сөйлеудің, жеке адам мен ұжым тілінің ара қатанасы» атты мәселелермен сипатталып келеді.

Қазақ тіл білімінде де бұл тақырыпқа қалам тербеп, зерттеу еңбек жасаған ғалымдардың қатары бар. Мәселені солардың бірі қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі т.б. когнитивтік мәселелер қарстырылған.

1982 жылы «тілдік тұлға» терминін нақтылап ғылымға МАПРЯЛ-дің VI Халықаралық конгерсінде «Роль прецедентных текстов в структуре и функционировании языковой личности» атты өзінің баяндамасы арқылы ғылымға алып келген Ю.Н. Караулов.

Юрий Николаевич Караулов тілдік кеңістіктегі тілдік тұлға мәселесін үш тұрғыда қарастырып береді:

1) Сананың қалыпты және өзгерген күйіндегі тіл, сөзжұмсам және сөйлеу қызметі психологиясын зерттей отырып, яғни психолингвистика тұрғысынан;

2) Тілді үйрену процестеріне талдау жүргізетін лингводидактика тұрғысынан;

3) Таза филологиялық тұрғыдан, көркем әдебиет тілін зерттей отырып қарастыру, өйткені «Тілдік тұлға дегеніміз – тілде (мәтіндерде) және тіл арқылы көрініс тапқан тұлға. Оның негізгі белгілері тілдік құралдар негізінде реконструкцияланады» [3, 38]. Әрбір мәтіннің ар жағында тұлға, яғни оның авторы тұрады.

Қазақ БАҚ мәтіндеріндегі тілдік-менталдық кеңістік мәселесі газет-журнал басылымдарында, инернет беттерінде түрлі жағдайда кездеседі.

Ғалым Рәбиға Сыздық: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілеті етіп шығаратын құрал» деп атап көрсеткен болатын. Жалпы тілдік тұлға мәселесі, қазақстандағы тілдік-ментальдық кеңістіктің сөз болуына тікелей әсер етіп, бұл саланы зерттеуге келуге себеп болған қазақ тіліне өзге ұлт өкілдерін оқыту мәселесі болды. Ғалым Б.Хасановтың «Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және тілдік орта» атты еңбегі осының негізі бола алады. Ал дәл осы еңбекке мысал ретінде «Ана тілі» газетінің №9 (1423) санына шыққан басты беттегі «Параламент пен үкіметтің қызметі мемлекеттік тілде жүргізілугі тиіс» тақырыбын алуға болады [4]. Елбасының сөзінен кейін қолға алына бастаған тапсырманы БАҚ өкілдері, авторлар түрліше сараптай бастады. Яғни оның тілдік кеңістігін өздерінше қорытты. Мәселен аталған газеттегі тақырыптан «тиіс» сөзінен кейін жұмысты нақты жоспарлы түрде орындалуы керектігін аңғаратын болсақ, мининстр Дәурен Абаев БАҚ өкілдеріне өзгеше түсініктеме береді. Яғни ана тілде баяндама жасау керек екені, бірақ ойын орыс тілінде жеткізгісі келетіндерге де еркіндік барын көрсетеді. Ендеше «Ана тілі» газеті ұсынып отырған тақырыптағы «тиіс» бұйрық райындағы сөздің салмағы қаншылықты деген ой туады .

«Егемен Қазақстан» газетінің 2018 жылғы наурыз айындағы мерекелік шығарылымдағы басты тақырып «Нәурізектегі нәзіктік». Тақырыпты оқыған оқырман үшін «Нәурізек» сөзі таңсық [5]. Бірі білген күннің өзінде білмейтіні көп. Газет дәл осы тақырыпты беру арқылы тілдік тұлғадағы көрініс ретінде аталған сөздің астарлы мағынасы жүгіруге әкеледі. Яғни осындай құстың барын, көктемнің келгенін жеткізуші құс екенін көрсетеді. Ал одан қала берді бұл жерде фонетикалық жағынан дыбыстар үндестігі басым. Оқырман оқыған кезде сұлу әрі мағыналы сөзге үйір болады. Осылай

тілдік кеңістіктегі ана тілге деген, ұлттық құндылыққа деген, байырғы сөзді жаңғыртуға деген мәселе көтеріледі.

Қазақ БАҚ мәтіндеріндегі тілдік-менталдық кеңістіктің, мәтінді және тақырыпты беру мәселесі қоғамда даулы мәселе:

1) Тақырып пен мәтін арасындағы байланыстың болмай қалуы. Яғни автор оқырманды тақырып арқылы өзіне баурап, оқылуын қалайды. Алайда мәтін ішіндегі тілдік бейне, кеңістік мүлде басқа мәселені қозғап кетеді.

2) Мәтін арасында кездесетін милизм және эмоциналды аспектілер. Бұл дегеніміз қоғамда болып жатқан ақпараттарды қазақ БАҚ жеткізу кезінде түрлі милизмдерді пайдалану арқылы оқырман жүрегінен орын табуға тырысады. Осы тұста тілдің құдіреті мен оның құрал ретінде, тұлғалық қызметіне мысал алуға болады. Мағжан Жұмабаев былай дейді: «Тіл – адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді».

Екі бірдей газетте берілген мысал арқылы біздің БАҚ беттеріндегі берілетін мәтіндердің астарлы мәні мен тілдік тұлғасын анықтай алдық. Яғни ондағы берілген мәтіннің мәні мен салмағы айқындалып отыр.

Автордың публицистикалық мақаласындағы берілтін мәтін негізінен автордың не айтқысы келіп тұрғандығы жағынан, коммуникативті және прагматикалық тұсынан қарастырылады.

БАҚ беттеріндегі мәтін: 1) авторлық аномали, яғни оқырман автордың артынан белгілі бір өзек немесе эстетикалық мән табу үшін шартты түрде оның сөзінің соңынан, жазған мәтінінің желісімен жүруі; 2) автор оқырманға баса назар аудару керек мәтінді ұсынуы. Бұл жазу үстелінде отырған автордың қаламынан туған кез келген сөздің не сөйлемнің психолингвисткалық аспектісі ретінде әсер ете алуы. Қазақстандағы БАҚ беттеріндегі берілетін тақырыптар, аннотациялар, түрлі терминдер және мәтін арасындағы кездесетін тілдік тұлға бірліктері біз айтып отырған мәселенің өзі.

Қазақстандағы тілдік-менталдық кеңістіктің қалыптасуына әсер ететін факторлар: тәуелсіз Қазақастанның демократиялық қоғамы; өзін-өзі дамыту, тегін білім алу мүмкіндігі; қоғамда қалыптасқан этикалық және моралдық нормалар; тілдік орта; жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар; қазақ халқының дүниетанымы; қазақтың ұлттық ғалам бейнесі; қазақтың мінез-құлқы және тағы басқа да БАҚ беттерінде көрініс беретін мәтіндер.

Қазақстандық тілдік-менталдық кеңістік — өз ана тілін, мемлекеттік тілді, шет тілін, ақпараттық технология тілдерін жетік меңгерген тұлға, үйреніп жүрген қазақ тілін қарым-қатынаста қолдану құзыреттілігіне ие, ол арқылы өзінің кәсіби, мәдениеттанымдық, рухани, шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, саналы, белсенді, өзін-өзі дамытушы таным субъектісі. Қазір тек техникалық кемел білім алған адам шын мәніндегі зиялы азамат деп есептелмейді. Қазақстан мемлекетінде мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы мәдениеті жоғары, рухы биік, патриоттық сезімі берік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық бағдары орныққан болуымен ерекшеленеді.

Қазақ тіл білімінің зерттеу объектілерінің бірі ретінде қарастырылып отырған тілдік-менталдық кеңістік соның ішінде тілдік тұлға, тілдік бейне мәселесі қазір түрлі салада қолданылып келеді. Біз қарастырып отырған тақырыптан БАҚ саласындағы тілдік кеңістікті, оның мәні мен берілу тәсілін анықтадық.

Әдебиеттер

1 *Байменшин С. Төртінші билік тағылымы. –Алматы, 1996. -80 б.*

2 *Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. -196 б.*

3 *Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность // Отв.ред. Д.Н.Шмелев. – М.:Наука, 1987. – 261 с.*

4 *«Ана тілі» газеті. №8 (1370) 23 ақпан – 1 наурыз 2017 жыл*

5 *«Егемен Қазақстан» газеті №23 2018 жыл*

Бектлеуова.О
Х.Досмұхамедов атындағы АМУ-нің қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2 курс магистрант, Oryngul.bektleuova@mail.ru

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН - ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

Аннотация:*Мақалада ғұлама жазушы, қазақ әдебиетінің көрнекі өкілі, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың танымал тұлғалық келбеті сөз болады. Оның қаламгерлігі туралы қазақ әдебиетінің алып, бәйтерегі Мұхтар Әуезовтан бастап, талайлар орынды бағасын берген. Жұмекен Нәжімиденов айтқандай «Сонау соғыс жылдарының сұрапылы мен ауыртпалығын арқалаған жас буынға қазақ әдебиетінің көшін тіктеп, кемеріне келтіріп, әлем әдебиетіне лайықты орын алу миссиясы бұйырды». Бұл аманатты адал атқарған ол қазақ әдебиетінің, көшбасшысы болды. Бұл тұжырыммен әдеттегідей тайталасып жатқан күннің өзінде, әлемдік әдеби орта дәл осылай мойындап, әлдеқашан бекітіп қойған. Дүниежүзілік 100 ойшыл қаламгердің қатарында Әбіш Кекілбаевтың есімінің тұрғандығы осыған дәлел.*

Кілт сөздер: *ұлттық рух, қоғамдық мәселе, ел мүддесі, қасиетті өнер.*

Аннотация*: В этой статье мы расскажем о выдающимся писателе,представителе казахской литературы,о большом государственном иобщественном деятеле АбишаКекилбаева. О высоком художественном уровне произведений А.Кекилбаева тепло отзывались М.А.Ауезов и многие другие мастера пера.По рассказам ЖумекенаНажимеденова«Он - многогранный талант. Он талантливый поэт, талантливый критик, талантливый прозаик. Другому хватило бы и одного из этих талантов, а ему даны все три. У нас говорят «управлять двумя кораблями» - так он управляет тремя». Абиш Кекилбаев посвятил всю свою жизнь беззаветному служению Родине, делу становления и упрочения независимости Казахстана, развитию парламентаризма, единству и согласию народа нашей страны. Он внес выдающийся вклад в развитие казахской литературы, укрепление духовной целостности народа, связи между культурами как в евразийском, так и в мировом пространстве. Благодаря этому имя А. Кекилбаева находится в одном ряду с достойнейшими представителями всех времен.*

Ключевые слова*: национальный дух, социальная проблема, в интересах страна, священное искусство;*

Summary*: In this article we will tell about National writer of Kazakhstan, the representative of the Kazakh literature, about the big state and public figure of AbishKekilbayev. M.A. Auyezov and many other writers warmly spoke of the high art level of works of A. Kekilbayev. According to stories of ZhumekenNazhimedenov "He is polyhedral talent. Heis a talented poet, the talented critic, the talented prose writer. He has allthreetalents .As we say "to steer two ships" - so he operates three". AbishKekilbayev has devoted all the life to selfless service to the Homeland, business of formation and consolidation of independence of Kazakhstan, development of parliamentarism, unity and the consent of the people of our country. He has made an outstanding contribution to development of the Kazakh literature, strengthening of spiritual integrity of the people, communication between cultures both in Euroasian, and in world space. A. Kekilbayev is in the same row with the most famous writers*

Kewyords*: national spirit, social problem, in the interests of the country, sacred art.*

Әбіш Кекілбаев жас кезінен әдеби шығармаларға өте бейім болған.Мектеп жүрген кезде шығарған ең алғашқы «Екпінді егін сала ма?» атты көлемді мақаласы сол кездегі «Сталин жолы» газетінде жарық көрді. Мақалада айтылған қоғамдық кемшіліктер туралы жан-жақты талқылана отырып, қорытындысында бірнеше тармақтан тұратын қаулы қабылданған болатын. Ол қаулы арқылы ел көлемінде шешімі табылмай келе жатқан күрмеуі қиын қоғамдық мәселелерге қозғау салды. Мектеп қабырғасынан зерек өскен Әбіш Кекілбайұлының болашағының кемел болатындығы сол кезден-ақ байқалған.Ол Маңғыстау облысы, Оңды ауылының Оңды мектебін тамамдап, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне тапсырып, 1962 жылы жақсы бағамен бітіріп шығады. Университет табалдырығында оқуға, ізденіске өте құштар ол өз замандастары Мұхтар Мағауин, Төлек Тілеуханов сынды азаматтармен бірге жан-жақты ізденісте еді. 1960 жылдары елді қызықтыратын да толғандыратын да бірден-бір мәселе ел мүддесі болатын. Оны Әбіш Кекілбаевты ел, жер тағдырын терең толғаған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» 1979 жылы «Тырау тырау тырналар», Маңғыстау түбегінің өткені мен бүгіні туралы шығармаларынан байқауға болады. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары қазақ әдебиетінің шыңына шыққан туындылар еді.2001 жылы шыққан «Талайғы Тараз», 2002 жылы шыққан «Шандоз» 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын кітаптары автордың көп жылдық еңбегінің жемісі. Әбіш Кекілбаевтың көптеген шығармалары өміршең, өйткені олар ТМД халықтарының қызығушылықғын тудырып, шетел тілдеріне тәжімаланды. Ол туралы пікір атқандар көп болды. Солардың бірі – жазушы, қоғам қайраткері Мырзагелді Кемел: «Әбіш - көп қырлы, дарын иесі. Ол сыншы, жазушы, публицист тарихшы, саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері, сонымен қатар, орыс, қазақ тілінде көсіле сөйлейтін өзгеше шешен адам. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке азаматтың абыройын асырар қасиеттер ғой. Қазақ халқының рухани кеңістігіндегі өзінше жеке әлем іспетті қазақ әдебиетінің шырқау көгіндегі Әбіштей жарқық жұлдызды дүниеге келтірген дәл осы жазушылық дарыны. Қазақ үшін де, өзге үшін де Әбіш сол жазушылық өнерімен қымбат»,- деп көрнекті тұлғаның жазушылық қасиетін ерекше бағалаған еді. Ә.Кекілбаев шығармаларында өнер мен зұлымдықтың жекпе жегі туралы көп айтылады. «Күй» шығармасында ұлдарының барлығын соғысқа айдап салып, қу басы қалған Жөнейтті өзі құмға

тірідей көмгізген күйшіні, күйдің киесі ұрады. Он саусағынан өнер тамған Дәулеттің домбырасын, Құрбан иемденіп, жолын қуды. Демек, өнер өлмейді. Сондықтан да болар «Мынау қамшының сабында қысқа ғұмырда адам өлтіру жарысынан емес, өнер додасында озық кел» дейді жазушы Ә.Кекілбаев. Сондай-ақ оның шығармаларында нәзік жанды әйел баласының алдында жауыздық зұлымдық жеңіліс табады. «Аңыздың ақырындағы» жарты әлемді тік тұрғызған кіші ханымның жүрегінің кілті қарапайым ғана шебердің қолында емес пе деген күдік түшайман болса, «Ханша Дария» хикаясында Шыңғыс хан да Таңғыт сұлуы Гүрбелжіннің нәзік қолынан қаза табады.Осыдан соң оның Әбіш аға шеберлігінің шыңы да шығармаларынан тарайтын рухани саф тазалықта екендігіне көз жеткіземіз. Қазақта шыжыған шаңқай түсте аспанда бір шөкім бұлт пайда болса, соның көлеңкесіне жүгіріп, паналайтын әдет кездеседі. Ол тазалыққа ұмтылудан туған ізгі үміт. Жазушының өз сөзімен айтқанда: «Жұмыр басты пенделер мына біздер, мынау жарық дүниеден несібемізді теріп жеп, дәм таусылған күні өз жөнімізді өзіміз табу үшін келеміз». Сондай тұлғаның бірі - Әбіш Кекілбаев. Өйткені ол көзі барда көзі, көзі жоқта өнері халқының қолтығынан демеу үшін туған дара тұлға.Оның шығармалары осынысымен өміршең. Жазушы Бексұлтан Нұржекеевтың пікірінше: «Қанаттас жазушылардың қай-қайсысына да Әбіштен құптау есту, сын есту, ешқашан әншейін нәрсе болып көрінген емес. Әбекең әдебиет босағасын аттаған күннен бері үзіліссіз, бәсеңдеусіз қаламын қару етіп, келе жатқан публицист: ол елдің, әдебиеттің тарихы мен тіршілігіне ешқашан енжар қарап көрмеген адам, сондықтан қай кезде де қалам сардарларының алдыңғы сапында» Ә.Кекілбаевтың публицистикалық еңбектерінің бір саласы- сапарнамалар. Бұлардың да тілге тиек етерлік өзіндік ерекшеліктері мол. «Ұя мен жебе» (1968ж), «Ақ желкен» (1999ж), (Тырау-тырау тырналар) (1984), «Ұйқыдағы арудың оянуы» (1975ж) осы кітаптардың жазылу стилі бар. Ол бір әрбір елдің, жердің, бүгінін айту үшін оның тарихына үңіліп, өткені мен бүгінін салыстыруға, жер-су атауларына қатысты аңыздар мен нақты болған әрбір елдің эканомикасына , географиясына, мәдениеті мен өнеріне, тарихы мен әлеуметтік жағдайына терең үңіле біледі. Он екі томдық шығармалар жинағының 8, 9- томына енген. «Толғау тоқсан тарих», «Ғасыр өтіп барады», атты мақалалар оның публицистикасының екінші қырын ашқан дүниелер. Оның «Әйтеке би», «Жәнібек тархан жайлы» мақалаларының орны бөлек. Оны «Тұла бойы тұған жұмбақ жан» арабтың «Бейбарыс» халықтық романынан көруге болады. Ол «Мен шығарма жазарда өзімнің туып өскен жерімді емемін. Кітаптарыма керек нәрді туған жерімнен аламын»- деген екен. Қасиетті Маңғыстаудың әрбір тасы шежіреге толы. Бүгінде қасиетті мекеннің есімін шартарап танып қана қоймай, ұлы алаштағы ұлылықты әлемге паш еткен жандардың бірі, ХХ ғасырдың қазақ халқына берген үлкен сыйының бірі –Әбіш Кекілбаев. Ол өзінің жалын жырына қосып, мақтан тұтатын:

Шытыра аппақ шыңдары,
Шыр айнала қоршаған.
Бытыра сусыл құмдары,
Бұлтия шөккен ортадан.
Мырзайыр деген жер бар-ды,

Мен үшін жердің кіндігі – деп жырлаған екен. 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы жарыққа шықты. Әбіш Кекілбаевтың көптеген шығармалары ТМД халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. 1962-1965 жылдары Әбіш Кекілбаев «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінің редакциясында әдебиет-өнер меңгерушісі болып қызмет атқарады. Сонда да маңызды оқиғалар мен саясатқа үн қосудан ешқашан тыс қалған емес. Оның алғашқысы «Ең бақытты күн», «Тасбақаның шөбі» сияқты әңгімелері. Сонан соң «Күй», «Шыңырау», «Ханша дария хикаясы» повестері, «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер» романдары, әсіресе, тәуелсіздік жылдарында жазылған публицистикалық шығармалары, «Абылай хан» драмасы қаламгердің тұлпар шабысты жүйрік екенін, көркем сөздің нәзік құпияларын игерген зергер, оқушы көкірегіне ақылдың нұрын құятын ойшылдығын танытты. «Әбіш Кекілбаев қоғамдық істерінде ел тағдырына қатысты болып жатқан шараларға бейтарап қарай алмайтын еді» деп еске алады замандастары. Әбіш Кекілбаевтың қоғам қайраткері ретінде де сіңірген еңбегі аз емес. Оның экономикалық, мәдени, тіл салаларында еткен еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. Еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап қабылданған барлық заңдарға ол өз ой-пікірін білдірді, жалпы оның қатысуынсыз ешбір заң қабылданбады десе де болады. Мемлекетіміздің тағдыры шешілген көптеген тарихи құжаттарға қол қою кезінде Әбіш Кекілбаевтың орны ерекше еді.

Оның бір мысалы, 1990 жылдары Орталық комитет өз жұмысын тоқтатуға шешім қабылдады Ол кездер тарихтағы аумалы-төкпелі кезең еді. Тіпті ел басындағылар қандайда бір пікір айтуға қаймықты. Сол кезде өткізілген пленумда Ә.Кекілбаев: «Қанша ауыр болса да ащы шындықты мойындаумыз қажет. Бәлкім, мұнда сіз бен біздей миллиондаған адамдардың тікелей кінәсі жоқ шығар Бірақ, компартияға берілген сенім біржолата таусылды. Соңғы күндер оқиғасынан кейін онда ел бетіне қарар бет қалған жоқ». «Не істеу керек?» дейтін үйреншікті сауалды ол енді қайтып ауызға алмауы керек. Өз еркімізбен тарауымыз керек», - деді. Бұл ел тағдырына алаңдаған адамның жан айқайы еді. Кейінен қабылдаған қаулыда: «Егеменді мемлекеттер Одағына шартты әзірлеу және оған қол қою жеделдетілсін, бұл шартта олардың әрқайсысы өзінің Одаққа қатысуының түрін дербес айқындай алады. Ол әлеуметтік әділеттілік пен демократия қағидаларына негізделуі тиіс,- деп көрсетілген еді». Бұл Ә.Кекілбаевтың саяси сахынадағы нәтижелі жұмыстарының бір мысалы ғана. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының 2-ші хатшысы, Қаз КСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитеттің төрағасы болып қызмет еткен кезінде тарихи ескерткіштерді қорғау мен тарихи жерлерді жаңғырту мәселелерінде ерекше жұмыстар атқарды. Маңғыстау өңіріндегі тарихи ескерткіштерге сипаттама бере отырып, оларды елеусіз қалдырмады. Әлеуметтік белсенділікті ауадай қажет ететін тұста оның күллі қоғамымыздың, тарихымыз бен халқымыздың рухани мерейіне қатысты көптеген іс-шараларды жүзге асыруға ат салысты. Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі III мың жылдықтың 400-ге жуық ескерткіштерінің қазба жұмыстары арқылы Қазақстанда табылғандығы, Қаратау бойындағы, Арал маңындағы, Қараторғай жағалауындағы, Жезқазғандағы, Алтайдағы, Батыс Қазақстандағы Ырғыз, Қарақұм т.б. ескерткіштері ежелгі заманның тарихын зерделей келіп, бет-бейнесін ашуға еңбек етті. «Мәдениетті адам мәдениетті алаламайды, бағалайды, өзгенікі, өзімдікі деп бөлмей, біреуін қолдап, біреуін қорламайды, бәріміздікі деп бәрін де бірдей бағалап, бірдей қорғайды. Қайсысының да тарихы мен сыр-сымбатына жіті көңі бөліп, терең түсінуге тырысады. Осылайша өрелі рухани қызметін жақыннан алысқа, өткеннен ертеңге қарай жалғастырды. Өткендегіні бүгінгінің, бүгінгіні – ертеңгінің мұрасы деп біледі. Мұра – ол тек тарихи ескерткіштердің жиынтығы емес, ол адамдардың дәйім күрделі, дәйім белсенді әрекеттерінің барлық жемісі мен нәтижесі, жеңісі мен тағылымы». Тарихи мұраға қамқорлық жасау – тек өткенге ізет емес, ол ең алдымен болашақтың қамын ойлау. Ол мәдени-тарихи мұраларды зерттеуді қолға алған Әбіш Кекілбаевтың ұстанымы еді. Оның Қазақстанның болашағы жарқын және егемен ел болатынына сенімі мол болды. Ә.Кекілбаев 1990 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы ОК бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитетінің төрағасы болып қызмет атқарады. Халқымыздың өзегін өртеген тіл мәселесі бойынша Әбіш Кекілбаев көптеген жиындарға қатыса отырып, қазақ тіліне деген мәселенің шешілуінде өз күшін аямады. Ең басты мәселе – ынтымақ, бірлік төңірегінде қаншама рет әңгіме өрбітті. Тіл мәселесі де Әбіш Кекілбаевтың жадынан ешқашан тысқары қалған емес. Қазақстанның даму жолын саралап, халық тағдырына жанашырлықпен қарап, азаттық жолында, ұлттық мүдде мен ұлттық сананың өрбуіне өз үлесін қосқан бірден-бір азамат. Көрнекті жазушының шығармаларының негізгі тақырыптары мемлекет, оның құрылымы мен тәуелсіздігіне арналған. Өйткені, сол кездегі ел мүддесі тек көптің күшімен ғана жүзеге асатын шаруа екендігін ұғындырғысы келді. Ал көпшілікті кім-кімнің де көңілінен шыға алатындай, жүйелі жөн жосықтыққа жұмылдыру үшін көп күш салды. Барлық нәрсенің бастауы әуел басы татулық пен ынтымақ екендігін ойлады. Көп ұлтты мемлекет өз өрмегін құрайтын әр тілдің бояуының, қанық арқауының ширақ болуына мейлінше қам жемесе, өзі де ойдағыдай өркендей алмайтыны анық айтты. Сондықтан бірлік - құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам орнатуға бел байлаған елдің қолға алып, алдымен жүзеге асыруы тиіс ең басты парыздарының бірі. Ол үшін азаматтық қоғамға азаматтық қорғаныс керек екендігін де жасырмады.

Ол дәулетін төрт аяқты малдан іздеген адам болғанда, мыңғырған мал иесі болып жүрер ме еді. Онда қазаққта бір бай қосылар, ал әдебиетте, соның ішінде әлем әдебиетінің бір бүйірі орта соғып жатары анық еді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Ә.Кекілбаев «Заманмен сұхбат» Алматы «Жазушы» 1996ж*
2. *Қазақ әдебиетінің тарихы IX том Алматы, 2004ж*
3. *З.Қабдолов «Сөз өнері» Алматы, Рауан, 2002ж*
4. *Қазақ әдебиеті 2002ж, 21-27 қаңтар*
5. *Ә.Кекілбаевтың «12 томдық шығармалар жинағы», Алматы 1989ж*
6. *Ә.Кекілбаев «Толғауы тоқсан тарих» «Өлке» баспасы, 1999ж*
7. *Ә.Кекілбаев «Алтын шуақ» «Өлке» баспасы, 1999ж*

Калижарова Жадыра
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«6М021400 – Әдебиеттану» мамандығының 1 курс магистранты, jadokalizharova@mail.ru

Ғылыми жетекші: Қалижанов Уалихан Қалижанұлы
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, ҰҒА-ның академигі

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КІЛТІ - АБАЙ ІЛІМІ

Түйін: *Мақалада қазақ қоғамы ойшыл Абайдың іліміне мұқтаж-дығы айтылған. Адамзат рухани жаңғыруы тиіс, жаңғырудың негізгі кілті Абай ілімінде жатыр. Абай ілімінің негізгі өзегі - адам санасының ізгілікке өзгеруі.*

Кілт сөздер: *рухани жаңғыру,гуманизм,ақын.*

Резюме. *В статье сказано о нуждаемости казахского общества в учение мыслителя Абая.Человечество должна духовно возрождаться, основа духовного возрождения лежит в учение Абая. Изменение к гуманизму человеческого сознания – основа учение Абая.*

Ключевые слова: *духовное возрождение, гуманизм, поэт.*

Summary. *In the article written about the need of Kazakh society in the teachings of the philosopher Abai. Humanity must be spiritually reborn, the spiritually rebirth lies in the teachings Abai. Changing the humanism of human consciousness is the basis of Abai's teaching.*

Key words: *spiritual revival, humanism, poet.*

Адам дамуының белгілі бір кезеңінде ғылым дами келе, қоғамдық сананың дербес формасына айналды. Ғылым дамуының негізгі жемісі - техниканың құрсауында қамалып, адамдықтан ажырап бара жатқанымыз анық. Өз қолымызбен жасаған ғылыми жетістігімізден өзіміз зардап шегіп жатқан жайымыз бар. Ғылыми жетістіктер ғана адам баласын бақытқа бөлемейді. Ғылымның дамуы тек адам игілігі үшін ғана емес, теріс пиғылдар үшін де пайдаланылып жатыр. Ал, бұған басшылық етер – адами қасиет. Адамзат бойындағы «адамшылық» деп аталатын басты қасиетті сақтап тұратын бастапқы құрал – рухани тәрбие. Қоғамдағы қауіп пен қиындықтан шығар жолды ата-бабаның асыл мұраларынан аламыз. Қазіргідей даму бағдарымызды болжап, жаһандану кезеңіне аяқ басқан шақта Абай салған сара жолмен жүру аса маңызды. Ойшыл Абай халқының мүшкіл халін ойлап, өткір сөзімен сол қауіптен құтылар сара жолды көрсетті. Яғни, Абай рухани білімді әлем заңдылықтарының негізгі қайнар көзі ретінде ұсынды. Ендеше, кемеңгерді кеңірек таныту, оның жүрегіне терең бойлау, қазақ баласы үшін рухани тәрбиемен сусындаудың негізгі жолы. Қазақ халқы қоғамның жаһанданған заманына жаңа бетбұрыс жасар сәтінде ақынның жан-дүниесіне тағы бір тереңірек үңіліп, даналықтың нәр бұлағынан сусындап көргені дұрысырақ болар.

Ақындар аманатын қоғамның құндылығы ретінде пайдалануды белгілі ғалым Б.Ыбырайым: «Адамзат өркениетіндегі қандай да болсын игіліктер – белгілі бір дәуірдегі қоғамның уақыт талабына орай міндеттерді жүзеге асыруына байланысты күрделі процесс екенін бүгінгі күнге дейінгі тарихи даму сан рет дәлелдеген. Ендеше іргелі де күрделі мәселелерді дәуір қажеттілігіне сабақтастыра зерттеудің маңызы зор. Міне, осы орайда ұлттық рухани қазынамызды түгендеу, асылдарымызды ардақтау арқылы мемлекетіміздің іргетасының нығаюына қажетті ұлттық құндылықтарымызды байыптау перспективасын айқындауға айнымас Темірқазық ретінде бағыт алуға айрықша көңіл бөлу – бүгінгі күннің күрделі міндеттерінің қатарында»- деп айқындайды.[1,3б]

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 1995 жылы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілген Абайдың 150 жылдық мерейтойында «Абай туралы сөз» баяндамасында: «Оның тағдыр мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғиығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуренмен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салиқаландыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік...Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгінгі күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр» -деп Абайдың әлемдік тұлға екендігін айтып өткен. [2,10б.] Жақсылықты, адалдықты ту еткен данышпанның қоғамдағы орнын айқындап, ақынға «рухани сардар» деген атақ беріп, оны оқудың шексіз мәнін ашты. Қазақ қоғамының рухани сардарлардың іліміне әрдайым мұқтаж екендігін ойшылдың өзінің: «адаспай тура жол іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді»- деген мәнді сөздерінен де аңғаруға болады.

Бүгінгі табиғи экологиялық жағдай сияқты адам жан-дүниесі де экологиялық зардап шегіп жатыр. Ол зардапты залалсыздандыру үшін адамзат рухани жаңғыруы тиіс, жаңғырудың негізгі кілті Абай ілімінде жатыр. Абай ілімінің негізгі өзегі - адам санасының ізгілікке өзгеруі. Ақын қоғам тәрбиесі жеке тұлға тәрбиесінен бастау алатынын көрсетті. Адал жолмен жүрмей адам түзелмейді, адам түзелмей қоғам түзелмейді, қоғам түзелуі үшін әркім жеке-жеке өзін-өзі түзетіп, адалдықтың ақ жолын аңғарып алғаны абзал. Оқырман ойшылды ойлы көзбен оқи алса, онда ол өзін-өзі тазалайды. Жаны таза адам жаман әрекетке бармайды. Жүрекке тұнған Абай ілімі жамандыққа жібермейтіні сөзсіз. Абай Ислам дінінің негізіне сәйкес адамдар тобын үш сатыға бөледі. *Төменгі саты* – күйбең тірліктің күнін күйттеп жүргендер. Білімге құмарлығы жоқ, артық білуге талпынбайтын адамдар тобы. Бұл туралы Абай отыз сегізінші қара сөзінде толықтай сөз етеді де, бұл топтағы адамдарды «жарым адам» деп атады. Ал, білімге деген қызығушылық адамдық жолын анық көрсететінін: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» - деп айтты. *Орта саты* – өзін-өзі, өзіндік болмысын толық танып, адамдықтың шыңына жету сатысы. Бұл сатыға әділеттілік, адалдық, мейірбандылық, қамқорлық, достық сияқты барлық гуманизм шарттары енеді. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз» - деп таратып, оң мен солымызды айғақтап береді. Жетілудің *жоғарғы сатысы* – рухани жетілу. Рухани жетілген адам - тән емес, жан азығын қамдаған адам. Бұл туралы ақын он жетінші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек өнерлерін таластырып келгенде ғылым: «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым» - деген. Бұл сөздің астарында қазақ қанша жыл қайратты пір тұтып зорлық-зомбылықтың құрбаны да болды, ал қарыштап дамыған заманда ғылым-білімге ден қойып, түрлі заттар ойлап тапқанымен, оның зардабын да тартып жатқандығы жатыр. Бұл екеуін жүрекке бағындыруының себебі де осы. Жүректе Абайдың «үш сүю» негізі жатыр:

«Махаббат пен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй Хақ жолы деп әділетті»

Данышпан түсінігіндегі «толық адам» - нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі бірдей ұстай білген адам. Бұл үш сатыны толық бағындырған адам – Абай формуласын жетік меңгерген адам. Белгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы: «Абайдың «толық адам» ілімін бүкіл қазақ пен түркі халқының санасына сіңдіре алсақ, рухани жағынан мүлде жаңа жолға түсеміз. Тазарамыз. Пайданың емес, ардың жолына түсеміз» - деп адамның катарсис сезіміне бөленетінін бір сұхбатында айтқан болатын.

Ойшыл Абай отыз сегізінші қара сөзінде: «Адам баласы үш нәрседен: надандықтан, еріншектіктен, залымдықтан қор болады, нағыз кісі болудан қалады»-деп нағыз адам болу жолын көрсетті. Рухани жүдеулікке ұшыраған адам баласы «өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген ұранды жадында жаттап алу қажет. Ұлттық сананы өзгерту үшін ең әуелі жеке адам санасы сілкінуі тиіс.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҰҒА-ның академигі Уәлихан Қалижанов қазақтың бас ақынының әлемдік аренадағы алар орнын айқындап, оның мәңгілік мұраларын шетелдік ғалымдардың қызығушылықпен зерттеп, оның даналағына тереңінен үңіліп жатқандығын жан-жақты саралай келіп, елбасының көтерген «Рухани жаңғыру» мәселесіне Абайдың тікелей қатысын: «Ұлы Абай – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің символы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзіңді өзің талдап тазаруға итермелейді» -деп баса айтса, оның поэзиясының ғұмырлылығы туралы: «Абай – бүкіл адамзат игілігі. Оның поэзиясы – мәңгілік поэзиясы, даналықтың, махаббат пен адалдықтың поэзиясы. Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша ұғыну жалғаса береді, оның жалынды өлеңдері ешқашан да өзінің күшін жоғалтпайды. Өйткені Абай халықпен мәңгі бірге» - деп ой қорытындылайды. [3,7 б.]

Хакім Абай өз халқының мұң-мұқтажын, қоғамдық-философиялық ойларын, мәдениеті мен әдебиеттегі көремдік ізденістерін жаңа сапаға көтерді. Ақынның арман-тілегі бүкіл адамзаттың ең биік асыл мұраттарымен де үндесіп жатыр. Қазақты ояту үшін үн қосқан ақындардың бірі Міржақып Дулатұлы: «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен –күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті

махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар»-деп, болашақ ұрпаққа бабалар алдындағы борышын сезіндіргендей. [2,104б]

Қорыта келе, Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды танып, болашағымызды бағдарлаймыз. Бүгінде Абай есімі жеткілікті деңгейде ұлықталып жатыр. Бірақ оның шығармаларымен жаңғыру деңгейіне әлі жете қоймадық. XXI ғасырда кез келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші орынға шығып отыр. Бұл ретте Абай армандаған «бүтін адам», Абай көксеген «толық адам» тұжырымдамасы ең озық идея ретінде бүгінгі зерделі оқырманды да бей-жай қалдырмайды. Данагөй ақынның терең ойлары мен асыл сөздері, өлеңдері мен қара сөзері қай заманда болмасын жақұттай жарқырап, көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ. Оның мұрасы жаңа ұрпақпен бірге жасай береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Б.Ыбырайым. Ақындар аманаты: Хрестоматия-компендиум.-Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2012.-360 б.

2 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.-500б.

3 Абай – мәңгілік поэзия. Егемен Қазақстан. №152 (29133) 10 тамыз 7-б.

4 Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.

5 Абай. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер . – Алматы: Атамұра, 2002. -224 б.

ӘОЖ 82.09:821.512.122

Насиева Арайлым Серікқызы
Магистрант, Сүлейман Демирель атындағы университеті, amina0193@mail.ru

1960-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ РУХЫ

Түйін: *Аталған мақалада қазақ поэзиясында Махамбет тақырыбына кеңінен қалам тербеген, сонымен қатар Махамбет мақамын қайталап, дәстүрін жалғастырған бірқатар ақындардың шығармашылығындағы дәстүр жалғастығына зерттеу жүргізіледі. XIX ғасырда ғұмыр кешкен Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы көркемдік жалғастық 1960-1990 жылдардағы және бүгінгі тәуелсіздік кезең поэзиясында қалай көрініс тапты деген сұрақтар мысалдар арқылы тұжырымдалады.*

Резюме: *В данной статье рассмотрена поэзия Махамбета, а именно мотивы и традиции Махамбета, которые нашли отражение в произведениях последующего поколения. Автором сделана колоссальная работа, т.е. проанализированы вопросы художественной своеобразии поэзии Махамбета Утемисова, представителя поэзии 19 века, которые нашли отражение в поэзии 1960-1990 г.г. и в годы независимости.*

Summary: *This article discusses the poetry of Makhambet, namely the motives and traditions of the village, which was reflected in the works of subsequent generations. The author made a huge work, i.e. we discuss the artistic originality of the poetry of Makhambet Utemisov, representative poetry of the 19th century, which is reflected in the poetry 1960-1990 and in the years of independence.*

Кілт сөздер: *қазақ поэзиясы, Махамбет дәстүрі, поэзиядағы рухтастық, дәстүр жалғастығы*
Ключевые слова: *казахская поэзия, традиция Махамбета, духовная связь в поэзии, преемственность.*
Keywords: *the Kazakh poetry, the tradition of Makhambet, a spiritual connection with poetry, the continuity*

Әдебиетімізде Махамбетке арналып жазылған алғашқы өлең жолдарын Ш.Жарылғасұлының, Сегіз серінің шығармаларынан кезіктіреріміз белгілі. Қара қылды қақ жарар өткір қолтаңбасымен қазақ поэзиянан дара орын алатын Махамбет Өтемісұлының қилы тағдырын, батырлық, ақындық ғұмырын поэзияға арқау еткен ақындар көп. XX ғасырдың басында халық ақыны Ы.Шөреков "Исатай-Махамбет" дастанын жазса, Т. Жароков, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Молдағалиев, М.Мақатаев, Т.Айбергенов, О.Сүлейменов, М.Сатыбалдиев, Ж.Нәжімиденов, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов сынды ақындардан бастап бүгінгі Т.Медетбек, Р.Ниязбек, Қ.Жылқышиев, С.Тұрғанбеков, А.Ершуов, М.Ершуоваға дейінгі аралықта біршама ақын махамбеттей текті болмасты жырға қосты, жыр дәстүрін дамытты.

Жайық бойында дүниеге келіп, Махамбет ізін жалғастырған, жырымен ісі келісті, дауылпаз ақын, жазушы Меңдекеш Сатыбалдиев еді. Өмірдің көшінен ерте қол үзген ақын Меңдекеш бәрін беріп үлгерген жоқ.

Мен жоғалсам, жоғалармын,
Арасында жатпаспын қоғалардың.
Бір қадалып қас-дұшпан кеудесіне,
Махамбет жебесіндей

Мен жоғалсам жоғалармын [1, 8 б.], - деп өз жырында тағдырын бағамдап кеткендей жай танытады. Меңдекеш «Батырдың бас сүйегі», «Махамбетке», «Махамбеттің монологы» атты туындыларын дауылпаз ақын Махамбеттің рухына арнап жазған. «Махамбеттің монологы» толғауында ақынның өршіл рухқа толы жырларының мағыналы тереңдігін, өміршеңдігін жанымен сезіне білген, туындыда халыққа ақын атымен үн қатқан.

Автордың Махамбеттің жырына терең бойлағандығын, мағынасымен етене танысқандығын, өз жырларының түр – сипатын жетілдіруге талпынғанын Қ. Мырзалиев: «Меңдекеш өзінің қажыр-қайратқа толы омыраулы ойларын өз аузынан айтуға әлі де болса жүрексінеді. Оларды басқа бір әлеуетті адамның дулығалы ақынның дуалы аузымен айтқысы келеді. Ауыздығымен алысқан тұлпардай тарпаң жыр жолдарын Меңдекеш атақты Махамбеттің аузына салып, ол өлеңді «Махамбеттің монологы» деп атаған». [1, 8 б.], - деген пікір арқылы түйіндейді. «Махамбеттің монологы» - градация тәсілімен өрістеп, түйдек-түйдек сөздермен төгіліп, Махамбет жырымен екпіндес келіп, тыңдаушысын ілестіре кететін тамаша туынды. Махамбеттің тұлғасын көз алдымызға әкеліп, жырына заманға деген мұңын қосып, өзіндік мәнермен сипаттайды. Бұл жыр туралы ақын Ф.Оңғарсынова:

Қанаттастарым, қайдасың?
Құнанша мұзға таймасын,
Қималы найза қайралсын,
Құсалы жүрек майлансын,
Қаз мойын тұлпар бәйге алсын! [2, 229 б.]

- деп өрбіген «кесекті ойдың сойы атанған ақынның кесек ойлары Меңдекеш ақын кеудесінен осылай өріс алған болатын. Бұл туынды шұбыртпалы ұйқаспен буын саны сақталмай жазылған, тоқсан алты жолды өлеңіне тұтастай аллитерациялық тәсілді арқау еткен толғау. Махамбеттің өршіл үнімен үндес, қатулы сөйлеген Меңдекештің қатал үніне «қ» қатаң дыбысының қайталанып отыруы да үйлесім тапқан. Толғауда бірыңғай «қ» әрпінен басталуына, аллитерациялық қатар түзгендігіне қарай, бұл туындыны Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» атты жырындағы «е» әрпін ерліктің ебгей желіне баласақ, Меңдекештің «қ» әрпінен бастауын қайсарлықтың қара желі деп түсінеміз. Екі жүз он бес мәрте ұшырасып, құлағыңның тура жанынан қатқал дауыс шыққандай күйге бөлеп, Меңдекеш ақынның суреткерлік қырын одан сайын аша түседі.

Махамбетке арнап дастан жазған ақындардың бірі – Ж.Нәжімеденов. Жұмекеннің өзі дүние салған соң 1985 жылы жарияланған «Менің топырағым» атты жинағына енген «Жаңғырық» аталатын дастанына ағасы Исатайдан айырылып, арманы аяқсыз қалып, жападан-жалғыз дала жортқан шағының тарихи шындығы арқау болған. Махамбеттің көтеріліс жеңіліп, қайсар ердің тауы шағылып, жапа шеккен Исатай сияқты қолбасшы қас батырдан айырылып, жалғыздықтың мұңын кешкен дауылпаз ақынның барлық жан атаулыдан түңіле, көңіл-күйінің тұқырыла түскені және Баймағамбет сұлтанның қанды қол қарақшыларының қолынан қаза тапқан өмірінің соңғы, аянышты шағы бейнеленген. Бұл дастанның басқа дастандардан ерекшелігі ақын өмірінің тұтастай қамтылуы мен ғұмырының ақырғы сәті мен өлімінің көрініс алуы.

Дастанның «Жаңғырық» деп аталуы турасында ақын поэзиясын арнайы зерттеуші, профессор Қ.Жүсіп былай деп пікір білдіреді: «Бізше, поэтикалық туындының атауы бес түрлі нәрсеге меңгейді: біріншіден, дастандағы Махамбетке кездесіп, ендігі жолына өзімен бірге ала кетуін тілеп, шылбырына жармасқан жас жігіттің мінезі – теңдік үшін бұрын да Исатайға еріп атқа мінген, кейін «бұғып» қалғандардың жаңғырығы іспеттес; екіншіден, көкірегіндегі ханға деген кектің әлі өшпес жападан жалғыз Жайық жағалап Атырауға жол шегуі – «қара қазан, сары баланың қамы үшін» кескілескен майданның жалғасы, сол майданның жаңғырығы; үшіншіден, сұлтанның өз адамдарын ақшаға жалдап, Махамбетті өлтіруге аттандыруы - көтеріліс жеңілсе де оның кектілерінен қорқып, адуын ерді тұқыртып, тыныш табамыз деген сұлтан жүрегіндегі кек жаңғырығы; төртіншіден, сұлтанның батырдың басын алған қарақшылардың әрекетін опасыздық деп жазғыруы - ұрпақ қарғысынан сескенген өз қорқынышының жаңғырығы; бесіншіден, ХХ ғасырдың азаттық көтерілісі – Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерлістің жаңғырығы, жалғасы» [3, 100 б.]. Батыр ақынның мұңға толы монологы – үлкен тебіреніс пен бойды шымырлатар сезімге бай. Махамбет жырларында бар «Қызғыш құстың» екпінімен ақынның айталмай қалған зарын сыртқа шығарғандай. Мәселен,

...Көл қорыған – сен едің,
Ел қорыған – мен едім:
Жас егілген тал үшін –
Орман болсам деп едім,
Жел жағына жетімнің
Қорған болсам деп едім... [4, 249 б.]. Бұл монологта Махамбеттің арманы мен мұңын, Қызғышқа айтқан наласын оқи отырып, шынай шындық пен өзінен гөрі өзгенің игілігін қалайтын жан екендігін, айтқан бетінен қайтпайтын оптимист екендігін айқын аңғарамыз.

Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық» дастанынан тарайтын тағы бір идея – халықтың қамы үшін атқарған қыруар еңбектер, игілікті істер, халықтың ары үшін күрестер ешқашан жойылмайтындығына назар аударту. Оның кейінгі ұрпаққа өзінің өшпестей үлгісін көрсетіп отырғандығы, оның әрдайым замана толқынымен жаңғырып қайталанатындығы, Исатай мен Махамбет бастаған тәуелсіздік үшін болған көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін де еш толастамағаны, оның ешқашан діттегеніне жетпей тынбайтындығы заңдылық деген идеяны астарлап жеткізуге тырысқан.

Шынымен де ақын Жұмекен Нәжімеденов асқан көрегендік жасаған. 1986 жылы елде орын алған желтоқсан оқиғасы азаттық көтерілістердің заңды жалғасы болып шыға келеді. Бұл ақынның асқақ арманы болатын. Сол арман «Жаңғырық» деп аталатын дастан тілінде анық, айқын көрініс таба білген. Ақын Жұмекен Нәжімеденов бұл арманына жете алмай қапыда кетті. Өз ғұмырының соңғы жылдары кеңес дәуірінің кемшіліктеріне, тігісі сөгіліп, ыдырай бастаған кереғар саясатына сенімсіздікпен қарағандығы оның төл шығармашылығынан анық байқалып-ақ тұрады.Бұл ақынның диссиденттігі деп білеміз. Оның шығармаларының астарына терең бойлап, көбісі түсіне бермейді. «Жаңғырық» дастаны – ақынның диссиденттік көзқарасының, ойы мен пікірінің жаңғырығы еді. Заман тұманының тұмшалануы, ағыссыз өлі көл өміріндей тіршілік ақынның жүрегін қобалжытпай

әсте тұра алмады. Сол себептен ақын өткен тарихи оқиғаны шығармасының алтын тиегі ете отырып, буырқанған асау төңкерісті тілегеннен, заманымыздың Махамбеттері мен Исатайларын армандағаннан осындай кереметтей туындыны дүниеге әкелді.

Фариза ақын Махамбет салған дәстүр көкжиегін кеңейтті. Махамбеттің батырлығы секілді атойлаған өр рухқа толы ащы шындықпен жосылған ақиқатты жыр сарынынан батыр ақын бабасының үнін естігендей боласыз.

Тазарар түрім жоқ менің
Жанымның кірін жумай бір
Махамбеттердің рухымен,
...Намыс бер, ой бер ұланға,
арманда кеткен ер үшін,
адыр қалған жер үшін,

Ақырып теңдік сұрарға! [5, 12 б.], - деген Фариза жырына Махамбеттің өр рухы қуат беріп, арнасын ашқаны сөзсіз құбылыс. Өз шығармашылығында әлсін-әлсін Махамбетке оралып, ақынға жүгініп отыруы әсте бекер емес. Ф. Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» және «Поэзия» циклы («Махамбет аудармашысымен әңгіме») - баба рухын бойтұмар етіп, жүрекжарды арнаған, баба рухына бағышталған шындыққа, сардар толғаныстарға толы төл туындылары.

«Махамбет аудармашысымен әңгіме» туындысы композициялық құрылымы жағынан алғанда үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде ақындық болмыстық ара салмағын айқындап, Махамбет образын биік сатыға қойып, батыр ақынның өжет жырларына әр ретінде тірліктегі «қасаң әнді» сөз етеді. Ақын шынайы шеберліктің аса күрделі, қиын, әрі азабы мол екендігін мегзей отырып, өлең жазуды кәсіп қылғандардың «тұман түнде жыр өрген» парқын тура батыр бабаша кесіп айтады. Фаризаның ақындық қарымы жайында әдебиетші ғалым М.Ысқақбай: «Нөсер бұлтынша құйындатып жетіп, шатырлай, сарт-сарт сынып жататын, эмоциялық қуаты, жігері жағынан оқырман құлағына Доспамбет, Махамбеттер үнін әкелетін бұл шымыр жырлар уақыт тынысын нысаналайтын өзгеше ойшылдығымен де, тереңдігімен де қатар баурайды» [6, 155] - деп ой толғайды.

Махамбет тұлғасы әр суреткерде әр қилы көрініске ие. Дей тұрғанмен Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» поэмасы мен М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмалары арасындағы кейбір ұқсастық пен үндестікті байқау қиын емес. Біріншіден, Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» поэмасы мен М.Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмалары да лирикалық үлгіде жазылған, көлемі жағынан қысқа. Екіншіден, сол тұстағы Махамбеттің арман-мұратын, мұңы мен зарын монолог арқылы берулері. Үшінші ұқсасатығы, екі поэмада да түс көру элементі бар, символдық мәнге ие. Фаризада лирикалық кейіпкер түс көретін болса, Мұхтарда түстің иесі - Махамбет. Тағы бір ортақ тұсы ретінде шындыққа тура қарап, тайсалмай айтулары. Бұл жалпы екі ақын шығармашылығына тән сипат.Фариза ақын «Махамбетті»:

Алапес мынау өмірдің
ащы шындығын жырладым.
Қуылдым, дала шарладым
Сая бола алмай қырларым.
...тек шындық күтем мен сенің

Ақ алмас жүзді жырыңнан! [7, 118 б.], - деп болашаққа сенім артса, М.Шаханов ол идеяны ақынның өз аузымен өрбітеді:

Иә, шындықтың ащы даңқы,
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.
Ақындықтың басты шарты-
Басты алса да шындықты айту емес пе? [8, 192 б.]

«Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» поэмасындағы автор идеясы Махамбеттің өз ішкі сөзі арқылы ашылса, «Нарынқұм зауалы» поэмасында әкесі мен баласының диалогы арқылы шебер көрініс тапқан және поэмаға өмірден алынған дерек көздері арқау болған. Фариза Оңғарсынова поэзиясында Махамбет есімі батыр бейнесінде де, адуынды ақын бейнесінде де ұшырасып отырады. Жас зерттеуші Н. Байоралова: «Ия оның пірі – Махамбет. Сондықтан, оның әйелден гөрі ерге тән лайық сөз саптасын, әйелдіктен әлдеқайда биік жатқан ойлану дәрежесін, әйел қасиетін нәзіктік, жұмсақтық, бипаздық деп білетін түсініктердің барлығын ықтырып жіберетін айбын - сесін, әйелдік көкіректе соғып тұрған ер жүрегін салыстыруда Махамбет рухын баса айтуды жөн көрдік. ...Бұл бірлік топырақтастықпен, тектестікпен, тамырластықпен туындап жатқан үндестік»

[9, 88 б.]. Бұл рухани туыстықтың тағы да бір себебін ақын, ғалым С.Сейітов былайша түсіндіреді: «Әр уақытта Махамбет атасын ауызға ала беретін ақын қыздың мұнысында мұрат тұтарлық бір сыр бар. Ол - Ф.Оңғарсынова поэтикасында Махамбетке бір табан жақындықтың, туыстықтың сезілетіндігінде» [10, 241 б.] Махамбет тақырыбында жазылған арнау өлеңдердің бірсыпырасын Олжас Сүлейменовтың туындыларынан кезіктіре аламыз. Қазақ жұртының ұранына айналған дауылпаз Махамбетті жырға қосқан өлеңдерінен Олжастың рухы асқақ, танымы мен талғамы үндескен ақын екендігін айқын аңғартады. Батыр тұлғасын өз жырларымен сомдап, әрі Махамбет өлеңдерінің арынымен үндестіруі - Олжастың зор шеберлігі. «Асылы, Махамбет поэзиясының Олжасты қызықтырып жүргені тектен-тек болмаса керек. Махамбет - Шығыс ақындарының ішіндегі өте қызық, құйрықты жұлдыздай құбылыс. Патриот ақын жайлы сөз әлі де айтыла бермекші! Олжас жырлары Махамбет өлеңдерінің екпінімен үндесіп жатады» [11, 69 б.], - деген Ө.Күмісбаевтың пікірін басшылыққа алсақ, Сүлейменовтің тарих қатпарына бір бойлап, ондағы ерлік пен ездік, батырлық пен сатқындықты өлеңге өзек етіп, бүгінгі жас буынды намысты етіп тәрбилеудің мәнін терең ұғындырар тұста Махамбетттей өр тұлғаға жүгінуі, оның азаматтық өресіне, ақындық қасиетіне ден қоюы тегін емес. Бұған дәлел «Махамбетке» деген шағын арнау өлеңінде:

Қас жауыңды
Ел алдында жазықты
Жерге қағып жіберіпсің қазақ қып.
Қайсар бопсың, бірақ сенің жырыңның
Аржағында жатады бір нәзіктік.
О, даланың жолбарысы, Көкжалы!
Көкжал бөрі қай кезде де олжалы.
Өзіңнен бе? Сөзіңнен бе?Әйтеуір

Сенен кепті дейді ханның ажалы [12, 41 б.] - деп Махамбетті азулы жолбарысқа, үнемі қанжығасы майлы жүретін көкжал бөріге балап, оның бейнесін асқақтата, «өзінен бе?» - деуінен батырлық тұлғасын даралап, «сөзіңнен бе?» - деуі арқылы «сүйегі тұтам қалғанша тартынбай сөйлер» асқақ үнді, айбынды ақын екендігін анық сипаттап көрсетеді.

Академик М.Қаратаев: «Сүлейменов қазақтың ұлт қаhарманы Махамбет поэзиясының рухын жанындай жақсы көреді. Оған қаны тартып тұрады, соның нәсілі екенін жанымен сезінеді. Ақынның әр өлеңі, әр шумағы лирикалық геройдың туған даламен, өз халқымен, оның өмір тіршілігімен тығыз байланысты екенін, оның тарихы мен шежіресіне, аңызы мен ақындық ұшқырлығына құмарлығын, қазақтардың ұлттық мақтанышы болып табылатын қасиеттердің бәрін шын жүрегімен сүйеді» [13, 227 б.], - деп пікір айтса, әдебиет сыншысы, ғалым А.Егеубаев: «Халқымыздың батырлық дастандарына тән күмбірлеген асқақ екпін, Махамбет жырларына тән қайсарлық пен өжеттілік, Абай поэзиясының тереңдігі мен ойшыл-сыршылдығы - осының бәрі Олжас ақынның дүниеге келуіне игі әсерін тигізгені даусыз» [14, 194 б.], - деп ой тұжырымдайды ақын хақында.

Махамбет поэзиясын өзіне үлгі етіп, ұстаз тұтқан ақиық ақын М.Мақатаев еді.

Ақынның "Автограф" өлеңінде ақындық дәстүр мен ақындық жаратылыстың үзілмейтіндігін былай көрстеді:

Сырым да - осы, жырым да - осы, алдында.
Байқашы бір, бықсыдым ба, жандым ба
Махаңдар жоқ,
Махаңдардың сарқыты -
Мұқағали Мақатаев бар мұнда! [15, 54 б.]

Мұқағали ақынның «Махаңдардың сарқыты» санауы - дауылпаз Махамбет секілді ары таза, шыншыл көзқарастағы ұлы тұлғаларды үлгі тұтуы, «Махаңдар» деп көбейтіп айтқан сол ұлы тұлғалардың көш басына Махамбетті қойып, атын тілге тиек етуі әрі ақын әрі хас батырдың наркескен жырларының қасиетін түсініп, бағалап, ақындық қабілетін зор бағалай білуі еді. Махамбеттің дүбірлі жырларымен қуаттанып, сарқыты бола білген Мұқағали Махамбеттің төл мектебінен сусындаған.

Көрер едің, Шаламын ба, отпын ба,
Білер едің, Ақынмын ба, жоқпын ба?..
Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда, [15, 224 б.] - деп Махамбет дәстүрінің жалғастығы екенін білдіріп отыр. Осы жыр жолдары хақында Б. Кәрібаева «Қарапайым ауыз екі тілдегі өлең ұйқасында терең ақындық кредо жатыр. Абай, Махамбет мектебіндегі өмір ғой ақынның көздеп отырғаны. Ынтығы да, жыр етері, пір етері де сол - өмір. Осы өлеңінің мінездес болуы да содан» [16, 129 б.], -

деп ой тұжырымдайды. «Дариға-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!!!» - деп сонау Махамбет пен Абайлардың заманына терең үңіліп, қырық пышақ қырқысқан қатігез дәуірде жазған шығармаларына әділ бағасын беріп, оларды қадір тұтып, азаматтық үнмен, ақындық тылсым сезіммен өзінің де жан сырын белгілі дәрежеде оқушысына ұғындырады. Сонымен бірге азаматтықты, ақындық жауапкершілікті жоғары сезіммен қабылдап, өзінің ұшқыр талантын шыңдап, қайрай түседі. «Осы бір қарапайым өлеңінің мазмұнына терең үңіліп қарасақ, ақындық болмыс пен ақынның алға қойған бүкіл позициясы аңғарылады» [17, 19 б.] - деген пікірін алға тартады әдебиеттанушы ғалым К.Хамидоллаев өзінің «М.Мақатаевтың ақындық шеберлігі» атты еңбегінде. Махамбеттің үнін қайта жаңғыртып, дауылпаз ақынның ізін басып, шындықты әсем жеткізе білген ұрпақтарының бірі де осы Мұқағали еді.

Шығармашылығының бар болмысын Махамбет жырының рухына ораған Төлеген Айбергенов. Т.Айбергеновтің қай туындысын алып қарасақ та, Махамбеттің жалыны тебірентіп, бойыңды баурай, еріте жөнеледі. Денеңді тулатып, жүрегіңді дүрсілдетіп, сиқырлы бір сезімге бөлейді, Қабдоловша сөйлер болсақ, «сезімді сілкіп-сілкіп, жұлқып-жұлқып» кетеді. Поэтикалық жолдардың сөзін ғана емес, өзін де бірге сезініп, қиялың жетпес қиырларға қанат қаққандай, жаныңды жадыратып, тілегіңе жетіп, балқи кетесің. Жырының құдыреттілігінен құдды Махамбет жиырмасыншы ғасырға тіріліп келгендей әсер аласың.

Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған
Мен жарық жермін, жаңғырықтарға үн қосқан
Мен сірі төспін, - сызылып аққан сымдармын
Жаңғырған болат жолдарға дейін

Басталып құйттай қармақтан. [18, 20 б.], - деп ақынның екпінін өз шығармаларына табиғаттастырғанын, өте әдемі кестелі бере білгендігін аңғарамыз.

Жайық бойында туылып, Махамбет пен Исатайдың кесек жырларына сусындап, тұнығына терең бойлаған ақын Мақсұт Неталиевтің, қос батырға арнап жазған жыр жолдары жетерлік. Махамбет жинақтарына енген «Махамбеттің Исатайды жоқтауы» атты толғауында Мақсұт ақын Махамбеттің Исатайға шаққан зар-мұңын жазып, толғауды толғанысқа толтырады:

Бойдағы қаным қайнап - өтеді ысып,
Тұрсаңшы төсегіңнен, көкем, ұшып!
Жұртында көшкен елдің жалғыз қалып,
Келіп тұр ақыл сұрай Өтемісов...[11, 55 б.]

Сырласы, ақылшы ағасы бола білген Исатайды Махамбет қимастықпен сапарына шығарып салып, жалғанда жалғыз қалады. Ақын тағдырды, ондағы жеңіс пен жеңілісті, қуаныш пен қайғыны шебер суреттейді.

Поэтикалық талантын поэзия сүйер дүйім жұртшылыққа мойындата білген, есімі еліміздің көрнекті ғалымдарымен қоса аталатын, Махамбеттің 200 жыл толу құрметіне арнап 200 жыр тудырған, оны «Махамбет майданы» атты жыр кітабы етіп басып шығарған ақын Рафаель Ниязбек еді. Өлең санының көптігі ғана емес, Махамбет пен Исатай бабамыздың, олардың жалынды жолдастарының аңыз болған ерлік істерін, сыр көп беймәлім қырларын азаматтық пафоспен, шынайы толқыныспен жырлағандығына куә болып, тұжырым жасаймыз. Бұл еңбек бес бөлімге бөлініп, «Теңдік қуып, алмас қылыш тағынғанда», «Әділ жолдан замана жаңылғанда», «Ат арытып, мұң кешіп сабылғанда», «Жорық күйлер жыр болып ағылғанда» және «Махамбеттің өр рухын сағынғанда» [19, 370 б.] - деген тақырып табиғатына сәйкес жазылған. Махамбет туралы қазақ әдебиетінің роман, поэма, поэзия жанрында қалам тербеп, жыр жосытқандары қаншама, бірақ Р.Ниязбекше бір тұтастай жыр кітабын арнаған тұлға жоқ. «Махаңдары жоқ қазаққа, мақтану керек сенімен» атты өлеңінде Есенбай Дүйсенбайұлы Рафаэльдің бұл қадамын ерлікке балапты. Жыр басын Р.Ниязбек «Елге хат» деген жыр жолдары арқылы Махамбетті дарабоз ретінде аспанға қалықтата, көкжиек биігіне шығара суреттейді. Махамбеттің тек ерлік пен елдікке толы тағдырын ғана суреттеп қоймай Исатай атты ағасымен,жорық басшысымен қосыла атқарған істерін, арасындағы достықты әсем суреттейді. Исатайдан айрылған Махамбеттің құсалы күйін, зары мен мұңын:

Екі тарлан бөрі едік, уа, Исатай,
Ата Ерліктің қос қолы секілденген.
Ойлап сені көзімнен жиі ақты мұң,
Қайда, қайда бастайды мият-күнім?
Бұл күндері, Исатай, сыңарынан
Айырылған жалғыз қол сияқтымын. [19, 63 б.]

Еңбектің соңғы бөлімін ақын «Махамбет рухы ұлтымның» атты өлеңімен қорытындалап, дауылпаз ақынды шыңның құзына шығарып бір кектетеді.

Алдында кімдер тақ тұрмас,
Мерейі үстем жұртымның.
Кеудесін жауға бастырмас,
Махамбет - рухы ұлтымның [19, 236 б.]

Қорыта айтқанда, Махамбет ақынның поэзиядағы дәстүрі бүгінгі қазақ поэзиясында жалғасын табуда. Ендігі мәселе – осы Махамбет дәстүрін жалғаған рухты поэзияларды жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларына енгізу және оны оқыту мәселелері.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сатыбалдиев М. Қызғыш құс: Таңдамалы жыр-жинақ. -Астана, Елорда, 2003. - 224 б.
2. Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз. (Мақала, эссе). –Алматы: Жазушы, 1990. -336 б.
3. Жүсіп Қ. Махамбеттану мәселелері. Алматы: «Асем-Систем», 2006.
4. Нәжімеденов Ж. Жаңғырық: өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2003. - 280 б.
5. Оңғарсынова Ф. Мен оны туысымдай көретінмін: Мақала. // Алтын Орда. №36 (190) 12-18 қыркүйек. 2003.
6. Ысқақбай М. Шығарма шырайы - шындық: көркем-әдеби сын мақалалар / Алматы: Рауан, 1994. -155б.
7. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Жазушы, 1987. -352 б.
8. Шаханов М. Мәңгүрттенбеу марсельзасы. - Алматы: Рух-Дария, 2008. -288б.
9. Байоралова Н. Жырдың пірі - Махамбет // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. -2003. -№ 47. -Б. 47-48.
10. Сейітова С. Өлең өлкесінде: мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1986. -256 б.
11. Күмісбаев Ө. Ортақ арна. -Алматы: Жазушы, 1985. -180 б.Өтемісұлы М. Шығармалары. - Алматы: ҚМКӘБ, 1951. -138 б.
12. Жыр арқауы - Махамбет. (Арнау өлеңдер жинағы). «Махамбет әлемі» сериясы. // Құрастырған Д. Махранов. - Алматы, Арыс, 2003. 304 б.
13. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға: Әдеби сын зерттеулер. -Алматы: Жазушы, 1969. - 444 б.
14. Егеубаев А. Сөз жүйесі: Сын мақалалар мен портреттер. -Алматы: Жазушы, 1985. -272 б.
15. Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Жазушы. 1988. -145 б.
16. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. - Алматы: Жазушы. 1988. -145 б.
17. Хамидоллаев К. «М.Мақатаевтың ақындық шеберлігі» Ф.Ғ.К. ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық еңбек. -Алматы: Өлке. 2001. -250 б.
18. Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім: Өлеңдер -Алматы : Раритет, 2005. - 192 б.
19. Ниязбек Р. Шығармалар жинағы: Көптомдық 6-том. Ред.Ә.Оспан. Алматы: 2015 -372 б.

Өмірбай Фариза Асқарбайқызы
6М020500–«Филология» мамандығының 1 курс магистранты, fariz_-96-96@mail.ru

Абдирасилова Гүлмира Қалыбайқызы
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің доценті, ab.gulmira@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түйіндеме: *Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің зерттелуіне қысқаша шолу жасалынып, екі тілдегі мақал-мәтелдер аудармадағы көрінісі ретінде мысалдар беріліп, қарастырылды. Егемендік алған көптеген халықтардың әдеби тілдерінің бүгінгі кемелденген кезінде тілдің атқаратын қызметі орасан зор, себебі тіл неғұрлым кемелденген болса, тіл мәдениеті, сол тілді дүниеге келтірген халық менталитеті де соғұрлым жоғары болмақшы. Ал бұл әдеби тілдің мәдениетін, байлығын, көркемділігін, бейнелілігін арттыратын лексикалық категория - мақал-мәтелдерге де байланысты. Басқаша айтқанда, тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір сыңары саналатын мақал-мәтелдер де ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады.*

Тірек сөздер: *Мақал-мәтел, қазақ тілі, ағылшын тілі, аударма, ұлт мәдениеті.*

Аннотация: *В статье сделан краткий обзор исследования поговорок и пословиц в казахском и английском языках, также показан с помощью примеров перевод пословиц и поговорок на двух языках. Для многих народов получивших независимость для развития литературы роль языка велика, потому что чем возвышеннее язык, тем выше языковая культура, также менталитет народа который воспроизвел этот язык. А увеличению культуры этого литературного языка, его богатство, красота и грация способствует и лексическая категория как пословицы и поговорки. Другими словами Являющаяся основной частью лексической основы языка пословицы и поговорки являются показателем не только национального языка, но и культуры наций.*

Ключевые слова: *пословицы и поговорки, казахский язык, английский язык, перевод, национальная культура.*

Abstract: *The article provides a brief overview of the study of proverbs and proverbs in Kazakh and English, and also shows translations of proverbs and sayings in two languages. For many peoples, the role of language, which has become independent for the development of literature, is great, because the higher the language, the higher the language culture, as well as the mentality of the people who reproduced this language. And to increase the culture of this literary language, its wealth, beauty and grace also contribute to the lexical category as proverbs and sayings. In other words, being the main part of the lexical basis of the language proverbs and sayings are an indicator of not only the national language, but also the culture of nations.*

Kew words*: proverbs and sayings, Kazakh language, English, translation, national culture.*

Тіл халықтың қоғамдық, әлеуметтік өмірімен, саяси-экономикалық жағдайымен тығыз байланыста дамиды, кемелденеді. Сондықтан да қоғам өмірінің даму қарқыны түрлі тарихи дәуірде түрліше деңгейде көрінетіні сияқты, әдеби тілдің де даму шеңбері бірде кеңейіп, бірде тарылып отырады. Бұл заңды өзгерістер тілдің барлық категорияларын өз ішіне алады. Бірақ қандай өзгеріс болмасын, тіл қалай дамымасын, ол өзінің адамдар арасындағы қатынас құралы ретіндегі қызметін өз дәрежесінде атқара береді.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер тек сан жағынан ғана емес, сапа, мазмұн тұрғысынан алғанда да алуан түрлі. Оның басты себебі: ұлттық менталитеттің тілдегі ерекше мәнді де маңызды өрнегі болып саналатын мақал-мәтелдер қазақ этносына тән дүниетаным мен тарихи сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-тәлімнің, өркениетінің, мәдениетінің - барша болмысының бұлағы.

Мақал-мәтелдер сан ғасырлар бойы екшеленіп, қырланған мазмұны түрліше сан түрлі тақырыпты қамтумен қатар, адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, әр қилы қоғамдық жағдайларды кездесетін құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға.

Мақал-мәтелдер - жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін халық мұрасы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын мақал-мәтелдер аз сөзден жасалғанымен, көп мағынаны білдіреді.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері өзінің құрылым жүйесі, терең мағыналығы, бейнелілігі жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие.

Қазақ мақал-мәтелдері туралы деректер өз бастауын түркі жұртына ортақ V-XI ғасырлардан сақталған Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінен, Қорқыт бабамыздан, Қожа Ахмет Иассау бабамыздан, Жүсіп Баласұғынна, Махмуд Қашқаридан қалған еңбектерден алады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің басым бөлігі ауызша айтылып, халық жадында сақталған. Оларды жинап қағаз бетіне түсіру XIX ғасырдан бері басталды. Қазақ мақал-мәтелдерін қағазға түсіруге ат салысқан ғалымдар Ш.Уәлихановтың, В. Радловтың, Ы. Алтынсаринның, Қ. Жалаирдің, В.В.

Катаринскийдің, П. Мелиоринскийдің, А.А. Васильевтың, А. Баржақсының, Ө. Тұрманжановтың еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі І. Кеңесбаев болды. Ол мақал-мәтелдердің тұрақтылығы мен қолданылатын сипатына қарай фразеология саласына жатқызады.

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеуде елеулі үлес қосқан ғалымдар Р. Сәрсенбаев, Р. Тұрабаева, Ә. Қайдар, Б. Динаева бұл салада тың пікірлер айтты.

Ә. Қайдардың «Халық даналығы» еңбегі – қазақ және жалпы түркі паремиологиясында мақал-мәтелдерге этнолингвистикалық түсініктеме берген алғашқы және құнды сөздік [1].

Тіл білімінде салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы әдістерді қолданып, әр тілдердегі мақал-мәтелдерді зерттеген ғалымдар Г. Хайырова, А. Нұрмаханов, М. Сабитова, Ә. Мукушева, Р. Юсупова, А. Донбаева, Р. Жүнісова елеулі нәтижелерге жетті.

Мақал-мәтелдер – халық творчествовасының төл жемісі, ауыз әдебиетінің көне жанрларының бірі, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнгі ешбір өзгеріссіз жеткен философиялық ірі шешендік тұжырымдар, тілдік қордың даналық қазынасы болып саналады. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихын негізінен 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтау, қағаз бетіне түсіру, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарының жүргізілуімен сипатталады (Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, Ө.Тұрманжанов, Б.Ақмұқанова, М. Аққозин т.б.)

2. Мақал-мәтелдерді зерттеудің ғылыми айналымына түскен кезеңі М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Н.Төрекулов. Т.Кәкішов, З. Қабдолов, М. Базарбаев, С.Қасқабасов, С.Нұрышов, Б.Ақмұқанова тағы да басқа әдебиетшілер зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдердің әдеби табиғаты, Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Б. Шалабаев, В. Айтбаев, З. Ерназарова, К. Бейсенов, Б. Тұрабаева, А. Нұрмаханов, С. Сәтенова т.б. тілші мамандар зерттеулерінде тілдік ерекшеліктері сөз болды.

3. Қазақ тіл білімінде паремиологияның дербес ғылым саласына айналып, мақал-мәтелдердің антропоорталықтық бағытта қарастырыла бастаған кезеңі [2].

Қазақ паремиологиясының антрополингвистикалық бағыттағы дербес пән ретінде қалыптасуының теориялық тұжырымдамасын негіздеген академик Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің тілімізде пайда болу факторлары мен, дами келе адамға, оның сын сипатына, мінезіне, әрекетіне, қалпына т.б. қасиеттеріне ауысу мотивтерін айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру; соның негізінде мақалдар мазмұны мен мағынасының бүгінгі этнопедагогикалық тұжырымдаманың арқауына айналуын дәйектеу, мақал-мәтелдердің логикалық, семантикалық жіктелу принциптерін айқындай отырып, тақырыптық-мағыналық тұрғыдан топтастыру және жүйелеу, этностың «тіл әлеміне» құйылар этнолингвистикалық арналардың ең құнарлысы ретінде олардың этнос болмысын танып, білуге қосар үлесін анықтау тәрізді басты мәселелерді парамиологияның этнолингвистикалық өзекті мәселелері қатарында көрсетеді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерді «тірек» сөздер арқылы тақырыптық топтар жүйесіне енгізе отырып, олардың бойындағы негізгі және туынды мағыналық өзгерістердің тілдік тетіктері мен мотивтерін айқындауды этнолингвистиканың күрделі міндеттері қатарына жатқызады.[3; 25-26-6].

Ә.Қайдардың мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық аспектіде зерттеуге байланысты ғылыми пікірлері мен тұжырымдарын, сонымен қатар В.Виноградова, А.Амосова, Г.Тагиев, Н.Телия, В.Кунин, Р.Чернышева, И.Ефимов, М.Мокиенка т.б. орыс фразиологтарымен Л.Пермяков, М.Котова, Н.Пантусов, Я.Лютш т.б. паремиологтарының іргелі еңбектерін теориялық- методологиялық тұғыр еткен Д.Бегалықызы, С.Канапина, Р.Атаханова, Ш.Қарсыбекова, М.Мырза, Ж.Исаева, Г.Қалиева, Р.Жүнісова т.б. зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдері танымдық прагматикалық, этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырылды[4] .

Мақал-мәтелдердің қазақ және ағылшын тілдерінде зерттелуіне тоқталмас бұрын отандық және әлемдік тіл мамандары арасында пікірталас туғызған, олардың қай салаға қатыстылығы жөнінде айтылған тұжырымдарды атай кеткен жөн. Мысалы, фразеология саласының қалыптасуына, дамуына өзіндік үлес қосқан В.В. Виноградов, Н.М. Шанский, В.Н. Телия, М. Чернышева, М.М. Копыленко, А.В. Кунин, И.В. Арнольд, І.Кеңесбаев, Ә.Т. Қайдар, Б. Манасбаев т.б. сынды ғалымдар мақал-мәтелдерді фразеология саласының еншісіне тиесілі деген ғылыми негіздемелер ұсынады.

Мақал-мәтелдерді жинақтап, сұрыптап, белгілі бір жүйеге келтіруде, тілдік бірлестіктер табиғатының кейбір қырларын айқындауда зор еңбек сіңірген ғалым Г.Л. Пермяков аталмыш тұрақты тұлғалардың тілші ғалымдар тарапынан да, әдебиетші мамандар тарапынан да зерттелуі қажеттігін ескертеді.

Өзара қарым-қатынастың нығаюы, тіларалық байланыстардың, ағылшын - қазақ қостілділігінің жандануы, дамуы, осыған орай, классикалық, көркем әдеби шығармалардың, саяси ақпараттардың, халықаралық зор мәнділікке ие құжаттардың аралық тіл (язык посредник) ықпалынсыз тікелей қазақ тіліне аударылуы таяу болашақта өрістей түседі. Ал шет тілін үйретуде және аударма жұмысында аса бір қиындық туғызатын тілдік бірліктер - фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдердің тіл білімінде, оның ішінде, казақ және ағылшын тілдерінде әр тұрғыдан азды-көпті зерттеліп келгені мәлім.

Генетикалық және типологиялық құрылымы жағынан әр түрлі қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттеу арқылы тілдегі алатын орнын, тілдік табиғатын, өзге тұрақты тұлғалармен сәйкес тұстарын, өзгешеліктерін анықтау және этнолингвистикалық төркінін ашуда Ө.Тұрманжановтың, М.Аққозиннің, Б.Ақмұқанованың, Ә.Диваевтың, П.Пантусовтың әр жылдары жарық көрген мақал-мәтелдер жинақтары, ағылшын тілінен Smith W. C, Cowie A.P., Mackin Rand Mc.Caig I.K., Taylor A., Whiting B.J., Seidl J,, Me Mordie W., Ridout R. and Witting C, Apperson, G. L., Linda and Roger Flavell, A.B. Куниннің сөздіктері мен көркем әдеби шығармалары басшылыққа алынды.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық.

Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. М. Ғабдуллин өзінің "Қазақ халкының ауыз әдебиеті" деген еңбегінде қазақ халкының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындаса, С. Нұрышев оларды даму тарихы тұрғысынан қарастырды.

Мақал-мәтелдер – қалай, тура сол ойды әртүрлі сөздермен айтуды үйрену үшін берекелі мәлімет. Монолог және диалог сөйлеуіне үйретуде олар ауыспалы, сондықтан таңдалған тақырып өзекті болып табылады.

Мақал-мәтелдер – ауызша халық шығармашылығының кең тараған жанры. Олар адамдарды баяғыдан бері алып жүреді. Тиянақты ұйқас, кәдімгі формасы, қысқалылық сияқты мәнерлі сөздер мақал-мәтелдерді тұрақты, есте сақтаулы, сөйлеуде қажет етеді.

Мақал-мәтелдер – халық шығармашылығының көне жанры. Олар көне заманда пайда болды, және өз пайда болу тарихымен ғасырлар тереңіне кетеді. Олардың көбі жазу шықпай тұрып пайда болды. Сондықтан олардың алғашқы қайнар-көздері туралы мәселе ашық болып саналады. Ағылшын мақал-мәтелдер пайда болуының осындай негізгі қайнар көздері: халықтық, әдебиеттік, библиялы пайда болуы, басқа тілден алынуы және мақал-мәтелдер ретінде Шекспир цитаталарының пайдаланылуы.

Мақалдарды мәтелдерден айыру керек.

Мақал-мәтелдер - сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, кеңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Аталмыш тілдік бірліктер арқылы жас ұрпақты елін-жерін сүюге, ерінбей еңбек етуге, білім алуға, адал, кішіпейіл болуға үндеп, жалқаулық, өсек-өтірік, мақтаншақтық тәрізді қасиеттерден бойын аулақ салуға тәрбиелей білген.

Ағылшын тіліндегі жалпыхалықтық мұраны жинақтап, жариялау жұмыстары сонау көне ғасырда қалыптасып, күні бүгінге дейін дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, ете көне мақал-мәтелдер тізбегін қамтитын алғашқы "Book of Proverbs in the Old Testament" атты топтама V ғасырда жарық көрген. Кейінгі жинақтар халық игілігіне айналған осы іске етене араласып, зор еңбек сіңірген оқымысты ғалым Дезидериус Эрасмус есімімен тығыз байланысты. Оның 1500 жылы "Collectanea" (818 ММ), 1508 жылы Венецияда "Chiliades" (3260 ММ) деген атпен жарияланған жинақтары 1515-1536 жылдары аралығында толықтырылып қайта басылып шықты.

Артына өшпес тарихи із қалдырған ғалымдардың бірі Джон Хеуд (John Heywood) өзінің алғашқы "A Dialogue Containing the Number in Effect of all the Proverbs in the English Tongue" атты еңбегін 1546 жылы, кейінгілерін 1550, 1555, 1560 жылдары жарыққа шығарды. Сондай-ақ, 1610-1680 жылдар аралығында бірқатар мақал-мәтелдер жинақтары, атап айтқанда, 1612 жылы ағылшын шіркеу қызметшісі Thomas Draxe "Bibliotheca Scholastica Instructissima or, a Treasurie of Ancient Adagies, and Sententious Proverbes", 1639 жылы пастор Дж. Клардың (John Clarke) "Paroemiologia Anglo-Latina", 1640 жылы Дж. Хербергтің "Outlandish Proverbs", 1659 жылы Дж. Хауэльдің "Proverbs", 1670, 1678 жылдары Дж. Рэйдің 'English Proverbs" атты енбектері жарық көрді.

С.И. Вяльцеваның ағылшын мақал-мәтелдерін стильдік, ал Э.Ахундованың зерттеуі синтаксистік ерекшеліктері тұрғысынан талдауға арналған. Ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеу жұмыстары ғалым А.В. Кунин есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің "Курс английского языка", "Курс фразеологии современного английского языка" тәрізді көлемді ғылыми еңбектері мен "Англо-русский фразеологический словарь" сөздігі т.б. арқылы ағылшын тілі табиғатының кейбір өзгеге беймәлім тұстарын айқындап, жалпы тіл ғылымына елеулі үлес қосты және салғастырмалы негіздегі ізденістерге бағыт-бағдар берді.

Мақал-мәтелдердің басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда өзіндік ерекшеліктерін, күрделілігін, мән-мазмұнының терендігін айқын көрсететін тұстардың бірі - аударма жұмысы. Кейбір жалпыхалықтық универсалдық сипатқа ие түрлерін есепке алмағанда, әдетте, мақал-мәтелдер бір тілден екінші тілге тікелей аударылмайды. Бір тілден екінші тілге тәржімелеу барысында мағынасы мен тіркес құрамындағы сыңарлары дәлме-дәл келетін теңбе-тең баламасы (абсолюттік балама) немесе контекстік мағынасы сәйкес эквиваленті қолданылуы мүмкін. Әсіресе, ілеспе аудармада шапшаңдық, жинақылық, нолдік қажет. Осы мақсатқа негізделген, практикалық мәні бар жұмыстардың бірі — Т.Баймаханова, Н. Өтешева, Н. Байтөлеевалардың құрастыруымен жарық көрген "Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках" атты еңбек.

Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің ауқымды бір тобы қасиетті кітап інжілге байланысты қалыптасқан. Халық арасына кеңінен таралып, көп оқылғандықтан, інжілдік тізбектердің ауқымды тобы тұлға тұрақтылығы, тіркес тиянақтылығы, мағына тұтастығы тәрізді белгілердің негізінде қолдануға даяр тілдік бірлікке айналған. Мысалы: You can not serve Got and mammon (сөзбе-сөз аударма: Сен құдай мен мамонаға бірдей қызмет ете алмайсың); A soft answer turneth away wrath (с.с.а.: Жұмсақ (жылы) жауап ашуды қайтарады) т.б. Түп-төркіні інжілге барып саятын мақал-мәтелдердің сәл өзгеріске ұшыраған түрлері де кездеседі.

Қазақ және ағылшын тілдерінде ақша-қаражат жайлы мақал-мәтелдер де кездеседі.

Мысалы, *" Take care of pence and the pounds will take care of themselves"* (с.с.а.: Пәнсті үнемдеп ұстасаң, фунт өз-өзін үнемдейді). Теңге тиыннан өсер, Жылқы құлыннан өсер; Береке бір тиыннан.

Ағылшын тілінде халық арасында жиі қолданылатын *"Manners make the man", Manners make the man"* (с.с.а.: Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасы ықшам, алайда мәні зор тілдік орам, орта ғасырда орын алған қағида, дәстүрлерге, заман талабына байланысты қалыптаскдн.

Мысалы,*Good manness make the a man.*

Адамды адам ететін оның әдептілігі) ; *If you sit by worthier man than thyself art one, Suffer him first to touch the meat* (с.с.а.: Егер өзіңнен салауаттырақ адаммен дастарханда болсаң, одан үлгі ал, яғни соған қарап ас іш) т.б.

Сондай-ақ, ағылшын-қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер берілді.

Ағылшынша:	**Қазақша:**
All bread is not baked on one oven	Бес саусақ бірдей емес.
All covet, all lose	Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді
Appearances are deceptive - never judge from appearances; the devil lurks behind the cross; the still sow eats up all the draff; dumb dogs are dangerous	Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында; Сырты жалтырауықтыц іші калтырауық
As the fool thinks, so the bell clinks	Жарымға жаза жок, Жындыға сот жоқ
The belly has no ears; hungry bellifes have no ears	Аш бала тоқ баламен ойнамайды, Тоқ бала еш нәрсені ойламайды. Қарны аштың - құлағы керең
Blind men can (should) judge no colours	Соқыр адам бояу ажыратпас
Blushing is virtue's colour	Ұялу - сыпайылык белгісі
Calamity is man's true touch stone	Дос, басына іс түскенде танылады.

	Адам мен адам токшылықта бір кездеседі, Жоқшылықта бір кездеседі
A carper will cavil at anything. Брюзга ко всему придирается	Жаман теке сүзіскек, Жаман жігіт ұрыскақ
A clean hand wants no washing	Ары тазаның - жаны таза
Cowards die many times before their deaths	Қоркақ күнде өледі
Despair gives courage to a coward	Қорқакты қуа берсең батыр болады
The devil is not so black as he is painted; the devil is not so ill than he's called; the devil is no worse than he's called; the lion is not so fierce as he is painted	Сайтанның затынан аты үрейлі
No sweet without some sweet	Төзе алмасаң бейнетке. Қалың жетпес зейнетке
Business before pleasure	Алдымен жұмыс, содан соң тыныс
Jack off all trades and master of none	Әр істің басын шалғаның – нәтижесіз қалғаның
Little strokes fell great cars	Еңбек етсең – емерсің
Bread earned hard work is sweet	Ашы еңбектен тәтті нан
If you want to get rid of poverty the work; If you want to be rich – work	Кедейлік кетсін десең – еңбек ет, молшылық жетсін десең – еңбек ет

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоганай Т, 2004. – 560 б.*
2. *Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.*
3. *Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 31 б.*
4. *Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.*
5. *Қыдырбекұлы Б. Сөз төркінін таниық //Түгел сөздің түбір бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.*
6. *Жүсіпова Р.Б. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің синонимдік мәні// Қаз ҰУ Хабаршысы – Филология сериясы // N 3- 2003*
7. *Ағылшын – қазақ тілдеріндегі сөздіктер, 2001*
8. *Адамбаев Б. Ағылшын және қазақ мақал – мәтелдерінің құрылымдық және мағыналық ұқсастықтары //Алматы-1996, 17 б.*
9. *Словарь употребительских английских пословиц//Москва-1985*
10. *Айтбаев Ә.Ө. «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» - Алматы: Ғылым, 1975. -14 б.*
11. *Ағылшын-қазақ мақалдарының этнолингвистикалық ерекшеліктері // Мир языка. "Аударманың көкейкесті мәселелері" атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2001. 208-210 бб.*

Сайпенова Ақзер
Қазақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы, e-mail: saipenova.akzer2307@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Аннотация. Қазақстандағы түркі халықтарының ХХ ғ. этнодемографиялық даму ерекшеліктерін зерттеудің маңызы зор. Түркі әлемінің ежелден бергі тарихының қыр-сырын ашуға арналған еңбектердің маңызы жоғары. Бүгінгі күні өмір сүріп отырған түркі халықтарының мыңдаған жылдық тарихы бар екендігі белгілі. Бұл олардың қалыптасуы мен дамуынан, тарихынан, мәдениеті мен өнерінен де көрінеді. Солардың бірі – түркі халықтарының тіліне қатысты мәліметтер. Түркі халықтарының жүріп өткен жолынан, этнодемографиялық динамикасына тән өзгешеліктерді көруге болады.

Кілт сөздер: түркі, түркі тілдері, этнос, демография, ұлт, санақ.

Аннотация. Тюркские народы ХХ века в Казахстане Важно изучить особенности этно-демографического развития. Большое значение имеют работы по раскрытию истории тюркского мира с самых ранних времен. Известно, что тюркские народы сегодня имеют тысячелетнюю историю. Это отражается на их формировании и развитии, истории, культуре и искусстве. Один из них - язык тюркских народов. С пути тюркских народов можно увидеть особенности этно-демографической динамики.

Ключевые слова: тюркские, тюркские языки, этнос, демография, национальность, перепись.

Abstract. Turkic values in XX century in Kazakhstan It is necessary to study the ethno-demographic development of the phenomenon. There is a great deal of work to uncover the Turkic history of the Turkic world. It is obvious that Turkish people today have a history of extravagant history. It is reflected in the formation and development, history, culture and art. One of them is the Turkish Turks. From the Turks to the Turkic peoples, the ethno-demographic dynamics can be seen.

Key Words: Turkic, Turkic, Ethnic, Demographics, Nationality, Compared.

Түркілер – дүниежүзілік тарихта өзіндік тұрақты орны бар ежелгі халықтардың бірі болып табылады. Егер түркіні суперэтнос дейтін болсақ, онда түркі тілдес халықтар – қазақ, өзбек, түрік, түрікмен, қарақалпақ, татар, башқұрт, т.б. этносқа, ал қазақты құраған ірі тайпаларды (найман, арғын, керей, алшын, т.б.) субэтностарға жатқызуға болады. Мысалы, Солтүстік Кавказдың Черкес халқы қазіргі күні ғалымдар тарапынан этнос (түркі суперэтносына кіреді), ал шапсуг, убых, т.б. оның субэтностары екендігі мойындалып отыр... Түркілердің тарихы тереңде жатыр деп айтуға болады. Нақтылау уақыты 4 мың жылдан астам. Түркі халықтарының аумағы, қазіргі ғалымдардың тұжырымдауынша, Алтай тауларынан батысқа қарай Азия, Еуропа, Африка құрлықтарын қамтиды. Түркітанушы Неметтің пікірінше, түркілердің анық отаны қазіргі Қазақстан аумағы, яғни Алтай мен Орал тауларының арасы... Халық тарихындағы маңызды мәселенің бірі – халық саны. Қазіргі түркілердің саны туралы бүгінгі ақпарат беттерінде нақты мәліметтер жоқ. Бұл тақырыпқа қалам тартқан авторлар өздерінің саяси көзқарастарына қарай бір-бірін жоққа шығаратын әр түрлі сандарды көрсетеді. Бұл өз кезегінде түркілердің нақ санын анықтауда бірқатар кедергілер туғызуда. Мысалы, түркіфобияшылдар 80 млн. түркі десе, ал түркіфилдер 300-400 млн-ға жеткізеді. БҰҰ-ың болжамы бойынша, алдағы уақытта түркі мемлекеттеріндегі халық саны 2025 жылға қарай 161, 6 млн, ал 2050 жылға қарай 176, 3 млн-ға жетпек. Бірақ АҚШ ОББ-ның есебінше, 2011 жылы дүние жүзіндегі түркі халықтарының саны 201 млн-нан асқан. Яғни БҰҰ-ның болжамы 2050 жылдан да ертерек орындалуы мүмкін [1].

Түркі әлемі мен қазақ тарихын зерттеушілердің еңбектеріне жүгінсек, бір кезеңдерде пайда болып, қайтадан ыдырап кеткендерін есепке алмағанда, ұлы дала аумағында скиф, сақ, ғұн мемлекеттік бірлестігінен кейін Ұлы Түрік қағанаты, Батыс және Шығыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Ұйғыр қағанаты, Қарлұқ мемлекеті, Қараханит, Қарақытай, Қимақ, Қыпшақ бірлестігі, Жошы ұлысы, Алтын Орда хандығы, Әбілқайыр хандығы (Өзбек ұлысы), Моңғолстан, Қазақ хандығы деген ірі мемлекеттер мен мемлекеттік бірлестіктер болды [2]. Бұл мемлекеттердің барлығы қазіргі Қазақстан жерінде құрылып, этникалық негізі көне қазақ жерінде қалыптасқан.

Кеңес Одағы кезінде кеңестік түркітану ғылымы, көбінесе, өзге елдердің тілін танымдық тұрғыдан, оның өзінде тілдің формалдық сипаты мен құрылымдық жағын (грамматикалық) ғана зерттеп-зерделейтін. Зерттеуді жүргізу барысында түрік тілі туралы Түркия Республикасының лингвист ғалымдарының еңбектерін кең ауқымда пайдалануға мүмкіншілік болмады. Тақырыпты игеру барысында, негізінен, қазақ ғалымдарының ғылыми-теориялық зерттеулері басшылыққа алынды. Сондай-ақ орыс ғалымдарының еңбектері де, ішінара түрік ғалымдарының қазақшаға, орысшаға аударылған еңбектері де пайдаланылды.

Қазіргі уақытта әлемде мемлекеттік мәртебесі бар алты түркі тілі бар. Олар – қазақ тілі, әзірбайжан тілі, қырғыз тілі, түрік тілі, түрікмен тілі және өзбек тілі. Қалған түркі тілдері өзге мемлекеттер құрамындағы халықтар тілі. Оның ішінде кейбірінің әдеби жазба тілі қалыптасқан. Мәселен, алтай, башқұрт, гагауыз, долған, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырым татары (қырымшақ тілі), құмық, ноғай, салар, саха, татар, тофа, тыва, ұйғыр, сары ұйғыр, хакас, чуваш, шор тілдері әдеби тіл дәрежесіне көтерілген.

Қазақстан да түркі ұлттарын жинақтаған мемлекет болып саналады. Оның үстіне, соңғы социолингвистикалық деректерге көз жүгіртсек, Қазақстанда славян текті ұлттардың орнын түркі тектес ұлттардың саны басып келе жатыр. Яғни, Қазақстан біртектес түркі текті ұлттардан құрылған елге айналуда. [3, 156]. Бұған ішкі де, сыртқы да миграция әсер етуде.

Өзбек, қырғыз, түркімен, ноғай, қарақалпақ сынды түркі этностары қазақтармен ежелден қонысы бір, өрісі тең халықтар болғандықтан, қазіргі Қазақстан территориясында бұл ұлттар өзара аралас-құралас жатты. Ал *ұйғыр, түрік, өзбек, әзірбайжандар* көршілес елдерден қоныс аударылды. Мұның ішінде түркі халықтары Кавказ бен Шығыс Түркістаннан, Орта Азиядан көшіріліп әкелінді.

Қазақстанда қазіргі таңда 25-тен аса түркі тектес халықтар тұрып жатыр: *қазақтар, ұйғырлар, түріктер, әзірбайжандар, татарлар, өзбектер, қырғыздар, балқарлар, қарақалпақтар, ноғайлар, қырым татарлары, башқұрттар, шорлар, түркімендер, мордвалар, қарайымдар, чуваштар, хакастар, гагауыздар, қарашайлар, алтайлар, сахалар, құмықтар, қырымшақтар*.

Түркі тілдерін зерттеу X ғасырда М.Қашқариден басталғанымен, еуропалық ғалымдар XIX ғасырдың басынан бастап көп көңіл бөле бастады. Әсіресе, орыстың әртүрлі этнограф, тарихшы ғалымдырының еңбегі зор болды. Түркі тілдерінің жайында деректер қалдырып, елеулі еңбек еткен ғалымдарға С.Е. Малов, В.В. Радлов, А.Н. Самойлович, Н.З. Гаджиева, В.А. Богородский, Ф. Корш, А. Ремюза, Г. Рамстед, Н.Ф. Катанов, Б.Я. Владимерцев, Н.А. Баскаков, Т. Текин, И. Бентинг, К.Г. Менгес сынды ғалымдарды жатқызуға болады [4].

Қазақ тіл білімінде түркі халықтары әлеуметтік лингвистика тұрғысынан арнайы зерттелмесе де, түркі тілдерінің лексика-грамматикалық сипаты мен дыбыстық-фонетикалық жүйесіне көптеген зерттеулер жасалды. Мәселен, 2015 жылы шыққан «Түркі тілдері» атты қазақстандық ғалымдардың ұжымдық монографиясы он бес түркі тілінің грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, сөзжасам, стилистикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Әлеуметтік лингвистикада Қазақстандағы тілдік ахуалға сипаттама берілген еңбектердің ішінде Б. Хасанұлының «Национальные языки: поиски и перспективы» (1989), мен Казахско-русское двуязычие (социально-лингвистический аспект) (1987), «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» (1976), «Қазақстандағы мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы» атты ұжымдық монография (2016), Э.Сүлейменованың «Языки, народов Казахстана» (2007), О.Алтынбекованың «Этноязыковые процессы в Казахстане» (2006), Абасиловтың «Алматы облысындағы тілдік ахуал (әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу нәтижесі)» (2013) атты тағы да басқа көлемді еңбектерде Қазақстандағы этностардың тілдік құзіретін қарастыру барысында түркі халықтарының де тілдік ерекшелігі сипатталады. Алайда мұнда да түркі тілдеріне кешенді, арнайы зерттеу жасала қоймаған.

О.Алтынбекова мен А. Абасиловтың Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі этникалық топтардың тілдік ахуалына жасаған бірең-сараң зерттеу мақалалары бар. Атап айтқанда, А.Абасиловтың Қызылорда, Алматы облысы мен О. Алтынбекованың Ақмола, Қарағанды, Атырау мен Маңғыстау облыстарына, А. Жикееваның Қостанай облысына, Д. Шайбекованың Шығыс Қазақстан облысына, А. Досмұхаметованың Ақмола облысына жасаған социолингвистикалық зерттеулерінде түркі халықтарының тілді меңгеру ерекшеліктері жайлы аздап айтылады. Алайда кешенді зерттеу жасалмаған.

Қазақстанда біртілділік емес, қазақ-орыс тілінің қостілділігі жайлы этнолингвистикалық, психолингвистика, социолингвистикалық зерттеулер біршама жүргізілгендіктен, мұнда да түркі тілдес халықтардың тілді меңгеру сипатына шамалап сипаттама беріледі. Мәселен, Н. Шаймарданова, Ж. Смағұлова, Э. Сүлейменова, Б. Рақышева, Б. Құрманова, М. Копыленконың зерттеулерінде Қазақстандағы халықтардың қос тілдік қаншалықты меңгергендігі жайында жазылған еңбектерінде түркі этностарына сипаттама жасалады.

Түркі халықтары таралған аймақтардың барлығы мемлекеттік тілді – қазақ тілді жақсы меңгерген аумақтарға жатады. Қазақстанды шартты түрде бес негізгі аймаққа – Шығыс, Орталық, Батыс, Оңтүстік, Солтүстік деп бөліп алып салыстырсақ, онда Қазақстанның батысы мен оңтүстігі қазақтілді аймақ саналады.

Сондықтан осы өңірлерде қоныстанған түркітектес ұлттардың да қазақ тілді меңгеруі

жоғары. Мұнда қазақ-өзбек, қазақ-ұйғыр, қазақ-түрік және қазақ-әзірбайжан қостілділігі қалыптасқан. Ал өзге түркітілдес этностармен салыстырғанда татарлар барынша шашыраңқы жатқандықтан, бұл этностың қазақ-татар қостілділігіне қарағанда, орыс-татар қолтілділігі басымырақ.

Соңғы халық санағының мәліметтеріне қарағанда республикадағы қазіргі 14 облыстың жетеуінде қазақтар саны жағынан барлық тұрғындардың көпшілігін құраса, 1 облыста (Солтүстік Қазақстан облысы) дәл осындай артықшылықта болмағанымен кез келген жекелеген өзге этностардың қай қасысынан да жоғары пайызға ие. Сонда қазақтар 14 облыстың 8-інде саны жағынан барлық тұрғындардан басым да, қалған облыстарда орыстардан кейінгі орынды алады. Ал қазақтар басым сегіз облыстың төртеуі оңтүстік аймақта жатса, төртеуі батыс өңірінде жатыр. Ал саны жағынан орыс ұлты басым обылыстардың төртеуі солтүстік аймаққа, бірі орталық аймаққа қарайтын 44 ауданының 36-сында қазақтар барлық тұрғындардың жартысынан астамын (63 пайызы) құрайды да, бесеуінде дәл осындай болғанымен саны жағынан кез келген этностан басымдылық танытады.

Сол сияқты кейбір аймақтарда тығыз қоныстанған этностарға өзбек, ұйғыр және татарлар жатады. Олар көбінесе оңтүстік аймақтағы обылыстарда ғана емес, сондай-ақ саны жағынан орыс ұлты басым келетін обылыстарда да қазақы тілдік ортаның кеңінен өрістеуіне өз ықпалын тигізіп отырғаны анық. Мәселен, 1989 жылғы санақ бойынша, оңтүстік аймақта қазақ тілі ана тілі және екінші тіл ретінде өзбектердің 5,7 пайызы, татарлардың 9,3 пайызы меңгерсе, батыс аймақта өзбектердің 3,6 пайызы, татарлардың 2,6 пайызы, солтүстікте өзбектердің 7,7 пайызы, шығыста 16,8 пайызы, татарлардың 13,5 пайызы меңгергіндігін көруге болады. Бұл мәліметтер қазақ тілінің әлі де жеке дара мемлекеттік тіл мәртебесін толық ала қоймаған уақытындағы 1989 жылғы халық санағының көрсеткішітері болса, бүгінгі күндері бұл айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, 1994 жылы Жоғарғы Кеңестің ақпарат-талдау орталығы мен Қазақстан Республикасының Тіл туралы мемлекеттік комитеті жүргізген сұрау салудың нәтижелері бойынша ұйғырлардың 75 пайызы, өзбектердің 76 пайызы, татарлардың 50 пайызы қазақ тіліне аса ықыласты екендігін көрсетеді. 2009 жылғы санақ бойынша, Қазақстан аумағындағы 125 этностың сан жағынан ірі деген 7 этносына түркі халықтарынан қазақ (63,1%), өзбек (2,9%), ұйғыр (1,4%), татар (1,3%) кірді. Соның ішінде халық санындағы ең үлкен үлес салмақты қазақ еншіледі. Қазақтың саны 1999 жылғы 8 011,5 мыңнан 2009 жылы 10 096,8 мыңға көбейді. Яғни тәуелсіздік жылдарындағы екі санақ аралығында (1999-2009) қазақтың саны 26,0%-ға артты [5].

Жеке этностар ішінде түркі халықтары өкілдерінің қалалық және ауылдық жерлерде қоныстануын былайша сипаттауға болады: халықтың жалпы санынан 47,9% қазақ, 74,6% татар, 42,7% ұйғыр, 27,8% түрік, 48,8% әзербайжан, 68,3% қырғыз, т.б. қалалық жерлерде тұрып, қалған бөлігі ауылдық жерлерде тұрған. Қазақстан халқы құрамында еркектердің үлесі – 48,2%. Түркі халықтары ішінде еркектердің саны әйелдерден әзербайжандарда (53,1%), өзбектерде (50,8%), (57,0) басым болған.

Түркітектес ұлттардың басым бөлігі өз тілдерін ана тілім деп көрсеткен. Мәселен, қазақтардың 98,9 пайызы, өзбектердің 95,4 пайызы, ұйғырлардың 85 пайызытүріктердің 92,8 пайызы, әзірбайжандардың 73,4 пайызы, қырғыздардың 73,7 пайызы, татарлардың 51 пайызы өз тілдерін ана тілім деп көрсете алған. Әрине, ана тілін меңгерудегі мұндай жоғары көрсеткіш – түркі тілдес халықтардың үлкен жетістігі, нақты айтқанда, өз ұлтының тілін меңгеру дәрежесі – тұтастай алғанда сол ұлттың дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Түркітілдес халықтардың орыс тілін меңгеру деңгейі де бірқалыпты жоғары. Қазақтардың 92 пайызы, өзбектердің 92,9 пайызы, ұйғырлардың 95,8 пайызы, татарлардың 98,4 пайызы, түріктердің 96,1 пайызы, әзірбайжандардың 96,6 пайызы, қырғыздардың 92,5 пайызы орыс тілін ауызша түсінемін деп көрсеткен. Орыс тілін жетік білетін түркітектес ұлттардың қатыран татарлар мен әзірбайжандарды жатқызуға болады. Десе де славянтекті этностардың орыс тілін білу деңгейі түркітектестерге қарағанда жоғары. Олардың көрсеткіші 98-99 пайызды құрайды.

Қазақстанда төрттілділіктің де бірнеше түрі кездеседі. Республикадағы төрттілді халықтар: дүнгендер (дүнген-орыс-қазақ-ұйғыр төрттілділігі), ұйғырлар (ұйғыр-дүнген-қазақ-орыс төрттілділігі), тәжіктер (тәжік-өзбек-қазақ-орыс төрттілділігі), өзбектер (өзбек-

тәжік-қазақ-орыс төрттілділігі), ингуштар (ингуш-шешен-қазақ-орыс төрттілділігі) т.б. Б. Хасанұлы келтірген осы төрттілділік түрлерін Алматы облысында кездестіруге әбден болады [6, 185].

Түркі халықтарының демографиялық дамуы қоғамдық дамудың дәстүрлі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси қатынастардың нақты әсеріне ұшырады. Демографиялық өсу заңдылықтарының мызғымас шарттарының бірі мынада – кейбір қиын тарихи себептерге байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуы кенжелеп, артта қалып қойған халық әр уақытта өз бойында тарихи ыңғайлы жағдай туғанда демографиялық қайта өрлеуге қажет болатын күшқуатты сақтап қалады және оны дер кезінде, қолайлы жағдайда өзінің даму мүддесіне сай жұмсай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Салпагаров А. Численность населения тюркских государств и народов (комментарий) http://realalania.narod.ru/turkalan/1san/0bashi.htm.*
2. *Қазақстандағы мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы: Монография/ - Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 428 б.*
3. *Швейцер А.Д. Современная социолингвистика. Теория, проблемы, методы. – М., 1976.*
4. *Аврорин В.А. Проблемы изучения функциональной стороны языка. –Л.: Наука, 1975.*
5. *2009 жылғы Қазақстан Республикасы халық санағының қорытындысы туралы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. – Астана, 2010 // stat.gov.kz (сайт қаралған күн: 26.10.2016).*
6. *Хасанулы Б. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития (социопсихолингвистические аспекты). – Алматы: Арда, 2007. – 384 б.*

Әзімхан А.Т.
1-курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Кожекеева Б.Ш
Филология ғылымдарының кандидаты., қауым.профессор
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, e -mail: Bekzada61@mail.ru

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түйіндеме. *Мақалада Ноғайлы дәуіріндегі әдебиет үлгілері мен жыр мәтіндерінің зерттелуі сөз болады.*

Резюме. *В статье исследованы образцы литературы в эпоху Ногайлы*

Summary. *The article examines examples of literature in the era of Nohili*

Ноғайлы дәуірінің әдебиеті – Алтын Орданың ыдырау кезеңі мен Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі әдебиет.

XIII ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеушісі түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» ұғымы шыққан [1, 188-189 бб.].

XVI ғасырдың екінші жартысында Қазан және Астрахань хандықтарының Ресейге қосылғанынан кейін, Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге ыдырады, оның ыдырау үрдісінде халықтың бір бөлегі қазақтың Кіші жүзінің құрамына енді. Ноғайлар мен қазақтар аралас-құралас отыра берген. Өзара туыс екі Орда – ноғайлар мен қазақтардың бірге көшіп жүрген уағын «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» алтын заман ретінде бағалайды Шоқан.

Ноғайлы дәуірінің әдебиеті, негізінен, екі түрлі арнада дамыды: бірі – фольклор, екіншісі – ауыз әдебиеті. Фольклор саласында көптеген ғұрып өлеңдері мен ертегілер, шығыс сюжеттері “Мың бір түн”, “Тотынама”, “Калила мен Димна” кең тарады. Қаhармандық мазмұндағы классикалық эпос үлгілері “Қобыланды”, “Алпамыс”, “Ер Сайын” бұл кезеңде этникалық сананың қозғаушы күші ретінде мазмұндық-құрылымдық жағынан жаңғырып, толықтырылып, қайтадан эпикалық айналымға түсті. Сонымен қатар ноғайлы заманының тарихи оқиғаларын қамтыған эпостық жырлар да бой көрсетті. Олар бірде жеке батырлардың іс-әрекеттеріне негізделсе, “Ер Тарғын”, “Ер Қосай”, “Ер Көкше”, бірде ондаған жырлардан құралатын, генеологиялық жүйеге негізделген эпикалық топтама үлгісіне құрылды (“Едіге”, “Орақ – Мамай”, “Қарасай – Қази”, “Аңшыбай батыр”, “Парпария”, “Құттықия”, “Едіге”, “Нұрадин”, “Мұсахан”, т.б.). “Қырымның қырық батыры” деп аталған бұл жырлар Қазақстанның батыс аймақтарында сақталған. Оның толық нұсқасы 1942 жылы Мұрын жыраудан жазылып алынса, кей үлгілерін (“Қарасай – Қази”, “Едіге”, “Орақ – Мамай”) 20 ғасырдың бас кезінде Нұртуған ақын жазбаша түрде қайта жаңғыртқан.

Қазақстан Ғылым Академиясы орталық кітапханасының қолжазба қорындағы «Мұрын жыраудың өмірбаяны және қысқа өлеңдері. Көкше батыр» қолжазбасында мынадай мәлімет беріледі: «Ноғайдың әуелі келіп жайлаған жері Әз Жәнібек ханның Астраханнан келіп орын алуы мен ноғайлар да осылай қарай өте бастады. Әз Жәнібектен бұрын бұның алдын қалмақ иеленіп қалып бермеген, сонан ноғайдың ерлері қалмақты бостырған.

Ноғайдың тарауы үшке бөлінеді:

1) Қарақыпшақ ноғай, оларға: Қобыланды батыр жатады.

2) Қырымды ноғайға жататын: Ер Көкше, Ер Қосай, Айсанның ұлы Ахмет, Ақжонас ұлы Ер Кеңес, Асанғайғы, Ер Абат, Қарға бойлы Қазтуған, Нәрік ұлы Шора, Шынтас ұлы Төрехан т.т.

3) Шер куртты ноғайға жататындар: Алатайлы Аңшыбайдың тұқымы Мұраттың маған айтуы осы» [2, 3 б.].

Жалпы ноғай Ордасының Қазақ хандықтарының қалыптасуына үлкен әсері болған. Қарақалпақ халқы да осы Орданың құрамына кірген халықтар негізінде пайда болды. Бүгінгі таңда Солтүстік Кавказда осы орда құрамына кірген құмық, балқар, қарашай халықтары тұрады.

Бұл күнде бұрын ноғайлы әдебиеті делініп келген туындылардың көпшілігі қазақ әдебиетінің қорында сақталып, оның төл туындыларына айналып кеткен. Мысалы, «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе» т.б. ертегі, аңыздар мен «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының мұралары.

Ноғайлы дәуірі әдебиеті туралы алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов XIX ғ. сөз еткен еді. Ол өзінің еңбектерінде қазақтың батырлық эпосы Ноғай ордасы заманында туған деп тұжырымдайды [3, 138 б.] Ол Торғай даласынан «Ер Көкше», «Едіге», «Орақ» жырларын жазып алады.

Кейіннен Сәкен Сейфуллин осындай жағдайларды ескере келіп, эпикалық аңыздауларға «Ноғайлы дәуірінің туындылары» деп сипаттама берген [4, 138 б.].

Қазақтағы батырлар жырының дені «Ноғайлы дәуірінде туды» дей келе, пікірін дәлелдеу үшін сол дәуір жайында тарихи деректер келтіреді. Сонымен қатар жырлардың Ноғайлы дәуірінде туғандығын көрсету үшін бірнеше жырдан («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Жабай батыр» т.б.) сөзіне дәлел ретінде үзінділер алады. Сәкен еңбегінде қазақта эпостық жырлар тек «Ноғайлы дәуірінде» туған деген пікір баса айтылады [5, 161 б.].

Ноғайлы дәуірі, сол дәуір әдебиеті жайлы пікір білдіргендердің бірі – Е. Ысмайылов. Оның 1939 ж. жазған «Батырлар жыры туралы» деген мақаласы көлемі жағынан ықшам болғанымен едәуір келелі ой түйген зерттеу деп бағаланған.

«Қазақтың жалпы батырлар жырын алғанда өзінің шыққан заманына, тарихи дәуіріне қарай бірнеше салаға бөлуге болады, – дейді ол, – XIV ғасырға дейінгі болған қаңлы-қыпшақ заманының батырлар жыры: Ертөстік, Құламерген, Аралхан, Көрұғлы, Бозұғлан, Алпамыс т.б.

XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының жырлары: Едіге, Қобыланды, Орақ-Мамай, Шора, Ер Тарғын, ЕрКөкше, Қамбар, Бөген батыр, Ер Сайын т.б.

XVII-XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ арасының қарым-қатынасына байланысты батырлар жыры: Есім хан, Қабанбай, Олжабай, Бөгенбай, Арқалық, Алатай, Қаратай т.б.

XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына байланысты батырлар жыры: Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Жанқожа, Ағыбай, Сұраншы, Сыпатай, т.б.» [5, 115 б.]

Мұрын жырау Сеңгірбекұлынан жазылып алынған “Қырымның қырық батыры” атты бас қаһармандары қырық бір батыр болып табылатын отыз бес жырдан құралған эпикалық жырлар циклы – әлем мәдениетінде аса маңызды орын алатын теңдессіз құбылыс. Бұл туралы Қ.Сәтбаев, Н.Сауранбаев, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, С.Садырбаев, О.Нұрмағанбетова, М.Ғұмарова, С.Қасқабасов, Қ.Сыдиықұлы, Ш.Ыбыраев, С.Қондыбай және өзге де қазақ ғалымдарының зерттеулерімен қатар сыртқы жұрт өкілдерінің еңбектерін де оқи отырып анық көз жеткіземіз. Мысалы, 1944 жылы Ташкент қаласында өткен Орта Азия фольклоры туралы бүкілодақтық ғылыми конференция қаулысында бұл эпостың дүниежүзілік маңызы бар екені арнайы атап өтілді. Академиктер – В.М.Жирмунский мен Е.М.Мелетинскийдің іргелі ғылыми еңбектерінде де “Қырымның қырық батырының” танымдық, тарихи, рухани және көркемдік айрықша құндылығы жан-жақты ашып көрсетілген.

1963 жылы жарық көрген “Батырлар жыры” атты екі томдық жинақтың екінші томында “Манашыұлы Тұяқбай”, “Ақжонасұлы Ер Кеңес” жырлары, 1964 жылы басылып шыққан “Батырлар жыры” атты кітапта “Қарадөң”, “Жұбаныш”, “Сүйініш”, “Ер Бегіс”, “Тегіс, Көгіс”, “Тама” жырлары алғаш рет баспа бетін көрді.

Ол уақыттағы жарияланымдардың барлығы цензураның қатаң сүзгісінен өтіп, үстем идеологиялық ұстанымдарға, коммунистік көзқарасқа сәйкес келгенде ғана көпшілікке ұсынылып отырғаны баршаға аян. Соның салдарынан жыр мәтіндерінің көптеген тұстары қысқартылған немесе өңделген. “Қырымның қырық батырын” жыршының өзі “Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары”, “Қарадөң батыр және оның ұрпақтары” және “Жеке батырлар” деп аталатын үш салаға бөліп жырлағаны белгілі.

“Аңшыбай және оның ұрпақтары” атты шежірелік циклды құрайтын сегіз жырдың бас қаһармандары – Аңшыбай, Парпария, Құттықия, Едіге, Нұрадын, Мұса хан, Орақ, Мамай, Қарасай, Қази атты он батыр.

Бұл кейіпкерлердің алғашқысы тек Мұрыннан жазылып алынған жырларда және “Қарасай, Қази” жырының Маңғыстаудан табылған, белгісіз жыршыдан жазылып алынған нұсқасында, сонымен қатар ноғайдың “Эдиге” атты жырында ғана кездессе, Парпария деген есімді Мұрын жырау репертуарындағы жырлардан және жоғарыда аталған ноғай жырынан ғана ұшырастырамыз. Едігенің әкесі ретінде сөз болатын Құттықия және Едігенің шөбересі – Мұса туралы жеке жырлар тек осы циклда ғана бар. Едігенің ұлы – Нұрадын да жеке жырдың кейіпкері ретінде осы эпикалық топтамада және профессор А.В.Васильев жазып алған тағы бір қазақ жырында ғана көрінеді.

Мұрын айтқан “Едіге”, “Орақ, Мамай” жырлары бұл жырдың өзге түркі халықтары мен қазақтар арасындағы нұсқаларынан өзіндік соны сипаттарымен дараланады.

Қазақтар арасында отыздан астам үлгісі сақталған “Қарасай, Қази” атты жыр өзге халықтарда кездеспейді. Бұл туындының Мұрын жырау нұсқасы қайталанбас өзгеше айшықтарға толы.

“Қарадөң батыр және оның ұрпақтары” шежірелік циклына жататын “Қарадөң”, “Жұбаныш”, “Сүйініш”, “Ер Бегіс” атты жырлардың бас қаһармандары өмірде болғандығынан оқырман қауым осы жырлармен танысу барысында ғана хабардар болса, “Тама” жырында Жетіруға жататын рулардың бірінің атасы дәріптелетіні осы циклдың ең соңғы екі жырының бас кейіпкерлері Нәрік пен оның ұлы Шора екендігінен айқын аңғарылады. Ал, Таманың әкесі Көгіс екенін осы эпикалық топтамадағы “Көгіс, Тегіс” жырымен қатар “Қарасай, Қази” жырының Мұрыннан өзге жыршылар айтқан бірнеше нұсқасын және “Шора батыр” жырының татарлар арасынан жазып алынған үлгілерін оқи отырып білеміз. Бір қызық жайт – осы топтамадағы “Тана” атты жырдың бас қаһарманының Таманың ұлы екендігі баяндалуы.

Ноғайлы дәуіріндегі әдебиет үлгілерін М.Османов, В.В. Радлов, А.Жәнібек, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, М.Мағауин, А.Сикалиев, Ә.Дербісалин, т.б. ғалымдар зерттеді[6].

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық / Жауапты ред. А. Қойгелдиев. – Алматы: Ғылым, 1983. – 1 т. – 225 б.
2 Мұрын жыраудың өмірбаяны және қысқа өлеңдері. – 7 бет, 145 жол, 1942 ж. жазып алынған. – ЗЗО. – №5
3 Қазақ фольклористикасы / Жалпы ред. басқ. проф. М. Ғабдуллин. – Алматы: Ғылым, 1972. – 297 б.
4 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті // Шығармалар: 6 томдық. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964. – 6 т. – 455 б.
5 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1958. – 201 б.
6 Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005

УДК 82.091

Лулудова Елена Михайловна
к.ф.н., доцент литературоведения, профессор кафедры социальных технологий
Алматинского филиала Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюза
e-mail: eluludova@mail.ru

ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТЬ КАК ОСОБЕННОСТЬ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ РУБЕЖА ВЕКОВ (на примере анализа текстов А.Ахматовой)

Түйін сөздер: *интермәтінділік, интерпретация, бір-біріне ықпал жасау, стильдеу, қайта өңдеу, мәнмәтін, көркемдік әлем, поэтика.*

Аннотация. *Мақалада XIX-XX ғасырлар тоғысындағы орыс әдебиетіндегі интермәтінділік мәселесі талданады. Алайда интермәтінділік жалпыпоэтикалық нақты-субьективті қабылдау ерекшелігін анықтау мақсатындағы ғылыми мәселе ретінде емес, автордың көркемдік әлеміне жетелейтін құралы ретінде, оның өмірі мен шығармашылығы барысында жинақтаған әдебитанымдық білім алу мүмкіндігі ретінде қарастырылады.*

Key words: intertextuality, interpretation, influence, pastiche, re-creating, the context, the art world, poetry.

Abstract. The article offers a study of intertextuality in Russian literature at the age of changeover of XIX-XX centuries but the intertext is not observed as a scientific problem but as a possibility of literary reading of what was achieved in the life and work by a specific author as a means of access to the artistic world of the author taking into account the underlying parameters in order to identify the specifics of specifically-subjective perception of general poetic concepts.

Ключевые слова: *интертекстуальность, интерпретация, взаимовлияние, стилизация, пересоздание, контекст, художественный мир, поэтика.*

Аннотация. *В статье предлагается изучение интертекстуальности русской литературы рубежа XIX-XX веков, но интертекст рассматривается не как научная проблема, а как возможность литературоведческого прочтения того, что в ходе своей жизни и творчества было создано конкретным автором, а также как средство доступа к художественному миру автора в его базовых параметрах с целью выявления специфики конкретно-субъективного восприятия общепоэтических концепций.*

Введение. С точки зрения теории и истории литературы, писательская деятельность вообще и художественный мир Анны Ахматовой в частности вызывают непреходящий интерес, так как они не только соединяют в себе различные тенденции в литературном творчестве своей эпохи, но и порождают новые. Каждый художественный элемент становится составной частью особых иерархических отношений, может рассматриваться как часть некоего системно-структурного образования, с определенным потенциалом семантических вариаций и организованное по соответствующим внутренним законам. Тексты Ахматовой характеризуются особой динамикой, самодостраиванием, специфической формой развертывания художественных смыслов.

Творчество Анны Ахматовой принято делить на раннее («простой» период с 1909 по 1922 гг.) и позднее («возвышенный» период с 1923 по 1965 гг.) [1]. Однако в целом может быть выделено и четыре периода: 1909-1913 («Вечер», «Четки»), 1914-1922 («Белая стая», «Подорожник»), 1935-1946 (переводы), 1956-1965. Последнее обусловлено тем, что тогда наглядно проявляются особенности, присущие поэтессе, а также можно наблюдать: 1) переход от «интимной» к «возвышенной» Ахматовой; 2) потерю метрических ударений; 3) удлинение поэм и укорачивание коротких стихотворений; 4) фольклорные интонации; 5) много «некрасовоподобных» интонаций и размеров и т.д. «Ранние» периоды соответствуют «простой» Ахматовой, ее «материальному» акмеистическому стилю, а в два «поздних» периода создается «темный», «книжный» стиль зрелой Ахматовой, которая видит себя наследником эпоса прошлого во враждебном литературном мире.

Давая характеристику текстам А. Ахматовой вообще, следует отметить, что, с одной стороны, уже в ранних стихах можно наблюдать влияние поэзии В.Я. Брюсова, А. Белого, М.А. Кузмина, А. Блока [об этом подробнее см. 2, с.140-144]. Имеются стилизации в духе поэзии М.А. Кузмина и живописи «Мира искусства». Знакомство со сборником И.Ф. Анненского «Кипарисовый ларец» является причиной не только обозначения одного из стихотворений ее сборника «Вечер» как «Подражание И.Ф. Анненскому», но и приводит к особой анненской ассоциативной насыщенности всех стихов данного сборника, к постоянному соединению «банального» и оригинального при построении описываемых в нем ситуаций. С другой стороны, текстам А. Ахматовой присуща дневниковость, «говорность», разговорность, свободное построение, сиюминутность, а также «трепет живой души женщины переходной эпохи» [3, с.167]. Начиная свое творчество в кругу символистов, А. Ахматова входила в состав поэтов-акмеистов, но из-за того, что не переставала стремиться к

расширению тематики, «укрупнению» переживаний частного человека до вневременной всеобщности чувств и поступков, она и до настоящего времени признается одним из самых ярких явлений в русской поэзии XX века.

Цель данной статьи - рассмотреть тексты А. Ахматовой [4] в соотношении с историко-культурным и идейно-содержательным общемировым контекстом, определить, насколько они, будучи произведениями рубежа XIX-XX веков, традиционны для общемировой культуры.

Как методы исследования применялись: метод сплошной выборки, текстовой поиск, дефиниционный анализ, сравнительно-сопоставительный метод.

Результаты обсуждения и их обсуждение. У А. Ахматовой был собственный лирический дар, способность интуитивно понять содержание и дух чужого текста и пересоздать его, используя схемы русского поэтического слова. Даже выступая в качестве переводчика, она делает не точные переводы, а литературные переложения. Например, переводя армянского поэта Теряна («Как кротко цветок увядает…», «Безвозвратное», «Сумерки», «Никогда не знал я имя феи…», «Пастухи в горах свободны…») она: 1) называет свободными не горы, а пастухов; 2) образ свободных пастухов противопоставляет образу заключенного в мировой темнице; 3) вставляет такие стилистические обороты, что необычны для поэзии Теряна.

Однако сравнение «Реквиема» А. Ахматовой (1935-1940) и, в частности, «Пасхи 1916 года» (написана с мая по сентябрь 1916, а опубликована в 1921 году) ирландского поэта-символиста У. Йейтса позволяет выявить больше соединяющего, чем отличий. Так, можно выделить: 1) образ Музы (ассоциация ее с тростниковой дудкой, водой, сестрой); 2) дар реинкарнации; 3) огненную тему; 4) отсутствие циклизации; 5) образы мучеников, поэта, палача, птицы, поющей после смерти, пугала; 6) диалогический метод; 7) желание объединить эпоху, культуру, историю, реальность. Оба автора говорят об изменении и изменяющемся, смерти и воскресении из мертвых, а жизнь и смерть символизируют у них друг друга («смерть-в-жизни» и «жизнь-в-смерти»). Кроме того, взаимосвязи были опосредованы влиянием сначала Н. Гумилева (он был в тесной дружбе с У. Йейтсем, сообщал о нем в своих письмах к А. Ахматовой в 1917 году, собирался делать сборник его переводов несколькими поэтами из своего окружения), потом О. Мандельштама и Б. Пастернака (в 1922-1924 годах издававших журнал «Современный Запад», где регулярно появлялось имя У. Йейтса) и «Антологии новой английской поэзии» (выпущена в 1937 году в Ленинграде), а также личным восхищением Ахматовой Ирландским литературным возрождением (а значит и ярким ее представителем – У. Йейтсем). Рефрен стихотворения У. Йейтса «Все изменилось, неузнаваемо изменилось: родилась страшная красота» явно объединился с «упоением на краю» А. Пушкина, восторгом перед бурей революции позднего А. Блока, трагическими прозрениями «Петропольского цикла» О. Мандельштама, личными переживаниями и представлениями А. Ахматовой.

Сопоставление «Поэмы неизвестного солдата» О. Мандельштама, «Поэмы из Новелл» Б. Пастернака и «Реквиема» А. Ахматовой, где историческая трагедия проявилась в евангелических переделках (мифологический слой растворился в знаменитой политической рутине, появление Музы намекает на появление Вергилия в «Божественной комедии» Данте, а разговоры дублируют беседы Данте с душами из ада, но не всегда можно отделить аллюзии из Данте от аллюзий Апокалипсиса), позволяет отметить, что система образов сжимается, синтаксис упрощается, появляются советизмы и экстраординарный комплекс ассоциативных переплетений, а композиция ориентируется на фонический принцип. Если сравнить названия, то они могут быть объединены как: 1) похоронная поэма о жертвах террора; 2) поэт в век террора («социальный заказ» тюремной очереди и преодоление смерти через «монументальность» страдания). Имеются: аллюзии из А. Пушкина, О. Мандельштама, И. Анненского, А. Блока; тема поэт и рок; любовная тема, переходящая в тему возмездия; поиски соединения любовной и политической темы; тема поэт и история. Таким образом, есть аналогия с любовной лирикой (каменное слово как слово расставания или неприязни, смерть, крик, тюремная любовь), а в связи с этим забвение и уход из мира ранней лирики кажется временным и незаконченным.

Многие произведения А. Ахматовой начинаются с эпиграфа. Специальное их изучение необходимо, так как они: 1) намеренно подчеркнуты самой поэтессой; 2) могут быть восприняты как «внешние» тексты. Текстуальные проблемы затруднены, так как: 1) присутствие или отсутствие эпиграфа в напечатанном тексте не всегда связано с желанием автора; 2) может быть реорганизация поэм в различных циклах или перемещение поэмы из одного цикла в другой. Кажется, что Ахматова «коллекционировала» возможное использование эпиграфов; намеренно давала неправильные даты, чтобы отвлечь внимание читателей в личных или политических целях. Однако наблюдается рост употребления эпиграфов от 2% (в 1910-е) до 52% (в 1960-е) и в трех пиках – 1920-е, 1940-е, 1955-

1966. Эпиграфы используются для усиления поэм, как комплимент-посвящение, как продолжение темы, имеют политическое значение, параллели между образами, подчеркивание литературной традиции и т.д.

Еще одна особенность ахматовских текстов – это «предыстория». В поэме «Предыстория» впервые проявилась склонность поэтессы к источникам, к «первым временам». Например, фраза «Россия Достоевского» может быть представлена как описание России времен Достоевского (т.е. 50-80-е годы XIX века) и как показ России, описанной в его книгах (т.е. показ России через призму жизни и работ Достоевского). В данной поэме А. Ахматова акт написания (акт творчества) уравнивает с космогонией: Достоевский, как демиург, пересоздает сотворенный мир в своем искусстве. Для космогонических мифов характерны такие три особенности, как: 1) восстановление первозданного хаоса, смешение всего; 2) отмена прошедшего времени (проявляется во взаимном передвижении в настоящее время); 3) победа хаоса и появление космоса (появление жизни из изначального хаоса). Появление данного мифа (о рождении поколения поэта из хаоса Достоевского) было связано со стихотворением «Отцу» Пастернака и фрагментами его поэмы «Девятьсот пятый год». Их объединяют метафоры, образ Достоевского, мотивы рождения, зрелища и судьбы. Мотивы зрелища и судьбы имеют много точек соприкосновения и с поэмой Ф. Тютчева «Цицерон». Само заглавие поэмы указывает на две причины недатированности фактов истории: 1) репрессии; 2) особая, неисторическая, мифологическая предубежденность самой А. Ахматовой. Она подтверждает это цитатами из своей статьи «Каменный гость» (речь идет о том, что в драматическом действии «всё начинается – когда всё кончается», т.е. сюжет развивается от трагедии к ее причинам). Для А. Ахматовой уже в момент рождения составляется трагический рок ее поколения, в рождении – предназначение жизни как серии катастрофических исторических событий.

Переплетение различных упоминаний составляет литературную биографию А. Ахматовой и прослеживает ее жизнь до событий 22 декабря 1949 года. Слово «омский каторжанин» стали пророческими для многих русских писателей после революции, которая убивала литературу не метафорически. Кроме того, если казнь и заключение повлияли на творчество Достоевского, то работы поэтов и писателей ахматовского поколения «пахли» казнями.

Роман «Братья Карамазовы» может быть рассмотрен как комментарий к поэме А. Ахматовой по трем образам: канава, летняя беседка, темные окна в доме. Он служит ключом к поэтическому пониманию рока ахматовского поколения: конфликт отцов и детей, восстание сыновей на отцов и против всех форм власти, а убийство предвещает невиданное зрелище. Подробный анализ показывает, что прошлое объясняется А. Ахматовой как интегральная часть настоящего. Прошлое собирается в первоначала, передающие приговор настоящему (линия «всё понял и на всем поставил крест»). Однако А. Ахматова изучает и свои личные первоосновы. От матери она получила доброту, а от Достоевского – жестокость. Более того, А. Ахматова может быть отождествлена с Достоевским как его литературный потомок если исходить из: 1) поэтизации его произведений; 2) метапоэтического описания его критических работ: а) «перепутывания» противоположных категорий и понятий; б) смешение лирических и эпических средств, фактов и вымысла, темноты и света, затуманивание границ между прошлым и настоящим. Кроме того, заметим, что текст поэмы изобилует аллюзиями из произведений писателей XIX века, что является реализацией перенасыщенного потенциала сотворения мифа.

Ахматовская «Поэма без героя» уже толковалась не раз, но то как поэма-совесть (А.И. Павловский [1, с.67]), то как поэма-раскаяние, вопль о свободе от пытки совестью (С.Л. Франк [5, с.646]), то как поэма-эпос (С.Л. Франк [5, с.647]), а также исповедь ради прощения грехов (Б. Филиппов [6, с.200-233]), абсолют (В.Н. Топоров [7; 8, с.15-21], С. Дривер [9]), тема греха, скрытая в ящик с тройным дном (Н.Я. Мандельштам [10, с.246]), иммитация Пушкина и его исповеди и раскаяния (А. Ахматова [4, с.630], Н.Я. Мандельштам [10, с.246]).

Пристального внимания заслуживает и тот факт, что А. Ахматова превращает тему исповеди Пушкина в свою собственную исповедь, так как:

1. Неизбежность судного дня приводит к исповеди, которая дает прощение и принятие неизбежного. Тема поэтического бессмертия, невинности и чистоты через распространение чистоты вырастает в оправдание лирического «я». А. Ахматова исповедуется, но не из страха или ожидания возмездия, а из необходимости раскрыть себя, спасти себя как поэта и человека («готовность к смерти» несет в своих пределах идею «подготовки к смерти»).

2. На чувстве гордого самоанализа А. Пушкин и А. Ахматова основывали свою любовь к праху предков и свое прошлое место в истории людей.

3. Для А. Пушкина и А. Ахматовой общи конкретные детали биографий и темы поэм (одинокое существование в литературном мире; травля в прессе; мелкие сплетни и политическая клевета, переносимая из личной в более общую сферу; описание прошлого, потерянных дней, Петербурга).

4. Глубоко проникнув в изучение пушкинского творческого процесса («порывов, намерений и амплитудных колебаний» его) А. Ахматова пришла к реализации всех своих возможностей творения как исповеди перед собой.

Не игнорируя литературные и исторические реминисценции в работе А. Пушкина, она стремилась к обнаружению психологического слоя творческой личности А. Пушкина [11].

Исследования А.Ахматовой помогли ей справиться с обескураживающими превратностями славы и фортуны. Она построила самые величественные поэтические структуры, руководя нашим возвращением к пушкинской лирике (реминисценции и аллюзии в лирике А. Ахматовой). Однако, чтобы проследить подтекстовые аллюзии ахматовских предшественников и расшифровать их смыслы, необходимы огромные знания. Так, ее «Поэма без героя» может быть названа палимпсестом XIX века и быть рассмотрена на уровне греческой трагедии и сатирической драмы, что подтверждается: 1) множеством аллюзий; 2) словами А. Ахматовой; 3) ссылками на сцену, танец, оперу, оркестр; 4) прозаическими замечаниями для сцены.

Прослеживается близость ахматовской поэмы с романтической поэмой XIX века (точнее, с поэмами А. Пушкина и Байрона), близость героической поэме с ее эпическими свойствами, объединение индивидуального лирического потока с эпическим уровнем (поэзия о Петербурге/России). И у А. Ахматовой, и у греческой трагедии одна тема – смерть великого города и его культуры. Смерть города влечет за собой смерть всех его жителей. Шум движения Времени (было у А. Блока в «Возмездии» и у О. Мандельштама) сопровождается великим прошлым Петербурга. Трагедия приходит через обертон – это не запись действительно звучащего, но это слышимое в сочетании звуков, что слышатся в таинственной симфонии, в сознании читателя.

Сама А. Ахматова в «Решке» сравнивает себя с трагическим актером в маске, с трагическими ролями Софокла, с заживо похороненной Антигоной и с несчастной Кассандрой. Упоминается оплакивание непогребенных поэтов XX-го века и поисках могилы декабристов.

Присутствие в «Поэме без героя» сатирической драмы подтверждается упоминанием Глебовой-Судейкиной, строкой «Пятым актом из Летнего сада пахнет», ссылкой на Шекспира, упоминанием сатиров. При описании любовного треугольника Блок – Ольга – Князев упоминаются: вино, Содом, Афродита, Елена, есть сравнение с «Циклопами» Эврипида.

Рассмотрение поэмы как мениппеи подтверждается: 1) снами на грани сумасшествия; 2) раздвоением личности (Ольга как двойник поэта); 3) «диалогами порога»; 4) мыслями о самоубийстве; 5) тем, что целые части поэмы можно определить как разговор с самим собой, где идет диалогическое изложение себя; 6) обесцениванием положений в мире их трансформацией на подмостках театральной жизни; 7) пантомимой и карнавальной смертью/воскресением «короля».

Ключевые слова: *социальные отношения, индустриальная цивилизация, научно-техническая революция, массовая коммуникация, национальные интересы, новое мышление, духовная гармония.*

Summary. *The author draws attention to the analysis of the concepts of radical renewal of social relations and the creation of an industrial civilization in the information society. In modern societies, along with the scientific and technological revolution, there are various scientific views on the protection of public interests in the economic, social and cultural spheres.*

In this article, the role of mass media in democratic societies, the creation of a just society and the protection of state, national interests are examined.

The author considers the role of communication in the era of digital technologies in combination with national ideology and state development. And he makes a conclusion about the need to pay special attention to the issues of spiritual harmony and protection of national interest in the activities of mass communication media.

Keywords: *social relations, industrial civilization, scientific and technological revolution, mass communication, national interests, new thinking, spiritual harmony.*

Ақпараттық қоғам генезисін зерттеген ғалымдар өз еңбектерінде адамзат баласы жаңа технологиялық төңкерісті басынан кешіріп жатқандығын және әлеуметтік қатынастар түбегейлі жаңарып, индустриалдық өркениеттің құрылуына әкелетінін дәлелдеуге тырысқан. Солардың бірі – американдық социолог, «постиндустриалды қоғам» тұжырымдамасының авторы Элвин Тоффлер. «Қазіргі мемлекеттердің қоғамдық құрылымы ғылыми-техникалық төңкеріспен бірге келген экономикалық, әлеуметтік салалардағы қайшылықтарға төтеп бере алмай, жаһандық деңгейдегі дағдарыстарға соқтырады. Түбегейлі демократиялық реформалар жасау арқылы әділетті қоғам құруға, дағдарыстардан шығуға болады» деген тұжырымы Тоффлердің көзқарастарының қаншалықты дұрыс бағытта екенін көрсетеді [1].

Элвин Тоффлердің ғылыми тұжырымдамасы бірін-бірі алмастырып, өршітіп келетін толқындарға ұқсайтын қоғамдардың формасы деген идеяға негізделген. Бірінші толқын – алғашқы қауымдастықтағы аңшылар мен терімшілердің мәдениетін алмастырған аграрлық революциядан туындаған. Екінші толқын – нуклеарлық типтегі отбасы мен корпоратившілдікке, білімнің конвейерлік жүйесіне негізделген индустриалды революцияның нәтижесі. Үшінші толқын – интеллектуалды революцияның жеңісі: постиндустриалды қоғам. Бұл қоғамдық формацияда көптеген субмәдениеттер мен мәнерлерді бақылауға болады. Ақпарат материалдық игіліктерді алмастырып, өзі

басым материалға айналады. Көпшілік тұтыну арзан, қолжетімді өнімдерді ұсынып, тауарлар нақты көздеген тұтынушыға арналатын болады.

Тоффлердің болжамдары мен ғылыми тұжырымдарының дәлдігін өмірдің өзі дәлелдеп беруде. Ерлі-зайыпты Тоффлерлер 2006 жылы жарық көрген «Революциялық байлық. Ол қалай жасалады және өмірімізді қалай өзгертеді» деген кітаптарында былай деп жазады: «Капитализмнің басқа да маңызды элементтері сияқты ақша да көп ғасырлар бойындағы жылдам және терең революцияны басынан кешіруде. Осы революция ақшасыз да мүмкін болатын жаңаша формалар мен төлем түрлерін, іскерлік мүмкіндіктерді туғызары сөзсіз».

Дүниежүзінің барлық ірі экономикаларын қамтыған, 2008 жылы басталып соңы әлі көрінбейтін қаржылық дағдарыстың өзі Тоффлер айтқан қаржылық революцияның жақын екенін көрсетіп тұрғандай. Экономистер мен қаржы саласын зерттейтін ғалымдардың «әлемдік қаржы жүйесі түбегейлі өзгерістерді қажет етеді» деген пікірлерінің жиі айтылуы да Элвин Тоффлердің тұжырымының шындыққа жақындығын байқатады.

Осы айтылғандардан қорытынды мынандай: айналамызда болып жатқан құбылыстар, адамдар арасындағы коммуникациялық құралдардың өзгеруі табиғат заңдарынан тыс өмір сүре алмайды. Барша құбылыстарды эволюциялық даму сатысымен бірлестіріп қарау қажет.

Бүгінде «сиқырлы оқ», «тері асты дәрі жіберу» сияқты бұқаралық коммуникацияны зерттейтін теориялар бар. Осы теорияларға сәйкес, ақпарат құралдарын кім басқарса, сол қоғамда да билік құрады. Өйткені, ақпарат оның мазмұнына назар аударған әрбір адамға төтенше мықты, өте зор әсер етеді. Міне, сондықтан да, бұқаралық ақпарат құралдарының адамдарға әсерін атылған оқ пен тері астына егілген дәрімен салыстырады.

Жалпы алғанда, жаңа замандағы коммуникацияның басты атқаратын рөлі мемлекеттің өсу деңгейі мен даму жолына, әлеуметтік саясатына өте тәуелді. Яғни, мемлекет жүргізіп отырған идеологияға тәуелді. Әлемдегі экономиканың 25% пайызын құрайтын, «ең ашық қоғам» деп аталып жүрген АҚШ пен даму потенциалы бойынша әлемді таң қалдырып отырған Қытайдағы коммуникацияның даму деңгейі де әртүрлі. Әрине, олардың таңдап алған даму жолдары да, мемлекеттің қалыптасу тарихы да, азаматтарының менталитеті де салыстыруға келмейді. Бір-біріне ұқсамайды. Сондықтан да, қоғамның дамуы болсын, азаматтардың тұрмыс деңгейі болсын, коммуникацияның рөлі болсын олар да өзгеше [2].

Осыдан келіп коммуникацияға деген мемлекеттің сұранысы мен азаматтардың сұранысы екі түрлі болады. Бұл жерде бізді ойландыратын бірақ нәрсе болу керек. Осындай түрлі даму сатысындағы қоғамдар үшін қазіргі заманғы БАҚ, жаңа технологиялық мүмкіндіктер қандай функциялар атқаруы мүмкін. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Анненберг мектебі ғалымдарының тұжырымдамасын ескере келе біздің қоғам үшін де коммуникацияның басты функциясы қандай болу керек деген сұраққа жауап іздеуіміз қажет.

Қазақ елі үшін, қазақ ұлты үшін жаңа заманғы коммуникацияның ұлтты сақтап қалу, оны дамыту үшін маңызы жоғары. Қазақ тілді БАҚ атқаратын еңбектердің қаншалықты ауыр екенін осыдан байқауға болады. Анненберг мектебінің тұжырымдарын бізге бейімдейтін болсақ, қазақ мемлекеті үшін де жаңа коммуникациялардың басты функцияларын былай деп атауға болады: 1. Ақпараттық және ағарту; 2. Танымдық және тәрбиелік функциясы. Біз көрерменді, тыңдаушыны, оқырмандарды білу деңгейін, таным мен нанымын өсірумен қатар, оларды ұлтымызды сақтап қалу үшін дұрыс бағытта тәрбиелеу қажетпіз. Міне, басты мақсат осы.

Болашақта әрбір мемлекеттің қауіпсіздігі мен ұлттың сақталуы үшін интеллектуалды саладағы күрестің бастысы осы коммуникация саласында жүретін болады. Мына тұжырымды ұдайы есте сақтауға тиіспіз: **«Ақпараттық технология мен коммуникация саласында қандай ұлттың потенциалы жоғары болса, сол ұлт жаңа заманда өз мүддесін қорғай алады»**. Айналамызда болып жатқан коммуникация саласындағы революция осының айқын дәлелі [3].

Коммуникация заңдылықтарын білу, оның даму модельдерін дұрыс бағамдау біздер үшін өте маңызды. Қазақ сияқты саны аз ұлттың коммуникациялық ресурстарды игеру мен дамыту мүмкіндіктері де шектеулі. Қазнеттегі қазақ тілді ресурстардың аздығы біз үшін үлкен проблема. Өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап қалу, жаһандану дауылында шайылып кетпеу үшін де әрбір қазақ өз үлесін қосып, еңбек етуі тиіс. Интернетке кірген сайын он жол қазақша ақпарат қалдырса соның өзі қазақ тілді ресурстардың көбеюіне, тіліміздің дамуына, насихатына да қажет.

Қазір коммуникация саласының қаншалықты маңызды екенін қоғам да, мемлекеттік органдар да толығымен дұрыс бағалай алмай отыр. Болашақта осы мәселелер жөнінде қоғамда, әсіресе, жастар арасында дұрыс көзқарастар қалыптастыру керек.

Қазақ телекоммуникация нарығы әлі де қалыптасу үстінде. Біз жаңа туған сәбидей, көзімізді енді ашып, әлемдік коммуникация бәйгесіне жаңадан қосылған қоғамбыз. Қазақ елінде әлемдік телекоммуникация теориясын жете зерделеп, ғылыми негізде дамып жатқан бірде-бір БАҚ субъектілерін айта алмаймыз. Замана ағысына лайық телеарна, радиоарна құрамыз деген ниеттері бар құрылымдардың өзі трансұлттық кеңістіктегі ақпарат алпауыттарының осыдан 20-30 жыл бұрын жүріп өткен жолын қайталап келеді.

Ертеңгі ақпараттық қоғамның даму тенденциясы қандай болады, оған бүгін қандай әзірлік керек деген ойлар қазақ қоғамына әлі келе қойған жоқ. Отандық телеарна менеджерлері ары кетсе ресейлік арналарға еліктеп, солардың фарватерінде жүзіп келеміз. Қайталау да көп, арзан көшірмелер де көп. Біздің бүгінгі басты кемшілігіміз – ақпараттық кеңістіктің даму трендін ұлттың ертеңімен, ұлттың дамуымен үйлестіріп басқаратын кең ойлы басқарушылардың жоқтығы. Мүмкін, ондай мамандар, осындай ойлатын замандастар бар да шығар. Оларға бағытты анықтап, сұраныс түсіретін қайраткерлер табылмай отыр. Олардың ертең ел арасынан, қоғамның өзі шығаратыны заңдылық. Сол кезден бастап телекоммуникациялық нарық қандай, қай бағытпен дамығанымыз дұрыс, бұл бағыт ұлтымыз бен ел мүддесі үшін қызмет етіп отыр ма? Ұлт, мемлекет дамуындағы олардың рөлі қандай, ертеңгі елдің болашағында қандай үлес қоса алады деген сұрақтар қойып, оны қоғам болып іздейтін тұлғалар шығатыны анық [4].

Іргелі халық, ұлт болып қалыптасу үшін өзімізді-өзіміз танып білуге міндеттеміз. Ұлттық дамуда ұлттық сын болуы қажет. Әйтпегенде кез-келген ұлт ескіше ойлаудан аса алмай, рухани дамудың, өркениеттің соңында қалып қалуы әбден ықтимал. Жаңаша қимыл, жаңаша ойлау бүгінде өте маңызды. Ақпараттық қоғамның сипаты осындай.

Жаңаша ойлау дегеніміз – қоғамдық сананың прогрессивті көрінісі. Әр заманның өзінше ойлау жүйесі болады. Жаңаша ойлау туралы әлемге әйгілі философ Бертран Рассел 1954 жылы 23 желтоқсанда Ұлыбритания радиосынан сөйлеген сөзінде былай деген: «Мен сіздердің алдарыңызда ағылшын да, еуропалық та немесе Батыс демократиясының өкілі де емес, бұдан әрі өмір сүруіне қатер төнген адамзат ұрпағының өкілі ретінде сөйлеп тұрмын.

Бүкіл әлем қайшылықтарға толы: дүниеде арабтар мен еврейлер, үнділер мен пакистандықтар, Африкада ақ нәсілдер мен негрлер, қала берді, коммунизм мен антикоммунизм арасында алапат тартыстар жүріп жатыр. Әрбір саналы адам қазіргі жағдайда, мүмкіндік болғанынша, осы қарама-қарсы күштердің бір жағына шығып кетпей, тамаша биологиялық тарихы бар жан иесінің өкілі ретінде іс-әрекет жасап өзінің жойылып кетпеуіне күш жұмсауы керек. Біздің жаңаша ойлауға үйренуіміз аса қажет» [5].

Жаңаша ойлау жүйесінің елімізде саяси бағыт ретінде қабылдануы, оны іске асыруға деген талпынысымыз қазақ ұлты үшін, оның өз болмысын тануы үшін қолайлы жағдай туғызады. Уақыт атты ұлылықтың еншісіне байланған пенде біткеннің бәрі де өмірден өз орнын, өз биіктігін іздеп әлек. Қарама-қайшылыққа толы әлемде әрбір ұлт, әрбір мемлекет, әрбір қоғам өзінің ерекшеліктерін, қоғамда қалыптасқан дәстүрлерін сақтауға, рухани қазынасын байытуға тырысуда.

Рухани үйлесім – адамзат пен бүгінгі уақыттың көркем шежіресіне айналып отыр. Сондықтан да, оның бүкіл табиғаты, мақсат-мүддесі заман сипаты мен талабынан тыс бола алмайды. Ақпараттық коммуникацияның беретін мол мүмкіндіктерін осы айтылған мақсаттарға жету үшін біз де барынша қолданып қалуға міндеттіміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Toffler A., Toffler H. War and Anti-War Survival at the Dawn of the 21st Centure. – N.Y., 2004.*
2. *Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М., 2003.*
3. *Маклюэн М. Галактика Гуттенберга. – М., 1996.*
4. *Weber M. Economy and Society. L., 1998.*
5. *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, №4, 2010 ж.*
6. *Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.*

Жоламанұлы Әди
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті .
Филология мамандығының магистранты, Adi.atgu@mail.ru

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМ ТЫНЫСЫ

Аңдатпа. *Қазақ әдебиеті әлемінде ауызы дуалы, қарымы қырағы тума талант, хас шеберлер аз емес. Солардың бірі Шерхан Мұртаза. Қаламгердің прозалық шығармаларының қай жанрын алсақ та, журналистке тән қоғамдық сипатқа ие, адамгершілік құндылықтары, руханият мәселелері, әсіресе, елдікке сызат түсірмеу секілді ішкі ой-толғамдары анық көрінеді . Бұл, әрине, бүгінде мейірім мен бауырмалдық секілді ұғымдардың санада сарқылып , мақсаты пайда көзделген қазіргі уақытта маңызы артпаса, ешқашанда кемімек емес. Шерхан Мұртаза -қазақ журналистикасына тың дүниелерді енгізген тұлға. Оның публилицистикалық еңбектері арқылы оқырман әдеп, адамгершілік және парасатты тереңнен ұғынуды үйренді. Жақсы журналист болу үшін қазіргідей атың шықпаса жер өрте деп қалай болса солай халықты алдай салу емес – әдебиетті жақсы біліп, мәдениетті болу керектігін өзінің өмірлік тәжірибесінен алып ескертеді . Ол қаламды өмірлік қару етті. Әділ сөзді, шындықты дұрыс көрді. Әдебиетте, журналистикада халықтың тынысын айта білген өжет адам. Оқырманды ойландыратын және ой тастай білетін шебер жазушы.*

Аннотация. *В мире литературы не мало настоящих мастеров с прирожденным талантом кто может найти нужные слова и привести веские аргументы. Шерхан Муртаза один из таких писателей. Какой жанр прозаического произведения писателя не возьми он ясно выражает его мышление свойственное журналисту такие как, человеческие ценности, вопросы духовности, особенно вопросы народа. В наше время конечно, такие качества как, доброта, сердечность не стали больше если не меньше. Шерхан Муртаза – это личность, который внедрил в журналистскую деятельность актуальные проблемы общества. Благодаря его публицистике читатели учатся глубоко сознавать хороший тон, человечность и здравомыслие. Исходя из своего жизненного опыта, он предупреждает, что для того, чтобы добиться признания как хороший журналист нужны глубокие знания в литературе и быть культурной личностью, а не писать все что вздумается чтобы прославиться. Его перо стало его главным оружием для этой цели. Он считается со справедливостью и признает правдивость. Он человек, который умеет смело раскрывать дух народа и в литературе, и в журналистике. Он искусный писатель, который может заставить читателя задуматься и бросить пищу для размышления.*

Summary. *Many masters with a born talent can find the right words and give weighty arguments in the literary world. Sherkhan Murtaza is one of them. What genre of the prose works of the writer would be taken, he clearly expressed his thinking is peculiar to journalists such as human values and spirituality issues, especially issues of the people. In our time of course, such qualities as kindness, geniality have not become more, if not less. Sherkhan Murtaza is a person who has introduced actual problems of the society into journalistic activity. Thanks to his journalism, readers learn to appreciate the good tone, humanity and sound judgment. From his life experience, he warns that in order to achieve recognition as a good journalist you need a deep knowledge in literature and to be a cultural person, and not to write all that you want to become famous. His pen has become his main weapon for this purpose. He considers with justice and accepts truthfulness. He is a man who knows how to reveal the national spirit in both literature and journalism. He is a master - writer who can let the readers to think.*

Біз бәсекеге қабілеттілік танытып жаһандық жаңғыруды қаласақ , рухани жаңғыруды ұлтымызға ұлықтауымызды күшейтуіміз керек. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттерді ескерсек , әлем әлдеқашан дамудың даңғыл жолына көз тігіп, із салып алған.Сағат санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде дүниетанымымызды дамытып, сана-сезімді серпілтіп, қатып қалған қағидалардан арылмасақ, ұлыларымызды ұлықтап, тарихымызды түгендемесек көш басындағы елдермен тереземізді теңестіру тек қиял болып қалуы мүмкін.Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Ол үшін дана Абай айтқандай «Есті кісілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзіде есті болады» - демекші. Ойтолғамдарын санаға сіңіру қолға алған тағдырлық маңызды істеріміздің оңынан орындалуына септігін тигізері анық. Даму жолында дараланамыз деп шалаланудың қажеті жоқ. Қазіргі жаһандану заманында өмір сүру қағидаларымызда қазақы менталитеттен айнымай, құндылықтарымызды құнын білген кезде ғана рухани жаңғыра аламыз. Әрине рухы мықты, бірлігі мен ынтымағы бекем елдің тәуелсіздігі тұғырлы, болашағы баянды. Осы тұста жеке басынан бұрын халықтың, елдің жағдайын ойлау қажет екендігін, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен танылған қаламгердің бірі де бірегей ШерханМұртаза. «Қазақстан – бәріміздің ортақ үйіміз. Кім үйін лас ұстағысы келеді дейсің?! Ортақ үйдегі әр азамат таңертең ұйқыдан тұрғанда: Үйімнің таза болуы үшін мен бүгін не істеуім керек? – деп түрегелсе, ұйқыға жатарда: Үйімнің таза болуы үшін мен бүгін не істедім?- деп жатса» деп адамдардың ой – өрісіне өзгеріс енгізуді , қабілет-қарымын қоғам үшін іс-әрекетке қосуды, мемлекет маған не береді

деудің орнына мен еліме не беремін деген жауапкершілікті ұғындыруды көздеген сөз зергері. Қазақ әдебиеті әлемінде ауызы дуалы, қарымы қырағы тума талант, хас шеберлер аз емес. Солардың бірі Шерхан Мұртаза. Қаламгердің прозалық шығармаларының қай жанрын алсақ та, журналистке тән қоғамдық сипатқа ие, адамгершілік құндылықтары, руханият мәселелері, әсіресе, елдікке сызат түсірмеу секілді ішкі ой-толғамдары анық көрінеді . Бұл, әрине, бүгінде мейірім мен бауырмалдық секілді ұғымдардың санада сарқылып , мақсаты пайда көзделген қазіргі уақытта маңызы артпаса, ешқашанда кемімек емес. Шерхан Мұртаза -қазақ журналистикасына тың дүниелерді енгізген тұлға. Оның публилицистикалық еңбектері арқылы оқырман әдеп, адамгершілік және парасатты тереңнен ұғынуды үйренді. Жақсы журналист болу үшін қазіргідей атың шықпаса жер өрте деп қалай болса солай халықты алдай салу емес – әдебиетті жақсы біліп, мәдениетті болу керектігін өзінің өмірлік тәжірибесінен алып ескертеді . Ол қаламды өмірлік қару етті. Әділ сөзді, шындықты дұрыс көрді. Әдебиетте, журналистикада халықтың тынысын айта білген өжет адам. Оқырманды ойландыратын және ой тастай білетін жазушы. Оның табандылығы мен рух жігерлігіне, бүгінгі жастар үлгі тұтулары қажет. Әрине қиын уақыттар мықты адамдар тудыратыны белгілі. Осы тұста жанға жайлылық сыйлаған қазіргі уақыт әлсіздерге себепкер болмай ма деген ой келеді тағыда. Шерхан Мұртаза 1932 жылы ашаршылық кезінде дүние есігін ашқан, өмірден жастық шағынан бастап жеңілмеуді үйренді. Шығармашылықтың адамы қиындыққа тап болған сайын шындала түссе рух мықтылығы. Себебі рухы мықты адамдарды қиындық құлатпайды. Өмірі күреспен өткен Шерағаңның оқырмандарына да берері көп. Өйткені өмірде азды емес, көпті көрген тұлға. Сондықтан да ол өзгелерден ерекшеленіп тұрады.

Жазушы шығармаларындағы заман бейнесі, уақыт сыры, халық тынысы, сұрапыл соғыстың азабы мен зардабы, өмір шындығы көркем әрі шебер бейнеленгендігі көрінеді. Мұндағы оқиғалар желісі мен кейіпкерлері жазушының өз өмірінде орын алған жағдайларымен, басынан кешкен оқиғалармен, көрген-білген адамдарымен салыстырыла отырып, каламгердің жазушылық шеберлігі, өзіндік жазу мәдениеті, ондағы кейіпкерлердің өмірдегі прототиптері, кейіпкерлер өмір сүрген заманның шындығы, шығармаларының жазылу тарихына арқау болған мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерді талдай отырып, шығармаларына тақырып болған оқиғаның өзегі, негізі қайдан бастау алғанына көз жеткіземіз. Қазақ әдебиетіне өзіндік қолтаңбасымен ерекшелікке ие болған қаламгердің бірі – Шерхан Мұртаза. Қаламгердің прозалық шығармаларының қай жанрын алсақ та, журналистке тән қоғамдық сипатқа ие. Шығармаларында адамгершілік құндылықтары, руханият мәселелері, әсіресе, елдікке сызат түсірмеу секілді ішкі ой ағыстары басымдау сезіледі. Бұл, әрине, бүгінде мейір мен шапағат, бауырмалдық секілді ұғымдардың екінші кезекке шегерілген кезеңдерінде маңызы артпаса, ешқашанда кемімек емес. Адам мен қоғамның болмысын тану, болмысының тарихын, тарихының даму сатыларын көкіректегі көркем ой, көсем сөздің құдыретімен талдап, таразылау – ақыл-есті (интеллектуалды) әдебиеттің абыройы. Ақыл-есті әдебиет талдау мен таразылау талқыға түскенде талағыңды тарс айырып тарпып та жібереді, астарлап әуендетіп те әкетеді. Қай шығарманы алып қарасаңыз да Шерхан осы екі қасиет бірдей.

Жалпы әдебиет әлемінде көркем шығарманың басты критерийі не? − деген сауал төңірегінде әртүрлі пікір бар. Біреу идея десе, біреу ақиқатты оның алдына қояды. Идея – жазушының өз заманына ұсынатын өзінің арман-тілегі, мақсат-мұраты. Ақиқат – қоғамда болған және болып жатқан нақты шындық, сол шындықты көркем концепциямен айту. Шерхан Мұртаза − өз идеясын менің тануымда әуелі ақиқатты айтып алып ұсынатын қаламгер. Сондықтан да онда көсілгенде көрпесін ұзарта алмай көпекөрнеу көлденең киліге беретін қызылсөз кездесе бермейді. Көз алдыңнан ол айтып отырған өмір сирек көрсетілетін қымбат тарихи кинохроникалардай жанды бейнесімен тізіліп өтіп жатады. Жұмыр жерде ғұмыр кешіп жатқан кез-келген қоғамның көксейтіні – ақиқаттан туатын озық ой-сана. Ақиқат – нақты сабақ. Бірақ сол нақты, тіпті күн сайын тура көз алдында болып жатқан ақиқатты елдің бәрі бірдей байқап, көріп, қорытынды жасай алмайды. Есіме алқалы топта Шерағаның айтқан бір әңгімесі түсіп отыр: «Қала, ауыл көшелерінің шеткерілері жағындағыларында көбіне түнде электр жарығы бола бермейді. Тас қараңғы. Ұрлық та, қарлық та, төбелес те, кісі өлтіру де сонда. Адам бас сүйегінің іші де сондай, көрдей қараңғы. Небір құбыжық ойлар сол қараңғылықтан шығады. Сонда не істеу керек? Миға сәуле түсіру керек. Мидың сәулесі – сана. Жазушы сол миға сәуле түсіруші адам… »

Әдебиет пен өнердің, ақыр соңында қоғамдық өркениеттің соры қай кезде де билік, әкімдік дейтін консерваторлық ұғымның құлаккесті құлдары болған қоғамда руханят әлемі әдемілігінен айырылады кезегі келгенде жағасы жалбырап, иығы салбырап қалатын уақытқа да куә тарихымыз.

Өмір - өзеннің арнасында сыймай атқылап ағатын ағысы іркілді. Іркілген ағыс енді мүлде тоқтап, қурап, қаңсып қала ма, қайтеді? Ол енді әйел затына байланысты еді. Өйткені, өмір өзеннің ұлы

бастауы − әйел заты – Ана. Шерағаңның көрнекті ойы көркем әуенмен осылай күмбірлейді. Қазақ әйеліне тән адалдық пен қайсарлық, төзім мен мейірім, сенім мен үміттің жиынтық құдіреті Айшалар Мұртазалардың мұрагерлері Барысхандарды қиянаттың қыл көпірінен құлатпай жетелеп келе жатыр. Демек, үміт сөнген жоқ, болашақ бар, өмір мәңгілік. “Ай мен Айша” сияқты санамызға сәуле құйып, сабылған ақиқаттың ақтаңгер шығармасының пәлсапасы мен ғибраты осында. Осы пәлсапа мен ғибрат Адам, Анамыз, Адам-Баланың, алыс-жақынның тірлік дүниесіндегі ғұмырға іңкәрлік қуатының көзін іздейді. Адам несімен Адам, несімен жақсы, несімен жаман, жақсы немесе жаман болуының әлеуметтік себебі неде деген сауалдарды алма-кезек сапырып сабылады.

Қаламгер ірі болған сайын алдына күрделі міндет қояды. Шерағаңның мақсаты – жарық дүниенің, қоғамның, адамның ақиқатын теңдей таспалап тану. Сенен бұрын не болды, қазір не болып жатыр, ертең ше?.. Кешегі де, бүгін де, ертең де ешқашан бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайды. Өйткені дүниенің, дүниеде бар нәрсенің даму тарихы тұтас. Даму тарихының бірінен бірі өтіп отыратын, кезегімен келіп жататындарымен мәңгі жасаса беретін киелі кезеңдері, қасиетті қазыналары бар. Мәселен, Шерағаңның “Қызыл жебесі” солардың бірі ғой.

“Оян, Тұрар!” деп басталатын осы шығармасы маған тұтастай “Оян, қоғам!” деп тұрғандай болып көрінеді. Бір сөзінде Елбасымыз “Ойлан,қазағым!” деп қалды. Елім деп еңірей білетін тұлғалардың мақсат бірлігі бұл. Жүректен шығып, жүрекке жететін жанайқай. Төмендегіміз, төске өрлегеніміз, төбеге шыққанымыз бар, бәріміз бір мезгілде осылай намысқа өртеніп, жанды жеп өмір сүрсек, өзгелерге өзегі түгілі өкшесін көрсетпеуге бейім өркөкірек елдердің қай құбыласынан да қасқайып тұрар едік.

“Қызыл жебені” жұрт Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұловқа қойған ескерткіші деп жатады. Солайы солай да шығар. Дегенмен, мен үшін “Қызыл жебе” ұрпақтан ұрпаққа қаһармандықтың мәңгілік аманаты, қоғамнан қоғамға есті ескертпе. Жалпақ әлемде ең жаны сірі жаратылыс – халық. Оның көретін құқайын жіпке тізіп айтқан кезде саусағыңды тістелеп отырып қаласың. Тектілік тудыратын ұлы мақсат – елдік, еркіндік. Халықтың да үздігетіні сол. Бірақ халық еркіндікке жету үшін қай бағытқа жүрерін өздігінен анықтай алмайды. Бәрі жолбасшыға байланысты. Жазушының шығармасы жазушының өзі деген сөз бар. Рас. Егер Шерағаң Тұрар тектес болмаса, “Қызыл жебені” жаза алмас еді. Егер Шерхан Мұртаза елі мен жерін Тұрар Рысқұловтай шексіз сүйе білмесе, елі мен жерінің бүгінгі ақиқатын айта алмаса, бұл жолда құрбандыққа бейім болмаса, қазақтың Шерағасы да атанбас еді. Сананың асау ағысымен жүзіп келе жатқан қайсыбір жазушының да қалам ұшында адам азап шерінің ыстық көз жасы тұрады. Шерағаңның “Қызыл жебенің” бір парасы іспеттес “Сталинге хат” драмасынан осыны аңдаймыз. Шексіз биліктің ұшар биігі ұшып қыран да шығатын, жылжып жылан да шығатын өлі жартас емес, онда қит етсең, қылпып тастайтын өткір қылыш тұр. Қазақ қара шаңырағының бел ағашы – Тұрарлар мұны жақсы білген, сөйте тұра адами ақиқатқа сыйынып, ұлттық намыстың рухын, ұранын көтерді. Шерхан Мұртаза ұлттық намыс, тіл мәселесі және адами құндылықтарды көп жазды. Ұлттық мәселелерді халыққа шынайы сөздерімен айтты. «Елім, саған айтам, Елбасы сен тыңда» тақырыбында жазылған Камал Смайылов екеуінің хаттары журналистика әлеміне тың жанрды енгізді. Қос журналист азаттыққа оңай жетпегенімізді, ендігі мақсат тәуелсіз елдің тұғырындағы көк туды құлатпауды ертеден ойлады. Халыққа елдегі болып жатқан өзгерістерді іштей бұқпай, керісінше жазып, айтты. Сол мәселелердің шешімін табуға тырысты. Бұл еңбекте «Журналистің мақсаты- қоғамдық маңызы бар мәселелерді қозғау, көтеру, ел назарын соған аудару, ал содан нақтылы қандай істер, нәтижелер шығатыны сол іс басында отырған адамдардың ой –өрісіне, қабілет қимылына байланысты » - деп Камал Смайылов журналистің нақты қалай жұмыс істеу керектігін жазды. Сондықтан екі нар тұлғалы азаматтар бұл еңбекте елдің дамуы үшін қандай іс – әрекеттер жасалу керектігін айқын дәлелдеп берді. Қоғам тынысында өзекті мәселелерді өзінің ой елегіне салады міндетті түрде бірер мысал «Бала проблемасы – мемлекеттік тұрғыдан алғанда, әсіресе, біз үшін өте өзекті мәселе. Соңғы жылдары қала тұрмақ, ауылда да бала өсімі азайып кетті. Әрине, заманды тұрмыс билемей қоймайды. Ал, тұрмыстың нашарлағаны жасырын емес. Сан жағынан өскеніміз жақсы. Ал, сапа жағынан ше?Нашар тұрмыстан дүниеге нашар бала келеді. Ол аурушаң, әлжуас. Оның үстінде адам өзі қолдан жасаған экологиялық апаттардың бала тууына ғаламат залалын қосыңыз» -деп елдің ертеңіне алаңдатушылық білдіреді. Шерхан Мұртаза публицистикасының тіл байлығы оның мазмұн байлығына алып келеді. Оның сөздік қорында тыңнан туған дүниелер жоқ . Ол халықтық тілдің телегей- теңіз бай қазынасын мүмкіндігінше мол игерген, оның қилы-қилы әрі қызықты құбылыстарын жете түсінген, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұлаңғайыр өзгертулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыртуларды дәл аңғара білген публицист. Оның публицистикасы тілдік дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа негізделген. Шерхан Мұртаза – сезім лепіртер серпіннің емес, ой

марқайтар парасаттың жазушысы. Сондықтан болар оның қаламынан туған кез-келген туындыны оқырман ыждаһатпен қабылдайды. Өйткені ол қай жанрда, мейлі ол публицистік, мейлі ол әдеби болсын барлығын дерлік өзіндік қалыптасқан дара стильмен, көркем шұрайлы тілмен жазады. Шерхан Мұртаза шер тарқатып оқырманға зерделі ой тастайтын жазушы. Әдеби шығармаларында, публицистикалық еңбектерінде адамгершілік деген ұғымды ұмыт қалдырмай, жастарды иманды болуға шақырады. Ол өмірлік өшпейтін сөздер қалдырған нар тұлғалы азамат. Оның ұланғайыр шығармашылық бет пердесі көсемсөзден басталады. Публицистикасының ұлт қамын жеген, ел болашағына алаңдаған терең ойларының ұшқындарын тәуелсіздік алардағы материалдардан білеміз. Сол материалдарда жарқ еткен жаңа байламдар, жүректің қылын шертер ақ сезімге суарылған тебіреністі толғамдары өзгеріске толы кезеңде қоғамды гуманистік, демократиялық тұрғыдан жаңартудың саяси – рухани мәселелері жайында сөйлеген сөздері; мақалалары халқымыздың тарихына, рухани мұрасына құрмет сезімін қалыптастыратын терең әдеби және публицистік шығармаларының құндылығы халқымыз үшін қашан да жоғары. Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің қағидаттарына байланысты өзгеріп отырады. Ал біз талпынып жатырған әрекет — жалпы адам мен қоғамның қамсыз өмір сүруі, тіршіліктің көркейіп гүлденуі үшін. Қоғамсыз адам жоқ, адамсыз қоғам жоқ екенін ескере отыратын жазушы, шығармаларында заман бейнесі, уақыт сыры, халық тынысы, сұрапыл соғыстың азабы мен зардабы, өмір шындығы шебер әрі шынайы бейнеленеді. Жеке адамдардан ғана тұрмай әлеуметтік топқа, ұлтқа құралып саяси, мәдени саладағы оқиғалар желісі негізге алынатын қоғам атты тіршіліктің жағдайы жазушы кейіпкерлерінің өмірінен көрініс табады. Оған Тұрар тұлғасының өзі толыққанды мысал. Кейіпкерлер жағдайларымен, басынан кешкен оқиғалармен, көрген-білген адамдарымен салыстырыла отырып, каламгердің жазушылық шеберлігі, өзіндік жазу мәдениеті, ондағы кейіпкерлердің өмірдегі прототиптері, кейіпкерлер өмір сүрген заманның шындығы, шығармаларының жазылу тарихына арқау болған мәселелер әлеуметтің әлеуетін көрсетеді. Шерхан Мұртазаның шығармашылық шеберлігі шыңдалып, үлкен суреткерлікке көтерілгенін танытатын айтулы еңбегі бес кітаптан тұратын «Қызыл Жебе» роман-эпопеясы Бұл шығарма ұзақ жылғы шығармашылық толғаныстан, ұдайы ізденіс, зерттеуден туған табанды еңбектің жемісі. «Мен сізге дәл қазір алпыстан жаңа асқан жасымның жартысын арнадым. Отыз жыл бойы сізбенен қол ұстасып бірге жүріп, бірге тұрдым» дейді автор. «Тамұқ» романының соңында кейіпкері Т.Рысқұловпен қоштасып. Бұл кітапта да автор өмірлік нақты деректерге, тарихи фактілерге мұқияттылықпен, жауаптылықпен қараған, болған оқиғалар мен ситуациялардың ауқымынан алыстап кетпеуге келгенде талапшыл. Тек фактілерді тізбектей бермей, олардың ішкі мәнін ашуды, тарихи адамдардың өмірімен, тағдырымен мол таныстыруды, дәуірдің рухын сездіртуді талап еткен еді. Қазақ әдебиетінде повесть жанры – әлі де өте қиын әрі өте күрделі жанр ретінде сипатталады. Өйткені повесть тек жалаң оқиғаға құрылмайды. Мұнда кейіпкерлердің ішкі дүниесі, сезімі, ойға тербер құдіреті болуға тиіс. Ал Шерағаңның повестері сезімді селт еткізеді. Ойға жарық сәуле дарытады. Өзге жанның сезім құбылыстары, көңіл-күй толқындары бейнебір дүр сілкіндіргендей болады. Кезең құбылыстарын барынша шынайы суреттеуге деген шеберлігі қайраткердің қажырлы еңбегі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақтың Шерағасы (көптомды шығармалар жинағы)*
2. *Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 307 б.*
3. *Дүйсенбек Ә. Шерағамның шеруі. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 10 б.*
4. *Қазақтың Шерағасы. Жинақ. Құраст. Құлбарақов Е. – Түркістан: Тұран, 2010. 1-кітап. – 64 б.*

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT

Журналистика

Есенбекова Ұ. М.
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕГІ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯ
ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ 7

Есенбек Ж.Б.
PR ҚЫЗМЕТІНДЕГІ «EVENT» ШАРАЛАР 10

Тасилова А.А.
ӘЛЕМДІК КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ 14

Есенбекова Ұ. М.
ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ ПЕН ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕГІ САЯСИ
КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ 17

Филология

Садирова К. Қ.
ЗАҢ ДИСКУРСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ 21

Шанаев Р.У., Джолдасбекова Б.У., Демченко А.С.
АРХЕТИП «ДОМ» И СПЕЦИФИКА ИНВЕРСИРОВАННОГО ХУДОЖЕСТВЕННОГО МИРА
Н. ВЕРЕВОЧКИНА 24

Қасқабасов С. А.,Нұриманов Б. Т.
ІЗГІ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫНЫҢ «ҚҰТАДҒУ БІЛІКТЕГІ» КӨРІНІСІ 29

Мәдібаева Қ.Қ., Қожекеева Б.Ш., Сейсенбиева Э.С.
XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДАРА АҚЫНДЫҚ: ОРТАҚ ҮЛГІЛЕР..... 39

Джолдасбекова Б.У., Кайырбек М.Н.
ПЕЙЗАЖ И ЕГО ФУНКЦИИ В ПОВЕСТИ И.П. ШУХОВА «КОЛОКОЛ»..... 42

Madiyeva G.B., Alyakhimet A.G.
STYLISTIC FEATURES OF FUNCTIONING PROPER NAMES IN THE NEWSPAPER TEXT..... 46

Нестерик Э.В., Исина Г. И.
ЖИЗНЬ КАК МАТЕРИАЛЬНАЯ И ДУХОВНАЯ ЦЕННОСТЬ В АНГЛОЯЗЫЧНОМ
ПЕСЕННОМ ДИСКУРСЕ НАПРАВЛЕНИЯ КАНТРИ..... 50

Исаева Ж. И., Джасинбеков Е. Ә.
ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕ СУРЕТІНДЕГІ «АДАМ» МАКРОЖҮЙЕСІНІҢ
ГЕНДЕРЛІК СИПАТТАМАСЫ («әйел – еркек» бинарлық оппозициясы) 55

Томанова Н. М., Алдабергенқызы Л.
ТЕКСТООБРАЗУЮЩАЯ РОЛЬ ПАУЗЫ В ТВОРЧЕСТВЕ В.И.ШАПОВАЛОВА 60

Нұржанова А.Б.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ
СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ 64

Тұрымбетова Ж.А.
КӨШПЕЛІ ИӨРҮК АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ДӘСТҮР ҮНДЕСТІГІ 67

Исаева Ж. И., Джасинбеков Е.Ә.
ЖАРНАМАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ..... 73

Dzhalamova Zh.
PHILOSOPHY OF «MOVEMENTS» IN ARTISTIC CHRONOTOPE
(Based on the M. M. Prishvin’s creations) 78

Duisebaeva G. A.
SOME HISTORICAL FACTS ABOUT FAIRY TALES IN ENGLISH AND KAZAKH 80

Еркегалиева Г. А.
СИНТАКСИСТІК СИНТАГМАНЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ
МОДЕЛЬ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ 83

Байсалова Х.М.
WAYS OF PRESENTING OF PRECEDENT TEXTS IN THE NEWSPAPER 87

Джаламова Ж.Б.
ФИЛОСОФСКО-МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ТВОРЧЕСТВА М.М. ПРИШВИНА 90

Kasymbekova A.
SOME FEATURES OF ENGLISH, KAZAKH AND RUSSIAN FOLKTALE EPITHETS 94

Әубәкір Н. А.
ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ДИСКУРСТЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ
АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (National Geographic материалдары негізінде) 97

Abilkhasimova B. B., Zhussanbaeva A.T.
SEMANTIC ADAPTATION AND EVOLUTION OF KAZAKHISMS,
REVEALED FROM THE RUSSIAN-LANGUAGE NEWSPAPERS OF KAZAKHSTAN
IN THE II HALF OF THE XIXTH AND AT THE END OF THE XX-TH CENTURIES 104

Kasymbekova A.
SOME PECULIARITIES OF ALLITERATION IN ENGLISH LITERATURE 111

Жүзбаева А. С., Шортанбаев Ш. А., Рамазанов Т. Б.
ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРТУДЕ МӘТІНДЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ 115

Agaidarova K. H., Ongalbek G. A.
THE ROLE OF CONVERSATIONS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE 118

Сулейменова Г.Ж., Амиржаева А.Т.
ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ СИПАТЫ 121

Бекмуратова А.Е.
ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОБРАЗЫ-СИМВОЛЫ В ОНЕЙРИЧЕСКИХ ЭПИЗОДАХ
ПРОИЗВЕДЕНИЙ Ч.Т. АЙТМАТОВА 124

Дәрменқұлова Р.Н., Даркенбаева К. К., Абдыкадырова А.Р
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ 129

Дәулетбекова Ж.С., Дәрменқұлова Р.Н., Қожахметова Ф.Б.
ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ, АУЫЗЕКІ ТІЛ
ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ МӘНІ 134

Асқарова А.Ш.., Досанова Н. Ж., Се Вэйнин
ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ: ТАРИХЫ МЕН ДАМУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ 139

Калжанова Э.Ш.
КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ 144

Қожабекова Ж.Қ., Молдашева Л. Ж., Сәбитбекова М. М., Ербатыр Б. Ө., Утаргалиева Ш. Ш.
БОЛАШАҚ МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН
ҮЙРЕТУДЕ РӨЛДІК ОЙЫН ӘДІСІН ЕНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ 150

Кыдырбаева У.Т., Балтабаева Н.С.
ӘБІЛҚАЙЫРДЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕР 153

Қалқабаева С. Ә.
ӘДЕБИЕТТЕГІ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ 157

Әбдіқалық К.С., Дәуітұлы Т., Қожекеева Б.Ш.
ӘЗІЛБЕК КІНӘЗБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ (СЕЗІМ СУРЕТТЕРІ) СУРЕТКЕРЛІК 160

Қоңыратбаева Ж.М., Рзабекова А.С
ЭРГОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ 163

Қоңыратбаева Ж.М
СОЛТҮСТІК ӨҢІРЛЕРДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК АХУАЛЫ 167

Ниязова Ғ. М.
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚЫЗ БҰРЫМЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ 171

Оспанқұлова Ш.А., Есембеков Т.О.
Ш. АЙТМАТОВТЫҢ «БОРАНДЫ БЕКЕТ» РОМАНЫНДАҒЫ ДЕЙКСИСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ 175

Рамазанова Ш., Мекебаева Л., Абдрахманова Ж.
АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҺӘМ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ 178

Акимбекова Г. Ш., Байелі Ә. Ж.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУ 182

Seitova M.
THE EUROPEAN PORTFOLIO FOR STUDENT TEACHERS OF LANGUAGES (EPOSTL):
BACKGROUND AND FORMAT 189

Бисенбаев П., Солтанаева Е.
«КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫ: НҰСҚАЛАРЫ МЕН ТАРИХИЛЫҒЫ 192

Тілеуова А. З.
ҚАЗАҚТЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕР ЖАНРЫ 197

Томанова Н. М., Алдабергенқызы Л.
ЛИРИЧЕСКАЯ ЭКСПЛИКАЦИЯ МОТИВА ПРОНИКНОВЕНИЕ В ПОЭЗИИ
БАХЫТА КАИРБЕКОВА 201

Tuyakbayeva R.R., Khassenova R.T.
APPLICATION OF ABBREVIATED WORDS IN KAZAKH MASS MEDIA 206

Zhaksylykkyzy K.
WAYS OF TRANSFERRING OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN TRANSLATIONS 209

Абдирасилова Г. Қ.
СӨЗЖАСАМ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТЫҚ ТІЛДЕ ӨМІР СҮРУ СИПАТЫ 213

Akeshova M. M., Mirzahmetov M. K.
TO THE PROMLEM OF TRANSLATING ENGLISH PHRASEOLOGICAL UNITS 217

Ахметжанова А.И., Сагатова С.С.
ИСТОРИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИЙСКИХ СТЕПЕЙ 219

Болатова Г.Ж., Иманалиев Ж.О.
ӘУЕЗОВТАНУДЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ 225

Жұмабаева Г. С., Даумова А. К.
«ДӨҢ АСҚАН» РОМАНЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ 229

Калжанова Э.Ш.
КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ 232

Фазылжанова А. М., Мейрбекова А. Ж.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОМОФОРМАЛАРДЫҢ (“ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖИІЛІК СӨЗДІГІ” МАТЕРИАЛЫ БОЙЫНША) ТҮРЛЕРІ 238

Мүтиев З. Ж., Мұхамбетова Ж. Ө.
ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ: ҒҰМАР ҚАРАШ – АҚЫН, ОЙШЫЛ-ФИЛОСОФ 243

Нұрманова Г., Нұржанова А.
ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ МЕҢГЕРТУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ 247

Нұриманов Б. Т.
«ҚҰТАДҒУ БІЛІКТЕГІ» ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШІЛІК 251

Оспанғазиева Н.Б.
ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ БЕЛГІЛЕР НЕМЕСЕ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРДІҢ
ФОНОЛОГИЯЛЫҚ - АБСТРАКТІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 257

Фазылжанова А. М., Серікбаева А. Д.
ҚАЗАҚ ТІЛДІ ВИРТУАЛДЫ ОРТАНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 260

Мионг Сун Ок, Сермухаметова Б. Б.
ҚАЗІРГІ КОРЕЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 264

Сүйінжанова Ж. К.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОСАЛҚЫ АТАУЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ 269

Тлегенова Г.Б.
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ МИФТАНЫМДЫҚ КОДЫН АЙҚЫНДАУ 272

Akeshova N. M.
USING VIDEO COMBINATION TECHNOLOGIES TO DEVELOP CASE
LINGUO – CULTURAL HELPFUL COMPETENCIES 276

Тулекова Г. Қ., Бекмамбетова З. Ж.
АБАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН САНА АШЫҚТЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ 280

Ергубекова Ж., Садибеков А.
КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫНЫҢ КЕЙБІР ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 283

Dossanova A., Utepova B., Kamzina A., Moldasanova A.
TO THE PROBLEM OF SOCIAL ADAPTATION OF KAZAKH-REPATRIENTS
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN 287

Dosanova A., Abikenova Zh., Zhumabekten A., Kamzina A.
PECULIARITIES OF TEACHING LANGUAGE FOR FOREIGN STUDENTS 290

Janpeisova Zh., Yessenalieva M., Kashkinbayeva K.
THE ROLE OF USING CLIL IN TEACHING PROFESSIONALLY ORIENTED ENGLISH 295

Алдаш Айманкүл
ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ ЖАҢА ЖАҒДАЙДА: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ СОЦИОМӘДЕНИ
КЕҢІСТІКТЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ ЕМЛЕСІ 299

Ислам Д.А., Шынтемирова А.Ш.
Ш.АЙТМАТОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ШЕБЕРЛІГІ 304

Байтилеуова Ғ., Дүйсенбаева Р.
ФРЕЙМ ТЕХНОЛОГИЯСЫ - ЛЕКСИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ 307

Sarsekeeva N.K, Amanbaeva Y.K, Tleubay G.K.
HERMENEUTIC CONTEXT AND ITS POSSIBILITIES IN THE INTERPRETATION
OF THE ARTISTIC TEXT 311

Атейбек А. О.
СПОРТТЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ЛИНГВОСЕМИОТИКАЛЫҚ СИПАТЫ 314

Әлиякбарова А., Алпысбаева Қ.
«ҮШ ЖҮЗДЕН АСҚАН» ТҮБЕК АҚЫН 317

Қордабай Б., Ибраева Ж. Қ.
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 320

Қордабай Б., Гүлжаһан Орда
ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР 326

Тасболатқызы Б.
БАҚ МӘТІНДЕРІ : ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК-МЕНТАЛДЫҚ КЕҢІСТІК 331

Бектлеуова.О
ӘЛЕМ ТАНЫҒАН - ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ 335

Калижарова Ж., Қалижанов У. Қ.
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КІЛТІ - АБАЙ ІЛІМІ 337

Насиева А. С.
1960-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МАХАМБЕТ РУХЫ 341

Өмірбай Ф. А., Абдирасилова Г. Қ.
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ 347

Сайпенова А.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ДИНАМИКАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ 352

Әзімхан А.Т., Кожекеева Б.Ш
НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ 356

Лулудова Е.М.
ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТЬ КАК ОСОБЕННОСТЬ РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
РУБЕЖА ВЕКОВ (на примере анализа текстов А.Ахматовой) 359

Есенбекова Ұ.М.
ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНДЕГІ БАСТЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАР 364

Лулудова Е.М.
К ВОПРОСУ О СИМВОЛИКЕ ЗАГЛАВИЯ РОМАНА СТЕНДАЛЯ «КРАСНОЕ И ЧЕРНОЕ» 367

Есенбекова Ұ.М.
БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ТҰРҒЫСЫНАН ҚОРҒАЛУЫ ТИІС
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ 373

Жоламанұлы Әди
ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМ ТЫНЫСЫ 376

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз)
2009 жылдан бастап жылына 6 рет шығады.

Международный научно-популярный журнал
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009,
Международная регистрация: ISSN 2073 – 333X, Париж, март 2009 г.)
Периодичность издания журнала выходит 6 раз в год.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған **заңтану, филология, педагогика, өнертану** ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

Мақалада отандық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сілтеме берілу керек.

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10 » июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: **юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.**

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы Материалы редакцией не возвращаются.

В статье обязательно сопровождение ссылок на работы отечественных авторов.

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
№ 3 (58) 2018 жыл

Бас редактор:
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов

Басуға 30.03. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84х108 1/8. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Көлемі 46 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №47.

Редакция мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау,
Түлкібас көш., 49 үй, web-site: www.nauka-zan.kz, e-mail: nauka-zan@mail.ru